ӘДЕБИЕТТАНУШЫ

Анықтамалық

2-кітап

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ

АНЫҚТАМАЛЫҚ
2- КІТАП

Алматы
2026

ӘОЖ821.512.122.0
КБЖ83.3(5Каз.)
М35

ҚР ҒЖБМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі басуға ұсынған Хаттама №6, 17 маусым 2026 ж.

Редакциялық алқа:
Матыжанов К.І., Дәдебаев Ж., Қалиева А., Мәдібаева Қ.Қ., Пірәлі Г.Ж.

Мәдібаева Қ., Төлеу А.
Әдебиеттанушы. Анықтамалық, 2-кітап / Құраст. Мәдібаева Қ, Төлеу А. – Алматы: «ЛАНТАР BOOKS», 2026. - 488 бет.

ISBN 978-601-361-917-0

Анықтамалық отандық әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу бағыттары бойынша түзілген. Өмірбаян; негізгі еңбектер; тұжырым-тоқтамдар сынды қатысты деректер мазмұндау еркіндігінде берілді.

Анықтамалық әдебиеттанушы мамандарға, жоғары мектеп білімгерлеріне арналады.

ӘОЖ821.512.122.0
КБЖ83.3(5Каз.)

ISBN 978-601-361-917-0

© Мәдібаева Қ., Төлеу А., 2026
© «ЛАНТАР BOOKS», 2026

АҢДАТПА

Анықтамалық әдеби мұраны игерудің қалыптасқан тәжірибесі; осызаманғы өзектілігі; отандық әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу бағыттары бойынша танымдық-ақпараттық мақсатта дайындалды.

Анықтамалықта тұлғатану; дерекнама нақтылығы сұраныстарында бірқатар толымды мазмұн түзу көзделді.

Анықтамалықты әзірлеуде жеке тұлғалардың өмірбаян деректері; еңбектер көрсеткіші; ғылыми мәселе ауқымындағы тұжырым-тоқтамдары пайдаланылды.

Анықтамалықты құрастыруға республика жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу мекеме, республикалық Абай музейіндегі білікті әдебиеттанушы мамандар, докторанттар, филология ғылымдарының кандидаттары Ж. Рақыш, Н. Қамарова, Е. Солтанаева, Б. Бегманова, Р. Елекенова, А. Асқарова, Т. Сұлтаниязова, Э. Сейсенбиева, Т. Омаров, А. Төлеуова, А. Төлебаева, А. Төлеу қатысты.

Анықтамалық қазіргі әдебиеттану салаларын зерттеудегі, білім беру үдерісіндегі теориялық, тәжірибелік, танымдық-ақпараттық сұраныстарда әзірленді.

Анықтамалық әліпбилік ретпен түзілді.

Ескертпе: 1. Анықтамалықта отандық әдебиеттанушы ғылымдарды тұтас қамту шешім таппауында жекетұлғалық себеп жоқ.

2. Материалдар әдебиеттанушы ғалымдар дайындаған жеке файлдар бойынша берілді.



Ломова Елена Александровна
доцент, кандидат филологических наук
Казахский национальный педагогический
университет им.Абая,
кафедра русского языка и литературы.

Биографические данные и хроника трудовой деятельности

Родилась 28 декабря 1960 года в городе Павлодаре.

С 1968 по 1978 гг. учеба в средней школе № 6 в г.Павлодара.

С 1978 по 1983 гг. проходила учебу в Алма-Атинском педагогическом институте им.Абая на филологическом факультете который окончила с отличием по специальности учитель «Русского языка и литературы».

В период с 1983 по 1984 гг. начала трудовую деятельность в качестве преподавателя кафедры русской и зарубежной литературы в Алма-Атинском педагогическом институте им Абая.

В период с 1984-1986 гг. являлась стажёром – исследователем кафедры русской и зарубежной литературы Алма-Атинского пединститута им Абая.

В период с 1986-1989 гг. находилась в очной аспирантуре по специальности «Русская литература»

В 1990г. перешла на должность преподавателя кафедры русского языка и литературы Алма-Атинского пед.университета им Абая.

В 1991г. успешно защитила кандидатскую диссертацию на тему: «Повествовательная структура романтической прозы первой трети XIX века»

В 1992 году работала в должности старшего преподавателя Алма-атинского гос.университета им.Абая

С 1997года занимала должность и.о.доцента кафедры русского языка и литературы Алма-атинского гос.университета им.Абая

В 2000 году получила диплом доцента ВАК.

С 2000 года по настоящий период является доцентом кафедры русского языка и литературы КазНПУ им.Абая

В 2003 г. с отличием окончила Факультет Второго Высшего и Дополнительного образования Казахского Университета

Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана по специальности «Учитель английского языка».

Направления научно-литературных исследований

История русской литературы, теория литературы, поэтика, мифопоэтика, психологизм в художественном тексте, природа дискурса, межкультурная коммуникация

Ломова Е.А. исследует вопросы исторического осознания и культурной памяти в русской и зарубежной литературе, межкультурные связи, психологизм и дискурсивное пространство в художественном тексте, мифопоэтическую структуру и индивидуальную поэтику писателя.

Одним из ключевых направлений ее научных исследований является проблема взаиморецепции русской и зарубежной повествовательных традиций, особенности отражения национальной культуры и ментальности в художественном тексте, а также методология анализа художественного текста с позиции современного литературоведения.

За время работы Е.А. Ломова проявила себя как опытный специалист высокого класса. Читает курсы по дисциплинам «История зарубежной литературы до XIX века», «История мировой литературы XIX-XX вв.», Межкультурная коммуникация,а также «История зарубежной литературы XX-XXI вв.», «История русской литературы до XVIII века». Осуществляет руководство дипломными выпускными работами, магистерскими и докторскими диссертациями.

Основные научные результаты и публикации

Автор более 300 научных публикаций. Принимала активное участие в конференциях, форумах, круглых столах и встречах международного, республиканского и регионального уровней. Научно-литературные статьи опубликованы в странах ближнего и дальнего зарубежья (Дания, Венгрия, Польша, США, Япония, Австралия, Чехия, Норвегия, Израиль).

За последний период 2022-2025 годы Е.А. Ломова имеет 9 публикаций, опубликованных в научных журналах, рекомендованных КОКСНВО МНВО РК .

Ломова Е.А. имеет публикацию SCOPUS: 2023, Ж.К. Туймебаев, Б.У.Джолдасбекова, К.О. Таттимбетова, Р.У. Шанаев, Гносеологический аспект концептосферы художественного мира А.П. Чехова, Вестник российского университета дружбы народов. Серия: литературоведение. Журналистика, время Чехова и Чехов во времени , ISSN 2312-9220 (Print); ISSN 2312-9247 (Online) 10.22363/2312-9220-

2023-28-3 http://journals.rudn.ru/literary-criticism, Том 28 № 3, С.490-497, 2023, Москва, Россия.

Ломова Е.А. имеет учебные пособия и монографии:

«Концепт нарратива прозы А. Куприна», «Типология нарратива русской классической прозы XIX столетия».

Концепт нарратива прозы А.Куприна Рекомендовано к использованию в организациях высшего и послевузовского образования РК. Протокол №1 от 16 марта 2022 года ISBN 978-601-04-6076-8 Алматы, Издательский дом «Қазақ Университеті» Казахского Национального университета им. аль-Фараби 2020-128с – пособие Б.У. Джолдасбекова, Ж.А. Баянбаева, К.О. Таттимбетова, Л.О. Мартынова, К.Н. Жаппаркулова

Типология нарратива русской классической прозы XIX столетия Рекомендовано к изданию Ученым советом факультета филологии и мировых языков (протокол №8 от 29.04.2019г.) и РИСО КазНУ им. Аль-Фараби (протокол №5 от 27.06.2019) ISBN 978-601-04-4203-3 УДК 82 ББК83.3 Алматы, Издательский дом «Қазақ Университеті» Казахского Национального университета им. аль-Фараби 2020-175с монография Б.У. Джолдасбекова, Ж.А. Баянбаева, К.О. Таттимбетова

МОНОГРАФИЯ "О жанре мечты и фантазии: фольклорные формы в русской классической литературе" Рекомендовано к изданию Ученым советом факультета филологии и мировых языков и РИСО КазНУ им. Аль-Фараби (протокол №2 от 24.12.2020г.)

Алматы, Издательский дом «Қазақ Университеті»

Казахского Национального университета им. аль-Фараби 2021-188 с. монография

ISBN 978-601-04-4959-2 УДК 820/89.0 Б.У. Джолдасбекова, Ж.А. Баянбаева, М.Е. Касымжанова

Учебное пособие «Русская литература XXстолетия о человеке и эпохе: пространство смысла» Рекомендовано к изданию Ученым советом факультета филологии и мировых языков и РИСО КазНУ им. Аль-Фараби (протокол №2 от 24.12.2020г.) Алматы, Издательский дом «Қазақ Университеті» Казахского Национального университета им. аль-Фараби 2021. – 158 с. Учебное пособие ISBN 978-601-04-4959-6 УДК 821.161.1 Джолдасбекова Б.У. Мартынова Л.О. Баянбаева Ж.А. Жаппаркулова К.Н.

Художественный мир Евгения Замятина и особенности его нарратива: взгляд из сегодня Рекомендовано к изданию Ученым советом факультета филологии и мировых языков и РИСО КазНУ им. Аль-Фараби (протокол №3 от 12.03.2021г.) Алматы, Издательский дом

«Қазақ Университеті» Казахского Национального университета им. аль-Фараби 2021.-108с.

ISBN978-601-04-5379-1 УДК 82.09 Джолдасбекова Б.У. Баянбаева Ж.А. Богачева Н.В. Таттимбетова К.О

Учебное пособие «Концепт нарратива прозы А.Куприна» Рекомендовано к использованию в организациях высшего и послевузовского образования РК. Протокол №1 от 16 марта 2022 года ISBN 978-601-04-6076-8 Алматы, Издательский дом «Қазақ Университеті» Казахского Национального университета им. аль-Фараби 2022.-96с. УДК 821.161.1.0 (075.8) Б.У. Джолдасбекова, Ж.А. Баянбаева, К.О. Таттимбетова

Учебно-методическое пособие «В ногу со временем: учимся учить и учиться дистанционно»

Предназначено для студентов-филологов Рекомендовано к изданию Ученым советом факультета филологии и мировых языков и РИСО КазНУ им. Аль-Фараби протокол №1 от 29.09.2022 ISBN 978-601-04-6299-1 Алматы, Издательский дом «Қазақ Университеті» Казахского Национального университета им. аль-Фараби, 2023. – 159с. УБК 373 ББК 74.268.0 Б.У.Джолдасбекова, Л.О.Мартынова, К.Н. Жаппаркулова, Ж.О. Таттимбетова.

Награды и поощрения

2023 Грамота МОН РК,

2017 Награда "Үздік ұстаз",

2018 награждена медалью в связи с 90-летием КазНПУ имени Абая.



МАМЫТ Амангелді Алтыбайұлы
филология ғылымдарының кандидаты
Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы
университеті
Педагогикалық және жаратылыстану
факультетінің деканы

Мамыт Амангелді Алтыбайұлы 1965 жылдың 10 тамызында дүниеге келді.

1982 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданындағы «Восход» орта мектебін бітірген. Мектеп қабырғасында жүргенде аудандық «Өскен өңір» газетінде мақалалары мен өлеңдері жарық көріп тұрды. Мектеп бітірген соң бір жыл туған ауылында жаз айларында күріш алқабында, қыста сиыр фермасында еңбек етті.

1983 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түсті. 1984-1986 жылдар аралығында әскер қатарынды азаматтық борышын өтеді. Студенттік шақта оқу үздігі болумен қатар, қоғамдық жұмысқа белсене араласты. 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасына» қатысып, мемлекеттік тіл мәселесін көтергендердің қатарында болды. Қарағанды қаласында «Қазақ тілі» қоғамының белсенді мүшесі ретінде балабақшалар мен мектептерде қазақ тілді топтар мен сыныптар ашуға атсалысты. Сондай-ақ көмірлі қаладағы жоғары оқу орындарында қазақ тілінде мамандар дайындау мәселесіне арнайы тексеру жүргізу комиссиясының құрамында болды. Осы мәселелер жөнінде Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі ретінде мақалалар жариялады. ҚарМУ-ді 1990 жылы тамамдады. Осы жылы арнайы жолдамамен Қарағанды мемлекеттік медицина институтында жаңадан ашылған «Қазақ тілі» кафедрасына оқытушы қызметіне қабылданды. Оқытушылықпен қатар оқу орнында 30 жыл бойы орыс тілінде ғана шығып келген «Медик» деп аталатын студенттерге арналған көп тиражды газеттің алғашқыда екі бетін қазақша шығарып тұрды. Бұдан әрі өзінің редакторлығымен «Шипагер» деген атау иемденген газетті студенттік үнпарақтан облыстық денсаулық басылымы мәртебесіне дейін көтерді.

1995-97 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының жолдамасымен Алматы қаласындағы ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институтында ғылыми ізденуші ретінде тағылымдамадан өтті.

1998 жылы «Әдебиет және өнер» институтының мамандандырылған ғылыми кеңесінде филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ыбыраевтың жетекшілігімен «Шора батыр» жырының поэтикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Қызмет орындары: Қарағанды мемлекеттік медицина университеті (1990-1999), М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (1999-2006), Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті (2006-2008), Аймақтық әлеуметтік-иновациялық университеті (2008-2012), Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (2012-2023).

2023 жылдан қазіргі күнге дейін Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университетте «Педагогикалық және жаратылыстану ғылымдары» факультетінің деканы қызметін атқарады.

Амангелді Алтыбайұлы – жоғары оқу орнының филолог студенттері мен магистранттарына, жалпы қазақ әдебиеті мен фольклорына қызығушылық танытатын көпшілікке арналған жүзден аса ғылыми мақала, сегіз оқу құралы, екі монографияның авторы.

Жарық көрген еңбектері:

1. Ел қорғаны – ер Шора. Оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы әлем, 2001ж. – 112 б.

2. Абайтану. Оқу құралы. – Шымкент: Әлем, 2013 ж. – 192 б.

3. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Шымкент:ОҚМПИ шағын баспасы, 2016 ж. – 186 б.

4. Жыраулар поэзиясының өлең өрнектері. Оқу құралы. – Шымкент: ОҚМПИ шағын баспасы, 2017 ж. – 102 б.

5. Ұлттық шешендік өнер. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: Әлем, 2017 ж. – 132 б.

6. Шешендік өнер тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: Әлем, 2018 ж. – 146 б.

7. Мәтінмен жұмыс. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: Әлем, 2018 ж. – 138 б.

8. Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық. Оқу құралы. – Шымкент: Әлем, 2022 ж. – 152 б.

8. Рухани қазына. Монография. – Алматы: Дарын, 2024 ж. – 299 б.

9. Халық ауыз әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2024 ж. – 140 б.

10. Руханият тамыршысы (Шәкір Ыбыраев – фольклортанушы). Монография. – Қарағанды: Гласир, 2025 ж. – 156 б.

Марапаттары:

1. «Оңтүстік Қазақстан педагогикалық институтына 80 жыл» төсбелгісі. 2017 ж.

2. «Үздік ғылыми қызметкер - 2023» Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде ғылым мен білімді дамытуға қосқан үлесі үшін медаль. Астана қаласы.

3. «Қазақстан республикасының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі. Астана қаласы, 2023 ж.

4. «Үздік педагог» төсбелгісі. Астана қаласы, 2023 ж.

5. «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі. Астана, 2026 ж.

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

Халық сенімінен жауға берілмес қамалдай орын алған Қазанды жат жұрттықтардың жаулап алуы елді күйзелткенімен, ертеңгі үмітін сөндіре алмапты. Соның жарқын көрінісі – «Шора батыр» жыры. Жырдағы идеялық мұраттың тарихи оқиғалардан биік тұратыны да содан.

Ел қорғаны – ер Шора. Оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы әлем, 2001ж. 29-бет.

Эпикалық шығармаларды оқыту, талдау арқылы мұғалім баланың көркем сөзді түсіне білуіне, әдеби туындыға деген ынтасын артыруға жол ашады. Бірте-бірте оқушы өмірдегі түрлі құбылыстарға баға бере бастайды. Өзіндік көзқарасы қалыптасады. Тұжырымдап айтқанда, көркем шығарма оқушының тұлға ретінде қалыптасуына ерекше әсер етеді.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Шымкент: ОҚМПИ шағын баспасы, 2016 ж. 69 бет.

Жыраулар поэзиясы ұлттық болмысымыздың қалыптасуында аса қуатты ықпалдылығымен ерекшеленді. Мемлекетті басқарған хандардан бастап, балаға тәлім-тәрбие беретін эстетикалық көркем дүниелер қалдырды.

Жыраулар поэзиясының өлең өрнектері. Оқу құралы. – Шымкент: ОҚМПИ шағын баспасы, 2017 ж. 12-бет.

Бүгінгі таңда ұлттық шешендік сөздердің ел арасында айтылып жүрген барлық үлгілері ыждаһаттылықпен жинақталып, жүйлену үстінде. Бұл күн өткен сайын толығып, молая түсері анық. Олай болса, қолда бар рухани құндылықтарымызды өз деңгейінде зерттеу арқылы шешендік сөз, шешендік өнер, шешендік дәстүр, шешендік мектеп ұғымдарын өзара тұтастықта жүйелі талдаудың маңызы айрықша екені даусыз.

Шешендік өнер тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: Әлем, 2018 ж. 51-бет.

Дәстүр мен жаңашылдық диалектикалық бірлікте болады. Оның негізі – ескі мен жаңаның жалғастығы...

Дәстүрге көркем өнердің тақырып аукымы, үйреншікті сарын, қалыптасқан бейнелер аумағы, идеялық бағыты, көркемдік құралдар жатады. Көркем өнердің жеке түрлерінде дәстүр бойынша суреттеу амалы мен тәсілдері, композициялық құрылымы, шығарманың тұтастығы мен көркемдік бітімі саналады.

Сөз өнеріндегі жаңашылдық – тың тақырыпты бұрын қолданылмаған әдіспен суреттеу.

Жаңашылдық – әрқашан асқан шығармашылық ізденістің нәтижесі. Сол арқылы сөз өнерінің өрісі кеңейе түседі. Өнердің бұрын қол жеткен табысына, ұлы суреткерлердің тәжірибесіне сүйенбей шығармашылықта ілгерілеу мүмкін емес. Жаңашылдық пен дәстүрдің ұдайы ұштасып отыратыны осыдан.

Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық. Оқу құралы. – Шымкент: Әлем, 2022 ж. 7-бет.

Ауыз әдебиеті – халықтың ой-арманы мен басынан кешірген ірі оқиғаларды көркемдік тәсілдермен жинақтаған тарихи мектеп.

Халық шығармашылығының ұрпақ тәрбиелеудегі қызметі өлшеусіз. Қазақ фольклоры – тілінің бейнелілігімен, мәнділігімен, мазмұндық өткірлігімен аса құнды қазына. «Өнер алды – қызыл тіл» деп «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» шешкен ата-бабаларымыз халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің алуан түрлі жақтарын қамтитын көркем шежіре боларлық, ұрпақтарға терең тәлім беретін асыл мұра қалдырған. Сол бай құндылықтардың ішінде ерлікті, елжандылықты дәріптейтін фольклор жанры – батырлық эпостар.

...Өткен заманғы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, дүниетаным, эстетикалық мұраттар батырлық жырларда айшықты жырланып, тыңдаушысына ғасырлар бойы рух беріп келеді.

Халық ауыз әдебиетін білмейінше, ұлттың тарихын, рухани бет-бейнесін білу мүмкін емес. Сондықтан да фольклорлық туындылардың терең тамырын танып, көркемдік сипатын тарихи-поэтикалық тұрғыда қайта зерделеу – заман талабы.

Рухани қазына. Монография. – Алматы: Дарын, 2024 ж. 297 бет.

Қазақ халқының бағзы заманнан бергі негізгі рухани азығы, мәдениеті, әдебиеті, философиясы, даналығы – ауыз әдебиеті болғандығы мәлім. Фольклор – жазба әдебиеттің іргетасы. Онсыз ешбір елдің әдебиеті кемел болмақ емес. Бүгінгі күні фольклор мәселесінің өзектілігі күннен күнге артып, барған сайын оған деген жан-жақты қызығушылық артуда. Этнография, тарих, тіл білімі, тіпті әдебиет

тарихы сияқты гуманитарлық ғылымдардың ешқайсысы фольклорсыз өмір сүре алмайды. Яғни, ол – халықтың сан ғасырлық көркемдік ақыл-ойының жемісі, есте жоқ ерте дәуірлерден халық санасында сақталған көркем тарихы. Фольклор қай замандардың көшінен өтсе де, әрбір кезеңнің жанды эстетикалық құралы ретінде талай уақыт сынынан да, талай ғасырлар асуынан да мүдірмей, шашырамай осы күнге жетіп отыр. Жалпы, фольклор халықты біріктіретін мәдени-интегралды жүйе ғана емес, этностың, яғни тұтас халықтың дүниетаным ерекшеліктерін айқындайтын философиялық-адами феномен. Әрбір есейген, кемеліне келген жазба әдебиеттің өткен тарихы ауыз әдебиеті дәстүрінен тыс емес.

Халық ауыз әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2024 ж. 131-бет.

Көрнекті фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраевтың «Эпос әлемі» монографиясы жетпістен астам батырлық жыр үлгілерін зерттеп-зерделеу негізінде жазылуының өзі ғылыми еңбекте мәлімет көзінің мейілінше мол, зерттеу нысанына қатысты қамтығанн ауқым аясының өте кеңдігін көрсетеді. Ғалымның бұл еңбегі қазақтың батырлық жырларының көркемдік болмысын тануға қосылған аса елеулі үлес екені анық.

Руханият тамыршысы (Шәкір Ыбыраев – фольклортанушы). Монография. – Қарағанды: Гласир, 2025 ж. 138-бет.

МАТЫЖАНОВ КЕНЖЕХАН ІСЛӘМЖАНҰЛЫ



ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның академигі. Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының филология факультетін (1978), аспирантурасын (1985) тәмамдаған.

1990-1992 жылдары Қазақстан Ғылым Академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде ғалым-хатшы, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында доцент қызметінде жұмыс жасады.

1992 жылы Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер кабинеті Аппаратының Ішкі саясат бөліміне аға референт болып қабылданды.

1993 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Тіл комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

1995-1999 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Ұлт саясаты жөніндегі Мемлекеттік комитетте басқарма бастығы, Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының әлеуметтік-мәдени даму бөлімінде тіл саясаты жөніндегі кеңесші, Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау Министрлігінің тіл саясатын үйлестіру Департаменті директорының орынбасары, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігі Тілдерді дамыту Департаментінің бөлім бастығы қызметтерін атқарған. Осы жылдары біртұтас Мемлекеттік тіл саясатының қалыптасуына белсене араласып, Қазақстан Республикасының тіл заңының, тіл саясатының тұжырымдамасын, Тілдерді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жасауға ат салысты. Мемлекеттік терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың тұрақты мүшесі.

1999-2002 жылдары Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұражайы директорының ғылым жөніндегі орынбасары, 2002-2005 жылдары Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті мұражайының директоры қызметтерін атқарды.

2005-2010 жылдары Алматы қалалық әкімдігінде Мәдениет Департаменті директорының орынбасары, Тілдерді дамыту басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.

2010-2012 жылдары Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының бастығы, 2012 жылдан «Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалы

төрағасының бірінші орынбасары, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Рухани жаңғыру» инновациялық орталығының басшысы қызметтерін атқарды.

2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры қызметін атқарып келеді.

Марапаттары:

Кенжехан Ісләмжанұлы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2007), «Құрмет» (2016), «Парасат» (2024) ордендерінің, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы», «Астананың 10 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы», «Қазақстан Халқы Ассамблеясына 20 жыл», «Тәуелсіздікке 25 жыл» медальдарының, «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» (2025), «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдығы» (2026) төсбелгілерінің иегері.

Негізгі еңбектері:

Ғалымның «Рухани уыз». Монография. (1995, 2008), «Алтын сандық» (1996), «Тал бесіктен жер бесікке дейін» (1996), «Ел қазынасы – ескі сөз» (1997), «Қазақтың отбасы фольклоры». Монография. (2007), «Тәрбиенің тұнық бастауы» (2018), «Казахский семейный фольклор» (2020), «Педагогические аспекты культуры детства» (2020), «Қазақ мәдениетіндегі ойын феномені: тегі, табиғаты, типологиясы, трансформациясы» (2022), «Уыз тәрбие» (2023), «Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры» (2023), «Kazak aile folkloru» (2024) атты зерттеу еңбектерімен қоса отандық және Еуропа мен ТМД елдерінің беделді басылымдарында 200-ден астам ғылыми мақалалары мен еңбектері жарық көрген. Қазақ балалар фольклорына арналған «Рухани уыз» атты монографиясы халық педагогикасының оқулығы ретінде жұртшылық арасында үлкен сұранысқа ие.

Кенжехан Ісләмжанұлы академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың жетекшілігімен 1990 жылы «Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы» атты тақырыпта кандидаттық, 2004 жылы «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған.

Аталған докторлық диссертациясында қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры тұтас құбылыс ретінде қарастырылып, жанрлық жүйесі, поэтикалық ерекшеліктері тұңғыш рет кешенді зерттелді.

Диссертациялық жұмыста қазақтың отбасылық ғұрып фольклорын жалпы қазақ фольклорының тұтас саласы ретінде қарастыра отырып, оның жанрлық табиғатын анықтау; ішкі жанрлық түрлерін саралау, оларға сипаттама беріп, жанрлық түрлердің өмір сүру заңдылықтарына барлау жасау; ғұрыптық фольклордың поэтикалық құрылымын, этнографиялық байланыстар типологиясын зерттеу, көркемдік

құралдары мен тәсілдеріне көңіл бөлу; отбасылық ғұрып фольклорының жалпы қазақ фольклорынан алатын орнын анықтау; отбасылық ғұрып фольклорының жанрлық сипаты айқындалды. Оның ғұрыптық мәні мен көркемдік сипаттарының ара қатынастарын пайымдау; отбасылық ғұрып фольклорын жанрлық түрлерге саралау тәжірибесін қорытып, ұстанымдарын анықтау. Әр жанрлық түрдің функциональдық қызметі мен поэтикалық ерекшеліктерін бағамдап, терминдік жүйесін ретке келтіру; әлпештеу фольклорының ауқымын анықтау, олардың ішкі жанрлық түрлерін саралау; үйлену ғұрып фольклорын саралап, олардың өзіне тән сипаттарын көрсету; азалау фольклорына тән басты ерекшеліктерді анықтап, ішкі жанрлық түрлеріне сипаттама беру; отбасылық ғұрып фольклорының поэтикасына барлау жасап, оның басқа жанрлардан бөлек құрылымына назар аудару; отбасылық ғұрып фольклорындағы көркем бейнелілікті туғызып қалыптастырудағы мифтік сана мен дәстүрлі дүниетанымның, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің рөлін көрсету; «туу – ер жету – өлу» цикліндегі әр саладағы ғұрыптардың қайталану себептерін ашу. «Өтпелі ғұрыптар» заңдылығы; дәстүрлі формулалар, олардың пайда болуы мен отбасылық ғұрып фольклоры поэтикасындағы орны; көркемдік құралдар: метафора, эпитет, теңеу, символ; қайталаулар, олардың шығу тегі, фольклорға тән көркемдік тәсіл ретіндегі рөлі сияқты мәселелер терең талданып, кеңінен сараланды.

Еңбекте қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры өзінше тұтас жанрлық сала ретінде тұңғыш рет қарастырылып, ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттелген. Алғаш рет оның функциональдық, құрылымдық, поэтикалық және типологиялық ерекшеліктері сараланды. «Әлпештеу фольклоры», «Үйлену ғұрып фольклоры», «Азалау фольклоры» сияқты бір циклге кіріккен салалары жіктеліп, ішкі жанрлық түрлеріне сипаттамалар берілді. Отбасылық ғұрып фольклорының поэтикалық жүйесі алғаш рет арнайы, тереңдей қарастырылды.

Зерттеу нәтижесі бойынша:

- отбасылық ғұрып фольклорын жинаудың, жариялау мен зерттеудің бірнеше кезеңнен тұратын өзіндік тарихына байланысты бұрын-соңғы еңбектер жүйелі талданып, теориялық тұрғыда түйін-қорытындылар жасалады;

- отбасылық ғұрып фольклорын жанрлық түрлерге жіктеудің тәжірибелері қорытылып, жаңа сарасы ұсынылады;

- «Әлпештеу фольклоры», «Үйлену ғұрып фольклоры», «Азалау фольклоры» сияқты отбасылық ғұрып фольклорының үш арнасы мен олардың ішкі жанрлық түрлеріне сипаттамалар беріледі;

- ғұрып пен фольклор тұтас құрылым ретінде қарастырылып, ғұрыптың фольклор поэтикасын қалыптастырудағы қызметіне барлау жасалады;

- отбасылық ғұрып фольклорының этнографиялық байланыстар типологиясы талданады. Туу – ер жету – өлу циклiндегі ғұрыптық параллелдер салыстырылып, фольклор поэтикасындағы ұқсастықтар сыры «өтпелі ғұрыптар» заңдылығында екендігі негізделеді;

- отбасылық ғұрып фольклорының поэтикалық ерекшеліктері қарастырылып, оның көркемдік тәсілдері мен құралдарының мифтік санамен, дәстүрлі дүниетаныммен байланысып жатқан тегіне назар аударылады.

- тұрақты қайталаулар мен формулалар табиғаты талданады. Метафора, эпитет, теңеу, символдық қолданыстар сияқты көркемдік құралдардың отбасылық ғұрып фольклорындағы көріністері нақты мысалдар арқылы ашылады.

Кенжехан Ісләмжанұлының 2020-2025 жылдар аралығында жарық көрген ғылыми еңбектері

Жарық көрген кітаптар:

Матыжанов К. Тәрбиенің тұнық бастауы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 181 б.

Матыжанов К.С. Казахский семейный фольклор. Монография. – Алматы, 2020. – 374 б. ISBN 978-601-04-4922-0.

Матыжанов К.С. Педагогические аспекты культуры детства: учебно-методическое пособие / К.С. Матыжанов, А.Б. Айтбаева, Г.А. Касен. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 160 с.

Матыжанов К. Қазақ мәдениетіндегі ойын феномені: тегі, табиғаты, типологиясы, трансформациясы. – Алматы: «Service Press», 2022. – 480 б.

Матыжанов К.І. Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры. – Алматы: Атамұра, 2023. – 272 б.

Матыжанов К. Уыз тәрбие. – Алматы: Brand Book, 2023. – 268 б.

Matijanov K. Kazak Aile Folkloru // ÖZTUNÇ MATBAA AMB. REKLAM MAK. SAN. TIC. LTD. STi. Zübeyde Hanim Mah. Sebze Bahçeleri Sk. No: 99/40-43 iskitler – Altindag / Ankara, Kasim 2024.

Ғылыми монографиялар:

Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. Ұжымдық монография. (К. Матыжанов – жоба жетекшісі, жалпы редакциясын басқарған, Б. У. Әзібаева, Д. Жақан т.б.) – Алматы: Сервис пресс, 2020. – 384 б.

Матыжанов К. «Қастерлілік», «Қастерлену» құбылыстары және рухани мәдениет // Қазақ фольклорының қастерлі әлемі. – Алматы: «Press Co», 2020. – 6-47-бб.

Әлем халықтарының дәстүрлі бала тәрбиесі (Салыстырмалы типология): монография / К.С. Матыжанов, А.Б. Айтбаева, А.К. Ислямбек, Ж. Әбдікадырқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 334 б. ISBN 978-601-04-4994-7.

Матыжанов К. Ойынмен өрнектелген өмір // Ұлы дала ойындары: Тегі, типологиясы, қоғамдық қызметі. Ұжымдық монография. – Алматы, «Литера-М» ЖШС, 2022. – 3-7-бб.

Матыжанов К. Ойын – адамзат қоғамының өзгеше феномені // Ұлы дала ойындары: Тегі, типологиясы, қоғамдық қызметі. Ұжымдық монография. – Алматы, «Литера-М» ЖШС, 2022. – 7-55-бб.

Матыжанов К. Ойын – ұлттық мәдениеттің ұйтқысы // Ұлы дала ойындары: Тегі, типологиясы, қоғамдық қызметі. Ұжымдық монография. – Алматы, «Литера-М» ЖШС, 2022. – 56-123-бб.

Матыжанов К. Тақырыптың әлқиссасы // Алтын Орда дәуірі және қазақ фольклоры: ұжымдық монография / Жауапты редакторы – С.Сейілбек. – Алматы: «Evo Press», 2024. – 3-8-бб.

Матыжанов К. Алтын Орда дәуірінен жеткен асыл мұра және оны зерттеудің өзекті мәселелері // Алтын Орда дәуірі және қазақ фольклоры: ұжымдық монография / Жауапты редакторы – С.Сейілбек. – Алматы: «Evo Press», 2024. – 8-79-бб.

Матыжанов К. Қазақ эпосының құнарлы қайнары // Алтын Орда дәуірі және қазақ фольклоры: ұжымдық монография / Жауапты редакторы – С.Сейілбек. – Алматы: «Evo Press», 2024. – 80-119-бб.

Матыжанов К. Халық шығармашылығының хас білгірі (Ахмет Байтұрсынұлының фольклортанушылық қызметі) // Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор. – Алматы: ИП Балауса баспасы, 2024. – 94-157-бб.

Матыжанов К.С. Алтын ордадан жеткен эпикалық дәстүр. «Қобыланды батыр жыры және ұлттық қаһармандық рух» атты халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – 243 б (Б.4-17)

Матыжанов К. Ойындық фольклор: шынайылық пен жасандылық, уақыт пен кеңістік. Әлем халықтарының мәдени мұрасы: этномузыка, этнофор, этнограф: Қазақстанның тұңғыш Халық әртісі, А.В. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағының 1000 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік симпозиум материалдары. – Алматы, 2025. – 360 б. (Б. 14-22)

Матыжанов К.С. Зерделі зерттеуші, ғибратты ғалым, ұлағатты ұстаз. Іргелі ғылымды ту еткен ғалым. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Ибраев туралы мақалалар жинағы. – Алматы: Evo Press, 2025. – 232 б.

Matyzhanov K. The epic Alpamys – The polar star of the cultural code of the Turkic world. Summary materials of the International Scientific Symposium on «From Ashiq Alasqar to Uzeyir Hajibeyli: The cultural codes of the Turkic World», Baku, 2025. P. 186. (P. 95-98)

Матыжанов К. Ежелгі дүниетанымдық ой-сананың фольклорлық мәдениетте көрініс тапқан мифопоэтикалық бейнесі» // Қазақ фольклорындағы мифтік мотивтер мен сюжеттер: ұжымдық монография. – Алматы: «Evo Press», 2025. – 280 б.

ҚР ҒЖБМ БҒССҚК ұсынған журналдарда, 2020-2025 жылдары жарияланған ғылыми мақалалар

1 Матыжанов К., Айтбаева А. Педагогическая значимость древних церемоний, связанных с рождением ребенка в казахской традиционной культуре // Педагогика және психология. – 2018. - №2 (35). – Б.228-233. http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20200518020512.pdf (орыс т)

2 Матыжанов К., Айтбаева А. Развитие детей с раннего возраста через обрядовые стихи (на примере детского фольклора казахского народа) // ҚазҰУ Хабаршысы Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2018. – №3 (56). – Б. 4-12. https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/514 (орыс т)

3 Матыжанов К.С., Айтбаева А.Б., Касен Г.А. Народная мудрость в воспитании: духовные ценности, традиции и обычаи// Вестник «Педагогика и психология», 2018. - №4. – С.169-179. http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20190622061138.pdf (орыс т)

4 Матыжанов К.С., Айтбаева А.Б. Казахский фольклор как воспитательный нарратив//Педагогика и психология. – 2019. - №3. – С.32-41. http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20191219015347.pdf (орыс т)

5 Матыжанов К.С., Айтбаева А.Б., Казахская колыбельная: мотивы и образы (культурологический аспект) // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2020. – №1. – Б.208-215. https://egi.kz/wp-content/uploads/2020/04/Vestnik-EAGI-1-2020.pdf (орыс т)

6 Матыжанов К. Отбасылық-ғұрыптық фольклор мен этнографиялық мәліметтерді салыстыра талдау // Отан тарихы. – 2020. - №2 (90). – С.136-147. http://iie.kz/?cat=7&lang=ru (қаз)

7 Матыжанов К. Реликты древних ритуалов, связанных с рождением ребенка в традиционной культуре казахов // Электронный

журнал e-history.kz. https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1532 (на рус)

Матыжанов К. Фольклордың ғұрыптық негіздері: қазақтық отбасылық ғұрып фольклорының мысалында // Қазақстан ғылымы мен өмірі. – 2020. №6/4. – Б.257-261. http://nauka-zan.kz/jurnal/category/2020 (қаз)

Матыжанов К. Отражение истории и культуры в казахском обрядовом фольклоре // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 3(23), 2020. https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1531 (на рус)

Матыжанов К. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклорының этнографиялық бастаулары // Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы. – 2020. – №2 (71).- Б. 185-196. http://sp.kaznpu.kz/ru/series/12/ (қаз)

Матыжанов К. Ойын мен рәсім (ритуал) - адамзат қоғамының аса маңызды әлеуметтік қарым-қатынас құралы // «Keruen» scientific journal M.O.Auezov Institute of Literature and Art ISSN 2078-8134 Volume 72, Number 3 (2021). https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.3-01 (каз)

Матыжанов К.С. Жаңылтпаштардың құрылымындағы ұйқастың рөлі // Keruen. – 2022. №3 (76). Б. 17-25. doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-01

Mukhan, A., Yerdembekov, B., Matyzhanov, K., Isbek, B. Қазақ отбасылық фольклорының типологиялық ерекшеліктері / Typological characteristics of the kazakh family folklore [Caracteristicas tipológicas del folklore familiar kazajo]) // Utopia y Praxis Latinoamericana. 2020. - 25(Extra 6). - С. 40-49. DOI 10.5281/zenodo.3987566 Процентиль – 53. (ағыл.)

Matyzhanov, K., Omarova, A., Turmagambetova, B., Kaztuganova, A. Қазақтың кәсіби ән дәстүрлері (The kazakh professional song traditions) // International Journal of Innovation, Creativity and Change. – 2019. – 8(11). – С. 1-21. https://www.ijicc.net/images/vol8iss11/81101_Matyzhanov_2019_E_R.pdf Процентиль – 28. (ағыл.)

Матыжанов К.С., Жолдыбаев О., Хабиббулла А. Semantics and features of the toybastar rite // Keruen. – 2023. №1 (78). Б. 17-23. doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-01

Әбсадық А.А., Испандиярова А.Т., Матыжанов К.С., Жолдыбаев О.М. Қазақ фольклорындағы лақап есім мотиві // Keruen. – 2023. №3 (80). Б. 17-27 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-01

Даутұлы Т., Матыжанов К.С., Жылқыбекұлы Б. Жаңылтпаштардағы көнерген сөздердің этнопоэтикалық мәні жөнінде // Keruen. – 2024. №1 (82). Б. 17-27 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-01

Матыжанов, К., Азап С., Мұқан, А. Қазақтың үйлену ғұрып фольклорының этнографиялық бастаулары. «Keruen». – 2024. №2 (83), 2024. Б. 17–26. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-01

Scopus базасында индекстелетін шетелдік басылымдардағы мақалалар

1 Mukhan, A., Yerdembekov, B., Matyzhanov, K., Isbek, B. Қазақ отбасылық фольклорының типологиялық ерекшеліктері / Typological characteristics of the kazakh family folklore [Características tipológicas del folklore familiar kazajo]) // Utopia y Praxis Latinoamericana. 2020. - 25(Extra 6). – P. 40-49. DOI 10.5281/zenodo.3987566 Процентиль – 53. (ағыл.)

2 Matyzhanov, K., Omarova, A., Turmagambetova, B., Kaztuganova, A. Қазақтың кәсіби ән дәстүрлері (The kazakh professional song traditions) // International Journal of Innovation, Creativity and Change. – 2019. - 8(11). – P. 1-21. https://www.ijicc.net/images/vol8iss11/81101_Matyzhanov_2019_E_R.pdf Процентиль – 28. (ағыл.)

3. Mukhan, A., Matyzhanov, K., Bugybayeva, Z., Toishanuly, A. THE WEDDING CEREMONY IN KAZAKH FOLKLORE: YESTERDAY AND TODAY//Folklore (Estonia). – 2025. – 95. – P. 163-178. DOI: 10.7592/FEJF2025.95.

4.Zholdybayev, O., Matyzhanov, K. Comparative poetics of wedding ritual folklore of Central Asian Turks//Critical Survey. – 2024. – 36(4). – P. 33-45.

5 B.Azibayeva, K.Matyzhanov, A. Kaliyeva. Cultural code as the quintessence of spiritual values of the nation: markers of transformation of ideological paradigms | Культурний код як квінтесенція духовних цінностей нації: маркери трансформації ідеологічних парадигм // Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, 2024, (55). – P. 770–777.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, СҰХБАТТАР

АБАЙ – РУХАНИ ТЕМІРҚАЗЫҒЫМЫЗ
(«Айқын» газеті, 10.01.2020 ж.)

Қазақ халқын әлемге таныту қандай жолмен жүзеге асады? Әр қазақ кеудесін соғып, мен қазақпын, мені таныңдар деп айғайлай берсе, әлем тани ма? Әрине, танымайды. Ұлт әлемге ұлы тұлғалары арқылы танылады. Әлемге Абайдың мерейтойы, Абайдың ілімі арқылы бүкіладамзаттық идеялардың қандай деңгейде екенін көрсете алатын

деңгейге жетуіміз керек. Абайдың ойы адамзатқа қосылған үлкен үлес. Бұл қазақ мәдениетінің үлесі. Абайды тани отырып, әлемге таныта отырып өзімізді танытамыз. Осы тұста Абай шығармашылығын тарату мәселесі шығады, бұл «Әлем және Абай», «Абай және философия», «Абай және әлемдік өркениет» деген тақырыпты туындатады, мұның ар жағында «Қазақ және әлемдік өркениет» деген дүние шығады.

САРАСӨЗ БАҒДАРЛАМАСЫ
(02.11. 2020)

Абай шығармаларының әлемде ешкімге ұқсамайтын өзіндік таралу жолдары бар. Өйткені, біздің қоғам көшпенді және жартылай отырықшы болды ғой. Абай ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне көшіп отырған кездің өзінде, мысалы Көкбайдың, Тұрағұлдың естеліктеріне қарайтын болсақ Абай шәкірттерін жинап алып, оқып беріп қағазды тастай салған. Оны жинамаған. Оны Мүрсейіт не Тұрағұл, немесе басқасы көшіріп әркімнің қолында кеткен. Кәкітайдың естелігін оқысақ ол жөнінде көп мәлімет алуға болады. Мысалы Абайдың «Вадим» деген поэмасының қалай жоғалып кеткенін, кейін қалай табылғаны жөнінде Кәкітай керемет жақсы айтады. Сондықтан Мүрсейіттің еңбегі зор. Оның бақытына орай қолжазбалары елдің қолында сақталып қалып қазір бізге жетіп отыр.

УЫЗ ТӘРБИЕ: ТОЛҒАМ. СӘБИ ҮШІН ОЙЫН МЕН ЕҢБЕК ЕГІЗ
(«Ana tili» gazeti, 02.06.2022)

Ойын балалардың когнитивтік, ақыл-ой, психикалық мінез-құлқы, дене қимылы дағдыларын қалыптастыруға, қала берді әлеуметтік ортаға бейімделуге де ықпал етеді. Бәрінен бұрын баланың ақыл-ой, танымдық дағдысы дамиды. Бұл жаста бала ойымен де ойнайды. Тіпті түсінде де ойнап жүреді! Міне, балаларға ең алдымен қажеті оның танымдық дағдыларын қалыптастыратын теңдессіз құрал – ойын. Мәселен, сәби алғашқы сөзді бір жасқа таяғанда айтады. Бірақ осы алғашқы сөзді айтқанға дейінгі уақытта сәби елуден астам сөздің мағынасын түсіне алады екен. Демек, сәбидің когнитивтік дамуы алғашқы күннен бастап үздіксіз жүргізіледі. Сондықтан да ойынды уыз тәрбиенің басты құралы ретінде тиімді пайдалана отырып, мынаны есте ұстаған жөн:

Сәби өмірді өзінің бес сезім ағзасымен таниды. Оған көріп, естіп, иіскеп, дәмін татып, қолымен ұстап тану үшін назарына іліккеннің барлығын құштарлықпен зерттейді. Ол үшін ең жақсы ойыншық – осы бес сезіміне түгел әсер ететін, дамытатын ойыншық.

Сәби ойынның да, ойыншықтың да түрленіп тұрғанын жақсы көреді. Бірақ бұдан балаға үнемі тың ойын, жаңа ойыншық тауып беру қажет деген ұғым тумайды. Ең негізгісі сіз баланың жасына қарай ойын мен ойыншықты таңдай білуіңізде және бала ойынына барынша көп уақыт бөлу. Есіңізде болсын, ойыншық қаншалықты қарапайым, ойнауға ыңғайлы болған сайын, ойын соншалықты күрделі, қызықты болады.

ДӘСТҮРДІ УАҚЫТ ІРІКТЕЙДІ
(«Әдебиет порталы», 27.09.2023)

Әлемде фольклорлық байлығы жағынан қазақ халқымен теңдесетін халық кемде-кем. Өркениетті деген елдердің өзінде "Бабалар сөзі" сияқты фольклорлық жинақ шығарғандары әлі бола қойған жоқ. Осының өзі-ақ біздің халқымыздың дәстүрлі дүниетанымының, эстетикалық талғамының қаншалықты биік болғандығын айқын көрсетеді. Бұл – біздің баға жетпес асыл қазынамыз. Біздің ұлттық байлығымыздың терең тамыры да, болашаққа бағдар болатын темірқазығымыз да осы ұлан-ғайыр мұра. Ал оны жинақтау, жүйелеу, саралау, сақтау, бүгінгі цифрлық технологияға қотару, әлемдік гуманитарлық ғылымның жеткен деңгейі тұрғысынан жаңаша зерттеу, бүгінгі көркем мәдениеттің мәйегіне айналдыру – баршамызды ойландыратын аса өзекті тақырып.

ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНЫҢ ҚҰНАРЛЫ ҚАЙНАРЫ
(«Egemen Qazaqstan», 22.11. 2024. №227. 16-б)


Алтын Орда дәуірінен жеткен фольклорлық мұраны кешенді түрде зерттеу бағытында да қордаланған мәселе өте көп. Алдымен бұл кезеңді зерттеудің тарихи кезеңдерін қайта саралап, оны кеңестік заман идеологиясынан тазартқан жөн. «Шыңғыс хан шапқыншылығы», «Әмір Темірдің қанқұйлы жорықтары», «Алтын Орда хандарының қатыгездігі» деген сияқты тіркестерді бүгінгі зерттеулерде оңды-солды қолдану әбестік болады. Демек бұл дәуірді зерттеудің әдістемелік (методологиялық) ұстынын мүлде жаңа жолға қою керек. Бүгінгі фольклортану ғылымы жалаң саяси айыптаудан, шығарма кейіпкерлерін «үстем тап, езілуші тап» өкілдеріне бөліп, оның мазмұнына идеологиялық тұрғыдан баға беруден арылуға тиіс. Ең бастысы, бабадан қалған фольлорлық мұраны бір қырынан ғана емес, жан-жақты сипатымен, кешенді түрде қарастыру. Осы кешенді саралаудың ішіне Алтын Орда мұрасын оның этнос тарихымен, этнографиясымен, музыкасымен тұтас күйінде, біртұтас синкретті құбылыс ретінде

пайымдаудан бастап, түркітектес халықтар мұрасымен тарихи-типологиялық тұрғыдан салыстыра саралауға дейінгі күрделі ізденістер кіреді.

АЙРЫҚША АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖИНАҚ

(«Egemen Qazaqstan», 08.08.2025)

Кез келген өркениетті елдерде классик қаламгердің академиялық шығармалар жинағының жарық көруі сол ұлттың рухани өміріндегі аса маңызды мәдени құбылыс болып саналады. Себебі мәтінтану ғылымы тұрғысынан жете сарапталған, дәйекті деректермен, ғылыми-анықтамалық түсініктермен толықтырылған академиялық басылым қалың оқырман қауымнан бастап, мектеп бағдарламалары мен оқулықтарын дайындаушыларға, автор шығармашылығын насихаттаушылар мен зерттеушілерге бағдар ретінде ұстанатын түпмәтінге баланады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай шығармаларының академиялық басылымын шығару – жай ғана әдеби мұраны сақтау әрекеті емес, ақын шығармашылығын қазақ ұлтының мәдени коды, жаһандық гуманистік ойдың маңызды элементі ретінде ғылыми тұрғыдан түсіну, түсіндіру және насихаттаудағы үлкен қадам десек болады. Демек Абай шығармаларының академиялық толық жинағын жариялау тек көркем мәтіннің басылымы емес, бұл, ең алдымен, ғылыми, мәдени және рухани жауапкершіліктің көрінісі болса, екіншіден, ұлттық гуманитарлық білімді дамытудың, қазақ классикасын әлемдік интеллектуалдық кеңістікке енгізудің құралы болып табылады. Сондай-ақ Абай – ұлттың ар-ожданы, рухани көсемі десек, ақын шығармаларының жүйелі әрі терең зерттеліп, жарық көруі ұлттық сананы қалыптастырудың, қазақ халқының тілдік және философиялық дәстүрін сақтау мен дамытудың, сонымен бірге ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықты нығайтудың бағдарын анықтайды.



Мәдібаева Гүлшат Сақтапқызы – филология ғылымының кандидаты, жаңашыл ғалым-ұстаз, әдебиет зерттеушісі, Маңғыстау облыстық «Алғыс-Ақтау» Білім Беру Орталығының басшысы.

Мәдібаева Гүлшат Сақтапқызы 1961 жылы 25 ақпанда Маңғыстау облысының Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген.

Гүлшат Сақтапқызы Мәдібаева 1978 жылы Форт-Шевченко қаласы Баутин кентінде орналасқан 150 жыл тарихы бар М.Горький атындағы орыс мектебін бітірген. Сол жылы Гурьев педагогика институтының филология факультетіне түсіп, 1983 жылы үздік бітіріп, өз мектебіне орыс тілі мұғалімі болып жұмысқа орналасқан.

Мамандығына сай облыс ағарту саласында көптеген қызметтер атқарды. Маңғыстау Облыстық Білім Жетілдіру Институтында, «Қайнар» университетінің Ақтау филиалында «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, С.Тынышбаев атындағы «Қазақ көлік коммуникациялар» академиясының Ақтау филиалында кафедра меңгерушісі болып жұмыс жасады. 2008 жылдан қазіргі таңға дейін облыс орталығында орналасқан «Алғыс-Ақтау» Білім Беру Орталығын басқарып келеді.

Ізденгіш жас өзінің әдебиетке, тілге деген құштарлығын негізгі өмір жолы деп білген. 1994 жылы ғылым жолына бет бұрды. Ғылыми мақалаларында халқымыздың даналығына, үлкен табиғи қуатына, мықты құндылықтарына көз жеткізе білді.

22.12.1999 жылы Л.Н.Гумилов атындағы Евразия университетінде қазақ әдебиеті секциясы бойынша филология ғылымдарының кандидаттығын қорғады. Әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінде филология ғыл. докторы, проф. Н.О.Джуанышбековтің ғылыми жетекшілігімен орындалған диссертациялық жұмыс «Творческая личность и образ Ахана-сарэ Корамсаулы в художественной литературе» деп аталады.

Г.С. Мәдібаеваның бұл ғылыми еңбегі қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлға, соңында мол мұра қалдырған әнші-сазгер Ақан сері Қорамсаұлының шығармашылығы мен оның көркем туындыларындағы бейнесін талдауға арналған. Диссертацияда ақын, әнші, сал-серінің ән мен өлеңдері поэтикалық тұрғыдан алғаш рет тұтас бірлікте қарастырылады. Сондай-ақ зерттеу еңбегінде сал, сері ұғымдары

жаңаша зерделеніп, әдебиет тарихындағы орны ерекше анықталады. Еңбектен үзінді келтіре кетейік.

«В песнях «Сырымбет», «Балхадиша», «Ақтоқты» поэт утверждает праволюбоваться женской красотой, учит жизнь соизмерять ритмам прекрасного.

Лирический герой песен Ахана – личность неординарная, с определенным сложившимся взглядом на жизнь. Вот поэтому он осознает себя по белым соколом, то беркутом, то кречетом, бороздящим небесное пространство, куда упираются кручи алтая.

Аспанда ұшып жүрген мен ақ тұйғын, Я – белый сокол, взмывающий в небо,

Келгенде жем жеріне шаңқылдаған. Своим клекотом возвешая добычу»,- деп лирикасына талдау жасайды қорғаушы.

Ақан сері шығармашылығының көркемдік-эстетикалық мұраттары, әнші-ақын дүниетанымының қалыптасу, даму ерекшеліктері әуезе етіледі.

Ғалым әдебиеттің әр жанрындағы: І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы, Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері- Ақтоқты» драмасы, С.Жүнісовтің «Ақан сері» романдарындағы ақын бейнесінің жасалу, мінездеу, зерделену заңдылықтарын анықтаған.

«Драма Г.Мусрепова, рожденная налучшем опыте мировой драматургии, создала образ личности, переросшего грани одной поэзии и вступившего на путь социального, философского осмысления мира. Драматург показал образ Ахана в момент большого внутреннего переосмысления, в нем намечены черты, способные в дальнейшем развернуться в энергию огромной силы.

Г.Мусрепов силу духа Ахана видит в его единстве с народом. Ахан – выразитель духа народа. Во всем его облике: песнях, общении, поведении, ярко выражен «серилик».

Әр заманның, әр қаламгердің Ақан сері туралы түсінігін, пікірін көзқарас, таным, көркемдік түсінік эволюциясы тұрғысынан қарастырған. Диссертация ғылыми-теориялық тұрғыдан біртұтас, зерттеу нысанасы анықталған ғылыми еңбек болып саналады.



Мәдібаева Қанипаш Қайсақызы
Филология ғылымдарының докторы,
профессор
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері

Қанипаш Қайсақызы Мәдібаева 1951 жылы 5 қаңтарда (құжат бойынша 12 ақпан) қазіргі Жетісу облысы Алакол ауданында, Әлемді ауылында дүниеге келген.

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының филология факультетіне түсіп (1968), үздік дипломмен бітіріп шықты (1972). Әдебиеттанушы. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Алакөл ауданының Құрметті азаматы.

Қанипаш Қайсақызы еңбек жолын 1972 жылы Алакөл ауданы Мұқан Төлебаев атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып бастады.

1978-1990 жылдар аралығында республикалық кітап баспаларында, «Жалын» журналында қызмет істеді.

1990 жылдан 2016 жылға шейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кіші ғылыми қызметкер, ассистент, аға оқытушы, доцент профессор міндетінде ғылыми-педагогикалық жұмыста болды.

Қанипаш Мәдібаева қазақ әдебиеті тарихын төлтума дара сипаттарындағы көркемдік бағыттар үрдістерінде зерттеу; жоғары мектепте оқыту әдіснамасын қалыптастыру; тұлғатану; мәтінтанымдық өзектілігінде игерудің әлемдік, отандық тәжірибесінде кешенді тұтастықта зерделеу ұстанымдарында маманданды.

Академик Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми жетекшілігімен «Зар заман ағымы және Шортанбай Қанайұлының әдеби мұрасы» (1995) тақырыбында кандидаттық, «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің зерттелуі және көркемдік дамуы» (2006) атты докторлық диссертация қорғаған.

2016-2018 жылдары сол кездегі І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде, 2018-2020 жылдарда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде әдебиет тарихынан дәріс оқыды.

Қ.Мәдібаева «Зар заман ағымы», «Хандық дәуір әдебиеті», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Көркем шығармадағы тарихи тұлға бейнесі», «Абайтану», т.б. оқулық, оқу құралдарын; «Қазақ әдебиетінің жаңа ғасыры», «Шығармадағы

тарихи уақыт», «Абайтану тарихы», «Жамбылтану» бірнеше ұжымдық монографиялық еңбектердегі жеке тарауларды жазды; қазақ әдебиеті үлгілерін типологиялық жүйелеу ұстанымында дайындалған оқу-әдістемелік кешен, XIX ғасыр әдебиетінің типтік бағдарламаларын жасады.

500-ден астам ғылыми-танымдық, оқу әдістемелік мақалалары отандық, шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген.

Қ.Мәдібаева орыс халық ертегілерін, Р.Киплингтің, Т.Драйзердің жекелеген шығармаларын орыс тілінен қазақшаға аударған.

Қ.Мәдібаева ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша ғылыми жобаларда зерттеулер жүргізеді.

1. Жарық көрген оқулық, монографиялары:

Зар заман ағымы. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 1997. - 160 бет. - ISBN 5- 7667 - 1969 - 8.

XIX ғасырлардағы сал-серілер поэзиясы. Әдістемелік құрал. Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 150 бет.

«XIX ғасыр әдебиетін зерттеудің басты мәселелері: Махамбеттану, Ыбырайтану, Абайтану негізінде» таңдауы бойынша курсы. Әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 38 бет.

Шәкәрімнің «Ескі ақындық» өлеңі. «Мәдениетаралық байланыстар және компаративистика» монографиялық жинақ, Бішкек, 2011. – 155 бет.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ескі ақындық» өлеңі. Бишкек: Бийиктик, 2011. – 241 бет.

«Махамбеттің ақындық әлемі» таңдау курсы. Әдістемелік құрал. Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 46 бет.

Абайтанудағы жаңа бағыттар. Әдістемелік құрал. -Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 11 бет.

Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Зерттеу мақалалар жинағы:-Алматы: Ценные бумаги, 2011. – 128 бет.

Г.Дулатова, М. Сармұрзина. М. Әуезов энциклопедиясы, 2011. – 100, 250 бет

Абайтанудың өзекті мәселелері. Монография «Қазақ университеті», 2012. – 160 бет.

Әдеби даму бағыттары. Ғылыми жинақ, 2012, - 240 бет.

Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуы. Монография. Алматы: «Ценные бумага» баспасы, 2012. – 320 бет.

Қазақ әдебиетінің жаңһар ғасыры. Монография. - Алматы: Ценные бумаги, 2012. – 320 бет.

Абай-Шәкәрім. Ұжымдық монография. Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 208 бет.

Қазақ прозасындағы әйел тағдыры. Жинақ. Алматы Ценные бумаги, 2012. – 206 бет.

Абайтану. Махамбеттану. Ғылыми-әдістемелік жинақ. Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 99 бет.

Қолтаңба. Монография. Алматы: Ценные бумаги, 2013. – 10 б.т.

«Ай-Ару» рухани-танымдық студент қыздар орталығы. Жинақ. Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 66 бет.

Алаш мұрасына адалдық. Жинақ. «АЛУА» ЖШС, 2013. – 110-118 бет.

Майтановтың маңызды пайымы. Майтанов әлемі. Жинақ. Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 161-170 бет.

Қ.Мәдібайдың Б.Майтановпен сұхбаты. Майтанов әлемі. Жинақ. Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 233-246 бет.

Абайтану. Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, 2013. – 203 бет.

Адам іздеген бақыт. Монография. Алматы: Ценные бумаги, 2013. – 10 бет

Шортанбай Қанайұлы. Шығармалары: жыр-толғаулар (1-бөлім), сын зерттеулер (2-бөлім). Алматы. Ана тілі баспасы, 2013. – 384 бет.

Өрісті өнер. Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, 2014. – 10 бет

Әдеби мұраны зерттеу. Оқу құралы. Қазақ университеті, 2014. – 238 бет

Көркемдік кеңістігі. Оқу құралы. Қазақ университеті, 2014. – 215 бет

Өрісті өнер. Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, 2014. – 188 бет

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқулық. «Қазақ университеті», 2015. – 258 бет

XX-XXI ғасыр тоғысындағы қазақ романы және тәуелсіздік идеясы. «Қазақ университеті», 2015. – 230 бет

Баспа ісіндегі тақырыптық сериялардың аударма тарихындағы маңызы. Жинақ. «Қазақ университеті», 2015. – 200-207 бет

Шәкәрімнің әдеби мұрасын зерттеу мен оқыту мәселелері. Оқу құралы (қазақ, ағылшын тілінде) / Қ.Мәдібаева, Ф.Дерин, Е.Солтанаева, Д.Розиева – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – б.

XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сыны. Оқу-әдістемелік хрестоматиялық жинақ/ – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2016. – 275 б.

Қазіргі қазақ әдебиеті. Мәдібаева Қ.Қ., Д.Мүлік. Оқу құралы: – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті 2017. – 290 б.

Абайтану. Мәдібаева Қ.Қ., Абильмажинова А.К. Оқу құралы: Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2017. – 148 б.

Әдебиеттану ғылымы және білім беру. Ғылыми әдістемелік жинақ. Жалпы ред басқарған Мәдібаева Қ.Қ. Талдықорған, 2017ж. – 344 б.

Абайтану. Мәдібаева Қ.Қ., Абильмажинова А.К. Электронды оқулық. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2018. – 143 б.

Жамбыл поэзиясындағы авторлық ауызша әдебиет дәстүрі Мәдібаева Қ.Қ., Қожекеева Б.Ш. Монография. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 2018 – 185 б.

Ұлттық рух және шығармашылық даралық (авторлық ауызша поэзия мәселелері). Ыбырайым Б., Дәдебаев Ж., Мәдібаева Қ. Зерттеу - Алматы: Абай атындағы ҚҰПУ, «Ұлағаты» баспасы, 2018.- 350 б.

Мәдібаева Қ.Қ. Адам іздеген бақыт. Ғылыми эссе, мақалалар. – Алматы, CyberSmith6 2019.– 264 бет.

Әдеби үдеріс: Оқу құралы /құраст.: Қ. Мәдібаева,. - Алматы: CyberSmith, 2019. - 196 б. ISBN 978-601 - 327-910-7

Абай шығармаларының академиялық толық жинағы. Жобасын жүзеге асыру жөніндегі редакциялық кеңес мүшесі. І-том, 445-бет. Алматы, 2020 ж.

Абай мұрасы және қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтары. – Т.1. Мәдібаева Қ.Қ. Абай аманаты: ғылыми-танымдық жинақ. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021 – 341 б.

Жамбыл шығармаларының академиялық толық жинағы» жобасы. Жамбыл шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том І томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Мәдібаева Қ., Рақыш Ж., Әлімова Т. – Алматы: ЖШС «Brandbook», 2021 – 624 бет.

Дәдебаев Ж., Мәдібаева Қ. – Жаңа заман поэзиясы.. //Қазіргі қазақ әдебиеті. Ұжымдық монография (Авторлар ұжымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. 353 б. (9-115 бб)

Қазіргі қазақ драматургиясы. Мәдібаева Қ., Қалиева А.. //Қазіргі қазақ әдебиеті. Ұжымдық монография (Авторлар ұжымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. 353 б.(– 155-191 бб)

«Абай мұрасы және қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтары». – Т.1. Мәдібаева Қ. Абай аманаты: ғылыми-танымдық жинақ. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 341 б.

Шығармадағы тарихи уақыт Оқу құралы. Қ.Қ.Мәдібаева. Алматы: «Лантар BOOKS», 2022. - 724 бет. ISBN 978-601 - 361-285-0

Қаратерең симфониясы. Портрет-эссе. Алматы: Arna-B, 2022. – 148 бет.

Абай өлеңдерінің текстологиясы. Ұжымдық монография. A.Evo Press, 2022 ж. 320 бет.

Жамбыл поэзиясындағы авторлық әдебиет дәстүрі. 2-ші басылым. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 243 бет

Абай ілімін білу, түсіну және қолдану. Ұжымдық монография: Ж.Дәдебаев, Д.Ысқақұлы, Қ.Мәдібаева, С.Жусанбаева, Р.Әбдіқұлова, Л.Мұсалы, Б.Даутова. «Қазақ университеті», 2023. – 278 бет.

Абай ілім. Дәрістер курсы. Ұжымдық дәрістер курсы. «Қазақ университеті», 2023. – 270 бет.

Абай ілімі: мақалалар жинағы. Ұжымдық мақалалар жинағы, «Қазақ университеті», 2023. – 192 бет.

Шығармадағы тарихи уақыт. Оқу құралы. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 724 бет

Өрісті өнер. Оқу құралы. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 243 бет

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Оқулық. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 306 бет

Абайтану: оқу құралы, 2-ші басылым. Оқу құралы. Қ.Мәдібаева, А.Абильмажинова. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 248 бет

Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Қ.Мәдібаева, Д.Мүлік. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 353 бет

Шәкәрімнің әдеби мұрасын зерттеу мен оқыту мәселелері. Оқу құралы (қазақ, ағылшын тілінде). Қ.Мәдібаева, Ф.Дерин, Г.Бектурганова, Е.Солтанаева, Д.Розиева. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 139 бет

XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сыны. Оқу-әдістемелік хрестоматиялық жинақ. Қ.Мәдібаева, Е.Хуатбекұлы, Г.Рүстембекова, Б.Баязитов. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 428 бет

Әдебиеттану ғылымы және білім беру. Оқу құралы. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 489 бет

Алатау ақындары. Ұжымдық монография. Мәдібаева Қ.Қ., Мауленов А., Сейсенбиева Э. Алматы: «Лантар Books» баспасы, 2024. – 214 б.

Рейтингті журналдардағы жарияланымдар:

Problems of National Reereation Toouch 1 Edifying Words Abay in the Translation in Russian Language. Middle-East Journal of Scientifie Research. 2013, 0.9 п.л. 15 (7): 944-954, ISSN 1990-9233.

Мәдібаева Қ.Қ. MagzhanZhumabaev and spiritual ecology: D.Alkebaeva, Y.Sultan /Procedia - Social and Behavioral Sciences. Volume 114, 2014, Pages515-5158

Мәдібаева Қ.Қ. Muslim Attitudes in Kudaiberdiuli's EPOS. Volume : No.97 (2017) Issue No. :21 (2017) Pages : 425-433

The basics of determining the speech of national traditions in literature. XLinguae, Volume 15 Issue 4, October 2022, pp. 28-37. DOI: 10.18355/XL.2022. 15.04.03. https://xlinguae.eu/files/XLinguae4_2022_3.pdf

Ойлар. Пікірлер. Тұжырымдар

Сол елуінші жылдардағы рухани «соққы» жағдайында Мұхтар Әуезовтің бірді-екілі туындыны «құрбандыққа шалу» арқылы тұтас мұраны қорғау «тактикасы» да, бастырмалата, өктем айтып 1933 жылғы кітапқа енген, 1909 жылғы жинақта жоқ өленнің қыр соңына түсу пиғылын «риза ету» ишарасы сақталып қалған осы Ғали Ормановқа жазылған хаттың Абай мұрасын текстологиялық тұрғыдан зерттеу ұстанымдарының орнығуында да елеулі мәні бар. Бұл хат Абайтану айналымына 1988 жылдан бастап қана түсті.

Абай өлеңдерінің текстологиясы.

Ұжымдық монография. Алматы: EYO PRESS. – 9 бет.

Абай текстологиясы мәселесінде Көкбайдың айтуымен жазылып алынған, 1933 жылғы жинақта түсінік берілген туындылар да түпнұсқа мәнді. Мұхтар Әуезовтің Көкбайдың Абай мұрасын сақтаудағы еңбегіне берген бағасы осыны көрсетеді.

(бірінші сілтеме алынған кітап. 13-бет).

Қазіргі абайтанудағы белгілі бір фактілерге қатысты болжал деректердің қосарланып келуі; нақтылы адам есімдеріндегі жаңсақтықтар; шығармалардың жазылу мерзімін көрсетудегі сәйкессіздіктер; бір туындының шығу тарихына қатысты қосарлы деректер, қосалқы мағлұматтар; өлең мәтінінің әр басқа болып хатқа түсу фактілерінен туындайтын текстологиялық түйткілдер, бір сөздің жазылу, мәтін аясындағы мағынасынан түпнұсқа мәнін айыру қиындығы туындайтын тілдік қолданыстың күрделі иірімдері; туындының түпнұсқалық немесе аударма мәніндегі айқындалуы тиіс шығармашылық сырлары; Абай мұрасын шет тілдерге аудару үдерісіндегі мәтінтанымдық ұстанымдар мәселесін арнайы зерделеу; т.б. өзекті шығармашылық мәселелер бар.

Абай өлеңдерінің текстологиясы.

Ұжымдық монография. Алматы: EYO PRESS. – 30 бет.

Жырдың тілі көркем. Жауға шабар тұлпарлардың келісті сыны бар. Халел Досмұхамедұлы Қалнияздың осы жырын әлеуметшілдік ұйытқысы ыдыраған қазақ күйінің шындығы деп жоғары бағалайды,

азамат ердің баласы бірігіп тізе қоспағанда басы қайда қаларына қауіп айтқан емеурін бар.

Мәдібаева Қ.Қ. Шығармадағы тарихи уақыт.
Оқу құралы. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 724 бет.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ескі ақындық» өлеңінде қазақ өлеңінің теориялық тұғырларын айқындауда бағдар болар пайымдаулар жатыр.

Мәдібаева Қ.Қ. Шығармадағы тарихи уақыт.
Оқу құралы. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 115 бет.

Роман басында ауа көшіп жүрген жұрт. Спасск сынды қалада да, далада да құқы тапталған күйсіз елдің тарихи образы бүкпесіз, боямасыз кейіптелген рухты шығарманың бірі – «Көзкөрген».

Мәдібаева Қ.Қ. Шығармадағы тарихи уақыт.
Оқу құралы. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 224 бет.

«Қан мен тер» қазақ әдебиетіне қанша жерден төңкеріс тақырыбын бүркенгенімен әсіре саясиланбаған, алабөтен рухпен желігіп, елікпеген адамшылық қалпымен, кісілік ғұрпымен өмір сүріп жүрген кәдімгі қарапайым пенделерді «қаптатып» алып келді. «Қан мен тердегілердің» ішінде қымбатымыз да, қимасымыз да, іздегеніміз де толып жүр.

Мәдібаева Қ.Қ. Шығармадағы тарихи уақыт.
Оқу құралы. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 241 бет.

Ж. Дәдебаев билер, батырлар туралы зерттеулерінде аңызды табылуы қиын дерекпен растап отыруға жалықпайтын зерттеушілік ыждаһатпен қайырылып отырады. Ғылыми кітапханасы бай. Сирек, ертерек уақыттарда басылым көрген жәдігерлер көзге көп түседі. Библиографиясы сан тараптан құралып, бір мақаланың сілтеме әдебиеті 50-ге жуықтап қалып отыратын тұстарын байқаймыз. Орыс, қытай, қалмақ, өзбек, қырғыз, т.б. басылымдары, қилы қолжазба мұра, архив құжаттары тәртібі бұзылмай түзіледі.

Көпшілік, қала берді кәнігі зерттеуші біле бермейтін, көре қоймаған, қайдан, қалай болғаны елең еткізетін деректі айналымда ұстау дағдысын қалыптайды.

Мәдібаева Қ.Қ. Шығармадағы тарихи уақыт.
Оқу құралы. Алматы, Лантар BOOKS, 2023. – 587 бет.

Абайтану тарихы бойынша да, Әуезовтану мәселесінде де, нақтылы Абай жинақтарын шығару жұмыс тәжірибесі мәнінде де Тұрсынбек Кәкішұлы атап көрсетіп отырған кітап-қолжазба, ондағы өмірбаяндық

фактілер түзілімінің Абайдың, Мұхтар Әуезов жазған 4 өмірбаян нұсқасының мазмұнына ену, қалыс қалу мәселесі, «Абай жолы» роман-эпопеясын жазу үдерісінде қолданыста болу сынды шығармашылық зертхана өзектілігінде алғаш күн тәртібіне қойылуымен назар аударады.

Мәдібаева Қ.Қ. Әуезовтану. Монография. – Алматы: ЖШС «ЛАНТАР BOOKS», 2025. – 100-беті.

Баяндау жүйесіндегі көпқабаттылық көңілдің түрлі қобалжу әуендері, оқиғалық желілердің орама жолдарымен жатық орайласып кетуі, жазудағы «Зейін Шашкинге тән ұшқыр ырғақ» (Б. Майтанов), сөйлеу тілін қолданудың озық, жатық үлгілері, машық ұштаудағы өзіндік батылдық бой көтерген елеулі көркемдеу тәсілдері Зейін Шашкиннің прозалық шығармаларының көркемдік әлеуетін түзді.

Қазақ әдебиеті, жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым, т.б. Өңдеп, толықтырған – 3 – бас. – Алматы: Мектеп, 2013. – 223-беті.

Қабан жырау шығармашылығының асыл өзегі – дін. Айтулы абыз ақын Хақтың құдіретін, жолын дәріптейді. Дін ілімін ұстанып ғұмыр кешкендігі тұрғысында көп-көп аңыз, әңгімелер сақталған.

Кейінгі кезеңде ақынның шығармашылық мұрасы бағытында толымды тоқтамдар жалғасып, жыраудың әдебиет тарихындағы елеулі орнына ден қойылуда.

Мәдібаева Қ., Мауленов А., Сейсенбиева Э. Алатау ақындары. Ұжымдық монография / Қ.Мәдібаева, А.Мауленов Э.Сейсенбиева. – Алматы: «ЛАНТАР BOOKS» баспасы, 2024. – 9 беті.


Матенадаран... Жасауы келіскен сәнді сарайды жазудың сыры таусылар емес.

Әлем халықтарының небір жауһар қымбатынан да басым Сөз таңбаланған кітап патшалығы жүрек қозғайды, адамзаттың келешегіне сендіреді.

Осы қазынаның ішінде армян әліпбиінде жазылған қыпшақ тілді мұра да тұр. «Қыпшақ грамматикасы», – дейді музей қызметкері айқара ашық қалпында шыны астынан бізге жылыұшырап жатқан қолжазбаны нұсқап.

Мәдібаева Қ. Қазақстан әдебиеті бойынша Армения архивтеріндегі зерттеулер / Қанипаш Мәдібаева (ғылыми-танымдық очерк) – Алматы: «Қазақстан жазушылар одағы» РҚБ, 2024. – 32-беті.

АЛМАСБЕК АНЫҚБЕКҰЛЫ МАУЛЕНОВ



Алмасбек Анықбекұлы Мәуленов – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, әдебиеттанушы ғалым, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ол 1965 жылы 18 тамызда Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қоссейіт ауылында дүниеге келген.

Алғашқы еңбек жолы мен білімге деген құштарлығы туған ауылынан бастау алды. Мектеп қабырғасынан әдебиетке ерекше ынтық болған Алмасбек жастайынан-ақ қалам мен ғылым жолына бет бұрады. Бірнеше рет армандаған университетке түсудің сәті 1988 жылы түсіп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне студент болып қабылданады.

Ғылыми ізденістің алғашқы қадамдары

1993 жылы университетті бітіріп, филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы мамандығын алады. Еңбек жолын Алматы қаласындағы мектептерде ұстаздық етуден бастайды. 1997-2000 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың күндізгі бөлім аспирантурасында білімін жалғастырып, 2002 жылы «Қазақ прозасындағы аңыздар мен мифтердің көркемдік қызметі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды.

Ғылым мен әскери қызметтің тоғысы

2001-2016 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) құрылымдарында еңбек етеді. Тіл дайындығы арнайы факультетінде оқытушыдан бастап кафедра бастығына дейінгі қызметтерді атқарып, 2011 жылы ҚР ҰҚК Академиясының «Академияның үздік оқытушысы» байқауында жеңімпаз атанады.

Ғылыми қызметін әскери салада жүргенде де үзбей жалғастырады. Түркі халықтарының әдебиетінде фольклор мен мифологиялық парадигманың көркемдік рөлін зерттей отырып, 2015 жылы 27 қарашада Бішкек қаласындағы Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университеті мен Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты жанындағы диссертациялық кеңесте докторлық диссертациясын қорғайды.

Ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметі

2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Мұнда Абай Құнанбаевтың 50 томдық шығармалар жинағын шығаруға белсенді қатысып, еліміздегі жоғары оқу орындары мен мектептерде «Абайтану» пәнін ғылыми-әдістемелік тұрғыда насихаттауға зор үлес қосты.

2018 жылдың 1 қыркүйегінде «Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми орталығының» директоры қызметіне тағайындалып, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры ретінде дәріс оқи бастайды.

2021 жылдың 1 қазанынан бастап осы ғылыми орталықты басқарып келеді. Университеттің бакалавриат, магистратура және докторантура сатыларында «Әдебиеттану» пәні бойынша дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерін тиімді қолданып, ғылыми-педагогикалық тәжірибесін сәтті жалғастырып келеді.

Ғылыми еңбектер мен жарияланымдар

Алмасбек Мәуленовтің ғылыми және оқу-әдістемелік мұрасы – қазақ әдебиеттану ғылымының баға жетпес қазынасы. Ол 150-ден астам ғылыми мақаланың авторы, 4 оқу құралы мен бірнеше ғылыми монографияларды жарыққа шығарған. Олардың қатарында:

«Қазақ прозасындағы мифтік-аңыздық қолданыс»,

«Фольклор и мифология в литературе тюркоязычных народов»,

«Фольклор. Миф. Әдебиет» атты монографиялар бар.

Сондай-ақ ол бірқатар танымдық және тұлғатанымдық еңбектердің авторы:

«С.Садырбаев. Ғибратты ғұмыр» (2022),

«Ұстаз бен шәкірт» (2023),

«Заңғар тұлға. Академик Т.Т.Тәжібаев» (2024),

«Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік таным мен пайым» (А.Нүсіпәлікызымен бірге),

«Ұлағатты ұстаз. Профессор Ж.Түрікпенұлы»,

«Беласар. Зинол-Ғабден Бисенғали».

Оған қоса, Сүйінбай Аронұлының шығармаларын қамтыған 10 томдық жинақты құрастырып, ҚазҰУ баспасынан шығарды. Бұл еңбек – қазақ фольклоры мен поэзиясының ғылыми айналымға түсуіне қосқан үлкен үлесі.

Марапаттар мен академиялық мойындау

Алмасбек Мәуленовтің еңбегі отандық және халықаралық деңгейде жоғары бағаланып келеді:

2021 жылы түркология саласындағы еңбегі үшін Күлтегін атындағы сыйлыққа ие болды.

ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойлық медалімен,

ҰҚК-нің I және II дәрежелі төсбелгілерімен марапатталған.

2018 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі атанды.

2023 жылы Халықаралық Айтматов академиясының академигі болып сайланды.

2023 жылы 15 наурызда ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің шешімімен қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді. 2

2025 жылы Халықаралық Тұран академиясының академигі болып сайландыы

2025 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

Қорытынды

Өмірін ғылымға, ұрпақ тәрбиесіне және ұлт руханиятына арнаған Алмасбек Анықбекұлы Мәуленов – қазақ әдебиетінің бүгінгі және келешек буынына айқын үлгі. Оның табандылығы, білім мен ғылымға деген адалдығы, ұлттық мұраға деген жанашырлығы – ұлт руханиятының алтын арқауына айналған.

Алмасбек Мәуленов – тек ғалым емес, ұстаз, тұлғатанушы, түркітанушы, әдебиет сыншысы әрі шынайы мемлекетшіл азамат. Оның тағылымды жолы – жас буынға өнеге, ғылым жолындағы ізденушілерге бағыт.

АЛМАСБЕК АНЫҚБЕКҰЛЫ МАУЛЕНОВТЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ҚОРҒАЛҒАН ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАР

Ақтоты Нүсіпәліқызы. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтердің көркемдік қызметі (1990-2010жж). Мамандығы: 6D021400-әдебиеттану.

Данара Қылышбекқызы Қалиақпар. Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық рухани түсініктері. Мамандығы: 8D02307-қазақ филологиясы.

АЛМАСБЕК АНЫҚБЕКҰЛЫ МАУЛЕНОВТЫҢ РЕДАКЦИЯЛАУЫМЕН ШЫҚҚАН КІТАПТАР


Қазіргі қазақ прозасындағы
аңыздық-мифтік қолданыс.
Алматы: «Қазығұрт» баспасы. 2008 ж. 184 б.



2. Фольклор және түркі халықтар
әдебиетіндегі мифология.
«Қазығұрт» баспасы, 2015 ж. 504 б.



3. Көкжиек. Зинол-Ғабден Бисенғали
Алматы:



4. «Фольклор и мифологическая парадигма
в литературе тюркоязычных народов».
2021 г. с.264.



5. Беласар. Зинол-Ғабден Бисенғали
– Алматы: ЖК «Everest». 2022. Б- 417 б.



6. Ғибратты ғұмыр сериясы. С.Садырбаев. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2022. 407 б.



7. Ұстаз бен шәкірт. Алматы. «Қазақ университеті», 2023ж. 236-б.




Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылуының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында көрнекті қайраткер, дипломат, ұлағатты ұстаз, Сыртқы істер халық комиссары, 1948-1953 жж. аралығында қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болған педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА академигі Төлеген Тәжібаев пен шәкірті педагог-ғалым Жолмұхан Түрікпенұлының 90 жасқа толуына орай естеліктер мен мұрағаттар және ғылыми мақалалар топтастырылған еңбек.

8. Заңғар тұлға Академик Т.Т.Тәжібаев. Алматы: «Қазақ университеті», 2024ж. 364 б.



Бұл кітапта Төлеген Тәжібаевтың ұзақ уақыт зерттеп-зерделеген тақырыбы «Абайдың педагогикалық һәм психологиялық көзқарастары» атты еңбегі. Ғалым Абайдың тәлім-тәрбиелік мәні зор шығармаларын жан-жақты терең талдаған. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов професор Т. Тәжібаевтың Абай туралы зерттеулерін жоғары бағалаған. «Бұл еңбек Абайтануға қосылған жаңалықтары мол, өте құнды еңбек» - деп бағалаған.

9. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік таным мен пайым. А.Мауленов., А.Нүсіпәлікызы. «ADAL KITAP» баспасы, 2024 ж. 220 б.



Бұл еңбекте көркем әдебиет пен мифтің өзара қатынасын қарастырудың эволюциялық және типологиялық даму жолдары сараланып, бағыт-бағдарлары қарастырылған.

Мифтің көркем шығармаға трансформациялану мен интерпретациялану ерекшеліктері айқындалып, неомифологизмнің өзіне тән айрықша белгілері зерделенген.


10. Ұлағатты ұстаз. Профессор Ж. Түрікпенұлы.

Ә.Мауленов. «ADAL KITAP» баспасы, 2024 ж. 132 б.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылуының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында педагог-ғалым Жолмұхан Түрікпенұлының 90 жасқа толуына орай, естеліктер мен ғылыми еңбектері және фото-суреттері топтастырылған еңбек.

11. Жалпы психология. Т. Тәжібаев., «ADAL KITAP» баспасы, 2025 ж. 232 б.



Көрнекті қайраткер, дипломат, ұлағатты ұстаз

Т. Тәжібаевтың мұрасын зерттеу, оны кейінгі ұрпаққа шынайы қалпында жеткізе білу үлкен жауапкершілік пен міндеттер жүктейді. Біртуар тұлғаның қазақ педагогикасы мен психология ғылымына қосқан үлесі осы кітаптан анық білінеді. Ғалымның тілі қарапайым, оқырман қауымға түсінікті.

12. Ғибратты ғұмыр сериясы. З.Бисенғали. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025. 446 б.



13. Академик Т.Т.Тәжібаев Бес томнан тұратын көп томдық. Алматы. «Қазақ университеті», 2024ж.



Т. Тәжібаев туралы Қазақ ұлттық университетінің баспасынан жарық көрген бес томдықтың халыққа жаңа мазмұнды мәліметтермен толықтырылып отыр.

Академик Төлеген Тәжібаевтың ғұмырнамалық және қызметтік өмір жолдары нақты архивтік құжаттармен суреттеледі. Оқырманға қуіаптың берері көп.

14. Сүйінбай Аронұлы. Он томнан тұратын көп томдық. Алматы: «Қазақ университеті», 2024 ж.



«Сүйінбай Аронұлы. Шығармалары. Зерттеу» он томдығында айтыстары мен толғау өлеңдері, жыр-дастандары мен сүйінбайтану бойынша монографиялық зерттеу еңбектері жазылған. Жинақ қазақ, түрік, қырғыз, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрген.


15. Алатау ақындары: ұжымдық монография / Қ.Мәдібаева, А.Мауленов, Э.Сейсенбиева. – Алматы: «Jantar books» баспасы, 2024. – 160 бет.



16. Әдеби сын. – Алматы: «Adal Kitap», 2024. – 197б.

Бұл еңбек поэзия туралы әдеби сын мақалалардан тұрады.

Онда ақындық болмыс, ақындық өнер, өмір мен өлең мәселелері пайымдалған. Сериялық басылым қазақ әдеби сынының дамуына қосылған елеулі үлес болады деп күтіледі.



17. Фольклор. Миф. Әдебиет.
Монография / А.Мауленов -Алматы:
«Қазақ университеті», 2025. – 510 бет.

Бұл монография түп негізі шумерлерден бастау алған арғықазақ мифологиясының қазақ әдебиетінің дамуының түрлі кезеңінде алған орны мен дәстүр жалғастығын жаңаша зерделеуге арналған еңбек.



АЛМАСБЕК АНЫҚБЕКҰЛЫ МАУЛЕНОВТЫҢ МОНОГРАФИЯЛАРЫ



«Қазіргі прозасындағы мифтік-аңыздық қолданыс». Монография. – Алматы: «Қазығұрт», 2008. – 184б.



«Фольклор и мифологическая парадигма в литературе тюркоязычных народов» 2021 г. с.264.

В монографии последовательно рыскрываются основные аспекты изучения мифологической парадигмы в современной филологической науке и принципы ее изучения в художественном творчестве.

Результаты исследования могут быть использованы при подготовке учебно-методической литературы по фольклору и казахской литературы, а также в дальнейшей научно-исследовательской работе по данной проблематике.



Фольклор. Миф. Әдебиет.

Монография / А.Мауленов -Алматы: «Қазақ университеті», 2025. – 510 б.

Бұл монография түп негізі шумерлерден бастау алған арғыказақ мифологиясының қазақ әдебиетінің дамуының түрлі кезеңінде алған орны мен дәстүр жалғастығын жаңаша зерделеуге арналған еңбек.

АЛМАСБЕК АНЫҚБЕКҰЛЫ МАУЛЕНОВТЫҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

2003

«Қара ой» әңгімесіндегі Махамбет образы. Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазіргі дәуір: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, – Алматы, 2003.

2004

О. Бөкей шығармаларындағы адамгершілік. Әуезов және әлем әдебиеті: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: 2004.

2006

Мемлекеттік тілді оқытудағы ұлттық-мәдени компонеттердің ролі. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2006. - №7.

Көркем шығармадағы этно-мәдени белгілерді мемлекеттік тілді оқытуда пайдалану. Жинақ. ҰҚК Академиясы. – Алматы: 2006.- № 2 (60).

2007

Көне түркі жәдігерлері мен қазақ мифологиясының үндестігі. Академик З.Қабдолов және қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: 2007.

2008

Қазақ прозасындағы аңыздық-мифтік қолданыс. Монография. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2008.

Мемлекеттік тілді көп деңгейлі оқытуда көркем мәтінмен жұмыс істеудің тиімділігін арттыру. Жинақ. ҰҚК Академиясы. – Алматы: 2008.– №2 (60).

2009

Көркем прозадағы мифтік-стильдік ерекшеліктер. ҚазҰУ Хабаршысы Шығыстану сериясы. 2009.- № 2 (47).

«Абай жолы» романындағы шығыстық сюжеттер мен аңыздық үлгілер. Шығыстану білімі мен ғылымының іргелі инновациялық мәселелері: халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.

Аңыздан ақиқат тудырған. Кекілбаев және замана шындығы: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.

Қазақ әдебиетін зерттеудегі мифологиялық ізденістер. Тіл мен әдебиетті оқытудың теориясы мен әдістемесіндегі инновациялық технологиялар: мәселелер және шешу жолдары: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана: 2009.

«Мәңгілік келіншек» романындағы мәңгілік мифтердің мәні. – Бішкек, // Тил, адабият жана искусство, 2009. – № 2 (7).

Көркем прозадағы ұлттық тілдік релеванттар. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: 2009.

Сходство и различия мифов народов Восточной Азии. Тил, адабият жана искусство маселелери. – Бішкек, 2009. - № 2(7).

2010

Мифтік-аңыздық үлгілердің прозалық шығармалардағы идеялық мәні мен эстетикалық мазмұны. Мәдениеттер тоғысындағы тіл, әдебиет және аударма мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы: 2010.

Қазақ әдебиетінің ұлттық даму ерекшелігін танудағы мифологиялық ізденістердің алғышарттары. Ақиқат. – 2010. №10.

М.Сқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» хикаясындағы мифтік-абстрактілік бейнелер. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. № 12

Ш.Айтматов шығармаларының мифтік әлемі. Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. №11.

Қазақ романындағы дуалистік мифология Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Алматы. –2010. №5.

Тәуелсіздік жылдар қазақ прозасындағы постмодернистік нышандар. (М.Мағауиннің «Жармақ» романы бойынша) Жұлдыз. – 2010. №12

Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіндегі модернизм. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2010. №6

Авестадағы арғытүрік мифологиясының терең тамырлары. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. –2010. №6. (130)

Қазақ дүниетанымындағы көне мифологиялық түсініктер. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. –2010. №6. (130)

Ежелгі шумео мен арғытүркі мифологиясындағы типологиялық ұқсастықтар. СДУ хабаршысы. – 2010. №4. (16)

«Бабырнама және Шежіре-и түрік» туындыларындағы мифтік ұғым-түсініктер. Академик З.Қабдолов және қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы: – 2010.

Постмодернистские мотивы в казахском произведении периода независимости на материале романа «Жармак» М.Магауина. Мысль. – 2010. №12.

2011

Көркем әдебиет және мифология. Journal XiuJiang University – 2011. Total №87.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы мифтік символдар. Journal XiuJiang University – 2011. №3.

Рабғузи мен қазақ әдебиетінің сабақтастығы. СДУ, Мәдениеттер тоғысы: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, 2011.

Қазақ прозасы және мифтік құбылыс. Жалын. – 2011. №2.

2012

Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» енбегіндегі мифтік желілер (в соавтрстве). Эл агарту. – 2012. №11-12.

Жыраулар поэзиясындағы мифтік бейнелердің көрінісі (в соавтрстве). Эл агарту. – 2012. №11-12.

Мифтік құбылушылықтың қазақ прозасындағы көрінісі: Т.Нұрмағанбетов шығармашылығы бойынша. Эл агарту. Бишкек – 2012. №11-12.

2014

Мифология в средневековой тюркской литературе. Материалы 11 го международного симпозиума «Язык, культура и общественные аспекты в перекрестке цивилизации». Бишкек: БГУ, –2014.

Типологическое сходство и различие древнешумерских и прототюркских мифологических образов. Наука. Образование. Техника. – 2014. №3 (49).

Мифо-поэтические мотивы в древнешумерской поэме «Гильгамеш». Известия Вузов. – 2014. - №6.

Некоторые мифологические мотивы в «Авесте». Известия ВУЗ ов. – Бишкек, – 2014. № 6

Духовная взаимосвязь Авесты и казахской мифологии. European Researcher. – 2014.-Vol (72) №4-1.

2015

Рабғузи мен қазақ әдебиетінің дәстүр жалғастығы. Вестник Кыргызского Национального Университета имени Жусупа Баласагына, 2015.

2018

Литературное наследие коктюркков и созвучие с тюркоязычной мифологией. Казахский национальный университет имени АЛЬ-ФАРАБИ. Вестник: Серия филологическая 2018 №4 (172).

2019

Archetypal characters of the mythological plot in the novel of Altay,s "The red Modagai of Altai". Science and life of Kazakhstan № 2 (76) 2019.

Интерпретация тюркской мифологии в поэзиях жырау. Наука и жизнь Казахстана № 6/3 2019 Алматы 2019

2020

Мифология және Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық-рухани ерекшеліктері. «Наука и жизнь Казахстана» журналы, мамыр 2020.

Абай шығармаларындағы ұлттық дүниетанымдық концептілерді мифологиялық тұрғыдан жаңаша зерделеу. АПҰУ Хабаршысы. №2 (72) Алматы, 2020.

Трансформация прототюркский мифологии и Урал Батыр. Уфа, 26 октября 2018 г. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию со дня рождения Мухаметши Бурангулова.

2021

Фольклор и мифология в литературе тюркоязычных народов. Монография. Алматы: «Қазақ университеті» 2021.

2022

Көркем шығармадағы неомифологизм. KERUEN 74 (1), 2022.

Қазіргі әлем және қазақ неомифологиясындағы мифтік мотивтер мен архетиптердің өзара үндестігі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология сериясы №2 (186) 2022.

АЛМАСБЕК АНЫҚБЕКҰЛЫ МАУЛЕНОВТЫҢ ҒЖБССҚЕК ЖӘНЕ СКОПУС БАЗАСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

2009

Көркем прозадағы мифтік-стильдік ерекшеліктер. ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы.-2009 (47).

2010

Қазақ романындағы дуалистік мифологи Қазақстанның ғылымы мен өмірі.- Алматы, 2010. - №5.

Т. Әбдіковтің «Парасат майданы» повесіндегі модернизм. Қазақстанның ғылымы мен өмірі.- Алматы, 2010. - №6.

Қазақ дүниетанымындағы көне мифологиялық түсініктер. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы – 2010.- №6 (130).

Авестадағы арғытүрік мифологиясының терең тамырлары. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы – 2010.- №6 (130).

Ежелгі шумер мен арғытүркі мифологиясындағы ұқсастықтар. СДУ хабаршысы. – 2010.- №4 (16).

2018

Литературное наследие коктюркков и созвучие с тюркоязычной мифологией. Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Вестник, Серия филологическая – 2018, №4 (172)

Трансформация прототюркский мифологии и Урал Батыр. Уфа, 26 октября 2018 г. Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию со дня рождения Мухаметши Бурангулова.

2019

Archetypal characters of the mythological plot in the novel of Altay,s "The red Modagai of Altai". Science and life of Kazakhstan № 2 (76) 2019.

Интерпретация тюркской мифологии в поэзиях жырау. Наука и жизнь Казахстана № 6/3 2019 Алматы 2019.

Сходство и различия мифов народов Восточной Азии. II Всемирный конгресс в реальном и виртуальном режиме Восток-Запад: Пересечение культур Университет Киото Санге, Япония, Киото 2-6 октября, 2019.

2020

Мифология және Абай шығармаларындағы мифтік сарындардың ұлттық-рухани ерекшеліктері. «Наука и жизнь Казахстана» журналы, мамыр 2020.

Абай шығармаларындағы ұлттық дүниетанымдық концептілерді мифологиялық тұрғыдан жаңаша зерделеу. АПҰУ Хабаршысы. №2 (72) Алматы, 2020.

2022

Көркем шығармадағы неомифологизм. KERUEN 74 (1), 2022.

Қазіргі әлем және қазақ неомифологиясындағы мифтік мотивтер мен архетиптердің өзара үндестігі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология сериясы №2 (186) 2022.

Ғалым, ұстаз Медеубек Сағатбек Медеубекұлының Өмірдеректері



Сағатбеск Медеубекұлы 1958 жылы 5 қыркүйекте Алматы облысы Кеген ауданы Қаркара ауылында дүниеге келген; 1975 жылы Қаркара орта мектебін үздік бітірген;1984 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемелекеттік университетінің журналистика факультетін тәмәмдаған;1983-1984 жылдары Алматы облыстық «Жетісу» газетінде корректор; 1984-1986 жылдары "Өнер" баспасында редактор;1986-1989 жылдары ҚР ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспиранты;1989-1991 жылдары "Өнер" баспасында редактор;1991-1993 жылдары ҚР ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының лаборанты, аға лаборанты, кіші ғылыми қызметкері, ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері;1993 жылдан Филология ғылымдарының кандидаты; 1993-1997 жылдары "Жетісу", "Ана тілі" ұлт апталығында бөлім редакторы;1997 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде ұстаз; 2008 жылдан осы факультетте Баспа ісі және редакциялау кафедрасының меңгерушісі; 2014 жылдан Журналистка факультетінің деканы болды. 2021 жылдан М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Жетекші ғылыми қызметкері ретінде еңбек етіп келеді.

С.М. Медеубек **журналист ретінде:**

1.Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Қырғызстан үкіметі «Ыстықкөлдің суы төмен түсіп барады» деген желеумен Қаркара өзенін бұру мақсатында үлкен арық қазып судың көмейіне әкеп қалғанда екі ел арасында суға талас бас көтере бастаған болатын.1993 жылы жазда ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев арнайы іссапармен Қаркара ауылына тоқтап, халықпен жүздеседі. Сол кездесуде Алматы облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі С. М. Медеубек Қаркара өзенін Ыстыкөлге бұрмау жөнінде мәселе көтеріп, ойын Президентке бетпе-бет дәлелді жеткізеді.Ол кездесу туралы баспасөзге жариялайды. Нәтижесінде көп ұзамай Қаркара өзені өзінің арнасында қалдырылады. («Еңсесін тік ұстап, елдігін танытқан жұртыма ризамын...» «Жетісу» газеті, 1993, июль //Журналистік шеберлік: таным мен талғам. Алматы, «Қазақ университеті», 2018, 73-77 –беттер.)

2.1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің онжылдығына орнатылған Ереуілтөбе ұмытылып, елеусіз қалғанда баспасөз бетінде сол жерге ескерткіш қою жөнінде бірнеше рет мәселе көтерді. Нәтижесінде Қарқара жазығындағы үлкен төбенің үстіне зәулім ескерткіш қойылды. Ереуілтөбе қазір барған адам бас иіп өтетін киелі орынға айналды; (Мың сыр тұнған бір төбе. // Қазақ әдебиеті. 1981 жыл, 5 июнь; Қарқарадағы көтеріліс// Жетісу.-1986. 6 август; Қарқарада не қалды? // Қазақ әдебиеті.-1990.-11 мамыр; Біз қалдық қанды қырғын табанында // Алматы ақшамы.-1991.-17 желтоқсан; Қарқара көтерілісі –Тәуелсіздік үшін күрес сабағы... // Заң газеті,-2006.-4тамыз; Қарқара көтерілісінің қыры да, сыры да көп// Жас Алаш.-2006.-27 шілде; Ереуілтөбе: Қарқара жазығындағы қасиетті ескерткішті қастерлеу қажет// Егемен Қазақстан.-2014.-27 тамыз.Тамыры тереңде жатқан тарихи төбе //Айқап.-2016.-№2.-108-114 б.)

3.1937 жылы сталиндік-голощекиндік репрессияға ұшыраған халық ағартушысы, ақын-композитор Қапез Байғабылұлы туралы тұңғыш рет журналистік айғақтама жазып, оның елге сіңірген еңбектерін анықтап, әндерін тауып, ел есіне қайта салды. Есімін тарихта қалдыру туралы мәселе көтерді. Соның нәтижесінде қазір Қапез Байғабылұлының атында Алматы облысы Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылында мектеп бар, аудан орталықтарында, ауылдарда оның есімімен аталатын көшелер бар. Әндері орта, арнаулы және жоғары музыкалық білім беретін оқу орындарының бағдарламаларына кірген, оның шығармашылығы туралы дипломдық жұмыс және магистрлік диссертация жазылып, қорғалды. Қазір бүкіл қазаққа мәшһүр. (Білімге бастап ел-жұртын... // Жетісу.- 1989.- 9 декабрь; Бірі – «зар заман ақыны», бірі - «халық жауы», бірі – «кеңеске қарсы»... Ана тілі.-1996.-23 тамыз; Жетісу әуендері.-А: Өнер, 1998.-320 бет/ Б. Мүптекеевпен бірге; Алатауым менің: Халық композиторларының әндері.-А:Қазақ университеті, 2018.-134 бет).

4.1937 жылы сталиндік-голощекиндік репрессияға ұшыраған халық ағартушысы, ақын Майлы Орманов туралы тұңғыш рет журналистік айғақтама жазып, оның елге сіңірген еңбектерін дәлелдеп, өлеңдерін тауып, жариялады. Есімін ел есінде қалдыру туралы мәселе көтерді. Соның нәтижесінде қазір Майлы Орманов атында Алматы облысы Кеген ауданы Жылысай ауылында мектеп бар, аудан орталықтарында, ауылдарда оның есімімен аталатын көшелер бар. (Майлының мектебі// Жетісу.-1989.-21 октябрь; Артымда қалсын бір нұсқа, өлеңмен өрнек тастадым//Жетісу.-1997.-3 қазан;Бөлтіріктің ақындық айналасы. Кіт: Бөлтірік Атыханұлы. Өлеңдер, дастандар, айтыстар, зерттеулер.Б "Қайнар", А., 2002 ж;

5.1937 жылы сталиндік-голощекиндік репрессияға ұшыраған халық ақыны әрі композиторы Әбен Атамқұлов туралы тұңғыш рет журналистік айғақтама жазып, оның еңбектерін іздеп, ән-өлеңдерін тауып жариялады.Есімін ел есінде қалдыру туралы мәселе көтерді. Нәтижесінде Әбен Атамқұловтың әндері орта, арнаулы және жоғары музыкалық білім беретін оқу орындарының бағдарламаларына кірген. Оның шығармашылығы туралы дипломдық жұмыс және магистрлік диссертация жазылып, қорғалды. Жамбыл облысы Отар ауылында оның атына көше берілген.(Қос арыс: қазақта Әбен Атамқұлов есімді екі ақын, әнші сталиндік-голощекиндік репрессия құрбаны болған.// Дала мен қала.-2005.-7 қазан; Сабақтастық: ақын Әбен Атамқұлов туралы// Дала мен қала.-2005.-23 желтоқсан; Сабақтастық: ақын, әнші Әбен Атамқұлов туралы деректер // Дала мен қала.-2005.-30 желтоқсан; Әбеннің ісі // Дала мен қала.-2006.-3 ақпан; Құдай сүймеген Кеңес үкіметін құлай сүймеген Әбен // Заң газеті.-2006.- 31 қаңтар.)

6.Оның БАҚ-ында мәселе көтеруі нәтижесінде Алматы облысы, Қарасай ауданындағы бұрынғы Каменка ауылы қазір Таусамалы аталды; осы ауылда ашылған қазақ орта мектебіне әлем әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың есімі берілді; осы ауыл аумағындағы «МТФ» аталып келген елдімекен «Наурыз» деген атқа ауыстырылды; осы ауылдан Алматыдағы жоғару оқу орындары мен мәдениет және спорт ошақтарын аралап өтетін жолаушы тасымалдаудан №75 жаңа маршруты ашылды.

Ғалым ретінде:

1.Қазақ ауызша әдебиетінде бұрын зерттелмей келген терме жанрын алғаш рет жан-жақты зерттеп, ғылыми айналымға қосты. Нәтижесінде кандидаттық диссертация қорғады.(1993ж); «Ақыл.Нақыл.Өсиет» (А., Санат. 1996 ж) деген монография жариялады. Қазір мектептерде, ЖОО-да қазақ ауызша әдебиетінің терме жанры туралы дәрістер осы монография негізінде дайындалып жүр.

2.С. Медеубек бірнеше рет жеке өзі, кейін өзгелермен бірге фольклорлық–музыкалық экспедиция ұйымдастырып, тұңғыш рет Жетісу өңірінің күйлері мен әндерін, күйші-домбырашылары мен әнші - композиторлары туралы деректерді жинау, жариалау және насихаттаумен айналысты. Нәтижесінде: М.Әуезов атындағы Халық университетінде «Хантәңірі атырабының ақын, әнші, күйшілері»(18.05, 1995) және «Құрдымнан қайтқан құндылықтар» деген тақырыпта (3.08.1995 ж.) лекция- концерттер ұйымдастырып, жүргізді. Көп ұзамай «Өнер» баспасынан екі академиялық жинақ шығарды. Біріншісінде республика жұртшылығына бұрын белгісіз болып келген 23 аңыз күй нұсқалары; 16 күйшінің өз атымен аталған күйлері; өзге ұлт сарын-нақыштарына шығарылған 7 күй; 25 күйші-композитордың 91 күйі;

(«Жетісудің күйлері». (Б. Мүптекеевпен бірге)// А.,Өнер, 1998, 38 б.т), ал екінші кітапта 23 тұрмыс-салт әуендері; 115 қара өлең әуендері; 13 әнші-композитордың 26 әні («Жетісу әуендері» (Б. Мүптекеевпен бірге)// А., Өнер,1998, 32 б.т.) тұңғыш рет ғылыми айналымға қосылып, халық игілігіне айналды. Қазір республикадағы барлық музыкалық білім беру мекемелерінде «Жетісудің күй мектебі» және «Жетісудің ән мектебі» оқу бағдарламаларына енген.

3.Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» деген ғылыми еңбегінде айқындамасы берілген, кейін кеңестік ғылыми орта ұмыт қалдырған шешенсөз саласын (ауызша публицистика) тұңғыш рет арнайы зерттеп, Ахаңның еңбегін қайта тірілтті. Осы салаға қатысты тың тұжырымдарды, аталымдар мен терминдерді ғылыми айналымға қосты. Нәтижесінде «Шешенсөз» деген оқу құралын шығарды. Шешенсөз пәні ЖОО орындарының журналистика мамандықтары бойынша оқу бағдарламаларына енгізілді. (Шешенсөз аталымдары анықталып болған жоқ.// Қазақстан-Заман.-2010.-22 наурыз; Шешенсөздің әуезді түрлері// ҚазҰУ хабаршысы. Журн.сер.-2010.-№1(27).-106-111-бб; Шешенсөзде айту мен сөйлеу –бір емес// Түркістан. -2011.-27 қаңтар; Шешенсөз. Оқу құралы. А., Қазақ университеті. 2015. 150 б.)

4.Қоғамдық санаға ақпарат арқылы қозғау салу амалдарының ескерілмеген ерекшеліктерін ұлттық таным тұрғысынан қайта зерттеп, тың теориялық тұжырымдар ұсынды: ақпаратты қимылмен беру арқылы қоғамдық санаға қозғау салу –Қимылсөз; ақпаратты дыбыспен беру арқылы қоғамдық санаға қозғау салу – Дыбыссөз; ақпаратты бейнемен беру арқылы қоғамдық санаға қозғау салу –Бейнесөз; ақпаратты ауызша айту арқылы қоғамдық санаға қозғау салу – Шешенсөз; ақпаратты жазу арқылы қоғамдық санаға қозғау салу – Көсемсөз деп ғылыми айқындамаларын тұжырымдап, сондай-ақ әр саланың түрлерін анықтап, теориялық негіздемелерін жасады. Барлығының жиынтық атауын тұжырып, Замансөз деген жаңа пән ұсынды. (Замансөз қай заманнан басталған?..// Жұлдыз.-2010.-№7.-177-184б; Замансөз: шешенсөз һәм көсемсөз// Ана тілі.-2009.-30 шілде; Ахмет Байтұрсынов – қазақ замансөзінің теориясын жасаушы // «Қазақ журналистикасы трихын зерттеу мен даму үдерісінің өзекті мәселелері»: А.Байтұрсыновтың туғанына 140 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми- тәжірибелік конф. мат.-ры, 1 ақпан,2013ж.-А., 2013.-167-176;Қазақ замансөзінің теориясын толықтырсақ...// Қаз ҰУ хабаршысы. Журн. Сер.-2012.-№2 (32).-114-118бб; Замансөз: генезис және типология, оқу құралы,«Қазақ университеті», А., 2018 ж.)

Ұстаз ретінде:

1.«Журналистика» мамандығының құзыретін жетік меңгерген білікті маман екендігін дәлелдеген С.М. Медеубек кәсіби тәжірибесін теориялық біліммен ұштастырған ұстаз ретінде осы саланың қыр-сырын шәкірттерге заманауи таным мен талғаммен ұштастыра үйретуде жаңаша оқыту әдістерін қолдануды жүзеге асырды. (Журналистік шеберлік: таным мен талғам. Хрестоматия. 1-том. А., Қазақ университеті, 2018, -516 бет; Журналистік шеберлік: таным мен талғам. Хрестоматия. 2-том. А., Қазақ университеті, 2018, -500 бет;

2.«Баспа ісі» мамандығы бойынша баспагерлік -редакторлық машықтарды шәкірттерге оқыту мақсатында осы саланың атаулары мен аталымдары және терминдерінің түсіндірме сөздігін жасады.Оқу бағдарламасына басылымды редакторлық даярлау ерекшеліктерін оқытатын арнаулы курс енгізді. (Баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігі. (Б.Омарова , Р. Әбдиевалармен бірге)// .-А.: «Сөздік-словарь», 2013.-232 бет; Басылымды редакторлық даярлау: оқу құралы// А.: Қазақ университеті,2014.-176 бет;Басылымды редакторлық әзірлеу ерекшеліктері // Оқу құралы. – А.: Қазақ университеті,2018.-204 бет.)

3.Газет, журнал, кітап безендіретін дизайнерлер бұрын республикада еш ЖОО –да даярланбайтын. Өйткені, ондай мамандық жоқ еді. С.М. Медеубек БАҚ өкілдерінің сұранысын зерттеп, БАҚ дизайны мамандығын ашу жөнінде БАҚ-да мәселе көтерді. Нәтижесінде Қазақстанда тұңғыш рет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде БАҚ саласының дизайнерлері даярлана бастады. (Баспа ісі - байытатын мамандық, ал бұрынғы сарынмен жүре беруге болмайды// Айқын.-2011.-2 сәуір; Басқаны емес... баспа ісін ойлаймыз// Кітап жаршыс ы.-2011.-1 қаңтар;Кітап шығарудағы бейшаралықтың сыры неде?// ҚазақстанЗаман.-2011.-14 сәуір;Безенші (дизайнер)даярлау қайтсек жақсарады? // Айқын апта. -2013.-7 ақпан; Бұқаралық ақпарат құралдарына дизайнерлер керек...»// Жас Алаш.-2014.- 19 маусым; Білікті баспагер-дизайнер болу үшін үлкен қабілет керек// Айқын.-2014 16 сәуір)

С. Медеубекұлының мынадай ғылыми дәрежесі, және арнайы атақтары бар:

Филология ғылымдарының кандидаты (1993 ж.) ; Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1984 ж.); Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (2010 ж.); Алматы облысы Райымбек ауданының Құрметті азаматы (2014 ж.); Қазақ журналистикасының қайраткері; (2018 ж) Алматы облысы Кеген ауданының Құрметті азаматы 2020.

Жарық көрген кітаптары:

1.Сүндет той. Ғылыми-танымдық кітап. "Өнер" Алматы, 1993 жыл;

2.Ою хан мен Жою хан. Балаларға арналған танымдық суретті кітап. "Жалын", 1994

3.Сазды аспаптар сыры. (О. Бейсенбекұлымен бірге), "Ана тілі", Алматы, 1995 ж;

4.Домбыра. "Өнер", Алматы, 1996 ж;

5.Ақыл. Нақыл. Өсиет. монография"Санат", Алматы, 1996 ж;

6.Жетісудің күйлері. (Б. Мүптекеевпен бірге), "Өнер", Алматы, 1998 ж;

7.Жетісу әуендері. (Б. Мүптекеевпен бірге), "Өнер", Алматы, 1998 ж;

8.Ою хан мен Жою хан. Балаларға арналған танымдық суретті кітап. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қайта басылуы. "Балалар әдебиеті", Алматы, 2004 ж;

9.Көзім – жүрегімнің айнасы. Өлеңдер жинағы. Жедел басу тип.-иясы, А., 2008 ж.

10.Басылымды редакторлық даярлау. Оқу құралы.«Қазақ университеті», А., 2014 ж.

11.Шешенсөз. Оқу құралы. «Қазақ университеті» , Алматы, 2015 ж.

12. Замансөз. Монография « Қазақ университеті»., Алматы, 2017 ж

13. Басылымды редакторлық әзірлеу ерекшеліктері, Оқу құралы, (ҚР Білім және ғылым министрлігінің мақұлдауымен)«Қазақ университеті», Алматы, 2018 ж.

14. Замансөз: генезис және типология, оқу құралы,«Қазақ университеті», А., 2018 ж.

15. Журналистік шеберлік: таным мен талғам. Хрес-я 1-т., А., 2018 ж.

16. Журналистік шеберлік: таным мен талғам. Хрес-я 2-т., А., 2018 ж.

17. Қара жер – қарашығым. Өлеңдер «Қазақ университеті», А., 2018 ж.

18. Алатауым менің. «Қазақ университеті», Алматы, 2018 ж.

19. әл-Фараби және қазақтың музыкалық аспаптары. Моног-я. А., 2020 ж.

20. әл-Фараби және қазақтың музыкалық аспаптары. (2- бас-ы) А., 2021 ж

21. Күй күмбірлеп, ән шалқыған... ғылыми-танымдық кітап. «Арыс», А., 2022 ж.

22. Оразай. Тарихи дастан. Алматы., «АН -арыс» баспасы»,2023 жыл

23. Ою хан мен Жою хан. Қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде. Балаларға арналған танымдық суретті кітап 3-басылуы. «Атамұра» баспасы, Алматы, 2024 ж.

24. әл-Фараби және қазақтың музыкалық аспаптары. (3- бас-ы), А., 2024 ж.

25. «Фольклорлық ақпарат және қоғамдық санаға қозғау салу амалдары» атты зертеу. Кіт.: Фольклор және қоғамдық сана. Ұжымдық монография. Алматы: «Evo press», 2024ж.

26. Бозымұлы Сары би. Ғылыми-танымдық кітап. Алматы, «Полиграфкомбинат», 2026 ж. -360 бет

Құрастырған кітаптары:

1.**Бөлтірік Атыханұлы**. Өлеңдер, дастандар, айтыстар, зерттеулер. "Қайнар", А., 2002 ж.;

2.**Мұқатай Жылқайдарұлы.** "Айхай, дүние!.. "Жалын", Алматы, 2003 ж.;

3. **Журналистер ұшқан ұя.** Жур. фак-інің құрылғанына 70 жыл толуына орай шығарылған энциклопедиялық сипаттағы кітап. Алматы. "Қазақ университеті", А., 2004 ж.;

4.**Мейірман Дәркенбайұлы.** Өтірік өлең, аңыз, әңгімелер, зерттеулер. А., 2005 ж.;

5.**Қаламгерлер ұшқан ұя.** Жур.-ка фак-інің құрылғанына 75 жыл толуына орай шығарылған энциклопедиялық сипаттағы кітап. Алматы. "Қазақ университеті", А., 2009 ж.;

6.«Өнегелі өмір» сериясымен **«Тауман Амандосов»** кітабы. А.. Қаз. университеті» 2012 ж;;

7.**Ұлт сөзгерлері ұшқан ұя**. Жур.-ка фак.-нің құрылғанына 80 жыл толуына орай шығарылған энциклопедиялық сипаттағы кітап. А., "Қазақ университеті", А., 2015 ж;

8. **Есболыңды бағала.** Ұстаз-педагог Есбол Оспанбеков туралы танымдық-тағылымдық кітап. А.,»Қаз. университеті» 2017 ж.,

9. **Мұқатай Жылқайдарұлы**. 1-т.,Өлеңдер мен поэмалар. А., «Қаз. универ-ті» 2021 ж.,

10. **Мұқатай Жылқайдарұлы**. 2-т., Мақалалар, зерттеулер. А., «Қаз. унив.-еті» 2021 ж.

11.**Тағдыры күйге айналған Қожеке**. Қонаев қаласы..2023 жыл.

Баспагер-редактор ретінде:

1984-1993 жж. «Өнер» баспасынан жарық көрген бейнелеу өнері, музыка, театр, қол өнері, халық шығармашылығына арналған отызға жуық альбомдар мен кітаптарға редактор болды;

2000-2003 жж. «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы;

2016 жылдан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үш тілде шығаратын «Айқап» халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журналдың Бас редакторының орынбасары болды.

«Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген:

«Шериядан Елеукенов», 44-кітап, 26 б. т.; «Қуаныш Сұлтанов», 45-кітап, 22 б. т.; «Әбілфайыз Ыдырысов», 51-кітап, 24 б. т.; «Сағат Әшімбаев», 52-кітап, 24 б.т.; «Кәкімжан Қазыбаев», 64-кітап, 24 б.т.; «Сапар Байжанов», 65-кітап, 26 б.т.; «Темірбек Қожакеев», 90-кітап,23 б. т.; «Абдул-Хамид Мархабаев» 138- кітап, 24 б.т.; сондай-ақ: 2023 жылы «Шарғын Алғазыұлы» шығармалар 1, 2-томдары; «Көдек Байшығанұлы Маралбай» 1,2,3- томдары; «Қожеке» күйлер жыйнағы секілді кітаптардың редакциялық жұмыс тобын басқарды.

Мақалалары:

1980 жылдардан бастап республикалық басылымдарда 200-ге жуық публицистикалық және ғылыми-танымдық мақалалары жарияланды.

Марапаттары:

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі. 2011 жыл;

«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері» медалі. 2008 жыл;

«Кітап мәртебесін арттыруға қосқан зор үлесі үшін» медалі. 2012 жыл;

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 75 жыл» мерекелік медалі. 2009 жыл;

«Кітап мәдениетіне қосқан зор үлесі үшін» медалі, 2012 жыл;

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалі; 2014жыл

«Райымбек ауданының Құрметті азаматы» атағы мен төсбелгісі; 2015 жыл;

«Қазақ журналистикасының қайраткері» атағы, 2017 жыл;

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінінің «Әл-Фараби» күміс медалі. 2018 жыл;

«Кеген ауданының Құрметті азаматы» атағы мен төсбелгісі. 2019 жыл;

ҚР ҒжЖБ министрінің Тіл жанашыры Құрмет дипломы 2024 жыл;

ҚР ҒжЖБ министрінің «Ғылым үздігі» Құрмет дипломы 2025 жыл;

ҚР ҒжЖБ министрінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі. 2026.



Молдаханов Әдебиет Молдаханұлы
Филология ғылымдарының докторы, профессор
(Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, қазақ әдебиеті кафедрасы)

1936 жылы 6 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Түкіл ауылында дүниеге келген.

1955 жылы Абай атындағы Қазақ педагогтік институтының тарих-филология факультетіне түсіп, оны 1960 жылы бітірген.

Еңбек жолын 1960-1962 жылдары Шымкент облысы Сарыағаш ауданындағы Сырдария орта мектебінде мұғалімдік қызметтен бастаған. 1966 жылы Ақтөбе педагогикалық институтына жолдамамен келіп, 1989 жылға дейін институттың философия және ғылыми коммунизм кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, 1979-1980 жылдары орыс филологиясы факультетінің деканы, 1990-1992 жылдары жаңадан ашылған қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, әрі қазақ филологиясы факультетінің тұңғыш деканы, 1993-1998 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 1998-2021 жылдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор қызметтерін атқарды.

1962-1965 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасында қазақ әдебиеті мамандығы бойынша оқып, әдебиеттанушы ғалым М. Габдуллиннің жетекшілігімен «Мұхтар Әуезов – фольклорист ғалым» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. 1998 жылы ҚР ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Диссертациялық кеңесінде «Мұхтар Әуезов және фольклортану проблемалары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған, ал 2002 жылы оған әдебиеттану мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілген.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ әдебиетінің тарихы, фольклортану, абайтану, әуезовтану, шәкірмтану, аймақтық әдебиет.

Негізгі ғылыми нәтижелері: Барлығы – 200-ге жуық ғылыми, танымдық бағыттағы жарияланымдары бар, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда – 15, басқа ғылыми басылымдарда – 42, монография – 3, оқулық – 1, оқу құралы – 3.

Халықаралық конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты. Әдеби-ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Түркия, Ресей, т.т.) жарияланды.

Профессор Ә.М. Молдахановтың кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар еңбектері төмендегіше берілді:

Молдаханов Ә.М. Мұхтар Әуезов – фольклортанушы /Монография. – Алматы, «Ғылым», 1997. – 165 бет.

Молдаханов Ә.М. Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлер /Оқу құралы. – Ақтөбе, 1999.

Молдаханов Ә.М. Мұхтар Әуезов және фольклортану мәселелері /Оқу құралы. – Ақтөбе, 2004. – 77 бет.

Молдаханов Ә.М. Әуезов және фольклор /Монография. – Алматы: «Дәуір», 2005. – 248 бет.

Молдаханов Ә.М. Мұхтар Әуезов және фольклортану мәселелері /Оқу құралы. – Ақтөбе, 2005. – 80 бет.

Молдаханов Ә.М. Жылдар, ойлар, ізденістер /Әдеби зерттеулер, мақалалар, ғылыми ізденістер. – Алматы: «Дәуір», 2006. – 168 бет.

Молдаханов Ә.М. Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері /Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 192 бет.

Профессор Ә.М. Молдаханов туралы еңбектер:

Азамат, ғалым, ұстаз: филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.М. Молдахановтың 70 жылдық мерейтойына арналып өткен ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе, 6-8 маусым 2006. – 115 бет.

2. Фольклортанушы ғалым: профессор Әдебиет Молдахановтың 80 жасқа толу мерейтойына орайдайындалған мақалалар жинағы /Құрастырып, алғысөзін жазған М.Р. Балтымова. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2016. – 185 бет.

3. Әдебиет Молдаханұлы Молдаханов. Библиографиялық көрсеткіш /Құрастырған М.Р. Балтымова. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2016. – 28 бет.

Жетістіктері:

Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы К.14.44.03 Диссертациялық кеңестің мүшесі (1998-2008 жж.).

«Ақтөбе облысының жыл адамы» атағы (2007 ж.).

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «Әдебиет Молдаханов атындағы дәрісхана» ашылды (2025 ж.).

Марапаттары:

Қазақ ССР Оқу министрлігінің «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогы (22 қыркүйек 1976 ж.).

«Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі (14 қараша 2006 ж.).

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

«Абайдың әдеби дәстүрінің ерекшелігі – ол өзіне дейінгі ұлттық фольклор мен жыраулар дәстүрін сын елегінен өткізіп пайдаланып өз шығармашылығын заман талабына сай бүкіл адамзаттық сөз өнері саласында жинақталған асыл құндылықтармен байытып, өрісін кеңейтті. Абай шығармашылығы арқылы төл әдебиетіміз әлемдік ең озық әдебиет санатында биік тұғырға көтеріліп, өз орнын белгіледі.

Абай дәстүрінің әдебиеттегі басты ерекшеліктері: ағартушылық, яғни, ғылымға, білімге, өнерге, мәдениетке үндеушілік; алланы, адамзатты, әділетті сүюге үндейтін гуманизм; шығармашылық талғампаздық, мазмұн мен түрдегі жаңалық, философиялық терең ойшылдық т.б. Абай дәстүрі – қазақ әдебиеті үрдісіндегі ренессанс. Бұл дәстүр одан кейін ұлт зиялылары тудырған алаштық әдебиетте, ұлы ақынның тікелей мұрагері М.Әуезовтің шығармашылығында заңды жалғастығын тапты.

Абай дәстүрі – бүгінгі әдебиетіміздің адастырмайтын темір қазығы, келешегінің сара жолы. Бұл қағида бұрыннан мойындалған айқын шындық».

(Молдаханов Ә.М. Жылдар, ойлар, ізденістер /Әдеби зерттеулер, мақалалар, ғылыми ізденістер. – Алматы: «Дәуір», 2006. – 168 бет. – 131-б.).

«Тарихи шындықты батыл айту, сол туралы жазу – бүгінгі өміріміздің ең басты талабы. Ендеше, XIX ғасыр әдебиетіне де, сол кезде өмір сүріп, асыл туындыларын кейінгі ұрпақтарына өлмес мұра еткен Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты ақын-жыраулларға, олардың шығармашылықтарына жаңа бетбұрыс, жаңа көзқарас қажет. Онсыз біз XIX ғасыр әдебиетіндегі ақтаңдақтардан арыла алмаймыз».

(Молдаханов Ә.М. Жылдар, ойлар, ізденістер /Әдеби зерттеулер, мақалалар, ғылыми ізденістер. – Алматы: «Дәуір», 2006. – 168 бет. – 138-б.).

«Халықтың тіл қазынасы фольклорды жинап бастыруда, зерттеуде және әдеби шығармаларында пайдалануда М.Әуезовтің еңбегі айрықша. Ол жиырмасыншы жылдардың басқы кезінде баспа орындарында

жарияланған мақалаларында-ақ, халық фольклоры сол халықтың ең басты тіл қазынасы, ол бұл күнде халық арасында жиылмай шашылып жатыр. Елге шығып, халық қазынасын тергеу, зерттеу қажет. Ауыз әдебиетіміз арғы заман, көне дүниеден бермен қарай мол-мол тіл қазынасын жасады. Көне тілдердің өзін қағып-сіркіп жаңартып, жаңғыртып жіберсек, қайта жасауына хақы бар екендігі туралы келелі ойлар айтады. Тілді әдебиеттің бірінші элементі деп таниды. Мұны өзінің әдеби шығармаларында жан-жақты дәлелдеп берді. Жазушы мәдениетінің басты көрсеткіші оның сөздік қоры десек, қазақ әдебиетінде тіл байлығы жөнінен Әуезовпен тең келетін қаламгер жоқ, тіпті дүниежүзі жазушыларының ішінде оған жететін қаламгерді табу қиын. Әуезов прозасының тілі - өте күрделі, қатаң талғамның тілі. Әуезов шығармашылығы әдеби тілді жалпы халықтық тіл негізінде дамытуға, халық тілінің байлықтарын, көркемдік мүмкіншіліктерін пайдалануда аса қажет саркылмас қазына екендігін жан-жақты ашып берсе, ғылыми зерттеулерінде фольклор тілі әдеби сипат алған, белгілі бір сөз жұмсау нормаларын қалыптастырған, көркемдік-эстетикалық қуаты аса күшті тіл екенін баса көрсетіп, жеріне жете дәлелдеді.

Фольклор қазынасының тіл өрнегі мейліншe көркем образдар жүйесі, поэтикасы, аса бай. Әсіресе, шешендік сөздердің тілінде өте кемел, бейнелі фразеологизмдер берік қалыптасқан. Фольклор – қазақтың ауызша да, жазбаша да әдеби тілінің мол арнасы, көркемдік қоймасы, поэтикалық қайнар көзі. М.О.Әуезовтің шығармашылық мәнері осыған толық дәлел».

(Молдаханов Ә.М. Әуезов және фольклор /Монография. – Алматы: «Дәуір», 2005. – 248 бет. – 203-б.)

МУТИЕВ ЗИНУЛЛА ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, тіл, әдебиет және ақпарат білім беру бағдарламасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Жалпы жұмыс өтілі - 49 жыл
Саладағы жұмыс өтілі - 49 жыл
Аталған еңбек ұжымындағы еңбек өтілі - 23 жыл
Байланыс: +7 7016230727, e-mail: zinulla_mutiev@mail.ru

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ Ө М І Р Б А Я Н Ы

Мутиев Зинулла Жақсылықұлы (10.05.1960 ж. Орал облысы (қазіргі Батыс Қазақстан), Жымпиты (қазіргі Сырым ауданы), Жымпиты кеңшары, Аралтөбе ауылдық советіне қарасты Жамбыл бөлімшесінің «Қарабас» елді мекенінде дүниеге келген. 1964 ж. Жымпиты кеңшарының №2 Қызылағаш бөлімшесіне қоныс аударды. 1967-1969 ж.ж. Қызылағаш бастауыш мектебінде оқыды. 1969-1977 ж.ж. Аралтөбе орта мектебінде оқып, бітірді. 1977-1978 ж.ж. Аралтөбе орта мектебінде мұғалім. 1978-1979 ж.ж. Қызылағаш орталау мектебінде мұғалім. 1979-1981 ж.ж. Кеңес әскері қатарында РФ Мурманск облысы, Североморск қаласында азаматтық борышын өтеді. 1985 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтының филология факультетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1990 жылы бітіреді. 1981-1993 ж.ж. Қызылағаш орта мектебінде мұғалім, кәсіподақ ұйымының төрағасы, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар. 1993-2003 ж.ж. Орал қаласындағы С.Сейфуллин атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат кешені мұғалімі, ғылыми кеңес жетекшісі. 1997-2000 жылдар аралығында Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аспиранты (ізденуші). 2003 жылдан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, доценті, қауымдастырылған профессоры, профессоры. 2006-2008 ж.ж. БҚМУ Педагогикалық институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2013-2015 жж. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі. 2016-2019 жж. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің деканы.

З.Ж.Мутиев - 300-ден астам ғылыми, педагогикалық, әдістемелік және публицистикалық мақалалардың, гранттық жоба аясында жарық көрген зерттеу кітаптарынан (жоғарыда тізбеленген) өзге де сандаған монографиялардың: Фариза «Оңғарсынова лирикасы» (2002), «Қазақ

лирикасының даму сипаты және зерттелу тарихы (XX-XXI ғ. басы)» (2012). «Сатыбалды Даумовтың поэтикасы» (2018), «Айтқали Нәріковтың лирикасы» (2019), «Сағынғали Сейітовтың әдеби және ғылыми мұрасы» (2022), оқу құралдарының: «Фариза Оңғарсынова лирикасы»: оқу құралы (2006). «Фариза Оңғарсынова лирикасы»: оқу құралы (толықтырылған 2-басылымы, 2019), «Қазақ лирикасын зерттеушілер»: оқу-әдістемелік құрал. 1-кітап (2011), «Қазақ лирикасын зерттеушілер»: оқу-әдістемелік құрал. 2-кітап (2011), «Қазақ лирикасының зерттелу тарихы»: оқу құралы (2012), «Фариза Оңғарсынованың лирикасы»: элективті курсқа арналған электронды оқу құралы (2012) мен бағдарламалардың: «Қазақ әдебиеті пәні тереңдетіліп оқытылатын жалпы білім беретін орта мектеп және бейіндік мектептері (лицей, гимназия) оқушыларына (9, 10, 11 сыныптар) арналған «Әдеби өлкетану» таңдау курсы бағдарламасы (2020), «Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық» (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде). 9-11 сынып оқушыларына арналған таңдау курсы бағдарламасы (2022) – авторы.

З.Ж.Мутиевтің ғылыми жинақтарда 300-ден астам ғылыми-зерттеу, педагогикалық-әдістемелік мақалалары, Scopus, Web of Scienc компанияларының деректер базасына кіретін импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарда 8 мақаласы, 14 монографиясы, 4 оқу құралы, 3 оқу бағдарламасы жарық көрді, 7 әдеби хрестоматия құрастырушысы. Scopus базасына кіретін басылымда жарияланған мақаласына сілтеме жасалған, 2 (екі) Индекс Хирша (h-index) мәліметі бар.

Ғалымның ғылыми жарияланымдары Ресей Федерациясының «Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук» (Москва), «Вопросы филологических наук» (Москва), «Вопросы гуманитарных наук» (Москва), «Актуальные проблемы современной науки» (Москва) ғылыми басылымдарында, Түркиядан шығатын «YOM Turk Dunyasi Kultur Dergisi» (Стамбул) және Европа елдерінің (Англия, Германия, Швеция, Финляндия, Италия, Украина, Польша, Ирландия т.б.) халықаралық ғылыми журналдарында, ҚР Ғылым және білім министрлігі Бақылау комитетінің тізіміне енген «Ізденіс-Поиск», «Ұлт тағылымы», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Білім-Образование», «Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ Хабаршысы», «Абай атындағы Қаз ҰПУ Хабаршысы», «ҚР ҰҒА Хабарлары», «М.Өтемісов атындағы БҚУ Хабаршысы» ғылыми және «Ақиқат», «Жұлдыз», «Жалын», «Таң-Шолпан», «Сын: Уақыт және қаламгер» басылымдарында жарық көрген.

ҚР Ғылым және жоғары білім минстрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру конкурстарының жеңімпазы З.Ж.Мутиевтің жетекшілігімен бірнеше ғылыми жоба жұмыстары орындалды:

2018 жылы (қаңтар) ҚР Білім және ғылым минстрлігі Ғылым комитетінің 2018-2020 жж арналған ғылыми жобалар бойынша ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ. №AP05135443 «Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру (Орал өнірі ақын жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» деп аталатын ғылыми жоба бойынша зерттеу жұмысын жүргізді (2018-2020 жж.).

2018-2020 жж. жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша төмендегідей ғылыми монографиялар мен оқу хрестоматиялары жарық көрді.

1. Мутиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өнірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): 1-кітап. Монография. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2018. - Орал: Шұғыла-Принт, 2018. - 420 бет.

2. Мутиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ақболатов А.А. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өнірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): 1-кітап. Хрестоматия. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2018. - Орал: Шұғыла-Принт, 2018. - 408 бет.

3. Мутиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өнірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): 2-кітап. Монография. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2019. - Орал: Шұғыла-Принт, 2019. - 436 бет.

4. Мутиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ақболатов А.А. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өнірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): 2-кітап. Хрестоматия. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2019. - Орал: Шұғыла-Принт, 2019. - 436 бет.

5. Мутиев З.Ж., Ақболатов А.А., Мұханбетова Ж.Ө. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өнірі ақын-жазушылары шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): 3-кітап. Монография. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2020. - Орал: Шұғыла-Принт, 2020. – 440 б.

6. Мутиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ақболатов А.А. Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өнірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы): 3-кітап. Хрестоматия: - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2020. - Орал: «Шұғыла Принт», 2020. – 440 б.

Жоғарыда аталған еңбектерде төмендегідей ақын-жазушылар шығармалары зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді:

2018 жылы

1. Шәңгерей Бөкеев (1847-1920) – Бөкей Ордасы ауданы
2. Ғұмар Қараш (1875-1921) – Жәнібек ауданы
3. Халима Өтегалиева (1889-1984) – Жәнібек ауданы
4. Абдолла Жұмағалиев (1915-1942) – Сырым ауданы
5. Қайрат Жұмалиев (1907-1968) - Бөкей Ордасы ауданы
6. Тайыр Жароков (1908-1965) – Жәнібек ауданы
7. Хамза Есенжанов (1908-1975) – Теректі ауданы
8. Жәрдем Тілеков (1911-1980) - Сырым ауданы
9. Сағынғали Сейітов (1917-2007) – Ақжайық ауданы
10. Жұбан Молдағалиев (1920-1989) – Тайпақ ауданы
11. Берқайыр Аманшин (1924-1985) – Қаратөбе ауданы
12. Боранғали Ырзабаев (1932-1995) – Орал қаласы

2019 жылы

13. Қадыр Мырза Әли (1935-2011) – Сырым ауданы
14. Сайымжан Еркебаев (1935-1997) – Тайпақ ауданы
15. Сатыбалды Даумов (1935-2004) - Бөкей Ордасы ауданы
16. Жанғали Набиуллин (1936-2012) – Жаңақала ауданы
17. Қайыр Бектұрғанов (1937-2015) - Тайпақ ауданы
18. Қажым Жұмағалиев (1937-2013) - Қаратөбе ауданы
19. Бақтығұл Ойшыбаев (1940-1997) - Сырым ауданы
20. Айтқали Нәріков (1940) – Тасқала ауданы
21. Асқар Сұлтанов (1942- 2003) - Сырым ауданы
22. Құрманғазы Қараманұлы (1943) - Қаратөбе ауданы
23. Ақұштап Бақтыгереева (1944) - Теректі ауданы
24. Мұқадес Есламғалиев (1946-2004) - Сырым ауданы
25. Алпамыс Бектұрғанов (1948) – Орал қаласы
26. Шолпан Қыдырниязова (1949) – Қаратөбе ауданы
27. Айсұлу Қадырбаева (1950) – Қаратөбе ауданы

2020 жылы

28 Сағат Әбдуғалиев (1948-1984) – Ақжайық ауданы
29. Оралбай Сату (1947) – Казталов ауданы
30. Жанғали Мырзәлиев (1948-1998) – Жәнібек ауданы
31. Махмет Қажиахметов (1954) - Сырым ауданы
32. Дариға Мұштанова (1954) - Казталов ауданы
33. Ботагөз Баймұқанқызы (1956-2007) – Орал қаласы
34. Закария Сисенғали (1957) – Жаңақала ауданы
35. Амангелді Шахин (1954) – Жаңақала ауданы
36. Ғайсағали Сейтақ (1958) – Бөкей Ордасы ауданы
37. Ұлдай Сариева (1957) – Казталов ауданы

38. Ақмаржан Таубаева (1958-2016) – Теректі ауданы
39. Серіққали Хасанов (1960) - Жаңақала ауданы
40. Талап Таймасұлы (1965) – Қаратөбе ауданы
41. Айбатыр Сейтақ (1966) – Бөкей Ордасы ауданы
42. Мира Сүйіншәлиева (1967) – Бөкей Ордасы ауданы
43. Бауыржан Ғұбайдуллин (1965) – Тайпақ ауданы
44. Қазыбек Қабжанов (1970) - Тайпақ ауданы
45. Батырболат Айтболатұлы (1972) - Казталов ауданы
46. Мұнайдар Балмолда (1972) – Жаңақала ауданы
47. Бауыржан Халиолла (1979) – Сырым ауданы

2020 жылы (ақпан) ҚР Білім және ғылым минстрлігі Ғылым комитетінің 2020-2022 жж. арналған ғылыми жобалар бойынша ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ. AP№08856195 «Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде)» деп аталатын ғылыми жоба бойынша зерттеу жұмысын жүргізді (2020-2022 жж.).

2020-2022 жж. жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша төмендегідей ғылыми монографиялар мен оқу хрестоматиялары жарық көрді.

1. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ешниязова М.Ж., Галимова Қ.А. Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық» (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде): 1-кітап. Монография. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2021. - Орал: «Шұғыла Принт», 2021. – 317 б.

2. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Сагидуллиева С.С. Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық» (Батыс Қазақстан аймағы ақын- Баспа жазушыларының шығармашылығы негізінде): 1-кітап. Хрестоматия. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2021. - Орал: «Шұғыла Принт», 2021. – 410 б.

3. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ешниязова М.Ж., Галимова Қ.А. Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық» (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде): 2-кітап. Монография. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2022. - Орал: «Шұғыла Принт», 2022. – 227 б.

4. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Сагидуллиева С.С. Қазіргі қазақ әдебиеті поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық» (Батыс Қазақстан аймағы ақын-жазушыларының шығармашылығы негізінде): 2-кітап. Хрестоматия. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2022. - Орал: «Шұғыла Принт», 2022. – 424 б.

Жоғарыда аталған еңбектерде төмендегідей ақын-жазушылар шығармалары зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді:

2020 жылы

1. Ахмет Ғұбайдолла (1873-1951) – БҚО Бөкей Орда
2. Ғабдолғазиз Мұсағалиев (1880-1933) – БҚО Қаратөбе
3. Молданияз Бекімов (1882- өлген жылы белгісіз) – БҚО Қаратөбе
4. Рахметжан Малабаев (1884-1961) – БҚО Қаратөбе

2021 жылы

5. Нұғыман Манаев (1894-1942) – Атырау облысы
6. Ахмет Мәметов (1895-1938) - БҚО Бөкей Орда
7. Әбу Сәрсенбаев (1905-1995) – Атырау облысы
8. Ғабдол Сланов (1911-1969) – Атырау облысы
9. Хамит Ерғалиев (1916-1997) - Атырау облысы
10. Тахауи Ахтанов (1923-1994) – Ақтөбе облысы
11. Қуандық Шаңғытбаев (1925-2001) – Ақтөбе облысы
12. Бәкір Тәжібаев (1926-1994) – Ақтөбе облысы
13. Жұмекен Нәжімеденов (1935-1983) – Атырау облысы
14. Табыл Құлыяс (1935-2022) – Ақтөбе облысы
15. Мағзом Сүндетов (1936-1999) – Ақтөбе облысы
16. Сәбит Әбішұлы (1938) – Маңғыстау облысы
17. Әбіш Кекілбаев (1939-2015) – Маңғыстау облысы
18. Фариза Оңғарсынова (1939-2014) – Атырау облысы
19. Есенбай Дүйсенбайұлы (1940-2011) – Маңғыстау облысы
20. Сайын Назарбек (1941) – Маңғыстау облысы
21. Қажығали Мұханбетқалиұлы (1942-2020) – Ақтөбе облысы
22. Аманқос Ершуов (1943-2016) – Атырау облысы

2022 жылыы

23. Жоламан Айдарбаев (1944) - Маңғыстау облысы
24. Қайыржан Хасанов (19422-2018) – БҚО Қаратөбе
25. Мейірхан Ақдәулетұлы (1951) - Ақтөбе облысы
26. Мереке Құлкенов (1951 - Атырау облысы
27. Мырзағали Іңірбаев (1952) – Маңғыстау облысы
29. Онайгүл Тұржан (1955) – Маңғыстау облысы
30. Рахымжан Отарбаев (1956-2018) – Атырау облысы
31. Сағынтай Бисенғалиев (1957) – БҚО Тайпақ
32. Сабыр Адай (1960) – Зейнолла- Маңғыстау облысы
33. Светқали Нұржан (1962) – Маңғыстау облысы
34. Қыдыр Харесұлы (1966) – БҚО Казталовка
35. Анар Шамшадинова (1974) - Маңғыстау облысы
36. Ершу Маржан (1977) - Атырау облысы
37. Индира Кереева (1986) - Ақтөбе облысы
38. Гүлзада Ниетқалиева (1975) - Атырау облысы
39. Талғат Мықи (1988) - БҚО Бөкей Орда
40. Бауыржан Ширмеденұлы (1992) – БҚО Сырым

2023 жылы (шілде) ҚР Ғылым және жоғары білім минстрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жж. арналған ғылыми жобалар бойынша ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ. AP19676441 «Жайық-Каспий өңірінің әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» деп аталатын ғылыми жоба бойынша зерттеу жұмысын жүргізуде (2023-2025 жж.).

2023-2025 жж. жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша төмендегідей ғылыми монографиялар мен әдеб хрестоматиялары жарық көрді.

1. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ақболатов А.А., Галимова Қ.А. Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті. Монография. 1-кітап. - Алматы: Қазақ кітабы, 2024. - 332 б.

2. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ажығалиев М.Қ., Бейсенова Г.А. Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық әлемі. Хрестоматия. 1-кітап. - Алматы: Қазақ кітабы, 2024. – 497 б.

3. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ақболатов А.А., Галимова Қ.А. Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті. Монография. 2-кітап. - Алматы: Қазақ кітабы, 2025. - 347 б.

4. Мүтиев З.Ж., Мұханбетова Ж.Ө., Ажығалиев М.Қ., Бейсенова Г.А. Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық әлемі. Хрестоматия. 2-кітап. - Алматы: Қазақ кітабы, 2024. – 480 б.

2023 жылы

1. Нәбиден Әбуталиев(1928-1997) - Атырау облысы
2. Зейнолла Қабдолов (1928-2006) - Атырау облысы
3. Ізтай Мәмбетов (1929-1974) – Ақтөбе облысы
4. Ислам Шұғаев (1932-2001) – БҚО, Теректі
5. Мақсұт Неталиев (1934-2015) - Атырау облысы
6. Сағи Жиенбаев (1934-1994) - Ақтөбе облысы
7. Тобық Жармағамбетов (1934-1973) - Ақтөбе облысы
8. Меңдекеш Сатыбалдиев (1937-1973) - Атырау облысы
9. Қадыр Жүсіп (1937) - Атырау облысы
10. Марат Отаралиев (1938-1973) - Атырау облысы
11. Есенжол Домбаев (1938-2015) - Атырау облысы
12. Бектұр Төлеуғалиев (1940) – Маңғыстау облысы
13. Сәбит Баймолдин (1942-2000) - Ақтөбе облысы
14. Нәсіпқали Сейітұлы (1944-2023) - Атырау облысы
15. Айтуар Өтегенов (1946-2021) - Маңғыстау облысы

2024 жылы

16. Темір Мыңжас (1952) – Маңғыстау облысы
17. Үзілдік Елубаева (1953) – БҚО, Тайпак
18. Ертай Ашықбаев (1956) – Ақтөбе облысы

19. Аманғали Сарқұлов (1956) – БҚО, Казталов
20. Мәлік Бердәлі (1962) – БҚО, Ақжайық
21. Үміт Жәлеке (1964) - Маңғыстау облысы
22. Нұрлан Сәдір (1971) – БҚО, Тайпақ
23. Рахат Қосбармақ (1972) – Маңғыстау облысы
24. Ертай Бимұханов (1973) – БҚО, Қаратөбе
25. Сұлтанбек Құдайберген (1978) - Маңғыстау облысы
26. Жадыра Шамұратова (1979) – БҚО, Тайпақ
27. Бақытгүл Бабаш (1981) – Атырау облысы

2025 жылы

28. Асан-Темір Қаршығаұлы (1982) – БҚО, Тайпақ
29. Гүлжайнар Қалдина (1983) - Ақтөбе облысы
30. Сағадат Ордашева (1984) - Ақтөбе облысы
31. Жансая Мусина (1985) – БҚО, Бөкей Орда
32. Асылбек Жаңбырбай (1985) - Маңғыстау облысы
33. Сыйлыхан Жұмасалық (1988)- БҚО, Жаңақала
34. Бақытгүл Сәрмекова (1992) - Атырау облысы
35. Ершат Қайболдин (1993) - Ақтөбе облысы
36. Шерхан Талап (1993) – БҚО, Жаңақала
37. Айбол Исламғалиев (1993) – БҚО, Орал қаласы
38. Абылайхан Максұтов (1995) - БҚО Тайпақ
39. Асланбек Шығыров (1996) - Атырау облысы
40. Мәрлен Ғилымхан (1998) – БҚО, Жаңақала
41. Еділбек Дүйсен (1998) - Маңғыстау облысы

З.Ж. Мүтиев жоғарыда аталған ғылыми Жобалар аясында еліміздің Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Орал қалаларының кітапханалары мен мұрағаттарында және Ресей Федерациясының Қазан, Уфа, Орынбор қалаларының ғылыми-әмбебап кітапханалары мен мұрағаттарында, жоо-дағы оқу-ақпараттық орталықтарында болып зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

З.Ж.Мүтиев 2026 ж. бастап қазіргі таңда «Қазақстанның әдеби кеңістігіндегі өңірлік поэтикалық жүйелердің эволюциясы: дәстүр сабақтастығы мен жаңашыл бағыттары» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл тақырып алдыңғы 3 (үш) жобаның (2018-2020 жж., 2020-2022 жж., 2023-2025 жж.) заңды жалғасы боп табылады.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары жалпы орта білім беретін мектептерде (лицей, гимназия) өтетін факультативтік сабақтарда, ЖОО-дағы филологиялық білім беретін факультеттерде авторлық «Әдеби өлкетану» элективтік курстарында пайдаланылуда. Атап айтқанда М.Өтемісов атындағы БҚУ филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ тілі білім беру мамандықтарында оқитын студенттерге, Орал қаласындағы Дарынды

балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты, Ә.Молдағұлова атындағы №38 мектеп-лицейде, М.Мәметова атындағы №27 мектеп-лицейде, Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназияда, А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназияда, № 42 «Ақ ниет» гимназиясында «Әдеби өлкетану» курсы тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша шығарылған ғылыми монографиялар мен әдеби хрестоматиялар, оқу бағдарламалары оқу орны мен мектеп кітапханаларына таратылып тұрады, ол еңбектер курста пайдаланылуда.

Марапаттары: «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісі (2001); «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы төс белгісі мен Дипломы (2012); Еуроодақтың ғылыми-кәсіптік палатасының Алтын медалі мен Дипломы (2013); «Қадыр Мырза Әлі атындағы медаль» (2016); «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі (2017); БҚО «Сырым ауданының құрметті азаматы» төс белгісі (2021); «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төс белгісі (2024); «Қазақстанның Алтын кітабы» (есімі енді) медалі (2025); «Қадыр Мырза Әлі - 90 жаста» мерекелік медалі (2025).

«15»____маусым_____2026_____ж.
(толтырылған дата)

МҰҚАН АМАНКЕЛДІ ОРАЗБАЙҰЛЫ



Аманкелді Мұқан 1963 жылы 1ші қаңтарда Өзбекстан Республикасы, ҚҚАССР Мойнақ ауданында Үрге ауылында дүниеге келген. Қоңырат қаласында № 83ші Теміржолшылар онжылдық орта мектебін аяқтап Алматыға оқу іздеп келеді.

Еңбек жолын 1980 жылы АлматыПромСтрой трестінде атардағы құрлысшы болып бастап, Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрының жанындағы 2 жылдық Ән-хор студиясында оқып бітіреді (1981-1983). Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын– хор дирижері (1983-1990), Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын – театртану мамандығы бойынша (1990-1995) жоғары білім алғаннан кейін ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын өнертану докторы Б.Құндақбайұлының ғылыми жетекшілігінде аяқтап (1999), өнертану ғылымдарының кандидаты (2004), қауымдастырылған профессор (2010) ғылыми дәрежесі мен атағын алып театртану саласында өнімді еңбек етіп келеді. Ол 2006 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр және кино бөліміне Ғылыми қызметкер, «Өнертану» секторының үйлестірушісі (2009 ж.), Театр және кино бөлімінің меңгерушісі (2010) қызметін Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨА «Театр өнерінің теориясы мен тарихы», Құрманғазы атындағы ҚҰК «Музыкатану және композиция» кафедраларының қауымдастырылған профессоры қызыметімен қатар атқарып келеді. Ғылыми зерттеушілік және педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ театр өнері, музыкалық театры және драматургиясы, өнер мен мәдениет саласының насихатшысы. Ол ҚР Театр қайраткерлер одағының Төралқа мүшесі (2009). Қазақстан Жазушылар одағы (2021) Драматургия секциясының меңгерушісі (2024) және Орыстілді әдебиет Кеңесінің мүшесі, (2026), Халықаралық театр сыншылар ассциациясының мүшесі (IACT) (2022), Қазақстан Театр сыншылар бірлестігінің Вице-Президенті (2018) болып табылады.

А.Мұқан театр зерттеушілік жұмысын көптеген қоғамдық жұмыстармен қатар алып келеді. Ол Қазақстан Театр сыншылар бірлестігінің дәстүрлі «Қазақстан театрлары» жыл қорытындысы,

Қазақстан Театр Қайраткерлері Одағының тәуелсіз Республикалық «Еңлікгүл» жүлдесінің ұйымдастырушы әрі сарапшысы, Республикалық Балалар және жасөспірімдерге арналған драматургиялық конкурстың тұрақты төрағасы, (Ақтөбе қ.) Республикалық Drama.kz жаңа драма фестивалінің Төралқа мүшесі.

А.Мұқан 2021 жылдан бері ол Qazaqstan теле-радио кешеніне қарайтын «Classic Radio» радиотолқынында (102.8 FM) «Өнердің өз адамы», «Мәдениет маржандары» авторлық бағдарламасымен шығып, Qazaqstan Ұлттық телеарнасының AbaiTV мәдени-ағарту каналында «Сарасөз» бағдарламасының жүргізушісі болып, отандық сахна және экран өнерінің талантты шоғырын, танымал тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын республика жұртшылығына кеңінен насихаттап келеді.

Қазақстан Республикасының ҒЖБ министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталды. (2025)

А.Мұқан қазақ театр, музыка өнерінің тарихы мен теориясына, заманауи қазақ драматургиясы салаларына арналған 250ден аса зерттеу, рецензия, мақалалардың, 50ге жуық авторлық, ұжымдық монографиялар мен ғылыми жинақтардың ғылыми редакторы әрі авторы.

Солардың ішінен А.Мұқанның соңғы бес жылда (2021-2025 жж.) жарық көрген 10 (он) іргелі еңбегін көрсеттік. Олар:

Қазіргі заманауи өнердегі мәдени мұраны сақтау және трансформациялау: театр және кино. Ұжымдық монография. (Жауапты редактор А.Мұқан) – Алматы: Service Press, 2022....– 228 бет., + 2 б.т. илл.

Режиссер, Суреткер, Тұлға. Қадыр Жетпісбаев туралы Естеліктер. – Алматы: Принт Экспрес, 2022. – 472 бет., + 3 б.т. илл.

Бала мерген. Балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесалар жинағы. Екінші басылым. Алғы сөзін жазған және редакторы А.Мұқан. – Алматы: Принт Экспрес, 2022. – 206 бет.

Мұқан А.О. Бикен Римова. Көктем қалпынан өзгермей қалған жан. Шығармашылық портреттер сериясы. – Алматы: Everest_print баспасы, 2023 ж.– 88 бет.

Байділдә Айдарбек. «Алтын Орданың Алтын тағы: Пьесалар. Алғы сөзін жазған және редакторы А.Мұқан. – Алматы: «TURAN» баспасы, 2023 ж.– 408 бет.

Мұқан А.О. «Ұлт театрының Атасы» Жұмат Шанин. атты монографиялық кітабының (Шығармашылық портреттер сериясы. – Алматы: Принт Экспресс баспасы, 2024 ж. –140 бет.)

Ұлттық театр өнері: тарих және уақыт. Ұжымдық монография. — Алматы: Service Press,, – 2025. – 161 бет., + сур. 2 б.

«Қазақ театр өнерінің жаңа түсінігі: тарих, тағдыр, процестер» Ұжымдық монография. (Жауапты редактор А.Мұқан.) – Алматы: Service Press, 2024. –304 б.,

Мұқан А.О. Драматургия және Театр: зерттеулер, мақалалар. – 1-кітап. – Алматы: Smart University Press, 2024. – 346 бет., 2 б.т. илл.

Мұқан А.О. Драматургия және Театр: сұхбаттар. – 2-кітап. – Алматы: Smart University Press, 2025.– 307 бет.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Өзекті мәселе болған ұлт театрының драматургиясы және оған келетін бүгіннің Мұхтары мен Ғабиті қайда? Бүгінгі драматургтер ертеңге қандай қор қалдырады? Өткенге қимастықпен сілтеме жасауға шеберміз. Соның бірі өзім. Себебі сол кездің жақсы, пайдалы жағын көргесін, білгесін артқа қарайлаймыз да. Десекте, оларда да болды мұндай кемшіліктер. Байқасақ, осы жылы театр сахнасында үлкен сұранысқа ие авторларымыз: Оралхан Бөкей, Мұқағали Мақатаев, Төлен Әбдік, Мұхтар Шаханов т.б. екен. Бұл дерек Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің Республиканың 50 театры қатысуымен өткізген жыл басындағы қорытынды сауалнама деректерінен алынды. Осы талантты ағаларды кезінде театрды басқарған азаматтар драматургияға түбегейлі тарта алмағандай болып көрінеді. Тартылса да театр мен қаламгер арасындағы байланыс берік болмаған. Мұндай байланыстың керектігін біз бүгін ерекше сезінеміз.

Ұлттық театр онері: тарих және уақыт. *Ұжымдық монография. Жауапты редакторы Мұқан А. - Алматы: Service Press,, – 2025. – 2025. – 161 бет.., + сур. 2 б*

***

Өз үйінде өгей баланың күйін кешкен ана тіліміздің теперіш көрген халі ұлттық опера жанрын дамытуда айна-қатесіз көрініс беруде. Осы кезге дейін опера театрларына жетекші болған басшылар қазақ ұлт операсын алға дамыту ісін жолға қоя алмады. Осыда бірнеше жыл бұрынғы жазған мақаламызда республикада 3 опера театры бола тұрып 30 жылда 3-ақ жаңа ұлт операсын сахнаға қойғанын мәселе қылып көтергенбіз және тығырықтан шығу жолына байланысты ұсыныстарымызды бергенбіз. Нәтиже жоқ. Театр шығармашылығында серпіліс жоқ. Қазақ ұлт опарсының көсегесі көгерді деп айта алмаймын. Ұлт операсының үйі – театры алдымен өз өнерін, қазақ ұлт операсы мен балетін көгертуі керек. Соған бірінші кезекте назар аударуы тиіс болатын. Мен кеше мен бүгінгі театрды басқарған, басқарып келе

жаткан азаматтар мен азаматшалардың жұмысын жоққа шығармаймын. Әрқайсысы өз деңгейінде адал атқаруға тырысып келеді. Десекте, қаншама таланттар шоғырынан тұратын шығармашылық ұжымды бір жерге топтастырған алып театрларды жүйелі басқару, сапаны қажет етеді. Театр опера мен балеттің өз үйі болуы үшін олардың репертуарлық саясатында мемлекетшілдік, отаншылдық идеяны ту еткен, сонымен бірге ұлттың рухын көтеретін сахналық жаңа туындылар алып келуге жұмыс істейтін басшылар болуы керек. Қазақ операсының 90 жылдық тарихында театрдан халыққа қандай туындылар керек екенін түсініп және қол астындағы қызметкерлерінен талап ететін ағарту комиссары Темірбек Жүргеновше, өнер адамдарына құрмет көрсеткен, олардың жағдайын жасаған Мәдениет министрі Ілияс Омаровтай проблеманы іштен білетін, оны шешу жолымен тікелей айналысатын басшы керек-ақ. Біздегі соңғы жылдардың жайы керісінше, келуінен кетуі тез, қолына бар билік берілген театр директоры мен театрдың ұжымында, репертуарлық саясатында қалыптасқан шығармашылық іркілісті батыл шешуге қауқары жоқ сол театр директорының бұйрығымен түзілген Көркемдік кеңес бар.

Мұқан А., Драматургия және театр. Сұхбатар .– 2-кітап. *– Алматы: Smart University Press, 2025. – 307 б., 2 б.т. илл.. Б.* 298

***

Өнер саласына келетін шығармашыл тұлғалар ішінде көздеген мақсаты сан түрлі жандар кездеседі. Жұматтың бойында әу бастан өнер жасауға, қасиетті өнер үшін қызмет етуге жаралған жан екені жазылып қойғандай. Ол өз ісін жақсы көріп, сүйікті ісімен алаңсыз айналысқандықтан өз айналасындағы үлкенді-кішілі әріптестерінен тек жақсы жағымен есте сақталған тұлға. Қазақ театрының бағына алғашқы қадамынан бастап осындай тұлғаның келуі, шаңырағын биік көтеруге себепкер болуы, драма, опера театрының алғашқы «Алыптар тобы» атанған артистері осындай өз ісіне қалтықсыз берілген тұлғамен жұмыс істеуі өнерпаздарымыз бойына әрі кәсіби әрі адами-руханилық дәнін егіп, кейін биік белестерді бағындыруға сеп болды. Өзіне ұстаз санаған орыс театры мен әлемдік театр тарихында реформатор атанған актер, режиссер театр теоретигі К.С.Станиславскийдің театрға деген этикалық және эстетикалық ұстанымдарын қазақ театрына алып келіп еккен Ж.Шанин болатын. Оны ол өзінің театрдағы бар бітім болмысымен, жұмыс стилімен, жеке басының үлгісінде жан-жақты дәлелдеп кетті. Театр –– бұл еріккеннің айналысатын ермегі емес, театр — бұл қасиетті орын — құтхана, онда жұмыс істейтін барлығы да сол атауға сай болуы

керек деген жоғары талап әрқашан басты назарда болуы осыны аңғартады.

Мұқан А.О. Ұлт театрының атасы. Жұмат Шанин.
Монография. «Сахна сыры» портреттер сериясы.
– Алматы: «Print express» баспасы, 2024. — 110 бет. Б.49.

***

Ұлттық опера және балет театрының бұл қойылымның жетістігіне қазақ опера кеңістігіне бұрын белгісіз есімдерді (композитор, либреттист) алып келіп қосуына назар аударамыз. Заман талабына сай жастардың арасынан шыққан музыканттар мен ақындардың қазақ операсын жасауға белсенді араласуы бұл салаға жаңа серпін бергенінде.

Опера либреттосының тілінің көркемдігі, поэтикалық нәрлілігі бөлек әңгіме тақырыбы бола алады деген ойдамыз. Бұрын опера түгілі драма сахнасында пьесасын көрмеген ақын Маралтайдың кезінде ақын ағасы Хамит Ерғалиевше либретто мәтінін жазуға тартылуын да хош көрдік. Себебі кезінде опера либреттосы деп арнайы жазған Әбіш Кекілбайдың мәтінін композитор Еркеғали Рахмадиевтің «Абылай хан» операсы болып сахнаға қойылғанша 10 жыл уақыт іркілген кезде 1998 жылы М.Әуезов атындағы драма театры Болат Атабаевтың режиссурасымен «Абылай хан» драмалық сахнаға сәтті қойылған болатын. Либретто мәтінінің драма театры үшін де сәтті азық болғанын көрген тәжірибеміз бұл мәтіннің де режиссерлік толықтырулармен драма сахнасы үшін де таптырмас репертуар түзе алатынын байқадық.

Ұлттық театр өнері: тарих және уақыт. Ұжымдық монография. *Жауапты редакторы Мұқан А. - Алматы: Service Press,, – 2025. – 2025. – 161 бет., + сур. 2 б*

***

Соңғы кезде өзіндік көкарасымен көрініп жүрген жас режиссер Әлібек Өмірбекұлының қолтаңбасы дәстүрлі театрға үйренген кез келген актерге тосындау постдрамалық белгілерге толы. Оның әр спектакліндегі сылап-сипауды, мәймөңкелеуді білмейтін бірбеткейлік, дырау қамшыдай өткір, шындықты осып-осып айтқызатын батылдық, кезінде осы театрдың режиссері болған Болат Атабаевтың жұмыс стилін елестетеді. Мұндай режиссердің қатаң жұмыс кестесіне икемделген, ең шыдамды актерлер ғана спектаклді аяғына дейін алып шығады. Солардың ішінде Бекжанның жүруі, жәй жүрмей қойылымның түйінді сахналарында маңызды рөл ойнауы оның табандылығын, театр сахнасындағы жастардың тосын болса да жаңа ізденісіне үнемі қолдау

көрсете білетінін айғақтайды. Театрда Ә.Өмірбекұлы қолтаңбасымен сахналанған «Құйын» қойылымындағы Бекжан сомдаған рөл актерді сан түрлі қырынан аша түседі. Бұл кейіпкерлер бірі екіншісімен еш жанаспайтын қарама-қайшы характердегі образдар тізбегін құрайды. Солардың ішінде қатын патша Анна Иоанновна – Бекжан Тұрыстың орындауында есте қаларлықтай колоритті карикатуралық-гротескіге ұласатын спектаклдің маңызды кейіпкері болып шыққан. Актер бұдан бөлек сахналарда да өзге қырынан танылып шын мәнінде көременнің көзайымына айналды. Бірінші бөлімнің аяғында Б.Тұрыс домбырамен орындаған зарлы «Алдай-ау, алдай!» әні кісінеп алас ұрған тұлпардың еркіндікпен қоштасатын үнімен араласып көрерменді сайын дала кеңістігіне төніп келе жатқан дауылды оқиғаларға бағыттайды. Зарлы әуен кең даланың түкпір-түкпіріне жайылып, үзілісте де ұзаққа дейін көрерменнің құлағында қалады.

А.Мұқан. «Актер және азамат». «Бекзат болмыс» кітабынан . –«ARNA-B», 2025 -212 бет. ББ. 50-51.

***

Режиссер операның жазылуы барысына қатыса алмағанымен, спектакльдің қойылуында өзінің кәсіби шеберлігі мен тәжірибесін жан-жақты көрсетіп қолдана білген. Спектакль жасауда, ондағы образдарға көркемдік сипаттама беруде бірінші және басты тұлға етіп композиторды, оның жазған музыкалық материалдарын ту етіп көтеретін режиссер Ю.Александровтың: «Менің бүгінгі Моцартым – Рахмадиев» дегені, бос айта салған сөз емес болатын. Режиссер автордың айтпақ негізгі ой-идеяларын түсініп, оны сахналауда спектакльдің ішкі мазмұны мен сыртқы формасын жасауда басты іс-әрекет көзін композитор шығармасының ішінен, ол айтқысы келген ой-идеясынан суыртпақтап алуға тырысқан. Көріністен-көріністе өтетін сахналары жүйелі жасалған. Көпшілік қатысатын сахналар мен жеке кейіпкерлердің өзара қарым-қатынастары нақтылы әрекетке құрылған. Режиссер қойылымның басты идеясы етіп жаугершілік заманда қазақ халқының басын біріктіріп ел болуды армандаған ірі саяси тұлға Абылайдың образын бар қырынан көрсете отырып, қалған оқиғалар мен кейіпкерлер әрекетін осы тұлғаның, ол ту етіп көтерген ой-идея төңірегіне топтастырып бере алған.

Мұқан А., Драматургия және театр. Зерттеулер, мақалалар.–1 кітап. *– Алматы: Smart University Press, 2024. – 356 б., 2 б.т. илл.. Б.165.*


***

Композитор Ғазиза Жұбанова жазған, бірақ сахнада әлі күнге дейін жүзеге аспаған «Боранды Едіге, немесе Айтматов аңыздары» атты операсы жайлы да айта кеткен орынды. Ә.Мәмбетов жазушының «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармасын 1983 жылы М. Әуезов атындағы қазақ драма театры сахнасына сәтті қойды. 1984 жылы режиссерді Мәскеудің Вахтангов атындағы драма театры шығарманы өз сахнасына қоюға шақырады. Бүкіл одаққа белгілі ұжымның танымал актері М.Ульяновтың осы қойылымдағы Едіге образын сомдауымен тарихқа жазылып қалды. Осы спектаклдің музыкалық партитурасын жазған композитор Ғ.Жұбанова Ә.Мәмбетовтің драмалық спектакльге жазған музыкасымен шығарма тақырыбына, автордың ой-идеясына терең бойлайды. Бұл идеялар уақыт өте келе пісіп жетіліп «Боранды Едіге, немесе Айтматов аңыздары» атты операның жазылуына себеп болды. Қаламгердің әрбір көркем шығармасының ажырамас бөлігі болып келетін аңыздарының әр қайсысы өзіндік қайталанбас әлем, адам мен қоршаған орта табиғаттың, адам мен қоғамның, адамның жан түкпірінде көрінбейтін «Мені» мен тайталасы. Өмірдің мәнін ұғынуға, өзінің бар бітім-болмысын анықтауға арналған терең философиялық тартысқа толы әлем. Міне осындай бірнеше аңыздық оқиға желісін өзара жүйелі жалғастыра жазылған бұл туынды әлі де болса өзінің туар күнін күтеді. Өткен ғасырдың 90шы жылдары театрда болмаған шығармашылық күш, тұлғалардың кемшін болуы бұл күндерді кешеуілдетті. Қазір мүмкіндік, қаражат, орындаушылық құрам да бар бірақ, соны көтеретін тұлға – режиссер суреткерді көре алмай келеміз.

Мұқан А., Драматургия және театр. Зерттеулер, мақалалар.

– 1-кітап. – Алматы: Smart University Press, 2024. – 356 б., 2 б.т. илл.. ББ.190-191.

МҰҚАЖАНОВА РАУШАН МҰРАТҚАНҚЫЗЫ
Филология ғылымдарының кандидаты, «Alikhan Bokeikhan University» БМ доценті



Мұқажанова Раушан Мұратқанқызы 1976 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылында дүниеге келген. 1997 жылы Шәкәрім атындағы Семей университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын Семей телерадиокомпаниясының қазақ редакциясында жүргізуші-редактор қызметінен бастаған.

1998 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыса бастады. 2002 жылдан бастап жоғары оқу орындарында оқытушы, аға оқытушы қызметтерін атқарды. 2003 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор А.С. Еспенбетовтің ғылыми жетекшілігімен «М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының Семей кезеңі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

Ғалымның негізгі ғылыми-зерттеу бағыттары қазақ әдебиетінің тарихы, әуезовтану, әдеби өлкетану, қазақ және шетел әдебиеттерінің байланысы, әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен сабақтас. Оның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде «М.Әуезов және Семей» монографиясы, «М.Әуезов өмірінің Семей кезеңі» құжаттар жинағы, сондай-ақ жоғары оқу орындарына арналған бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

Раушан Мұратқанқызы – 100-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектің авторы. Оның ішінде монографиялар, оқу

құралдары, хрестоматиялар, электрондық оқу құралдары және халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар бар.

Негізгі ғылыми еңбектері:

«Мұхтар Омарханұлы Әуезов өмірінің Семей кезеңі» (2003);

«Мұхтар Әуезов және Семей» монографиясы (2004, 2014);

«Шет елдер әдебиетінің тарихы (XIX–XX ғғ.)» оқу құралы және хрестоматиясы;

«У. Шекспир шығармашылығы қазақ тілінде» оқу-әдістемелік құралы;

«Әдеби ағымдар мен бағыттар» оқу құралы;

«Шет елдер әдебиетінің тарихы (Қайта өрлеу дәуірі)» оқу құралы;

«Әлем әдебиеті» оқу құралы

Жыраулар позиясындағы тәуелсіздік сарыны. №101 мақала. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. №8/2 2019

М.Әуезов және «Манас» жыры// Абай ,– Семей, 2022, Б. 30-36 .

Шетелдік студенттердің Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне әлеуметтік бейімделуі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы.Әлеуметтану.– Астана, 2022, Б. 471-488. (авторлардың бірі)

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» шығармасындағы Бауыржан Момышұлы бейнесі. «Әзілхан Нұршайықов және журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Астана, 2022 .

История жизни и творчества в архивных документах// Рудный Алтай. интервью.29.09.2022

Поэзия морфологиясы (Абай өлеңдері мысалында).Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы№ Филология сериясы. №3 (144) 2023ж.

Шәкәрімнің ақындық кітапханасы 249 б. Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы.Әдебиеттану.– Астана 2024, Б. 249-259 б.

Толстой мен Шәкәрім шығармаларындағы иделды көрсетудегі ұқсастық. ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы ғылыми журналы. Филология ғылымдары сериясы. Том 73 №2 (2024) және басқа да еңбектері отандық жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылып келеді.

Ғалымның зерттеулері негізінен Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, әдеби өлкетану мәселелеріне арналған. Ол Мұхтар Әуезовтің Семей кезеңіне қатысты архивтік құжаттарды ғылыми айналымға енгізіп, әуезовтану ғылымының дамуына елеулі үлес қосты.

Ғылыми мақалалары Қазақстан, Түркия, Германия, Канада, Ұлыбритания, Кипр, Қытай және басқа елдердің ғылыми басылымдары мен халықаралық конференция материалдарында жарық көрген. Оның еңбектері халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан да танылып, бірқатар мақалалары шетелдік рецензияланатын журналдарда жарияланған.

2013 жылы Түркияның Стамбул университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. 2015 жылы Түркия мен Моңғолияда өткен халықаралық ғылыми форумдар мен мәдени конгрестерге қатысып, ғылыми баяндамалар жасады.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

Ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы , 2018 ж.

«Үздік ғылым кандидаты – 2019» төсбелгісі

А.Байтұрсынов атындағы күміс медалі, 2023 ж.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, 2023 ж.

Бүгінде Раушан Мұратқанқызы қазақ әдебиеттануы мен әуезовтану ғылымының дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан белгілі ғалымдардың бірі ретінде танылып отыр. Оның ғылыми еңбектері мен педагогикалық қызметі ұлттық руханиятты дамытуға, жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беруге бағытталған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

«Тәуелсіздік идеясы – жыраулар поэзиясының өзегі ғана емес, ұлттың тарихи жадын сақтап қалған рухани құндылық.»

Мұқажанова Р.М. Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік сарыны // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – №8/2. – Б. 165–169.

«Мұхтар Әуезовтің «Манас» жырына қатысты зерттеулері түркі халықтарының ортақ рухани кеңістігін танытады.»

Мұқажанова Р.М. «М.Әуезов және «Манас» жыры». Абай. – Семей, 2022. –Б. 30-36

«Шетелдік студенттердің әлеуметтік бейімделуі білім беру үдерісінің сапасын ғана емес, қоғамның мәдени ашықтығын да айқындайды.»

«Шетелдік студенттердің Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне әлеуметтік бейімделуі» мақаласынан.

«Архив құжаттары – тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы шынайы дерек көзі әрі әдебиеттану ғылымының сенімді негізі.»

«История жизни и творчества в архивных документах» сұхбатынан. Рудный Алтай. 29.09.2022

«Шәкәрімнің ақындық кітапханасы – ақын дүниетанымын қалыптастырған рухани қайнарлардың көрінісі.»

Мұқажанова Р.М. «Шәкәрімнің ақындық кітапханасы» // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Әдебиеттану сериясы. – 2024. – Б. 249–259.

«Толстой мен Шәкәрім шығармаларындағы рухани кемелдік идеясы адамзатқа ортақ моральдық құндылықтардың үндестігін көрсетеді.»

Мұқажанова Р.М. «Толстой мен Шәкәрім шығармаларындағы идеалды көрсетудегі ұқсастық» // ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – Т.73. – №2.

Мұқышева Раушангүл Зақанқызы
филология ғылымдарының кандидаты, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының сениор-лекторы, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері, ақын, аудармашы.

Зерттеу салалары: қазақ әдебиетінің тарихы, салыстырмалы әдебиеттану, қазақ-мажар әдеби байланыстары.

Мұқышева Раушангүл Зақанқызы 1971 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында дүниеге келген.

1988 жылы Өскемен педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсіп, Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетін 1993 жылы орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығы бойынша үздік дипломменбітірді.

Осы оқу орны тағайындаған Абай атындағы стипендияның тұңғыш иегері.

1993-1997 жылдары Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс істеді.

1997 жылы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінде аспирантураға түсті.

1998 жылы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасынан Сегед университетінің (Сегед, Мажарстан) Алтаистика кафедрасына қазақ тілі лекторы ретінде жіберілді.

1998 жылы «Жалын» журналында жарияланған өлеңдер топтамасы үшін Төлеген Айбергенов атындағы сыйлыққа ие болды.

2000 жылы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық характердің бейнелену жүйесі» атты кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Ғылыми жетекшісі академик Зәки Ахметов болды. 1998 -2021 жылдар аралығында Сегед университетінің (Мажарстан) Алтаистика кафедрасында қазақ тілі лекторы қызметін атқарды. Сол кафедрада шетелдік студенттерге қазақ тілі, қазақ әдебиеті, елтану, аударма және Орта Азия халықтарының мәдениет тарихы, қарақалпақ тілі секілді пәндерден дәріс оқыды.

1999-2005 жж. аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің, ал 2007-2014 жж. аралығында «Айқын» газетінің Мажарстандағы меншікті тілшісі болды.

2011-2013 жж. Сегед университетінде сыртқы экономикалық байланыстарға оқып, маман дәрежесін алды.

2021 жылдан қазірге дейін Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының сеньор лекторы.

Мұқышева Р. З. – бір монография, бірнеше оқу-әдістемелік құралдың және көптеген ғылыми мақаланың авторы. Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы тағайындаған «Абай» медалінің иегері. 2021 жылы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларына арналған іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғыс хатын алды.

Шетелдегі халықаралықконференциялар мен шетелдік университеттерде оқыған дәрістері мен баяндамалары:

2003 ж. Мандоки Қоңырға арналған конференцияда (**Будапешт**) „Қазақ-мажар мақал- мәтелдері" атты баяндама жасады.

2008 ж. Әзербайжан елшілігі (**Будапешт**) ұйымдастырған ғылыми конференцияда „Взаимосвязь азербайджанской и казахской литературы в свете творчеств Низами и Абая" деген баяндама жасады.

2009 ж. Әзербайжан елшілігі (**Будапешт**) ұйымдастырған ғылыми конференцияда „Әзербайжан мақалдары" (түркі халықтары жане мажар мақалдарымен сылыстыру) атты ғылыми баяндама жасады.

2010 ж. қыркүйекте Хаджеттепе университетінде (**Анкара, Түркие**) Мажарстандағы қыпшақ мәдениеті туралы дәрістер оқыды.

2011 ж. қыркүйекте Кембридж университеті (**Кембридж, Ұлы Британия**) Орта Азия форумының (ESCAS) конференциясында „Қазақ және мажар фольклорындағы шамандықтың көрінісін зерттеу" атты тақырыпта баяндама жасады.

2013 ж. қазанында **Сегед** университетінде өткен халықаралық конференцияда Lifelong Education in Kazakhstan деген тақырыпта баяндама жасады. (**Мажарстан**)

2013 ж. қарашада **Ньиредьхаза** институтында «Тамырымызды тануға мұқтажбыз» деген тақырыпта баяндама жасады. (**Мажарстан**)

2015 ж. Сегед университетінде Алтаистика кафедрасында қазақ тілін оқитын студенттермен Абай оқуларын өткізіп, мажар тілінде

"Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы" (Abaj Kunanbajuly élete és az irodalmi tevekénysége) деген баяндама жасады. . (**Сегед, Мажарстан**)

2016 ж. The Fourth International Congress of Turkology: Turkic Peoples Through the Ages and Lands. Thesis: Hungarian Scholars on the Features of Kazakh Culture (XIX century and the beginning of XX century) / Венгерские исследователи об особенностях казахской культуры (XIX в. и начало XX в.) (**Польша, Варшава**)

2018 ж.Иоганн Гутенберг университетінің Түркітану кафедрасында (**Германия,Майнц**) дәрістер оқыды.

2018 ж. A conference organised to celebrate the 100th anniversary of the foundation of Adam Mickiewicz University in Poznań. Language, Literature and Society in Kazakhstan – The Kazakh Context Thesis: ҚазақәдебиетініңМажарстандатанылуы:
зерттеулерменкөркемаудармалар (The Presentation of Kazakh Literature in Hungary: Research and Translation(**Познань, Польша**)

2019 ж. ақпанда Мандоки Конгур Иштванның 75 жылдық мерейтойына ұйымдастырылған конференцияда баяндама жасады. (**Карцаг, Мажарстан**)

2020 ж. Сегед университеті Алтаистика кафедрасы мен Будапештегі Қазақстан Елшілігінің ұйымдастыруымен Абай оқуларын өткізді. Абай Құнанбайұлы өмірі туралы мажарша баяндама жасады. (**Сегед, Мажарстан**)

2022 ж.Адама Мицкевич атындағы Познань университетінде қазақ тілі мен әдебиетінен дәрістер оқыды. (**Познань, Польша**)

2023. Қазақ-мажар тарихи,экономикалық, мәдени байланыстарына арналған халықаралық ғылыми конференция(„Kazakh-Hungarian narratives of cultural, social and economic diversity") Дебрецен Университеті. (**Дебрецен, Мажарстан**)

2023Алтаистика бойынша тұрақты жұмыс істейтін халықаралық конференцияда баяндама жасады. (Permanent International Altaistic Conference) (Астана)

2024 ж. Люблин Әлеуметтік және медициналық ғылымдар академиясында Қазақстанэкономикасы мен мәдениеті туралы д әрістер оқыды. (**Люблин, Польша**)

2025 ж. Сегед университетінде өткен Алтай қауымдастығының XIII халықаралық "Naming, Titling and Nicknaming Culture" атты симпозиумында баяндама жасады. (**Сегед, Мажарстан**)

Әдеби-журналистік қызметі:

Өлеңдері республикалық басылымдарда жарияланған.

Орыс және мажар поэзиясынан аудармалары республикалық басылымдарда жарық көрген

1998-2005жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің Мажарстандағы меншікті тілшісі болды. Осы газетте мажардың тарихи аңыздары мен Мажарстан мәдениеті, тарихына қатысты мақалалар мен сұхбаттары жарияланып тұрды.

2007-2014 „Айқын" газетінің Мажарстандағы меншікті тілшісі болды.

Әдебиет саласындағы жетістіктері:

Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты – «Жалын» журналының сыйлығы «Ана тілі» жариялаған «Замана» бәйгесінің жүлдегері

Кітаптары:

Қазақша-мажарша тілдескіш. (Ласло Кароймен бірлесіп) Сегед, 2001

https://nabrk.kz/kk/e-catalog?title_first_letter=K&topic=0&country_edition=SIA

kán és a vezír. Kazak népmesek (Аударма. Қазақ ертегілері мажар тілінде. Моника Биачимен бірлесіп). Сегед. 2011

«Мажар халқының аңыздары мен ертегілері». Мажар тілінен аударылған. Астана, Ғылым. 2015

Қазақша-мажарша тілдескіш. Kazah-magyar társalgási könyv. 2-ші толықтырылған басылым. Szeged. 2015.127 old. (Профессор Ласло Кароймен бірлесіп)

«Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінездің бейнелену жүйесі» (80-90 жж.): Монография. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2016.

Бүркіт-көңіл. Мажар ақындарынан аудармалар. Дарын баспасы. Алматы, 2024

Мұқышева Раушангүлдің жарияланған басылымдарының тізімі

Мұқышева Р.З. Шәкәрім шығармашылығындағы Абайдың танымдық тағылымы// Материалы научно-практицеской конференций посвященной 150-летию Абая. Усть-каменогорск. 1995ВКГУ. 58.

Мұқышева Р.З.„Абай жолы" романындағы Абай бейнесін сомдаудағы теңеулер. // Қазақ тілі мен әдебиеті 7-8 Алматы. **1996.** 75–78

Мұқышева Р.З. М. Әуезовтің „Абай жолы" роман-эпопеясындағы теңеулердің образ сомдаудағы ролі. //Ұлы суреткер ұлағаты. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 100 жыл толуы құрметіне арналған мәслихат. Алматы. 1997. 99.

Мұқышева Р.З. Т. Әбдікәкімов өлеңдерінің бейнелілік-көркемдік жүйесі.//Особенности подготовки специалистов в условиях университета. Уст-Каменогорск. 153–155.

Мұқышева Р.З. Оқиғалы өлеңдерде ұлттық мінездің ашылуы// ҚР ҰҒА Хабарлары N 3. Алматы. 2000. 26.

Мұқышева Р. З. Тыныштықбек Әбдікәкімов поэзиясындағы шаманның архетипі және мифтік ойлау жүйесінің кейбір элементтері// Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет. Алматы. 2001 155–161.

Мұқышева Р.З. „Мақал-сөздің мәйегі" немесе қазақ-мажар мақалдары. // Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдығына арналған жинақ. Астана. 2002. 158-163.

Мұқышева Р.З. Аударма: Арпад Берта. Түркітанудың жаңа перспективалары мажар тіліндегі көне түркі кірме сөздері (мажар тілінен аударма: Árpad Bérta. A turkológia új perspektivái: a magyar nyelv török jövevényszavai). Түркология 5. Түркістан. 2004. 23–26.

Мұқышева Р.З. Жамбыл шығармашылығы Мажарстанда. Аманжолов оқулары – 2005. Халықаралық ғылыми-практикалы конференция жинағы. Усть-каменогорск. 2005 134-138.

Мұқышева Р.З. XX. ғасырдағы мажар ғалымдары қазақ әдебиеті жайында // ҚР ҰҒА Хабарлары 4. Алматы. 2006, 8-11.

Мұқышева Р.З. Мориц Жигмонд. Арвачка (fordítás: Móric Zsigmond. Arvacska) (мажар тілінен аударма).Қазақ әдебиеті 2007. 33. 12

Мұқышева Р.З. Kun Miatyánk (Kipçakça Otçe Naş) ve Kipçak Sayışmaları (Iştvan Mandoki Kongur'un Incelemeleri Temelinde). //Ege üniversitesi. Türk Dünyası Araştırmaları Enstitüsü. Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi 8/2. 2008 143–151.

Мұқышева Р.З.Párhuzamok a kazak és a magyar közmondásokban. // Kőember állott a pusztán. Tanulmánykötet Mándoki Kongur István emlékére. Budapest. 2008,107–111.

Мұқышева Р.З. Взаимосвязь азербайджанской и казахской литературы в свете творчеств Низами и Абая. //Magyarország és Azerbajdzsán: A kultúrák párbeszéde. Budapest,2008.286-291.

Мұқышева Р.З. Азербайджанские пословицы// Kultúrák párbeszéde. Budapest. 2009.

Мұқышева Р.З.A sámánizmus nyomai népmesékben (kazak és magyar népmesék alapján). (Elements of Shamanism in Hungarian and Kazakh Folktales). // A hunok öröksége. Budapest. 2009. 407-413

Мұқышева Р.З. XIX ғасырдағы мажар ғалымдары қазақ әдебиеті жөнінде (XIXth Century Hungarian Scientists on Kazakh Literature) // Тараз Мемлекеттік Педагогикалық Институтының Хабарлары. Тараз. 2010. 96-99.

Мұқышева Р.З. Türk ve macar atasözleri. // Türk kültürü arastırmaları dergisi 2. 2010. 219-229.

Мұқышева Р.З. 7. Брашшаи Шамуель. Қазақтар. (мажар тілінен аударма: Brassai Samuel. Kirgiz- Kozákok). «Жұлдыз» журналы. 2011. 3. 130-138.

Мұқышева Р.З. Қыпшақ санамағы// Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Астана.2013. 280–286.

Mukusheva Raushangul. A kazak szokásjog irodalmi megjelenése. Keletkutatás.2013. ősz, 131–140.

Mukusheva Raushangul. Lifelong Education in Kazakhstan. In. International Conference on Vocational and Adult Education. "Gyula Juhász" Faculty of Education, University of Szeged. 2013. 143-150.

Mukusheva Raushangul. Kazak ve Macar Masalları Bağlamında Folklordaki Şaman Bakiyesinin Karşılaştırılması. (Çeviri: Kadir Yılmaz)http://editorkadiryilmaz.blogspot.hu/2013/08/kazak-ve-macar-masallar-baglamnda.html

Мұқышева Р.З. Абай Құнанбайұлы шығармашылығының Мажарстандағы танылуы мен зерттелуі. //Абай мұрасы әлемдік руханият кеңістігінде. Өскемен.2015. 23–29.

Мукушева Р.З. Тюркологические исследования на русском языке и их рассмотрение в венгерской аудитории: на материале работ А. Н. Кононова

//Вестник. Современный русский язык: функционирование и проблемы преподавания. № 29. ред.: В. В., Платонов; Е. Е., Захарова; И. А., Осипова. Будапешт. Венгрия, 2015. Российский культурный центр) стр. 165-170. https://www.ruscenter.hu/uploads/content/hash80/80.pdf#page=166

Мукушева Р.З. Венгерские пословицыи поговорки тюркского происхождения и их русские аналоги.//ТЕКСТ, КОНТЕКСТ, ИНТЕРТЕКСТ. Сборник научных статей по материалам Международной научной конференции «XIV Виноградовские чтения». Moszkva. 2015. 251–263.

Мұқышева Р.З. Dr. Kincses-Nagy Éva: „Turánigondolat" (мажар тіліненаударма) = Ева Кинчеш Надь. Тұрани ой-сана. Zhuldyz. 2015. №2 http://www.writers.kz/journals/?ID=11&NUM=341&CURENT=&ARTICLE=9099

Мұқышева Р.З. Мажар халқыныңаңыздары мен ертегілері (Régimagyarmondák ésmagyarnépmesékfordításkötete, аудармаларжинағы). Asztana.2015. 194 old.

Мұқышева Р.З. Көркемаударма: Мориц Жигмонд. Жабайылар =MóricZsigmondBarbárok .http://abai.kz/post/view?id=4737. 2015 (көркемаударма)

Мұқышева Р.З.Көркем аударма. Ajagül Mantay «Sírvirág» Аягүл Мантайдың «Қабір гүлі» әңгімесі (Bedö J. Istvánnal közösen) magyarra http://olvassbele.com/2015/07/21/bemutatkozas-ajagul-mantay-kazahsztan

Мұқышева Р.З. Көне мажар аңыздарындағы ғұн және мажар мәдениетінің іздері. //World of Great Altay. 2016. №2 166–173.

Мұқышева Р.З. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінездің бейнелену жүйесі (80-90 жж) Өскемен. Берел. 2016, 136 old.

Мұқышева Р.З.http://abai.kz/post/view?id=6665 2016

Mukusheva Raushangul. Proverbs on Turkic origin in Europian Languages. Hungarian and Bulgarian parallels. Annual of Department for Language Teaching and International students. Sofia University St. Kliment Ohridski. 2016. Volume 20. 97–107.

Mukusheva Raushangul. A kazakzsyrau-ok költészeteés a tolgaműfaj a 15–18. században (The poetry of Kazakh zhyraus and the genre „tolgau" 15-18th centuries) // DENTUMOGER I. TANULMÁNYOK A KORAI MAGYAR TÖRTÉNELEMRŐL. (ed. Balázs Sudár). Hungarian Academy of Sciences. Budapest.2017. 293–313.

Мұқышева Р.З. Мажар әдебиетіндегітұраншылдық//«Ұлы Дала» II гуманитарлықғылымифорумыныңматериалдары (екіншібөлім), Астана: «Ғылым» баспасы, 2017 – 898 бет. 318-327

Mukusheva Raushangul. The shaman archetype and features of a mythological mindset in the works of contemporary Kazakh poet T. Abdikakimuly. // Proceedings of the 1st International conference on the THE ROLE OF RELIGIONS IN THE TURKIC CULTURE held on september 9-11, 2015 in Budapest. Budapest.2017. 209–219.

Mukusheva Raushangul. Hungarian Scholars on the Features of Kazakh Culture (XIX century and the beginning of XX century) / Венгерские исследователи об особенностях казахской культуры (XIX в. и начало XX в.) (Poland, Warsaw) // The Fourth International Congress of Turkology Turkic Peoples Through the Ages and Lands. Faculty of Oriental Studies, University of Warsaw. 2018. 13–28.

Mukusheva Raushangul. The presence of Shamanism in Kazakh and Hungarian Folklore. // Ottoman-Crimea – Jochids. Studies in Honour of Mária Ivanics. (ed. by István Zimonyi) University of Szeged. 2020. p. 229-237http://publicatio.bibl.u-szeged.hu/20155/1/IvanicsFestschriftZimonyi2020.pdf

Мұқышева Р.З. Иштван Мандоки Қоңыр кундардың тілдік-мәдени жәдігерлері жөнінде. // «Қазақ мемлекеттілігі мен ұлы дала көшпенділері: тарих және қазіргі заман». XVII халықаралық еуразиялық ғылыми форумның материалдары. I ТОМ. Астана. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. 2021. 36-141 бб.

Мұқышева Р.З. «Өлең сөздің шағын фольклорлық жанрлардағы бастаулары. (қазақ, мажар және славян мақалдарының негізінде).» «Зәки Ахметов және ұлттық руханият мәселелері» ғылыми-практикалық конференция. ШҚУ. 2021. 79-83

Mukusheva Raushangul. The Presentation of Kazakh Literature in Hungary. //Historical Linguistics and Philology of Central Asia. Brill. 2022. pp. 152–162https://doi.org/10.1163/9789004499966_009

Mukusheva Raushangul. Zhesir dauy (жесір дауы'widow debate'), or Debates Related to Women in Kazakh Rhetoric. //Altaic and Chagatay Lectures. Studies in Honour of Éva Kincses-Nagy. (ed. by István Zimonyi). Szeged. University of Szeged.2022.
http://acta.bibl.u-szeged.hu/72865/1/altaic_and_chagatay_lectures_291-303.pdf

Мұқышева Р.З. Қазақ тілін оқытуды ақпараттандыру: электрондық ресурстар мен цифрлық технологиялар. Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ "Берел" баспасы.2022

Мұқышева Р.З. Мағжан Жұмабайұлы және мажар ақыны Арпад Земплени шығармаларындағы Тұран идеясы. «Уәлиев оқулары-2022».2022

Мұқышева Р.З. Абай Құнанбайұлының «Қансонарда» өлеңінің поэтикалық және этнографиялық сипаты (Зәки Ахметов және Йожеф Торма зерттеулері негізінде) Зәки Ахметовтің туғанына 95 жыл толуына орай. «ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ. 2023. I бөлім. 79 -83

Мұқышева Р.З. «Қазақ әдебиетіне мажар ғалымдарының көзқарасы».«Керуен» ғылыми журналы Алматы. 2025. 86-99 бб.https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.1-06

Мұқышева Р.З. «Абай Құнанбайұлы мен Оралхан Бөкейшығармаларындағы «көкірек көзі» және«жан жанары» ұғымдары. // Зәки Ахметов және Абайтану мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясының жинағы. Өскемен, 2025, 109-114 бб.

Мұқышева Р.З. Мажар саяхатшылары мен ғалымдарының түркі әлемін танудағы рөлі мен үлесі. «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. Өскемен, 2026. 3-11 бб.

Мұқышева Р.З. «Қаракерей Қабанбай және Көкжарлы Көкжал Барақ есімдеріне байланысты халық аңыздары»// «Naming, Titling and Nicknaming Culture» XIII Халықаралық Алтай қауымдастығының Симпозиумы: жинағы. Баспада. Анкара. 2026. Қыркүйекте шығады. Барбосынова Қарлығашпен бірге.

Мұқышева Р.З. Казахская литература в переводах и трудах венгерских ученых. https://e-history.kz/ru/news/show/50001384

Интернетте жарияланған материалдары:

http://abai.kz/post/view?id=6665
http://abai.kz/post/view?id=4737
https://e-history.kz/kz/news/show/1860/?sphrase_id=47884
http://qazaqadebieti.kz/8091/aza-ty-ltty-minezin-sipattau-zh-ne-o-an-synshyldy-k-z-aras
http://e-history.kz/kz/publications/view/3365
https://qalamger.kz/literature/audarma/attila-jozhef-mytyl-an-m-ly-le-dej/769
https://abai.kz/post/176168
https://adebiportal.kz/kz/news/view/sandor-petofi-olen-men-omirdegi-bostandyq-pen-maxabbat__22689

Мұқышева Раушангүл Зақанқызымен сұхбаттар және ол туралы баспасөз материалдары:

https://kazpravda.kz/n/slova-abaya-zvuchat-na-vengerskom/
https://turkystan.kz/article/146785-raushang-l-m-ysheva-vengriyada-aza-tili-p-nini-o-ytushysy-bizge-de-british-council-men-yunus-emre-siya-ty-aza-ortaly-y-azhet

https://aikyn.kz/253552/mazhar-halk-ynyn--tag-dyry-bizdikimen-u-k-sas---raushangul-mu-k-ysheva
https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-mazar-arasyndagy-adebi-bailanys-zandanuga-tiis__19011
https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/661531?lang=ru
https://el.kz/ru/vengry-nauchilis-kazahskomu-yazyku-u-professora-vostochno-kazahstanskogo-universiteta_98596/
https://www.inform.kz/ru/v-budapeshte-prezentovali-art-al-bom-chitaya-abaya_a3787639
https://www.inform.kz/ru/v-vengrii-proshli-abaevskie-chteniya_a2843496



Мұсалы Ләйла Жұматайқызы

Мұсалы Ләйла Жұматайқызы, филология ғылымдарының кандидаты, Фараби университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының қауымдастырылған профессоры, әдебиетші ұстаз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Л.Мұсалы 1970 жылы 15 қыркүйекте дүниеге келген. Орта мектепті, Тараз қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищені үздік бітірген. 1993 жылы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін «қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы, филолог» мамандығы бойынша қызыл дипломмен тәмамдады. 1993-1996 жылдарда осы университет аспирантурасында әдебиеттану бағыты бойынша оқыды. 1996 жылы ҚазҰУ-дың әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасына жас маман ретінде ассистент қызметіне қабылданды.

Осы ұжымда оның оқытушылық және ғылыми-ізденушілік жолы басталды, 1996 жылдан бері отыз жылдан астам уақыт табан аудармай Ұлттық университетте ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып келед.

2001 жылы ол ҚазҰУ-дың аға оқытушысы ғылыми атағын алды. 2004 жылы «10.01.08 - Әдебиет теориясы. Мәтінтану» мамандығы бойынша «Символ және оның көркемдік қызметі (М. Жұмабай және Б. Күлей поэзиясы негізінде)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Аталған ғылыми еңбегінде зерттеуші қазақ әдебиеттануында алғаш рет поэзиядағы көркем символдың поэтикасын ана тілінде қарастырып, Ахмет Байтұрсынұлының «бернелеу» пәнсөзін көркем символдың ұлттық баламасы ретінде ғылыми айналымға енгізуді ұсынады. 2006 жылы Л.Мұсалыға ҚР БҒМ Жоғары аттестациялық кеңесінің шешімімен «Әдебиеттану доценті» ғылыми атағы берілді.

Мұсалы Ләйланың жүзге жуық ғылыми-әдістемелік мақалалары жарияланған, ол – елуден астам ғылыми жинақтардың құрастырушысы, бірнеше оқу құралы мен әдістемелік құралдың авторы. Ләйла Жұматайқызы отыз жылдан астам уақыт ҚазҰУ-дың филология факультетінің білікті, тәжірибелі оқытушысы, білім бағдарламасының

үйлестірушісі ретінде оқу-педагогикалық қызметке, аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары лауазымында басқарушылық жұмыстарға, филология факультеті ғылыми кеңесінің, кураторлар кеңесінің мүшесі ретінде факультеттік, университеттік іс-шараларға, тағы басқа қоғамдық қызметке де белсене араласып келеді. Л.Ж.Мұсалы филология, әдебиеттану, абайтану және аударматану салаларындағы республикалық, халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция-семинарларды ұйымдастыру, өткізуге үнемі атсалысты.

Сондай-ақ, Ләйла Мұсалының университеттегі әлеуметтік-тәрбие жұмыстары саласына да қосқан үлесі мол. Ширек ғасырдан астам уақыт ҚазҰУ-дағы «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубы, «Tarzhimanclub» жас аудармашылар ұйымының ғылыми жетекшісі ретінде студент жастарды сөз өнері мен рухани құндылықтарға да жетелеп, кейіннен Абай ҒЗИ базасында жұмысын жалғастырған Әуезов әдеби бірлестігінің де жұмысын жандандырып, көркем әдебиетті оқыту және насихаттау жолында студент жастардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында тынбай жемісті еңбек етіп келеді. Бұл ретте әдеби-танымдық бағыттағы көптеген жобаларды («Парасатқа тағзым», «Үш бәйтерек», «Әдеби мерейтойлар» т.б) жүзеге асырып, оқырман конференцияларын, танымдық сайыс, шығармашылық кездесу мен кештерді өткізді.

Л.Мұсалы 2022 жылдан бері Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының қауымдастырылған профессоры лауазымында институттың ғылыми-зерттеу жобаларына, «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығын, «Абайтану антологиясы» онтомдығын т.б зерттеу еңбектерді құрастыруға, «Абай ілімі» пәнінің оқытушысы ретінде Абайдың ілімін насихаттау, оқыту, тарату жұмыстарына елеулі үлес қосып келеді. Сондай-ақ, Ләйла Жұматайқызы Абай ғылыми-зерттеу институтының ақпараттық-танымдық бағыттағы «Ғылым таппай мақтанба» атты хабарының үйлестірушісі және жүргізушісі болып табылады.

Филология ғылымдарының кандидаты Л.Ж.Мұсалының зерттеу бағыттары: әдебиет теориясы және мәтінтану; лингвопоэтика; символтану, символ поэтикасы; жазушының шығармашылық лабороториясы; көркем аударма теориясы мен әдістемесі, салыстырмалы әдебиеттану; абайтану, Абай ілімі, Абайдың поэтикасы.

Л.Ж.Мұсалының марапаттары:

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» медалі, 18 сәуір, 2023 жыл

ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, 9 қазан, 2024 жыл

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Фараби» күміс медалі, 26 желтоқсан, 2025 жыл

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абай ілімін дамытуға сіңірген зор еңбегі үшін» медалі, 31 қазан, 2025

Л.Ж.Мұсалының жарық көрген зерттеу еңбектері:

1. Ә.Тарази.Л.Мұсалы. Көркемдік құпиясы. Оқу құралы. Алматы: Санат, 2001

2. Л.Мұсалы. Аудармашының кәсіби машығы. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: Қазақ университеті, 2007

3. Л.Мұсалы. Поэзиядағы символ-берне және оқыту мәселелері. Алматы: Қазақ университеті, 2009

4. Л.Мұсалы. Көркем тәржіма тәжірибесі бойынша практикум». Алматы: Қазақ университеті, 2010

5. Л.Мұсалы. Символ-бернелеу және оның көркемдік қызметі. Ғылыми монография:/Ләйла Жұматайқызы Мұсалы. – Алматы: «Ан Арыс»баспасы, 2015

6. Т.Есембеков. Л.Мұсалы. Көркем мәтін және аударма. Алматы: Қазақ университеті, 2017

7. Аударма теориясы (ұжымдық оқу құралы). Алматы: Қазақ университеті, 2017

8. Л. Мұсалы. Символ-бернелеу поэтикасы. Алматы: Қазақ университеті, 2021

9. Асылнұсқа және аударма. Құраст. Л.Ж.Мұсалы. - Алматы: Қазақ университеті, 2023

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

М.Жұмабаев пен Б.Күлеев шығармашылығында символдық сипаттағы таза ұлттық бернелер көрініс тауып, алғаш рет бернелер жүйесіне айналған. Осы ақындардың шығармашылық тәжірибесіндегі көптеген туындыларда символ арнаулы авторлық поэтикалық тәсіл, жеке шығармашылық әдіс ретінде жетекші қызмет еткен. Бұл шығармашылық тәжірибе аса жемісті болып, М.Жұмабаев пен Б.Күлеев поэзиясында дәстүрлі ұлттық символдар (От, Күн, өмір, Жел, Дала) жаңа сапаға көшіп, рухани сабақтастықты жалғайтын көркем танымның бернелеріне айналған.

Жалпы, Мағжан мен Бернияздан бастап қазақ поэзиясындағы таза лирикалық арна күшейеді, жетіледі десек артық емес. Осыған орай қазақ поэзиясында лирикалық контекст пайда болып, поэтикалық стилистика

кеңейеді, түрленеді. Әрине, ақындар алдымен дәстүрлі поэтикадан нәр алады.

Мұсалы Л.Ж. Символ-бернелеу және оның көркемдік қызметі. Ғылыми монография:/Лэйла Жұматайқызы Мұсалы. – Алматы: «Ан Арыс»баспасы. 2015. – 8-б

***

Бернияз өзінің шығармашылық дағдарысқа ұшыраған, рухани күйзеліске түскен сәтінде торығу, аласұру мотивінде мынадай өлеңдермен беріледі. Көп жылдар жарық көрмей келіп, қолжазбалар қорында сақталған «Ал жүрегім, өлейін», «Алшы, тәңірім алшы, ал» атты өлеңдердегі Бернияза тән арын, екпін күшейіп, тек басқаша пессимистік реңк табады. Ақынның «Алшы, тәңірім, алшы, ал» атты өлеңінде:

Өлді жүрек, идеал жоқ,
Идеал табар, киял жоқ.
Өрттен қалған көмірмін

атты бернелік образ бар. Мұнда жүрек сөзінің семантикасы күрделенген, бернелік астары тереңдеген. Автор өзінің барлық шығармашылық, ақындық болмысын, жан-дүниесін осы бернеге түйіндеген. Бернияз – жүректің ақыны, қашан да жүректің сөзін айтады, жүрекке табынады. Жүрек – бүкіл болмысының, рухани әлемінің бернесі. Ал бұл өлеңдегі жүректің өлуі – ақынның өз жаратылысының күйреуіне, өз өмірінің бітуіне меңзейді. Расында да, бұл өлеңдер Бернияздың Қазандағы трагедиялық өлімінің алдында жазылған шумақтары. Ақындық интуициямен өз қазасын болжай білген Бернияз өлімінің бір себебі — шығармашылық дағдарыс екенін осы өлеңнен ұғуға болады. Жүректің өлімінің себебі — идеал жоқтығы, киял қанатының кесілуі. Осындай ауыр шығармашылық сәттегі өзінің халін ақын «өрттен қалған көмірмін» деп бейнелейді. Бұл — от-жалынсыз суып қалған ақын-жүректің, сарқылған шабыттың, құлазып бос қалған шығармашылық әлемнің бернесі. **«Өрттен қалған» шаланың, көмірдің** сипаты арқылы ақын өзінің барлық қасіретін, шығармашылық зарын түйіндейді. Сондықтан да, бұл образға тек махаббаттың күйігінен туған образ деп біржақты қарауға болмайды.

Мұсалы Л.Ж. Символ-бернелеу және оның коркемдік қызметі. Ғылыми монография:/Лэйла Жұматайқызы Мұсалы. – Алматы: «Ан Арыс»баспасы, 2015. – 124-б

***

Семантикалық қатардағы символға аса жақын келетін – мәтін астарындағы семема. Семеманың семаға бөлінуі шексіз. Мәтін астарындағы семема – жалпы семантикалық қатардың, кейде өлеңнің, өлеңдік шоғырдың семантикасынан туындайтын символикалық образ». Біздіңше, мәтін астарындағы семеманың мәні мынада: оның терең мағынасы өлеңнің әр шумақ, тармақтарында белгілі бір пішін табатын жеке мағыналардың жиынтығынан құралады. Мысалы, жұмысымызда айтылатын «қара орман», «әлсіз шырақ» т.б. образдар символдық дәрежеге жету үшін түрлі семалық баспалдақтардан (коннотативтік, сигнификативтік) өтетінін көрсеттік. Образдар тізбегінде іліктесе байланысатын берне-сөздер шығармадағы ең басты идеялық-мағыналық астарды бернелеп отырады.

Мұсалы Л.Ж. Символ-бернелеу және оның көркемдік қызметі. Ғылыми монография:/Ләйла Жұматайқызы Мұсалы. – Алматы: «Ан Арыс»баспасы, 2015. – 142-б

***

Көркем бернелер, яғни символдар – көркемдік танымның мәнді де мазмұнды бағалы нәтижесі болумен қатар, белгілі дәрежеде оның дамуы мен өзгеруінің индикаторы болып табылады. Себебі ол қалыптағы көркемдік құралдар шеңберінен асып, таным формасына, әлемді символикалық жолмен тану-игеру жолына айналады десек артық айтпаймыз. Көркем сөзді жаңа сапаға көтерген, көркемдік ойдың деңгейін биіктеткен символистік эстетика Мағжан мен Бернияз ақындар шығармашылығында жаңаша мазмұн мен соны пішін табады. Ұлттық дәстүрлі берне-символдардың бүкіл шығармашылық қуаты мен символдық мүмкіндігін барынша пайдалана білген дарынды ақындар поэзиясында символ безендірілген көркем ой, идеялық суггестия ретінде поэтикалық дәрежеге жетті. ...Жаңа көркем поэтика пайда болды. Ұлттық тілдің ассоциативтік-символикалық мүмкіндіктері, барша реңкі мен астары іске қосылып, әдебиет пен тілдің көркемдік көкжиегі кеңейді, поэтикалық шеберлік пен мәдениет өсті.

Мұсалы Л.Ж. Символ-бернелеу және оның көркемдік қызметі. Ғылыми монография:/Ләйла Жұматайқызы Мұсалы. – Алматы: «Ан Арыс»баспасы, 2015. – 147-б

***

Қазіргі әдебиеттанудағы іргелі де маңызды мәселелердің бірі – символ-бернені ғылыми тұрғыдан жан-жақты тану. Символ тұтас көркемдік құбылыс ретінде кеңірек әрі тереңірек карастырылуы, атап айтқанда символ поэтикасы ғылыми зерттеу нысаны ретінде арнайы зерттелуі қажет. Себебі символ-бернеде көркемдік танымның аса маңызды да тұрақты бөлшектері жинақталып, ұлттық образдар жүйесі көрініс табады. Қазақ ақындары тудырған символ-бернелердің поэтикасын тереңдеп зерттеу белгілі дәрежеде қазақ ұлттық поэзиясының өзіндік ерекшелігін зерттеу болып табылады.

Мұсалы Л.Ж. Символ-бернелеу және оның көркемдік қызметі. Ғылыми монография:/Лэйла Жұматайқызы Мұсалы. – Алматы: «Ан Арыс»баспасы, 2015. – 150-б

***

Аудармашының осындай бірнеше кезеңнен тұратын күрделі жұмысының бірінші сатысы – мәтінді аудармаға дейінгі талдау кезеңі. Мәтінді аудармаға дейінгі талдау кезеңінің жүйелі түрде өтуі өте маңызды, себебі аудармашы еңбегінің сапасы мен өнімділігінің іргетасы мен негізі, күтілетін нәтижесінің алғышарты осы кезеңде қаланып, келесі кезеңдерге өтуге қолайлы жағдай жасалады. Аудармашының алдында әлі оған бейтаныс түпнұсқа мәтінмен танысу, түсіну, талдау, талқылау, бағалау тәрізді машақатты міндет тұрады. Сондықтан да ол ең алдымен, түпнұсқаның тұтас, аяқталған, бүтін бітімді, авторлық ерекше мәтін екендігіне көз жеткізуі керек. Әрі қарай оның қандай функционалды стильде және қандай жанрға сәйкес жазылғаны анықталады. Бұл үшін аудармашыға фондық білім қажет.

Т.Есембеков. Л.Мұсалы. Көркем мәтін және аударма. Алматы: Қазақ университеті, 2017, - 101 б.

***

Қазақ поэзиясында қайталанбас үні қалған Жұмекен ақынның ұлттық көркем аударма өнерінде де өзіндік қолтаңбасы бар екені белгілі болғанымен де, бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны болмай келеді.

Жалпы, көркем тәржіме – күрделі шығармашылық еңбек екені даусыз. Поэзиялық шығарма – көркем сөздің сарасы болса, оның аудармасы да сол үдеден шығатындай мінсіз де шебер жасалуы тиіс. Екі тұлғаның шығармашылық қуаты мен шеберлігі деңгейлес дәрежеде болса, аударма төл туындыдан еш кем соқпай, өзге тілде соншалықты табиғи, жатық болып шығады. Мәселен, Жұмекен ақынның А.Пушкиннен аударған бір ғана тармағына көз салсақ, поэтикалық

аударманың өзіндік ерекшелігі мен шеберлігіне тәнті боласың: *Я пережил свои желанья... – Дәмешіл дәурен қалды алыс.*

Осы тармақтағы *«Дәмешіл дәурен»* атты тіркес ақынның өзіндік қолданысы түрінде аса орынды шыққан деп білеміз. Абай бабасының ізімен Жұмекен ақын да аудармадағы прагматикалық бейімдеу тәсілін қолданып, қазақ оқырманының құлағына соншалық таныс, жақын образдармен аударуға ұмтылады. *Дәме, дәмешіл* айқындауыш сөздері түпнұсқаның осы контекстегі лексикалық мағынасына барабар шыққан.

Т.Есембеков. Л.Мұсалы. Көркем мәтін және аударма. Алматы: Қазақ университеті, 2017, - 121 б.

***

Жалпы, Абай шығармаларында бұндай бернелер бірте-бірте кеңейіп, тереңдеп, ақынның шығармашылығына деңдей береді. Табиғат фонынан ақынның жан дүниесінің әлеміне, «көңілінің жайлауына» көше береді. Мәселен, осы аталған «көңілімнің жайлауы» метафоралық тіркесі «көңілімнің жайлауынан ел көшкен бе» деген суретті де мазмұнды күрделі образға айналады. Адам жан-дүниесіндегі құлазыған, жалғызсыраған халді бернелейтін образдың да бернелік сипаты басым, ұлттық бояуы қалың. «Жайлау» образы – жеке алып қарағанда да, қазақтың өзі мен көңілінің символ-бернесі болып табылады. Абай даладағы жайлауды адам көңіліне көшіріп, метафоралық тіркес тудырып қана қоймайды, одан ары «жайлаудан ел көшкендегі» жағдаятпен астастырып, адам көңілінің ерекше психологиялық халінің бернесін жасап шығарады. Бұл образ да қазір қазақ оқырманының қабылдауы мен санасында Абай тудырған берне болып қалыптасқан. Қазақ үшін «көңілімнің жайлауынан ел көшкен бе» болып бернеленген автордың хал-күйі соншалық таныс, етене жақын болып кеткен.

Л.Мұсалы. Жетінші тарау. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы бернелеу мен бейнелеу: қабылдау, түсіну, зерделеу мәселелері. //Абай ілімін білу, түсіну және қолдану: ұжымдық монография / Жалпы ред. Басқ. Ж.Дәдебаев; баспаға дайынд. Л.Мұсалы, Б.Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 216 б.

***

Символдың осындай құпия, сырлы, терең сипатын Абайдай дана ақындар ғана бере алады. Авторлық идеясын бернелей жеткізу, символдау тәсілімен айту Абай поэтикасындағы белсенді шығармашылық тәсіл болып табылады. Осындай сипат, яғни

«бернелілігі (символичность)» сипаты әрқилы символдар арқылы іске асады. Символ-бернелердің көптігі сонша, олардан нақты бір жүйе құруға болады. Шығармашылығы кемелденген сайын Абай поэтикасында ішкі жүйелер берік орныға бастайды, осы жүйелер мұқият зерттеуді қажет етеді. Ендігі жерде осы символ-бернелердің әрқайсысына аналитикалық зерделеу жасап, әр символдың көркемдік қызметін анықтау керек, бұлайша зерттеу Абайдың көркемдік әлемінің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Л.Мұсалы. Жетінші тарау. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы бернелеу мен бейнелеу: қабылдау, түсіну, зерделеу мәселелері. //Абай ілімін білу, түсіну және қолдану: ұжымдық монография / Жалпы ред. басқ. Ж.Дәдебаев; баспаға дайынд. Л.Мұсалы, Б.Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 216 б.

МҰСАЕВ АЛПЫСБАЙ МҰСАҰЛЫ

Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті профессоры, Филология ғылымдары докторы, ҚР Педагогика ғылымдары академигі



Мұсаев Алпысбай Мұсаұлы 1948 жылы қарашаның 3-ші жұлдызында Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Дихан» ұжымшарындағы қызметкер жанұясында дүниеге келеді.

1966 жылы Қазақстан темір жолының Қазалы станциясындағы №420 қазақ орта мектебін бітірген. Сол жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне түсіп, оны филология мамандығы бойынша 1970 жылы тәмамдаған.

1970 жылы Қазалы қаласындағы №17 Ғани Мұратбаев атындағы қазақ орта мектебінде оқытушы болып еңбек жолын бастайды. Кеңес Армиясы қатарында болып, азаматтық борышын өтеп оралғаннан кейін мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, комсомол, партия органдарының жауапты қызметкері, облыстық «Орал өнірі» газетінде еңбек етіп, қызметін жалғастырады.

Профессор А.Мұсаевтың ғылыми-творчестволық қызметі 80 жылдардың басынан А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтымен тығыз байланысты. Профессор М.М.Тілеужанов жетекшілік ететін қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушылық қызметін бастап, қазақ сатирасы мен юморының теориялық мәселелерімен айналысады.

1990 жылы «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Институтта оқытушы, аға оқытушы, доцент (1992), қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (1992-1996 жж) қызметтерін атқарады.

1996 жылдың қыркүйек айынан бастап бірыңғай ғылыми жұмысқа ауысып Әбу нәсір Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетінің мерзімді баспасөз кафедрасында профессор Т.Қожакеевтің жетекшілігімен докторантуралық дайындықтан өтіп, өзінің ғылыми біліктілігін шыңдайды.

1999 жылы «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы (1960-1990 жылдар)» деген тақырыпта Қазақтың Әбу Нәсір Әл-Фараби атындағы

Ұлттық университетінің мамандандырылған кеңсінде докторлық диссертациясын қорғайды.

1999 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры академиялық атағын алады. 2000-2003 жылдары Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

2003-2005 жылдар аралығында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарады.

2005 жылдың қазан айынан бастап Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры.

Институт ғылым, білімді интеграциялау, гуманитарлық бағыттағы ірі ғылыми мектеп жасау, фундаментальды және қолданбалы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, аймақтық және мемлекеттік мәндегі кешенді ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында құрылды.

Университет жанынан құрылған Гуманитарлық зерттеулер институты оқу ордамыздың білім, ғылым саласындағы іргелі жетістіктерін көрсетеді. Сондай-ақ әлемдік, отандық ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасауды, ғылыми білім-біліктілікті кеңінен насихаттауды басты қағида ретінде ұстанады.

Институттың ғылыми қызметкерлері мемлекеттік және аймақтық маңызы бар кешенді ғылыми бағдарламаларға қатысып, мәдени мұраны соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін жасауды мақсат етіп алып, жұмыстар жүргізуде.

Институт облыстық әкімшілік пен мәдениет басқармасының Мәдени мұра бағдарламасының грантын алденеше рет иеленіп, ғылыми жобаларға қатысуда.

Профессор Мұсаев А.М. Президенттің бастамасымен өмірге келген «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Ақтөбе облысының Әйтеке би, Қобда, Мұғалжар, Алға, Байғанин, Ойыл, Қарғалы, Мәртөк аудандарының этномәдени мұрасын зерттеу – жинақтау бағытында

бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, оған басшылық жасады. Бұл жұмыстарда өзінің тәжірибелі маман, білікті ұйымдастырушылық қабілетін байқатты.

Мұсаев А.М. монографиялар мен оқу құралдарының, әдістемелік нұсқаулардың авторы. Негізгілері: «Қазіргі қазақ сатирасы» (монография, Алматы.: «Ана тілі» 1993), «Поэтика казахской сатиры» (учебное пособие Алматы.: изд. «Санат» 1997), «Жанды жүйе» (оқу құралы Алматы.: «Білім» баспасы, 2002), «Рух бостандығының жыршысы» (монография, Ақтөбе, 2007 ж.), «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» (зерттеу еңбегі Ақтөбе, 2006 ж.), «Көркемдік кестесі» (әдеби зерттеулер Ақтөбе, 2007), «Көркем шығармадағы сатира» (оқу құралы Ақтөбе, 2007), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (оқу құралы Ақтөбе, 2007), «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы» (1960-1970 жж), «Тарази тағылымы» (Монография, Астана 2009 ж. Фолиант), «Қанатты қаламгер» (Монография, Ақтөбе 2010 ж), «Әдебиет иірімдері» (әдеби зерттеулер, мақалалар жинағы, Ақтөбе 2011 ж), «Мәңгі өлмес күлкі» (Монография, Алматы 2012 ж. Жазушы баспасы). Жалпы көлемі 150 баспа табақтан аса ғылыми зерттеу еңбектері бар. Мақалалары ағылшын, араб тілдерінде жарияланған. Ол көптеген халықаралық, республикалық, аймақтық конференциялар мен симпозиумдарға қатынасып, қазіргі гуманитарлық ғылымдардың көкейкесті мәселелері бойынша баяндамалар жасады (Орал 1988, 1991,1998,2003, 2004, 2005, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011; Алматы 2003,2006, 2011; Орынбор 1992, Санкт-Петербург 1994, Атырау 2007, Ақтөбе 1990, 2003, 2004, 2005, 2006, 2007, 2008, 2009, 2010, 2011, 2012, 2013, 2014, 2015, 2016, 2017).

Соңғы жылдардың дидарында профессор Алпысбай Мұсаев шет елдердің ғылыми ортасына таныла бастады. ЮНЕСКО орталығында тағылымдамалардан өтіп, Франция, Австрия, Италия университеттерінде дәріс оқып, еңбектері шет ел баспаларында жарияланды. ***"The poetics of Humor in Kazakh children`s prose"*** (Bulletin d`EUROTALENT-FIDJIP, 2015 N6, Paris, France), ***"Poetics of satirical image"*** («Literature, Language and culture influenced by globalization», Monograph, Vienna, 2015 Volume), ***"The poetics of satire in Kazakh stories"*** (The Seventh European Conference on Languages Literature and Linguistics 14th June 2015 Vien, Austria), ***"Қазақ әңгімелеріндегі сатира поэтикасы"*** (The Seventh European Conference on Languages, literature and linguistics. Vienna. 2015), ***"Word about the poet Zharaskan Abdrashev"*** (Монография. Австрия, Вена, 2016 ж.), ***"Poetics of satire"*** (Париж, ЖИПТО баспасы, 2016 ж.), ***"The bells of my heart"*** («Жүрегімнің қоңыраулары»): өлеңдер жинағы – Вена, «East West»

баспасы, 2016 ж.) т.б. оқулықтары мен монографиялары шет елдерінде басылып шықты.

2009 жылы профессор А.Мұсаевтың таңдамалы еңбектерінің III томдығы жарыққа шықты («Білім» баспасы, Алматы, 2009 жыл).

Мұсаев А.М. 1996 жылы Қазақстан Республикасының Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының сатира мен юмор саласы бойынша республикадағы бірден-бір жетекші маман болып саналады. Ізденушілер мен аспиранттардың, магистранттардың диссертациялық жұмыстарына жетекшілік етеді. Филология факультетінде қазақ әдебиеті тарихының қазіргі кезеңі сияқты күрделі пәндер мен арнаулы курс, арнаулы семинарлар жүргізіп, дәріс оқиды. Оның дәрістері жоғары мектеп талаптарына сай, өзінің тереңдігімен, жүйелігімен, танымдылығымен бағаланады.

Тәлімгер ғалым өзінің қаламгерлік қабілетімен де ерекшеленеді. Оның әдеби-сын, прозалық және поэзиялық туындылары мерзімді баспасөзде жарияланып тұрады. «Дария жыры» («Жалын» баспасы 1981 ж), «Жыр бесік» («Жалын», 1983 ж) ұжымдық жинақтарда, таңдамалы өлеңдері «Телқоңыр» атты («Өлке» баспасы, 1997) жеке жинақ болып жарияланған. Қазақстан Комсомолының 60 жылдығына арналған байқауында «Алау» поэмасы ынталандыру сыйлығына ие болды.

Ол үнемі оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жасайды. Оның басшылығымен оқушылардың ғылыми жобалары орындалады. Бұл жобалардың көпшілігі республикалық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болады. Ұзақ жылғы жемісті педагогикалық еңбегі үшін **«Қазақстан Республикасы Білім беру саласының үздігі»** белгісімен марапатталды.

Алпысбай Мұсаевтың есімі Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі шығарған «Қазақ әдебиеті» («Аруна» баспасы, Алматы 2005 ж.) энциклопедиясына, Қазақстан Жоғарғы мектеп энциклопедиясына (Алматы 2001 ж.), Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясына (Алматы 2002 ж.) енген.

2023 жылы Франция,Париж. Жипто баспа орталығы Алпысбай Мұсаевтың Францияның халықаралық Конкорд Академиясының ұсынысымен 3 томдық таңдамалы еңбегі жарияланды.

КНИГА В ГЕНЕРАЛЬНОМ КАТАЛОГЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКИ ФРАНЦИИ: 3 томдық Шығармалар жинағын халықаралық қітапхана қорына егзізді.

https://catalogue.bnf.fr/rechercher.do?motRecherche=Mussaev+Alpysbay&critereRecherche=0&depart=0&facetteModifiee=ok

Ол Қазалы қаласының Құрметті азаматы атағын иеленген. 2014 жылы Қазақстан Білім және Ғылым министрлігінің **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»** грантының иегері атанып, төс белгімен марапатталды. Сонымен қатар 2015 жылы Францияның Конкорд Академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды (Франция, Париж). Қазақ әдебиетін халықаралық ғылыми ортада насихаттағаны үшін Францияның Конкорд Академияның Пифагор медалімен марапатталды (2016 ж)

2017 жылдың мамыр айында Қазақстан Педагогикалық Академиясының толық мүшесі болып сайланды. Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің 25 жылдық мерей тойында Ахмет Байтұрсынов атындағы күміс медальмен марапатталды.

2023 жылы « БІЛІМ ӨРКЕНИЕТІ» Ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығы жариялаған конкурска қатынасып , Бірінші дәрежелі Диплом № 080 620 23477.

Медальмен марапатталып Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қызметкері атты Республикалық байқаудың жеңімпаз атанды.2023 «Жыл Адамы» жеңімпаз атанып,

« БІЛІМ ӨРКЕНИЕТІ» Ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының Алтын статуэткасымен марапатталды.

ҚҰРАЛАЙ МҰХАМАДИ



Құралай Төлегенқызы Мұхамади 1972 жылы 15 қыркүйекте дүниеге келген.

Құралай Төлегенқызы 1989-1994 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде оқыды. Филология ғылымдарының кандидаты (1994), қауымдастырылған профессор (2004), Ресей жаратылыстану академиясының профессоры (2019).

Әдебиеттану мен тілтану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және дәстүрлі мәдениет, сөз мәдениеті, қазақ әдеби тілі, терминология, қазақ тілінің грамматикасы, сөзжасам, пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолын 1994 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде (бұрынғы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті) аға лаборант болып бастады.

Еңбек жолының басты кезеңдері 1994-2009 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде аспирант, оқытушы, аға оқытушы, доцент, докторант, 2009-2019 жылдары Сулейман Демирель атындағы университетте қауымдастырылған профессор, профессор, 2019 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қауымдастырылған профессор, профессор м.а.

Құралай Төлегенқызы Мұхамади – 200-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның қатысуымен 2017-2026 жылдары ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша екі ғылыми жоба орындалды. Ғалым Ұлыбританияда, Германияда, Болгарияда, Албанияда, Ресейде, Түркияда, Украинада, Татарстанда, Қырғызстанда т.б. елдерде өткен халықаралық ғылыми конференцияларға қатысты, баяндамалары ғылыми-теориялық деңгейінің жоғарылығымен, ғылыми жаңалығымен, өзекті тақырыптарға арналғанымен ерекшеленді.

Құралай Мұхамадидің ғылыми еңбектері ішінде 6 кітап оның жеке авторлығымен жарық көрген, 8 - еңбек авторлар ұжымымен берге шығарған ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар мен оқулықтар, оқу құралдары. Соларың қатарынан Қ.Мұхамадидің авторлығымен соңғы бес жылда (2021-2025 жылдары) жарық көрген 2 (екі) еңбегін көрсеттік:

Нормативті қазақ тілі. Алматы, 2022.-301б. (Н.Оразахыновамен бірге)

Ой орамы. Алматы, 2024-300б. (Қ.Мәдібаймен бірге)

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1.ҚР Құрмет грамотасы. 2011

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Ілияс Жансүгіровтың озық эпикалық, лирикалық жаңашылдық бағыты, кенже туған драматургиядағы қарымы, жазба проза жанрларын дамытып, байыту өнегесі, сатиралық, публицистикалық мұрасы, ел әдебиетін жинау, көркемдік талқыға тарту ұстанымдары, балаларға арнап жазған туындылары; жедел заманы ыңғайында атқарған педагогтік ұйымдастырушылық, басшылық қызметтері; ұзақ жылдар жария болмай келген Жетісу тарихына қатысты дерек жинаудағы ғылыми ыждаһаты; өмірбаянындағы беймәлім, «жабық» тұстар қазірде – ұрпақ еншісі.

Мәдібай Қ., Мұхамади Қ.Ой орамы. Оқу құралы.– Алматы:KEMEL KITAP, 2024-45б.

Мағжан Жұмабаевтың ұлт мектебінің бастауыш сыныптарында ана тілі сабағын оқыту әдістемесін түзудегі білікті педагог есебіндегі, ана тілінің ұлы құнарын сәби санасына сіңіруде ғылыми-теория- лық негіздемелер қисындаудағы мамандық әлуеті қысқа ғұмырында жасындай ойнаған қуаты зор поэзия түзген ұлт ақынының тарихи еңбегіне қоса тағы бір азаматтық ғұмыр арнасы - білім беру ісінде билік құмай тындырымды, қайырлы еңбектенуі болды.

Мәдібай Қ., Мұхамади Қ.Ой орамы. Оқу құралы.– Алматы:KEMEL KITAP, 2024-436б

Академик Рәбиға Сыздық тіл тарихын әдебиет тарихы мәселелерімен ұштастыра зерттеді. Әдеби мұраны дәуірлік алғышарттарда, қазақ сөз өнерінің төлтума айрықшалығында танып, игерудің елеулі ғылыми бағытында Рәбиға Сыздық қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу, әдеби шығармашылықты жанрлық, көркемдік даму заңдылықтарында ғылыми жүйеде жіктеу ұстанымдарында қайсыбір

мәнде қазіргі уақытта да өзектілігі сақталып отырған іргелі ғылыми проблема - авторлық ауызша әдебиет мәселесінде нақтылы байлам, болжамдар айтты.

Мәдібай Қ., Мұхамади Қ.Ой орамы. Оқу құралы.– Алматы:KEMEL KITAP, 2024-348б.

Ж.Дәдебаевтың сөз жұмсау ұтқырлығы, әсіре қызылға әуес болмайтындығы, басқаның ығымен кетпейтіндігі, жалған пайымдауға сақ, тассаяндығы, «басыбайлы» өз тоқтамдарымен жүзі жарық екендігі де айтылуы тиіс. Ғалым жарты ғасырға жуық уақыт кеңқұлаш зерттеулерімен қазақ әдебиеттану ғылымын кенелтіп келеді. Оның жоғын іздеп, барына баға берудегі сергектігі қалпында. Әдеби үдерістегі жетекші бағыттардың барлығына қатысты ғылыми негіздемелер қалыптау әлеуеті мойындалған әмбебап зерттеушілігі бойына сыйымды азғана таза ғылым адамының бірі Жанғара Дәдебаев қазіргі әдебиеттанудың өзекті өрістерінде өнеге жаяр өзіндік зерттеу әдіснамасы, оңтайлы зерттеу, оқыту әдістемесі қалыптасқан, абайтанудың жаңа дәуірдегі зерттеу беталыстарын негіздеу алымы өзектілігімен, кеңістік, кемелдігімен танылып, «үш сүюге» қатысты озық пайымдаулары сынды, дін негіздерін ақын мұрасы аукымында тұғырлау, Абайды ұғындырудағыоңтайлы тәсілдермен назар аудартып отырған, іргелі зерттеулер мүмкіндігі мойындалған көрнекті ғалым.

Мәдібай Қ., Мұхамади Қ.Ой орамы. Оқу құралы.– Алматы:KEMEL KITAP, 2024-225б



Дина Қайымқызы Мұхамедхан – педагогика ғылымдарының докторы (PhD in Education), «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және Мәдениет Орталығы» қоғамдық ұйымының директоры. Алматы қаласы.

Дина Қайымқызы 1956 жылғы 27 сәуірде Семей қаласында дүниеге келген. Әкесі – Қайым Мұхамедханов (1916–2004) – бірегей текстолог-ғалым, «Абай–Алаш» атты тұтас ғылыми тұжырымдаманың негізін қалаушы. Ол – Қазақ КСР Мемлекеттік Әнұранының («Ер қазақ») мәтін авторы, Абайдың алғашқы мемлекеттік әдеби-мемориалдық музейін ұйымдастырушы. Әкесінің лайықты ұлы болған Қайым өз әулетінің шаңырағында көрген, тәлім алған және аманатын орындаған барлық тұлғалардың есімін ұмыттырмай сақтады. «Алаштың көзі» – ол көптеген тарихи қайраткерлердің тұңғыш био-библиографы болды, олардың өмірбаянын алғаш жазып, шығармаларын қалпына келтіріп, сталиндік тыйымдардың қатаң кезеңдеріне қарамастан халыққа жеткізді.

Қайым – М. Әуезовтің адал шәкірті әрі серіктесі. Ұстазы тапсырған аманатты қабылдап, алаш қайраткерлері мен Әуезовтің ісін лайықты жалғастырды және абайтану, шәкәрімтану, алаштану мен әуезовтану ғылымдарының іргетасын қалады. Ғалым 1951 жылы Абай шәкірттерінің ақындық мектебі туралы зерттеуі үшін қуғын-сүргінге ұшырады. «25 жыл бас бостандығынан айыру» туралы ауыр үкімге және көрген азаптауларына қарамастан, ол «Абай мектебі» туралы зерттеуінен бас тартқан жоқ әрі өз ұстазын аман алып қалды. Оның: «Абай мектебі бар! Өлсем, Алаш азаматтарынан жаным артық емес!» деген сөзі осы ұстанымының айқын дәлелі.

Қайымның әкесі – Мұхамедхан Сейітқұлов (1870–1937) – Алаш қозғалысының жанашыры, меценат әрі ағартушы тұлға болған. Ол ірі көлемде жылқы шаруашылығымен айналысып, сауда үйлерін ұстап, көп саяхат жасаған. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығында ол қазақ халқын мәдени құндылықтар арқылы біріктіруге күш салды. Оның жинап, сақтап қалған мұраларының қатарында эпостық жырлар, фольклорлық шығармалар, сирек қолжазбалар мен тарихи халық дастандары болды. Мұхамедханның Семей қаласында әлем әдебиетінің әртүрлі тілдердегі классикалық туындыларын қамтыған аса бай кітапханасы болған. Мұхамедханның

идеялық және материалдық қолдауының арқасында көптеген тарихи тұлғалар өз биіктеріне көтерілді. Ол төрт рет тәркілеуге ұшырады. 1937 жылғы 2 желтоқсанда Семей қаласында атылды. Бұл тарихи тұлғаның атылған және жерленген жері әлі күнге дейін белгісіз. Қайым алғаш рет 16 жасында әкесімен бірге қамауға алынды. Әділетсіздік пен құдалауға қарамастан, әке мен бала халқының адал қорғаушылары болып, әділетсіздіктің оғы төнген тарихи сәттерде шындық пен әділеттілікті қалпына келтірді.

Өз атасы мен әкесінің тарихи жадын сақтай отырып, Дина олардың шаңырағында болған, өздері құтқарып қалған және араласқан көптеген тарихи тұлғалардың да рухани мұрасын бүгінгі күнге жеткізіп келеді. Дина ғалым Қайымның 10 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығару үшін әкесінің жеке мұрағатында сақталған көптеген қолжазбалар мен материалдарды әзірлеп, жүйелеп берді. Бұл еңбек 2005–2012 жылдары Т. Жұртбайдың редакциясымен жарық көрді.

Дина 1973 жылы Семей қаласындағы №6 мектепті бітіріп, 1977 жылы Алматы шетел тілдері педагогикалық институтын үздік дипломмен тәмамдады. 1977–1995 жылдары Н.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының шетел тілдері кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, кафедра доценті қызметтерін атқарған. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарында педагогика пәнінен дәріс оқыды. 1987–1990 жылдары КСРО Педагогика ғылымдары академиясының Ленинградтағы Ересектерге үздіксіз білім беру ғылыми-зерттеу институтының (НИИ непрерывного образования взрослых АПН СССР) аспирантурасында оқыды. 1990 жылғы 17 қазанда «Мұғалімнің кәсіби сөйлеу мәдениетін дамыту» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Аспирантурада оқып жүрген кезінде білім беру мен мәдениеттің өзекті мәселелеріне арналған ЮНЕСКО конференцияларында баяндамалар жасады. Ленинградтан оралған соң Семей педагогикалық институтындағы қызметін жалғастырды. Елдер арасындағы шекаралар ашылғаннан кейін ол АҚШ Үкіметі ұйымдастырған байқауға қатысып, біліктілігін арттыру үшін Бостон университетіне жіберілді. Онда білім беруді халықаралық дамыту бағыты бойынша мамандануын, білім беру саласы бойынша философия докторы (PhD in Education) ғылыми дәрежесіне ие болды. Дина Бостон және Монтана университеттерінде өз авторлық курстарын жүргізді, сондай-ақ Стэнфорд, Аризона және Гарвард университеттерінде лекциялар мен баяндамалар жасады.

1990-жылдардың басында Абайдың отыздан астам өлеңін ағылшын тіліне аударды. Оның аудармалары Бостон университетінің әдеби журналында жарияланды. Абайдың 150 жылдық мерейтойын

АҚШ-тағы Қазақстан Елшілігінде атап өту барысында Елшілік қызметкерлері Динаның аудармасындағы Абай өлеңдерін оқыды.

1995–2007 жылдары Дина халықаралық жобаларда жұмыс істеп, Қазақстанның жоғары оқу орындарында – КИМЭП, ҚБТУ және Экономикалық университеттерде оқытушылық қызмет атқарған. Ол гуманитарлық білім мен маман мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосты. «Сорос» қорында АҚШ кітапханаларынан өзі тапқан, шетелдік авторлар жазған қазақ тарихына қатысты кітаптарды аудару жобасын жүзеге асырды; жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған алғашқы жазғы университетті ұйымдастырды; баспа ісіндегі халықаралық стандарттар бойынша семинарлар өткізді. Еуропалық «TACIS Monitoring» жобасында жоғары білім беру және азаматтық қоғамды дамыту жобаларында нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін батыстық сарапшылардың жауапты жұмысына қойылатын жаңа талаптарды енгізді. **Орталық Азияның бес еліне арналған американдық "EdNet" жобасында академиялық директор** қызметін атқара отырып, бизнес этикасы, менеджмент, педагогика және гуманитарлық пәндердің мазмұны мен оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында жұмыс істеді. Сонымен қатар білім берудегі жемқорлықты азайтуға бағытталған жаңашылдықтарды енгізді. Атап айтқанда, Әдеп кодексін, Директорлар кеңесін және тәуелсіз сыртқы бағалау жүйесін құруға бастамашы болды. Білім беру үдерісіне сапалы жаңашылдықтарды енгізу мақсатында жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған «Credit Hour Framework» атты авторлық курс әзірледі. Сондай-ақ **«Қазіргі маманның мәдениеті және әлеуметтік жауапкершілігі»** атты жаңа университеттік курсты жасады. Бұл курста ұлттық тарихымыз бен халықаралық теорияларға сүйене отырып, «Ғылым үшін қуғын-сүргін», «Көшбасшылық және жауапкершілік», «Әдеп және отансүйгіштік» тақырыптарын рухани және мемлекеттік тұрақтылық тұрғысынан карастырды. Курс халықаралық деңгейде жоғары бағаланды.

2008 жылы Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы қоғамдық ұйымын құрып, бүгінге дейін оған жетекшілік етіп келеді. Ұйымның мақсаты – ғалымның бірегей архиві мен қолжазбаларын сақтау, сондай-ақ тарихи шындықты жаңа тақырыптар бойынша құжаттар мен деректер негізінде ашу. Олардың қатарында «Әке мен бала – Мұхамедхан мен Қайым», «Қайым – Ер қазақ», «Ұстаз бен шәкірт – Мұхтар мен Қайым», «Абай–Алаш», «Педагогикалық сабақтастық» сияқты тақырыптар бар. Ел бойынша тарихи тұлғаларды еске алуға арналған мазмұны терең жүздеген іс-шаралар өткізді. Алаштың 100 жылдығына орай конференция ұйымдастырып, алашордашылардың дәйексөздер жинағын кітап етіп

шығарды. 2008 жылдан 2025 жылға дейінгі уақытта ол жаңа материалдармен 25-тен астам кітап дайындады.

1930–1950 жылдардағы архивтік құжаттарды қалпына келтіріп, тарихымыздың маңызды кезендері мен ғылым мен әдебиеттің даму сатыларын айқындайтын деректерді ғылыми айналымға енгізді. Ол кезеңде идеологиялық күрес жүріп жатқандықтан, көптеген мәдени құндылықтар мәңгілікке жоғалып кетуі мүмкін еді. Осындай жағдайда Қайым М. Әуезовтің жетекшілігімен тұтас мәдени қабаттарды сақтап қалды. Динаның маңызды еңбектерінің бірі – тарихи маңызы зор оқиғаға қатысты стенограмманы қалпына келтіруі. Бұл – Қайым Мұхамедхановтың 1951 жылғы 7 сәуірде қорғаған Абайдың әдеби мектебі туралы диссертациясының стенограммасы. Ол бұл тақырыпты 1937 жылдан 1951 жылға дейін М. Әуезовтің жетекшілігімен зерттеген. Сонымен қатар Дина абайтану мәселелері бойынша өткен пікірталастың (1951 жылғы 13–16 маусым) материалдарын және басқа да маңызды құжаттарды қалпына келтірді. Ол алғаш рет М. Әуезов пен Қ. Мұхамедханов арасындағы адамгершілікке негізделген достықты, сондай-ақ олардың тығыз ғылыми әрі шығармашылық байланысын тарихи шындық тұрғысынан баяндады.

Дина Қайымқызы Қазақстан, Ресей, АҚШ, Еуропа, Татарстан және Орталық Азия елдерінде жарық көрген ғылыми жинақтар мен журналдарда жарияланған 200-ден астам мақаланың авторы. Ол тарихи шындықты көрсететін, өзі анықтап, ғылыми түсініктеме берген жаңа түпнұсқа тарихи дереккөздерді қамтитын кітаптардың идея авторы, мәтін авторы және құрастырушысы болып табылады.

Қайым Мұхамеданов. **Алдымда ақын Абай – Темірқазық.** Өлеңдер, аудармалар, арнаулар / Қайымның 1930–2000 жылдар аралығында жазылған өлеңдерінің қолжазбаларын әзірлеп, жүйеге келтірді және түсініктемелерін жазды. – Алматы: Қайым Мұхамедханов атындағы бәлім және мәдениет орталығы. – Мектеп. – 2025. –264 б.

Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик: Мухтар и Каюм. Ғылыми-көпшілік бысылым / Кітап идеясының авторы, Мұхтар мен Қайымға қатысты барлық оқиғалардың түсіндірмешісі, Қайымның барлық қолжазбалары мен құжаттарын құрастырып, ғылыми түсініктемелерін әзірлеген автор. Қазақ және орыс тілдерінде. – Алматы: Курсив. – 2023. – 336 б. (фотосүреттер, құжаттар);

Қайым Мұхамеданов: Библиографикалық көрсеткіш. = Каюм Мухамедханов: библиографический указатель. – Мектеп. – Алматы. – 2020. – 274 б. – қазақ, орыс тілдерінде / Дина Қайымның басылымдары мен қолжазба мұрасы туралы ақпаратты жинап, Шығыс Қазақстан

облысындағы А. Пушкин атындағы кітапханамен бірлесіп библиография құрастыруға арналған материалдарды дайындады.

Ел тарихи адамдар тағдырында. История страны в судьбах людей / Кітап идеясының авторы. Ел мен отбасы тарихына қатысты адамдардың естеліктері мен әңгімелерін жинаушы және құрастырушысы. Қазақ және орыс тілдерінде. – Алматы: Қайым Мұхамедханов атындағы бәлім және мәдениет орталығы. – Dominant print. – 2018. – 236 б.;

Менім анам Фархинұр Мұхамедханова / Кітап Қайымның Қарлагта жазған өлеңдері мен хаттарын, сондай-ақ Фархинурдың Қайым үшін күресіне қатысты құжаттарды қамтиды. – Алматы: Dominant print. – 2018. – 68 б.;

Әке мен бала: Мұхамедхан Сейітқұлов пен Қайым Мұхамедханов – Отан патриоттары / Әке мен балаға қатысты куғын-сүргін құжаттарын құрастырып, оларға түсініктеме берген, сондай-ақ куғын-сүргін туралы және мәдениет пен білім саласындағы жауапты қызмет туралы мақалалардың авторы. – Алматы: Қайым Мұхамедханов атындағы бәлім және мәдениет орталығы. – Полиграфкомбинат. – 2017. – 120 б.;

Алаш ұлағатты / Қазақ және орыс тілдерінде. Кітап идеясының авторы, орыс тіліндегі нақыл сөздерді құрастырушы. – Алматы: Қайым Мұхамедханов атындағы бәлім және мәдениет орталығы. – Полиграфкомбинат. – 2017. – 225 б.;

Қайым Мұхамедханов. Хаттар сөйлейді / 1930–2000 жылдар аралығындағы хаттарды жинап, жүйеге келтірді, кітап құрастырушы. – Алматы: Қайым Мұхамедханов атындағы бәлім және мәдениет орталығы. – Полиграфкомбинат. – 2016. – 336 б.;

1951 жылғы диссертация қорғауының Стенограммасы // Қайым Мұхамедханов. Стенограмма. Пікірлер. Материалдар. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы. – Алматы. – Ел шежіре. – 2012. – Б.9-177. / Қайымның жеке мұрағаты және еліміздің өзге мұрағаттарындағы құжаттармен жұмыс жасау негізінде стенограмма әзірледі.

Шәкәрім мен Қайым: тағдырлас. Шакарим и Каюм: сплетение судеб / Қайымның Шәкәрім туралы мақалаларын жариялауға әзірлеп, Қайымның Шәкәрім шығармашылығын ақтау жолындағы 40 жылдық күресіне қатысты құжаттарды жинақтады. – Астана: Фолиант. – 2009. – 336 б.

Абай кітабын алғаш шығарған Ильяс Бораганский / Абайдың алғашқы кітабының жарық көргеніне 100 жыл толуына орай Қайымның 1971 жылы Бораганский туралы жазған кейбір газет мақалалары енгізілді. Құжаттарда ғалымның Бораганский есімін ұмыттан қайта жаңғырту жолындағы 20 жылдан астам ауыр да күрделі ғылыми ізденіс

жолы баяндалды. – Алматы. – Қайым Мұхамедханов атындағы бәлім және мәдениет орталығы – 2009. – 62 б.

Қайым Мұхамедханов. Тағдыр және Қарлаг. Каюм Мухамедханов. Судьба и Карлаг / Қайымға және оның отбасына қатысты қуғын-сүргін құжаттары, Қарлагтан келген хаттар және Қайымның Қарлагтағы шығармашылығы кітапқа енгізілген. – Алматы: – Фонд Эберта. – 2008 г. – 276 б.

Қайым туралы сөз. Слово о Каюме / Естеліктердің жинаушысы және құрастырушысы. – Астана: Фолиант. – 2006. – 376 б.

Качество высшего образования и кредитная система обучения. – Алматы: 2005. – 100 б.

«Culture and social accountability»: Re-thinking Stalinist Terror in the Transformation of Post-Soviet Civil Society. –Vienna. – 2007.

Education for all through voices of children. Образование для всех голосами детей / Орталық Азия елдерінің үкіметтеріне арналған ұсынымдардың авторы. Кітап ағылшын және орыс тілдерінде жазылған. – UNESCO. – Almaty. – 2004. – 62 p.

EX LIBRIS. The Literary Journal of Boston University. – Boston. – USA. -1994. – 32 p.

Развитие профессионально-речевой культуры /Рекомендации для Институтов повышения квалификации учителей. – Ленинград. – НИИ ООВ АПН СССР. – 1990 г. – 50 с.

Марапат: «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалі – 2016 жыл, 29 қараша. «Астана қаласының 20 жылдығы» медалі – 2018 жыл, 20 маусым. «Алаш» партиясы «Ақ жол» медалі – 2020 жыл, 16 желтоқсан.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қайым Мұхамедханов:

«Мұхтар екеуіміз идеямызды қорғай алдық. Әріптестеріміздің, дос болғандарымыздың көбі сатылып, жалақорға айналды. Олар Мұхтардың отыз жыл бойғы еңбегін жоққа шығаруға тыраштанды; мені Әуезовтің құйыршығы деді; Шәкәрімді қарақшы деді. Тағдыр бізді төкпештеді, бірақ жасыта алмады. Мені қойшы... Абай, Мұхтар, алашордалықтар әділетсіздік тауқыметін көп тартты. Әсіресе Мұхтар пәлекөр-жалақөр тобырмен өмір бойы дерлік алысты-жұлысты... Иә, біз ғылыми идеямыздан ауытқымадық. Уақыт – төреші деген рас. Ол бәрін де өз орнына қойды. Біздің идеямызды бүгінде ұлтымыз қуаттап, мақтаныш етіп отыр».

Абай и Алаш. Они дают нам силу духа и открывают взаимосвязь героического прошлого с настоящим и будущим, которую Каюм Мухамедханов выразил в первых строках Гимна – «Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған, Азаттық жолында ар үшін қиған жан». Сильный дух и мужество, унаследованные ученым от предков, помогли ему под руководством Мухтара Ауэзова открыть и сохранить целые пласты наследия народа издревле до наших дней. Авторитарный сталинский режим, его идеологи и приспешники боялись независимых и мужественных граждан, а потому всячески пытались уничтожить Абая и Алаш, подрубив те мощные корневища, в которых заключена волшебная сила и непобедимый дух народа. «Им нужен свой Абай, подогнанный под советскую идеологию. Они уничтожат Абая или оставят переиначенного под их лекала Абая, а этого нельзя допустить. Они и слышать не хотят, что у Абая была своя школа учеников. Нам предстоит борьба», – говорил учитель своему ученику. За Абая, за Ауэзова, за научную истину и историческую правду Каюм прошел все круги ада физических и моральных пыток, но не отказался от своего исследования: «Школа Абая есть!», «Человек умирает только один раз. Если я и погибну, то, что моя смерть, когда такие люди, как алашординцы, погибли!?» – ответил Каюм на пытки. Ученик не предал своего учителя, не отказался от научного исследования о школе Абая – значит, он не предал родную землю, народ и наше Отечество.

«Қайымның аруағы разы болмай – Әуезовтің, Әуезовтің аруағы разы болмай – Абайдың аруағы разы болмайды! Бұл үш тұлғаны тұтас алып, зерттеп, танығанда ғана олардың құпиясы ашылмақ» (Тұрсын Жұртбай).

Мұхамедхан Д. Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик: Мухтар и Каюм. Ғылыми-көпшілік бысылым. – Алматы: Курсив. – 2023 г. – 3-бет.

«С конца 1930-х по начало 1960-х годов они построили фундамент научного абаеведения и шакаримоведения, открыли ценности Алаш и определили вектор развития литературоведения, просвещения и культуры. Вместе они шли по пути Абая и выполняли заветы Алаш. После смерти учителя верный ученик продолжил эту работу и развил целостную концепцию «Абай–Алаш». Он сохранил имена алашординцев, их фотографии и документы, написал их биографии, восстановил их труды и впервые подготовил все это к печати. А глубокие исследования ученика научно-творческой биографии и деталей творчества учителя, знание рукописного наследия М. Ауэзова и научных основ создания романа об Абае и других произведений составили научную основу ауэзоведения».

Мұхамедхан Д. Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик: Мухтар и Каюм. Ғылыми-көпшілік бысылым. – Алматы: Курсив. – 2023 г. – 7-бет.

«М. Ауэзов открыл Каюму космос Абая, показал ему путь к Абаю и путь Абая и вывел ученика на дорогу этого познания. Ученик на практике воплотил идеи учителя, возродил канонические тексты Абая, произведения и биографии учеников Абая, чтобы доказать: школа Абая есть, и соединил идею Абай и Алаш. Когда-то Ауэзов впервые увидел Абая в возрасте шести лет, и Каюм впервые увидел Ауэзова в доме своего отца в этом же возрасте. Увидев своих учителей в детском возрасте и следуя за ними, они остались верными им до конца своих дней. Каюм воспитал тысячи учеников на слове Абая и Шакарима, на идеях Алаш, на наследии поэтов-батыров и на наследии своего мудрого учителя-наставника Ауэзова. Такие личности, как Ауэзов и Мухамедханов, всегда будут беречь свой народ, а нам остается только понять, как мудрые учителя и верные ученики сохраняют человеческое достоинство, духовные, научные и педагогические традиции».

Мұхамедхан Д. Ұстаз бен шәкірт: Мұхтар мен Қайым. Учитель и ученик: Мухтар и Каюм. Ғылыми-көпшілік бысылым. – Алматы: Курсив. – 2023 г. – 8-бет.

Абайдың кейбір өлеңдері Дина Мұхамедхан аудармасында:

I nurtured the dog from a puppy,
And I have known its teeth.
I taught the archers the art of marksmanship,
And I myself have become their target.

***

Poetry is the governor of speech,
Genius creates wonders even from stone.
The heart gets warmer if speech is light
And the ear is caressed by the beauty of the language

***

The speech of the beloved doesn't know words,
Love's language is this: an eyebrow moves, the eyes slightly flash –
The question or answer if this.
I remember I also talked in this manner
And the language was clear to me, that language…
But my memory is vanished. I have forgotten it.

EX LIBRIS / The Literary Journal of Boston University. – Boston, USA . – 1994. – p.20.

МҰЛІК ДӘУЛЕТКЕРЕЙ



Мұлік Дәулеткерей 1981 жылы 05 қазанда дүниеге келген. Әкесі Мұлік Куанышхан қарапайым шаруа адамы болған, атасы Бегалы Мұлік (1916-2003) Ұлы Отан соғысының (орыс-жапон) ардагері.

Мұлік Дәулеткерей 2000-2005 жылдары І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде оқыды. Еңбек жолын 2005 жылы ауыл мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастады. Қазақ тілі мен әдебиеті магистрі (2010), қазақ тілі және әдебиеті докторанатуы (2016), 2023 жылдан бері қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскері. Әдебиет маманы, ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыт қазақ әдебиеті және қазақ әдебиетін оқыту мәселелері.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 2011-2013 жылдары қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-ассистенті, 2013-2016 жылдары оқытушы дәріскер, 2016-2019 жылдары І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің докторанты, 2020-2023 жылдары Шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының оқытушы дәріскері, 2023-2026 жылдары Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы-дәріскері.

Мұлік Д. – 20-дан астам ғылыми мақалалардың, ғылыми жетекші Қ.Мәдібаевамен бірлескен 2 оқу құралының 1 оқу-әдістемелік құралының авторы.

Оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралы:

1) Көркем шығармадағы тарихи тұлға бейнесі - Алматы: ЖШС «ЭСПИ», - 2020. - 284 б.

2) Қазіргі қазақ әдебиеті: оқу құралы – Алматы: ЖШС «Лантар», - 2023. - 353 б.

3) Professional – oriented foreign language: оқу құралы. Taldykorgan: Zhetysu University named after I.Zhansugurov, 2023 – 83 p.

Мақалалары:

1) Қазақ әдебиеттану ғылымындағы жырау феноменінің мәні

2) Қазіргі қазақ поэзиясындағы жыраулық дәстүр (Т.Медетбек, Н.Айтұлы поэзиясы)

3) Тұлғатанудағы роман жанрының үлесі

4) Қазақ романындағы Әуезов тұлғасы

5) «І.Есенберлиннің «Жанталас» романындағы Абылай ханның тұлғалық әлеуеті»

6) Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы ақынның тұлғалық әлеуеті

7) Поэзия пернесіндегі ұлттық болмыс

8) І.Есенберлиннің «Жанталас» романындағы Абылай ханның тұлғалық әлеуеті

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әдебиет арнасындағы М.Әуезовтың қолтаңбасы айырықша. Қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан өлшеусіз еңбегі, әдебиет тарихындағы ізденістері мен зерттеулері уақыт өткен сайын саф алтындай құны арта түсуде. XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген алаш зиялыларының мүддесін арқалап, кеңестік идеологиядан туған саясаттың тұзағынан аман өткен М.Әуезов толыққанды тұлғалық сипатқа ие болды. Қазақтың Абайын айдай әлемге танытты. Қаламгерлігімен, таланттылығымен, қырағылығымен алыптар қатарынан табылды. Ғұмырын әдебиет саласына арнап, қазақ руханиятының көшінің ілгері жылжуына өзіндік үлесін қосты. Бүгінде қай қырынан алып қарасақ та «Әуезов әлемі» дерлік ғажайып құбылысқа айналды.

Мүлік Д. Қазақ романындағы Әуезов тұлғасы: мақала. – ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ XVIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалда 2022. – 187 – бет


Тарихи роман жазуда ерен еңбек пен пайым парасаты керек. Жалаң дерекке жол ашу немесе қиялға ғана үстемдік беру тарихи роман табиғатына жат дүние... Оқырман талабынан шығу жазушының басты міндеті. Сондықтан хан отырған тақка отырып, би шыққан дөңге шығып, батыр ұстаған қанжарды ұстап, халық болып қуана, дұшпан болып бармақ тістей білуі тиіс.

Мүлік Д. Роман және тарихи тұлға (Қабдеш Жұмаділовтің «Прометей алауы» романындағы Ақтайлақ би бейнесі): мақала // ПМУ Хабаршысы, арнайы шығарылым, 2018. – 171 -172- беттер

Қазіргі жаһандану заманында жас ұрпақты тәрбиелеуде үлгі тұтарлық басты құндылықтарымыздың бірегейі тарихта өзіндік қолтаңбаларын қалдырған тұлғаларымыздың тұла бойындағы асыл қасиеттер екені даусыз. Себебі бүгінгі қоғамдағы келеңсіз көріністер, адамгершілікке қайшы келетін әрекеттер, ұлттық болмыстың бұзылуы рухани жаңғыруға итермелейтіні заңдылық.... Ұлы адамдар туралы рухы биік туындылар қай елдің болмасын әдебиетінде бар дүние. Қай-қайсысын алсақ та әр қоғам кезеңіндегі адамды тәрбиелеуге негізделген. Әр ұлт өзінің өткенінен өнеге іздейді. Мұндайда романның, әсіресе, тарихи романның берері көп. Себебі романда көркемдік шындыққа ұласқан ғұмыр иесі өмір сүреді. Оқушысы тағдырынан тәлім, өмірінен өнеге алады. Надандыққа қарсы тұрып, адамдықпен қауышады.

Мүлік Д. Тұлғатанудағы роман жанрының үлесі: мақала //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №1 2019 2019. –142- бет

МЫҢБАЕВА АҚБІЛЕК ПАЗЫЛХАНҚЫЗЫ



Мыңбаева Ақбілек Пазылханқызы 1984 жылы 6 шілдеде қазіргі Түркістан облысы Шардара ауданында дәрігерлер отбасында дүниеге келді. 2001 жылы Шардара орта мектебін үздік аттестатпен аяқтады. Осы жылы Шымкент қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институтына оқуға түсіп, 2005 жылы аталған жоғары оқу орнының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын үздік дипломмен бітірді.

2006-2008 жылдары Алматы экономикалық статистикалық академиясының «Жерге орналастыру және кадастр» мамандығы бойынша білім алды. 2009-2011 жылдары Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетінің магистратурасын аяқтап, магистр дәрежесін иеленді.

Еңбек өтілін 2006 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Қазақ әдебиеті» кафедрасында лаборант болып бастап, филология факультетінде әдіскер, 2006-2011 ж.ж. Академиялық инновациялық университетінде, 2011-2013 жылдары Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты филология факультетінде офис тіркеуші, магистр-оқытушы, филология факультеті деканының орынбасары ретінде жалғастырды.

2013-2016 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында 6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша докторантураны бітіріп, педагогика ғылымының докторы, профессор Құлахмет Молдабектің оң рецензиялауымен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі «6D010000 – Білім беру» (гуманитарлық ғылымдар) диссертациялық кеңесінде PhD философия докторы дәрежесін алу үшін «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, PhD доктор ғылыми дәрежесін алды.

2015-2016 жылдар арасында Түркия Республикасының Анкара қаласындағы Гази университетінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтіп, кәсіби шеберлікті жетілдіру курсына қатысты, сертификат алды.

2016 жылдан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында PhD философия докторы, Тіркеу бөлімінің басшысы, университеттің Ғалым хатшысы болды. Бүгінгі таңда ОҚМПУ-да Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессор қызметінде.

Мыңбаева А.П. «Түркі халықтарының әдебиеті» (2019), «Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған бағдарлама бойынша оқыту» (2020), «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау (ағылшын тілінде)»ғ «Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілі мен әдебиетін оқыту», «Қазіргі қазақ прозасы» оқу құралдарының, «Метатілдегі коннотация: мәдени-тілдік құзыреттілік» монографиясының авторы. 1 оқу құралы Республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің кеңесінен өтіп грифпен жариялауға рұқсат етілген (№3, 15.03.2022ж), 1 оқу құралына авторлық құқық алынған. Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда қазақ әдебиетінің теориясы мен әдістемесі тақырыбында 20-ға жуық мақаласы жарияланған.

Алыс-жақын шетелдерде және республикада өткен халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда, симпозиумдар мен форумдарда баяндама жасап, 40-қа жуық ғылыми мақалаларын жарыққа шығарды, оның ішінде 7 мақала Scopus деректер базасына енетін Q2-Q3, 35 %-дан жоғары импакт-факторлы журналдарда жарияланған. Coursera платформасында 104 сағаттық ағылшын тілінде 7 онлайн курстарға қатысып, сертификаттарға ие болған. Хирша индекс-3.

ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми жұмыстарды гранттық қаржыландыру конкурсы бойынша AP05131417 «Қазіргі қазақ тіліндегі неологизмдердің қалыптануы: когнитивтік және лингводидактикалық аспектілер» деп аталатын ғылыми жоба жұмысының орындаушысы болып жұмыс істеді.

Білім беру саласында ғылым жолын қатар алып келе жатқан жас ғалым 2019 жылы 11 наурызда №В2-262 «Білім беру саласының үздігі» медалімен, облыстық маслихат хатшысының Құрмет грамотасымен, университет ректорының мақтау қағаздарымен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2019 жылғы 4 желтоқсандағы №517 бұйрығымен «Жас ғалым» стипендия иегері, ҚР БҒМ 2020 жылдың «Үздік оқытушы -2020» грантының иегері атанды. ҚР ЖбҒМ Ғылым комитетінің 2022-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» ғылыми жұмыстарды гранттық қаржыландыру конкурсы бойынша AP15463714 «Білім беру парадигмасындағы мәдени-тілдік құзыреттілік: метатілдегі коннотация» тақырыбындағы ғылыми жобасының жоба жетекшісі. 2023 жылы «Ғылымға қосқан үлесі үшін» медалімен наградталды. 2023 жылы «Болашақ» бағдарламасы

аясында «500 Ғалым» жобасының стипендиаты атанып, 2024-2025 оқу жылында АҚШ Калифорния университетінде тағылымдамадан өтіп келді.

Мыңбаева Ақбілек Пазылханқызының жетекшілігімен 2024 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 8D01701-Қазақ тілі мен әдебиеті диссертациялық кеңесінде «Жоғары оқу орындарында Қарахан дәуірі әдебиетін жаңа гуманитарлық білім аясында оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбында докторлық диссертация сәтті қорғалды. Қазіргі таңда магистранттар мен докоранттардың зерттеу жұмыстарына, теория мен практиканы ұштастыру мақсатында мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің жоба жұмыстарына жетекшілік жасап келеді.



НИЯЗОВА ҒАЙША МҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Ниязова Ғайша Мұхамбетқызы 1955 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген. Ақтөбе облысы, Алға ауданы мектептерінде, 1970-1974 жылдары Ақтөбе педагогикалық училищесінде оқып, тәмәмдайды.Ақтөбе облысы Алға ауданы, Қарақобда орта мектебінде еңбек жолын бастайды

1976-1981 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқып, бітіреді. 1982-1993 жылдары Ақтөбе дарынды балалар мектеп-интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет жасайды 1993 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы, доцент қызметін атқарады.

Ғайша Мұхамбетқызы 1998 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың диссертациялық кеңесінде «Жиенғали Тілепбергеновтің шығармашылығы» тақырыбында «10.01.02 - қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғайды.

2005 жылы «Әдебиеттану» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағына ие болады. Ғайша Мұхамбетқызы – Ж.Тілепбергенұлының «Таңбалылар» (Ақтөбе, 1997ж) «Жиенғали Тілепбергеновтің шығармашылық ғұмыры» көмекші оқу құралы (Жұбанов университеті, 2002) кейін Ж.Тілепбергенұлының I том (2005), II том (2006) құрастырып, Алматы «Алаш мұрасы» баспасынан шығарды. Алға аудандық әкімдігі тарапынан дайындалған «Алға энциклопедиясын» (2016 ж) құрастырушылардың бірі.

Ұстаздық пен ғылым жолындағы ұзақ жылғы еңбегі еленіп, Ғ.М.Ниязова ҚР Білім министрлігінің мақтау грамотасымен(1993), Ақтөбе облысының әкімі (2016),м Ақтөбе әкімі (2017, 2018) халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Ақтөбе облыстық ұйымының, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің бірнеше алғыс хаттарымен, университеттің 50 жылдық мерейтойына арналған төсбелгімен марапатталған.

Ниязова Ғ.М. оқылатын дәрістерін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету мақсатында жинақталған тәжірибесі «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Тесттер, глоссарий жинағы" (Алматы: «Отан» баспасы, 2018), «Қазақ әдебиетіндегі Алаш идеясы» дәрістер курсы. (Алматы: «Отан» баспасы, 2018), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті». Тесттер, глоссарий жинағы (Алматы, «Отан» баспасы, 2018.), «Қазақ әдебиетіндегі «Алаш» идеясы» дәрістер курсы» (Алматы: Отан баспасы, 2018), «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық идея» (Алматы, «Отан» баспасы, 2018..) «Студенттердің педагогикалық тәжірибесі: нұсқалар, үлгілер» оқу-әдістемелік құралы

(Алматы, «Отан» баспасы, 2017 ж), «Қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық әдістері» (Алматы, «Отан» баспасы, 2017ж,) «Жоғары мектепте әдебиет пәндерін оқыту негіздері» Оқу құралы, (РУМС) (Алматы, «Отан» баспасы, 2018ж,). «Қазақ баспасөзіндегі «Алаш» идеясы» (Алматы, «Отан» баспасы 2018). «Сатира жанрының семсері» Монография (Алматы, «Отан» баспасы 2020).

«Жаңартылған білім мазмұны және қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда қолдану тиімділігі». Оқу-әдістемелік құрал. (Баишев университеті, 2023ж.)

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». Оқу-әдістемелік құрал. (Баишев университеті, 2025ж.) «Қазақ әдебиеті сынының тарихы». Оқу-әдістемелік құрал. (Баишев университеті, 2023ж.)

«1931-1933 жылдардағы ашаршылық: Ақтөбе облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері. (Сұхбат материалдар жинағы. Көптомдық VII том, Алматы,2025ж.) ішінде мақала «Маған қиын соғып тұрған жері- аурудан өлмей, аштан өлу» (Мақала 216-219б)

Жиенғали Тілепбергенұлы рухани азап шегіп, аштықта өлді.(Сұхбат 305-313б)

Ниязова Ғайша 300-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі 50 жылды қамтитын еңбек жолының 31 жылын ЖОО-да ғылыми зерттеу және ұстаздық, әдіскерлікке арнаған ф.ғ.к, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Ғ.М.Ниязова күні бүгінге дейін Баишев университеті бакалавриат, магистратура бөлімдеріне дәріс оқып, жастар тәрбиесіне үлес қосуда.

Ниязованың көлемді еңбектері:

Жиенғали Тілепбергеновтің «Таңбалылар», I том, (Ақтөбе, 1997), «Түлкі толғақ» II том (Ақтөбе, 2000) жинақтары, «Жиенғали Тілепбергеновтің шығармашылық ғұмыры» көмекші оқу құралы (Ақтөбе, 2002) «Студенттердің педагогикалық практикасы» оқу-әдістемелік құрал (Ақтөбе, 2002), «Шығыс шайырлары» (Ақтөбе, 2003), «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (Ақтөбе, 2003); Жиенғали Тілепбергенұлы. I том (Алматы, Алаш мұрасы, 2005), Жиенғали

Тілепбергенұлы II том (Алматы, Алаш мұрасы, 2006). Жоғарғы оқу орындарында әдебиет пәндерін оқыту негіздері (РУМС. Алматы: «Отан» баспасы, 2017) Ниязова Ғ.М. оқылатын дәрістерін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету мақсатында жинақталған тәжірибесі «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Тесттер, глоссарий жинағы» (Ақтөбе, 2013). Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық идея. Дәрістер курсы (Алматы: Отан, 2017.) Қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық әдістері. (Алматы: Отан, 2017) Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі (Алматы: «Отан» баспасы, 2017). Қазақ әдебиетіндегі «Алаш» идеясы (Алматы: «Отан» баспасы, 2017). XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы курсы бойынша тесттер және глоссарий жинағы (Ақтөбе: 2018). Қазақ баспасөзіндегі «Алаш» идеясы (Ақтөбе:2018). Сатира жанрының семсері» Монография (Алматы, «Отан» баспасы 2020. атты ғылыми-әдістемелік еңбектерінде көрініс тапқан.

Оның ғылыми жолындағы ізденістерінің тұжырымдары Томсон Рейтерс, Скопус, 2 мақала, Шеффильд (Англия), Уфа, Стерлитамак (Башқұртстан) Түркия, Астана, Алматы, Қарағанды, Ақтөбе қалаларында өткізілген 150-ден астам халықаралық және республикалық ғылыми, ғылыми-әдістемелік конференция материалдарында, ККСОН басылымдарында, ҚР Ұлттық академия Хабаршысы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ Хабаршысы сол секілді халықаралық, республикалық ғылыми басылымдар мен жинақтарда жарияланды. Сонымен қатар Алға аудандық әкімдігі тарапынан дайындалған «Алға энциклопедиясын» құрастырушылардың бірі.

1.«Қазақтың даласындай дархан дарын» Гуманическое наследие просветителей в культуре и образовании. Материалы IX международной научно-практической конференции I том. Уфа, 2014. 236-240 стр.

2.Национальные обычаи и традиции в творчестве Жиенгали Тлепбергенова. Материалы Международной научной конференции "Развитие гуманитарной науки в регионах России", посвященной 85-летию Федерального государственного бюджетного учреждения науки Институт истории, языка и литературы Уфимского научного центра РАН. Уфа: ИИЯЛ УНЦ РАН, 2017. 386 с. - с.244-246.

3.«Отражение этнографического материала в произведениях казахско-башкирских писателей» Статья материалы XVII Всероссийской научной конференции (с международным участием) «Актуальные проблемы диалектологии языков народов России». –Уфа (Россия) , 1-2 июня 2017. –с.

4.«Ұлылар үндестігі» мақала «Жаңа Жібек жолы: білім мен ғылым кеңістігінде Халықаралық ғылыми жинағы. Үрімжі (ҚХР)- Ақтөбе, 2017.

5. Ethnographic materials in the works of kazakh and bashkir writers. Academia Brasileira de Ciências, Print version ISSN 0001-3765, On-line version ISSN 1678-2690, November, 2017, vol.89, no.3, supl. Rio de Janeiro, p.2285-2295 (Томсон Рейтерс, Скопус) // Pansereyev A.Sh., Shokum G.T., Sadirova K.K., Rysmaganbetova G.D., Baltymova M.R.

Ниязова Ғайша 300-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі 50 жылды қамтитын еңбек жолының 31 жылын ЖОО-да ғылыми зерттеу және ұстаздық, әдіскерлікке арнаған ф.ғ.к, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Ғ.М.Ниязова күні бүгінге дейін Баишев университеті бакалавриат, магистратура бөлімдеріне дәріс оқып, жастар тәрбиесіне үлес қосуда.

Әсем Нұрланқызы НҰРЛАНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты

Әсем Нұрланқызы Нұрланова 1981 жылы 24 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген.

1998-2002 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алып, бакалавр дәрежесін үздік дипломмен тәмамдады. 2002–2004 жылдары С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Филология» мамандығы бойынша магистрлік бағдарламаны үздік дипломмен аяқтады.

2011 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде филология ғылымдарының докторы Балтабай Әбдіғазиұлының ғылыми жетекшілігімен «Еңлік-Кебек сюжеті әдеби және тарихи контексте» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді.

Еңбек жолын 2002 жылы Қазақстан-Американдық еркін университетінде оқытушы ретінде бастаған. Кейін аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарып, қазіргі уақытта осы университеттің профессоры болып қызмет етеді. 2011 жылдан бастап Қазақстан-Американдық еркін университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады. Ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі — 24 жыл.

Әсем Нұрланқызы ҚР БҒМ Құрмет грамотасының және «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері.

Ол 5 монография, 3 оқу-әдістемелік құрал, 2 сөздік, 1 хрестоматия, жалпы 300-ден астам ғылыми, әдістемелік еңбектердің авторы:

Нурланова А.Н., Мешимбаева Б.Ш. Абай мен Шәкәрімді тоғыстырған ар ілімі // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2021. – №1 (75). – Б. 250–255. – 0,8 п.л.

Нурланова А.Н., Ермек Ф. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық рух // Глобальная наука и инновация 2021: Центральная Азия. – 2021. – №3 (14). – Т. 1. – Б. 44–48. – 0,2 п.л.

Нурланова А.Н. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэмаларындағы көркемдік шындық және тарихи шешім: монография. – Өскемен, 2021. – 108 б. – 6,75 п.л.

Нурланова А.Н., Дәурен А. Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану мәселелері А. Картаева зерттеулерінде (тезисы) // Современные научные направления: от прикладных исследований до инноваций: Сб. докл. XI междунар. форума молодых ученых (12–17 апреля 2021 года). – Ч. 4. – Өскемен, 2021. – С. 89–94. – 0,4 п.л.

Nurlanova A.N., Zhamsap Akerke. Category of «a pure mind» in Shakarim Kudaiberdyuly's poetry // The Kazakh-American Free University Academic Journal. – Oregon, 2021. – P. 164–168.

НурлановаА.Н. Хандықдәуірәдебиеті: оқуқұралы. – Өскемен, 2022. – 153 б. – ISBN 978-601-7057-84-8. – 16,5 п.л.

Нурланова А.Н., Дәурен Аян Дәуренұлы. А. Картаева еңбектеріндегі тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану мәселелері // Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақстанның тәуелсіздігі және рухани-мәдени құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция материалдары. – Т. 1. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2021. – 0,3 п.л.

Нурланова А.Н. Балтабай Әбдіғазиұлы – ғалым-көшбасшы // «Заманауи білім беру кеңістігіндегі филология ғылымы: дәстүр мен инновация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (22 желтоқсан 2022 ж.). – I бөлім. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2022. – 0,3 п.л.

Нурланова А.Н., Сейпутанова А.К., Жәмсап А.Т. Ш. Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана, 2023. – №4. – Б. 338–348. – 1,3 п.л.

Нурланова А.Н., Кульгильдинова Т.А., Кусманова К.А., Сәрсембаева А.А. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы «таза ақыл» категориясы // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2023. – Т. 71. – №4.

Нурланова А.Н., Oshan Maulipa. Ш. Құдайбердіұлының шежіресіндегі түркілер туралы деректердің тарихпен байланысы // VII Uluslararası Türklerin Dünyası Sosyal Bilimler Sempozyumu: bildiri kitabı (2–4 Haziran 2023). – Ankara, 2023. – Б. 597–601. – ISBN 978-625-00-8481-6. – 0,3 п.л.

Нурланова А.Н., Жәмсап А.Т. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы нағыз адам моделі: монография. – Өскемен, 2023. – 96 б. – ISBN 978-601-81023-0-110. – 6 п.л.

Nurlanova A.N., Daurenbekova L.N., Kartayeva A.M., Zhumatayeva Z.N., Bekenova G.Sh. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos de Tradução. – 2024. – Vol. 44. – Iss. 1. – P. 1–12.

Нурланова А.Н., ДәуренА.Д. М. Жұмабаев түрік әдебиеті кеңістігінде: монография. – Өскемен, 2024. – 97 б.

Nurlanova A.N., Mukazhanova A.M., Kurmangaliyeva A.M. History of Foreign Literature: training manual. – Ust-Kamenogorsk, 2024. – 159 p.

Kusmanova Kulzhibek, Aitmukashova Aida, Nurlanova Assem, Baimanova Lazzat, Ismailova Gainigul. Psycholinguistic factors in the

formation of a creative personality // Umanistica Digitale. – 2025. – Iss. 21. – P. 1–15.

Нурланова А.Н., Сейпутанова А.К., Жәмсап А.Т. Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емре шығармаларындағы рухани үндестік // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы. – 2025. - №3(152). – С. 220-233

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әдебиеттің мақсаты – өмірді қаз қалпында көшіріп бейнелеу емес. Ол болмысты көркемдеп, сан алуан сәттерді әр түрлі бояуға малындыра оқырманының санасына тыңнан жүлге салатындай әсерлендіріп, жандандырып беруімен де әдебиет. Тарихтан гөрі халық көңіліне жақын, әсерлірек көркем әдебиеттің таразысы басым түседі. Сол себептен де, көркемдік шындықтың өмірі тарихи шындықтан ұзағырақ келетіні рас. Өнердің өз ақиқаты, көркемдіктің өз қисыны бар.

Ә.Н. Нұрланова. Еңлік-Кебек» сюжеті әдеби және тарихи контекст: Монография. -Өскемен, 2014.

Жалпы, философияда мынадай мәңгілік сұрақ бар. Тарихты жеке бір адам жасай ма, халық жасай ма деген. Тарихты бүкіл бір халық бірігіп жасайды, бірақ сол халықтың өзі жеке-жеке адамдардан құралады ғой.

Олай болса, кез келген адам тарихты жасай ма? Жоқ, кез келген адам тарихты өзгерте алмайды. Бірақ, бүкіл бір ұлттың тарихына, бір халықтың өмірі мен тұтас бір ұрпақтың көзқарасына өз әсерін тигізетін тұлғалар болады. Солардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Ә.Н. Нұрланова., Жәмсап А.Т. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясындағы нағыз адам моделі: Монография. - Өскемен, 2023. 7-бет.

НҰРПЕЙІСОВ НАРИМАН ЖҰМАШҰЛЫ



Филология ғылымдарының кандидаты Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы.

1958 жылы 10 қаңтар күні бұрынғы Шымкент облысының (қазіргі Түркістан) Сарыағаш ауданындағы Красино селосында («Дархан») дүниеге келген).

1965-69 жылдары Созақ ауданының Ақсүмбе ауылындағы Ворошилов бастауыш мектебінде (қазіргі Сұлтанбек Қожанов атындағы) білім алады, 1969-75 жылдарында Қаратау совхозындағы Панфилов орта мектебінде оқып орта дәрежелі білім алып шығады.

Мектеп бітірген күндерден бастап еңбекке араласқан ол туған ауылында әр алуан жұмыстарды атқара жүріп 1977-1979 жылдары Кеңес армиясы қатарында Моңғолия жерінде Отан алдындағы борышын өтеп қайтты. Әскер қатарынан оралғаннан кейін 1979-1980 жылдары Шымкент педагогикалық институтының дайындық курсында тыңдаушы болды, еңбекке араласты.

1980 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, университетті 1985 жылы бітіріп шығады. Одан әрі Абай атындағы Саран педагогикалық училищесінде оқытушы болып ұстаздық еңбек жолын бастаған ол 1995 жылға дейін осы оқу орнында еңбек етті. ҚР оқу ісінің үздігі атағын алды. 1995 жылдан бастап Шымкент қаласындағы жоғары оқу орындарына қызмет ауыстырған Нариман Жұмашұлы 1996 жылдан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерінде болды.

2012 жылдың тамыз айынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында, қазіргі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің қазақ және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 2014 жылдан филология факультетінің, 2016 жылдан филология және тарих факультетінің, 2017 жылдан кешкі оқыту және дайындық факультетінің деканы, 2019 жылдан филология факультетінің деканы болып еңбек етті. 2021 жылдан қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы болып еңбек етеді.

Н.Нұрпейісов 1990 жылдардан бастап ғылыми жұмыстармен айналысты. 1998 жылы Алматы қаласындағы М.Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Нариман Нұрпейісов баспасөз бетінде жиі көрініп, қоғам, дәуір үніне дер кезінде үн қатады, соның ішінде әдебиеттану мәселелері, әсіресе қазіргі әдеби процесс, сын мәселелері бойынша еңбектері өте мол жарияланып отырады.

Нариман Жұмашұлының басылымдарда, ғылыми-көпшілік журналдарда, ғылыми конференция материалдарында 400-ден астам еңбегі жарық көріпті. Ал, оқулықтары мен оқу құралдарының, публицистикалық жинақтары мен монографияларының өзі жиырмаға тартады.

Жарық көрген кітаптары:

1. Е.Ысмайылов - әдебиет тарихын зерттеуші. Монография. (1999) М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы. Шымкент.

2. Дүрбеленді дәуір зерттеушісі. Ғылыми жинақ. (2002). М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы. Шымкент.

3. Е.Ысмайылов және қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. Оқу құралы. (2004). М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы.

4. Әулиелі Ақсүмбе – періштелі Ақбикеш. (2006). М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы. Шымкент.

5. Мұхтартану. Лекциялар курсы. Оқу құралы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы. Шымкент-2009жыл.

6. Әдебиет және сын мәселелері. Оқу құралы. М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы. Шымкент-2009жыл.

7. Ұлттық руханиятпен - әлемдік өркениетке. (2010). М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы. Шымкент.

8. Қазақ әдеби сынының өзекті мәселелері. Оқу құралы (2010). М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы. Шымкент.

9. Абайтану. Оқу құралы (2013). Шымкент. «Әлем» баспасы. 2013 жыл.

10. Е.Ысмайылов және әдебиеттану мәселелері. Оқу құралы (2013). Шымкент. «Әлем» баспасы. 2013 жыл.

11. Қожановтану. Оқу-әдістемелік нұсқау. Шымкент. «Әлем» баспасы. 2013 жыл.

12. Әдеби сын тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. Оқу-әдістемелік құралы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті баспаханасы, 2022.

13. Е.Ысмайылов және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы мәселелері. Оқу-әдістемелік құралы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті баспаханасы, 2022.

14. Әдебиет тарихы мен сын өнері мәселелері. Оқу-әдістемелік құралы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті баспаханасы, 2024.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айырықша еңбегі үшін» белгісімен марапатталды. Алтын белгі медалі. 2022 жыл.

2. Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы «Тарихтан тағылым» әлеуметтік жобасына ерекше үлес қосқаны үшін «Алғыс хат». 2022 жыл.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және Жоғарғы білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі. 2024 жыл.

4. Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі.1995 жыл.

5. Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі. 2009.

6. Созақ ауданының құрметті азаматы. 2018.

7. ОҚМПУ 80 жылдығына арналған мерекелік медаль. 2017.

8. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл мерекелік медалі. 2021 ж.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

XX ғасыр басы – бір қазақ халқы үшін ғана емес, күллі адамзат баласы үшін бір дүбірлі, дүрбелеңді дәуір болғаны хақ. Ал, қазақ секілді жаңа ғасыр табалдырығын орыс империясының бодан елі ретінде аттаған ұлт үшін толассыз проблемалар дәуірі болды. Екі жақты қанауға түсті. Бостандыққа ұмтылды. Жолы болмады. Бодандық қамытын сыпырып тастай алмады. Бодандық ноқтасы түр-өңін өзгертіп, қайыра киіле берді.

Бүгінде XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті жайында профессор Бейсембай Кенжебаевтың көзқарасы орнықты. Б.Кенжебаевтың XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті жайындағы зерттеуін кезінде Мұхтар Әуезов жоғары бағалағаны да біраз жайды аңғартса керек.(9) Сөйте тұра, бұл күнде XX ғасыр басындағы қазақ өдебиеті қайта қарауды қажет етіп отыр. Осы орайдағы алғашқы жаңаша барлау деп М.Базарбаев, Ш.Елеукенов, Р.Нұрғалиев, Қ.Сыдиықұлы, З.Бисенғали, Б.Мамыраев, С.Қорабаев, Б.Қанарбаева зерттеулерін атар едік. Бұрын зерттеушілер дәуір әдебиетін жеке-жеке ақын жазушылар төңірегіне жинақтай очерктік, портреттік формада зерттесе, ендігі зерттеушілер бұл кезең әдеби мұрасына жанрлық тұрғыдан келе бастады. Түрлі әдеби ағымдарға құлақ түреді. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті алда да түрлі аспектіде зерттеле береріне күмән жоқ. Өйткені, XX ғасыр

басындағы қазақ әдебиетіндегі ізденістер өте күрделі, әлем әдебиетімен сабақтастықтар кісі қызыққандай. XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде бұрын бар жанр жаңа сапаға көтерілді, бұрын болмаған жанр тыңнан пайда болды.

Міне, осындай күрес-көтерілілске толы, бірнеше төңкерісті басынан өткізген дүрбелеңді дәуір, күрделі кезең әдебиетінің бір зерттеушісі —Есмағамбет Ысмайылов.

Е.Ысмайылов - әдебиет тарихын зерттеуші. Монография. 1999 ж. М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы. Шымкент. 55 – бет.

Абай шығармашылығы – адамзат мәдениетінің рухани асыл қазынасына қосылған асыл мұра. Оның философиялық тереңдігімен, көркемдік, эстетикалық қуатымен, мағыналық салмағымен, ғибарттық, тағылымдық мәнімен ерекшеленетін ойлы сөздері халық жүрегіне жол тапқаны мәлім.

Абайтану – қазақ халқының рухани әлемін танудың үлкен бір саласы. Абайтанудың бір ғасырдан астам тарихы бар. Қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі атанған ұлы Абайдың шығармашылығын арнайы тереңдетіп оқыту болашақ педагог мамандардың ғылым мен теориялық дайындығын нығайтып, кәсіби шеберлігін арттыратыны даусыз. Абайтану ілімі рухани негізінде өте күрделі ғылым болғандықтан, оны түсіну үшін үлкен дайындық керек, яғни ұлы ақын мұрасын толық игеру аса ыждаһаттылықты қажет етеді..

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай – ғылыми, рухани әлем қоймасының кілті. Абай әлемі – телегей теңіз, сарқылмас қазына. Абай мұрасын игеру – толассыз мәдени процесс.

Абайтану. Оқу құралы. 2013. Шымкент.
«Әлем» баспасы. 2013 жыл. 5-бет.

Сын әдебиеттің күрделі, жаупкершілігі мол және жауынгер жанрларының бірі екені ешқандай дау тудырмайды. Осы ретте белгілі сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Есмағамбет Самратұлы Ысмайыловтың мына бір пікіріне назар аударсақ: «Сыншылдық өте қиын жанр, мұның дауы мен жанжалы тіпті көп. Осы қиындықтан қорқып шу дегеннен тасалануға, домалақ, жып-жылмағай сындар жазуға тырысатын адамды осы жанрда ұзақ өмір сүреді деп айта алмаймын. Ал, өткендегі сыншылдық дәстүр қазіргі жас сыншыларға көп үлгі, көп сабақ береді», - деп бір түйсе, ғалым өз ойын одан әрі былай өрбітеді; «Сынсыз әдебиет те, ақын-жазушы да өспейтіні кімге болсын белгілі қағида. Сын көрмеген ақын-жазушы жауын көрмеген жер беті сияқты. Онда көгеріп, құлпырып, іштен түлеп, жетіліп өсу деген жоқ. Тамырынан да, жапырағынан да қуарып, мезгілінен ерте

солып, сему басталады. Мұны да өзіміздің әдебиет тарихымыздағы ізгі дәстүрлерден толық көруге болады».

Атақты ғалым айтқан қағидалардан не түюге болады. Шын мәнінде дауы мен жанжалы көп, сол себепті тайсақтық жасап кері шегінетіндер, немесе асыра сілтеп, ағат кететіндер кездесіп жатады. Сондай дауылды, дүрбелеңді жылдарды өзі де басынан кешірген Е.Ысмайылов сол бір кезеңдегі сынның кейбір атқарған ролін былайша бағамдайды: «Бізде аласапыран, дауылды күндердің өткінші құйыны сияқты бірін-бірі «сұлатып», «сойып», «соққыға жыға» есеңгіретіп салатын сындар болды. Партия, әдебиет жұртшылығы қатты күресіп келген бұл сияқты ұрды-жық айғайлардың ешбірі дәстүр де емес, сын да емес. Оларда үйренетін ешнәрсе де жоқ». Бұл ащы да болса тарихи шындық. Сол бір зұлматты кезеңде «өкпеге қиса да өлімге қимайтын» қазақтың - қасиетті әдебиеттің сынын «сойып», «соқыға жыға» пайдалануы тым өкінішті жайт. Мұндай сынмен партияның қалай күрескенін тап басып айту киын, алайда әдебиет жұртшылығының ашу-ызасын, қарғысы мен наласын тудырып келгені ақиқат құбылыс.

Әдебиет тарихы мен сын өнері мәселелері. Оқу-әдістемелік құралы.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті баспаханасы, 2024. 80 бет.

Қазақ халқы XX ғасырдың алғашқы жартысында-ақ азаттыққа, тәуелсіздікке шындап ұмтылды, сол жолда «Алаш» партиясын, Түркістан автономиялық республикасын құрды, алайда мықтап салынған бұғауды үзіп кете алмады.

Туған халқының жанашыры болып, есесі кеткен елінің еңсесін көтеруге ғұмырын арнаған ұлы тұлғалар болды, осылардың ішінде ерекше із қалдырғандары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов т.б. болды.

Ал пролетарлық интернационализмге ұлттық құндылықтарды, таптық төзімсіздікке ұлттық бірлікті қарсы қойған Алаш қайраткерлері мен алаштық рухтағы С.Қожанов сияқты партия қайраткерлерін ақтау кейінге шегеріле берді. Бұл – советтік биліктің қазақ халқына қарсы жасалған зұлым саясаты еді. Қазіргі кезде ашық айтылатын ақиқат мәселе – шын мәнінде Сұлтанбек Қожановтың Алаш қозғалысының айнымас қайраткері болғандығы.

Әділетсіз қоғамның тақсіретін көп тартқан тарихи тұлғаның бірі – алаш азаматы Сұлтанбек Қожанов. Ең бір өкінішті жайт, Сұлтанбек сынды қайсар ұлдың есімі, еңбегі күні кешегі тоқсаныншы жылдарға дейін елеусіз, ескерусіз қалып келгендігі. Қайраткер Қожановтың талант

қыры сан-алуан. Қарт Қаратаудың теріскей бетіндегі шежірелі Созақ жерінде, дәлірек айтқанда Ақсүмбе, Ақбикеш баурайында дүниеге келген ол Түркістан, Ташкент, Орынбор, Қызылорда, Москва т.б. қалаларда оқып, еңбек етіп, қайраткерлік кемеліне келді. Тәрбие көзі ұстаздық еңбек пен ел басқаратын хатшылық, комиссарлық қызметтің қай-қайсысын аткарса да ұлтшыл рухын жоғалтпады. Қиын күндердің өзінде отанын сатқан опасыздармен келіспеді.

Қожановты қайта тану сол тоқсаныншы жылдары жаңа бір күшпен белең алды. Профессор Т.Қожекеевтің, зерттеуші ғалымдар Ж.Әлмашұлы мен мен А.Шәріповтың, жазушылар Б.Қойшыбаев пен Д.Тұрантегінің т.б. әр кезде жарық көрген еңбектері қайраткер бабамызды әр алуан қырынан танытып, талай-талай ақтаңдақтар ақиқаты ашылып жатыр.

Қожановтану. Оқу-әдістемелік нұсқау. Шымкент. «Әлем» баспасы. 2013 жыл. 32 бет.



ОБАЕВА ГҮЛНАРА САДУАҚАСҚЫЗЫ
Философия докторы (PhD), аға оқытушысы
(Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасы)

1972 жылы 29 қаңтарда Ақтөбе облысының Шалқар ауданына қарасты қазіргі «Мөңке би» ауылында дүниеге келген.

1978-1988 жж – Шалқар ауданы Қайыр орта мектебінде, Ақтөбе қаласындағы облыстық мектеп-интернатта (қазіргі М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицей-интернаты) білім алды.

1989 жылы Орал педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1993 жылы үздік бітірді.

1993-1995 жылдары өзі білім алған Орал педагогикалық институтында оқытушы болып еңбек жолын бастады.

1995 жылы Ақтөбе педагогикалық институтына ауысып келіп, сол жылдан бері қазіргі Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып келеді.

2013 жылы С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінде магистрлік диссертация қорғап, гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін иеленді.

2018-2021 жылдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «6D020500-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада білім алды

2024 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап, Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

Қазіргі таңда осы университеттің Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі боп қызмет жасайды.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы, тарихи проза поэтикасы, фольклортану, мифопоэтика, көркем мәтіндегі психологизм, дискурс табиғаты, салыстырмалы әдебиеттану, аймақтық әдебиеттану мәселелері.

Ғылыми еңбектерінде Г.С. Обаева қазақ прозасындағы тарихи сана мен ұлттық таным, фольклорлық дәстүр мен жазба әдебиет байланысы, көркем мәтіндегі психологизм мен дискурстық кеңістік,

мифопоэтикалық құрылым және қаламгер поэтикасы мәселелерін зерделейді. Зерттеулерінің бір арнасы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын, ұлттық идеяның әдеби мәтіндегі бейнелену ерекшелігін, фольклорлық мотивтердің көркемдік қызметін және әдеби туындыны қазіргі әдебиеттану әдіснамасы тұрғысынан пайымдау жолдарын айқындауға бағытталған. Университеттегі көп жылғы ұстаздық қызметінде дәріс беру, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, білім беру бағдарламаларын жетілдіру жұмыстарымен қатар, студенттер мен жас зерттеушілердің ғылыми ізденісіне бағдар беріп, олардың әдебиеттанулық талдау мәдениетін қалыптастыруға үлес қосып келеді.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 100-ден астам ғылыми-көпшілік, танымдық бағыттағы жарияланымдары бар, оқу-әдістемелік құрал – 2, авторлас – 2 оқу құралы, электронды оқу құралы – 2, ұжымдық монография – 1, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда – 5,

Халықаралық, республикалық, аймақтық деңгейдегі конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты.

Әдеби-ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Ресей, Башқұртстан, Өзбекстан, ҚХР, Түркия, Ұлыбритания т.т.) жарияланды.

PhD, аға оқытушы Г.С.Обаеваның кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері төмендегіше берілді:

«XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы» Дәрістер курсы, Алматы: Alem book, 2021. - 168 бет

«Отаршылық дәуірдегі әдебиет» Оқу-әдістемелік құрал, Ақтөбе, 2016, -219 бет.

XIX-XX ғасырбасындағы қазақ әдебиеті: курсы бойынша тестер және глоссарий жинағы. - Алматы: Alem book, 2021. - 220 бет

Обаева Г.С. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы : Тесттер жинағы / Г. С. Обаева. - Ақтөбе : Қ. Жұбанов ат. АӨМУ БО, 2016. - 104 бет

ҚХР Іле педагогикалық институтының студенті С. Бақытқызының «Өмір өткелдері» деп аталатын әңгімелер мен шалқымалар жинағын жарыққа шығаруға жетекшілік жасады (Ақтөбе, 2017).

«ӨТЕЖАН» Ақын Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдығына арналған мүшәйра жинағы. Ақтөбе, 2018 т.б.

«Батыс өңірінің ғашықтық жырлары» электронды оқу құралы. Авторлық куәлік, 2020ж.

«Абайтану» мультимедиялық оқу құралы. Авторлық куәлік, 2019 ж.

Марапаттары:

Ақтөбе облысы, Астана ауданы әкімінің, университет ректорының, салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының алғыс

хаттары (2022, 2024), ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының алғыс хаты (2026), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне 50 жыл мерекелік медалі (2016 ж, куәлік №234), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі (2026 ж., куәлік № 00455)

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

Қазақ әдебиеті тарихының ең бір құнарлы, дәстүрі берік, мазмұны бай кезеңі XIX ғасыр. Бұл ғасыр үлкен – үлкен құбылысты оқиғаларға да, күрделі де шиеленісті әлеуметтік тартыстарға да толы болғандығы дүние тарихының парақтарынан да белгілі. Әлем тарихында XIX ғасыр «Ұлттық сананың ояну» дәәірі ретінде бағаланады. Ондай тарихи кезең құбылыстары қазақ даласына соқпай өткен жоқ. Бұл кезеңде әдебиет пен тарих біте қайнасып, кірігіп кеткендей еді. Соған орай әдебиет те жаңа сапалық дәрежеге көтерілді. Қазіргі әдебиеттануда «жаңа дәуір әдебиеті» деп атала бастаған бұл кезеңдегі әдебиет тарихи алғышарттары мен себеп-салдарларына орай дәстүрлі уақыт талаптарына сәйкес соны көркемдік сокпақтарға ойысты.

(Обаева Г.С. «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы». – Алматы: Alem book, 2021. –168 бет. 3-бет.).

Несомненно, до настоящего времени казахская литература достигла высочайшего уровня в тесной связи с развитием мировой художественной мысли. Однако, не секрет и тот факт, что одно из важнейших требований закономерности творчества – учёт уникальных особенностей национальной литературы – оставалось на втором плане. Это отрицательно сказалось на динамике развития художественного познания. И посему выявление в период суверенности государства закономерности обращения художественной литературы к традиционной этнографии и фольклору с целью расширения художественных горизонтов – веление времени. Только таким образом, как нам представляется, можно определить этапы развития казахской литературы от древней архаичной коллективной идеи до фольклорного поэтического мышления, а в последующем и до индивидуального авторского видения.

(Филологическое образование в период детства : ежегодник / Уральский государственный педагогический университет ; главный редактор Е. Б. Плаксина. – Екатеринбург: [б. и.], 2023. – 208 с. 98-105 бб).

Бүгінгі таңда фольклортану ғылымы бірнеше өзекті бағыттарда дамып келеді. Соның бірі – фольклорды медиамәдени кеңістікте зерттеу. Бұрын негізінен мәтіндік және лингвистикалық тәсілдермен талданған фольклор қазір цифрлық ортада, кино мен анимацияда, әлеуметтік желіде жаңаша репрезентация табуда. Осы құбылыстарды сараптауда Қасқабасов мектебінің рәміздік-мифологиялық талдау әдісі өз маңызын жойған жоқ. Мысалы, батырлар жыры мен ертегілік сюжеттің киноөнімдерде бейнеленуіндегі архетиптік бейнелер мен сюжеттерді саралау – осы мектептен бастау алған жаңа ғылыми бағыттардың бірі. Ғалымның фольклорлық мәтіндерді символикалық, архетиптік деңгейде саралау тәсілі бүгінгі таңда медиамәдени кеңістікте (кино, анимация, театр, мультимедиада) фольклорлық мазмұнның бейнеленуін талдауға тиімді құрал болып отыр. Мысалы, қазіргі отандық киноиндустрияда эпостық жырлар негізінде түсірілген фильмдер («Қобыланды», «Томирис», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» т.б.) мен ертегілік анимациялар фольклорлық сюжеттер мен образдарды көркем тілмен жаңғыртып, архетиптік жүйені заманауи көрерменге ұсынып отыр. Бұл туындыларда батыр тек тарихи тұлға емес, ұлт руханиятының символы, ал оның бастан өткеретін сынақтары халықтың ұжымдық есінде сақталған дүниетаным формасы ретінде беріледі. С. Қасқабасов өз еңбектерінде дәл осы архетиптік құрылымды (батырдың тууы, ерекше қасиеттері, көмекшілермен жолығуы, жерасты не тылсым кеңістіктен өтуі, от пен су сынақтарынан өтуі т.б.) мифологиялық рәміздер жүйесі ретінде қарастырған болатын. Бұл модельдер бүгінгі визуалды баяндау формаларында да сақталып, фольклордың жаңа репрезентациясын қалыптастырып отыр.

(Обаева Г.С. «Сейіт Қасқабасов ғылыми мектебі: дәстүр сабақтастығы мен фольклортанудағы жаңа бағыттар». Академик Қасқабасов феномені: ғылыми мектептер, теориялар және тәжірибелер. ҚР ҰҒА академигі С.А.Қасқабасовтың 85 жылдығына арналған Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: «Evo Press», 2025. – 374 б.)

Әдебиет қайталауды қаламайды, таптаурынды сүймейді. Жазушы өзгенің шындық туралы ойымен санаспайды, ол өзі таныған шындық тұрғысынан шынайы өмірдің көркем бейнесін жасайды. Ол шындық неғұрлым шынайы болса, соғұрлым терең болады. Сөйтіп, әдебиеттің халықтық сипаты тереңдей түседі. Сондықтан да жазушы шығармашылығының халық ауыз әдебиетімен байланысының сырын анықтамай тұрып, оның халықтық негізін талдау мүмкін емес.

(Обаева Г.С. Қазақ драматургиясындағы эпикалық дәстүр жалғастығы. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ хабаршысы, 2023. - №3 (70) 2023, 486- б.)

ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінің алғашқы уығын қалаған қаламгерлердің қатарында болған Бернияз Күлеев, Жиенғали Тілепбергенов сияқты арыстардың артынан Ақтөбе өңірінде талай санлақтар әдебиеттің желісін үзбей бүгінгі күнге дейін жалғастырып келді. Қазір де Ақтөбеде үлкен әдеби орта бар, қалыптасқан әдеби дәстүр бар. Тіпті өзіндік мектеп қалыптасты деп айтуға батылымыз жетеді.

...Міне, осы бір лирикадағы жаңа тыныс біздің өңіріміздің шыққан ақындар шығармашылығынан анық байқалды. Әрине, қазақтың кең даласында киелі жерлер аз емес. Солардың бірі біздің облысымыздағы Жарқамыс аймағы. Бір ғана осы өлкеден түлеп ұшқан лириканың сырбаз Сағиы (Сағи Жиенбаев), «өзі де, өлеңі де қалыпқа сыймай кеткен» Өтежаны (Ө.Нұрғалиев), қазақ өлеңіне қазақ даласындай дархан боз бояуын қосқан Есенбай Дүйсенбайұлы, шындықты айтуда батылдығымен ерекшеленіп тұратын Сәбит Баймолдиндардың шығуы көп ойға жетелейді.

(Обаева Г.С. «Аймақтық әдебиеттанудағы әдеби дәстүр, ақындық мектеп мәселесі». «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары,25 қаңтар 2019 жыл)

Қазіргі заман әдебиетінде фольклорлық элементтер рөлі шығарманың көркемдік идеялық концепциясының мазмұнын байытып қана қоймайды, халықты адамгершілік рухта тәрбиелеуде де үлкен маңызға ие. Көркем әдебиеттің фольклормен байланысын тек этно-генетикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи-әлеуметтік тұрғыдан да біртұтас қарастырған дұрыс. Сонда ғана оның көркем әдебиетпен біте араласып кеткен қасиеттерін, оның көркемдік ерекшеліктерін тереңірек ұғамыз. Сондай-ақ фольклор мен қазіргі әдебиеттің бірінен-бірі туындап, дамып жататын жанрлық принциптерін де ескерген дұрыс.

... Белгілі бір ұлттық ортада өскен, өз халқының өмірін, тарихын, фольклорын жақсы білетін, туған табиғатын сүйетін әр суреткер халық творчествосының бай поэтикалық ауқымынан бөліне алмайды. Көркем сөздің тамаша зергері Ғабит Мүсірепов туралы да дәл осылай айта аламыз. Өз халқының рухани тағдыры туралы ойлардан бір сәт те ажырамайтын жазушының артына қалдырған әдеби мұрасы, ой-толғамдары, публицистикасы бұған дәлел. Суреткер өз

шығармаларында фольклорлық амал-құралдарды, фольклорлық сюжеттер мен сарындарды, фольклорлық кейіпкерлерді аса шеберлікпен пайдаланған.

(Обаева Г.С. «Фольклорлық мотивтер жазушының әдеби-эстетикалық концепцияларының элементі ретінде» Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2020. – №4(70).318-б.)

ОМАР ТОҒАТАЙ ҚАЛТАЙҰЛЫ



Филология ғылымдарының кандидаты. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы. 1967 жылдың 26 ақпанында Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Көкмардан ауылында (бұрынғы Қызылқұм ауданы, «СССР-дың 60 жылдығы» атындағы совхоз) дүниеге келген. 1974-1984 жылдары сол ауылдағы «Ильич» атындағы орта мектепте (қазіргі «Көкмардан» ЖББМ) 10 жылдықты бітірген.

Еңбек жолын аталған совхоздың механикалық цехында көлік жөндеуші (слесарь) болып бастаған.

1985-1987 жылдары әскери борышын өтеп келген соң, 1989 жылға дейін «Көкмардан» ауылдық құрылыс цехында жұмысшы болып істеген.

1989 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түскен. 1994 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіргеннен кейін, жас маман ретінде филология факультеті «қазақ әдебиеті» кафедрасына оқытушылық қызметке қалдырылған.

1995-1998 жылдары Отырар ауданы, Шәуілдір ауылындағы №36 кәсіптік-техникалық училищеде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

1999-2000 жылдары Шымкент қаласындағы «Мұрагер» институтында аға оқытушы, 2000-2004 жылдары Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде аға оқытушы.

2004-2013 жылдары М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет атқарса, 2013 жылдан бастап Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет жасап келеді.

2008 жылы ҚР ҒА М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институтында «XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары» деген тақырыпта (ғылыми жетекші ф.ғ.д., профессор Б.Омаров) кандидаттық диссертация қорғаған.

70 астам ғылыми мақалалардың авторы. Сондай-ақ бірнеше оқулықтар мен көмекші оқу құралдарын шығарған.

Жарық көрген еңбектері:

1. «Жазушы Төлен Әбдікұлының шығармашылық әлемі». Көмекші оқу құралы. ОҚМУ, Шымкент – 2007.
2. «Қазақ тілі пәнінен практикалық сабақтарды жүргізуге арналған жаттығулар жинағы». Әдістемелік нұсқау. ОҚМУ, Шымкент – 2009.
3. «XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары». Монография. ҚҲДУ, Шымкент – 2009,
4. «Бұқар жырау Қалқаманұлының әдеби мұрасы». Көмекші оқу құралы, ОҚМПИ, Шымкент – 2015,
5. «Қазіргі қазақ әңгімелері». Оқу-әдістемелік құрал. «Әлем» баспасы, Шымкент – 2017.
6. «Түркі халықтарының әдебиеті». Оқу-әдістемелік құрал. ОҚМПУ, Шымкент – 2021.
7. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Шымкент. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. – 2025.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. ОҚМПУ 80 жылдығына арналған мерекелік медаль. 2018
2. Түркістан облысы мәслихатының Құрмет грамотасы 2022.
3. «Жоғары білім саласының дамуына қосқан зор үлесі үшін» университет ректорының «Алғыс хаты» 2023.
4. Отан қорғаушылар күніне орай «Университетіміздің дамуына қосып жүрген еңбегіңіз бен ел болашағын тәрбиелеудегі үлесіңіз үшін» университет ректорының «Алғыс хаты» 2025.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Т.Әбдікұлының шымыр да, ширақ жазылған келесі бір әңгімесі “Қонақтар”. Бұл фәниге бәріміздің де қонақ екендігімізді ескерсек, бұл шағын әңгіме тақырыбының өзінде үлкен символдық астар жатқан сияқты. Күнделікті өмірдің күйбеңі біткен бе? Бірақ, біз сол күнделікті өмірдің күйбеңімен жүріп қаншама құндылықтардан ажырап бара жатқанымызға оншама мән беріп, ой жібере бермейді екенбіз. “Ит тойған жеріне, ер жігіт туған жеріне” деген қарапайым қағиданың да байыбына барып, базарына үңілмеппіз. Урбанизацияның терең иірімдеріне көміліп бара жатқан қазақтың қаракөз қыздары мен көгенкөз ұлдарының тағдыры Т.Әбдікұлының ары мен иманынан да шет қала алмапты. Шынында да осы бір шағын ғана әңгіменің көтерген

жүгі бүгінгі таңдағы үлкен проблеманың біріне айналғанын уақыттың өзі көрсетіп отырған жоқ па?

Бұл бүгінгі ата-тегі, ұлттық тамырынан қол үзген "маргинальдарды", ұлттың ұлы мұраттары мен рухани құндылықтарын мойындамай, өзгенің "қансығын" таңсық көретін "нигилистерді", тіпті, бір ұлттың, тұтас бір мемлекеттің мүддесін былай қойып "жаһандану" үдерістерін дәріптеп жүрген "космополиттерді", бір сөзбен айтқанда "мәңгүрттерді" берген кешегі кемелденген социалистік қоғамға жазушының іштей наразылығы десек жарасады.

Ендеше, біреудің қансығы енді біреуге таңсық болған мына заманда "баланды кім болсын деп, қай елге, қай харекетке қосқандайсың" (Абай). Ал осынау ащы шындықты айту үшін де жазушы бүгінгі тәуелсіздікті күтіп жатпай-ақ алдымызға жайып салыпты.

Т.Әбдікұлының шығармашылық әлемі.

Көмекші оқу құралы. ОҚМУ, «Әлем», Шымкент – 2007.

Қырғыздың танымал ырчысы Мұзуке Жаманқарақұлы (қырғызша – Музооке) өз өлеңдерінде қазақ тақырыбын тілге тиек етеді. Ол 1800 жылы Нарын өңірінде туған. Ақынның өмірден озған уақыты жөнінде дерек кездеспейді. Бірқатар қырғыз зерттеушілері Мұзукенің манасшы болғанын айтады. Кезінде жазып алуға көңіл қойылмағандықтан шайырдың ағыл-тегіл ырларынан кейінгі ұрпаққа тек қана «Сары өзен» деген толғау түріндегі шығармасы ғана жеткен. Бұл толғауға Абдысалам Обозканов былайша баға береді: «Ырчы Шуға бірінші рет келгендіктен кең айдынды Шудың бет алдында жайқалып тұрған көркемдік тұрпатына құштарланып, жердің кереметтей сұлулығына шын жан дүниесімен беріліп, бұл өңірдің жанға жайлылығын, өзендерден тұратын негізгі ерекшелігін жан-жақты ашып көрсеткен... Қалай десек те, «Сары өзен» – баяны көлемі аз болса да, жетік шыққан мықты шығарма [54, 11].

Мұзуке – сондай-ақ қырғыз әдебиетінде арқалы ақын ғана емес, дәулескер күйші ретінде де танымал тұлға. Оның қомузбен шерткен «Қаспайыр», «Қоңыр күз», «Керме тау», «Үн алыс», «Қызыл қыз», «Күкүк мен Зейнеп» атты ыр, күйлері белгілі. Тіпті, Мұзуке қырғыз елінің «бұлбұлы» атанған атақты ақын Арыстанбектен ырға келгенде жеңіліп, ал күйге келгенде оны жеңіп кеткен деген де деректер бар [55, 20]. Ал Арыстанбектің кез-келген ақынмен айтыста бет қаратпай жеңетін айтулы жыр жүйрігі болғаны баршаға мәлім.

Халықтың басынан кешкен ахуалын күй тілімен жеткізу бірқатар елдің әдебиетінде бар дәстүр. Бұл қазақ және қырғыз әдебиеттеріне де тән. Әсіресе, қоңсы қонған екі жұрт ресейлік отарлаушылардың боданында болған тұста бұл үрдіс айтарлықтай анғарылды. Осыған орай жазушы Ә.Кекілбаев ұлы күйші Құрманғазының «кері кеткен кер

заманның өзінде жер болып жентектеліп бара жатқан ұлттық сананы желпінтіп, қайратына қайта мінгізердей дауылпаз күйлер шалқытқанын» [56] айтады. Отаршылдар билеген дәуірдегі ауыр ахуалдың күй саздарынан жеткілікті көрініс бергенін өнер зерттеушісі А.Есенұлы да мақұлдайды [57, 61]. Ал «Жанақтың «Кертолғауы», Тоқаның «Төрт толғауы», Ықыластың «Ерден» күйі, Сүгірдің «Кертолғауы» музыкамыздағы «Зар заман» сарындары еді. Бұл әсіресе күй өнерімізде «Кертолғау» деген атпен жиірек көрініс тапты» [58, 63], – деген А.Сейдімбектің пікірі бұл байламды бекіте түседі.

Қырғыз ақыны Мұзуке Жаманқараұлының күйлерінде де дәл осындай сарын болғаны, ол сарын замана запыранын ақтарған ақындардың жырларымен үйлес келгені туралы мәліметтер бар. Бұл толғамдар дәуірдің тынысын шерткен қазақ күйшілері мен жыр төккен ақындарының ой-ниеттерімен де сабақтасып жатады. Мұны «Мұзукенің жоғарыда аталған күйлерінде де Қалығұл, Арыстанбектердің «Замана», «Тар заман» ырларына ұқсас өз дәуірінің мұң-зарын қамтыған астарлы ойлар, зор идеялар жатыр. Тек мұның бәрі қолдың қимылы, қомуздың тілі арқылы айтылады. Кейде мұңды ырлар да қосылып кетеді» [54, 12], – деген зерттеуші А.Обозкановтың тұжырымы да қуаттай түседі. Бұдан түйетін қорытындымыз, заманаңың зауалын әйгілеуге екі елдің арқалы ақындары ғана емес, күйшілері де үлес қосқан. Халықтың қайғы-қасіретін жырмен ғана емес, домбыра мен қомуздың тілімен де жеткізген. Демек, «Дәуіріне наразылық білдірген зар заман ақындары сияқты белгілі күйшілер де осындай әуенге ойысқан. Бұл заманды сезіну ортақтығы өнердің қай-қайсысында да бірдей көрінеді деген сөз» [34, 39].

Сол Мұзукенің «Сары өзен» толғауында қазақ тақырыбы көрініс тапқан. Ол қазақ пен қырғыздың ежелден аралас-құралас, құдандалы ел екенін былайша байқатады:

Ашмаранын алты өзөн,
Аяк, башы жалпы өзөн.
Илеге чейин эл барат,
Илгертен бери карт өзөн.
Өйүзүндө казак бар,
Турмуштан тарткан азап бар.
Бүйүзүндө кыргыз курама,
Кудалашкан адат бар.
Үчүнчү токол алууга,
Калынды казак көп берген.
Кыргыздын кызын алам деп,
Төрт түлүгүн бүт берген [59,13].

Мұндай мысалдар екі халықтың туыстық қарым-қатынасы, алыс-берісі, барыс-келісі ақындардың жырларына арқау болғанын айғақтайды. Кейде осы тақылеттес әзіл-қалжың түрінде баяндалатын, кейде ежелгі дауды қоздырып, намыска тие, қамшылай айтылатын өлеңдер қазақ-қырғыз әдеби байланыстарының өз дәуірінде мығым болғанын дәлелдей түседі.

XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз әдеби байланыстары.

Монография. ҚХДУ, «Нұрлы бейне». Шымкент – 2009. 53-54 бб.

Біз алғашқы тарауымызды «Бұқар жырау мұраларының жиналуы, жарияланауы және зерттелу тарихы» деп тегін алып отырғанымыз жоқ. Өйткені, дәл бүгінгі күнге дейін Бұқар мұрасы күн тәртібінен бір сәт те түсіп көрген емес. Алайда, сол зерттеулердің бәрі бірдей Бұқар мұрасын толық ашып, жан-жақты таныта білді деп тағы айта алмаймыз. Оның үстіне біздің дәуірімізге Бұқар жыраудың ұлан-ғайыр мұрасының ұшығы ғана жетті. Жыраудың толыққанды бағасын беруде оның өміріне қатысты деректердің аздығының қолбайлау болғаны тағы бар. Бір ғана мысал, оның туған, өлген жылдарына қатысты деректерде әлі күнге дейін бірізділік жоқ. Тіпті, оның аты бірде Бұқар, енді бір басылымдарда Бұхар болып басылып жүр. Кезіндегі үстем болған солақай саясаттың кесірінен оған жалған айып, жазықсыз жала жабылған кездер де аз емес. Көбіне біз оның қай ортадан шығып, кім болғанын, яғни, бай болды ма, жоқ әлде кедей табынан шықты ма, деген мәселелер төңірегінде бас қатырумен болдық. Одан қалса, оны сарай ақыны ретінде бағалап, әдебиет аулынан ит қосып құдық. Себебі, оның шығармаларын біз көбіне таптық тұрғыдан, яғни, қай таптан шығып, қай таптың сөзін сөйлеп, сойылын соқты деген мәселелер төңірегінде ғана бағалауға тырыстық.

Екіншіден, Бұқар жырау шығармалары Абылай хан заманының айнасы бола тұра, толғауларындағы Абылай хан бейнесін толықтай қамтып, әділ бағасын беруге енді ғана оң қадам жасала бастады. Бұқар жыраудың бағасын беруде ол өмір сүрген заманның кескін-келбетін, заман шындығын бір жақты ғана бағалаумен шектелдік. Оған тағы бай десе, би десе, хан десе кірпі шешендей жиырылып, ат тонымызды ала қашатын әсіресақ мінезімізді қосыңыз. Міне, осындай көптеген себептердің салдарынан оның қазақ халқының ұлт ретінде болу, не жоқ болу алдында тұрған қоғамдық жағдайдағы ролін, сол кезеңнің айнасына айналған ұлы да, ұлағатты мұраларын келешек ұрпаққа толық таныта алмадық.

Бір ғана отаршылдық ойранына қатысты Асан қайғының жұмбағын шешіп, келешекті көріпкелдей болжаған;

Күн батыстан бір дүшпан,
Ақырда шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк, –
Бастығының аты поп.
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай тарайды.
Құдайды білмес – діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ.
Осы сынды бір кәпір!
Аузы-басы жүн кәпір!
Жаяулап келер жұртыңа.
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Ел қамын айтқан жақсыны,

Сөйлетпей ұрар ұртына – деген сәуегейлігін енді мойындамасқа лажымыз жоқ. Осы толғауының өзі көпке дейін, әр жылдары жарық көрген оның шығармалар жинағына кірмей келді.

Қазіргі сөздік қорымыздан берік орын алып, санамызға сынадай сіңген «мәңгүрттер», «маргинальдар», «негилистер», «космополиттер» сияқты сөздердің шығу тегі мен түп тамыры тым тереңде жатыр. «Мәңгүрт» сөзін алғаш айналымға жазушы Ә.Кекілбайұлы өзінің «Кек» атты әңгімесі арқылы ендірсе, қырғыздың көрнекті жазушы Ш.Айтматов «Боранды бекет» романында бұл сөзді ұлттық трагедия деңгейіне дейін көтерді.

Арналы тарихи тамырынан қол үзіп, ұлттық құндылықтарынан мақұрым қалған осынау бір жандардың шығуына әсер еткен негізгі факторлардың бірі – патшалы ресейдің отаршылдық саясаты екені белгілі.

Ендеше, алдағы келер кер заманның сұрқай сұрынан шошынған «зар заман» ақындарының көріпкелдігіне бүгінде таңданбасқа тағы да шарамыз жоқ.

«Бұқар жырау Қалқаманұлының әдеби мұрасы».
Көмекші оқу құралы, ОҚМПИ, Шымкент – 2015. 5-6 бб.

Бүгінгі жас буын – жаңа толқын деп айдар таққан тәуелсіздіктің арғы-бергі тұсында дүниеге келген жазушының бірі Б.Сарыбайдың шығармашылығы қандай деңгейде? деген сұрақ төңірегінде ой қозғамақпыз. Бейбіттің лирикалық проза стилінде жазған қызықты әңгімесінің бірі – «Рауғаш ерте гүлдейді».

Әңгіменің өзі қызықты басталады. «Университет алдындағы аялдамада адам қарасы көп екен. Жарты сағаттан астам уақыттан кейін

құдайға қараған көліктің біреуі тоқтады-ау әйтеуір. Сол жиырма адамдық шағын автобусқа қырық тоғызыншы болып мен де кіріп үлгердім» [3, 36 б].

Оның аты аталмаса да студент екенін бірден шамалайсың. Әңгіме желісі шап-шағын. Бар жоғы бас кейіпкеріміздің сол автобуста жолығып қалған мектепте оқитын кішкентай қызбен екеуінің арасындағы диалогқа құрылған. Шынында Бейбіттің кішкентай кейіпкері таңдайы тақылдап әлгі өзін мұғаліммін деп таныстырған жігітті өзінің сұрақтарымен біраз тықсырып та алады. Екеуінің арасындағы диалогтың әдемі өрбігені сондай автобус ішіндегі жолаушылардың бәрі екеуінің сөзін бағып қалған. Әңгіменің ең әсерлі жері мына дилогқа көрінеді.

– Сен мені әбден тексердің. Мен де сені бір тексеріп көрсем бола ма ма?

– Болады, неге болмасын.

– Жаңа сен жақсы оқимын дедің, иә. Сен жақсы оқысаң мынаны білуің керек. Көктемде ең бірінші қай гүл өсіп шығады? Ерте өсетін гүлді айтшы, – дедім өзі сияқты тақылдап. Ол мүдірген жоқ.

– Білмей қалса екен деп тұрған шығарсыз. Өкінішіңізге қарай, білемін. Сіз өте оңай сұрақ койдыңыз. Көктемде ең бірінші қауыз жаратын, ерте өсіп шығатын гүл «бәйшешек» деп аталады. Ол барлық гүлден бұрын өсіп шығады. Тіпті, көктемнің шығуын күтпей-ақ, қыстың соңына қарай кардың астында жатып та өсе береді.

– Онда сен де сол бәйшешек екенсің.

– Неге?

– Өйткені, сен де ерте гүлдепсің. Көктемнің шығуын күтпей-ақ ең бірінші болып.

– Жоқ, мен бәйшешек емеспін. Мен деген – рауғашпын. Мені әкем солай атайды. Жақсы көрген кездерінде «рауғашым менің» деп еркелетеді. Сіз рауғашты білесіз бе, ол көп жақтарда өспейді. Тауда ғана, онда да алыс тауларда ғана өседі.

– Білемін. Біздің тауда да өседі. Мен оны жақсы көремін...

– Сіз де таулы аймақтансыз ба?

– Ия, оны қалай білдің?

– Түріңізден байқалады. Оның үстіне мен де сол жақтанмын. Рауғашты көбіне біздің жақтағылар ғана біледі.

– Сонымен, рауғашпын де.

– Ия, рауғашпын. Рауғаш қышқыл болады ғой. Мен де қышқылмын. Сосын рауғаш та ерте гүлдейді. Жаз шыға салысымен піседі. Бірақ бір аяныштысы сол, оның ғұмыры өте қысқа. Қолы жеткендер жеп үлгермесе, тез қатып қалады [4, 39-40 бб].

Ия, қасына інісі мен сіңілісін ерткен кішкентай кейіпкеріміз өз аялдамасынан түсіп қалды. Алайда ол сол автобуста келе жатқан адамдардың біразына жағымды әсер қалдырып кетті. Сіз де кіп-кішкентай, бірақ ерте гүлдеген Рауғаштың ғұмырының тіл-көзден аман, әрі ұзақ болғанын іштей тілеп, қала бересіз.

Қазіргі қазақ әңгімелері. Оқу-әдістемелік құрал.

ОҚМПУ, «Әлем», Шымкент – 2017. 132-133 бб.

«Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті» атты оқу құралы қазіргі әдеби үдерістегі маңызды өзгерістер мен көркемдік ізденістерді жүйелі саралауға арналған. Еңбектің басты мақсаты – тәуелсіздік жылдары дамыған қазақ прозасының мазмұндық, жанрлық, стильдік сипатын жан-жақты қарастырып, студенттерге қолжетімді, ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан сапалы оқу материалы ұсыну.

Оқу құралында үш жанр – әңгіме, повесть және роман аясында тәуелсіздік жылдарындағы әдеби көріністер кезең-кезеңімен қамтылған. Әсіресе, шағын жанр саналатын әңгіме түрінің бүгінгі көркемдік деңгейі, тақырыптық кеңеюі мен стильдік ерекшеліктері терең талданған. Әңгіме жанрының қазіргі әдеби үдерістегі орны мен дәстүрлік сабақтастығы үштаған негізінде – идеялық мазмұн, образдық жүйе және көркемдік шеберлік тұрғысынан зерттелуі еңбектің құндылығын арттыра түседі.

Оқу құралының мазмұны қазіргі әдеби үдерістің үш ірі кезеңін – аға буын, орта буын және жас буын шығармашылығы негізінде топтастыра отырып, көркемдік эволюцияны дәйекті түрде ашады. Бұл тұста тек көркем мәтінді талдаумен шектелмей, жазушылардың дүниетанымы мен қоғамдық шындыққа қатысы да ескерілген. Қазақ прозасының дамуын тек тарихи тұрғыда емес, ұлттық дүниетаным мен рухани ізденістердің көркем көрінісі ретінде пайымдау оқу құралының теориялық және практикалық маңызын арттырады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы.

Шымкент. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ. – 2025. 5-6 бб.



ОМАРОВ БАУЫРЖАН ЖҰМАХАНҰЛЫ
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Омаров Бауыржан Жұмаханұлы 1962 жылы 1 мамырда Қызылорда облысы Арал ауданы Қаратерең ауылында туған. 1986 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, 1998 жылы Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетін, 2006 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін бітірген. 1995 жылы АҚШ-тың Оклахома мемлекеттік университетінде семинар-тәжірибеден өткен.

«Аралрыбпром» өндірістік бірлестігінің жұмысшысы (1979-1981), «Лениншіл жас» («Жас алаш») газетінің тілшісі, аға тілшісі, бөлім меңгерушісі (1986-1994), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистік шеберлік және әдеби өңдеу кафедрасының аға оқытушысы (1994-1996), Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің проректоры (1996-1997), Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары – Қызылорда арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесі төрағасының орынбасары (1997-1998), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға ғылыми қызметкері (докторантура) (1998-2000), ҚР Білім және ғылым министрлігі М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі (2000-2003), ҚР Мәдениет министрлігі Тілдерді дамыту департаментінің директоры, ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Тілдерді дамыту департаментінің директоры, ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Тіл комитетінің төрағасы (2003-2006), «Литер-Media» ЖШС атқарушы директоры (2006-2007), «Астана хабары» газеті бас редакторының бірінші орынбасары (2007), «Айқын» газетінің бас редакторы (2007-2008), Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы (2008), «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры (2008-2009), ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті төрағасының орынбасары, осы комитеттің төрағасы (2009-2010), ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы (2010-2011), Қазақстан Республикасы Президенті Баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі (2011-2013), Қазақстан Республикасы Президенті Баспасөз

хатшысының орынбасары (2013) болды. 2019 жылғы сәуір айынан бері Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болып қызмет істейді.

Б.Ж.Омаров – филология ғылымдарының докторы (2001), профессор (2003), Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (2013), Ұлттық Ғылым академиясының академигі (2020).

1993 жылы «Мұрат Мөңкеұлының әдеби мұрасы» деген тақырып бойынша кандидаттық, 2001 жылы «Қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы (Генезис, типология, поэтика)» деген тақырып бойынша докторлық диссертация қорғады. 3 монографияның, 4 ғылыми-танымдық кітаптың, 200-дей ғылыми мақаланың авторы. Ғылыми еңбектері шетелдерде жарық көрген.

«Зар заман поэзиясы» және **«Зар заман әдебиеті»** атты монографиялары қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс – зар заман ағымын жан-жақты танытуға арналған. Бұл еңбектерде зар заман ақындарының шығармашылығы дәуір құбылыстарымен, ұлттың мақсат-мұратымен байланыстырыла талданып-таразыланады. Зар заман ағымының бастау көздері, даму арналары, өзге халықтар поэзиясынан ұқсастық табуы, ақындардың көзқарас бірлігі жөнінде байыптамалар жасалған. Қазақ әдебиетінің тұлғалы өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Кердері Әбубәкір, Албан Асан шығармалары жөнінде аталған құбылыс аясында жаңаша көзқараспен ой-пікір айтылған.

«Мұрат Мөңкеұлы» атты монографиялық еңбегінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жыр дүлдүлі Мұрат Мөңкеұлының шығармашылық өмірбаяны, әдеби мұрасы, өлең толғауларының шығу тарихы жөнінде жан-жақты баяндалған. Ғылыми айналымға бірқатар тың деректер ұсынылған.

«Қырғыз-қазақ қасіретнамасы» атты атты ғылыми-зерттеу еңбегінде қазақ және қырғыз әдебиетіндегі зар заман ағымының өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктері зерделенген. Отарлаушылыққа қарсы бас көтерген екі ел ақындарының шығармаларындағы ортақ сарын ғылыми тұжырымдарға өзек болған. Аталған әдеби құбылыстың өзге халықтардың поэзиясында ұшырасуы, әсіресе көршілес қырғыз әдебиетінде кеңінен қанат жаюы жөнінде деректер мол келтірілген.

«Бұғауға бағынбаған жырлар» атты зерттеу кітабында зар заман ақындарының шығармашылығы мен жыршылық дәстүрі қоғамдық қатынастар тудырған құбылыстар мен тарихи деректер аясында қарастырылған.

«Ұлттық әдебиет және дәстүрлі менталдік» атты монографиясында (Д.Қамзабекұлы және А.Шәріппен бірлесіп жазған) дәстүрді менталдік пен көркемдік-шығармашылық сананың ара

қатынасы зерттеу нысанасына айналған. Осыған орай өзге елдер әдебиеттерінің үлгілері де қамтылған.

Германияда ағылшын тілінде жарық көрген **«Zar Zaman (Time of Lament) Flow in the Kazakh and Kyrgyz Literature: Monograph (Genesis, Typology, Poetics)»** атты монографиясында түркі халықтары әдебиетіндегі зар заман ағымының ортақ мәселелері қамтылады. Бұл еңбек 2024 жылы неміс, испан, француз, итальян және португал тілдеріне аударылып, халықаралық «Amazon» (Amazon.com, Inc.) интернет-дүкені арқылы сатылымға шығарылды.

«Қазақ, қырғыз, түрікмен әдебиеттері тарихын дәуірлеу мәселелері» (2020) атты монографиясында түркі халықтары әдебиеттері тарихын кезеңдеудің теориялық және әдістемелік тәсілдері жөнінде тұжырымдар жасалады. Бұл елдердің әдебиеттерін ұзақ жылдардан бері зерттеп келе жатқан автор туыс халықтардың сөз өнерінің дамуындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерге назар аударады.

Б.Ж.Омаров – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Жастар одағы мен Журналистер одағының Б.Бұлқышев атындағы сыйлығының (1990), Гуманитарлық зерттеулер саласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың (2014), лауреаты, БАҚ саласындағы Президент Грантының иегері (2007), Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының (2011) лауреаты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2024). «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2013), «Парасат» орденімен (2018), III дәрежелі «Барыс» орденімен (2026) марапатталған.

ОМАРОВ НҰРЛЫБЕК ҚҰРАЛБЕКҰЛЫ



Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы 1973 жылы 9 тамызда қазіргі Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қайнарбұлақ ауылдық округіне қарасты Құрлық ауылында дүниеге келген. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, жоғары білім беру саласының білікті маманы, қазақ әдебиетінің зерттеушісі.

Омаров Нұрлыбек Құралбекұлының ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары: қазіргі қазақ әдебиеті, ғұмырнамалық және мемуарлық романдар поэтикасы, қазақ прозасының көркемдік ізденістері, әдеби үдеріс, түркі дүниесінің рухани мұрасы, әдебиеттану және тілтану мәселелері, сондай-ақ білім беру технологиялары мен педагогикалық инновациялар.

Еңбек жолын 1997 жылы Шымкент қаласындағы №53 жалпы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастады. 2003–2008 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасында оқытушы қызметін атқарды. 2008–2010 жылдары «Практикалық қазақ тілі» кафедрасында аға оқытушы болды. 2011–2012 жылдары университет ректорының көмекшісі қызметін атқарды. 2012–2020 жылдары Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып қызмет етті. 2020 жылдан бүгінгі күнге дейін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті қызметін атқарып келеді.

2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы диссертациялық кеңесте «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық (автобиографиялық) романдардағы тарихи дерек пен көркемдік шешім (Ә.Нұршайықов, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов романдары бойынша)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

Ғалымның ғылыми мұрасы қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелерін қамтиды. Оның қаламынан жарық көрген «Қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер», «Тәуелсіздік жылдардағы мемуарлық романдар» атты монографиялары қазіргі қазақ прозасының даму үрдістерін саралауға арналған маңызды ғылыми еңбектер болып табылады. Сонымен қатар «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық романдар», «Қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер», «XIX ғ. қазақ

әдебиеті тарихы» атты оқу құралдары жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып келеді.

Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы – 200-ге жуық ғылыми мақаланың авторы. Оның ғылыми мақалалары отандық және халықаралық беделді басылымдарда жарияланған. Ғалымның еңбектері Scopus деректер базасына енгізілген халықаралық журналдарда жарық көріп, ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағалануда. Зерттеулерінде әдеби мұраны заманауи ғылыми әдістермен талдау, ұлттық құндылықтарды жаңаша пайымдау, әдеби және тілдік құбылыстардың когнитивтік және лингвомәдени аспектілерін қарастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Омаров Нұрлыбек Құралбекұлының ғылыми-педагогикалық қызметі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Ол 2013 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды. 2018 жылы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі елеулі жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. 2025 жылы тіл саясатын дамытуға ерекше үлес қосқаны және тілдерді дамыту саласын жетілдіруге белсенді атсалысқаны үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Омаров Нұрлыбек Құралбекұлы – жоғары кәсіби біліктілігімен, ғылыми ізденімпаздығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен және жас ғалымдарды тәрбиелеудегі еңбегімен танылған ғалым-ұстаз. Нұрлыбек Құралбекұлының жетекшілігімен 2 PhD докторлық диссертация, 40 магистрлік диссертация қорғалды. Оның ғылыми еңбектері мен педагогикалық қызметі ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына және жоғары білім беру сапасының артуына елеулі үлес қосып келеді.

Ғалымның соңғы жылдардағы ғылыми еңбектері:

Қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер. Монография. Шымкент: «Әлем» баспасы. 2015 жыл, -175 бет.

Тәуелсіздік жылдардағы мемуарлық романдар. Монография. Шымкент: «Әлем» баспасы. 2015жыл, -175 бет.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі тарихи романдар. Монография ҚР Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік, 2021 жылғы «28» маусым № 19034

«XIX ғ. қазақ әдебиеті тарихы». Оқу құралы. Шымкент: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. 2025 жыл, -100 бет.

Forming cognitive activity in primary school students with samples of folk oral literature. (2021). Cypriot Journal of Educational Sciences, 16(5), 2829–2842.

Training of primary school teachers in the use of information technology. (2022). World Journal on Educational Technology: Current Issues. 14(3), 963-975.

Formation of students' communicative competence through game technology. (2022). Cypriot Journal of Educational Sciences, 17(2), 562–572.

Improving the life-long learning model as a response to increasing social and economic pressures on higher education. Critical Education Vol. 14 No.3 (2023)

Self-regulated learning skills to enhance teaching competence. Critical Education Vol. 14 No.3 (2023)

Evaluation of students' attitudes towards blended learning (2024) South African Journal of Education 44(4):1-9.

ОРДА ГҮЛЖАҺАН ЖҰМАБЕРДІҚЫЗЫ



Гүлжаһан Орда Жұмабердікызы, 1968 жылы 03 сәуірде дүниеге келген. Әкесі Ордаев Жұмаберді Баймаханұлы (1936-1994) қарапайым жұмысшы болған.

Г.Орда 1985-1992 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ филология факультетінде білім алды. Филология ғылымдарының кандидаты (1996), доцент (2010), филология ғылымдарының докторы (2010), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (2022). Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және тарих; XX ғасырдағы қазақ әдебиеті; XXI ғасырдағы жаңа дәуір әдебиеті; пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезеңдері: М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында тұрақты қызмет жасап, ғылыммен айналысып келеді.

2007-2010 жылдары Халықаралық бизнес университетінде, 2014 жылдан бері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранттары мен докоранттарына «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Қазақ поэзиясының даму тенденциясы», «Қазақ прозасының дамуы бағыттары» тәрізді пәндерден дәріс оқуда.

Г.Орда – 700-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша бірнеше ғылыми жобалар орындалып, ұжымдық монографиялар жарық көрді. Олар: «Тәуелсіздік дәуір әдебиетіндегі ұлттық пен жалпыадамдық парадигма (қазақ және басқа халықтар әдебиеті негізінде)» (2012-2014), «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» (2015-2017), «Ұлттық әдебиет және еліміздің зияткерлік әлеуеті (Тәуелсіздік дәуірдегі проза)» (2015-2017), «Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер» (1991-2016 жж.) (2018-2020), «Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері» (1991-2021 жж.) (2020-2022) атты іргелі ғылыми-зерттеу жобалары.

Г.Орда 8 ғылыми монография, 5 оқулық, 30-дан аса ұжымдық монографиялардың, 700-ден аса ғылыми мақаланың авторы және 7 библиографиялық көрсеткіштің, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мырзабек Дүйсенов, Мүсілім Базарбаев, Серік Қирабаевтың көп томдық шығармалар жинағын құрастырушысы. 80-ге жуық еңбектің жауапты редакторы және жауапты шығарушы болды. Қазақстан, Қырғыстан,

Әзірбайжан, Пәкістан, Ресей, Беларусь, Чехия, Венгрия, Түркия, Австралия, Индия елдерінің ғылыми басылымдарының авторы ретінде танымал.

Монографиялар:

Жұмабердікызы Г. Алаштың бір ардағы. – Алматы: Рауан, 1998. 87-бет. ISBN

Орда Г. Көркем ойдың құдіреті. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 301 б. ISBN 978-601-7038-09-0

Орда Г. Мүсілім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылымының мәселелері. – Алматы: Арда, 2010. – 368 б. ISBN 9965-778-62-0

Орда Г. Сөз сыры. Зерттеулер мен мақалалар. – Қарағанды: Экожан, 2013. – 390 б. ISBN 978-601-210-089-1

Орда Г. Сөз құдіреті. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б. ISBN 978-601-7505-22-6

Орда Г. Бес арыс: Анықтамалық көрсеткіш. Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы /Р.С.Имаханбетпен бірге/. Алматы: Орхон баспа үйі, 2017. – 100 б., ISBN 978-601-7558-25-3

Орда Г. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы көркемдік ізденістер: Монография. – Алматы: «Arshyn», 2023. – 184 б. ISBN 978-601-211-586-4

Орда Г. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті (1991-2021 жж.): Монография. – Алматы: «Тоғанай», 2024. – 320 б. ISBN 978-601-7154-19-6

Оқулықтар:

Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2018. – 176 б.; ISBN 978-601-07-0950-8;

Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқу құралы (Құраст.: С.Дәрібаев, Г.Орда, А.Сатылова). – Алматы: Мектеп, 2018. – 200 б., ISBN 978-601-07-0998-0;

Қазақ әдебиеті. Әдістемелік нұсқаулық. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқу құралы (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2018. – 128 б.; ISBN 978-601-07-0991-1;

Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2019. – 120 б.; ISBN 978-601-07-1137-2;

Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы (Құраст.: Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова). – Алматы: Мектеп, 2019. – 120 б.; ISBN 978-601-07-1124-2;

Қазақ әдебиеті. Әдістемелік нұсқаулық. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2019. – 68 б.; ISBN 978-601-07-1214-0;

Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2019. – 200 б.; ISBN 978-601-07-1138-9;

Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы (Құраст.: Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова). – Алматы: Мектеп, 2019. – 192 б.; ISBN 978-601-07-1123-5;

Қазақ әдебиеті. Әдістемелік нұсқаулық. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2019. – 104 б.; ISBN 978-601-07-1213-3;

Бейімбет Майлин. Кіт.: Өлкетану. Жалпы білім беретін мектептің 5-7 сынып оқушыларына арналған хрестоматия. 2-бөлім. – Алматы кітап, 2019. – Б.176-179; ISBN 978-601-01-3968-5;

Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2020. – 200 б. ISBN 978-601-07-1451-9;

Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқу құралы (Құраст.: Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова). – Алматы: Мектеп, 2020. – 184 б.; ISBN 978-601-07-1453-3;

Қазақ әдебиеті. Әдістемелік нұсқаулық. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқу құралы (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2020. – 106 б.; ISBN 978-601-07-1449-6;

Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2020. – 311 б.; ISBN 978-601-07-1452-6;

Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқу

құралы (Құраст.: Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова). – Алматы: Мектеп, 2020. – 248 б.; ISBN 978-601-07-1456-4;

Қазақ әдебиеті. Әдістемелік нұсқаулық. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқу құралы (С.Дәрібаев, А.Сатыловамен бірге). – Алматы: Мектеп, 2020. – 112 б.; ISBN 978-601-07-1450-2;

Биобиблиографиялық көрсеткіштер мен сөздіктер:

1. Ордаева Г. Қазақ әдебиеті (Әдебиеттану, сын және өнердің библиографиялық көрсеткіші). – Алматы: ҚР ҒА кітапханасы, 1997. Том 4, 1 бөлім. 310-бет. (Ә.Нарымбетов, Ж.Исаевамен бірге).

2. Ордаева Г. Казахская литература (Библиографический указатель по литературоведению, критике и искусству). – Алматы: РК МН-АН ЦНБ, 1998. Т.4. Ч.2. 88-стр. (Ә.Нарымбетов, Ж.Исаевамен бірге).

3. Ордаева Г. Қазақ журналдарындағы әдебиет және өнер (Библиографиялық көрсеткіш). (Құрастырушы). – Алматы: ҚР ҒМ-ҒА, 1998. 1 кітап, 1918-1941. 290-бет.

4. Орда Г. Мүсілім Базарбайұлы Базарбаев. Биобиблиографиялық көрсеткіш (Құрастырушы және жауапты). – Алматы: ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы, 2007. – 140-б.

5. Орда Г. Серік Смайылұлы Қирабаев. Биобиблиографиялық көрсеткіш (Құрастырушы және жауапты). – Алматы: ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы, 2007. – 205 б.

6. Орда Г. Бақытжан Қауасханұлы Майтанов. Биобиблиографиялық көрсеткіш (Құрастырушы және жауапты редактор). – Алматы, 2012. – 87 б.

7 Орда Г. Қазақша-орысша орысша-қазақша сөздік. Әдебиет және лингвистика / жалпы ред.басқ. М.Б.Қасымбеков, жобаның ғылыми жетекшісі А.Қ.Құсайынов (Құрастырушылар: Г.Ж.Орда, С.С.Қорабай, Б.С.Тоекина, А.С.Исмакова). – Алматы: «ҚАЗақпарат», 2014. – 600 б.

Мемлекеттік және халықаралық наградалар:

М.О.Әуезов атындағы сыйлықтың лауреаты (2002), «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі (2011, Куәлік №04762), Беларусия Жазушылар одағының «За великий вклад в литературу» (2016, Куәлік №272), «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 30 жыл» (2021, Куәлік №14112) медалы, ҚР БҒМ «Құрмет грамотасы» (2016, 2020, 2021, 2023), Қазақстан Республикасының «Құрмет» ордені (2023, Куәлік №8357), Turk Dunyasi kultur ve sanatina yapmis oldugunuz katkilar anisina (Түрік әлемінің мәдениеті мен өнеріне қосқан үлестеріңізді еске алу СЕРТИФИКАТЫ). – (2023, TYRKSOI – SERTIFIKA. – Seri №: 2020 – MA – 085), Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (2024, Куәлік № 00561), Қазақ тілінің

мәртебесін көтеруде шығармашылық белсенділік танытқаны, гуманитарлық салада ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі (2026, Куәлік №444)

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Біз енді қазіргі қазақ әдебиетін сөз етсек те, оның көш басында тұрған алыптар тобын, олардың шығармаларын немесе оның қалыптасуын және одан берідегі өрлеу, өркендеу биігін сөз етсек те, үлкен бір талантты тұлғаның есімін, оның шығармаларын аттап кете алмаймыз. Ол – ұлт әдебиеті негізін қалаушыларының бірі Қошке Кемеңгерұлы дер едік.

Қазіргі қазақ әдебиетінің қалыптасып, аса қысқа мерзімде дүниежүзілік деңгейге шығып, жаңа әдебиет болуын қосқан Қошке Кемеңгерұлының да үлесі бар. Ол тым ерте, қыршын, қырық бір жасында дүниеден өтсе де ұрпағына мол мұра қалдырып кетті. Қолға түскен сол мұраларды жіктеп, зерттей білсек әлі де Қ.Кемеңгерұлының талантына тәнті боларымыз хақ.

Жұмабердіқызы Г. Алаштың бір ардағы. – Алматы: Рауан, 1998. – Б. 85.

Ғали Орманов – қазақ поэзиясында өзіндік айтары, өзіндік үні бар ақын. Ол өз жаңалығымен келді. Алғашқы өлеңдерінен («Алғашқы адым», «Қараймын да асығам») бастап қысқа сюжетті лирик ақын ретінде қалыптасты. Ол «Жарбиған жаман тон, тымақ» киіп қалаға келгенінен («Оң сапар»), «Келсем-ақ болды қалпақты, қоямын іліп Талғарға» – деп Алматының Достық даңғылындағы көп қабатты үйлерде отырғанына дейін көз алдымызда сақтаулы.

Орда Г. Көркем ойдың құдіреті. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – Б. 33.

XXI ғасырға аяқ басқан дәуірде өз алдына үлкен ғылым саласы болып қалыптасқан қазақ әдебиеттану ғылымының да өзіндік қалыптасу, өсіп-өркендеу, қарыштап даму кезеңдері бар. Ұлттық әдебиеттану ғылымының қайнар көзі қайда жатыр деген сауалға жауап іздейтін болсақ, түркі тектес әдебиеттің зерттелу тарихын сонау ежелгі дәуір әдебиетімен байланыстыруға болады.

Орда Г. Мүсілім Базарбаев зерттеулері және әдебиеттану ғылымының мәселелері. – Алматы: Арда, 2010. – Б. 12.

XX ғасыр басындағы әдебиетте отаршылдық езгіге қарсы бой көтерулер ашық көрінді. Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Дулатұлы, М.Сералин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ж.Тілепбергенов, Б.Күлеев, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Н.Орманбетұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Кемеңгерұлы, С.Садуақасұлы, т.б. қазақ ақын-жазушылары халықтың ауыр тұрмысы мен олардың жан айқайын көркем шығармаларына арқау етіп, патшалық отарлаудың езгісінен қажыған бұқара халықтың мұң-зарын жырға қосты.

Орда Г. Сөз сыры. Зерттеулер мен мақалалар. – Қарағанды: Экожан, 2013. – Б. 6.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ ақындары өздерінің шығармалары арқылы тек қана ұлттық емес, жалпыадамдық мәселелерді көтере білді. Көркем шығармаларға қоғам мен заманнан үлкен орын алатын өзекті мәселелер негіз болса, қазіргі қазақ ақындарының шығармаларына арқау болған осындай қоғамдық мәні зор мәселенің бірі – азаттық, бостандық, теңдік.

Орда Г. Соз құдіреті. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – Б. 3.

Зейнолла Сәнік – ұлттық әдебиетті көркем шығар-маларымен байытқан, тарихи тұлғалар туралы бірнеше тарихи-эсселер жазған белгілі қазақ қаламгері. Жазушылық пен зерттеушілікті ұштастырған қаламгердің қаламынан жиырмадан астам ғылыми еңбектер мен көркем шығармалар туды. Этнография мен тарихты зерттей жүріп, қазақтың сан ғасырлық тарихына жан бітірген қаламгердің Қазақстанға келген соң жарияланған Қаракерей Қабанбай, Тұғырыл хан, Демежан батыр, Қайрақбай күйші, Сүлеймен би және басқа тарихи тұлғалар туралы эсселері мен зерттеулері құнды да қызғылықты тың деректерімен көпшілік оқырманды өзіне баурады. Жазушы шығармаларының дені қазақ тарихынан үлкен орын алған тарихи оқиғалар болғандықтан, оларда тарихилық, деректілік басым. Сондықтан негізгі кейіпкерлердің барлығы – өмірде болған, халқына адал қызмет еткен ұлт қайраткерлері.

Орда Г. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы көркемдік ізденістер: Монография. – Алматы: «Arshyn», 2023. – Б. 6.

Балалар әдебиеті – қазақ халқымен бірге жасап, бірге өсіп келе жатқан рухани сала. Көркем әдебиеттің өзге салалары секілді балалар әдебиеті де өз бастауын ауыз әдебиеті үлгілерінен алады. Санамақ, жұмбақ, жаңылтпаш, мазақтама, мақал-мәтел, өтірік өлең, ертегі, аңыз,

әңгіме т.б. сияқты ауыз әдебиеті үлгілерінен жалғасып келе жатқан балалар әдебиеті заман талабына сай өз жалғасын табуда. Ұлттық әдебиеттің барлық дәуірінде де балалар әдебиеті онымен бірге жасап келе жатыр.

Орда Г. Қазіргі қазақ балалар әдебиеті (1991-2021 жж.): Монография. – Алматы: «Тоғанай», 2024. – 320 б.

Оспанова Гүлмария Тұрысбекқызы



Оспанова Гүлмария Тұрысбекқызы 14 тамыз 1970 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданы, Жамбыл совхозында дүние келген. 1996 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «Филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы» мамандығын, 2014 жылы «6М020500 - Филология» гуманитарлық ғылымдарының магистрі, 2018 жылы «5В021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша гуманитарлық білім бакалавры (екінші жоғарғы білім), 2024 жылы «6D021400 - Әдебиеттану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесі берілді. Қазіргі таңда филология факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында доцент міндетін атқарушы.

Оспанова Гүлмария Тұрысбекқызы

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі этномәдени құндылықтар

***

Әдебиетте жалпыадамдық құндылықтар – жеке ұлттық мәдени, рухани игіліктерді сақтап отыратын мәдени құбылыс ретінде әрдайым өзекті. Мәдени кеңістік адамның тұлғалық қалыптасуында аса ықпалды категорияның бірі ретінде ұдайы назарға алынып отырады. Дүниетаным көкжиегін кеңейтіп, жеке тұлғалық тәжірибесін шыңдап, қарым-қатынас, сөйлеу, әрекет айналымындағы ізгілік негіздерін бекітіп, құнарландырып отыратын сөз өнеріне адам баласы әу бастан-ақ тым ынтық, ынталы болды. Ауызша туып, ауызша тарап, ауызша сақталған кезеңдерінде әдеби туынды адамның өмір сәулесін мәңгілік баянды тіршілік нұрымен тұтастандыру бақытын бастан кешіп, түсініп оқу қанағатын әрдайым бағалайды. Әр дәуірдің көкейкесті, рухани зәру құбылыстары өз уақытының адамын бір сәтке де бейжай қалдырмайды. Адамзат тарихи тәжірибе бесігінде үздіксіз тербеліп, ер жету кезеңдерінен өтіп келе жатыр. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі кейіпкердің өмір ортасы мен ой-танымын, шешімді әрекет-қарекетін осыдан бірнеше ғасыр бұрынғы, тіпті бір ғасыр, жарты ғасыр бұрынғы қазақтың бітім-болмысымен біте қайнастыратын оның ішкі тұрақты мазмұны. Ғасырлар бойы ұлттық өмір дағдысынан таңбаланып бекіген ішкі тіні, ұлттық негізі. Бұл бағытта иман, ар-ұят, ынсап, қанағат, ақжүрек,

кеңпейілділік сынды жалпыадамзаттық категориялардың қазақы жаратылысы салтанат құрады.

Жүздеген жылдар жаттың қолтығында жалтақтап ғұмыр кешу бақытсыздығынан енді енші алған қазақ ұлтының этномәдени құндылықтары аса басым қозғалатын да, айналымда жүретін де дара бір кеңістігі – көркем әдебиет.

Қазақ ғұрпының, қазақ салтының, қазақ жанының, қазақы болмыстың қазіргі уақыт жоғалтып алған көп құндылықтың таңбасы, дерегі көркем шығарма аясында сақталып отырғандығы, қазақ қаламгерлерінің әдеби мұраны этникалық айрықшалықта қалыптағаны тұрғысында ауыз толтырып айтарлықтай рухани олжасы бар. Қазіргі қазақ әдебиеті ұлттық мұраттар аясында туып, жасап отырған зор рухани әлеует. Өз алдына бір этномәдени құндылық.

Бүгінгі қазақ әдебиетінде қазіргі қазақтардың психологиясында этностық біртұтас тіршілік құндылықтары әлі де сақталып отыр. Жалпыадамзаттық кісілік ұстанымдар мен этностық бірегей айрықшалық белгілері әр адамның бойында бар. Адам характерін ашуда, даралық дарытуда көркем әдеби шығармада этностық мәдени құндылықтармен құнарландырып отыру – аса елеулі көркемдік факторлардың бірі. Ұтымды да оңтайлы әдіс. Тиімді тәсіл. Ұлттық қасиеттерді қастерлеуде, ұрпақ тәрбиесінде көркем әдеби шығарма көп жүк көтеріп келеді.

Қазақы тұрмыстың тұрақты атрибуттарының бірі – қонақжайлылық. Қонақжайлылық концепті туралы айқын таным түзетін ғылыми негіздемелер бар. Бұл қасиеттің астарында ізгілік, адамдар арасындағы бауырмалдық, адамды сүю, қастер тұту ұстанымдары орныққан. Қазақ қонақты міндетті рәсім деп қана атқармайды. Бұл ең алдымен әдепті білдіреді. Әдептілік категориясының да қазақ халқының ұлттық ерекшелігіне тән сыры мен сәні бар. Әдеп сақтау – ортада, отбасында қалыптасқан мінез-құлық нормалармен санасып отыруға байланысты ұғым.

Ас үстіндегі этикет өз алдына бір тәрбие институты. Кәделі қонақтың лайықты сыбағасын тарту, асқа бата жасау, ас қайыру, үлкеннің кішіге, кішінің үлкенге ілтипатын қосып отырып «асату» рәсімі, «сый аяқ» құю сынды міндетті түрде орындалып отыратын ықыласты сыйласымдық қазақ шаңырағының құты іспетті. Қонақ түспейтін, қонақ күтпейтін үй болмаған қазақта. Ханы да, қарашасы да қолында барын қонаққа тосатын дәстүр атадан балаға жалғасып, қазірде де жасалып отыр. Осында ұлттық бірегейлікке қатысты нақтылауды айқын ажыратып, тұрақты рухани құндылық мәнінде қастерлеуді қажет ететін құбылыстар бар. Бұл, негізінде, ең әуелі кейіпкер болмысынан,

оның мінез ерекшелігінен, әрекет шешімінен көрініс тауып отыратын бірегейлік нышандары.

Қазақ ұлты деген сөз – қазақ тілі деген сөз. Қазақ тілі – қазақ ұлтының қасиетті қазынасы. Өйткені қазақ ұлты өткендегі шексіз бақытсыздықтардың ішінде өзінің адамгершілігінің, дәстүрінің, естеліктерінің, мүдделерінің, қысқасы бүгін өзін ұлт ретінде қалыптастырған барлық қасиетті тілінің арқасында сақталғанын көріп отыр. Сондықтан ең басты этномәдени құндылықтың бірі – қазақ тілі. Қазақ тілінде сақталған этномәдени құндылықтарды, яғни ата-бабамыздан қалған материалдық, рухани және әлеуметтік құндылықтарды, тану және қолдану, оны болашаққа жеткізу ұлттық тілсіз мүмкін емес.

Ұрпақ киесі... Ұрпақ әкелу игілігімен жарылқанған әйел-Ананың зор мәртебесі. Қазақы ғұрыпта аяғы ауыр әйелге толып жатқан құрмет көрсетіледі. Кәде жасалады. Енесі «құрсақ шашу» береді. Жарысқазан дәмін сарымайдай сақтап, ертеден қамдап қояды. Жас келінге енді ауыр көтертпейді. Суық тигізіп алмауын, жайлы, таза орында тынығуын, дұрыс тамақтануын бір рулы ел болып, бір үйлі жан болып қамдайды.

Әйел толғатқанда, бала дүниеге келгенде атқарылар қарбалас қыруар шаруа да рет-ретімен, жөн-жөнімен өтіп жатады. Үш күн шілдеханасы болады. Жас босанған келін қалжа сорпасын ішіп қуаттанады. Дүниеге келген сәби аса айрықша мейірімге бөленіп, хан күткеннен де асып кететін күтім жасалады.

Этномәдени құндылықтардың қайнар көзі ұлттың салт-дәстүрі. Салт-дәстүр – бұл мәдениеттің ежелден келе жатқан семиотикалық жүйесі, адамзат мәдениетін қалыптастырушы фактор бола отырып, ол өзі тіршіліктегі жалпыадамзаттық құндылықтардың жасалу, таңбалану, берілу формасы әрі механизмі. Салт дәстүр қоғам болмысын реттеп, бар және болуы мүмкін қатынастарды анықтай отырып, ол өзі адамзат мәдениетінің іргелі құндылығы болып табылады. Дегенмен, мұнда мұқият қарастыруды талап ететін нәрсе, этномәдени дәстүр мен этномәдени құндылықты шатастыруға болмайды. Этномәдени құндылықтар ұлттың әлеуметтік мәдени ортасынан (экиосферадан) туындайтыны белгілі. Белгілі бір этномәдени ортада әлемге деген құндылық қатынас, оны құндылық ретінде пайымдау жүріп жатады. Адамның ойлары осындай пікірлермен сәйкес келеді, себебі ол қай мәдениеттің тәрбиесін көрсе, сол мәдениеттің құндылықтарымен сусындайды. Мысалы, отқа табыну, отпен аластау, отқа май құю ғұрыпы бұл сонау ежелгі сенім – тәңіршілдіктен қалған ғұрыптар. Отқа май құю деген магиялық ғұрыптар арқылы келіннің сол ошақтың отын ешуақытта өшірмей, маздатып, лаулатып жаға беру, сол үйдің түтінін түтетіп, яғни отбасының беріктігі қастерленеді.

Ғұрып атауы – естірту. Әрекет субъекті – естіртуші адам, нақты осы әңгімеде дүниеден қайтқан адамның өзі. Оны жарықтық Кәкім, қайран Кәкім, марқұм Кәкім деп атаудың өзі аруақты құрметтеуге арналған ұлттық рухани құндылықтар.

Ғұрып әрекеті – психологиялық дайындап, аксиологема-паремиялар көмегімен тұспалдау, басу айту, аруақты құрметтеу, соңғы сапарға шығарып салу, жөн-жоралғы жасау.

Жоқтау. Қазақ халқының салт-дәстүрін құндылық ретінде дәріптеп өз шығармасының көркемдік кеңістігіне сәтті енгізіп жүрген жазушылардың бірі – Айгүл Кемелбаева. Оның *«Көкқия»* атты әңгімесінде халқымыздың келмес сапарға кеткен адамды өлеңмен жоқтап шығару салты керемет көрініс тапқан. Онда қайтыс болған адамды о дүниеге жөнелтудің қазақы ғұрыптары атап айсақ, *шашын жаю, аза тұту, дауыс салу, жоқтау айту, арзу айту, көңіл айту, тұлдау, қырқын беру* секілді ғұрыптар сөз етіледі.

Ат тұлдау – ол аза тұту уақытында жасалатын ғұрып. Марқұмның көзі тірісінде мінген атын құйрық-жалын кесіп күзейді де, еркін жібереді. Тұл атты ешкім мінбей, кейін асына сояды.

Сүйінші – қуанышты хабарды жеткізген кезде жасалатын ғұрып. Сұраушы алдымен хабарды айтпай, «сүйінші» деп сұрап, сұралған адам сүйіншісіне бір кәделі затты беретінін айтқан кезде хабар айтылады. Сүйінші – бұл қуаныш нышаны, жақсылықтың белгісі, кейде адам зарығып, күтіп жүрген жақсы хабардың өтеуі.

Аунату - бұл да қазақтардың ежелден келе жатқан дәстүрлерінің бірі. Халқымыз өз үйіне келген кәделі, сыйлы, жақсы жағынан әйгілі, үлкен адамдар қонаққа келгенде, сол кісі отырған жерге балаларын сол кісіге ұқсасын деп аунатып алатын болған.

Ерулік – бұл жаңа көшіп келген көршілерді тамаққа шақырып, сыйлап қонақ ететін игі дәстүр. Дәстүр астарында жаңа келген көршілердің өзгелермен тез тіл табысып, аралас-құралас болып, жаңа ортаға сіңісіп кетуіне ықпал ету, оларды бөтенсітпеу, адамдарды жақын ету секілді рухани-адамгершілік құндылықтар жатыр.

Жаназа шығару – бұл ислам дініндегі әрі халықтың салт-дәстүріндегі аруақты о дүниеге шығарып салардағы соңғы тілек, онда жаратушыдан осы адамның күнәсін жеңілдету сұралады. Сондықтан жаназаға келушілердің саны қаншалықты көп болса, соншалықты сауабы да көп болып есептеледі.

Ұлттық форма	Жалпы адамзаттық құндылықтар
Сүйінші	қуанышты бөлісу, қуана білу, позитивті ойлау, бауырмалдық
Аунату	жақсыны үлгі тұту, идеалға ұқсасын деп тілеу;
Сыбаға	сыйластық, жөн-жобаны білу, ағайын-бауыр, туған туыс, құда-жекжат арасындағы жақындастық, этикалық нормалар;
Көңіл сұрау	халін білу, этикалық норма, бауырмалдық;
Байғазы	бауырмалдық, ағайындық, жомарттық;
Ерулік	қонақжайлылық, тез тіл табысу, аралас-құралас болу, жаңа ортаға сіңісіп кетуіне ықпал ету, бөтенсітпеу, адамдарды жақын ету секілді рухани-адамгершілік құндылықтар дәріптеледі.
Жоқтау	бұл өмірді, адамды құндылық ретінде есептеу, өмірден өткен адамның қайталанбас қасиеттерін айқындау;
Сыңсу	алғыс айту, қимастық, бауырмалдық қасиеттер;
Көңіл айту	адамгершілік, жұбату, қайғыны бөлісу, адамдар арасындағы шынайы рухани байланыс;
Естірту	психологиялық дайындық жасап, өлімді жеткізу, өзгенің жанына аялай қарау
Топырақ салу	Сауап іс, топырақ салғандар неғұрлым көп болса, марқұмның көр азабы жеңілдейді деген түсініктен туған бауырмалдық, көпшілдікке, әлеуметке үйренуге, екеуара шыдамдылыққа бастайтын қасиеттер

Отарова Ақмарал Нұрғожақызы



Отарова Ақмарал Нұрғожақызы – педагог, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты (2010), Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры (2025). Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Маңғыстау облыстық «Мирас» кеңесінің мүшесі

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары: қазақ әдебиеті, әдебиет теориясы, әдебиет және дәстүрлі мәдениет, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі, маршалтану.

А.Н.Отарова 1963 жылы 24 мамырда Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласына қарасты Қызылөзен елдімекенінде дүниеге келген. 1970-1980 жылдары Ш.Ералиев атындағы (қазіргі М.Әбдіхалықов атындағы) орта мектепте оқыған.

1981-1986 жылдары Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің филология факультеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын «филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы» біліктілігімен «Үздік» белгі дипломымен бітірген.

1986-1995 жылдары М. Әбдіхалықов атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1994 жылы Түпқараған аудандық мәслихатының депутаттығына сайланды.

1995-2003 жылдары Ақтау қаласындағы №24 орта мектепте, №11 мектеп гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, директордың оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Ш.Әленов атындағы облыстық халықтық педагогика атаулы мектебі, Қ.Айтқалиев атындағы республикалық қазақ тілі мен әдебиеті атаулы мектептерінің белсенді мүшесі болды.

2003 жылдан бері Ш. Есенов атындағы КМТИУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, 2013-2023 оқу жылдарында «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, 2023-2024 оқу жылында «Туризм және тілдер» факультетінің деканы, 2024 жылдан бері «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі қызметі, кафедраның профессоры қызметін атқарып келеді.

Ақмарал Нұрғожақызы кафедраның меңгерушісі бола жүріп жаһандық білім беру стандарттарының басты талаптарына сай сапалы

білім беру, саналы тәрбие, білікті ғылыми кадрларды дайындау, академиялық ұтқырлық бойынша халықаралық байланысты нығайтуда, қазақ тілі мен әдебиетін мамандықты игерту құралы, ғылыми білім тілі ретінде танытуда жоғары біліктілігімен көптеген игі іс-шараларды атқарды.

Маңғыстау өнірінің тұрақты дамуында өнірлік сұранысқа ие жаңа мамандықтар В02303-Филология, Маңғыстау жыраулық өнерін дамыту бағытын көздеген жаңа 6В02303-Дәстүрлі музыка өнері мамандығын ашу ісін үлкен жауапкершілікпен атқарып шықты.

Ақмарал Нұрғожақызы университет имиджін қалыптастыру, дамыту мақсатында білімалушылар үшін елімізге, өлкемізге белгілі тұлғалар Әбіш Кекілбаев (2018ж), Ғұбайдолла Айдаров (2019ж), Фариза Оңғарсынова (2021ж), Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы (2022ж), Латын жазулы қазақ тілі (2021ж) Абай Құнанбаев (2022ж), Сайын Шапағатов (2026ж) атындағы заманауи үлгідегі атаулы аудиторияларды демеуші мекемелер көмегімен жасақтатып шықты.

«Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» білім беру бағдарламалары бойынша әдебиет тарихы, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиеттанудың өзекті мәселелері, өлке әдебиеті пәндерінен дәріс оқып, практикалық сабақтар жүргізеді. «Өлке әдебиеті», «Маңғыстау ақын-жыраулар шығармашылығы» оқу курстарының бағдарламасын жасап, оқу процесіне ендірді.

А.Н.Отарова – Еңбектегі жетістіктері үшін ҚР БҒМ Құрмет грамоталарымен (1994, 2015, 2021, 2024), ЖОО Қауымдастығының «А.Байтұрсынов» алтын медалімен (2019), ҚР БҒМ министрлігі «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2023), Университет дамуына қосқан үлесі үшін «Есенов» төсбелгісімен (2021) сонымен қоса бірнеше атаулы төсбелгілер, мерекелік медальдармен, бірнеше рет Облыс әкімінің Құрмет грамоталары, университет ректорының Құрмет грамотасы, Алғыс хаттарымен марапатталған.

А.Н. Отарова– отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен жинақтарда жарияланған 200-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. ҚР ҒЖБМ 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру негізіндегі "Маңғыстау топономастикалық ареалы: тарихи топономия, топобейнелер және оларды инерпретациялау" тақырыбындағы жобаның мүшесі ретінде ғылыми жобасын орындауға атсалысты.

2024-2026 жж. «BR24993043 Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» нысаналы-бағдарламалық жобасының мүшесі,

А.Н.Отарова – 3 монография мен бірнеше оқу және оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Оның «Маршал Әбдіхалықовтың әдеби әлемі» (2016), «Көркем шығарма поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық» (2020), «Маршал Әбдіхалықов публицистикасы» (2024) монографиялары мен «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» (2008), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (2010), «Өлке әдебиеті» (2012), «Діни-ағартушылық бағыттағы әдебиет» (2016), «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» (2019), «Маңғыстау ақын-жыраулар шығармашылығы» (2021), «XX ғасыр басындағы алашшыл әдебиет» (2022), «Ағартушы-демократтық бағыттағы әдебиет» (2023), «XX ғасыр басындағы әдеби бағыт және Алаш зиялылары» (2024), «Маршалтану» (2025), «Маңғыстау әдебиеті» (2026) т.б. оқу құралдары жарық көрген.

А.Н.Отарова ҚР Тіл туралы заңы мен Тілдерді қолдану мен дамытудың бағдарламасын жүзеге асыруда, аймақтағы тіл, әдебиет пен мәдениетті зерттеу мен дамыту мәселелеріне белсене араласып, тіл, әдебиет пен мәдениетті зерттеу мен дамыту мәселелерін көтеретін бірнеше конференцияларды өткізді.

Республикалық және облыстық баспасөзде білім мен тәрбие, рухани даму мәселелерін көтерген көптеген мақалалары жарияланған.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

ЖОО Қауымдастығының «А.Байтұрсынов» алтын медалі (2019).

Ш.Есенов атындағы КТИУ-дің «Шахмардан Есенов» медалі (2021).

ҚР БҒМ «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі (2023).

Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының 140 жылдығына арналған төсбелгі (2023).

«Ә.Кекілбаевтың туғанына 85 жыл» мерекелік медалі (2025).

«С.Шапағатовтың туғанына 85 жыл» мерекелік медалі (2026).

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қаламы қарымды жазушы жазушылықтың столына отырмас бұрын өмірдің ортасында қоян-қолтық араласып жүреді. Жетібай, Өзен, Қаражанбас, Қаламқас кен орындарындағы сорлы жерлерге бұрғылау мұнараларының қалай апарылғанын, бұрғының жер қойнына бойлау әдісін өз көзімен көреді. Солардың бәрін әуелі барлаушы жанр - очерк, суреттемелер үлгісімен оқырмандарын сусындатып алады.

Жазушы М. Әбдіхалықов "Жердің асты жеті қат" романында еліміздегі мұнайлы өңір Маңғыстаудағы еңбек тынысын, бүгінгі таңда егеменді еліміздің ең бір табиғи мұнай, газ қорына айналған аймағының жер тарихын, мұнай кәсіпшіліктерінің соңғы жылдардағы тыныс-тіршілігін, қол жеткізген жетістіктері мен өндірісте орын алып отырған олқылықтарын нақты тұлғалар арқылы бейнелеп, оқырманға көркемдік

жолмен жинақтап көрсетуге деген үлкен талап қойған. Талайлардың тісі батпай жүрген маңызды да актуальды обьекті – жұмысшылар, техникалық интеллигенция, мұнайшылар тақырыбына барлау жасаған М.Әбдіхалықовтың тұңғыш алымды талабы құптарлық маңызды қадам болды.

Әдебиет – халық өмірінің идеялық-эстетикалық айнасы десек, оның ілгерілеуі, өсуі халықтың өткеніне көркемдік байыптау, қорытындылар жасау арқылы болады. Қазіргі заман мен өткен уақыттың байланысы, сабақтастығы тарихи тақырыпты игеру нәтижесінде ғана мүмкін болады.

Отарова А.Н. Маршал Әбдіхалықовтың әдеби әлемі : монография. – Ақтау:Ш. Есенов университеті, 2016. – 100-101-беттер.

Романда Сүйінғара өмірінің соңғы кезеңдері, жасы ұлғайған кезі сөз болады. М.Әуезовтен кейін тарихи тақырыпқа жазып жүрген авторлардың қай-қайсысы да бас кейіпкерлерінің өмірін немесе суреттелініп отырған өмір құбылыстарының тобын түгел қамтуды мақсат етпейді. М.Әуезовтің өзі де ұлы Абай өмірінің он үшке шыққан кезінен бастап суреттейтін. Осы таңдаудың өзі Абай өмірінің басты кілті екендігін тап басқан жазушының суреткерлігін танытады.

"Сүйінғара" романында да осы дәстүр негізге алынып бас кейіпкердің жасының жетпіске келіп, ұлғайған шағы болса да ең бір маңызды кезеңі таңдалған. Ең бастысы – батырдың ешкімге бас имейтін асқақ рухы көрінеді. Хан, сұлтан алдарында да еш уақытта өз басын төмендетпеген, аласармас өрлік, биік намысы оны көре алмаған, қызғаншақ көптің көз алдында шыққан биігінде қалады. Жазушы шығармаға ірі тарихи тұлғаны арқау қыла отырып, кейіпкерді оқырманның тарихи тұлға ретінде тануға мүмкіндік берерлік ірі әрекеттерін бөліп көрсетеді. Сүйінғара өмірде басынан кешкен, араласқан ең ірі оқиғалар, іс-қылықтарымен тартымды болуы үшін қаламгер кейіпкердің тарихи қайраткерлік тұлғасын кең тұрғыда алуды ойластырады. Сүйінғараның жасы ұлғайған шағында да халқымен бірге болып, ел басына түскен қиыншылықты қайыспай көтерерлік, әлі де қолбасшылық, баһадүрлік іс-әрекеттерге баруы жеке бас қасиеттерімен ұштастырыла өріледі. Қаламгер тарихи фактілер, мұрағат деректеріне сүйене отырып, өз шығармасында ел аузынан естіген естелік әңгімелерімен толықтыра от ырып, көркем туындыны жарыққа шығарды.

Отарова А.Н. Көркем шығарма поэтикасы: дәстүр және жаңашылдық: монография. – Ақтау: Ш.Есенов университеті, 2020. – 119-120 беттер.

М.Әбдіхалықов журналистикаға араласқан алғашқы жылдарының өзінде-ақ елімізде болып жатқан көкейтесті оқиғаларға, жаңадан ашылып жатқан қоғамдық маңызы зор ірі өндіріс орындары, алып құрылыстар мен кәсіпорын, зауыттардың бүгінгісі мен болашағы қалай деген мәселелерге дер кезінде үн қосып, оның тамырын дәл басып жариялай алды.

Маршал Әбдіхалықовтың алғашқы кезең жылдарында жазылған публицистикалық шығармашылығының дені өндіріс тақырыбына арналды. Қаламгер публицистикалық шығармаларында жаңа тақырыпты игеру жолында алғашқы барлау, іздену әрекеттерімен қоса, өндіріс сырына қаныға түсу, өз кейіпкерлерімен жақынырақ араласу, дамылсыз еңбектену нәтижелерін көрсетті. Публицистикалық шығармашылығындағы басты ерекшелік – халықтық сипаттың басымдылығы. Автордың алғашқы кезеңдегі қай шығармасында да күнделікті тұрмыс-тіршілік, халық өмірінің шынайы көріністері басты орында тұрады. Ел-жерді көп аралаған, әр алуан адамдармен кездескен, өмір оқиғаларын, кейіпкерлерді де ойдан емес, шынайы өмірде болған еңбек адамдарының арасынан табады. Негізгі кейіпкерлері – малшы, шопан, балықшы, бұрғышы, мұғалім – қарапайым халықтың өкілдері. Олардың тұрмыс-тіршілігі, қуаныш-реніші, көбімізге белгілі болғанымен, Маршал осы әр түрлі көрініс-жайттардан өзінше қорытынды шығарады, зерттеп зерделейді. Ол публицист ретінде өлкедегі сан түрлі шаруашылық мәселелерін шығармаларына өзек етеді.

Отарова А.Н. Маршал Әбдіхалықов публицистикасы: монография. – Ақтау: Ш.Есенов университеті, 2024. – 29-30 беттер.

Сонау заманда Сыпыра жырау негізін салған «Қырымның қырық батыры» жырлары кезінде батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау өңірі бойында кең тарап, оны жүйелі дәстүрі ғасырдан ғасырға ұласқан. Бұл дәстүр әр дәуірде дарынды жыраулардың дүниеге әкеліп отырған. Жоғарыда аталып өткен жыршы-жыраулар осы дәстүрдің дамуына үлес қосқан өнерпаздар. Сол дәстүрді дамытып, біздің дәуірімізге жеткізуші – осы Мұрын жырау Сеңгірбекұлы.

Мұрын батырлық жырларды қандай ұзақ болса да, бір-екі айтқаннан-ақ ауызша үйреніп, жаттап алатын аса зерек, қабілетті кісі болған. Оның өзінше дамытып, тыңдаушыға қызытыратындай сан түрлі саз-әуенмен жырлап отырған. Ол жыр айтып көптеген жерлерді – Маңғыстаудың ойы мен қырын, Атырау алқабын, Қарақалпақ, Өзбек, Түрікпен елдеріндегі қазақ ауылдарын аралайды. Мұрын өзі айтқандай Хиуа, Бұқар, Байрамалы, Теджент, Көне Үргеніш, Нөкіс секілді отыздан астам қалаларда болып, жыр айтып,

атағы жайылған. Мұрын қырық жасқа келгенде жыр айтуды азайтып, өзінің ата кәсібі зергерлік, ұсталықпен айналысады. Бұл кездерде оған Сәттіғұл, Дүйсенбай, Айткұл, Сәду, Өткелбай, Шамғұл секілді ақындар мен жыршылар келіп, жыр тыңдайды. Мұрын жыраудың орындауымен XX ғасырдың ортасында хатқа түскен *"Қырымның қырық батыры" жырлар циклі* – бір ғана емес, ноғай, татар, қарақалпақ, өзбек, башқұрт т.б. бірнеше түркі халықтарына ортақ поэтикалық туынды.

Отарова А.Н.Өлке әдебиеті:оқу құралы. – Ақтау: Ш.Есенов университеті, 2023. – 98 бет.



САМАТ ӨТЕНИЯЗОВ

Самат Көшенұлы ӨТЕНИЯЗОВ 1950 жылы 2 ақпанда Түркменстанның Коне Үргеніш қаласында мұғалімдер отбасында дүниеге келген.

Негізгі еңбек жолын 1968 жылы Алматыда Алматакультбытстрой трестіне қарасты құрылыс басмасқармасында бетоншы және ағаш ұстасы болып жұмыс істеген. Құрылыста жұмыс істеп жүріп 1970 жылы № 39 мектептің жұмысшы жастарға арналған кешкі бөлімінің 11 класын бітіріп кәмелеттік аттестат алған. 1972 жылы Алматы қалалық комсомол ұйымының жолдамасымен Москва университетіне қарасты Шығыстану институтіне барып бағын сынаған. Бұл қара шаңырақта С.Өтениязов Түрік тілі және әдебиеті бөліміне қабылданады. Сол кезде бұл мамандықтың келешегі жоқ екенін көрген соң ол Ташкент шет тілдер институтіне, одан соң Одесса Мемлекеттік университетін (Испан тілі және әдебиеті бөлімі, факультет Романо германской филологии) бітірген (1978).

С.Өтениязов Республикамызда белгілі белгілі испанист ғалым және аудармашы, әдебиет және тарих зерттеушісі. Аттиланың әлем әдебиетіндегі орнын кең көлемде зерттеген ғалым (8 кітаптың авторы). Қазіргі Қазақстандағы Шоқантанушы ғалымдардың көшбасшысы, Қазақ мемлекеті мен Билер институтінің зерттеушісі...

Испан тілінің маманы 1977-79 жылдары Одессаның Рыбный портында қызмет істеген.

1979 ақырында Алматыға келген соң ӨНЕР баспасында жұмыс істеген.

1981-1999 жылдары ҚазССР Ғылым Академиясы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтінде ғылыми қызмет атқарды.

1997- 2000 жылдары ҚР Сыртқы Істер министрлігіне қарасты Дипломатиялық академияда испан тілінен сабақ берді. Және сол жылдары (1998-1999) Кубаның Қазақстандағы елшілігінде аудармашы және кеңесші қызметін атқарды.

1999-2003 жылдары Қазақ Академиялық университетінде басшылық қызметте (Кафедра меңгерушісі, Декан, Бірінші Проректор) болған.

2003-2018 жылдары Аблайхан атындағы Әлем тілдер университетінде және Қазақ Америка университетінде испан тілінен және латын тілінен сабақ берді.

2018 жылдан бері Әл Фараби атындағы ҚазҰУ де испан тілінен сабақ береді.

Самат Өтениязов СССР Журналистер Одағының мүшесі (1981).

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі (2024)

СССР Шығыстанушылар Одағының мүшесі (1985)

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, (2023)

Халықаралық журналистік қызметі: – 1991-2001 жылдары CENTRAL ASIA NEWS FILE (Лондон, Англия) журналында Орта Азия мен Қазақстан бойынша корреспонденті болды.

Ғылыми дәрежесі Тарих ғылымының кандидаты (1993), Испан тілі мен әдебиетінің профессоры (2001, Мадрид университеті).

Ол белгілі **аудармашы** – испан, орыс, шағатай тілінен аударған көлемді кітаптары бар.

Оның аударма саласындағы еңбектеріне тоқталсақ – ол үш саладан тұрады. **Испан тілінен** аударғандарының ішіндегі көлемдісі Ромуло Гальегостың *(Венесуэло) «Донья Барбара»* романы. Дүние жүзінің барлық тілдеріне аударылған және ең көп басылып шыққан осы романның үзінділерін С.Өтениязов республикамыздың газет журналдарында жариялаған еді. Алайда толық күйінде ҚР Мәдениет министрлігінің тапсырысымен 2012 жылы жарық көрді.

Орыс тілінен аудармалары негізінен Ш.Ш.Уәлихановтың еңбектері болды. Ол аудармалары 1985 жылы ұлы ғалымның 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде тойлаған кезде баспа бетінде жарияланды.

Шағатай тілінен Қ.Жалаиридың «Шежірелер жинағы» атты еңбегін аударып, 1997 жылы «Қазақстан» баспасында жарық көрді...

С.К.ӨТЕНИЯЗОВТЫҢ жарық көрген кітаптарының тізімі

Шоқанмен қайта кездесу. А. «Қазақстан» баспасы. 1990. 9 п.л.

Шоқан өскен орта. А. «Ғылым» баспасы, 1995, 11 п.л.

Аттила (монография) А. «Арыс» баспасы. 2000. 12 п.л.

Шоқан Уәлиханов . Серия Знаменитые люди Востока. ТОО «Аруна Ltd 2006. 17 п.л.

Чокан Валиханов. Серия Знаменитые люди Востока. ТОО «Аруна Ltd 2006. 17 п.л.

Аттила Серия Знаменитые люди Востока. ТОО «Аруна Ltd 2006. 17 п.л.

Аттила (на русском яз.) Серия Знаменитые люди Востока. ТОО «Аруна Ltd 2006. 17 п.л.

Ер Шабай. (монография)А. Республикалық оқулық баспа орталығы. 2010.17 п.л.

Адай тайпасы- Балықшылар. (Монография) А. 26.5 п.л. 428 стр

Аттила және оның әлем әдебиетіндегі орны. А. «Қазақ университеті», 2021. 26 п.л.

Аттила және оның Еуразия тарихындағы орны. Екі том. А. «Атамұра» баспасы. 2023.

Аттила және оның Еуразия тарихындағы орны. Екі том. Түрік тіліне аударылды, Түркияда жарық көрді (2025).

Әбілхайыр және оның Қазақстан тарихындағы орны. А. 2025. 25 б.т.

Ш.Ш.Уәлиханов - жихангер зерттеуші. А. 2025. 29 б.т.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы, А. 2025. 30 б.т.

Аудармалары

Испан тілінен:

Ромуло ГАЛЬЕГОС (Венесуэло). Доня Барбара. А. «Словарь Сөздік» баспасы. 2012. 36 п.л.

Кастилия мен Леон жұмбақтары. Қазақ тіліне жолма жол аударылды. Әдеби поэтикалық нұсқасын Қадыр Мырзалиев жасады. А. 1997. 10 п.л.

Латын Америка жазушыларының әңгімелері. Жалпы саны он беске жуық. Әртүрлі газеттер мен журналдарда жарияланды.

Орыс тілінен:

1. Ш.Ш.Уәлихановтың шығармалары. Мына кітапта: Ш.Ш.Уәлиханов А. «Жазушы» баспасы. 1985...

Шағатай тілінен:

1. Қадырғали Жалаири. Шежірелер жинағы. А. «Қазақстан» баспасы. 1997. 10 п.л.

С. Өтениязов Аттила мен Хундар тақырыбын Одесса университетіндегі студент кезеінде бастап өмір бойы зерттеген. Ол осы тақырыпқа арнап сегіз рет кітап шығарыпты. Соңғы кітабы түрік тілінде Түркияда жарық көрді...

2021 жылы Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаевтың басшылығымен ***«Аттила және оның әлем әдебиетіндегі орны»*** атты кітапты жарыққа шығарғаны үлкен қуаныш болған еді. Бұл кітап оның аталған тақырыпқа шығарған **алтыншы** кітабы еді. Міне соның артынан іле шала Атамұрадан екі том болып жарық көруі (2023) нұр үстіне нұр болды.

Қорыта айтқанда – ештен де кеш жақсы дегендей, ақыр соңында аталған тақырып зерттеуі екі том болып жарыққа шықты. Бұл үлкен жетістік және үлкен жаңалық... Қазақ гуманитарлық ғылымының өте үлкен табыстарының бірі еді. Бұл кітап қазақ елінің әрбір үйінде тұрса артық болмас еді. Әрине қазіргі қиын жағдайда солай бола қояр ма екен???

Барлық Түркі тілдес халықтардың бабасы, яғни төркіні хундар және Хун ордасы. Олардың мемлекеттік дәрежеге көтерілуі б.э. бұрынғы III ғасыр... Біз шынында Хун ордасының мұрагеріміз. Біздің түркі халықтары хундардардың тек тілін ғана алған жоқпыз. Сондай – ақ олардан жазу сызуды да (орхон енисей жазбасын да) алғанымыз С.Өтениязов зерттеуінде кеңнен көрсетіледі.

С. Өтениязов осы Хун ордасы мен Аттилаға арналған зерттеуін сонау бесінші ғасырдағы тарихи этнографиялық материалдарды осы күнгі қазақ халқымен салыстыра зерттеген. Еуразия тарихында ерекше орын алатын Хун ордасының асыл әдет ғұрыптарын осы күнге дейін түгел жеткізген қазақ халқы екенін дәлелдейді. Бабаларымыздың зергерлік бұйымдары тағдырын кең көлемде зерттеген.. Екінші томда Аттиланың Еуропа тарихы, әдебиеті мен өнеріндегі орнын жан жақты көрсеткен...

Бұл басылымның ең үлкен жаңалығының бірі Аттиланы көзбен көрген жазушы **Прискустің** біздің заманға жеткен кітабының үзіндісін алғаш рет Қосымша бөлімге кіргізгені нұр үстіне нұр болған. Бұл біздің гуманитарлық ғылым үшін үлкен сый екенін мақтанышпен айтамыз.

Прискустің аталған аса құнды еңбегі Еуропаның барлық тілдеріне аударылып XIX ғасырдан бері зерттеушілердің үлкен табысына айналды. Ресейде XIX, XX, XXI ғасырларда үш рет жарық көрді. Ал Қазақстанда алғаш рет С.Өтениязовтың осы аталған екі томдық зерттеуінде жарық көрді. Демек осы күнгі және болашақ зерттеушілерімізге үлкен сый болды.

***

Аттила мен Кримхилда

Көп ұзамай Аттиланың германдықтардың және бір корольдігі Бургундиямен қатынасы басталды. Әртүрлі себептермен болған қақтығыстар нәтижесінде хун әскері 437 жылы орталығы Вормс қаласы болған Бургундияны түгелдей талқандады.

Осынау үлкен соғыс пен Бургундияның күйреуіне негізгі себеп, яғни хундармен соғыстың басталуына германдардың Франк королінің баласы Зигфридтің қаза болуы еді.

Осы оқиға туралы герман халықтарының батырлар жырларында аса қызықты және нақты деректер береді. Осынау қақтығыстың және соның ақырында Бургун корольдігінің құлауы былай болған еді.

"... Бургун корольдігінің орталығы Вормс қаласында патшалық құрып тұрған – Гунтер және оның туысқандары. Зигфрид - Рейн өзенінің төменгі жағындағы Франк королінің баласы, Гунтердің қарындасы Кримхилданың керемет сұлулығын есітіп, Вормс қаласына барады.

Батыр жігіт Зигфрид келе сала Гунтердің әскери жорықтарына көмектеседі. Бір күні жеңістен кейінгі ұлы той үстінде ол Кримхилданы көреді. Ғажайып сұлу қызды көрген жас батыр жан-тәнімен ғашық болады. Сонда ол Гунтерге өзінің өтінішін білдіреді. Қарындасы Кримхилда ұнатса, қарсы болмайтындығын айтып, Гунтер келіседі, бірақ Гунтерге Зигфрид көмектесуге тиісті болады.

Гунтер өзі Исландияда патшалық құрып тұрған Брюнхилда сұлуға ғашық екен. Қайткен күнде де оған үйленбекші болады. Осы жағдайын айтып Зигфридтің көмектесуін өтінеді, әрине бұған жас батыр қуана келіседі. Сонымен ол Гунтердің бұл әскери жорығына үлкен көмек көрсетіп басын талай қауіп-қатерге байлайды. Зигфрид көп қиыншылықпен қолы жеткен Брюнхилданы аман сау алып келіп өзінің досы Гунтерге табыс етеді. Алайда Брюнхилда Зигфридке өзі ғашық болып қалған екен. Брюнхилда Вормс қаласына келгенге дейін Зигфридке ғана тұрмысқа шығамын деп ойлап, алданып қалғанын білмеді. Ал Зигфрид оны алдап әкеліп, Гунтерге қоса салды. Көп ұзамай әйгілі сұлу Кримхилдаға өзі де қосылады.

Біраз уақыт өткен соң ханшалардың арасында болмашы нәрседен жанжал шығады. Бір күні Брюнхилда Кримхилданың белдігі мен сақинасын көріп қалады. Бұл белдік пен сақинаны неке күні Зигфридке Брюнхилда берген екен, содан соң оларды ол өз қалыңдығы Кримхилда сұлуға әкеліп сыйлапты. Кримхилданы шын сүйген жас батыр Зигфридтің бір құпиясы осылай ашылып қалады. Осы жанжалды жауыз Хаген өз пайдасына шешеді, себебі ол бұрыннан Зигфридпен бақталас болатын және Кримхилда сұлуға ғашық еді. Бургунд королінің вассалы Хаген фон Тронье Брюнхилданың кегін қайтармақшы болып тілек білдіреді, бұған Гунтер қарсы болмаған, себебі ол өзі де Зигфридтен Брюнхилданы қызғанып жүр екен. Жауыз Хаген аңға шыққанда жас батыр Зигфридті қапыда қастандықпен өлтіреді. Осылайша Кримхилдадан Зигфридтің барлық мұрасын және Нибелунга байлығын тартып алады.

Қайғыға батқан Кримхилда сұлу сүйген жары Зигфридтен айырылған соң ағасы Гунтер мен Хагеннен кек алуды ойлайды. Біраз уақыт өткен соң Кримхилда сұлу Хун Ордасының королі Еділге (Аттилаға) тұрмысқа шығады (немісше Этіл, Etzel).

Хун королі Аттиланың сол кезде әйелі қайтыс болған екен. Оның үстіне ол Кримхилдаға бұрыннан ғашық екен. Кримхилда сұлу да жігіттің сұңқары Аттилаға ғашық болып тұрмысқа шығады. Бір күні Кримхилда Зигфридтің кегін алу үшін өз туыстарын қонаққа шақырады. Бургундияның даңқты төрелері келген соң Кримхилда үлкен той жасайды. Ұлы думан той үстінде кенеттен кескілескен төбелес басталады. Осы төбелесте бургундиялық төрелер бірінен соң бірі хун

жігіттерінің қолынан соққыға жығылады. Аттиланың күшті вассалдарының бірі остгот Берндік Дитрих Гунтер мен Хагенді тұтқынға алады. Кримхилда екеуін де өлтіруге бұйрық береді. Зигфридтің барлық байлығын беруден бас тартқан зұлым Хагенді Кримхилда сұлу өз қолымен өлтіреді…»

Неміс халқының батырлар жырындағы негізгі кейіпкер – Еділ (Аттила), Хун Ордасының патшасы. Сол жырлардың қайсысында болса да Аттила өте жағымды образбен беріледі. Ол тек хундарға ғана емес көп елге қорған болған кішіпейіл патша. Герман тайпаларының талай королдерінің балалары Хун Ордасын паналаған. Сондай-ақ көптеген герман тайпалары Аттила қол астында болғаны тарихи шындық.

Осынау неміс халқының асыл мұрасы батырлар жырындағы – керемет образ Кримхилда. Ол Зигфрид секілді жігіттің сұңқарына ғашық болып сүйіп қосылады. Ал оны қастандықпен өлтіргендерді (солардың ішінде туған ағасы Гунтер бар) жазалап кек алады. Оның бейнесі қазақ жырларындағы Қыз Жібекке өте ұқсас, ал Зигфрид пен Төлеген бейнелері де сондай. Екеуі де қастандық пен жауыздықтың және қызғаныш пен ішітарлықтың құрбаны болғандар.

Жағымсыз кейіпкерлер, Витеге, Хаген, Бикки, Бекежан, Қодар және т.б.

Еуропа тарихында Бургунд корольдігін талқандағаны үшін Аттила бір жағынан айыпталса, екінші жағынан көптеген герман халықтарына қорған, пана болғаны үшін сол айыбы ақталады.

Аттила 1 том. А. «Атамұра» 2023. 80-81 беттер...

***

Испан әдебиетіндегі Аттила бейнесі

Еуропа халықтары әдебиетінде YI ғасырдан бастап Аттила бейнесі қомақты орын алды. Әрине ол кездегі әдебиет батырлар жыры және лиро-эпикалық жырлар болатын. Олардың ерекшелігі – көптеген батырлар жырында Хун королі Аттила жағымды кейіпкер ретінде берілді. XY ғасырдан бастап, Ренессанс келгенде Христиан дінінің жағдайы нашарлай бастады. Сондықтан Христиан дінінің бұрынғы беделі мен атақ абыройын сақтап қалу үшін Ватиканның арнайы тапсырысымен Еуропадағы хундар тарихын бұрмалап әртүрлі шығармалар дүниеге келе бастады. Соның бірі «*Аттиланы тоқтатқан I Леон*» атты белгілі суретші Рафоэль Санчестің атақты картинасы ж.б.

Еуропа өнер тарихында Христиан діні басшыларының тапсырысымен Аттила туралы алғашқы драматургиялық трагедияларды Испания өнер қайраткерлері сахнаға шығарды. Испандықтар қашанда

алғы шепте жүрген, яғни алдымен Американы ашқан ел болғандықтан сахна тарихында да елеулі орын алады

Ең бірінші Аттила туралы драмалық шығарманы жазған белгілі испан драматургі **Кристобал Вируес (Cristobal de Virues) (1550-1609).** Осынау **"Atila furioso" (Қаһарлы Аттила)** атты трагедия XVI-ғасырдың ақырында Испания сахналарында қойылды кейінірек XVII-ғасыр басында белгілі испан драматургі, романист **Луис Велес де Гевара (Luis Veles de Cuevara) (1579-1644) "Atila azote de Dios" (Аттила тәңір құты)** атты трагедиясын сахнаға шығарды.

Жалпы бұл аталған кезең Испанияның алтын ғасыры деп аталады. Дәл осы ғасырдың басында әлемге әйгілі испан жазушыларының туындылары дүниеге келді. ***[HISTORIA DE LA LITERATURA. EDAD MEDIA Y SIGLO DE ORO. Madrid. 1997. pp.463.]***

Кристобал Вируес (Cristobal de Virues) (1550-1609) " Atila furioso" (Қаһарлы Аттила).

Испанияның алтын ғасыры – XY ғасырдың ақырында басталған еді.

Европа өнер тарихында Аттила туралы алғашқы драматургиялық трагедияларды Испания өнер қайраткерлері сахнаға шығаруы сол алтын ғасырдың алғашқы жемістерінің бірі деп білеміз. Испандықтар қашанда алғы шепте жүрген, яғни алдымен Американы ашқан ел болғандықтан сахна тарихында да елеулі орын алады. Ең бірінші Аттила туралы драмалық шығарманы жазған белгілі испан драматургі **Кристобал Вируес (Cristobal de Virues) (1550-1609)** болатын. Осынау **«Atila furioso»** (Қаһарлы Аттила) атты трагедия XVI-ғасырдың ақырында, яғни 1580 жылы Испания сахналарында қойылды ***[Өтениязов С. Аттила. Алматы, «Арыс». 2000. 95-бет].***

Кристобал Вируес сынды атақты испан драматургін осы күнгі оқырман екі ұлы адамның мақтауымен біледі десек артық болмас. Кезінде сол ұлы адамдар Сервантес пен Лопе де Вега Вируестің атақты эпикалық поэмасы «Монсерратқа» білдірген лебіздерінен соң халыққа танымал болған еді. Сервантес сонда «батырлық жырларға арналған испан тілінде жазылған ең құнды шығарма» ***[Cervantes. Ocho comedias e ocho entre meses nuevos. Madrid. BAZ. 1962. vol. 156. p.LXXXIV.]*** деген болатын .

Оның әйгілі драмалық шығармалары: La gran Semiramis(1579), La cruel Casandra (1579), Atila furioso (1580), La infelice Marcela (1581), Elisa Dido (1581) өз заманында Испания сахнасында көп қойылып Вируеске көп абырой мен атақ әкелді [32, 32а]...

Вируестің әдеби мұрасы соңғы ғасырларда жан-жақты зерттелді. Бұған еңбек сіңірген белгілі ғалымдар ішінде ерекше атап өтетініміз Сархент пен Вейгер[4]..

Аттила және оның әлем әдебиетіндегі орны. А. «Қазақ университеті», 2021 183- 184 беттер.

***

Осылай башқұрттар мен қазақтар арасындағы тағдырлас достық, туысқандық қатынастар жалғасып жатты. Себебі екеуінің де қарсыласы, яғни ата жауы Ресей болатын. Сондықтан Ресей басшылары қалай болмасын екі халықтың достығын бұзу үшін неше түрлі айла – шарғыны көп жылдар бойы жасады. Мысалы түнде барып казачьи отрядтар башқұрт ауылын шабады, кісілерін өлтіреді және малын айдап кетеді де жаланы қазақтарға жабады…Сонсоң башқұрттарға көмектесіп қазақ ауылын шабады. Қысқасын айтқанда 1730 жылға дейін қазақ пен башқұрттың арасындағы достық бұзылған еді. Әбілхайырдың жанына батқаны да сол еді. Ал, енді осы достықты қалпына келтіру үшін патша ағзамға хат жазу керек – –деп башқұрт Алдарбай айтып келгенде Әбілхайыр алданып қалған еді. Бұл 1730 жылдың маусым (июнь) айы еді…Ресейге керегі де сол еді. Хат жазды деген факті бар, оның түпнұсқасын ешкімге көрсетпей, аудармасымен келешекте Әбілхайыр өлген соң оның балаларын және талай қазақ төресін алдауға болады…

Башқұрттармен достық қатынасты Әбілхайыр жалғастыра берді. 1736 жылы башқұрт көтерілісі бұрқ еткен кезде, патша өкіметі қазақтар мен башқұрттарды және бір рет жауластырмақшы болып көп ақша бөлді. 1738 жылдың ақпан айында И.Н.Татищев сонда *"Әрбір башқұрттың басын әкелген қазаққа 60 рубльден ақша беріледі. Кек алатын және байып қалатын жағдайыңыз бар"/4.* Олкот М.Б. Әбілхайыр хан. //газета «Аруана», 1994, 23-қыркүйек./-деп қазақ еліне жар салды. Кейбір қылмысты істерді башқұрттан көріп жүрген қазақтар осыны пайдаланып кек алмақшы және ақша таппақшы болған еді, бірақ олардың бірде бірін Әбілхайыр жібермеді, керісінше ол бұрынғыдай башқұрт халқына көмек берді.

Әбілхайыр хан және оның Қазақстан тарихындағы орны. А. 2025.151- бет

***

Қазақ тарихындағы билер институтінің маңызын XX ғасыр ғылымындағы ірі тұлға Қаныш Имантайұлы Сәтпаев өзінің « Ер Едіге» (Москва, 1927 ж.) атты еңбегінде:

«Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары, білімі бар». Тура сөзді « әділ жарғыға» сансыз адамның батасы тимекші. «Батамен ел көгереді » дегендей, сондықтан қазақ сияқты көшіл елде

қашан да ханнан гөрі бидің қадір-киесі басым болады. Ханнің арқа сүйеуі жарасымды бимен табылады. Бисіз хан оңбайды, хандықпен қатар қырағы билік те бір жерге бас қосса, ондай ханды ел де сүйеді, ұмытпайды, шежіресінде атын қалдырады . Алты алашқа мәлім ескі жолды Есімхан , қасқа жолды Қасымхан , тура жолды Тәуекелхан, жетіжарғылы Әз Тәуке және басқалар, - бәрі де осындай хандық пен билікке қатар ие болған «қасиетті» адамдар. Ел меңгерерлік тілі жоқ, еңсererлік күші жоқ, білім мен ойға, «билікке» ие болмаған, не ел ішіндегі рулардың көсемі – билерді ішіне тартып қыбын таба алмаған алаңғасыр, әңгүдік хандар хан болып та тұра алмайды . Ондайлардың тағы жарлының лашығы сияқты, назары көпшіліктің бірінші құйыны түбіне жетеді.

Қазақ шежіресіндегі Дайыр, Бұрындық сияқты хандардың тарихы жоғарыда айтылғандардың шындылығына дәлел . Сондықтан Тоқтамыс хан мен Едіге бидің тартысы сайып келгенде «ханнан билік кетіп, биге мәдет жету» мен «хан қашып, бидің қууымен» тиянақталады. Мұнан егерде хан мен би екі бөлініп таразының екі басына түсе қалса, ел нәсті қашанда бидің жағына ауып отыратындығы көрінеді ...» - деп тасқа басқандай етіп жазған еді. Біз бұл жерде ұлы ғалым Сәтпаевтың өз сөзін ешбір комментарисіз сол күйінде беріп отырмыз. Бұл жерде соңғы екі ғасыр ішіндегі талай ғалымдар зерттеулерінің түйінін Қаныш Имантайұлы аз сөзбен беріп отыр. Тарихты талай сараптаған ұлы ғалым аталарымыз айтқандай Қазақ мемлекеті құрылғанға дейінгі атақты би Ер едіге (1352-1419) болатын. Ал, қазақ елі Ресейге бодан болғалы атақты бидің бірі Сырым Датов еді. Сырым би тұсында қазақтың билер институтін патша өкіметі амалсыз мойындады...

Ш.Ш.Уәлиханов және оның ғылыми мұрасы А. «Альманах» баспа үйі А. 2025. 353-354 беттер.

***

Жалайри еңбектерін мұқият зерттеген Ш.Ш.Уәлихановтың мына өлең жолдарына ерекше көңіл бөлгені бізді де көп қызықтырды.

Еділ тоңса, кім кешпес,
Едіге өлсе, кім бармас!
Еділ тоңбас бұрын,
Едіге өлмес бұрын...»

Жалайыр ерекше көңіл бөлген Едіге жырынан алынған осындай шумақтардың негізгі мағынасы Едігені *Еділ қатпас бұрын* тоқтату

екені белгілі. Осы бір өлең жолдарынан тек Алтын орда тағдыры ғана емес, барлық түркі халықтарының, сондай ақ барлық мұсылман халықтарының тағдыры шешілгенін көреміз.

Әрине Едігені Еділден өткізбей тоқтатқанда ол Ақсақ Темірге бармас еді. Алтын Ордамен оның қақтығысы болмас еді. Туысқан халықтардың сонша мың бозбақтары шаһит болмас еді. Алтын орда әлсіремес еді.

Осы Шоқан қараған жыр шумағындағы тарихи оқиғаның тағы бір нұсқасы - Қадырберді Еділден өтіп Едігемен шайқасқа шықпағанда осынау үлкен азамат соғысы болмас еді. Ақсақ Темір құдіретті мемлекет Алтын ордадағы азамат соғысын пайдаланып талқандамас еді...

Тарихты жақсы білетін жалындаған жас Шоқанның әттегенай деп армандап санын соққаны да осы әрине.

XIII ғасыр түркі халықтарының тасы өрге домалап тұрған кезі болатын. Алтын орда территориясының үлкендігі сонша Батыс Еуропаға бойлай кіріп кетті десе боларлық. Мысалы Берке хан көп құрылыс тұрғызған Аққерман қаласы Румынияның жерінде еді. (Қазір Одесса облысы Белгород Днестровский қаласы, Украина). **Бейбарыс** басқарған қыпшақтың бір тобы Египетті билеп тұрды, яғни арабтарға үстемдік жүргізді...

XIV ғасырда түркі мемлекеттерінің күшейгені сонша - Кіші Азия, яғни Византия жерінің бәрін бағындырған Оғыз мемлекетінің бір ұрпақтары Селжуктер Еуропаның үлкен бөлігінің иесіне айналды. **Баязит** Еуропаның біріккен әскерін оңай талқандады. Ендігі қалып тұрғаны Ламанштан өту ғана еді. Ондай ерлікті тек Рим қолбасшысы Юлий Цезар б.э.бұрынғы I ғасырда жасап еді. Алайда Баязитке осындай ерлік жасап Еуропаны түгел бағындырып келешекте дүние жүзін бір тілде яғни түркі тілінде сөйлетуді мақсатына жазбап еді. Оның негізгі себептері Алтын ордадағы азамат соғысы мен оған Ақсақ Темірдің араласуы болды. Қысқасын айтқанда Баязиттің Ақсақ Темір қолынан өлуі Еуропаны түркілерден сақтады және құтқарды...

Ал Ақсақ Темір қолында күшті мемлекет пен әскер тұрғанда түркі халықтарын әлсіретіп, Еуропа мемлекеттерін күшейтіп кетті. Жалғыз түркі халықтары емес, бүкіл мұсылман халықтарын отырғызып яғни әлсіретіп кетті. Содан кейін арабтар бұрынға жағдайға жете алмады. Ал Алтын орда әлсіреп оның ақырында орыстар шығып бөлініп және күшейіп кетті... Алтын орданың барлық жетістігіне келешекте Ресей ие болды.

Еуропа халқы Ақсақ Темірдің жасаған жақсылығын ешқашан ұмыткан жоқ. Еуропаның барлық энциклопедияларында Ақсақ Темірдің фотоларын жариялап отырды. Мысалы Германияның Эденауэр деген

кампаниясы 1996 жылы Самарқанд қаласында Ақсақ Темірдің 660 жылдығын тойлауға көп қаражат бөлді...

Осылай Баязиттің арманы кездейсоқ жағдайда орындалмай қалған еді. Ол Ақсақ Темірдің қолына тұтқынға түскен себепті, Осындай қарақшының қолына түскеніне арланып өзін өзі өлтірген еді. Кішкене шыдау керек еді... Себебі бір жыл өтер өтпестен Ақсақ Темірдің өзі өлім құшқан еді.

Осы тарихи жағдайларды жақсы білетін Шоқан сынды ғалым осындай әттегенайы бар тағдырымызға жұрттан бұрын ерекше өкінеді... Бұл әрине Шоқанның орындалмай қалған арманы еді.

Ш.Ш.Уәлиханов - жихангер зерттеуші. А. 2025. 44-45 беттер



Пангереев Абат Шамұлы
Филология ғылымдарының докторы,
профессор
(Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті, Қазақ әдебиеті
кафедрасы)

А.Ш.Пангереев 1959 жылы 25 қаңтарда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл селосында қызметкерлер отбасында дүниеге келді. 1976 жылы Н.К. Крупская атындағы Ойыл қазақ орта мектебін бітірді. Еңбек жолын аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде, спорттың бокс түрінен тренер болып бастады. 1979-1980 жж. Халық депутаттары Ойыл аудандық кеңесі Атқару комитеті жанындағы «Физкультура және спорт» комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

1980 - 1985 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқыды.

Филология ғылымдарының докторы (2010), доцент (2002), университет профессоры (2006), профессор (2025), Қазақстан ПҒА академигі (2015). Фольклортанушы ғалым.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары: фольклортану, қазақ әдебиетінің тарихы, топонимика, мифопоэтика, пәнаралық зерттеулер.

Еңбек жолының басты кезеңдері: Ақтөбе педагогика институтының «Педагогика және психология» кафедрасының (1987), «Бастауышта оқыту педагогикасы мен методикасы» кафедрасының оқытушысы (1988). Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы (1990), факультет деканы (1992-1995), «Үздіксіз білім беру және маркетинг қызметі» Орталығының директоры (1998-2000), «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі (2000-2004), филология факультетінің деканы (2004-2006), қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (2006-2015), университеттің сырттай оқу факультетінің деканы (2015-2018), 2018 жылдан бері қарай қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, «Абайтану және ұлттық руханият» ҒЗО жетекшісі.

А. Ш. Пангереев 200-ден аса ғылыми, еңбектердің авторы. Оның жетекшілігімен 4 докторант PhD ғылыми дәрежесін қорғады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Қазақ топонимдік фольклоры» атты

электронды оқу құралы, «Әдебиеттануға кіріспе» және «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты оқу құралдары университеттің жоғары кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісіне енгізілді. А.Ш.Пангереевтің авторлығымен монография, оқу құралы, әдеби зерттеу түрінде 15 кітап, Scopus базасындағы журналдарда 8 мақала, ғылым комитеті бекіткен журналдарда 38 мақала жарық көрді. Сондай-ақ ол Республика бойынша диссертациялық кеңестерде (ҚазҰУ, ҚызПУ, ЕҰУ) «Фольклортану» мамандығынан қорғайтын докоранттарға оппонент болып қатысып, Фольклортану ғылымының дамуына үлес қосып жүр.

Оның соңғы 5 жылда, Scopus және ҒЖБССҚК ұсынған журналдардағы жарияланған еңбектері:

Epic Toponyms as Carriers of a Linguocultural Code. // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – *2023, 9(1). – с. 13–23*

Ethnocultural Originality of Color Toponyms in Turkic Folklore. // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – *2023, 9(3). – с. 216–225*

Eurasian bilingual hydronyms nominations with the components ak/kara. // XLinguae. – *2024, 17(2). – с. 16–28*

The distribution area of Kazakh children's folklore. // Critical Survey. – *2024. –36(4). – с. 115–126*

XIX–XX ғасырлардағы Ақтөбе өңіріндегі айтыстардағы ұлттық идея// Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті хабаршысы. Алматы: «Қазақ университеті», –№2 (178), 2020.

Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде// Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. –№3 (99), 2020. –91-96 бб.

Топонимдік фольклордың қалыптасуы және жанрлық ерекшеліктері. БҚУ Хабаршысы. Педагогика, Филология, Тарих, Экология, География сериясы. –№1 (81), 2021. –142-152 бб.

Қазақ фольклорындағы «Туған жер» концептісі// Керуен ғылыми журналы. –№4 (77), 2022.– 62-75 бб.

The Study of Place Names in the Karakalpak Heroic Epos «yer ziyuar» // Научной журнал «Keruen». –№2 (75), 2022.– с.72-82

Функции топонимов в эпосе «Едиге» (на материале казахской, каракалпакской и татарской национальных версий) // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. –№3, 2022. – с. 155-165

Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі «Туған жер» концептісі// Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. –№4 (67). 2022.– 339-353 бб.

Топонимдік аңыздардағы «Туған жер» концептісі// Торайғыров университеті, «Toraighyrov University» Хабаршысы. Филологиялық серия. –№2. 2023. – 243-254 бб.

Children's Folklore is the Source of the Preservation of Folk Traditions// Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2023. – №2(143). – 115-122 бб.

National Idea of Kazakh Aitys of the XIX–XX Centuries// Ясауи университетінің Хабаршысы. – №4(130), 2023. – 126-132 бб.

Шернияз шығармаларының көркемдік ерекшелігі мен поэтикалық шеберлігі // «Керуен» ғылыми журналы. – №3(84), 2024.– 17-26 бб.

Шернияз шығармаларындағы ұлттық болмыс көріністері: авторлық позиция және тарихи шындық// «Керуен» ғылыми журналы. – №1(90), 2026.– 112-128 бб.

Жетістіктері:

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрметті профессоры» медалі (2006 ж.)

«ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2013» (2014 ж.)

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (2014 ж. бастап)

- Облыстық ономастикалық комиссияның мүшесі (2018 ж. бастап)
- Қ.Жұбанов атындағы университетінің 8D02304-филология бойынша Диссертациялық Кеңестің төрағасы (2019–2022 жж.)

Мемлекеттік және салалық наградалары мен құрметті атақтары:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ректорының Алғыс хаты (1986, 1991, 1996, 2017, 2018 жж.)

Ақтөбе облысы тілдерді дамыту басқармасының Алғыс хаты (2009 ж.)

Ақтөбе облысы әкімінің Алғыс хаттары (2012, 2019, 2022, 2023, 2025 жж.)

«ЖОО-ның үздік оқытушысы» төсбелгісі (2014 ж.)

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі (Куәлік №24675)

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің құрметті профессоры» медалі (13.05.2016 ж.). Куәлік №028

«Университетті дамытудағы еңбегі үшін» медалі. Қ.Жұбанов атындағы АӨУ Ғылыми кеңесінің шешімі (Хаттама №7, 28.04.2018 ж.). Куәлік №45

Қазақстандық салалық «Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (21.01.2019 ж.). Куәлік №1330

Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрінің құрмет грамоталары (2019, 2022 жж.)

«Жомарт жүрек» номинациясы (2019 ж.) (Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы әкімдігінің шешімі)

Абайдың «Жидебай – Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің Алғыс хаты (2019 ж.)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің Алғыс хаты (2021 ж.)

«Абай академиясының» Алғыс хаты (2022 ж.)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қазандағы Жарлығы бойынша «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалі. Куәлік №18042.

«Воин – интернационалист. За выполнение интернационального долга в Германии» медалі (2023 ж.)

ҚР Журналистер Одағының Құрмет грамотасы (2023 ж.)

«Құдайберген Жұбанов» медалі. Қ.Жұбанов атындағы АӨУ КеАҚ Ғылыми кеңесінің шешімі (хаттама №3, 29.10.2024 ж.). Куәлік №054

«Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі (22.08.2025 ж.). Куәлік №193

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Ұлттық руханият дегенде халықтың телегей-теңіз мол рухани мұрасы – фольклорды айтамыз. Халықтың бағзы замандардан бері қалыптасқан осы рухани қазынасы, тарихи жады, өткен өмір көшіне байланысты таным-түсініктері жер-су ұғымымен тығыз байланысты. Өйткені жер-су дегенде тек қана географиялық атаулар емес, сонымен қатар отан, атамекен, кір жуып кіндік кескен туған жер ұғымдары еске түседі. Себебі жер-судың ежелгі мәні мен маңызы, әлеуметтік өмірінде атқаратын қызметі туралы сөз қозғағанда ең алдымен еске ғаламның жаратылуы, қоршаған әлем, табиғат жөніндегі қадым заманнан бері келе жатқан адамзат түсінігі, наным-сенімі қатар түседі. Ол – заңды құбылыс. Өйткені жер-су – адамның саналы тіршілік иесі болуына жағдай жасаған қойнау, кеңістік, табиғаттың өзі. Сондықтан да адам өміріндегі ең маңызды орын жер-суға тиесілі болмақ.

Пангереев А.Ш. Жер-су атаулары және ұлттық руханият. Монография. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2018. – 3 б.

Тарихи жырлар қазақ фольклорында өз алдына жеке жанрлық статуске ие болса да, олардың басқа халықтық сөз өнері түрлерімен еш байланысы жоқ деп айта алмаймыз. Бұл мәселеде тарихи жырлардың батырлық эпостармен ұқсастығын атап өтетін болсақ, екі көркем туындыда да халық идеалына айналған тұлғаның елге, ұлтқа жасаған жақсылығы баяндалады. Сол жолдағы кедергілер мен одан туған қақтығыстар суреттеледі.Бірақ екі жанрды ерекшелендіретін басты белгі – батырлық эпостарда болған оқиғаның уақыты ұмытылған,

шығарманың өн бойында жалпылық сипат басым болып келеді, ал тарихи жырларда керісінше, тарихи уақиға да, оған қатысқан адамдардың аты-жөндері де, тағдырлары да халықтың санасында әлі ізі суымаған қалыпта бейнеленеді.

Пангереев А.Ш. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2018. – 136 б.

Адамның айнала қоршаған ортаға, табиғатқа қатысы, өзінің ішкі сырын табиғат құбылыстарымен ұштастыра ойлау үрдісі, дүние қашан жаралды, оның бастауы қайда деген сұрақтар адамзат баласының алдында ықылым замандардан бері көлденеңдеп тұрғаны белгілі. Қандай зерттеуші болса да, қандай ақын болса да бұл сұраққа жауап іздеуден тартынған емес.

Абай да осы өмірлік проблемалардың бәрін ой елегінен өткізген, терең философиялық зердесі арқылы сараптаған, басқа халықтардың тәжірибесімен салыстырған, сөйтіп әбден көзін жеткізіп, көңілін орнықтырған соң барып ұлттық уызға суғарылған өзіне ғана тән нәрлі тілмен байыпты баяндап айтқан. Абайдың ұлылығы осы ойшылдығында болса керек.

Пангереев А. « Абайтанудағы Қ.Жұбанов даралығы». Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: «Алгорифм», 2022. – 196-197 бб.

Қазақта ел қорғаған батырлар көп. Көп болуы заңды, себебі жер көлемі орасан үлкен. Осынау ұланғайыр өлкеге көз тікпеген жат жұрттықтар кемде-кем. Жер үшін болған сондай соғыс, қақтығыстарда талай жауынгер ердің аты шықты, халық батыр деп атап даңққа бөленді. Алайда олардың көбі тарих қойнауында кетті, есімдері бірте-бірте ұмытылды, ұрпақтар алмасты.

Жас ұрпақтың жадына бұрынғы өткен бабалардың ерлік істері салынбады, әсіресе кеңес өкіметі кезінде бұл мәселені көтеруге ерік берілмеді. Сол себепті ұлттық рух бәсеңси бастады, бірақ жойылмады. Жойылмаған себебі тарихи жадыны үнемі жаңғыртып тұратын, ұлттық рухты түрткілеп оятып тұратын халықтық шығармашылық өнер бар. Бұл шығармашылық өнердің үлкен бір саласы – батырлық жырлар. Ел өзінің қорғаны болған, жауды қайтарған, дұшпанын мұқалтқан батырларының ерлік істерін жырға қосқан. Оларды айбарлы, қуатты, қаһарлы қылып көрсету үшін әсірелеп суреттеген. Осындай көркем тілмен, ерекше ақындық шабытпен жырланған батырлық эпостың бірі – Қобыланды батыр жыры. Бұл жыр бүкіл түркі жұртына кең тараған жыр.

Қобыланды батыр жыры және ұлттық қаһармандық рух». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе: «Принт А» баспасы, 2024. – 26-27 бб.

Эпикалық кеңістікті зерттеу эпостың ішкі құрылымындағы көптеген элементтердің өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, топонимдер мен этнонимдердің қатар қолданылуы халықтың тарихи-географиялық жадының поэтикалық моделін жасайды. Әрбір жер атауы эпоста тарихи дәйек пен символдық мәнге ие болып, жырдың ішкі идеялық өзегін күшейтеді.

Пангереев А.Ш. Қазақ эпосының кеңістік концепциясы. Монография. – Ақтөбе: «Принт А» баспасы, 2025. – 11 б.

Қазақ үшін жер – жай ғана табиғи орта емес, өмірдің өзегіне айналған тіршілік кеңістігі, ал жер атауы – сол кеңістіктің рухани коды. Сондықтан халқымыз табиғат құбылыстарын адам болмысымен сабақтастырып, әрбір төбеге, бұлаққа, өзенге, тауға ерекше мағына жүктеген. Топыраққа тағзым, жерге құрмет – қазақ дүниетанымындағы ең көне әрі ең тұрақты ұстанымдардың бірі.

Пангереев А.Ш. Қазақ эпосының кеңістік концепциясы. Монография. – Ақтөбе: «Принт А» баспасы, 2025. – 132 б.

Романдық эпос кеңістігі – ғашықтық жыр поэтикасының ең күрделі әрі мәнді қабаттарының бірі. Ол тек географиялық ортаны белгілеу немесе кейіпкерлердің жүрген жолын сипаттау үшін ғана емес, жырдың эстетикалық қуатын, символдық астарын және ұлттық дүниетанымдағы кеңістік ұғымының көркем бейнеленуін айқындау үшін қызмет етеді. Кеңістік эпикалық баяндаудағы уақытпен, кейіпкер психологиясымен және халықтық танымменен тығыз байланыста көрінеді. Сондықтан романдық эпостардағы кеңістік бейнелері – қазақ халқының табиғатпен рухани үндестігін, туған жер мен адам жанының тұтастығын танытатын маңызды эстетикалық категория.

Пангереев А.Ш. Қазақ эпосының кеңістік концепциясы. Монография. – Ақтөбе: «Принт А» баспасы, 2025. – 135 б.

Түркі текгес халықтардың жеке ұлт ретінде бөлшектене бастаған уақытына дейінгі кезеңде, «Өзбек», «Қазақ», «Қырғыз», «Түрікмен» секілді халықтар, ұғындар, сақтар, үйсіндер, қаңлылар тайпалары болып аталып, ортақ бір тілді пайдаланды. Тіл тарихының қыр-сырын жете зерттеген ғұлама Құдайберген Қуанұлы Жұбанов сондықтан да... ескі түркі халқының сол кездегі өзара туыстас ұлылы-кішілі... рулардың тілдер азды-көпті жергілікті өзгешеліктеріне қарамастан, бәрі бір-ақ сөзбен «түркі тілі» деп аталушы еді», – дейді.

Пангереев А. «Абайтанудағы Қ.Жұбанов даралығы». Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: «Алгорифм», 2022. –109 б.



Пірәлі Жайлауқызы Гүлзия
Филология ғылымдарының докторы, профессор
(Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты)

Г.Ж.Пірәлі 1958 жылы 30 мамырда Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облысы, Түлкібас ауданы, Высокое (қазіргі Шақпақ) селосында дүниеге келген.

1965-1975 жылдар аралығында В.И. Ленин /қазіргі Т.Иманбеков/ атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, 1975 жылы С.М. Киров /қазіргі әл-Фараби/ атындағы Ұлттық университетінің журналистика факультетіне түсіп, оны 1980 жылы бітіреді.

Жұмыс тәжірибесі: 1980-1984 жж.Республикалық «Лениншіл жас» газеті («Жас Алаш») тілші.

1984-1989 жж. – «Оңтүстік Қазақстан» газеті

1989-1991 жж. – «Өркен» студент-жастар газеті

1991-2006 жж. – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкер

2006-2008 жж. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты,филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

2008-2010 жж. – ҚазМемҚызПУ-тің филология факультетінің деканы.

2010-2011 жж. – ҚазМемҚызПУ-тің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры

2011 жылдың қараша айынан бері М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі.

Әдебиеттанушы. Филология ғылымдарының кандидаты (1994), доцент (2004), филология ғылымдарының докторы (2005), профессор (2008).

Әдеби-ғылыми бағыты: мұхтартану, қазақ әдебиетінің тарихы, әдеби байланыстар, әдебиет теориясы, салыстырмалы әдебиеттану, фольклортану, түркологиялық әдебиеттану, әдеби мұраның тарихи-мәдени сабақтастығы, көркемдік дәстүр мен ұлттық руханият мәселелері.

Ғылыми еңбектерінде Г.Ж. Пірәлі Мұхтар Әуезовтің әдеби-ғылыми мұрасы, абайтану мектебінің қалыптасуы, қазақ әдебиетінің тарихи даму үдерісі, ұлттық әдебиеттің рухани бастаулары мен мәдени сабақтастығы мәселелерін кешенді түрде зерделейді. Зерттеулерінде қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби үдеріс және туысқан халықтар әдебиетімен байланысы, әдеби мұраның тарихи негіздері, фольклорлық дәстүрдің көркем әдебиеттегі жалғастығы, әдеби тұлға феномені мен қаламгердің ғылыми концепциясы әдебиеттанудың қазіргі әдіснамасы негізінде талданады.

Ғалым еңбектерінің маңызды бір бағыты Мұхтар Әуезовтің әдеби-сын, ғылыми-зерттеушілік қызметін, оның ұлттық әдебиет тарихын жүйелеудегі, халықтық мұраны ғылыми тұрғыдан бағалаудағы және қазақ әдебиеттануының теориялық негіздерін қалыптастырудағы рөлін айқындауға арналған. Сонымен қатар әдеби мұраның тарихи-мәдени контексі, архивтік деректердің ғылыми айналымдағы орны, әдеби байланыстардың типологиялық сипаты және ұлттық әдеби сананың қалыптасу ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Ғылыми зерттеулерінде архивтік материалдарды, сирек дереккөздерді және әдеби мәтіндерді кешенді талдау арқылы бұрын назардан тыс қалған мәселелерді ғылыми айналымға енгізуге басымдық береді. Әдеби құбылыстарды тарихи-салыстырмалы, мәтіндік, герменевтикалық және жүйелі талдау әдістері негізінде қарастырып, қазақ әдебиеттануының өзекті мәселелерін жаңа ғылыми ұстанымдар тұрғысынан пайымдайды. Оның еңбектері мұхтартану, абайтану және ұлттық әдебиеттану ғылымдарының теориялық-әдіснамалық негіздерін толықтыруға елеулі үлес қосып келеді.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 300-ден астам ғылыми мақала мен әдеби-сын еңбектің авторы. Оның ғылыми мақалалары жоғары рейтингті халықаралық Scopus және Web of Science базаларына енетін журналдарда, сондай-ақ Ресей, Түркия, Ұлыбритания, Өзбекстан және басқа да шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған. Ғалымның ғылыми мұрасында 30-дан астам монография, 4 оқу құралы, 4 мультимедиялық-электронды оқу құралы, ондаған ұжымдық монографиялар мен ғылыми жобалар аясында жарияланған тараулар бар. Халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға, форумдарға қатысып, бірқатар республикалық және халықаралық ғылыми жобалардың орындаушысы әрі жетекшісі болды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2009) мемлекеттік грантының иегері.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Г.Ж. Пірәлінің негізгі ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектері:

1. «Ішкі монолог». Монография. – Алматы: «Ер дәулет», 1994. – 138 б.

2. «Ізденіс өрнектері». Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер жинағы. – Алматы, 1994.

3. «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем)». Монография. – Алматы: «Алаш», 2003. – 328 б.

4. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы». Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 181 б.

5. «Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары». Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 359 б.

6. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920–2005 жж.)». Оқу құралы. – Алматы, 2010.

7. «Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеттанушылары». Оқу құралы. – Шымкент, 2010.

8. «Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеттануы мен сыны (1951–2001 жж.)». Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 2010.

9. «Қазақтың ғалым қыздары». Ғылыми-зерттеу жинағы. – Алматы: «Елтаным», 2012.

10. «Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея». Монография. – Алматы, 2014.

11. «Қазіргі мұхтартану». I-II кітаптар. – Алматы, 2014.

12. «Қазақстан тарихының оқу құралдары: тарихи-мәдени көрнекі деректері (VI–XIX ғғ.)». Әдістемелік оқу құралы. – Алматы, 2015.

13. «Мұхтар Әуезовтің кітапханасы». Зерттеу. – Қарағанды, 2015.

14. «Автограф». Зерттеу. – Алматы, 2015.

15. «Мұхтар Әуезов Ленинградта. Дата. Оқиға. Тағдыр (1923–1928 жж.)». Монография. – Алматы, 2015.

16. «Мұхтар Әуезов. Кітапхана. Жазушы мұражайындағы кітаптар әлемі». Монография. – Алматы, 2016.

17. «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері». Оқу құралы. – Алматы, 2016.

18. «Әдеби байланыс: Мұхтар Әуезов және Зоя Кедрина». Монография. – Алматы, 2017.

19. «М.О. Әуезовтің эпистолярлық мұралары». Монография. – Алматы, 2017.

20. «М.Әуезовтің беймәлім мұралары (баяндамалары, хаттары, оқулықтары)». Монография. – Алматы, 2021.

21. «Қазақтың қаламгер қыздары». Шығармашылық портреттер мен зерттеулер. – Алматы, 2021.

22. «Мұхтар Әуезов және Жамбыл». Монография (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірнеше басылым). – 2021–2025.

23. «Мұхтар Әуезов және манастану мәселелері». Монография. – Алматы, 2021.

24. «М.Әуезов және бүгінгі әдеби дискурс». Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 2022.

25. «Проза поэтикасы және әдеби сын». Монография. – Алматы, 2023.

26. «Л.М. Әуезова – ғалым, қайраткер, мұрағаттанушы». Монография. – Алматы, 2025.

27. «Абайтану: Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханов». Монография. – Алматы, 2025.

28. «Mukhtar Auezov and Issues of Manas Studies». Monograph. – Almaty, 2025.

29. «Mukhtar Auezov and Zhambyl». Monograph. – Almaty, 2025.

30. «Мухтар Ауэзов и акын Жамбыл». Монография. – Алматы, 2025.

31. «Мухтар Ауэзов и ключ к эпосу "Манас"». Ғылыми-танымдық басылым. – Алматы, 2025.

Сонымен қатар Г.Ж. Пірәлі «Қазақ әдебиетінің тарихы» (10 том), «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2 том), «Қазіргі қазақ әдебиеті», «М.О. Әуезов шығармашылығының тәуелсіздік кезеңінде зерттелуі», «М.О. Әуезовтің шығармашылық өмірбаяны», «ТМД елдері ғалымдарының М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеу мәселелері», «М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасындағы белгісіз материалдарды зерттеу, жүйелеу, жариялау», «М.О. Әуезовтің Қазақстандағы әдебиеттану және әдеби сынның дамуы мен қалыптасуындағы рөлі», «М.Әуезовтің Абай және текстология мәселелері туралы қолжазбалары», «Мұхтар Әуезов. Америка әсерлері», сондай-ақ соңғы жылдары жарық көрген «Уақыт пен кеңістіктегі мәдени құндылықтар транзиті», «М.О. Әуезов феномені: жаңа көзқарас» атты ұжымдық монографиялардың авторларының бірі ретінде маңызды ғылыми тараулар жазды.

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

«... Демек, сөз өнерінің мән-мағынасы мен міндетінің өзі адам жанының ішкі иірімдерін, күрделі де терең ойлау жүйесін, сана мен сезім арпалыстарын, мың қатпарлы құпия-қалтарыстарын «қойма ақтарғандай» (М.Әуезов) ашу болып табылады. Әдебиетті адамтану ғылымы ретінде зерделер болсақ, ұлттық сөз өнерінің даму барысында кейіпкердің көңіл-күйін дәл және нанымды, көркем әрі шебер бейнелеу барысында қаншама психологиялық-эстетикалық, суреткерлік ізденістердің жүзеге асырылғаны ақиқат. Әдебиет тарихымен қоса

дамыған психологизмде әдебиет әлемінің ұзақ даму тарихының іздері сайрап жатыр...».

(Пірәлі Г. Көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. – Оқу құралы. Алматы:Қазақ университеті. 2016. – 366 бет)

«...М.Әуезов XX ғасырдағы қазақтың философиялық, қоғамдық, әлеуметтік-психологиялық және адамгершілік коллизиясын өзінің шығармаларында негізге ала отырып, оның рухани өсуіне керемет әсер етті. Оның бай рухани мұрасы өз заманындағы ойшылдар мен идеологтардың, қоғам мен қалам қайраткерлердің санасына философиялық тереңдігімен, эстетикалық көпқырлылығымен, психологиялық қайшылықтарымен қозғау салып, өмірлік ақиқаттарға өзгерістер енгізді.

М.Әуезов шығармашылығының әр заман талабына сай интерпретациялануы – біздің жас ұрпағымызға ұғынықты болуы мен дүниетанымды кеңейтудегі философиялық құнарын жоғалтпаудың жолы.

Жалпы, жазушы өмірбаяны мен шығармашылығының әдебиет тарихындағы, ұлттық құндылықтағы маңызын зерттеу үшін арнайы 3 мәселені анықтауымыз керек: 1. Жазушының жеке өмірбаяны, оның шығармашылыққа деген қарым-қатынасы, сол кезеңдегі көңіл-күйі. 2. Жазушының әлеуметтік өмірбаяны; 3. Шығармашылық өмірбаяны, оның әдеби өміріне қатысты дүниелер. Бұл мәселелердің әрқайсысы ерекше қарастырылуды қажет етеді...».

(Пірәлі Г. «Қазіргі Мұхтартану ». – Алматы. «Елтаным» баспасы. 2014. – 320 бет.)

«...Халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын тарихы бір тұтастық мызғымас бірлік, ажырамас туыстық жағдайда мәңгілік біріктіре алатын алтын қазық – ұлттық идея.

Ұлттық идея арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды, тарихымызды танып білеміз. Халық рухының сарқылмас бастауы да, әдеби, мәдени құндылықтарымыздың мәңгілік мәйегі де сонда жатыр... Расында да,қазақ халқының бай мұрасы, рухани ізденістері бүгінгі зерттеуші әдебиеттанушылардың еңбектерінде әлемдік мәдениеттің теориясы мен тарихы тұрғысынан талданып келеді. Оған түркітанушы, шығыстанушы, қазақ әдебиеттанушыларының көне дәуір әдебиеті мен ежелгі сөз өнерлеріне, олардың талай ғасырлық тарихта таңдалып, әбден сүзгіден өткен сүбеленіп, сұрыпталған үздіктері ғана бүгінгі өркениеттің биік деңгейіне жеткен мұралары ретінде ғылыми-әдеби айналымға түсіріп, зерттеген ғалымдардың еңбектері куә. Олар әлемдік өркениеттердің жаңа тәртібін қалыптастырып, халықтың рухани бастауларын жаңа ағымдарға үйлесімді ұштастырып, мәдениеттің қайта өркендеуіне қолайлы жағдай туғызып, этно-мәдениеттің тың

ерекшеліктерін анықтауға, оларды дамытып, әлемдік дамумен үндестіре зерттеу мәселесін алға қойып отыр. Әрине, бізге осындай тәуелсіз еркін ойлауымызға, ұлттық құндылықтарымызды түгендеп, халқымыздың қамын бұрынғыдай жалтақтамай, жалтармай шын мәніндегі тарихтағыдай шынайы зерттеуге бет бұруымызға кешегі кеңестік дәуірде санамызды сал қылып, немқұрайдылық дертке ұшыратқан тоталитарлық сананың менталитетінен арылудың алға шарттары жасалғандығының нәтижесі екендігі сөзсіз. Ақиқатқа жүгінсек, кешегі кеңестік кезеңде бір орталықтан келетін (Мәскеу) отаршыл патшалық саясаттан түрі өзгергенімен мазмұны өзгермеген өркөкірек өктемдік орын алған мәдениетте де әдебиетте де шығармашылық пен жасампаздық болмағаны белгілі. Онда жалған ақпарат берушілік, жалған тұлға жасау, жалаң идеология орын алып, ұлттық идеологияның орнын коммунистік, көпшіл идеология, интернационалистік, қоғамдық, көпұлтты мүдде орын алды. Жеке адам мен халықтың тағдыры, келешегі, руханияты аяқ асты тапталып, әр ұлтқа қатысты мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, діл, дін сияқты жалған ақпаратпен толықтырылып, санадан сызылып, тарихтың тасасында қиянатшылықпен қалып қойды. Тек еліміз егемендікке ие болған жылдары ғана өз тарихымызды өзіміз түгендеп, оқи бастадық, тани бастадық....».

(Пірәлі Г. Қазақ әдебиеттануы және ұлттық идея. Монография. Алматы. «Елтаным» баспасы. 2014. – 240 бет).

«...Малдан басқа бас ауыртар қайғысы жоқ қу мекиен даладағы қазақта қайдан «әдеби орта, ақындық мектеп, даналықтың дәрісі бұйырыпты» деген даңғой, өркөкірек кеңестік кезеңдегі шовинистік көзқарастағы идеология Мұхтар мен Қайымның жолын мың жерден көсе келденең кеп кессе де ұлттың ұзақ ғасыр бойы қанында сақталған ұлттық кодты, ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани құндылықтарды, естен кетпес ежелгі жәдігерлерді жоя да , жасыта да алмады. Керісінше М.Әуезов айтқандай бекіре балықтай басы тасқа тиген сайын қазақтың қара өлеңі мен өнері, мәдениеті мен әдебиеті ширап, шамырқанып, қайта қуаттанып, Абай дәуірінде жаңаша жаңғырып, өзге өркениеттің үлгісінен қалыспай қалыптасып, дамығаны да мәлім. Алайда қандай жеңіс те оңайлықпен алдырмасы анық. Абай үшін күрес ұлт, ұлттың тілі, әдебиеті, мәдениеті, тарихы, өнері үшін күрес емес пе?. Оны жасайтын да жаңы сірі, рухы биік, күрескер, қайраткер тарихи тұлғалар. Мұхтар Әуезовтің шәкірті Қайым Мұхамедханов соның бірі ғана емес бірегейі деуге лайық тұлға..».

(Пірәлі Г. «Абайтану: Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханов». Монография.-Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2025. – 324 бет.

«...Даңқты дарын иесі, әлемге танымал көрнекті суреткер, ғұлама ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың мол мұрасы, адами қасиеті, шығармашылық тұлғасы, кісілік келбеті жөнінде бірнеше мақала жазып, екі тілде ғылыми баяндама да жасаған танымал жамбылтанушы ғалым. Ұлы суреткер, ғұлама ғалым М.Әуезовтің алғашқы мақаласы «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы №5 санында «Ардақты Жәке!» деген атпен жарияланып, ұлттық әдебиеттануымыздағы жамбылтанудың іргесін өз қолымен қалап бергені тарихтан аян. 1948 жылы 6 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 1 томы, фольклор жарыққа шыққанда академик ғалым М.Әуезов тағы да Жамбылдың ақындық шеберлігі мен талантына тәнті болып, «Айтыс өлеңдері» деген зерттеу мақаласында жоғары баға берген еді. 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдық мерей тойы дүние жүзі көлемінде салтанатты түрде аталып өткенде де М.Әуезов «Жамбылдың айтыстағы өнері» деген тақырыпта ғылыми баяндама жасауы да тегін болмаса керек-ті. Алайда ұлы суреткердің жамбылтанудағы табанды әрі жүйелі еңбектері әлі күнге дейін бір жүйеге түсіп, тереңнен талдана да зерттеле де қойған жоқ. Осынау олқылықтың орнын толтырмасақ та әлемге әйгілі әдебиеттанушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің жамбылтануға сіңірген еңбегін арнайы тақырып аясында жүйелеп, бір ізге түсіріп қоюды парызымыз деп ұқтық...».

(Пірәлі Г. «Мұхтар Әуезов және Жамбыл». Монография. – Алматы: «Қоңыр» баспасы, 2021. – 164 бет.)

«...Ұлылық – өмірге ұлы ұрпақтарын келтірген халыққа тән екендігін де осы тарихи тұлғалар тағдыры ұмыттырмасы тағы анық.

Мұхтар Әуезов -жазушы жауапкершілігін жеке адамның емес, бүткіл халық тағдыры, жаны, психологиясы, табиғаты, ой-арманы , мың қатпарлы ішкі құпия сырлары мен түрлі сезімдік көңіл-күйлері, психологиялық, көркемдік – эстетикалық, эмоциялық құбылыстары, т.б. деп қабылдаған қаламгер. Сондықтан да болар М.Әуезов шығармашылығының басты ерекшелігінің өзі – кейіпкерлерінің түп тұлғалары (прототиптері) бар екендігі. Келешектегі көркем шығармасына өзек болар оқиғаны зерттеушілік зердеге салмай, суреткерлік сүзгіден өткізбей, оқиға өткен өңір мен кейіпкердің өскен ортасы мен мекен жайын егжей-тегжейлі танып, көңіліне түймей қолына қалам алмаған қаламгердің бұл қасиетін бүкіл мұхтартанушы ғалымдардың (З.Ахметов, К.Сыздықов, М.Мырзахметұлы, Р.Нұрғали, Т.Әкім, Т.Жұртбай, т.б) зерттеулеріндегі пікірлер мен жазушы мұрағатындағы жолжазбалар, «Абай жолынан» бастап «Өскен өркенге»

дейінгі шығармаларын жазу барысында жинаған қойын дәптерлері, күнделіктер тобы дәлелдесе керек....».

(Пірәлі Г. «М.Әуезов және бүгінгі әдеби дискурс» Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Қоңыр» баспасы, 2022. – 240 бет.)

«...М.Әуезовтің хаттары, оның поэтикасы аспектісіндегі мәселелерді, эпистолярлық формаларды кешенді түрде зерттеп, ғылыми теориялық талдау жасау бүгінгі қазақ әдебиеттануындағы өзекті мәселелердің бірі. Эпистолярлық жанрдағы жазбалар, хаттар ұлт әдебиетінде арнайы жанр ретінде анықталып, жүйеленіп, қалыптаспаса да көне дәуірдегі тас ескерткіштердегі жазбалардан бастап, олардың элементтері төл тарихымызда там-тұмдап болса да табылып қалады. Алайда, олар әлі күнге дейін арнайы тақырып төңірегінде зерттеліп, интерпретацияланып, не әдеби, не ғылыми айналымға енбегендіктен ол туралы жүйелі кәсіби пікір қалыптаспаған. Тек соңғы жылдары ғана бұл мәселе ғалымдардың назарын аударып, ізденушілердің қызығушылығын тудыруда. Жазушының эпистолярлық мұрасы оның өзге де түрлері – түрлі қолжазба құжаттары мен автобиографиялық мәтіндерінің көркемдік қырлары, әдеби аспектілері, тарихи филологиялық ақпараттар алдыңғы шепке шыға бастады...».

Пірәлі Г. «М.О.Әуезовтің эпистолярлық мұралары. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2017. – 160 бет.

«...Жеке адамның тағдыры да тарих, жеке кітаптың да тағдырытарих. Оған түскен әрбір ойлың да өз тарихы ,тылсым сыры, құпия қалтарыстары мен қызғылықты деректері бар. Екі қолтаңбаның да өзіндік тарихы бар. Ол ұзақ, келешектің ісі. Әзірге бұрындары арнайы әңгіме арқауы болмаған қазақ әдебиетіндегі, жалпы ұлттық руханияттағы қайталанбас шығармашылық тұлға Мұхтар Әуезовтің өз қолымен жазып, көңіл қалауымен таңбалаған қолтаңбалар мәтіндерін мәлімдеу. Жазушының шығармашылығын толық және тұтастай қарастырып, толық мәтіндік деректерді анықтап, жүйелеуде өзіндік өрнегі , өмір-тарихы бар, сол кезеңнің қоғамдық, саяси, рухани көріністері, хал-ахуалдары байқалатын қолтаңба тарихы да әдебиеттанудағы, мәтінтанудағы арнайы зерттеуді талап ететін маңызды ғылыми мәселе. Қолтаңба қойнауында қатпар-қатпар құпия сырлары бар қаншама құнды деректер, жүрек тебіреністері, сезім селдері, көңіл күнделіктері, т.б болуы кәдік. Оймақтай ойлар сол кезеңнің, сол бір сәттің уақыт пен кеністігіне көз жіберіп, талай сырлардың ағытылуына куәгер етуі күмәнсіз. Өйткені, әрбір қолтаңбаны ерекше экзотика. Көпшіліктің бәріне таныс емес қолтаңба мәтіндері сол құпиялылығымен қызықты да ...».

(Пірәлі Г. «Автограф». – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2015. – 182 б.)

«...Орта Азиядағы ежелгі халықтардың бірі қырғыз әдебиетінің бай әдеби мұралардың ішіндегі інжу-маржаны саналған – «Манас» эпосын Мұхтар Әуезов зерттеуге бүкіл саналы ғұмырын арнады. «Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтің көркем шығармадағы шоқтығы биік шыңы болса, «Манас» – ғылыми зерттеу жұмыстарының шыңы. Бұл жерде Мұхтар Әуезовтің Абайды , ұлыны қалай ұлықтаса қырғыз халқының «Манасын» да солай ұлықтады. М.О. Әуезовтің өмірінің өзегіне айналған Манас тақырыбын құстың қос қанатындай, көзінің ақ пен қарасындай бүкіл ғұмырында қызғыштай қорғап өткенін тек екі елдің жұрты мен зиялы қауымы ғана емес, бүкіл түркі тектес ұлт өкілдері де әлем әдебиеттанушылары да жақсы біледі. Бұл еңбекте жазушы мұражайында сақталғанымен бұрындары жарияланбаған, тек М.Әуезовтің 50 томдық толық академиялық шығармалары жинағының 10-29-36-38-томдарында жарияланған қырғыз халқының эпосы «Манасқа» қатысты барлық еңбектері бүгінгі рухани қажеттілікке сай талданып, зерттеледі...».

(Пірәлі Г. «Мұхтар Әуезов және манастану мәселелері». Монография. – Алматы: «KEMEL KITAP» баспасы, 2024. – 188 бет.)

«...Монографияда көрнекті тарихшы ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты Ләйла Мұхтарқызы Әуезованың 1958 жылы қорғалған «Развитие земледелия в Казахстане во второй половине XIX в» деген кандидаттық диссертациясы 1999 жылы ғалымның туғанына 70 жыл толуына орай баспа көрген «Асыл қызы халқының» атты жинақта тұңғыш рет жарияланады. 1975 жылы «М.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары («Абай жолы» эпопеясының материалы бойынша)» деген тақырыпта қорғалған докторлық диссертациясы ұлы суреткер М.О.Әуезовтің 100 жылдығы қарсаңында тұңғыш рет «История Казахстана в творчестве М.Ауэзова (на материалах эпопеи «Путь Абая» и «Лихая година», (Алматы: «Санат», 2002. – 320 Стр)» деген монографияда жарияланған болатын. Алайда, аталған екі еңбекте сол қалпында тарих тасасында қалып, не әдеби, не ғылыми айналымға енбеген. Монографиядағы тарихшы ғалым Ләйла Мұхтарқызының «Особенности историзма повести М.Ауэзова «Лихая година» деген зерттеуі де тұңғыш рет жарияланып, ғылыми тұрғыдан талданып отыр. Міне бұл мәліметтер бізге өз кезеңі үшін үлкен рухани төңкеріс болған екі еңбектің ел назарынан тыс қалып, ғылыми ортада танылмай қалғандығын танытады. Ұлттың рухын көтеріп, төл тарихымыздың талай тасадағы саяси құпияларының ашылуынан үріккен кеңес үкіметі

бұл еңбекті сол жазылған күйінде көпшілікке көрсетпеуге тырысқан сыңайлы. Сондықтан да бұл еңбекте көрнекті ғалым Ләйла Мұхтаркызының ұлтқа қажетті құнды зерттеулеріне бүгінгі әдебиеттану ғылымының жаңа талаптарына сай сараптама, ғылыми талдаулар жасалды...».

(Піралі Г. «Л.М. Әуезова – ғалым, қайраткер, мұрағаттанушы. Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2025 б.)



РАҚЫШ (ИСАЕВА) ЖҰМАШАЙ САЙЛАУҚЫЗЫ – фольклортанушы, мәтінтанушы. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба және мәтінтану орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты.

Жұмашай Сайлаукызы 1970 жылы 19 маусымда Түркістан облысы Арыс қаласында дүниеге келген. Әкесі Исаев Сайлау (1938-2018) теміржолшы, Арыс қаласының құрметті азаматы болған.

1977-1987 жж. – Арыс қаласында С. Сейфуллин атындағы орта мектебінде білім алды. 1987-1992 жж. – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін үздік бітірді.

1992 жылдың тамыз айынан бастап М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарып келеді. 2007 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Қамбар батыр» және оның варианттары» тақырыбында (10.01.09 – Фольклортану) диссертация қорғаған.

2014-2015 оқу жылынан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлескен жоба аясында «Ғылым ордасы» Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығында фольклортану және текстология салалары бойынша оннан аса пәннен оқу-әдістемелік кешенін дайындап, магистранттар мен докоранттарға дәріс оқиды. 2023-2025 жж. – Қолжазба және мәтінтану орталығының директоры міндетін атқарды.

Ғылыми бағыты: қазақ фольклортануы, қолжазбатану, мәтінтану, басылымдық текстология, авторлық ауыз әдебиеті, библиография және ғылым тарихы мәселелері.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 2 монографиясы, 12 ұжымдық монография, 1 оқу құралы, 4 библиографиялық көрсеткіші, 45 ғылыми жинақтары, 100 шақты ғылыми мақаланың авторы, 8 авторлық куәліктің иегері. Оның ғылыми жетекшілігімен ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша екі ғылыми жоба (2018-2020, 2022-2024 жж.) орындалды.

Ғылыми-зерттеу еңбектері: «Қамбар батыр» жыры және оның текстологиясы» монографиясы (2009), «Фольклор мәтінтануы: Өткені мен бүгіні» (2009), «Тәуелсіздік кезеңінде жарияланған көркем шығармалардың текстологиясы» (2012, Б.У. Әзібаева, Л. Ақашмен бірге), «Фольклорлық мұралар: жиналу, жариялану тарихы» (2014),

«Қазақ текстологиясы: эпостық жырларды мерзімдеу мәселелері» (2017), «Қазақ фольклортануының тарихы: XVIII-XXI ғасырдың басы» (2017), «Қазақ фольклортануының терминдер сөздігі» (2020), «Қазақ текстологиясы: негізгі мәтін мен авторды анықтау (атрибуция) мәселелері» (2022), «Қазақ постфольклоры» (2024), «Отандық қолжазбатану және текстология мәселелері» (2025) атты ұжымдық монографияларда зерттеу еңбектері жарияланды. «Казахский эпос» (2010) атты қазақ халқының эпостық мұрасын орыс тілді оқырманға таныстыру мақсатындағы басылым авторларының бірі (Б.Әзібаева, А.Ақанмен бірге).

«Қазақ әдебиеті, сыны мен өнері» (1997, 1998) (Ә.Нарымбетов, Г.Ордамен бірге), «Қазақ фольклоры мен фольклортануының библиографиялық көрсеткіштерін» (2005, 2009) құрастырған, «Классикалық зерттеулер» сериясының «XIX-XX ғғ. Ресей библиографиясындағы қазақ мәдениеті мен этнографиясы» атты 26-томын (2014), «Сүйінбай Аронұлы. Зерттеулер мен мақалалар» жинағының 2-томын (2015), «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының» 8-томы (2005), 11-томын (2017), 12-томын (2020), «Орыс шығыстанушы-түркітанушыларының XX ғасырға дейінгі жинақтарында қазақ фольклоры мен әдебиетінің орын алуы. Нарративті дереккөздері» (2022) жинағын құрастырушылардың бірі. Тіл үйренушілерге арналған «Қазақ тілі» оқу құралын дайындады (2015, Б.Сұлтанова, М.Тойғанбековамен бірге).

«Бабалар сөзі» жүзтомдығының алғашқы жиырма томының жауапты шығарушысы, 5, 6, 9, 10, 11, 18, 22-томдарын құрастырды. «Қамбар батыр» жырының беймәлім нұсқаларын алғаш ғылыми айналымға енгізді (43-том, 2007). «Дала фольклорының антологиясы» онтомдығының 5-томын (2019), 6-томын (2020) құрастырып, жауапты шығарушы болды. «Академиялық басылым» сериясының Жамбыл (2021, 2-том), Ахмет (2022, 3-том), Мағжан шығармаларының академиялық жинағына (2023, 1-3-том) жауапты редактор, әрі құрастырушы. «Қобланды батыр» жырының жетітомдық ғылыми басылымын (2023, 1-2-том) дайындады.

2025 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұрасының Репрезентативтік тізіміне «Алпамыс батыр» жыры көпұлттық номинациясын енгізу жұмысына қатысты, «Түркі халықтарының фольклорлық мұрасы» көптомдық сериясының 1-томын (Түркі халықтарының батырлар жыры: Қазақ батырлар жыры) құрастырушылардың бірі, жауапты редакторы.

Филол. ғ.к., жетекші ғылыми қызметкер Ж.С. Рақыштың кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар ғылыми еңбектері төмендегіше берілді:

1. Қазақ фольклортануының терминдер сөздігі / Жауапты редакторы Ж.Рақыш. – Алматы: Brand Book, 2020. – 272 б.

2. «Бабалар сөзі» жүзтомдығы: мазмұндалған анықтамалық / Құраст.: Т. Әлбеков, Қ. Алпысбаева, Ж. Рақыш. – Алматы: Дарын, 2022. – 382 б.

3. Қазақ текстологиясы: негізгі мәтін мен авторды анықтау (атрибуция) мәселелері. Ұжымдық монография. – Алматы: Литера М, 2022. 256 б.

4. Қазақ постфольклоры: Ұжымдық монография / Жауапты редактор Ж.Рақыш. – Алматы: Smart University Press, 2024. – 240 б.

5. Рақыш Ж. «Қамбар батыр» жыры және оның текстологиясы. Монография. – Алматы, 2009. – 152 б.

6. Рақыш Ж. Қазақ постфольклоры: жанрлар трансформациясы // «Keruen» ғылыми журналы (2023). 79 (2), 116-126.

Ж. Рақыш әдеби мұраны жинау, зерттеу және насихаттау, елдің игілігіне ұсыну ісіне елеулі үлес қосты:

1. Түркі халықтарының фольклорлық мұрасы: Көптомдық. Түркі халықтарының батырлар жыры. Т.1: Қазақ батырлар жыры / Құрастырушылар: Матыжанов К. (жалпы ред. басқ.), Рақыш Ж. (жауапты ред.), Сәкен С., Ақан А., Әкімова Т., Сәрсек Н. – Астана: «Жарқын Ко», 2025. – 846 б.

2. Жамбыл. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том/Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Мәдібаева Қ., Рақыш Ж. (жауапты ред.), Әкімова Т. – Алматы: Brand Book, 2021. 624 б.

3. Орыс шығыстанушы-түркітанушыларының XX ғасырға дейінгі жинақтарында қазақ фольклоры мен әдебиетінің орын алуы. Нарративті дереккөздері. – Алматы: Silver Press, 2022. 732 с. (құраст. бірі)

4. Мағжан. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 1-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Әкімова Т., Рақыш Ж. (жауапты редактор), Сәрсек Н.– Астана: Түркі академиясы, 2023. 544 б.

5. Мағжан. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 2-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Әкімова Т., Рақыш Ж. (жауапты ред.), Сәрсек Н. – Астана: Түркі академиясы, 2023. 416 б.

6. Мағжан. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 3-том /Томды құраст.: Матыжанов К., Мүрсәлімова Н., Рақыш Ж. (жауапты ред.), Салтақова Ж. – Астана: Түркі академиясы, 2023. 536 б.

7. Қобланды батыр. Жетітомдық. 1-том / Құраст. К.Матыжанов, Т.Қыдыр, Ж.Рақыш (жауапты шығарушы). Алматы: Smart University Press, 2023. 549 б.

8. Қобланды батыр. Жетітомдық. 2-том /Құраст. Ж.Рақыш, Елесбай Н., Ж.Салтақова (жауапты шығ.). Алматы: Smart University Press, 2023. 364 б.

9. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 1-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Рақыш Ж., Сәрсек Н. – Алматы: Smart University Press, 2023. – 772 б.

10. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 2-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Ісімақова А., Рақыш Ж., Мұстафаева К., Ахмет Ә. – Алматы: Smart University Press, 2023. – 876 б.

11. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 3-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Рақыш Ж., Ахмет Ә. – Алматы: Smart University Press, 2023. – 784 б.

12. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 5-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Ісімақова А., Рақыш Ж., Жұбай О., Мұстафаева К., Сәрсек Н., Елесбай Н., Ахмет Ә. – Алматы: Smart University Press, 2023. – 784 б.

Марапаттары:

Қазақстан Республикасы ҒЖБМ-нің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (2024, куәлік № 00852), «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі (2025, куәлік № 314).

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

Фольклортану ғылымының ұлттық бағытта өркендеуі пән ұғымдарының атауынан танылады. Қазақ фольклортану ғылымында қолданыстағы терминдердің басым көпшілігі – ұлттық терминдер. М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Б.Уақатов, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева, Е.Тұрсынов, А.Сейдімбек, К.Матыжанов, Т.Қоңыратбай, Б.Рақымов, Ш.Керім ұсынған термин-атаулар ғалымдар тарапынан жаппай қолданылып, қазіргі фольклортану ғылымының метатілін, терминдік қорын байытып отыр. «Қазақ халық әдебиеті», «Бабалар сөзі» сияқты фольклорлық шығармалар қамтылған жинақтарда фольклортану терминдері дамуының кезеңдік сипаты көрінеді.

Рақыш Ж. Алғысөз // Фольклортану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Brand Book, 2020. – 5-бет (272 б.)

Түс жору – дәстүрлі мәдениетте символдық мәні зор магиялық фольклордың түрі. Түс көрген адам да, оны жорушы да түстегі аян, хабарға шексіз сеніп, соған орай әрекет жасаған. Сондықтан да «жаман түс көргенде ешкімге айтпау», «қандай түсті де тек жақсылыққа жору» т.б. сияқты тыйымдар қалыптасқан. Түсті жору міндетті болғанымен, оның мәнінде шарттылық басым. Түстің табиғатындағы құпиялылық пен жұмбақтыққа байланысты әртүрлі адамның түсіне кірген бір зат жайында түс жорушының ой-танымына байланысты әр қилы жорамал жасалған. Түс жорудың этнографиялық мәні мен символикасы толық сыры ашылмаған күрделі жүйе болып табылады. Көрген түсті міндетті түрде талдап, жору әлем халықтарында кездеседі. Қазақ дүниетанымындағы «түс садақасын беру» деген ұғымда түстің адам рухына тигізетін әсер-ықпалы жайындағы көне сенімнің сілемі бар. Халық қандай түсті де міндетті түрде жақсыға жори отырып, түсте меңзелетін қауіпті садақа беру арқылы болдырмаудың әрекетін жасаған. Бұған ел аузында айтылатын өз сарбаздарының түстерін тек жақсыға жорып, түс садақасын бергізген Абылай жайындағы аңыздар куә.

Рақыш Ж. Түс жору // Фольклортану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Brand Book, 2020. – 216-217-бет (272 б.)

Батырлық жырлардың басым көпшілігінде батыр кәрі ата-ананың ұзақ уақыт баласыздық зарын тартып, Құдайдан, әулие-әнбиеден тілеп алған перзенті болады. Ал, «Қамбар батыр» жыры батырдың есейіп, ел қамқоры болған тұсынан басталады. Негізгі кейіпкер оқиғаға араласпас бұрын Назым мен оның әке, ағаларының байлығы мен сән-салтанаты мадақталады да, батырдың өмір тіршілігі мен алғашқы ерлігі баяндалады. Мұның өзі «Қамбар батыр» жырының композициялық құрылымындағы ерекшелікті көрсетеді.

Рақыш Ж. «Қамбар батыр» жыры және оның текстологиясы. Монография. – Алматы, 2009. – 28-бет (152 б.)

«Қамбар батыр» жырының көпқабаттылығы түрлі замандар елесін аңғартады. Алайда бұл қабаттар эпос мазмұнында көркемдікпен кірігіп, жанрдың өзіне тән бітім болмысын тудырған. Ең бастысы – әрбір тарихи дәуірдің өзіне тиесілі идеялық мұраттарын бір арнаға тоғыстырған. Сонымен бірге жанр дамуының тарихи жолдарын да аңғартады. Жырдағы адам сезімінің терең қатпарларына бойлау, жалпылықтан гөрі жеке сезім күйлеріне көбірек көңіл бөлу – эпос табиғатына кейінгі дастандық дәстүрдің де ықпалы болғандығын айқындайды.

Рақыш Ж. «Қамбар батыр» жыры және оның текстологиясы. Монография. – Алматы, 2009. – 31-бет (152 б.)

Жамбыл Жабаевтың өмірбаяны, ақындық ортасы мен шығармашылығын зерттеген Сапарғали Бегалиннің айтуы бойынша Жамбыл «Өтеген батыр» дастанын 1923-24 жылдары жырлаған. XIX ғасырдың 80-90 жылдарынан бастап жырлап жүргені туралы айтылады. Жамбыл бұл дастанды халық алдында әртүрлі нұсқада айтып жүрген, әр жырлаған сайын импровизация жасап, оқиғаны біршама өзгертіп отырады. Ресми идеологияны дәріптеуге күш салған кеңес үкіметі мен компартия ақын-жыршыларды осы орайда барынша пайдаланды. Жамбыл ақын да кеңес кезеңінде қайта жырлағанда бұрынғы заман мен қазіргі заманды қарсы қоя отырып суреттейді, дастанның Кіріспе және Қорытынды бөлімін кеңестік кезеңдегі идеология талаптарына байланысты қосқан.

Рақыш Ж. «Өтеген батыр» дастанының ғылыми түсінігі // Жамбыл. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Мәдібаева Қ., Рақыш Ж., Әкімова Т. – Алматы: Brand Book, 2021. 505-бет (624 б.)

«Социалистік Қазақстан» газетінде «Жамбылдың жаңа толғауы» деген атпен басылған өлеңнің алғашқы жолы «Сексеннен асқан жасым бар» деп басталады, көлемі 67 өлең жолынан тұрады. Жинақтарында «Туған елім» деген тақырыппен жарияланып келеді. Газет нұсқасындағы «Сексеннен асқан жасым бар» деген алғашқы өлең жолы жинақтарында «Тоқсаннан асқан жасым бар» болып өзгертілген.

Рақыш Ж. «Туған елім» толғауының ғылыми түсінігі // Жамбыл. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Мәдібаева Қ., Рақыш Ж., Әкімова Т. – Алматы: Brand Book, 2021. 581-бет (624 б.)

Ағайынды жігіттердің – алты Алашқа аты аян Баян батыр мен інісі Ноянның – көңілі ұнатқан, сүйген он төрт жасар қалмақ қызының аты поэмада аталмайды, тек қалмақ қызы, ақша маңдай, толқын шаш деп суреттеледі. Себебі оқиға қалмақ қызы туралы емес, ақын батыр Баянның жан-дүниесіндегі ішкі күйзелісін, трагедиялық толғанысын суреттеуді мақсат еткен. Мағжан Жұмабаевтың шығармалар жинағының 1989, 1995, 2013, 2018 жылғы басылымдарында қалмақ қызы – «Ақшамандай», енді бірде «Толқыншаш» болып бас әріппен бірге жазылып, «ақша маңдай» және «толқын шаш» деген сұлу қыздың сипаты кісі есіміне айналып кеткен.

Рақыш Ж. «Батыр Баян» поэмасының ғылыми түсінігі // Мағжан. Шығармаларының академиялық толық

жинағы. Үш томдық. 2-том / Томды құраст.: Матыжанов К., Әкімова Т., Рақыш Ж., Сәрсек Н.– Астана: Түркі Академиясы, 2023. 493-бет (568 б.)

Постфольклордың негізгі белгілеріне авторының белгісіздігі немесе ұмытылып, ұжымдық әрі бұқаралық сипатқа ие болуы, көпнұсқалығы, өзгергіштігі және мультимедиялық қасиеті жатады. Бұл ерекшеліктер оны дәстүрлі фольклормен жақындастырады. Постфольклорға қазіргі кезеңдегі фольклорлық үлгілер: өлеңдер, анекдоттар, аңыздар, қауесеттер, қорқынышты әңгімелер және басқа да жанрлар кіреді. Сонымен қатар постфольклордың дәстүрлі фольклордан айырмашылығы оның белгілі бір географиялық аймақпен шектелмеуінде және жазба түрінде де, сондай-ақ сандық орта арқылы белсенді түрде таралуынан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, постфольклорды қазіргі бұқаралық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Рақыш Ж. Қазақ постфольклоры // Қазақ постфольклоры: Ұжымдық монография. – Алматы: Smart University Press, 2024. – 27-бет (240 б.)

Қазіргі фольклордың жанрлық жүйесі көптеген жанрлық түрлердің пайда болуы мен толығуынан кеңейіп отырады. Интернет фольклордағы бата сөз жанрының дәстүрлі жанрдан өзгеріске түскені, жаңғырып толыққаны, айтылу, орындалу тұрғысында өзіндік ерекшеліктері байқалады. Алдымен батаның мазмұндық, әлеуметтік мәні мен берілу жағдаятында үлкен айырмашылық көзге түседі.

Рақыш Ж. Виртуалды коммуникациядағы бата сөз // Қазақ постфольклоры: Ұжымдық монография. – Алматы: Smart University Press, 2024. – 46-бет (240 б.)

Фольклорлық батаның мазмұны постфольклорда едәуір сақталған деуге болады, бата беруші өз жанынан сөз құрамауы мүмкін, дайын қалыпты пайдаланады. Жеткізу формасында айырма бар: бата берушінің тұлғасы көрінетін, кей жағдайда сырт көзден таса қалып, мәнерлеп айтылатын батаны табиғаттың әсем суретімен көркемдеген видеожазба, сондай-ақ диктордың әуезді үнімен аудиожазба, мәтін түрінде, кескін формасында, смайлик типтес болып таратылады. Ғаламтор арқылы келген аудио, бейнежазба, мем түріндегі бата мәтінін келесі желі қолданушыларға жас та, үлкен де тарата береді.

Рақыш Ж., Әкімова Т. Бата сөз жанры: құрылымдық-семантикалық талдау // «Кегиеп» ғылыми журналы (2025). 89 (4). 64-бет (59-70-бб.)

РАХМЕТОВА БАЗАР АНАСҚЫЗЫ

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы: филология ғылымдарының кандидаты, университеттің Қауымдастырылған профессоры

Мекеме, қызмет орны: Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті. «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының жетекшісі.

Рахметова Базар Анасқызы 1965 жылы 1 сәуірде Қостанай облысы Аманкелді ауданы Қабырға ауылында дүниеге келген.

1982 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп,1987 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

Жолдамамен сол кездегі Торғай облысы, Амангелді ауданы, Байғабыл орта мектебі, Н.К.Крупская атындағы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып, 1991 жылға дейін ұстаздық қызмет атқарған.

1991 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының шақыруымен қазақ тілі және әдебиеті кафедрасына оқытушы болып қабылданған.

1994 - 1995 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-де, 2001-2003 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында ғылыми қызметкер болып, тағылымдамадан өткен.

2004 жылы «Т. Нұртазиннің ғылыми-сын және әдеби публицистикалық мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған.

2005 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алған.

2005 жылдан бүгінгі күнге дейін осы университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының жетекшісі.

2015 жылы Түркия елінің Эгей университетінің шақыруымен халықаралық конгресске қатысқан.

2019, 2020,2024 жылдары «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Пәндік комиссия мүшесінде сарапшы.

2021 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында өткен «Қазақ тілі мен әдебиеті: оқыту мәселелері және жаңа көзқарас» тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдер съезіне қатысушы.

2022 жылы "Болашақ" бағдарламасы бойынша Түркия елінің Анталия қаласындағы «AKDENIZ» Университетінде тағылымдамадан өткен.

2025 жылы Түркия елінің Нигде Омир Халисдемир университетінде академиялық ұтқырлық бойынша оқыған.

2026 жылы Түркия елінің Нигде және Мугла университеттерінде тәжірибе алмасу тағылымдамасынан өткен.

2024 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының Құрметті профессоры атағы берілді.

2025 жылдан Университеттің Қауымдастырылған профессоры.

3 монография, 4 оқу құралы, 3 оқу-әдістемелік құралдың, 2 электронды оқу-әдістемелік құралдың, 150-ге жуық ғылыми мақалалардың авторы.

Ғылыми еңбектердің тізімі:

1.Темірғали Нұртазиннің ғылыми-сын және әдеби публицистикалық мұрасы. Монография. Арқалық, 2011.-153б.

2.Темірғали Нұртазин және қазіргі қазақ әдебиеті. Монография Алматы ,2015.-160 бет

3.Темірғали Нұртазин – әдебиет зерттеушісі. Оқу құралы. – Арқалық, 2011. - 52 б

4.Темірғали Нұртазин аудармалары және көркем аударма мәселелері. Оқу құралы. Алматы, 2015.-212 бет

5. Тіл біліміне кіріспе пәнінен электрондық оқу- әдістемелік құрал. - Арқалық,2011.-29 б.

6.Темірғали Нұртазиннің көркем және деректі прозасы. Оқу - әдістемелік құралы. Арқалық, 2013. - 32 б.

7.Темірғали Нұртазиннің аудармалары. Оқу - әдістемелік құралы. – Арқалық, 2014. - 24 б.

8. «Кәсіби қазақ тілі» оқулық. – Ақтөбе, 2017

9. «Қазақ диалектологиясы» оқу-әдістемелік нұсқаулық, Арқалық, 2018

10. Кәсіби қазақ тілі. Оқу құралы. 2023.197 бет

11. Әдеби сын және шығарма. Монография /— Түркия: Анкара. «AstanaYaymlari», Ankara/Turkiy. 2024. — 217 б.

Марапаттары:

«2014 жылы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері.

2016 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі берілді.

2016 жылы Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасын жүзеге асырудағы қосқан үлесі мен Арқалық мемлекеттік педагогикалық

институтына сіңірген еңбегі үшін институт ректорының «Ұлы ағартушыға 175 жыл» естелік төсбелгісі.

2016 жылы «Білімдегі Үздіктер» халықаралық энциклопедиясы, «Білімді дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісі, Алтын диплом иегері.

2016 жылы Арқалық қаласы әкімінің Алғыс хаты.

2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы.

2017 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Алғыс хаты.

2019, 2020,2024 жылдары «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Пәндік комиссия мүшесінде сарапшы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаты.

2020 жылы ҚР «Bilim-Orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми зерттеу орталығының Алғыс хаты.

2023 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі.

2023 жылы Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығының Алғыс хаты.

2024 жылы Қостанай облысы «AMANAT» партиясының әйелдер қанаты «Әйел-ғалымдар» облыс әкімінің Алғыс хаты.

2025 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі.

2026 жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі.



САҒЫНАДИН ГҮЛНАЗ САҒЫНАДИНҚЫЗЫ 1986 жылдың 10 тамызында Ақтөбе облысы Шалқар ауданында туған. 1993-2004 жылдары Шалқар аудандық Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінде оқыған. «Алтын белгі» иегері.

2004 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқуға түсіп, 2008 жылы аталған факультеттің «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын үздік тәмамдаған. 2008-2010 жылдар аралығында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша магистратурада оқыған. 2010 жылы ф.ғ.д., профессор Б.Ш. Абылқасымовтың ғылыми жетекшілігімен «Қазақ фольклорындағы түлкі бейнесі» атты магистрлік диссертация қорғады.

2012-2015 жылдар аралығында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Әдебиеттану» мамандығы бойынша PhD-докторантурада оқыған. 2015 жылғы 29 желтоқсанда отандық кеңесшісі ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасов және шетелдік кеңесшісі профессор Метин Екижидің (Түркия) жетекшілігімен "Түркі халықтары фольклорындағы аңыздық проза (жанрлар және кейіпкерлер жүйесі)" атты докторлық диссертация қорғады.

2017 жылдан бастап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, 2019 жылдан бастап доцент м.а. болды. 2025 жылы қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алды. 2024 жылдан бері қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

Ғылыми бағыты: әдебиеттану, фольклортану, түркітану.

Сағынадин Гүлназ әлемдік COURSERA платформасында «Фольклор: жанр және образ» ЖАОК авторы, бұл ЕҰУ бойынша әлемдік платформадағы қазақстандық коллекцияға енген алғашқы практикалық онлайн курс болып саналады.

Зерттеу жұмыстары бойынша уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, ғылыми жинақтарда, халықаралық, республикалық конференция материалдарының жинақтарында 100-ге жуық еңбегі жарияланған. *h-индекс – 2*

Web of Science және Scopus базаларындағы рецензияланатын ғылыми басылымдардағы жарияланымдар (соңғы 5 жыл):

The Effects of Computer Aided Education in the Education of Folk Cultural Products. Journal of Curriculum Studies Research. 2023, 5(2),167–185 pp. (Aimukhambet, Z., Aituganova, S., Alimbayev, A., Seiputanova, A.) https://doi.org/10.46303/jcsr.2023.25

A Historical-Typological Study of Images About Alyps in The Turkic Folklore. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 9(3) (2023) 207-215 (Aimukhambet, Z., Baytanassova, K., Aituganova, S., Mirzakhmetov, A) http://dx.doi.org/10.32601/ejal.903018

Integration of World Literary Traditions and Innovative Artistic Searches in Contemporary Kazakh Prose // Forum for Linguistic Studies, 2024, 6(6), pp. 1–14 (Sultangaliyeva R., Sagidulliyeva S.S., Mutiyev Z., Akbulatov A., Askarova G., Zhumasheva, K.) https://doi.org/10.30564/fls.v6i6.7098

Akhit Ülimjioğlu'nun Eserleri ve Edebî Folkloristik Entegrasyon // Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi, Yaz-Haziran 2025, Sayı 114, 455-466. ISSN: 1306-8253 eISSN: 2147-9895 Geliş Tarihi/Received: 14 Mayıs 2024 Kabul Tarihi/Accepted: 20 Kasım 2024 https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1483722

ҚР ҒЖБССҚК ұсынылған отандық басылымдардағы жарияланымдар (соңғы 5 жыл):

Фольклорлық жанр және мәтін модификациясы// Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 152(3), (2025). 248–258 бб. (Телавтор: Д.Кәпұлы) https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-248-258

Фольклордағы синкреттілік: жанр және термин (А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» негізінде) // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 144(3), (2023). 179-187 бб. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-144-3-179-1873.

Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері // Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы. №3. – Астана, 2023. 231-241 бб. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.16

4. Қазақ мақал-мәтелдерінің алаш кезеңінде жариялануы (Ахмет Баржақсыұлы еңбегі негізінде) // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 4 (141) / 2022. – Б.159-167. (Тел авторлар: Кеменгер Қ., Жұмағұл С., Қамзабекұлы Д.) https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-159-166

5. Балалар фольклоры және көркем бейне // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. ISSN 2616-678X, ISSN 2663-1288. № 1(138)/2022. Б.123-134. https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/216/98

6. Ақыт Үлімжіұлы шығармашылығы және әдеби-фольклорлық интеграция // Еуразия гуманитарлық институты Хабаршысы. №1. – Астана, 2023. 214-225 бб. (Телавтор: Д.Кәпұлы) https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.17

Бірқатар монографиялар, оқулықтар, оқу құралы, т.б. кітаптары жарық көрген. Соның ішінде:

Фольклор: жанр және поэтика. Монография.– Астана: «FOCUS» ЖК, 2025. – 137 б. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ғылыми Кеңесі ұсынған. 31 наурыз 2025 жыл, №16 хаттама.

Фольклор: жанр және образ. Оқулық. ҚР РОӘК ұсынған. – Астана: ЕҰУ типографиясы, 2024. – 266 б.

Фольклортану тарихы мен теориясы. Оқулық. ҚР РОӘК ұсынған. – Астана: «FOCUS» ЖК, 2023. – 254 б. (телавтор Қ.Байтанасова)

Alpler İle İlgili Konularda Düşünce Uyumu ve Motif Birliği (Türk Halklarının Folklorundan Örneklerle) // TÜRK DÜNYASI HALKBİLİMİ I. CİLT (Türkiye - Kazakistan - Azerbaycan). Türk Dünyası Halkbilimi I. Cilt (Türkiye-Kazakistan-Azerbaycan) Türü: İnceleme 1.Baskı, 704 s., Mart 2024, Ankara. ISBN: 978-625-6682-02-3. s.343-357

Ғылым кеңістігі және әдебиеттану. Ұжымдық монография. – Алматы: Арда+7, 2022. – 248 б.

Мәтінтану: талдау-сызба. Практикум. Ұжымдық құрал. – Алматы: Арда, 2021. – 288 б.

Kazak Mitolojisi Araştirmalari. Ankara, Ak çağ Yayınlan, 2022. – 290 s. (Ұжымдық монография)

Гуманитария. Анықтамалық. 350 сөз. Оқу құралы (ұжымдық). – Алматы: «ARDA» баспасы, 2020 – 244 б.

Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қазақ халқының батырлық-эпикалық жыр-аңыздауларында көркем бейнеленуі. Ұжымдық монография. – Нұр-сұлтан: «Мағжан» баспасы, 2020. – 182 б.

Түркі халықтары фольклорындағы аңыздық проза (жанрлар және кейіпкерлер жүйесі). Монография. – Астана: TechSmith, 2019. – 188 б. (екінші басылым)

Фольклорлық образ: таным және көркемдік. Оқу құралы. – Астана: TechSmith, 2019. – 164 б.

Түркі халықтары фольклорындағы аңыздық проза (жанрлар және кейіпкерлер жүйесі). Монография. Астана: Мастер ПО, 2018. – 181 б. *(Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлік. 20 желтоқсан 2018 жыл. № 1033).*

Ғылыми жобалар:

2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясындағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қазақ халқының батырлық-эпикалық

жыр-аңыздауларында көркем бейнеленуі» ғылыми жобасының тең жетекшісі;

2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясындағы «XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылым кеңістігі: ғылымдар ықпалдастығы және әдебиеттану» ғылыми жобасының жетекші ғылыми қызметкері;

2021-2023 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясындағы «Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы» ғылыми жобасының жетекші ғылыми қызметкері;

2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясындағы «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясы» ғылыми жобасының жетекші ғылыми қызметкері;

2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясындағы «Алаш кезеңі әдебиеті: интегративті фольклортану контексі және жаңа ғылыми парадигма» ғылыми жобасының жетекші ғылыми қызметкері;

2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясындағы «Қазіргі қазақ прозасындағы қалалық балалар типологиясы және ұлттық ментальдік (ағылшын әдебиеті мен қазақ әдебиеті шығармаларын салыстыру)» ғылыми жобасының жетекші ғылыми қызметкері.

Аталған жобалар аясында Стамбул (Түркия, 2022), Анкара (Түркия, 2023), Баку (Әзербайжан, 2024) қалаларында ғылыми тағылымдамадан өтіп, Ташкент (Өзбекстан, 2023) қаласындағы Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінде бакалариат және магистратура білім алушыларына дәрістер оқыды.

Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы бірқатар марапаттарға ие. Соның ішінде:

«Алтын белгі» иегері (2004); Мемлекеттің жоғары білім беру жүйесін дамытуға және біліктілігі жоғары мамандарды даярлауға қосқан зор үлесі үшін «А.Байтұрсынов атындағы қола медаль (2016); Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Ең үздік ғылыми жұмыс-2019» конкурсының жүлдегері (2019); ҚР педагогикалық ЖОО-ның жас оқытушылары арасындағы I Республикалық байқауының жүлдегері (2020); ҚР ҒЖБ Министрінің Алғысы (2024); «ЖОО үздік оқытушысы-2024» атағының иегері.

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

Аңыздық проза жанрлары дифференциациясының коммуникативті аспектісі белгілі бір жанр түріндегі фольклорлық мәтіннің айтылу жағдайын түсіндіруге мүмкіндік береді және айырмашылық белгілерін анықтауға ықпал етеді. Сөйлесімнің мақсаты мен шарттары әр жанрдың мазмұндық, құрылымдық және функционалдық сипаттарын біріктіру

бастамасы ретінде көрінеді. Бұл мәтіндер кейде түркі халықтарының әпсаналары, тұрмыстық, новеллалық ертегілері аясында қарастырылады. Мұндай жанрлық айырмашылықтың орын алуы аңыз бойында белгілі дәрежеде көркемдік жинақтаудың болуымен түсіндіруге болады.

Фольклортану тарихы мен теориясы.
Оқулық. ҚР РОӘК ұсынған. – Астана: «FOCUS» ЖК,
2023. – 95 бет (254 б.) (телавтор Қ.Байтанасова)

Фольклор о бастан диалогтік болмысқа ие. Соған сәйкес фольклордың бүтінде интегративті ғылым көзі ретінде зерттеу мүмкіндіктерінің диапазоны кеңейіп жатыр. Оған дәлел – соңғы уақытта ғылыми талқыда жүрген эстофольклортану саласы. Эстофольклортану әдеби-фольклорлық ықпалдасу нәтижесіндегі әр текті материалдың идеялы-эстетикалық бірлігін зерттеуді көздейді. Әлемдік аренада жеке терминмен айшықталып, дербес сала ретінде дамуы оның зерттеу пәнінің заманауи сұраныстағы өзектілік динамикасын көрсетіп отыр. Осы динамиканы ұлттық фольклортану аясында бағамдап, фольклорлық дәстүрдің әдебиеттегі көрінісін, яғни эстофольклортанудың фольклоризм категориясын интермәтінділік аспектісінде айқындау – бүгінгі фольклортанудың өзекті мәселелерінің бірі.

Фольклор: жанр және поэтика.
Монография.– Астана: «FOCUS» ЖК, 2025.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ғылыми Кеңесі ұсынған. – 40 бет (137 б.)

Әрине, дәстүрлі ғылыми түсінікте Алдар мен Қожанасыр образдары – сатиралық ертегілердің кейіпкерлері. Бірақ жоғарыда айтқандай, әпсана – тарихи оқиғалар мен тұлғалардың көркемделе әрі дәріптеле бейнелеуінің нәтижесі десек, Алдар көсе мен Қожанасыр туралы сюжеттер сатиралық мазмұндағы әпсаналық функцияны орындайтын шығармалар екені сөзсіз. Жалпы, А.Байтұрсынұлының «ертегісімек» ұғымын сараптау арқылы анекдоттық мазмұндағы туындылардың ертегілік прозаға қарағанда ертегілік емес салаға жақын келетінін қоса пайымдауға болады.

Фольклордағы синкреттілік: жанр және термин
(А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» негізінде) //
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 144(3), (2023). – 183 бет (179-187 бб.)

Басқа аңыздық проза туындыларына қарағанда, хикая адамның жеке әлеміне анағұрлым жақын. Фольклор жанрының бұл түрі өз мазмұн аясында халықтың мифтік санасы мен діни нанымы тудырған мақұлықтар мен құбыжықтар бейнесін көрсетеді. Хикая – өмірде түрлі тылсым күштердің, құбыжық пен мақұлықтардың кездесуіне халықты иландыратын әңгімелер. Иландыру мәселесі мұндай хикаялардың ақиқат негізінде құралғанын көрсетеді. Хикая жанрының даралығы «контекст – орындаушы – хабарлама (мәтін) – тарату арнасы – аудитория – нәтиже (қабылдау тиімділігі)» жүйесіндегі әрбір компоненттің қатысы арқылы сараланатын болса, айтушының оқиғаны өз басынан өткендей немесе өзі куәлік етіп, үшінші жақтан орындауы және тыңдаушының қабылдауы шындыққа лайықталып, сенім ұялатады.

Түркі халықтары фольклорындағы аңыздық проза
(жанрлар және кейіпкерлер жүйесі).
Монография. Астана: Мастер ПО, 2018. – 68 бет (181 б.)

Эстофольклортанудың ғылыми-әдістемелік концепциясын құрайтын негізгі бағыттарды көрсетуге болады:

- Фольклоризм типологиясы. Уақыт, көркем ойлау тенденциялары, авторлық ойдың дербес ерекшеліктері, т.б. концептуалды негіздемелер бойынша фольклоризм типтерінің жүйесі. Көркем мәтінді талдау арқылы фольклоризмнің ұлттық сипатын нақтылауға болады. 65

- Әдеби шығармалардың фольклоризациялық деңгейі. Соның ішінде ұлттық сөз өнеріндегі түйткілді мәселе – «жазба әдебиет – ауыз әдебиеті» қатынасына құрылған «кері байланыстың» теориялық табиғатын ашуға қадам жасалып, фольклоризациялық функциясына баға беріледі. Бұл қазақ сөз өнерінің тарихи-мәдени үдерістегі орны мен ерекшеліктерін айқындауға ықпал етеді. Мұндай ұстанымдарды жүзеге асыруда қос бірліктегі қарама-қарсы үдеріс ретінде «фольклоризм» мен «фольклоризацияның» феноменологиясын көрсету ықтимал болады. Бұл өз кезегінде эстофольклортанудың жеке сала ретінде қалыптасуына, сондай-ақ ұлттық фольклор теориясына жаңа интегративті призма арқылы қарауға көрсеткіш бола алады.

- «Инициарлы орта» концептісі. Шетелдік тәжірибедегі фольклор-инициарлы орта-әдебиет қатынасы арқылы ұлттық ғылыми танымдағы аталмыш түсініктің көріну дәрежесіне баға беруге болады. Инициарлы шығармашылық – авторлық ауыз әдебиеті ұғымдарын байланыстыру әбден мүмкін. Бұл ретте эстофольклортану саласының ұлттық контекстегі зерттеу нысандарын жүйелеуге толық негіз бар. Осылайша фольклордың сандық көрсеткіштерін емес, интеграциялық сын-сипатын анықтай отырып, ұлттық ғылыми жүйедегі эстофольклортану саласының ғылыми теориялық статусын қалыптастыруға ықпал етеді.

Фольклор: жанр және образ.

Оқулық. ҚР РОӘК ұсынған. – Астана: ЕҰУ типографиясы, 2024. – 66 бет (266 б).

АНАР БЕКМЫРЗАҚЫЗЫ САЛҚЫНБАЙ



1962 жылдың 22 тамызында дүниеге келген. Білімі жоғары. Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы. Филология ғылымдарының докторы, профессор. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін) 1985 жылы бітірген. 1991 жылы «Қимыл есімінің семантикасы мен функциясы» тақырыбында кандидаттық, 1999 жылы «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» тақырыбына докторлық диссертация қорғаған. 2002 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі Жоғары Аттестациялық Комиссиясының шешімімен профессор атағын алған. Ғылыми бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі - 40 жыл. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, профессоры, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарған. «Ұлттық құндылықтар Академиясы» қоғамдық бірлестігінің толық мүшесі – Академигі. Еуропалық жаратылыстану ғылымдар академиясының корреспондент мүшесі. «Қазақ тілі оқытушыларының Халықаралық Бірлестігінің» президенті. 2008-2013 жылдары Мемлекеттік тіл кафедрасының, 2020-2023 жылдары А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі болды.

Түркие, Билкент университетінде (2011); Түркие, Анкара университетінде (2012): АҚШ, Висконсин-Мадисон университетінде. Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша (2013-2014). Франция, КОНКОРД бағдарламасы бойынша (2018). Германия, Дюсельдорф университетінде (2019) ғылыми тағылымдамадан өткен. 2025-2025 оқу жылында Өзбекстанда Самарқанд мемлекеттік университетінде профессорлық қызмет атқарды.

Ә. Салқынбай – 900-дей ғылыми және ғылыми көпшілік, 50-дей монография мен оқулық, оқу құралдарының авторы. 2007, 2014 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының Үздік оқытушысы грантының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008-2010, 2010-2012 жылдарға арналған ғылым мен техника дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері болды. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша бірнеше ғылыми жоба жазылды (1999-2000, 2006, 2007-2009, 2009-2011), сондай-ақ кейінгі жылдары «Қазақ тілі әлемдік кеңістікте: теориясы мен

практикасы» (2015-2017); «Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар» (2018-2020); «Әлемдік рухани құндылықтар: Абай шығармашылығындағы адамзатты сүю идеясы» (2022-2024) т.б. атты ғылыми жобалар жазылды. ККО АДЖИП компаниясының Халықаралық Гранты негізінде «Қазақ тілі грамматикасы», «Тіл әлемі – Мир языка» анықтама сөздік баспадан шықты. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «Тіл. Таным. Білім», «Функционалды грамматика очерктері», «Қазақ сөзі: уәжділігі мен тектілігі», «Шаһкәрім шыққан шың», «Абай сөзінің лингвопоэтикасы», «Қазақ тілі сөзжасамы», «Қазақ тілі грамматикасы», «Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі» (3 кітап), Шетелдіктерге арналған «Қазақ тілі» (3 кітап) «Қазақ тіл білімі тарихы», «Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар», «Абайдың даналық әлемі», «Абай – сана реформаторы», «Ақымет Байтұрсынұлы ілімі» т.б. атты еңбектері жазылып, 7 (жеті) оқу құралы университеттің жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісіне енгізілді. Ғалым Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 8D023- Тілдер және әдебиет, 8D022- Гуманитарлық ғылымдар кадрларын даярлау бағытындағы 6D021200, 8D02208 – Түркітану, 6D020700, 8D02302 – Аударма ісі, 8D02307 – Қазақ филологиясы, 6D020500 – Филология (қазақ тілі)» мамандықтарының философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы болды. Ғалым өз еңбектерінде түркі тілдерінің тарихын, қазақ тілінің тарихи сөзжасамын, қазақ сөзінің уәжділігі мен семантикасын, Абай мен Шаһкәрімнің тілін, А. Байтұрсынұлының зерттеулерін когнитологиялық, функционалдық-семантикалық бағытта зерттеудің жолдары мен тәсілдерін ұсынады. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен 12 ізденуші кандидаттық, 5 ізденуші PhD диссертация қорғады.

Марапаты: «Шапағат» медалі (2024).

А.Б. Салқынбайдың авторлығымен кейінгі жылдарда жарияланған зерттеу еңбектері:

Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. Монография. Қазақ университеті: Алматы. 2020. 15 б.т. ISBN 978-601-04-3446-9.

Салқынбай А. Шаһкәрім шыққан шың. Монография. Қазақ университеті: –Алматы, 2018. 15 б.т. ISBN 978-601-04-3544-5.

Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Монография. Қазақ университеті: -Алматы. 2020. 20 б.т. ISBN 978-601-04-3547-6.

Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. Монография. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Қазақ университеті: Алматы, 2020. 15 б.т. ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ) ISBN978-601-04-4781-3 (44-том).

Салқынбай А. Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар. Күретамыр. Монография. - Алматы. «Қазақ университеті», 2021. 32 б.т. ISBN 978-601-04-4801-8.

Салқынбай А. Абайдың даналық әлемі. Монография. - Астана. 2023.

Салқынбай А.Б. Абай – сана реформаторы. Монографиялық зерттеу. – Алматы.: Қазақ университеті. 2025. - 408 бет.

Salkinbay A. Abay'in bilgelik alemi. Monograph (түрік тілінде) - Almaty. 2025. - 296 p.

Салқынбай А.Б. А. Байтұрсынұлы ілімі. - Ташкент. 2026. - 374 б. ISBN 978-9910-271-55-7.

Салқынбай А.Б. Til ham shaxs (қарақалпақ тілінде) - Ташкент. 2026. -265. ISBN 978-9910-271-54-0.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазақтың рухани-мәдени лексикасында бұрыннан бар **ақыл, ой, жүрек, жан, Шын, нұр, рахат, жар, ар, махаббат, сүю, сағыныш, кездесу, мас болу, шарап** т.б. сөздер ақын қолтаңбасы арқылы жаңа символдық мәнге ие болып қана қоймай, терең ұғымдар жүйесін танытатын концептік деңгейге көтеріледі. Яғни қарапайым қолданыстан, жаңа ұғымдық, мәндік деңгейге көтеріледі, әр атаудың астарында жаңа идея пайда болады. Бұл жаңа идея танып, түсініп оқыған оқырманды жаңа ғылыми пайымдаулар жасауға, жаңа ғылыми дүниетаным қалыптастыруға итермелейді. Жаңаша ойлау, өзгеше қабылдау жүйесін тануға көмектеседі.

А. Салқынбай. Шаһкәрім шыққан шың. *Монография.* – Алматы, «Қазақ университеті». 2018. 11-12 беттер.

Халыққа таза армен еңбек етуді адамдық борыш ретінде ұқтырған Шаһкәрім, екі айналып бұл дүниеге келу жоқ, ендеше барыңды беріп, ғибрат алар үлгі етер іс қалдыру бақыт дегенді зердеге түйгізеді. Өлеңдегі ой ағымы бірінен кейін бірі өрби отырып, алға айқын мақсат тартылады, оның орындалу жолдары мен жоба, жүйесі көрсетіледі. Өлең соңында ақын ойының мәні, таза ақыл жолының апаратын биігі – *Мәңгілік өлмеу* тұрады. Яки мәңгілік өлмеу – мүмкін іс. Оған апаратын жол – халқына қызмет қылып, артында ғибрат алар іс қалдыру.

"Өлмегенде не өлмейді, Ақынның аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді" деген қазақы таным-түсінікті тереңдете түскен Шаһкәрім ғұлама тек ақын-ғалым ғана емес, *Барыңды, нәріңді тірлікте бергейсің. Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң, мәңгілік өлмейсің* – деп көшелі ой айтады. Өлең жолдарындағы тізбектеліп келетін жүйелі ой мен ішкі мән

сөз арқылы өрнектеліп, атауларды жаңаша ойлаудың тілдік таңбасына айналдырады. Мәселен, *жоба, жол, қауым* сөздерінің контекстік мәнін осылайша бағамдауға болар еді. Тізбектелген ой – жүйелі. Ал мақсаты айқын жүйелі нәрседен нәтиже шығары анық.

А. Салқынбай. Шаһкәрім шыққан шың. *Монография.* – Алматы, «Қазақ университеті». 2018. 31-бет.

Ұлттық дүниетанымның өзіндік моделі бар, бұл модельді сол ұлттың даналары, данышпандары негіздейді, халық дамыта түсіп қолданады. Ұлттық дүниетанымдық модель – әртүрлі, жүйелі, күрделі құрылым. Қазақ халқының ұлттық болмысын, ұлттық санасын айқындайтын осындай модель түрі Абай шығармаларының идеясы арқылы қалыптасты деуге толық негіз бар. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дейтін адамзаттық идеяны негізгі база ретінде ұстанатын бұл ұстанымның негізгі принциптері имандылыққа меңзеуді мақсат етеді.

А. Салқынбай. Шаһкәрім шыққан шың. *Монография.* – Алматы, «Қазақ университеті». 2018. 32-бет.

Абай мен Шаһкәрім жасаған даналық – адамтануға, адамның рухани сипатын бағалауға бағышталған ой әрекетінің өзі.

А. Салқынбай. Шаһкәрім шыққан шың. *Монография.* – Алматы, «Қазақ университеті». 2018. 39-бет.

Шаһкәрім өмірдің мәнін де, сәнін де рухани тазалықтан, ақ жүректен, таза ақылдан, Жарға деген сүйіспеншіліктен – имандылықтан іздеп табады да, осы имандылық ілімін оқытатын – «Ар білімі» оқытылуы керек деген ұсынысты адамзатқа арнайды. *"Екі өмірдің азығы – осы ұждан"* деп, оның *"төлеуі – түпсіз рахат, тозбас заман"* екенін ұқтырады.

А. Салқынбай. Шаһкәрім шыққан шың. *Монография.* – Алматы, «Қазақ университеті». 2018. 132-бет.

Шаһкәрім танымы мен тағылымының ғылыми-теориялық деңгейінің маңыздылығы, ең алдымен, оқырман алдына "мәңгілік" деп саналатын адамзаттық мәні бар іргелі мәселелерді қоя білуі дер едік. Адам болмысының мәні мен мақсаттылығы, жан мен тәннің байланысы, адам не үшін жаратылды, жаратушы кім, жаратушыны ақылмен танып-білуге бола ма, әлем кеңістігіндегі адам баласының рөлі мен орны, адам қайдан келді, қайда барады т.б. негізгі онтологиялық негіздемелерді гуманизм аясында діни-адамгершілік тұрғысында саралайды.

Данышпан ақын жаратылыс "жұмбағының" өлшеусіз ісі мен ізін іздеп, ақылдың шолғыншысына – ойқұмарлыққа жүгінеді.

Әлемді тану жолындағы тәжірибенің негізінде жасалатын әлемнің тілдік таңбалары концептік жүйелер арқылы әлеуметтенеді. Ал имандылық концепті – әр дәуірдегі халықтық рухани-мәдени болмыстың нәтижесі ретінде зерделенген күрделі, сан қатпарлы құрылым.

Сондықтан онда:

Жалпы адами немесе әмбебаптық негіз;

Ұлттық-мәдени негіз;

Белгілі бір әлеуметтік топтардың көзқарасын, пікірін білдіру;

Жеке азаматтық позиция, тәрбие, білім, өзіндік өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан білік болады.

Шаһкәрім ақын қалыптастырған имандылық концептісінде осы құрылым: әлемдік адами негіз де, ұлттық-мәдени ментальдық бейне де, сопылық ілім қалыптастырған білім мен білік те, автордың өзіндік ішкі ой-тұжырымы да толық бар.

А. Салқынбай. Шаһкәрім шыққан шың. *Монография.* – Алматы, «Қазақ университеті». 2018. 252-бет.

Абай шығармашылығы - ұлттың рухани даму жолының бастау алгоритмі.

Абай - ұлттық дүниетаным көкжиегін адамзаттық деңгейде кеңейтуші. Абай - аппақ қар үстінде жосылып жатқан айқын із сияқты жаңалыққа бағыттаушы.

Абай - бүтін бітім болуға, толық адам болуға жөн сілтеуші.

Абай - қазақ сөзінің құдыретін танытушы данышпан.

Абай сөзі – даналық әлемі. Оқы да ішкі сырына үңіліп, «жүрегіңнің түбіне терең бойла».

А. Салқынбай. Абайдың даналық әлемі. Монография. - Астана. 2023. 4- бет.

Бүгінде Абайдың тыңдаушысы бар: оның көкірек көзі ашық, түзу жолды таңдауға, өнерпаз болуға, қолын уақытында сермеп, білім мен ғылымға бет түзеуге, «бес асыл іс» пен «бес дұшпанын» саралауға толық қауқары жетеді. Жүрегінде «имани гүлі» ашылған, «жылы жүрек», «ыстық қайрат», «нұрлы ақылы» толған тыңдаушысы Абай өлеңдерін адамзатқа танытуға, ұлтынан шыққан дарабоз дананы бағалатуға қарай бағыт ұстайды.

А. Салқынбай. Абайдың даналық әлемі. Монография. - Астана. 2023. 4-бет.

Адам санасындағы құндылықты бағалау мен бағалату сезімі әркашан маңызды. Қоғамдағы ӨЗГЕ мен ӨЗІМ арасындағы қарым-қатынас үнемі үйлесімді байланыста. Ол қарым-қатынас сипаты әртүрлі болуы мүмкін: жағымды-жағымсыз, жақсы-жаман, тыныш-тыныштсыз, ұнамды-ұнамсыз, сенімді-сенімсіз, бейбіт-соғыс ... бұл өмір атты ұлы жолдағы бірде жарық, бірде көлеңкелі болып жататын тіршілік базарындағы әрекеттер, бұл ЕЛ мен Ел, мемлекет пен мемлекет, адам мен адам арасында болатын қатынастар. Осы қарым-қатынасты зерделеп, суретшілер сурет салады, ақындар өлең шығарады, жазушылар том-том кітап жазады, ғалымдар әлеуметтік пәлсапасын талдайды. Адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен сол арқылы танылған дүниетаным үлкен адамзаттық тәжірибені қалыптастырады. Осы тәжірибенің нәтижесіндей, заманалар бойында халықтық електен өткені рухани және материалдық құндылықтар тізбегін құрайды.

А. Салқынбай. Абайдың даналық әлемі. Монография. - Астана. 2023. 7-бет.

Ұлы Даланың ен төсін еркін жайлаған қазақ арасынан шыққан Абайдай ұлы данышпан «адамзаттың бәрін сүю» туралы ғаламат биік ой айта алса, бұл да қазақ дүниетанымының бір көрінісі деп пайымдаймыз.

Бұл - энергетикалық кеңістікте тіл арқылы сақталған халықтық болмыс бітім.

Бұл - қазақ ұлтының жан дүниесінде тербеліп, ұзақ тәжірибе арқылы реттелген, жинақталған ілім жүйесі.

Бұл - қазақ ұлтының ғұмырлық тірлігіндегі көрген жақсылығы мен қиындығынан, мың өліп, мың тірілген тұрмыс тауқыметінен, табиғат сырларын терең таныған танымынан, ыстығына күйіп, суығына тоңа жүріп жинап-тергені. Өзін тани жүріп, өзгені өзі арқылы сезіне жүріп, әлеммен бірлігін түйсінген, сөйтіп ғалам мен әлемдегі ұлы үндестікті өзінің санасы арқылы өткізіп түйгені.

Осы ілім жүйесі Абай шығармаларына ілгек болды, діңгек болды.

А. Салқынбай. Абайдың даналық әлемі. Монография. - Астана. 2023. 9-бет.

Ұлттық өзіндік сана – ұлттық сананың өзегі, негізі. Ол адамның рухани және әлеуметтік-саяси өмірінде өзін-өзі анықтауы үшін қажетті бағалау қатынастары мен рационалды-құндылықтарының негізгі жүйесі ретінде әрекет етеді. Ұлттың өзіндік санасы орныгып, дамып, өзін-өзі тануы, көбінесе, рухани мәдениеттің бағалануы арқылы танылады. Оның саралаушы белгілері: тілі, діні, тарихи жады, дәстүрі мен салты, ортақ ата-бабалар мифі, ұлттық мінезі, халықтық және кәсіби өнері т.б.

Ұлттық өзіндік сана этникалық психологияда күрделі құбылыс ретінде қарастырылады. Ұлттық бірегейлік – ұлттың өз құндылықтарын, мақсаты мен мүддесін бағалау арқылы айқындалады. Яғни ұлттық бірегейлік өз халқының өткен тарихын, тегін, ұлттық идеясын, болашағын, әлемдік қауымдастықта алатын орнын білу арқылы, сонымен бірге бүгінгі ұрпақ бойындағы отансүйгіштік, ұлттық мақтаныш, өз қадір-қасиеті мен борышын сезінуі арқылы көрінеді.

Ұлттық сананың бастапқы негізі саналатын этникалық өзіндік сана жылдар бойы емес, ғасырлар бойы тілдің, ділдің, адамгершілік пен ізгіліктің, әдет пен дәстүрдің бірлігі негізінде қалыптасады. Ұлттық бірегейлікті жүзеге асыру ұлт өміріндегі күрделі қайшылықты үдеріс және оның қалыптасуына қоғам өміріндегі экономикалық, әлеуметтік-саяси жағдайлар, халықаралық аренада болып жатқан құбылыстар әсер етеді. Ұлттық өзіндік санаға қол жеткізуде елдің ғұламалары мен данышпандары жетекші әрі маңызды рөл атқарады. Олар ұлттық тілді, өнер мен әдебиетті, ұлттық құндылықтарды дамытуға қызмет етіп, ұлт игілігі мен идеясы үшін күреседі. Ал бұл күрес ұлттық тілді, құндылықтарды кемсітумен және ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді жоғалту қаупімен күшейе түседі.

Абай данышпан қазақтың ұлттық санасын оятып, танымдық, этикалық, эстетикалық, моральдық, заң және діни құндылықтарын бағалау деңгейін жетілдірді, ұлттық бірегейлікті айқындайтын басты құндылықтар жүйесінің өзіндік концепцияларын жасады.

А. Салқынбай. Абайдың даналық әлемі. Монография. - Астана. 2023. 11-бет.

Адамның психикалық әрекетін зерттеу, оның санадағы және санадан тыс жағдаятын қарастыру, таным үдерісіндегі адам жанының қажеттігін тап басып айту Абайдың ғана қолынан келген. Көнеден келе жатқан «өзінді өзің таны» деген тәмсіл Абай шығармашылығын терең меңгергенде іске асу ықтималдығы бар. Абай жоғары дәлдікпен білім іздеудегі, ізденудегі адам психологиясының мәніне терең үңіліп, адамның мінез-құлқына, қабылдауына, зейініне, ынтасына, көңілге бекітуіне мән беріп, оқу үшін қажетті қағидаларды тиянақтайды, нақтылайды. Адам оқу арқылы, білім, ғылым арқылы ғана өзін өзгерте алады, жетілдіре алады. Жетілген адам ғана өзін тануға мүмкіндік алады.

А. Салқынбай. Абайдың даналық әлемі. Монография. - Астана. 2023. 202-бет.

Абайдың реформаторлығы, демек, ұлттың ойлау жүйесіне, ұлт санасына, дүниетанымдық басты негіздеріне жаңа ойлау дағдыларын

жасампаздықпен енгізген жаңалықтарында. Ол ақиқатты тану мен өзіңді танудың асыл жібін танып, тауып, қарапайым әдістер арқылы оңай түсінудің жүйесін көрсетті.

А. Салқынбай. Сана реформаторы. Монография. -Алматы, 2025. 180-бет.

Абай ілімі бүкіл қазақ дүниетанымы мен ұлттық санасына реформа жасады. Өзіне дейінгі тарихи қалыптасқан дәстүрлі дүниетанымның дұрысы мен бұрысын саралады, қатал сынады, міні мен кемшілігін талдап көрсетіп, санаға өзгеріс енгізу қажеттігін дәлелдеді, мойындатты. Жаңа жол, жасампаздық жолы – білім мен ғылым арқылы өнер мен кәсіпті меңгеріп, өндіруші елге айналу боларын әр сөзінде дәлелдеді. Сондықтан да Абайды *ұлттық санаға реформа жасаушы* ретінде бағалаймыз. Ұлттық сана бекем болғанда, ол мемлекеттік санаға ұласары анық.

А. Салқынбай. Сана реформаторы. Монография. -Алматы, 2025. 259-бет.

САЛҚЫНБАЕВ ЗЕЙНОЛЛА БЕКМҰРЗАҰЛЫ
Филология ғылымдарының кандидаты



Салқынбаев Зейнолла Бекмұрзаұлы 1974 жылы 1 маусымда Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына қарасты Төменарық бекетінде дүниеге келген.

1981-1991 жж. Қызылорда облысының Шиелі ауданы Гигант колхозында №148 Гигант орта мектебінде оқыды.

Орта мектепті бітіргеннен кейін сол колхозда 1991-1992 жж. қарапайым жұмысшы болып еңбек жолын бастады.

1992 жылы Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1996 жылы тамамдады.

1997 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінің магистратурасына түсіп, 1999 жылы филология магистрі академиялық дәрежесін иеленді.

1997-2002 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құқықтану факультетін бітірді.

2002 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді.

1999-2002 жж. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Академиясында полиция аға лейтенанты дәрежесінде оқытушы болып қызмет атқарды.

2002-2003 жж. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтының доценті болып қызмет атқарды.

2003-2005 жж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректорының көмекшісі болып қызмет атқарды.

Осы университетте жүргенде 2005 жылы Студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға, басқа да ізденушілерге арналған «Кашафуддин Шахмарданұлының шығармашылығы» атты оқу құралы жарық көрді.

2006 жылы Алматы қаласы әкімдігінің бас маманы болып мемлекеттік қызметте еңбек жолын бастады.

2007 жылы Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды.

Осы қызметте жүріп 2008 жылы «Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (санитарлық-эпидемиология саласы)» атты сөздік құрастырып, кітап етіп шығарды.

2008 жылы «Іс-қағаздарының үлгілері (СЭҚ)» екі тілдегі құжаттар үлгілерін жинастырып, кітап етіп шығарды.

2013 жылы Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің персоналды басқару қызметінің басшысы лауазымына тағайындалды. Содан бері осы қызметте басшы болып жұмыс жасайды.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ әдебиетінің тарихы, XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық бағыты.

Ғылыми еңбектерінде XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басына дейінгі қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына татар-башқұрт ғылымы мен мәдениетінің, олардың ағарту саласының көп әсері болғанын зерделейді. XIX–XX ғасыр аралығында Орта Азиядағы ағартушылық бағыттың басында башқұрт-татар оқығандары тұрды. "Уәзифа" мен "Ғалия" медреселерінде барлық түркі халықтарының өкілдері білім алып, өнерлерін шыңдады. Аталған кезеңдегі әдебиет тарихында да татар-башқұрт әдебиетінің әсері мен ықпалының орны ерекше.

Негізгі ғылыми нәтижелері:

«Кашафуддин Шахмарданұлының шығармашылығы» атты ғылыми монографиясы – 2003 жылы, Студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға, басқа да ізденушілерге арналған «Кашафуддин Шахмарданұлының шығармашылығы» атты оқу құралы 2005 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті баспасынан жарық көрді. Сонымен қатар 30-ға тарта ғылыми және саяси мақалалардың авторы.

2020 жылы "Қазақстан Республикасының Конституциясына 25 жыл"мерейтойлық медалімен, 2026 жылы «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төс белгісімен марапатталған.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің ұйымдастырған 2024 жылы мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіруге бағытталған қадамдық жоспардың «Көшбасшы» жобасы аясында «Мемлекеттік қызмет қаһарманы» атанды.

Алматы қаласы әкімінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің құрмет грамоталарымен марапатталған.

Қазақ арасында өмір сүріп қазақ менталитетін және оның рухани қазыналарымен жетік таныс болған Кашафуддин Шахмарданұлы сол өзі өмір сүрген ортасымен ел аузынан шыққан мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді жинап кітап етіп бастырған. Автор бұл жерде қазақ мақал-мәтелдерін жинаушы ретінде бағаланады.

(***З.Б. Салқынбаев «Ахуал» - мақалдар жинағы, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, хабаршы, филология сериясы №3(54)***).

Кашафуддин Шахмарданұлының шығармаларының негізгі лейтмотиві да әлемдік, космостық бір Алланың ортақ бейнесін тереңірек танытуға ұмтылу. Мына жалған өмірдің пәтуасыздығы мен бақилық өмірдің барлығын, о дүние ұғымын еске салып, ахиреттен қорқуға үндейді.

(***З.Б. Салқынбаев «Қисса - Бәдір» - Кашафуддин Шахмарданұлының шығармашылығында» Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, хабаршы, филология сериясы №6(57)***).

Өз заманының рухани әлемін таныту мақсатында, халық санасын көтеріп, жастарды өнер мен білімнің пайдасын көруге жетелеуге ұмтылып, өз маңайындағыларға білімнің нұрлы шуағын шашқандардың бірі – Кашафуддин Шахмарданұлы болатын.

(***З.Б. Салқынбаев «Кел, балалар, оқылық» - Кашафуддин жырлауында» Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, хабаршы, филология сериясы №6(57)***).

Бейбіт Төлеубайұлы САПАРАЛЫ



Жазушы, халықаралық жорналшы, дінтанушы, құпанбайтанушы, абайтанушы, деректі прозашы, әдебиет тарихын зерттеуші, қоғам қайраткері, "Экология" халықаралық академиясының академигі, БҰҰ-ның (ғұмыр бойына) консультанты, Адам құқықтары жөніндегі Халықаралық комитеттің (Франция) комиссары, АХҚО (Астана Халықаралық қаржы орталығы-AIFC) тіркелген "MRSAW investments" компаниясының басқарма төрағасы.

Б.Сапаралы 1962 жылы 8 ақпанда Семей облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылында туған. 1984 жылы ҚазМУ-дің журналшылық факультетін бітірген. Журналшылық, жазушылық, зерттеушілік, әдебиеттанушылық, дінтанушылық, қоғам қайраткерлік жолындағы рухани ұстаздары - Кәмен Оразалин, Нұртас Оңдасынов, Ақжан әл-Машани, Рәтбек қажы Нысанбайұлы, Ақселеу Сейдімбек, Мұхтар Мағауин, Мекемтас Мырзахметұлы, Мақсұм баба-Әбіләз Әбілхайырұлы, Зейнолла Серікқалиев, Берікбай Сағындықұлы.

1987-1990 жылдардағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сырттай аспиранты болған кездегі ғылыми жетекшілері академиктер Ләйла Мұхтарқызы Әуезова мен Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева болатын. Мемлекеттік қызмет өтілі бойынша 1983-1996 жылдар аралығында - "Қазақфильм" киностудиясы мен республикалық ғылыми-көпшілік "Білім және еңбек"-"Зерде", республикалық балалар мен жасөспірімдер басылымы "Қазақстан пионері"-"Ұлан", еларалық еркін газет "Заман-Қазақстан", "Түркістан" басылымдарында - кіші редактор, тілші, бөлім меңгерушісі, орынбасар, бас редактор, "Қазақстан телерадиосы" республикалық корпорациясының вице-президенті қызметтерін атқарған. 1996-2026 жылдар аралығында "Қағанат" ғылыми-мәдени орталығы мен консорциумының, АХҚО-AIFC тіркелген "MRSAW investments ltd" компаниясының құрылтайшысы, басқарма төрағасы. Париждегі

(Франция) "Адам хұқықтарын қорғау жөніндегі" Халықаралық комитеттің комиссары, БҰҰ-ның (Бас хатшылық ғұмыр бойына деп ресми бекіткен) консультанты.

Шығармалары: "Құтты болсын тойларың!". А., "Өнер", 1990; "Адалбақан". А., "Өнер", 1992; "Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы". А., "Атамұра", 1993;

"Құнанбай қажы". А., "Ер-Дәулет", 1995; "Байшөгел", А., "Ер-Дәулет", 1995; "Президенттің балалық шағы". А., "Ер-Дәулет", 1995; "Олжастың балалық шағы". А., "Қағанат-ҚС", 1996; "Әнет баба". А., "Қағанат-ҚС", 1997; "Раббымыз бір-күншығыс, күнбатыста. Восток и Запад-один мир". А., "Қағанат" ҒМО, 2002; "Раббымыз бір-күншығыс, күнбатыста. Восток и Запад-один мир", А., "Қағанат" ҒМО, 2008, 1-2 томдар; "Тұңғыш Президенттің балалық шағы". А., "Қағанат" ҒМО, 2011; "Елбасы Нурсултан". Екатеринбург, "Қағанат" ҒМО, 2021.

"Уақыт және қаламгер" дәстүрлі әдеби-сын жинағының "Жазушы" баспасынан 1990 жылы жарық көрген кітабында Бейбіт Сапаралының "Тұңғиыққа үңілу" (немесе әдеби үрдісіміздегі жаңа арна жайлы сыни толғам) атты тақырыппен (141-187б.) ғылыми-көркем-көпшілік әдебиеттің ондаған нұсқасын жан-жақты талдаған көлемді зерттеу мақаласы жарық көрді.

Бейбіт Сапаралы өзі жас кезінде әңгімесін тыңдаған, батасын алған Ахат Шәкерімұлының өз әкесі жайлы 1967-1982 жылдар аралығында жазған ғұмырбаян жолдарын қосымша ғылыми түсініктемелерімен "Менің әкем, халық ұлы - Шәкерім" деген атпен "Жұлдыз" жорналының 1992 жылғы 11 санында (3-53б.) жариялайды.

Б.Сапаралы республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған "Қазақстан пионері"-"Ұлан" газетінің басшылығына тағайындалған соң 1989 жылдан бастап сол кезде көзі тірі қазақтың 7 ерекше тұлғаларын таңдап алып, Н.Назарбаев (тұңғыш Елбасы), О.Сүлейменов, Ә.Кекілбаев, Қ.Тоқаев (тұңғыш елші), Р.Нысанбайұлы (тұңғыш бас мүпти), Т.Әубәкіров (тұңғыш ғарышкер), Т.Мұсабаевтан (екінші ғарышкер) бері тартып олардың балалық, бозбалалық, орта мектепті бітіргенге дейінгі жастық шақтарын жан-жақты зерттеп, өздерінен деректер мен ескі суреттер алып, қатарластары мен сыныптастарын да ашық сөйлетіп, ұстаздары мен ата-аналарына естеліктер айтқызып, әуелі балалар мен жасөспірімдерге арналған газет бетінде, сонсоң 1995, 2011 жылдары "Тұңғыш Президенттің балалық шағы", 1996 жылы "Олжастың балалық шағы" кітаптарын жарыққа шығарады. 2021 жылы Ресейдің Екатеринбург қаласында кітап-альбом түрінде орыс тілінде жарық көрген "Елбасы Нурсултан" жаңа басылымында 2011 жылы қазақ тілінде жарияланған нұсқа аудармасымен қатар, әлемнің ондаған мемлекет басшылары мен аса көрнекті саяси тұлғаларының

Н.Назарбаевтің отыз жыл бойындағы Елбасылық қызметіне толымды боямасыз баға берген пікірлері жалғасты түрде жарияланған. Соңғы бір ғасырды алып қарасақ, жаһандағы екі жүздей мемлекеттер ішінде тек қана Қазақ елінің бірінші басшысының балалық шағы туралы дерекнамалық, танымдық кітап жарық көрген екен. Бұл қызықты тақырып, кейінгі кезеңдерде де өз жалғасын табады деп сенуге негіз бар.

Жас зерттеуші Бейбіт Сапаралының 1992 жылы "Өнер" баспасынан жарық көрген "Адалбақан" деп аталатын көлемді ғылыми-танымдық еңбегінде ұлы көшпелілер өркениетінің, сақ, ғұн, көне түркі, байырғы қазақ тайпаларының үш мың жылдық тарихы құпиялары тереңінен талданады. Он үш белгілі ғалымдармен атам қазақтың төл өнер, ғылымы хақындағы ауызша әңгіме, ауызекі подкасттары да шет елдік мамандардың назарын өзіне аудартады. АҚШ-тағы Гувер институтының бай кітапхана қорынан "Адалбақан" кітабы көп ұзамай орын алуы да (ҚР Президенті әкімшілігінің жауапты қызметкері Бүркіт Аяғанның 1994 жылғы Америкаға ресми сапары Гувер институтынан көрген қазақ тіліндегі кітаптар жайлы естелігі "Ақиқат" жорналында жарық көрген болатын) бұл аталмыш еңбектің шын мәнісіндегі ғылыми құндылығын дәлелдеп берсе керек.

1995 жылы жарық көрген "Абай" энциклопедиясында абайтанушы, құнанбайтанушы Б.Сапаралының жүздеген ғылыми зерттеу мақалалары жарық көрген.

Ұлы Абайдың 150 жылдық торқалы тойы қарсаңында 1995 жылы "Ер-Дәулет" баспасынан жарық көрген "Құнанбай қажы", "Байшөгел" деп аталатын терең зерттеу еңбектерінде Бейбіт Сапаралы құнанбайтану мен абайтанудың қаншама құпия жақтарына, ақтаңдақ мәселелеріне тоқталып, қазақ билерінің өз дәуіріндегі орасан зор ықпалдарын жан-жақты сараптайды, отарлаушылдық дәуірдің қаншама қиын зардаптарын тереңнен талқылайды. Шәкерім шежіре деректерін араға сексен жыл өткен соң қайтадан толықтырып жазып шыққан Б.Сапаралы қаншама тың деректерді айналымға қосады. Соцреализм негізінде жазылған көркем шығармаларды да орынды сынап өтеді. Бұл екі күрделі еңбектің жауапты редакторлары болып атақты академиктер Зәки Ахметов пен Зейнолла Қабдоловтар белгіленуі де көптеген жайттарды аңдатса керек.

"Раббымыз бір-күншығыс, күнбатыста. Восток и Запад-один мир" екі томдық кітабында (2002,2008) діңтанушы Б.Сапаралы 1983-2008 жылдар аралығындағы қазақ және орыс тілдеріндегі зерттеу жазбаларында жеке тұлға мен дін, қоғам мен дін, мемлекет пен дін арасындағы тығыз байланыстарды терең талқылап, тың тұжырым-жорамалдар айтып, әрқилы ұсыныс-жобаларды алға тартады. Елбасы екі рет бас мүптилікке, бір рет дін істері агенттігі басшылығына ұсыныс

білдіргенде не себептен бас тартқандығы жайттары да біртіндеп белгілі болады. 2008-2026 жылдар аралығындағы осы тақырыптағы жалғасты зерттеулер баспаға дайындалып жатқан “АНИ - 3000” жаңа кітабында толық қамтылған.

САПАРБАЕВА ҚАРЛЫҒАШ ЖЫЛҚЫБАЙҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы



Сапарбаева Қарлығаш Жылқыбайқызы 1977 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Талапты ауылында дүниеге келген.

1984 жылы аудан орталығындағы №4 мектеп-интернаттың 1-сыныбына қабылданып, 1994 жылы «Қоғам» орта мектебін үздік аттестатпен бітіріп шығады. Осы жылы қазіргі Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің (бұрынғы Шымкент қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент филиалы) филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курсына қабылданады. 1998 жылы аталған жоғары оқу орнын қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы біліктілігін иеленіп, қызыл дипломға бітіреді. Осы жылы Оңтүстік Қазақстан университетінің қазақ тілі және түрік тілі кафедрасына лаборант және оқытушы, 2001 жылы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтының қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушы болып қызметке қабылданады.

2005-2011 оқу жылдары аралығында Филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқарады.

2009 жылы 30 қазанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанындағы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 53.34.01 диссертациялық кеңесте филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Сәрсенұлы Ергөбектің жетекшілігімен 10.01.02 – Қазақ әдебиеті мамандығы бойынша «1950-1970 жылдардағы қазақ балалар әдебиетіндегі көркемдік ізденістер (Әнуарбек Дүйсенбиевтің әдеби мұрасы негізінде)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын табысты қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.

2011-2012 оқу жылында қайта ашылып, қалпына келтірілген Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми кеңесінің ғалым хатшысы, 2012-2014 жж. Филология факультетінің деканы, 2014-2016 жж. Оқу-әдістемелік басқарма басшысы, 1.09-22.11.2016 ж. Ректор көмекшісі, 2016-2018 жж. Қазақ және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 2018-2020 жж. Университет Ғылыми кеңесінің ғалым хатшысы қызметтерін абыройлы атқарды.

2020 жылдың тамыз айынан бері Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы.

Қазақстан Республикасының ЖОО педагогикалық мамандықтарының оқытушыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 240 сағат, ҚР педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы бойынша 232 академиялық сағат, «Білім беру сапасын көтерудің жоба менеджменті» бойынша 32 сағат, Курсераның біліктілік курстарынан өткен. Бірнеше халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейде өткен ғылыми, әдістемелік, тәрбиелік іс-шараларға қатысып, сертификат алған.

Қ.Ж.Сапарбаева - ұйымдастырушылық қабілеті аса жоғары, өз ісін жетік білетін, берілген тапсырмаларды дер кезінде жауапкершілікпен орындайтын тәжірибелі маман.

Бірнеше халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференция, семинар сертификаттары мен ҚР БжҒМ Акредиттеу туралы куәлігін иеленген.

Институт ректорының Алғыс хатымен (2011, 2016, 2017), Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен (2012), «Нұр Отан» ХДП Алғыс хатымен (2017), ҚР Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісімен (2013ж., куәлік №507), «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтына 80 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен (2017, куәлік №067), ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (2018), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2025 жыл, куәлік №00285) марапатталған.

ОҚМПИ-дың 80 жылдығына орай шығарылған мерекелік журналдың бас редакторы, институттың 80 жылдығына арналған «Уақыт өрнектері» кітабының құрастырушысы және бас редакторы, институттың 80 жылдығына арналған «Естеліктер керуені» жинағының құрастырушысы және бас редакторы болды.

Республикалық, облыстық, қалалық шығармашылық ұйымдардың бейресми мүшесі. Қалалық, республикалық, халықаралық баспасөзде ғылыми, әдеби, сын мақалалары жарияланып тұрады.

100-ден аса ғылыми және публицистикалық мақалалардың және бірнеше ғылыми, әдістемелік еңбектердің авторы:

1. Әнуарбек Дүйсенбиевтің әдеби мұрасы. Монография, Шымкент: Әлем, 2010, 160 б.

2. Жоғары мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал, Шымкент: Әлем, 2022. 155 бет.

3. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу-әдістемелік құрал, Шымкент: Әлем, 2023. 138 бет.

4. Тіл мәдениеті және сөйлеу мәдениеті. Элективті курс, Шымкент: Әлем, 2023. 80 бет.

«Әнуарбек Дүйсенбиевтің әдеби мұрасы» атты монографияда көрнекті балалар ақыны Ә.Дүйсенбиевтің өмірі мен шығармашылығы, туындыларының көркемдік ерекшелігі ғылыми тұрғыда зерттеліп, зерделенген:

Әдеби сыншылардың дуалы аузына ілінгенімен, көптің бірі ретінде аты аталып, жете бағаланбай жүрген қаламгердің бірі Әнуарбек Дүйсенбиев. Балаларға арналған тамаша шығармалар жазған, бала үшін туған талантты ақын тамаша лирик те болатын. Әсет Бейсеуов әніне жазылған «Сырласу вальсінің» авторы – Әнуарбек Дүйсенбиев.

Ә.Дүйсенбиев – XX ғасырдың 50-70 жылдарындағы қазақ балалар әдебиетінің дамуы мен қалыптасуына үлес қосқан балалар ақыны әрі жазушы. Қазақ балалар поэзиясын формалық ізденістермен тақырыптық, жанрлық тұрғыдан дамытқан, үлкендер еңбегін үлгі ету немесе баланың өз еңбегін мадақтау арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелейтін, достықты дәріптейтін, таным мен тағылымға құрылған шығармалардың авторы. Баланың өзін сөйлете отырып, барлық нәрсеге өзі ие болғысы келетін ерке сәби психологиясын шебер жеткізе білген, олардың мінез-құлықтарындағы ерекшеліктерге байланысты туындайтын іс-әрекеттердің эстетикалық-педагогикалық мәніне баса назар аударған жаңашыл ақын еді. Баланың мінезін танытуды, әрекет қимылдарына зер салып, көркемдік електен өткізіп, эстетикалық немесе тәлім-тәрбиелік, ұлттық-этнографиялық сипаттарды балалар бойына дарытуды шығармашылық еңбекте мақсат етті.

Басқа ұлт ақындарының балаларға арналған шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған шебер аудармашы да болған ақынның аудармалары қазақ балалар поэзиясының өсуіне ықпал етті. Фольклорлық үлгідегі ертегілерді жаңаша, жаңғырта жырлап, жаңа ертегі-поэмалар тудырды. Прозалық шығармаларындағы кейіпкер болмысының өмір құбылыстарына байыппен қарауы, ден қоя ойлануы, романтикалық сезімнен гөрі адам бойындағы ізгілік, гуманистік қасиеттерді қастерлеу сезіміне көбірек назар аударуы, бейнелеу айшықтарының айқынырақ байқалуы – оның жазушылық шеберлігі.

Өлең сапарындағы алғашқы тұсауын республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газеті қиған Ә.Дүйсенбиев туындылары 1948 жылдан бастап, республикалық, облыстық баспасөз беттерінде, атап айтқанда, «Лениншіл жас», «Коммунизм туы», «Жетісу», «Оңтүстік Қазақстан», «Қазақстан мұғалімі», «Алтай большевигі», «Коммунизм

таңы», «Спорт», «Тың өлкесі», «Еңбек туы», «Коммунизм нұры», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қа-зақстан», «Сталиншіл» газеттерінде, «Әдебиет және искусство», «Жұлдыз», «Жалын», «Балдырған», «Мәдениет және тұрмыс», «Білім және еңбек», «Пионер», «Қазақстан әйелдері», «Бастауыш мектеп» журналдарында үздіксіз жарияланып отырды.

Оның өлең өлкесіндегі алғашқы тырнақ алды туындыларының бірі аяулы анаға арналған. Ақын «Ақ мамам» өлеңінде баланың анаға деген шексіз махаббатын, іңкәр сәби сезімін қалтқысыз, таза табиғи қалпында жеткізе білген. Бұл өлең аналар рухын, аналар махаббаты мен ақ сүтінің құдіретін балаға жеткізу жолында туған нағыз сәби-көңіл жыр. «*Мен деп кірпік қақпаған. Менсіз тыным таппаған. Бақыты үшін баланың Аман-сау жүр ақ мамам*» – деген жолдардан бақытты балғын шақ иесінің ақ көңілден, шын жүректен шыққан пәк тілегін көреміз. Ойға қонымды, жаттауға жеңіл өлеңнің бала болашағына, яғни, оның мейірімді, инабатты жан болып тәрбиеленуіне игі әсерін тигізері сөзсіз. Одан әрі қарай баланың анаға деген кіршіксіз махаббатын ақын жас ұланның анаға берген сондай кіршіксіз, таза ниетті уәдесі арқылы көрсетеді: «*Көрсетемін күллі елді, Жарық етем түндерді. Өсіріп мен сыйлаймын, Жұрт көрмеген гүлдерді*», – деп, балғын бөбек ана алдындағы борышын ақтайтынын білдіреді. Анасы өзін қалай аялап еркелетсе, бүлдіршін де сүйікті анасын солай еркелетіп, құмарлана өбеді. Бұдан біз ел тізгінін қолға ұстар болашақ азаматтың тұлғасын көр-гендей боламыз. Анасына сыйлар гүлдің ел көрмеген гүл болуы, «*ел білмейтін құс әнін естіртуі*», күллі елді көрсетуі, жалғанның бар жақсылығы анасында ғана болуы – мұның барлығы да баланың анаға деген асыл махаббаты мен сүйіспеншілігінің, сәбилік таза, пәк сезімнің көрінісі. Шынында да, ақын күллі адамзат баласының анасына деген ілтипаты мен құрметін осы бір өлең жолдарына сиғызғандай. Оның көзінен күн мейірімінің сезілуінде де үлкен пәлсапалық сыр жатқандай. Ананы ардақтау ауыз әдебиеті асыл үлгілерінен соң сәбилер санасына осы қарапайым, бірақ бала көзімен қарағанда, назды, сазды өлең арқылы сіңеді. Жаттауға жеңіл, жүрекке тез ұялар бұл өлеңнің өсе келе баланы қандай игіліктерге бастайтынын ойша көзге елестетуге болады. «Ақ мамам» өлеңін кезінде сыншылар: «Бұл өлеңді балалардың ана жайлы гимні десе жарасады» – деп жоғары бағалаған. Бұл өлеңге ән шығарылып (ән авторы Ә.Бейсеуов), бала-бақшалар мен мектептерде әлі күнге дейін шырқалып келуі сондықтан болса керек. Сондай-ақ, «Апатайым-анашым» деп аталатын өлеңге де сазгер С.Елеуов ән шығарып, қазіргі таңда тың-дарман-дар-дың ыстық ықыласына ие болуы ақынның ән өлеңдерін, оның ішінде Ана тақырыбына арнап жазуда асқан шеберлік иесі екенін аңғартады. «*Апатайым-анашым,*

Ақылы мол данасың. Қамқоры сен сәбидің Гүлі де сен әр үйдің», – деген өлең жолдары әнге сұранып тұрғандай. Егер, ақын «Ақ мамамды» 4-5 жасар баланың тілімен сөйлетсе, бұл өлең мен «Ардақты ана» өлеңі күрделірек, байсалдырақ жазылып, 10-14 жасар жеткіншектер көңіліне қонымды, баурап әкетер дәрежесінде. «*Мен өзіңмен қайда болсаң біргемін, Махаббатың жүрегімде жүр менің. Күн нұрындай – жадырай бір күлгенің Қандай жақсы ортамызда жүргенің».* Мұнда ана қадірін түсінетін, ардақты жанның құдіреті алдында бас иетін ойлы жастың үні естіледі. Ақын жырларының бәрінде де баланың түсінігіне орай шешім тауып, жүрекке жылы әсер қалдыратын оралымды сөздермен бейнелей білген. Бұл өлеңге де сазгер Тұрдықылыш Істаев саз жазып, қазіргі таңда өз тыңдарманы бар әнге айналған. Мұнда да ана күлкісін күн нұрына балап, табиғаттың ең әсем шағына теңеуі – ақын қаламының өзіндік ерекшелігі.

Балалардың ішкі дүниесін, жан сезімін меңгеріп әкету оңай емес. Ақын бала тілмен, кез-келген тақырыпта өз теңдесіндей жай әңгімелесіп отырып-ақ, ойламаған жерден тосын түйін жасап кете алады. Балдырған жүректің нәзік пердесін тал бойымен тап баса алатын бала ақын боп туған жанға ғана тән шеберлікпен айта кетеді. *«Әлпештеген баласын, Әлди, әлди, анашым. Шаршадың-ау жұмыста, Ал деміңді, Тыныста»*, – деп бастайды «Баланың анаға әлдиі» деген өлеңін. Бала ниеті, сезімі жатық, түсінікті жеткізілген. Көбінесе бе-сік жырларында ананың балаға деген ақ тілектері берілсе, ақын оны бала айтар ұғымда да қонымды қолдана білген. Осы орайда, Ғ.Қайырбековтің «...Әнуарбек, Қабдыкәрімнің шығармалары түгелге жуық жақсы өлеңдер. Олардан бала дүниетану дәрежесінің сан-сатысын, бала тілінің жасына қарай құбылып, өзгеру сырларын, балалар әлемін еркін білетіндіктері көрініп тұрады, бір жазған тақырыбын қайталамайды», – деген пікірі ойға оралады. Расында да, баланың жүрегіне жетер жырлар жазу үшін балаша ойлау, балаша қабылдау қажеттілігі ақиқат жай. Бір тақырыпта жазылған төрт өлеңде де анаға деген бала махаббаты түрліше жырланып, жеткізіліп отыр.

Баланың жақсы адам, адал азамат болып қалыптасуы мектепте алған тәрбие мен білімге де байланысты. Мектеп өмірін жырға қосып, әліппені ардақтамаған, ұстаздардың ұлы еңбегін ұлықтамаған ақындар жоқ болар, сірә? Ақынның бұл тақырыптағы шоқтығы биік туындылары – «Мектеп-ана», «Ақылшым – мұғалім», «Әліппе», т.б. өлеңдері. Алғашқы қоңырау соғылар әр жаңа оқу жылы сайын ұландар жатқа оқитын: *«Гүл толы қала, далада, Гүл толы бүгін омырау. Шақырып мектеп-анаға, Соғылды тұңғыш қоңырау»*, – деген «Мектеп-ана» өлеңіндегі жыр жолдары баршамызға да ыстық, қымбат. Есімізге мектеп табалдырығын алғаш имене аттап, қолға алғаш әліппе ұстаған бақытты

сәт түседі, жүрек толқып, жан тебіренеді. Одан кейін: Мама, Папа атын сен, Бізге үйреттің, әліппе, Бәрін нағыз жақсының Сенен білдік, әліппе, – деп жырлай жөнелеміз. Сосын осы күнгі жеткен жетістігімізге еңбегі сіңген «Ақылшы – мұғалімімізді» сағынамыз. Оған арнап айтқан: «*Сәбилік көңілден Арналды бұл әнім. Баулитын өмірге Ақылшым – мұғалім*», – деп әндетеміз. Ия, Қуатбаев әнін жазған бұл өлең бастауыш сынып оқушыларының ән-күй сабағының бағдарламасына енгізілген. Баланың дүниетанымын кеңейту үшін, тіл білу үшін, білім алуы үшін ақын мен жазушы – мұғалімнің көмекшісі. Осы жолда Әнуарбек шығармаларының атқарған қызметі орасан зор. Ақынның отбасы мүшелері мен жақын жандарға арналған жарасымды татулық пен жанашырлықты, бауырмалдық пен туыстықты дәріптейтін «Әже», «Атай» өлеңдері де табысты туындылар. Ата мен әжені сыйлау, ізет көрсетіп қадірлеу, жалпы үлкенге құрмет көрсету – халықтық педагогиканың, ұлттық тәрбиенің ерекшелігі екендігі белгілі. Ауладағы атайдың бойындағы ең ізгі қасиеттердің тоғысуы да заңдылық. Себебі бала ұғымында ата – кеменгер, ата – ақыл иесі, ата – барлық сұрақтың жауабын білер данышпан. Ол – ең алдымен тәрбиеші. Міне, осындай ойларға негізделген ақынның «Атай» өлеңіндегі кейіпкердің: *«Атай» дейміз бәріміз, Атын бірақ білмейміз*, – деуі де табиғи шыққан.

Бүгінде оқулықта, орта мектептерде оқушылардың тәрбие сағаттарында, балабақшада бүлдіршіндердің таңертеңгілігінде Дүйсенбиев дүниелері асқақ үнмен оқылып, әндері шырқалуда. Ақын өлеңдерінің өміршеңдігі де осы болса керек. Ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, өлмес өлеңдерімен мәңгі жасай бермек.



Сарбасов Болатхан Серғазыұлы
Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасы Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, ЖОО «Үздік оқытушысы» атағының иегері, Қазақстан Республикасының Еңбек Озаты төсбелгісінің иегері
(Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы)

1973 жылы 24 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Көкжота ауылында дүниеге келген.

1990 жылы Самар ауданы, Бастаушы ауылы, Абай орта мектебін бітірген.

Білімі, ғылыми дәрежесі, атағы: Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін (1998), Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистратурасын (2000), М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (2004) бітірген.

Филология ғылымдарының кандидаты (2011), қауымдастырылған профессор (2018), профессор міндетін атқарушы (2019), ҚР ҒЖЖБМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері (2022), «Қазақстан Республикасының Еңбек озаты» төсбелгісінің иегері (2023).

Қызмет істеген орындары: 1993-1994 жж. Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Көкжота орта мектебі, Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

1998-2000 жж. Алматы облысы, Талғар ауданы, Ақдала орта мектебі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

2000-2002 жж. Алматы қаласы, Алмалы ауданы №36 лингвистикалық гимназия – Оқу ісінің меңгерушісі.

2003ж. Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясы, Тәрбие мәселелері институты – аға ғылыми қызметкер.

2003-2020 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ әдебиеті кафедрасында қауымдастырылған профессор қызметін атқарды.

2019-2020 жылдары Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Филология институты, Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды.

2019 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Филология факультеті, Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында профессор м.а. қызметінде магистранттар мен докоранттарға дәріс оқиды.

Әдеби ғылыми бағыты – ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркі ескерткіштерінің зерттелу тарихы. 2010 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында 10.01.09 – Фольклортану мамандығы бойынша «Оғыз-наме» – кітаби эпос ескерткіші» атты кандидаттық диссертация қорғады.

Ғылыми еңбектері: ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Махамбет Өтемісұлы шығармаларының көркемдік сипаты» (Оқу құралы) (2011), «Оғыз-наме» – кітаби эпос ескерткіші» (Монография) (2013), «Рухани тәрбие әлемі» (Әдістемелік тәрбие құралы) (2014), «Қытайдағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (2017), «Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті» (Электронды оқулық) (2017), Бағдарлама. Қазақ тілі мен әдебиеті курсы бойынша бейіндік бағдарламалары (2017), ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Ежелгі дәуір және түркі халықтары әдебиеті» (Оқу құралы) (2018), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (Оқу құралы) (2019), «Абайтану» Бағдаралама 9-сынып (2021), «Жамбылтану» Бағдаралама 9-сынып (2021), ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік кеңесінің ұсынуымен «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті (Оқулық) (2022), «Қазақ әдебиеті» (Оқу-әдістемелік құрал) (2023), «Махамбеттану әлемі» (Оқу-әдістемелік құрал) (2023), «Ежелгі дәіур әдебиеті» (Оқу құралы) «Қазақ университеті» баспасы, 2025, «Қазақ-түркі әдеби байланыстарының тарихи және фольклорлық негіздері» (Монография) «Қазақ университеті» баспасы, 2025 және 170-тен аса ғылыми зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалалардың авторы.

Оқытушы марапаттары: 1. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін мерейтойлық **«ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ»** медалімен марапатталды. Куәлік №317 Алматы, 2014

2. Қазақстан Республикасы «Өрлеу» білім-ғылым технология интернет порталы Білім беру саласында айрықша еңбегі үшін **«ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ»** төсбелгісімен марапатталды. Куәлік №ВО28 Астана, 2015 жыл

3. Білім саласына қосқан елеулі үлесі үшін ҚР Тәуелсіздігі мерекесіне орай Республикалық «Білім шыңы-Ғылым сыры» журналы ұйымдастырған **«МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МӘРТЕБЕЛІ МҰҒАЛІМІ»** жобасының арнайы медалімен марапатталды. Алматы, 2017

4. ҚР Білім және ғылым министрлігі Кәулік №01417 Осы кәулік білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін **«Ы.АЛТЫНСАРИН МЕДАЛІМЕН»** марапатталды. Астана,2018

5. ҚР БҒМ Құрмет грамотасы. Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлес үшін марапатталады. Астана, 2018

6. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларында көрсетілген міндеттерді университетте жүзеге асыру бойынша **«ҮЗДІК ОҚУЛЫҚ»** авторы номинациясымен марапатталды. Алматы, 2019

7. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 75 жылдығына «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін **«КҮМІС МЕДАЛІМЕН»** марапатталды. Куәлік № 1592 Алматы, 2019

8. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі 2022 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері. **«ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ»** куәлігімен және медалімен марапатталды. Куәлік. Астана, 2023

9. Қазақстан Республикасы **«BILIM-ORKENIETI»** ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған **«ҚР Еңбек озаттарының алтын кітабы»** атты республикалық байқаудың жеңімпазы. Білім және ғылым саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызметі үшін **«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ОЗАТЫ»** төсбелгісімен марапатталды. Куәлік. №01-027 Астана, 2023

10. Астана қаласында «Бөбек» Жалпыұлттық қозғалысы бірлесітігі ұйымдастырған **«ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР»** халықаралық байқауының жеңімпазы. Білім және ғылым саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен қызметі үшін **«ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР – 2023»** атты төсбелгісімен және I дәрежелі дипломмен марапатталды. Куәлік. №108 Астана, 2023

11. Қазақстан Республикасы **«BILIM-ORKENIETI»** ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЫЛ МҰҒАЛІМІ – 2023»** атты республикалық байқаудың жеңімпазы. Білім саласына қосқан айрықша еңбегі үшін **«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТӨСБЕЛГІСІ»** атты төсбелгісімен және I дәрежелі дипломмен марапатталды. Куәлік. №142 Астана, 2023

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

«Махамбст мұраларына қалам тартпаған ақын, жазушы, тарихшы, әдебиетші жоқ десек артық айтпаймыз. Оның ақындық пен

батырлықты, қайсарлық пен ерлікті бірге көтере жүріп халықтың бостандығы мен теңдігі үшін күрескені туралы еңбектер молынан табылады.

Жас ұрпақ тәрбиесіне әр ғасыр өзінің қайталанбас тұлғасын беріп отырғанын тарихи деректер толығымен дәлелдейді. Академик З.Қабдолов: «Махамбет өмірдегі қасіреттің синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі ардақты ат», – деп атап көрсеткендей, Махамбеттей баһадұр ақынның ұлы тұлғасы қазақ халқының жауынгерлік қасиетінің, ерлік дәстүрі мен ұлттық классикалық мұрасының өзіндік қайталанбас ерекшелігін айғақтайды. Ақын өз шығармаларын халыққа ұсына отырып, өзіндік ерекшелігі бар, қайталанбас образдар тобын да әдеби ғылымға әкеп қосты. Аталған тың образдар тек Махамбет жырларынан ғана кездеседі».

(Сарбасов Б.С. «Махамбет Өтемісұлы шығармаларының көркемдік сипаты». Оқу құралы. «Қыздар университеті» баспасы. – Алматы, 2011. – 167 бет. – 15 б.)

«XXI ғасыр жас ұрпақтың жан-жақты, терең білімді, саяси, экономикалық сауатты, интелектуалы биік жеке тұлға болуын талап етеді. Мұндай талапқа сай білім беру жүйесіндегі берілер білім мен тәрбиенің де сапасы биік болуы қажет. Еліміз егемендік алғалы бері қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен жаңғыртып, жаңалап, халықтық болмысты алдыңғы орынға қоюдамыз. Мұндағы көзделетін мақсат – өсіп келе жатқан жастарды халықтық дәстүрмен тәрбиелеп, ұлттық асыл қасиеттерді бойына дарыта отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Үздіксіз білім беру жүйесінде әдебиет пәнін тереңдетіп оқытудағы мақсат – жеке тұлғаны дамытуда ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеп, жас ұрпақ пен жастардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру қажет. Өйткені, ұлттық дүниетаным – ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни-наным сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жинағы болып табылады.

Білім алушының білімін жетілдіре отырып, елжандылыққа тәрбиелеуде оның санасына халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру, халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін меңгерту – жан-жақты жетілген, жаңа ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп қараған жөн».

(Сарбасов Б.С. «Рухани тәрбие әлемі». Әдістемелік тәрбие құралы. «Қыздар университеті» баспасы. – Алматы, 2014. – 147 бет. – 5 б.)

«Оғыз-наме» кітаби эпосының фольклорлық сипатын ашу – бүгінгі фольклортану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Себебі, бұған дейін әр түрлі аспектіде қарастырылып келген бұл рухани мұрамыздағы тарихи есімдер мен тарихи оқиғалар жайлы пікірлердің бір арнаға тоғыспауы мәселеге басқаша зерттеу мүддесінен келуді қажет етеді. Ол: фольклорлық таным мен заңдылықтардың осы ескерткіштегі сипатын саралау. Осы негізде жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Оғыз-намедегі» рулық-тайпалық дәуір елестерінен Оғыз мемлекетінің өмір сүрген кезеңдеріндегі түрлі оқиғалар тоғысының сипаттарын тануға болады. Мұның өзі фольклорлық көпқабаттылық, тұтастану заңдылықтары арқылы талдауға тиісті мәселелердің мәнін танытады. Себебі: бұл рухани қазынамыздағы шын тарих қайсы, фольклорлық тарих қайсы деген мәселе: ең көкейкесті мәселе. Біз бұған дейінгі зерттеулердегі халқымыздың тарихын неғұрлым тереңдету мақсатындағы Оғыз образынан нақтылы тарихи тұлғаны іздеу, көне түркілік тарихтың оң сипаттарын ғана алға шығаруды көздеген пікірлерге мән бере отырып жаңаша саралауды мақсат етеміз.

(Сарбасов Б.С. «Оғыз-наме» кітаби эпос ескерткіші». Монография. «Қыздар университеті» баспасы. – Алматы, 2018. – 152 бет. – 12 б.)

Көне түркі ескерткіштерінде бүкіл түркі халқының ежелгі тарихы, дүниетанымы, наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы көркем бейнеленеді. Оғыз қағанның халқына арнап үлкен той жасауы. Аса мәнді мәселелердің барлығы осы той-жиында шешіліп отырған. Мәселен, оғыз-қыпшақ дәуіріндегі бабаларымыздың тойды қалай өткізгендігі туралы дерекке ой жүгіртейік: «Ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша, Баяндүр хан жылына бір рет той жасап, оғыз бектерін қонаққа шақыратын еді. Бұл жолы да солай істеді. «Тойға түйеден – бура, жылқыдан – айғыр, қойдан – қошқар сойылсын»,- деп жарлық берді. Сол күні бір жерге ақ отаулар, екінші жерге қызыл отаулар, енді бір жерге қара отаулар тіктіріп қойды. Тойға жиналған бектерден ұл баласы барларын – ақ отауға, ұлы жоқ, қызы бар кісілерін – қызыл отауға, ал ұлы жоқ, қызы да жоқ қонақтарды – қара отауға кіргізеді. Қара отауға кірген қонақтарға қара қойдың етін беріп, қара киізге отырғызады».

Біздің ата-бабаларымыз қандай дана болған. Өз ұрпақтарына қандай өсиет-ғибрат айтқан. Ұлы бабаларымыздың даналық сөздерінен біз де үлгі-өнеге алуымыз керек. Өте көне дәуірден жеткен жәдігерліктердің тәрбиелік маңызы да зор. Мұндай рухани мұралар әлемде көп емес. Ұлтымыздың көне әдеби ескерткіштерін, тарихын осындай қадым заман мұраларын оқу арқылы ғана танып-білеміз.

(Сарбасов Б.С. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті. Оқулық. «Қазақ университеті» баспасы, 2022. – 168 бет, 18-б.)

«Түркі халықтарының сандаған ғасырлық рухани мәдени дамуы бізге талай құнды дүниелерді мұра етіп қалдырды. Құндылықты сөз еткенде, сандаған ғасырлардың жемісі болып табылатын түркі ескерткіштерін зерттеген сайын олардың нәтижесінде жасалған көне мұралардың маңыздылығы айқындала түсетіндігі хақ. Көне түркі дәуірінің жазба әдеби мұралары «Күлтегін», «Тонықөк», «Білге қаған ескерткіштері», «Қорқыт ата кітабы», ислам дәуірінің мұрасы болып табылатын «Диуани лұғат ит-түрк», Алтын Орда дәуіріндегі жазба әдебиеттің үлгісі Хорезмидің «Махаббатнама» дастаны, XIII ғасырда хатқа түскен «Оғыз-наме» ескерткішітері түркі халықтарының баға жетпес әдеби мұралары болып табылады».

(Сарбасов Б.С., Тлеубаев С.Б. Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. «Қазақ университеті» баспасы, 2023. – 154 бет. – 28б.)

«Қазақ әдебиетінде кез-келген мотив сюжетпен, кейіпкер психиологиясымен берік қарым-қатынас жасайды. Оның ішінде «түс көру» мотивіне тоқталатын болсақ. Тарихи-әдеби және теориялық тұрғыдан түсті зерттеу, фольклорда қолданылған түс көру мотивіне талдау жасау кезеңінде көз жеткізер бір нәрсе – ауыз әдебиетінен бастап бүгінгі прозаға дейін түс көру тәсілі қолданылмаған бірде-бір әдеби туынды жоқ деп айтуға болады.

Негізінде, түс көру – бағзы заманнан бері адамзат баласымен қатарласа туып, дамып келе жатқан, діни наным-сенімге негізделген мифологиялық құбылыс. Жалпы, «түс көру» мотиві романтикалық шығармалардағы адами мүдделерге, қос ғашықтың қосылу мақсатына негізделген. Ал, эпостық туындыларда батырдың дүниеге келуі, ел қорғау, жұрт намысы, халық мұрат-мақсатында айқын білініп, маңызды рөл атқарады: болашақты болжау, келешектегі қауіп-қатерді сезу яки бүгінгі ахуалды бір жерден екінші жерге жеткізу мұратында қолданылған».

(Сарбасов Б.С. Қазақ-түркі әдеби байланыстарының тарихи және фольклорлық негіздері. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 293б. – 89 б.)

Саргелтаева Ардақ Құрманалықызы 1964 жылы 22 тамызда Жамбыл облысы Луговой ауданы (қазіргі Т.Рысқұлов ауданы) Тереңөзек селосында дүниеге келген.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі, филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1987-1997жж. Ф.Э.Дзержинский ат. АӨТБ бастап,

2000-2003 жж. «KAZGOR» жобалау академиясында ақпараттық технологиялық орталық бөлімінде аудармашы;

2003-2007жж. Қазақстан Қарулы Күштерінің Аэроұтқыр әскерлері қолбасшысының Басқармасында капитан лауазымында офицер-аудармашы, мемлекеттік тілде оқытушы яғни офицерлік құрамға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқытушы қызметін атқарды.

2008-2020 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында жетекші маман қызметін атқарды.

2018-2020 жж. «6М021400-Әдебиеттану» мамандығы бойынша магистратураны тәмамдады.

Гуманитарлық ғылымдар магистрі.

2019ж. Стамбул университетінде (Түркия) және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өтіп, білімін жетілдірді

Осы уақытқа дейін қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында аға оқытушы қызметін атқарады.

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ» ПОВЕСІНДЕГІ АНА МЕН БАЛА БЕЙНЕСІ

Б. Соқпақбаев шығармаларының қай-қайсысын алсаңыз да ауыл көрінісі, ауыл адамдарының бейнесі, мінез-құлқы, табиғаты шынайы суреттеледі. Жазушының бейнелеу, суреттеу қабілеті өте жоғары. Өз кейіпкерлерінің портреттерін шебер суреттеп, балалық шақты шынайы сүйіспеншілікпен бейнелейді.

Дана халқымыздың «ізгілік атаулының бәрі күннің нұры мен ананың ақ сүтінен жаралған, дүниеде ана махабатынан қасиетті нәрсе жоқ» демекші Б.Соқпақбаев шығармаларындағы аналар портреті, аналардың рөлі шығарманың басты арқауы болып табылады. Жазушының 1960 жылдары жарық көрген «Балалық шаққа саяхат» повесінде 30-шы жылдардағы қазақ ауылының қиын тұрмыс-тіршілігі, сол кезеңдегі оқиғалар, кішкентай кейіпкердің бастан кешкендері яғни автордың өз тағдыры суреттеледі.

https://drive.google.com/file/d/1vXN0DJGW6lwfnAPQirn_ukMSYogPBz81/view?usp=drive_link

Абай өлеңдеріндегі мінез-құлық (қылық) концептісі (THE CONCEPT OF CHARACTER (BEHAVIOR) IN THE POEMS OF ABAI)

Заманауи отандық лингвистика мен әдебиеттану ғылымдарында концепт ұғымына көптеген елеулі ғылыми зерттеу еңбектері арналғанымен, адамның мінез-құлқы поэтикалық мәнмәтінде концепт деңгейінде жеткілікті түрде қарастырылмаған. Мінез-құлық ұғымының өзі тұлғаның жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, қылығы, тәлім-тәртібі, сөйлеу мәнері тәрізді адам болмыстарының бірлігінен көрінетін күрделі құбылыс болып табылады. Жалпы, мінез-құлық, адамның өзін-өзі ұстауы жеке адамнан басталып, бүтіндей бір ұлттың стереотиптік сипатын көрсетеді.

Абай поэзиясы өзі өмір сүрген уақыттағы қоғамға тиесілі адам болмысын, мінез-құлқын концептуалдық және поэтикалық деңгейде көрсететін құнды дереккөздердің бірі.

Ақынның жалпы адамзаттық қасиеттерден бастап, жеке-жеке қоғам өкілдерінің қылығы мен іс-әрекетіне (төрелер, байлар, қара халық) дескриптивті, бағалау, сын тұрғысынан берілген тұжырымдары әлі күнге дейін өзекті. Сондықтан осы мақалада ақын өлеңдеріндегі мінез-құлық адам болмысын білдіретін түрлі іс-әрекеттердің жиынтығы ретінде сараланып, моральдық философиядағы соңғы он жылдықтарда жиі талқыға түсіп келе жатқан «жуан» (thick) және жіңішке (thin) концептілер деңгейінде қарастырылады. Ақын ешқашан адамды жай жақсы немесе жаман демеген, міндетті түрде әрбір қылығын, іс-әрекетін ашып сипаттайтан сөз өрімдерін қолданып, тұжырым жасап отырған. Яғни, үнемі судың бетінде ғана қалқыған жіңішке концептілер емес, тереңнен бастау алған, бүтіндей бір тарихи уақыттағы халықтың болмысы жайында мағлұмат беретін күрделі авторлық концептілер дейгейінде көрініс тапқан.

Вестник серия филологическая №4 (188). Алматы «Қазақ университеті» 2022

Әкім Тарази драматургиясының стиль ерекшеліктері

Әлемдік құбылысты, қоғамның үні мен халық шындығын сөз өнері арқылы жеткізу және қозғау – бұрыннан жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлі үдеріс. Ұлттың тарихын, өмір сүру дағдысын, болмысын жеткізуші құрал, ол – әдеби шығарма. Соның ішіндегі драма жанрының көркем шындықты жеткізудегі рөлі қай заманда да ерекше болған.

Драма жанры – көркем әдебиет пен сахна, көрермен үшін қажетті, өзіндік ерекшелігі бар жанр. Біріншіден, адамның бойындағы рухани құндылықты психологиялық тұрғыдан оқырман және көрерменнің ішкі

әлемімен байланыстырып, қоғамның өзекті проблемасын барынша суреттейді. Екіншіден, әдеби шығарма ретінде өз оқырманын, ал сахналық қойылым ретінде өз көрерменін табады.

Дарынды драматург, киносценарист Әкім Тарази – қазақ драматургиясының майталманы. «Драмалық шығармалары Қазақ театрларында сахналанып келеді. Атап айтқанда: «Қыз махаббаты», «Күлмейтін комедия», «Ақын, періште, махаббат», «Жақсы кісі», «Жолы болғыш жігіт», «Махамбет», «Үкілі жұлдыз», «Лайнер» т.б.».

https://drive.google.com/file/d/18SKjTIuzAjudrZpx0F6cspWHhh9KlcB2/view?usp=drive_link

Абай өлеңдерінде кездесетін әртүрлі мінез көріністері

Мақалада ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдеріндегі мінез концептісі, олардың когнитивті тұрғыдан бейнелену, көріну жолдары сипатталады. Мінез концептісіне байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми пікірлері талданады. Концепті мен ұғым терминдерінің анықтамалары ғылыми түрде дәлелденіп, мағыналары айқындалады. Жалпы әдебиеттегі қолданылатын концептінің түрлері сараланып беріледі. Сонымен қатар автордың идиостилі мен ұлттық таным арасындағы өзара когнитивтік байланысы көрсетіледі. Сол арқылы мінез концептісінің қыр-сыры ашылады.

Ақын өлеңдеріндегі мінез концептісінің берілу жолдары нақты мысалдармен талдана отырып, жалпы барлық шығармаларының өзегі мінез екендігі ғылыми дәлелдермен көрсетіледі. Жалпы адамзатқа және ұлттық мінезімізге сай жақсы, жаман қасиеттерді бейнелеуде қолданылған тілдік бірліктер талданады. Сонымен қатар концептосфераны құрайтын элементтер жеке-жеке қарастырылып, ақынның негізгі ұстанымы мен мінез концептісін айқындаудағы қолданылған ұлттық құндылықтары да көрсетіледі. Өлеңдеріндегі мінез концептісін білдіретін элементтердің мән-маңызы мен мағынасы нақты беріледі.

Абай өлеңдеріндегі басты құндылық – адам, ақыл, білім, жақсы мінез болса, басты мақсаты – адамды тәрбиелеу. Абай көркемдік сана мен философияны ұштастыра білген ақын. Адам баласының рухани өмірінің мәні, мағынасы оның ішкі жан-дүниесімен қатар, қоғамдық сана қызметіне тәуелді болғандықтан Абай өлеңдеріндегі мінез концептісінде қоғамның болмысы, танымы, мінезі мен психологиясы айқын суреттеледі. Ақынның әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдардың мінезін сипаттаған өлеңдері концепт тұрғысынан кеңінен талданып, ұлттық таным жүйесінен айқындалады. Әрі ақынның жеке шығармашылық стилінің қалыптасуына әсер ететін отан, жер, білім

және өзге де объективті, психологиялық құбылыстар жан-жақты сипатталады.

Керуен, научный журнал №1, том 78 2023 г.

Тахауи Ахтанов прозасының көркемдік әлемі

Қазақ әдебиеті үшін Тахауи Ақтановтың орны ерекше. Оқырман қауым қаламгерді сыншы, прозашы әрі драматург ретінде жоғары бағалайды. Атап айтатын болсақ, проза жанрындағы «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін», «Қызғаныш», «Боран» романдары көркемдік образдар, портреттік детальдары арқылы оқырман жүрегіне тікелей жол тартқан бағалы туындылар. Ал, «Күтпеген кездесу», «Махаббат мұңы», «Әке мен бала», «Ант», «Арылу» пьесаларынан қаламгерді шоқтығы биік драматург ретінде тани түсеміз. Әдебиеттану ғылымының бағыттаушы құралы болған сын-зерттеу саласына да өзіндік үлесін қосқан. Мысалы, «Ғабит Мүсірепов», «Керуен» мақалалары соның айғағы. Әрбір шығармасы арқылы адам жанының психологиясына терең бойлай білген.

Т.Ахтановтың әрбір сөзді орнымен, ұтымды қолдануының өзі шығармадағы көркемдік әлемді айшықтай түседі. Жазушының көркемдік әлемі – көркем шығармасы. Ондағы диалог, монолог, көркем бояуы қанық образдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, сөздердің қайталануы, бәрі-бәрі көркемдік әлемін жан-жақты толықтырып тұр. Жазушының көркем әлемі шынайы болмысты бейнелейді. Шындық болмыс арқылы соғыс кезеңіндегі қиын-қыстау өмірді психологиялық тұрғыдан анық жеткізе білді.

https://drive.google.com/file/d/1rmzdNI9BvjwZRaQYDi3O7Ouqrk-3bSB-/view?usp=drive_link

Қадыр Мырза Әлі шығармашылығындағы ұлттық рух тақырыбы

Қазақ топырағынан шыққан әр дана тұлғаның өзіндік даралығы бар. Олай дейтін себебіміз, тұлғаның есімі аталғанда ойымызға бірнеше оралымдар сап ете қалады. Жазушы болса, әңгімесі мен кейіпкері көз алдымызға келіп, ақын болса, жыр шумақтары көкірегімізде сайрай жөнеледі. Мәселен, ойшыл ақын Қадыр Мырза Әлі дегенде әрбір жанның жүрегінде еріксіз түрде «Атамекен» әні шырқала кететіні сөзсіз. Халық үшін ақынның орны ерекше. Ал, шығармаларының шоқтығы биік. Ғажап теңеулер арқылы қара өлеңнің қадірін көтерген. Өлеңдерін сүйіп оқитын мына халыққа сөз өнерінің құдыреттілігін паш еткен поэзия алыбы. Ақынның қаламынан туған мысалдар, жұмбақтар мен санамақтар, ертегілер, сюжетті өлеңдері – әрбір қазақтың ұйықтап жатқан ой-санасын оятушы, ұлттық рухын көтеруші нағыз үлгілер.

Ұлттық дүниетаным және кеңістік

Ұлттық дүниетаным кез келген халықтың рухани болмысын, тарихи тәжірибесін және әлемді қабылдау ерекшелігін айқындайтын күрделі жүйе. Қазақ халқының дүниетанымында кеңістік ерекше орын алады, өйткені өмір салты, табиғатпен етене байланысы, көшпелі мәдениет кеңістікті тек географиялық ұғым емес, рухани-мәдени мәнге ие категория ретінде түсінуге мүмкіндік берген. Дала – еркіндік мекені, кеңдік – ұлт мінезінің көрінісі, табиғи кеңістік – өмір сүрудің өзіндік ырғағы мен философиясы.

Қазақтың "Жер-Ана", "Қоныс", "Жайлау", "Қыстау", "Төр", "Жол" сияқты түсініктері кеңістіктің тек физикалық орналасуды ғана емес, мәдени символдық қызметін де айғақтайды. Төр – құрмет пен иерархияны, оң және сол жақ – отбасы құрылымындағы рөлдерді, жол – адамның тағдырын, өмірдегі бағыт-бағдарын білдіретін ұғымдар. Мұндай кеңістіктік бейнелер ұлттық ойлаудың өзіндік логикасын көрсетеді.

Қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелері халықаралық ғылыми-теориялық конф.

САРСЕКЕЕВА НАТАЛЬЯ КАНТАЛИЕВНА
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент



(Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасы)

Ол 1954 жылы 21 наурызда Ужгород қаласында (Украинаның Закарпатье облысы) Кеңес Армиясының әскери қызметшісінің отбасында дүниеге келген. 1961-1971 жылдары Венгрия, Ресей, Беларусь, Литва елдерінің орта мектептерінде оқыған. 1971 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, 1976 жылы үздік бітірген. 1976-1978 жылдары осы университеттің орыс және шетел әдебиеті кафедрасында ғылыми-зерттеуші, 1978-1981 жылдары аспирантураны бітірген. 1983 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінде кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған, 1982 жылдан 1995 жылға дейін Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің орыс және шетел әдебиеті кафедрасында сабақ берген. Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінің ғалым хатшысы (1992-1995), Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі - академигі (диплом № 014, 1995 жылғы 28 желтоқсан). 1995 жылы байқаудан өткеннен кейін және қазіргі уақытқа дейін орыс және шетел әдебиеті кафедрасында доцент болып жұмыс істеймін.

Негізгі ғылыми нәтижелер: Мен әдебиеттегі мәдениеттер диалогы, Қазақстандағы орыс әдебиетіндегі жанрлар мен көркемдік дискурстың қалыптасуы және көркем әдебиеттегі автор санасының нақты көрініс формалары туралы төрт ұжымдық монографияның бірлескен авторы болдым. Сондай-ақ, екі оқулық пен Чехия, Австрия, Польша, Испания, Ресей және Қырғызстандағы ғылыми журналдарда, соның ішінде Scopus және Web of Science дереккорларына енгізілген басылымдарда 150-ден астам мақала жаздым. Ол ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі үшін әдебиет бойынша екі ғылыми жобаға қатысты (2012-2014, 2014-2016). 8DO1704 білім беру бағдарламасы бойынша бір PhD докторантын (2019) және 7MO1702 «Орыс тілі мен әдебиеті» бағдарламасы бойынша 28 магистрантты сәтті қорғауға дайындадым. 2014 жылы «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдығы» мерейтойлық медалімен, ал 2022 жылы университеттің «Лайықты еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Әдеби зерттеу қызығушылықтары: орыс әдебиетінің тарихы, әдеби сын, тарихи көркем әдебиеттің поэтикасы, мифопоэтика, әдеби мәтіндердегі психологизм, дискурс табиғаты, салыстырмалы әдебиет және аймақтану, шетелдегі орыс әдебиетінің жанрлар жүйесі. Университетте көп жылдар бойы сабақ берумен қатар, дәріс оқумен, оқу материалдарын әзірлеумен және оқу бағдарламаларын жетілдірумен қатар, ол студенттер мен жас зерттеушілердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етіп, олардың әдеби талдау мәдениетін дамытуға үлес қосты.

Соңғы жылдары ғылым кандидаты, доцент Н.К. Сарсекееваның жарияланған ғылыми, педагогикалық және әдістемелік еңбектерінің ішінде мыналарды атап өтуге болады:

1 Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі гуманитарлық дискурстың эстетикалық әртүрлілігі. Алматы: Қазақ университеті, 2016. -280 б. (Ұжымдық монография).

2 Жиырмасыншы және жиырма бірінші ғасырлар тоғысындағы әлемдік әдебиет туралы очерктер (Қазіргі орыс әдебиеті). Алматы: М.Әуезов атындағы Әлем әдебиеті және өнер институты, 2009.

3 Қасымова Р.Т., Сарсекеева Н.К. Екі тілді жағдайда сөздік қорын меңгеру. - Польша: Wydawnictwo Uczelni Lingwistyczno-Technicznej w Świeciu баспасы, 2018.- 152 б.

4 Б.У. Жолдасбекова, Н.К. Сарсекеева. Ю. Домбровскийдің қазіргі заманғы қазақстандық проза контексіндегі авторлық дискурсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 220 б.

5 Сарсекеева Н.К. Қазақстандағы қазіргі заманғы романның мәдени-философиялық парадигмасы // Қазіргі гуманитарлық ғылымның өзекті мәселелері. - Алматы: Бағалы қағаздар, 2015.

6 Сарсекеева Н.К. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының дәстүрлері мен инновацияларының диалогы // Керуен, 2015. № 4.

7 Сарсекеева Н.К. Қазіргі заманғы қазақстандық әдебиеттегі антиутопиялық романды зерттеу мәселесі туралы // Ш.Уәлиханов атындағы ҚМУ хабаршысы. Филологиялық серия. - 2015. - № 3.

8 Сарсекеева Н.К., Сейтқазы Е.А. С. Санбаев прозасындағы этномәдени тұжырымдамалардың ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, 2021, № 2.

9 N.K.Sarsekeyeva . Ecological concept of culture in postmodernist prose of D.Amantay //Science and Life of Kazakhstan, 2018, № 2.

10 Sarsekeyeva N.K., Jarylkasyn A. Etnocultural images in Grebenshchukov's short story "Kyzyl- Tas" //Modern science: Scientific publications journal.- Moscow, 2020, № 1. Vol. II. Pp. 165-161.

11 Sarsekeyeva N.K The existential consciousness of prose of Leonid Andreev and Smagul Elubay

//Austrian Journal of Humanities and Social Sciences: Scientific journal.- Viena: Scientific journal «East West», 2013. № 12.

12 Zholdasbekova B.U., Sarsekeyeva N.K. Dialogic orientation of discourse in contemporary Kazakh novel //The Social Sciences, Pakistan:Medwell Journals, 2015, № 6. Pp.1337 -1342.

13 Zhaksylykov A.Zh., Demchenko A.S., Sarsekeyeva N.K.Typology of the Archetype of the House in Samples of Modern Prose// The Social Sciences, Pakistan:Medwell Journals, 2016. №5

14 Сарсекеева Н.К., Афанасьева А.С. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орыс әдебиетін оқытудың әдіснамалық аспектілері (оқыту тәжірибесінен) // Тамбов университетінің хабаршысы. Филологиялық ғылымдар және мәдениеттану сериясы. Тамбов, 2015. 4 (4) шығарылым. 42-47 беттер.

15 Н.К. Сарсекеева. Ә. Кекілбаевтың тарихи прозаның гуманитарлық дискурсы //Тамбов университетінің хабаршысы. Филологиялық ғылымдар және мәдениеттану сериясы. - 2016. 5-шығарылым. 59-65 беттер.

16 Сарсекеева Н.К., Сейтқазы Е.А. Мәдениетаралық диалог мәселелері тұрғысынан әдеби мәтінді түсіндіру тәжірибесі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2022. № 2. 451-459 беттер.

17 Sarsekeyeva N.K. Environmental awareness of contemporary literature // European Journal of Humanities and Social Sciences: SCIENTIFIC JOURNAL. - Vienna, 2017. № 1. Pp.82-85.

18 Сарсекеева Н.К., Демченко А.С. Университетте сөйлеу-ойлау мәдениетінің қалыптасуы тұрғысынан Н. Веревочкин прозасының мифопоэтикалық әлеуеті // Лингво-риторикалық парадигма: теориялық және практикалық аспектілері. 2020. № 25-2. 224-229 беттер.

Ойлар, пікірлер, қорытындылар

Қазақстан әдебиеті бірнеше жаһандық даму кезеңдерінен өткендіктен, өзіндік ерекше сипатқа ие. Фольклорға негізделген, алуан түрлі жанрлары мен шынайы сипатымен шындықты түсінуде айтарлықтай тәжірибе жинақтаған Қазақстан әдебиеті (орыс романының және басқа жанрлардың әсерін атап өтіп), қарызға алынған жанрлық жүйелерді игеріп, шығармашылықпен өзгерте алды, осылайша қазіргі заманғы мәдениеттің өзіндік трансмәдениеттік «бейнесін» қалыптастырды. Трансмәдениеттілік - қазіргі заманғы қазақстандық әдебиеттің ең таңғажайып ерекшеліктерінің бірі, бұл өз кезегінде кең диалогтық тәсілді білдіреді. Трансмәдениеттілік құбылысын алғаш сипаттаған Ф.Ортистің (1995) бірнеше мәдениеттің өзара әсері мен

шығармашылық өзара әрекеттесуі туралы айтуы кездейсоқ емес, олардың әрқайсысы ішкі үйлесімді болып қала отырып, екі мәдениеттің де өзіндік ерекшеліктері бар бірегей құбылысты тудырады. Қазақстандағы орыс жазушылары көпмәдениетті кеңістікте өмір сүруінің аркасында бірнеше лингвомәдени жүйелермен табиғи түрде байланысады. Тілдік дүниетанымдар бір-бірін толықтырады және бір-бірін қабаттастыра отырып, күрделі семиотикалық тұтастықты құрайды. Трансмәдениеттану эстетикасы аясында жасалған мәтін элементтері арасында тұрақты ішкі диалог орын алады, нәтижесінде әлемнің жаңа бейнелері – мәдениетаралық шекаралас әлем пайда болады. Трансмәдениеттану мәтіндерімен жұмыс істеген кезде этнопоэтикалық тұрақтылар – архетиптік ұғымдар мен аксиологемалар – зерттеушінің жаңа мәдени шындыққа енуінің белгілері ретінде қызмет ететін маңызды рөл атқарады

(**Сарсекеева Н.К., Сейтқазы Е.А.** Мәдениетаралық диалог мәселелері тұрғысынан әдеби мәтінді түсіндіру тәжірибесі // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2022. № 2. 451-459 беттер.

ДАРИХА АМАНТАЙҚЫЗЫ САТЕМИРОВА

Дариха Амантайқызы Сатемирова 1973 жылы 03 тамызда дүниеге келген. Сатемирова Д.А. 1992-1996 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде оқыды. Филология ғылымдарының кандидаты (2001), қауымдастырылған профессор (2022). Әдебиет тарихы және әдебиеттану саласының зерттеушісі. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиет және тарих; қазіргі қазақ әдебиеті; қазақ әдебиетін оқыту мәселелері; пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезеңдері: – Жоғары - 1992-1996 жылдар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология факультетін үздік дипломмен аяқтады, 1997-2000 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аспирантурада оқып, 2001 жылы « Ерімбет Көлдейбекұлының әдеби мұрасы және ақындық ортасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен филология ғылымдарының кандидаты, (Шифр 10.01.02 – қазақ әдебиеті) дәрежесі берілді. 2022 жылдан (Шифр 10.01.02 – қазақ әдебиеті) қауымдастырылған профессор. 2001-2002 жылдары Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті қазақ тілі кафедрасының оқытушысы, 2002 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Академик С. Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасында аға оқытушы, 2004-2005 жылдары филология факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2022 жылдан бері қауымдастырылған профессор.

Сатемирова Д.А. – «6В02301-филолгия», «7М02301-филология», «8Д02301-филология» білім беру бағдарламаларын әзірлеуші. Факультеттің Сапа комитетінің төрайымы. Факультет кеңесінің, Академиялық комитеттің мүшесі. 8D023 – Тілдер және әдебиет (6D020500/8D02301 – Филология, 6D021400/8D02308 – Әдебиеттану) бағыты бойынша философия докторы дәрежесін беру үшін құрылған диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы.

Сатемирова Д.А. – 50-ден астам ғылыми, оқу-әдістемелік жарияланымдары бар. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі 2023-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерінің гранты бойынша кеңесші болды.

Д. Сатемированың ғылыми еңбектері ішінде жеке авторлығымен және авторлар ұжымымен берге шығарған ғылыми, ғылыми-көпшілік сипатындағы монографиялар мен оқулықтар, оқу құралдары. Соларың

қатарынан Д. Сатемированың соңғы бес жылда (2021-2025 жылдары) жарық көрген жарияланымдары:

Оқу құралдары:

1). Орынбаева Д.Ғ. Сатемирова Д.А. XXI ғасыр әдебиетін оқыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: 2024 – 96 б.

Scopus, WOS базаларында индекстелген журналдарда жарияланған мақалалар:

1. The principles of tha forming of godonyms in the Kazakhstan onamastic map. Journal of «Astra Salvensis»2021 Vol 2021 P. 27-40.ISSN: 2393-4727
https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57189986503

2. Eastern and western linguocultural map: Similarities and peculiarities (based on linguocultural research) International Journal of Society, Culture & Language, 9(2), 2021 ISSN 2329-2210 file:///C:/Users/User/Downloads/Article_IJSCL_9(2)_2021%20(4).pdf

3. Traditional Hunting with the Golden Eagle and Its Reflection in Kazakh Literature. MANKIND QUARTERLY 2021 62:2 273-287 10/ 46469 mg 62.2.4.Published:2021.12.01

4. The Image of the Sacred Places in Literature Genesis: A Case Study Kazakhstan Vol. 3 No. 8 (2024) • Published 2025-01-09
https://doi.org/10.62754/joe.v3i8.5767

5. The Image of the Sacred Places in Literature Genesis: A Case Study Kazakhstan. JOURNAL OF ECOHUMANISM (Research on Environmental Humanities, Ecohumanism, Ecology, Literary Theory and Cultural Criticism), Journal of Ecohumanism 2024 Volume: 3, No: 8, pp. 11673 – 11682 ISSN: 2752-6798 (Print) | ISSN 2752-6801 (Online) https://ecohumanism.co.uk/joe/ecohumanism
DOI: https://doi.org/10.62754/joe.v3i8.5767

6. THE TOPIC OF ECOLOGY IN 21ST CENTURY LITERATURE AND THE RELEVANCE OF ITS TEACHING SCIENTIFIC CULTURE, Vol. 11, No. 3.1, (2025), pp. 237-245Open Access. Online & https://sci-ult.net/index.php/cult/article/view/1277/188
DOI: 10.5281/zenodo.11032519

ҚР ҒжЖБМ ҒЖБССҚК ұсынылған журналдарда жарияланған ғылыми мақалалары

1. «А.Кемелбаеваның прозасын мектеп оқушыларына оқытудың өзектілігі» БІЛІМ/ОБРАЗОВАНИЕ ғылыми-педагогикалық журналы. ALTYNSARIN AKADEMIASY, №3(110)2024
https://bilim-uba.kz/index.php/science/issue/view/81/89

2. XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА

ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ. https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.031
Абылай хан атындағы университет Хабаршысы.Филология сериясы. №4)/2024. Б.158-171.
3. COMPARATIVE ANALYSIS OF THE THEME OF INDEPENDENCE IN THE 21ST-CENTURY POETRY OF TURKIC PEOPLES (BASED ON KAZAKH, KYRGYZ, UZBEK AND TURKISH LITERATURE) Қазақстан шығыстануы» ғылыми журналы No1, том 13, 2025 ISSN: 3007-0325 https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.285
4. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі экология тақырыбы және оны оқытудың өзектілігі Yassawi Journal of Education Studies,No1 (139), 2026 https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.19

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Басқа пәндермен салыстырғанда әдебиетті оқыту үшін мұғалімге өзіндік ұстаным, мінез керек. Әдебиет тұтас ұлттың ұлтжанды ұрпағын қалыптастырушы пән екенін ескерсек, Ә.Бөкейханов айтқандай: «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» [5]. Ұлт көсемінің бұл пікірі шет елдік ғалымдардың да ойларымен ұштасады. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етеді, ал көзқарасы оның белгілі бір шешімдер қабылдауына, соның нәтижесіндегі сыныптағы іс-әрекеттеріне негіз болады. Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан құралады. Бұл элементтердің барлығын жинақтасақ, жеке тұлғаның ерекше «оқыту сызбалары» құралады. Пажарес (1992) оқыту стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен гөрі, ұстанымға негізделген ойтоқтамдарының ықпалы күштірек деп сендіреді: оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді [6].

Сатемирова Д.А. XXI ғасыр әдебиетін оқыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: 2024 -16 б.

Оқушыларға экологиялық мәселелерді түсіндіру арқылы олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін арттыруға болады. Әдеби шығармалар арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру оқушының тұлғалық дамуына оң әсер етеді. «Әдебиетке негізделген экологиялық білім беру студенттердің табиғатқа деген экоцентрлік көзқарасын қалыптастыруға бағытталған балама тәсіл болып табылады. Мұндай бағдарламаның мақсаты – оқушылардың мінез-құлқын өзгерту және алған білімдерін қоршаған ортаға зиян келтірмейтін іс-әрекеттерге айналдыру» [17]. Адамның табиғатқа деген көзқарасы көбіне антропоцентрлік сипатта болады,

яғни адамның мүдделері табиғаттың мүдделерінен жоғары саналады. Сондықтан мұндай мәселелерді шешу үшін халықтың білім деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл экологиялық білім беруді тиімді енгізу арқылы жүзеге асырылады.Әлемде мектептерде экологиялық білім беруге ерекше мән берілуде, әр елдің өзіне тән әдістемелері мен тәжірибелері қалыптасқан. Қазақстанда да экологиялық білім беруге көңіл бөлінуде.

Сатемирова Д.А. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі экология тақырыбы және оны оқытудың өзектілігі Yassawi Journal of Education Studies,No1 (139), 2026 https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.19

Айгүл Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесі XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің үздік туындыларының бірі ретінде мектеп оқушыларына оқы-тылуы керек және оны мұғалімдер ше-берлікпен талдап, ұғындыра білулері ке-рек. Себебі әңгімені дұрыс оқыту арқылы оқу бағдарламасында берілген: көркем шығарманың құрамды бірліктерімен шығармашылық жұмыс; көркем шығар-мадағы образдар мен мотивтердің туын-ды идеясымен байланысын түсіну; әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген әлеуметтік, гуманистік, заманауи мәселе-лерді терең түсіну; әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, баяндау композициясын ажырату; қаламгердің даралық стилін талдау (шығарма тілінің лексика, синтаксистік құрылымындағы ерекшеліктерін талдау); шығарманың идеясын көркемдік-эстети-калық құндылық тұрғысынан әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап баға беру, т.б. оқу мақсаттарына толық қол жеткізуге болады.

Сатемирова Д.А. «А.Кемелбаеваның прозасын мектеп оқушыларына оқытудың өзектілігі» БІЛІМ/ОБРАЗОВАНИЕ ғылыми-педагогикалық журналы. ALTYNSARIN AKADEMIASY, №3(110)2024 https://bilim-uba.kz/index.php/science/issue/view/81/89

НӘЗИРА СӘРСЕК

Нәзира Әбдіманапқызы Сәрсек 1977 жылы 9 ақпанда туған.

Еңбек жолын 1997-1998 жылдар аралығында Есік қаласындағы көмекші мектеп-интернатта бастады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде күндізгі бөлімде оқи жүріп, 2001-2002 жылдары «Қазақстан дәуірі» газетінде, 2002-2003 жылдары «Парасат» журналында жұмыс істеді.

2006-2008 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мәдениеттану» мамандығы бойынша магистратурада білім алды. 2007-2009 жылдары «Парасат» журналында бөлім редакторы болып еңбек етті. 2010-2012 жылдары Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Ақпараттық-аналитикалық орталығы мен «РАС» газетінде жоғары білікті маман ретінде қызмет етті. 2012 жылы ҚР Алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайының жанында шығып тұрған «Мәдени мұра» журналының штаттан тыс тілшісі болып жұмыс істеді.

2012 жылы Түркия республикасы грантының иегері атанып, Ыстамбұл университетінде түркітану саласы бойынша докторантурада оқыды. 2018 жылы «Қыпшақ тобына жататын түркі тілдеріндегі (башқұрт, қазақ, қырғыз, ноғай, татар) табиғатқа қатысты мақал-мәтелдердің түрік тіліндегі мақал-мәтелдермен салыстырылмасы» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін Қазақстанға оралып, 2019 жылдың ақпан айынан бері ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты» ШЖҚ РМК, Қолжазба және текстология орталығында ғылыми қызметкер болып еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде бірнеше ғылыми жинаққа құрастырушы ретінде қатысты, бірнеше ұжымдық монография жазуға автор ретінде атсалысты.

Ұжымдық монографиялар:

1. «Қазақ текстологиясы: негізгі мәтін мен авторды анықтау (атрибуция) мәселелері». Ұжымдық монография. – Алматы: ЖШС «Литера-М», 2022. – 256 б. (М. Сұлтанқожа шығармаларының текстологиясы мен А. Байтұрсынұлы шығармаларының текстологиясы бөлімдерін жазды).

2. «Қазақ постфольклоры». Қазақ постфольклоры: ұжымдық монография. – Алматы: Smart University Press, 2024. – 240 б. («Мақал-мәтелдердің желідегі трансформациясы»; «Постфольклордың гендерлік аспектілері» бөлімдерін жазды).

3. «Отандық қолжазбатану және текстология мәселелері. Ұжымдық монография. – Алматы: «Service Press», 2025. – 296 бет. («Бозжігіт» дастаны текстологиясына қатысты бөлімді жазды).

Құрастыруға қатысқан жинақтар:

1. Дала фольклорының антологиясы. Онтомдық. – Т. 2: Батырлар жыры. / Томды құрастырып, қосымшаларын дайындағандар: Сәкен С., Сәрсек Н., Ахметжанов Қ. – Алматы: «Brand Book», 2019. – 572 бет.

2. Дала фольклорының антологиясы. Онтомдық. – Т. 10: Ғибратты фольклор. Шағын жанрлар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Әлбеков Т., Сәрсек Н., Салтақова Ж. – Алматы: Brand Book, 2020.

3. Жыраулар поэзиясы. Құрастырғандар: Т. Әкімова, Н. Сәрсек, Н. Елесбай. Алматы: «Silver Press», 2022. – 368 бет.

4. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. – Алматы: Brand Book, 2022.

5. Мағжан Жұмабайұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. – Астана: Түркі Академиясы, 2023.

6. Қобыланды батыр. Жетітомдық. 4-том / Томды құрастырып, баспаға

дайындағандар: Н. Сәрсек, Ж. Салтақова, Н. Елесбай. – Алматы: Smart University Press, 2023. – 336 бет.

7. Түркі халықтарының фольклорлық мұрасы: Көптомдық. Түркі халықтарының батырлар жыры. Т.1: Қазақ батырлар жыры / Құрастырушылар: Матыжанов К., Рақыш Ж., Сәкен С., Ақан А., Әкімова Т., Сәрсек Н. – Баку, 2025. – 846 б.

8. М. Дулатұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы, 2026.

Мақалалары:

1. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі төрт түлік атаулары мен оларға қатысты ұғымдар. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», №9/1 2020 279-283-б.

2. Қазақ мақал-мәтелдерінің ерекшеліктері және олардың өзге түркі тілдеріндегі мақалдармен ұқсастығы. «Керуен», №73 (4) 2021, 157-168-б.

3. Ж. Рақыш, Н. Сәрсек, А. Ақан. Қазақ постфольклорындағы шағын жанрлардың трансформациясы. «Керуен» ғылыми журналы, No2, 83, 2024. 101-109-б.

4. Н. Сәрсек, Ж. Рақыш, А. Оралбек. Қазақ тілді интернет кеңістіктегі тізбек хаттардың түрлері мен таралуы. «Керуен» ғылыми журналы, No3, 84, 2024. 93-104-б.

Халықаралық конференция жинақтарында жарияланған мақалалары:

1. «Жыраулар шығармаларының мәдени негіздері», «Қазақ мәдениетіндегі дәстүрлер мен инновациялар» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары, 24-қараша, Алматы, 2007.

2. «Отражение семейных отношений в башкирских, казахских, турецких пословицах», Международная научно-практическая конференция «Филологические науки: взгляд молодого филолога», г. Стерлитамак, Башкортостан, 24-25. 10. 2014

3. «İnsanın Karakteri ve Kişisel Özelliklerinin Başkurt, Kazak ve Türk Atasözlerine Yansıması» – түрік тілінде, («Башқұрт, қазақ және түрік мақал-мәтелдерінде адамның мінез-құлқы мен ерекшеліктерінің көрініс табуы»), III Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумының материалдары, 305-310-б., Баку, 25-27 мамыр, 2016 жыл.

4. «Башқұрт, қазақ, түрік мақал-мәтелдерінде ортақ мәдени және рухани құндылықтардың көрініс табуы», «Профессор Ә. Құрышжанұлы және түркі дүниесі: тіл, тарих, руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, 265-268-б., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, 27 қараша, 2015жыл.

5. «Başkurt, Kazak, Türk Atasözlerinin Derlenmesi ve Kaynakları» – түрік тілінде («Башқұрт, қазақ, түрік мақал-мәтелдерінің жинақталуы және олардың дереккөздері»), Материалы Всероссийского съезда востоковедов с международным участием «Россия и Восток: взаимодействие стран и народов», 458-461-б., Уфа, 7-10. қазан, 2015 жыл.

6. Қазақ және түрік мақал-мәтелдеріндегі әйел концепті. «Е. Д. Тұрсыновтың ғылыми мұрасы: қазіргі гуманитарлық ғылымдардың әдіснамалық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. 207-214-б., Алматы, 22-23.04.2023.

ГҮЛМИРА ЫРЗАХАНҚЫЗЫ СӘУЛЕМБЕК



Сәулембек Гүлмира Рзаханқызы, 1980 жылы Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Жеңіс ауылында туылған. Жеңіс ауылында 1986-1997 жж. «Спутник» (Қазіргі «Өтебай Тұрманжанов» атындағы) орта мектепте білім алған.

2001 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бакалаврды «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша, 2003 жылы магистратураны «Филология» мамандығы бойынша оқып бітірді. 2005-2008 жж. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аспирантурасында оқыды. 2014 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсіп, 2018 жылы «Қазіргі прозадағы постмодернизм» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап әдебиеттану саласы бойынша PhD дәрежесін алады.

Еңбек жолын 2003 жылы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасының оқытушысы ретінде бастады.

2011-2014 жж. Орталық Азия университетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасында оқытушы болып жұмыс істеді.

2015 жылдан М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері. 4 ұжымдық монографияның, 1 әдебиетанулық сөздіктің, түрік тілінде жарияланған 2 зерттеу еңбектерінің серіктес авторларының бірі. Сонымен қатар «Қазіргі прозадағы постмодернизм» (2023) атты жеке монографияның, 40-тан астам зерттеу мақалаларының авторы. «Қазақ прозасындағы мистика» атты гранттық жобаның авторы әрі жетекшісі.

1. Сәулембек Г. Немат Келімбетовтің әдеби мұрасы // Мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығындағы өнердің ролі мен орны. Ұжымдық монография. – Алматы, 2017. – 194 б. Б.162-186.

2. Сәулембек Г. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясы: ұлттық кодтың әлеуметтік көркемдік негіздері //Жаһандану дәуіріндегі «Рухани жаңғыру» концептіндегі ұлттық код:көркемдік және әдебиеттанулық негіздері: (Ұжымдық монография) / жауапты редактор А.С. Ісімақова – Алматы: Service Press, 2020. – 366 бет. Б. 5-46.

3. Сәулембек Г. Мәңгілік ел» концепті мен ұлттық кодтың тәуелсіздік кезең әдебиеттануында зерттелуі //Жаһандану дәуіріндегі «Рухани жаңғыру» концептіндегі ұлттық код:көркемдік және

әдебиеттанулық негіздері: (Ұжымдық монография) / жауапты редактор А.С. Ісімақова – Алматы: Service Press, 2020. – 366 бет. Б. 343-362.

4. Сәулембек Г.Р. Мистикалық шығармалардағы дәстүр сабақтастығы //Қазақ прозасындағы мистика (Ұжымдық монография) / жауапты редактор Г.Р. Сәулембек – Алматы: ЖШС «Литера-М», 2022. – 296 бет. Б. 3-28.

5. Сәулембек Г.Р. Мистикамен іргелес жанрлардың өзара байланысы және айырмашылығы //Қазақ прозасындағы мистика (Ұжымдық монография) / жауапты редактор Г.Р. Сәулембек – Алматы: ЖШС «Литера-М», 2022. – 296 бет. Б. 130-148.

6. Saulembek G.R. Mistik eserlerde folklor motiflerinin edebî görevi ve mitolojik örnekleri. // Kazak mitolojisi araştirmalari. – Ankara: Akçağ yayinlari 2022. 289-s. S.161-177.

7. Saulembek G.R. Geçmişten Günümüze Kazak Tolgau Türündeki Değişim ve Dönüşümler// TÜRK DÜNYASI HALKBİLİMİ. – Ankara: BENGÜ YAYINLARI. 2024. S. 375-406.

5. Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм: монография / Г.Р.Сәулембек. – Алматы: Дарын, 2023. – 199 б.

6. Қалиева, А.Қ., Сәулембек Г.Р. және т.б. XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі / Жауапты шығарушы, құрастырушылар: А.Қалиева, Г.Сәулембек. – Алматы: ServicePress. 2024. – 296 б.

7. Сәулембек Г.Р. Әлем әдебиетінің даму контексіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері: көркемдік ағым-бағыттыр. Ұжымдық монография. – Алматы: Print express, 2025. – 248 б. Б. 173-201.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Осы себептен де біз толғаудың қайта күш алуына қоғамдағы әлеуметтік мәселелердің ушығуы елеулі әсерін тигізеді деген болжам айтқымыз келеді. Жоғарыда аталған еңбекте айқындалған толғаудың құрылымдық, стильдік тәсілдері мен лексика-семантикалық ерекшеліктерінің, жанрдың өзіне тән формулаларының дәл қазіргі тұстағы толғауларда көрініс беруі де осыған дәлел бола алады.

Осы орайда біз нысанға алып отырған шығармаларды жүйелегенде поэзияның азаматтық лирика тармағына жатқыза салуға да болар еді. Бірақ ежелден келе жатқан ел бірлігі, мемлекеттің іргесінің беріктігі тақырыбындағы шығармаларды авторларының «толғау» деп ерекшелеп көрсетуі және оны қабылдаушы тарапқа өтімді етудің амалдарын қарастыру заман талабы. Себебі сандық технология дамыған заман да әдебиетке өз шартын қойып отыр. Сондықтан қабылдаушыға жеткізу техникасы ежелден-ақ жолға қойылған жанрды бүгінгі күннің жетістіктерін пайдалана отырып жетілдіру автор үшін тиімді. Осыған

қосымша біздің толғаулардың өзгеріске ұшырағанымен әлі де өмір сүруде деген болжалымызға себеп те жоқ емес. Бірінші себеп, бұл толғауларда мемлекеттік деңгейдегі қоғамдық-әлеуметтік, философиялық, насихаттық және азаматтық сарынның басымдығы. Екіншіден, толғауды шығарушы ақындардың қайраткерлігі, елімізге қатысты сынсағаттағы әрбір мәселеде халық пен мемлекет арасындағы алтын көпір болуға тырысуы, халықтың назы мен наразылығын ел билеуші топқа жеткізуші, сонымен қатар өзі тарапынан сын айта білуі. Осыларға қосымша, бұл ақындардың әмбебап өнер иесі екендігінің де маңызы зор. Себебі, ақындардың қайраткерлігі тек толғауларында ғана емес, өнердің өзі меңгерген салаларын қоса қамтуынан да көрініп отырады. Үшіншіден, жыраулар поэзиясындағы стильдік ерекшеліктерді пайдалануы.

Сәулембек Г. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясы: ұлттық кодтың әлеуметтік көркемдік негіздері //Жаһандану дәуіріндегі «Рухани жаңғыру» концептіндегі ұлттық код:көркемдік және әдебиеттанулық негіздері: (Ұжымдық монография) / жауапты редактор А.С. Ісімақова – Алматы: Service Press, 2020. – 366 бет. Б. 5-46. Б. 17-18.

Өлең сөздің теориясын тереңдей зерттеген ғалым Зәки Ахметов толғауға: «Толғау» шындап келгенде ән емес, бірақ әуенмен айтуға лайықталып шығарылған халықтық лириканың бір түрі, <...> өлеңдердің тирада-тирада боп бөлінуі әсіресе толғауға тән...» [12; 254], – деп анықтама береді. Осы орайда толғаудың әнмен емес әуенмен айтуға лайықталу ерекшелігінің эволюциясын, өзгеріске ұшырауын И.Сапарбайдың «Қазақтың қара баласы» толғауы мен А.Шұғатаевтың «Долы да, долы, долы күн!» атты толғауларынан көреміз. И.Сапарбайдың «Қазақтың қара баласы» толғауының эстрадамен сүйемелденіп, полифониялық рухты әуенмен берілуі толғаудың әсер-қуатын еселей түскендей. Толғаудың сахналық қырының дамуы, виртуалды кеңістік арқылы немесе теледидар арқылы таралуы – тыңдарманды «іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебіне» ортақ етуге, тыңдарманмен байланысын арттыра түсуге, адресаттың көңіліне ой салуға заманауи технологияны тиімді пайдалануымен ерекшеленетін даму сатысы.

Сәулембек Г. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясы: ұлттық кодтың әлеуметтік көркемдік негіздері //Жаһандану дәуіріндегі «Рухани жаңғыру» концептіндегі ұлттық код:көркемдік және әдебиеттанулық негіздері: (Ұжымдық монография) / жауапты редактор А.С. Ісімақова – Алматы: Service Press, 2020. – 366 бет. Б. 5-46. Б. 40.

Қазақ поэзиясында да еркін өлең үлгісі кездеседі. Әсіресе XXI ғасырдың алғашқы ширегінде еркін өлең жазу үрдісі жас ақындарда

басым болды. Әдеби үдерістегі Тыныштықбек Әбдікәкімов, Тоқтарәлі Таңжарық, Тілек Ырысбек, Батырхан Сәрсенхан, Файзолла Төлтай, Арман Әділбек, Ұмтыл Зарыққан, Асылан Қуанышұлы сынды ақындар осы еркін өлеңге барып жүр. Еркін өлең қазақ поэзиясында ой мен сезімнің тереңдігін еркін, ұйқассыз жолдар арқылы жеткізуде тиімді құрал ретінде көрініс тапты. Мысалы, Т.Таңжарықтың «Сен осы қалада жүрген секілдісің …»

..Бағдарсыз үйден шығам да метроға мініп,
кез келген бекеттен түсемін.
Жолаушылар ағынына ілесіп жоқ боламын.
Көше толы жарнамаларға жаутаңдай қараймын.
Тойханалар мен гипермаркеттері көп шаһарда
Мен секілді әлдекімнің өмір сүріп жатқанына таңырқаймын.
Өзгелер ішінен өзімді әзер тауып түн ортасы үйге ораламын.
Сен осы қалада жүрген секілдісің.

Верлибрді батыс жұрты ақындары авангардтық бейнелеу әдісі ретінде қолданысқа енгізді. Ақындардың ойды белгілі өлшемге құрылған ырғақ, бунақ, ұйқасқа тәуелсіз еркін айтуға деген ұмтылысынан пайда болды. Қазақ поэзиясында еркін өлең жазудың жастар арасында үрдіске айналуы, олардың да еркіндікке ұмтылудан, әсіресе поэтикалық формалар мен көркемдік әдістерде жаңашылдық енгізуге талпынуынан туындаған.

Қалиева, А.Қ., Сәулембек Г.Р. және т.б. XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі / Жауапты шығарушы, құрастырушылар: А.Қалиева, Г.Сәулембек. – Алматы, 2024. -296 б. Б. 94.

««Гүлдер мен кітаптарда» автордың дәстүрлі шығармалардағыдай оқырманды сюжеттік желімен емес, интертекст тәсілімен қызықтыруы шығармашылық стратегия ғана емес, постмодернистік дүниетанымының да көрінісі. Мәселен, кейіпкер Әлішердің роман жазу барысында григориан күнтізбесімен салыстыра отырып құрастырған «Түркі күнтізбесі», бейне бір сандардан құрастырылған басқатырғыш секілді. Автор оны өзі құрастырып, жауабын да өзі шешкенімен, сөзбен берілген жұмбақ шартын сәл аялдап, зейінмен зер сала оқымай, автордың сызба нұсқамен ұсынған кестесінен оны шешу жолдарын тез арада ұғына қоюыңыз екіталай. Шығармасын тудырудағы көп жұмбақтың шешуін оқырманның өзіне қалдырып, «құдіретті автор» болудан бас тартады. Оқырманның білім-білігінің деңгейіне қарай кітап әрқилы оқылады, әртүрлі пайымдаулар, ой қорытындысы пайда болады. Романдағы интертекст сырының ашылуы оқылу техникасына тікелей байланысты. Р.Барттың теориясы бойынша мәтін аяқталған тұста «автор өледі» де

мәтіннің жеке өмірі басталады дегеніндей, осы тұста мәтін мен оқырманның диалогы басталады».

Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм: монография / Г.Р.Сәулембек. – Алматы: Дарын, 2023. – 199 б. Б. 48.

Кейінірек сана ағыны әлемдік әдебиетте кеңінен қолданыс тапты. Оның қазақ әдебиетіндегі мысалын Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Күй», «Шыңырау», «Ханшадария хикаясы», «Үркер» шығармаларынан көре аламыз [3, 44].

Жазушы «сана ағымы» тәсілі арқылы аңыз-әңгімелерге негіз болған тарихи тұлғалардың пенделік құпияларын ақтарады. Кейіпкер санасындағы табиғи түрде үздіксіз жүріп жатқан ойлар мен сезімдер алмасуын шебер бейнелейді. Ол кейіпкерлерінің ойлары мен сезімдерін толық субъективті түрде көрсетеді. Кейде сана айтысына түсіп кететін тұстарында бірнеше бет қатарынан сұрақ белгісімен аяқталатын сөйлемдерден тұрады. Ойдың тасқындап арнасынан асуын автор көп нүктелермен береді.

Қалиева, А.Қ., Сәулембек Г.Р. және т.б. XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі / Жауапты шығарушы, құрастырушылар: А.Қалиева, Г.Сәулембек. – Алматы, 2024. Б. 214.

«Постмодернизм ұсынған «Симулякр» – көшірменің көшірмесі. Көшірмеде түпнұсқаға ұқсастық болса, симулякр жоқ нәрсенің бейнесі, яки көшірмесі. Ж.Бодрийардың пікірінше, симулякр адамзат ойлап тапқан және сол адамзаттың басын жұтатын тажал. Ойшыл модерн дәуірі ұсынған «адамзат ақыл-ойының жемісі адамдарға тек қана пайда келтіреді» деген ұстанымға қарсы шығады. Ұшы-қиырсыз ғаламтор үстемдік етіп отырған кезеңде әртүрлі әлем, әртүрлі мәдениет, әртүрлі уақыт, әртүрлі кеңістіктің бір мезетте тоқайласуынан ненің түпнұсқа, ненің көшірме, ненің шындық, ненің жалған екенін білу мүмкін емес жағдайға айналды. Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» повесі симулякрдің нақты мысалы бола алады. Повестің басында Бекторы мен Қайырболды оқиғасы әп-сәтте ғайып болып, қазақ теледидарында тележорналшы-редактор болып қызмет атқаратын Сағындық Тілешовтің жай ғана түсі болып шығады. Екінші симулякрде Ж.Бодрийардың анықтамасында келтірілген бөлімдер түгелімен жүзеге асады, яғни болған оқиғаның бәрі елес, ақиқат толығымен бұркемеленіп, симулякрге айналған».

Қалиева, А.Қ., Сәулембек Г.Р. және т.б. XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі / Жауапты шығарушы, құрастырушылар: А.Қалиева, Г.Сәулембек. – Алматы, 2024. -296 б. Б.221-222.

Егер классикалық романның негізінде объективті шындықты толық қамту мақсаты тұрса, модернистік проза бұл жүйені субъективтендіріп, кейіпкердің ішкі әлемін, сана ағымын алдыңғы орынға шығарды. Ал постмодернистік проза мүлде басқа тәсілге көшіп, «шындықты бейнелеуден» гөрі, мәтіннің өзіндік құрылымын, жазылу үдерісін алдыңғы қатарға қойды.

Әлем әдебиетінің даму контексіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері: көркемдік ағым-бағыттыр. Ұжымдық монография. – Алматы: Print express, 2025. – 248 б. Б. 174.

Постмодернизм модернизмге қарсы бағыт екендігі белгілі бола тұрса да, бір-бірінен кейін пайда бола бастаған бағыттар болғандықтан, ортақ ұқсастықтарының болуы, сондай-ақ модернизмнің ішінде постмодернизмнің алғышарттарын көруіміз де заңдылық. Модернизмнің соңғы кезеңінде бұл бағытқа деген қарсылық үдей келе табиғи түрде басқа сипатқа ие бола бастауы жаңа түсініктің, бағыттың туындауына алып келді.

Әлем әдебиетінің даму контексіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері: көркемдік ағым-бағыттыр. Ұжымдық монография. – Алматы: Print express, 2025. – 248 б. Б. 175.

Классикалық мәтіндерде сюжеттің 5 элементі шығармаға қатысып, фабуласы сақталады, ал модернистік мәтінде интертекстер, сана ағымы, фрагментарлық арқылы уақыт тұтастығы бұзылып отырғанымен де, мұнда да шығарманың мазмұндық желісі немесе оқиға өзегі бәрібір сақталып отырады. Постмодернистік бағыттағы шығармаларда мұндай иерархияны көре алмаймыз. Классикалық, модернистік мәтін бір бәйтерек тәрізді болса, постмодернистік мәтін ол бір ризом. Модернистік кезең ұзақ уақытты алып жатқан бағыт болғандықтан, ондағы мәтін құрылымдары да әркилы. Классикалық мәтінді жүйелі түсіну үшін сюжеттің басталуынан бастап шешіміне дейінгі бес кезеңді өтуіміз қажет болса, посмодернистік шығарманы қай тарауынан, бастап оқысаңыз да мәні өзгермейтін болады.

Әлем әдебиетінің даму контексіндегі қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері: көркемдік ағым-бағыттыр. Ұжымдық монография. – Алматы: Print express, 2025. – 248 б. Б. 189.



СЕЙСЕНБИЕВА ЭЛЕОНОРА СӘРСӘНӘЛІҚҚЫЗЫ
Философия докторы (PhD), аға оқытушы
(Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасы)

Сейсенбиева Элеонора Сәрсенәліқызы 1975 жылдың 13 желтоқсанда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Қылышбай ауылында дүниеге келген. 1992 жылы орта мектепті аяқтап, 1993 жылы *Шығыстану* мамандығы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алып, (1993-1998), мемлекеттік емтихан комиссиясының 1998 жылғы 25 маусымдағы шешімі бойынша *шығыстанушы-филолог* біліктілігі берілді (ЖБ-І № 0139337).

2011 жылы *Шетел филологиясы* білім беру бағдарламасы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алып, (2011-2013), «Араб әдеби сюжеттерінің қазақ кітаби ақындар шығармаларындағы көрінісі» атты магистрлік диссертациясын қорғап, мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2013 жылғы 06 маусым шешімімен (№5 хаттама) *гуманитарлық ғылымдар магистрі дәрежесі* берілді (ЖООК-М №0037757). Мамандығы: «Шетел филологиясы» магистратура.

2018-2021 Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 6D020500-Филология мамандығы бойынша докторантура, 2023 жылдың 22 ақпан күні «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр» тақырыбында қорғап, 15.03.2023 жылдың №124 бұйрық негізінде философия PhD дәрежесі берілді.

2022-2023 жж. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қайта даярлау курсын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тәмәмдап шықты.

Еңбек жолын 1998-2005 жж. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушы қызметінен бастаған.

2005-2018жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы қызметінде болған.

2021 жылдын Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің, қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, 2023 жылдан PhD доктор, аға оқытушы.

2023-2025 жж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, PhD.

Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 3 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда 30-дан аса мақала, отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда 40-тан аса ғылыми мақалалары мен «Қазақ кітаби ақындар мұрасы» монографиясы мен «Алатау ақындары» ұжымдық монография, «Қазіргі қазақ драматургиясы» оқу құралы, «Қазақ тілін үйретудің заманауи педагогикалық моделі» мен «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулықтарының авторы.

Скопус (Scopus) мәліметтер базасындағы мақалалар:

The basics of determining the speech of national traditions in literature. XLinguae, Vol. 15 Issue 4, October 2022, pp. 28-37.

DOI: 0.18355/XL.2022.15.04.03

The Motif of the Inheritance of the Younger Son in Folk Tales of the Turkic Peoples: Structure and Symbolism. Forum for Linguistic Studies https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls. Forum for Linguistic Studies | Volume 07 | Issue 03 | March 2025 https://doi.org/10.30564/fls.v7i3.8640

The Relationship Between Success-Oriented Situations and Learning Motivation: A Literature Review Based on Communication Theory. Review of Communication Research, 12, 112-126. https://doi.org/10.52152/RCR.V12.101

Монография:

Қазақ кітаби ақындар мұрасы. Алматы, «Alash Book» баспасы, 2025ж. – 144 бет

Оқулық:

Қазіргі қазақ драматургиясы: Оқу құралы. Алматы, «Дайыр баспас», 2019. – 160 бет

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Оқулық. Алматы, «Alash Book» баспасы, 2026ж. – 216 бет

Тәуелсіздік жылдар драматургиясындағы дәстүрлік сипаттың нығаюы – қағидалылықты жоққа шығарудың бір әдісінің өзі болып табылады. Әдеби сана-сезімнің қарқын алу кезеңдерінде жанр шығармашылық жаңаруға деген талпыныспен ұстап тұрады және онымен қоймай, оны үнемі жаңартып отырады. Осы бастамалардың екіұштылығымен танылған жанр, қарама-қайшы болса да, өте маңызды

әдеби шығармашылықтың белгісіне айналады. Тарихи сананың сілкініп-серпілген тұсында оның жықпыл-жықпылында жасырын тыныстап жатқан бағзы бейнелердің немесе қағазға қатталып әйтпесе ауызша жеткен, этностың жан-жүрегіне жақын, киелі, қасиетті ұғымдардың бүгінгі болмыспен шарпысуының әдебиет әлемінде бедерленуі-қызық құбылыс.

Б.Қожекеева, Э.Сейсенбиева. Қазіргі қазақ драматургиясы: Оқу құралы. Алматы, «Дайыр баспасы», 2019. – 160 бет.

Қазақ әдебиеті тарихының көрнекті саласы болып саналатын кітаби ақындардың шығармашылық мұралары сөз арқауындағы аталған тарихи-мәдени дамудың көркемдік жалғастығы аясында айқындалды. Мұсылмандық шығыстан ауысқан фольклор мен әдебиет дәстүрлері ежелгі түркінің, кейінгі қазақтың ұлттық дүниетанымымен ұштаса келе жаңа қосындылар үлгілерімен толыса түсті. Бұл, әсіресе, кітаби ақындар еңбектеріндегі лирикалық-дидактикалық өлеңдерде ерекше байқалады. Сондықтан біздің бұл жұмысымызда кітаби ақындар шығармаларының ислам дініне байланысты мәселелерін арнайы түрде қарастырудың өзектілігі де даралана түседі.

Э.Сейсенбиева. Қазақ кітаби ақындар мұрасы. Монография. Алматы, «Alash Book» баспасы, 2025ж. – 12-бет

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінде ислам дінінің, Шығыс әдебиетінің әсері басым. XIX ғасырдағы қисса-дастандарда Құран желісінің негізінде көптеген идеялар, сюжеттер, мотивтер көркемдік өріс түзді. XIX ғасырда қазақ әдебиетінің елеулі даму арналарының бірі болған кітаби әдебиет мұсылмандық діни ағартушылық мұраттары мен сабақтастықта өріс жайды. Ресей патша үкіметі тарапынан мақсатты түрде жүргізілген шоқындыру, қазақ балаларын орыс оқуына тарту, қазақтың сол тұстағы араб графикасындағы жазуын өзгертіп, орыс қарпінде жазуға бағыттап оқулық кітаптар шығару қазақ арасында дін оқуын дамыту мүддесіне тежеу салуды жеделдете түскен болатын.

Э.Сейсенбиева, Б.Бегманова. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: Оқулық. Алматы, «Alash Book» баспасы, 2026ж. 10- бет

СЕЙІТЖАН ЗҰФАР НҰРСАПАҰЛЫ

Сейітжан Зұфар Нұрсапаұлы 1941 жылы 27 мамырда Шығыс Түркістандағы (қазіргі Қытайдағы) Тарбағатай аймағы Толы ауданына қарасты Бәйгетөбе деген елді мекенде дүниеге келген. Әкесі Нұрсапа Сейітжанұлы (1903-1976) аудан әкімі (Толы ауданында) болған.

Зұфар Нұрсапаұлы еңбек жолын 1965 жылы Таскескен ауылында мұғалім болып бастаған. 1959-1965 жылдары аралығында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) университетінің филология факультетінде білім алған. 1965-1975 жылдары аралығында бұрынғы Семей облысы (қазіргі Абай облысы) Аякөз ауданы Таскескен селосында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім болған. 1975-1991 жылдар аралығында Қазақ КСР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми және аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеген. 1992 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті қазақ әдебиеті және сын кафедрасының доценті, 2003 жылдан қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры қызметтерін атқарып келеді.

Ол Филология ғылымдарының докторы (1999), профессор (2003), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1995). Қазақстанның құрметті жазушысы (2025). З. Сейітжан – әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; әдебиеттану, фольклортану бағытында болды.

Сейітжан Зұфар 1988 жылы «Қазақтың реалды тарихи эпосы» атты тақырыбында кандидаттық, 1999 жылы «Қытай қазақтары әдебиетінің туып, дамуы жолдары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Ал 2003 жылы профессор атағы берілді. Ғалымның 20-дан астам оқу құралдары мен монографиялары жарық көрген және он шақты өлең кітаптары шыққан.

Төменде З.Нұрсапаұлының ғылыми еңбектері ішінде жеке авторлығымен жарық көрген еңбегін көрсеттік:

Тарихи эпос: Шыңжан қазақтарының фольклоры бойынша. – Алматы: Ғылым, 1994. – 109 б.

Шыңжаң қазақ әдебиеті (1950 жылға дейінгі кезең). – Алматы: Қазақ ун-ті, 1999. – 185 б.

Ақыт ақын : оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 126 б.

Халық әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 155 б.

Казахский исторический эпос. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2005. – 106 с.

Тарихи жырлар: оқу құралы / З. Сейітжанұлы, Т. Қ. Мекебаев, П.Қ. Бисенбаев. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2011. – 300 б.

Қазақ халық әдебиеті: оқу құралы.- 2-бас., толықт. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2013. – 168 б.

Тарихи эпос: монография. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2023. – 288 б.

Қытайдағы қазақ әдебиеті: монография. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2024. – 214 б.

Ақыттың ақындық тағлымы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2024. – 256 б.

Наградалары мен құрметті атақтары

Ол Ш.Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік (1990) және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының (2022) лауреаты. Қазақстанның мәдениет қайраткері, «Қазақстанның құрметті жазушысы» (2025), Үржар ауданының құрметті азаматы.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қытайдағы қазақтарда жыр тыңдайтын орта болды. Жыршылық дәстүр де болды. Олардың рухани ләззат алар азығы бұрынғы эпикалық жырлар болды. Басқаша айтқанда, көне эпикалық жырлар кеңінен өмір сүрді. Әрі халықтың тарихи-мәдени талабы жыршылдықты керек етті. Олар бұрынғы эпикалық дәстүр бойынша классикалық эпостарды да айтты. Оның үстіне өмір ағымына сәйкес жыңа жырлар да тудырды. Нақтырақ айтқанда көне эпикалық дәстүр әлсіреп, тарихи жырлар туа бастайды да эпикалық жанр басқаша сипатта дамиды. Эпикалық аңыздаулар баспа арқылы емес, ауызша таралып сақталады.

Қытайдағы қазақтардың жырлары қазақ халқы эпикалық дәстүрінің аясында туып-қалыптасқанымен, өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Кезеңдік, жанрлық белгілеріне қарағанда реалды (нақты) тарихи эпос – кейінгі заман туындысы. Себебі бұл топтағы жырларда мифологиялық, ертегілік, қиял-ғажайыптық сияқты архаикалық эпостарға тән элементтер жоқ. Гиперболалық тәсілмен әсірелемеген орасан батырлық қимылдар мен шындыққа сиымсыз оқиғалар да кездеспейді. Қайта керісінше нақты өмір шындығы негізінде туғандықтан, тарихи оқиғалар мен фактінің іздері мол.

Біз сөз еткен жырлардың («Түкібай-Шолпан», «Арқалық батыр», «Мырзаш батыр», «Ахмет-Кәшім», «Хасен-Жәмила») алды XVIII ғасырдағы оқиғаға (жоңғар қалмақтарының шабуылы) байланысты туса, ал соңғы бірнешеуі – XX ғасырдың алғашқы жартысындағы әлеуметтік жағдайларды баяндайтын жырлар.

Демек, нақты (реалды) тарихи эпос – эпикалық дәстүрдің жаңа белесі. Эпос дами келе бұрынғы дәстүр азайып, жаңа сипаттар пайда болған. Жалпылықтан нақтылыққа ауысқан. Қиял азайып оқиға шындыққа құрылған. Бірде жазба әдебиеттің әсері анық байқалса, бірде эпикалық жинақтау басым түсіп жатады. Дегенмен, әсірелеу мен

фантастикалық көркемдеу өрнектері аз. Аталған жырлардың барлығы да Шығыс Түркістан (Шыңжаң) өлкесін мекендеген қазақ халқы өміріндегі белгілі дәуірдің тарихи шындығын елестетеді. Кейіпкерлері де киялдан тумаған, өмірде болған адамдар. Бұлардың іс-әрекеттері де нақты шындыққа сәйкес.

Қазақ халқымыздың эпикалық дәстүрінде нақты тарихи эпос XVIII-XIX ғасырдан бастап пайда болған. Осы тұста қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресін бейнелейтін, бұрынғы эпостан көп айырмашылығы бар тарихи жырлар туады. Мәселен, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Өтеген батыр, Олжабай есімдеріне байланысты туған жырлар дәлел болады. Нақты тарихи жырлар тек қаһармандық тұрғыдан ғана емес, ғашықтық мазмұнда да туа бастады. Осы дәстүр Қытай қазақтарында XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында қалыптасты. Бірақ мұндағы эпикалық жырлар ақиқат оқиғаларға негізделіп, соның ізімен шыққан. Сондықтан бұл өлке қазақтарының эпикалық жырлары нақты тарихи эпосқа жатады.

Сейітжанұлы З. Тарихи эпос. – Алматы: Ғылым, 1994. – 12, 46, 47, 48-беттер.

Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиеті XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қалыптасты. Арғы тарихы қазақ халқының өнерімен өзектес, желілес. Осы тұста халық әдебиетінің (фольклор) қайнарынан бастау алған жазба әдебиетте поэзия жетекші жанр болып бірнеше ақындардың есімдері белгілі бола бастады. Олар: Ақыт Үлімжіұлы, Төлебай Бөжекұлы, Әріпжан Жанұзақұлы, Жүсіпбек Шайхысыламұлы, Асылхан Мыңжасарұлы, Көдек Маралбайұлы, Арғынбек Апашпайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Әсет Найманбайұлы, Асқар Татанайұлы, Нығымет Мыңжанұлы, т.б. ақындар қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістерге өздерінің көзқарастарын білдірмей отыра алмады. Өз заманының шындығын шығармаларына арқау етті. Қалың қауым халықтың қамын жырлап, олардың қасірет-қайғысына ортақтасты. Басқаның басқаруында болған елінің ертеңін ойлады. Тұтастай алғанда, аталған ақындар шығармаларының сарыны сол тұстағы елдің тыныс-тіршілігі, ұлт-халық тағдыры, заман-дәуір келбеті болды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастаған Қытайдағы қазақ әдебиеті демократтық-ағартушылық бағытта дамыған. Жазба әдебиеттің негізін қалаған Ақыт шығармаларынан басталған отаршылдыққа қарсылық сарыны XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ақындар өлеңдерінде жалғастық тапқан. Жазба әдебиет өкілдері қоғамдық-әлеуметтік аса мәнді мәселелерге назар аударып, өз

шығармаларында бейнелеуге ұмтылған. Соңғы уақыттарда қазақ халқы ұлттық тұтастықтан, өзін-өзі басқарудан айырылуы ақындардың өлең-толғауларында тұтас желі тартып, мол көрініс тапқан. Олар халықты маньчжур-қытай империясының үстемдігіне қарсы күреске үндеп, бодан елдің еркіндігін, халықтың азаттығын аңсаған. Өркениетті елдердің қатарына жетуге шақырған. Заман шындығын сыни тұрғыдан таразылай отырып, елінің ертеңіне алаңдаған. Халықты өнер-білімге, береке-бірлікке үндеп, келешек қамын ойлаған.

Бұл өлкедегі қазақ әдебиетінде проза жанры қырқыншы жылдардың соңын ала туған. Сонымен, бұл тұстағы әдеби жанрлардың аясы кеңіп, драматургия мен проза және әдеби сынның алғашқы бораздасы тартылған. Бұлардың туындыларында Қытайдағы қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресі мен бодандыққа қарсылық сарыны барынша айқын аңғарылады.

Сейітжанұлы З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 12, 77, 181, 182-беттер.

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов (1868-1940) – артына мол мұра қалдырған көрнекті ақын. Ол Алтай аймағы Көктоғай ауданының Қайырты деген жерінде дүниеге келген.

Ақыт өз заманының белгілі ақыны және қоғам қайраткері. Ол өлең-толғауларын қару-құрал ете отырып қалың қауымның қамын жырлады. Заман келбеті, халық тағдыры оның ойын оңа бөлді. Басқаның басқаруына кіріптар болған елінің ертеңі не болмақ, күрмеуі көп түйіндерді қалай шешуге болады? Ақынды басынан билігі кеткен елдің мүшкіл халі ойлантады. Ол еркіндігі жоқ, еңсесі төмен жұртының болашағына алаңдайды. Ақын әлде бір сәуле-саңлауды іздейді. Қайткенде елдікті сақтауға болады?

Алма-кезек ауысқан екі ұдай сезім «Қай қонысқа барайық, боламыз қандай халайық». Ол тәуелсіз ел болмай, басқаға бағыну қазақ халқының қасіреті деп біледі. Көптеген өлең-толғауларында бодандық заманның әлеуметтік кейіп-қалпының сыр-сипатын ашады. Заман зары айтылып, оташылдыққа қарсы наразылық өзекті желі болып тартылады. Ақын еркіндік алмай, елдіктің болмайтынын шынайы бейнелейді. Ол билік пен бірліктің қолдан кеткеніне өкіне отырып, соны әр қазақ санасына жеткізуге ұмтылады. Азаматтық сезімін оятып, қазақ қоғамының мешеулігін, парықсыз тірлігін сынады. «Үйқыдан көтер басыңды» деп ұлт боып ұйыған елдік тұтастықты тұғыр етуге шақырады.

Шыншылдық пен сыншылдықтан туындап жатқан ғибыраттылық – ақын поэзиясының басты сипаты. Қоғам дамуына кедергі келтіретін ой-сана мен іс-әрекеттің болмауын талап етеді.

Тұтастай алғанда ақын қараңғы халқының қажеттілігін көре білді және тығырықтан шығар жолды нұсқады. Басты шарт ретінде өнер-білімді, адал еңбекті, береке-бірлікті насихат етті. Көп нәрсе көптің өзіне байланысты деп қарады да, ұлағатты ойларын соларға арнады. Сонымен, Ақыт алғашқы шығармаларынан бастап өмірінің соңына дейін ұлт қамын үзбей жырлаған ақын. Ол көптеген эпикалық шығармалар жазып, аймақ әдебиетінің тақырыптық аясын кеңейтуге үлкен үлес қосқан.

Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Т.6. – Алматы: ҚазАқпарат. 2006. – 133-136-бб.

Қазақ халық мұрасының тарихы тым терең, алыс замандардан бастау алады. Ғашықтық жырларда отан қорғау емес, махаббат еркіндігі мәселесі көтеріледі. Қалай болғанда да ғашықтық жыр деп аталып жүрген («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Мақпал-Сегіз», «Еңлік-Кебек», «Құл мен қыз», «Нұрғайша», «Гүлсім-Қарға», т.б.) шығармалар тобының басқа жырлардан айырмашылығы бар. Әр топтағы эпостардың өздеріне тән ерекшелік жыр оқиғасынан, қаһармандардың мұрат-мақсат, әс-әрекеттерінен, көркемдік әдіс-тәсілдерінен анық аңғарылады. Ғашықтың жырларда тарихи шындықтың елесі бар. Өйткені, әр жырдың идеялық-көркемдік мазмұны халықтың қоғамдық өмірімен тығыз байланысты болады. Тіпті әр жырдың түп негізінде халық тарихының елеулі оқиғалары жатуы мүмкін. Эпостың тарихилығы деген кең мағынадағы ұғым. Эпос халықтың тарихи өмірінің жиынтығы, ұзақ уақыт бойына қалыптасқан дүниетанымын, әдет-ғұрпын, арманын, мұддесін, рухани өмірін бейнелейді. Романдық эпос тұрмысқа тікелей қатысты болғандықтан, онда әлеуметтік-тұрмыс көріністерінен хабар беретін салт-жоралар мол.

Әр эпостың реалдық негізі бар. Онда халық өмірінің барлық жағы, шаруашылығы мен кәсібі, эстетикалық, этикалық, тұрмыстық-этнографиялық ерекшеліктері, жосын-жора, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенім түсініктері, ру-тайпалық құрылым бәрі де көрініс тапқан. Мұндағы өзекті мәселе – жастардың бас еркіндігі мен тілек-мақсаттары болғандықтан, өмірдің нақтылы көрінісін суреттейтін реалистік қуаты басым. Сондықтан бұл топтағы жырлар әдеби мұра ғана емес, халықтың тарихи-қоғамдық болмысынан бағалы деректер де береді.

Эпос – халық өмірінің тарихы мен мәдени-поэтикалық шежіресі іспетті. Оқиғасыз жыр жоқ. Ал оқиғаның өрілуі мен дамуы көбіне жыр кейіпкерлеріне байланысты. Яғни оқиға басты-басты қаһармандардың іс-әрекетін суреттеуден туындайды. Эпикалық жырлардағы қаһармандар халық арманынан туған идеал кейіпкерлер болғандықтан, олардың мұрат-мақсаттары да халық идеалы. Эпостық жырлар мазмұн

қызықтылығымен ғана емес, адам образын жасаудағы шеберлігімен де айрықша назар аударады. Батырлардың басты қасиеті – күші. Сондықтан батыр – ерекше жан ретінде суреттеледі. Эпос қаһармандарын даралап көрсетуде кең қолданылатын көркемдік тәсілдің бірі – гипербола (ұлғайту).

Қаһармандық эпостардың басты кейіпкерлері – эпикалық батыр. Батыр обыразы халықтың асыл арман-мұратының көркем жинақталуы. Олар ел қорғаны ер болғандықтан өздерінің елі мен жерін сырткы жаулардың шапқыншылығынан қорғайды. Сондықтан батыр бейнесі қару-жарағы мен атының мықтылығын ашуда қолданылатын көркемдік тәсіл ұлғайту немесе гипербола. Сөйтіп, гипербола эпикалық образ жасауда негізгі көркемдік тәсілдің бірі ретінде қазақтың қаһармандық жырларында кең қолданылады. Эпос мақсаты – ерлікті дәріптеу. Демек, эпикалық гипербола қаһармандық эпоста ерекше көркемдік-эстетикалық функция атқарады. Болашақ батырлардың ғажайып туысы мен жедел ержетіп, бала күнінен-ақ батырлық байқатуы – бәрі де әсірелей суреттелген.

Эпикалық жырларға тән көркемдік тәсілдің бірі – қайталау, яки формулалық. Ерекше өрнек құрайтын қайталауларды «тұрақты жерлер», «типтік жерлер», «қыстырма эпизодтар» эпикалық формулалар деп атайды. Қазақ қаһармандық эпостарында тілдік, тақырыптық қайталаулар (формулалық) жиі ұшырайды.

Сейітжанұлы З. Эпостағы өмір өрнектері. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 53-54, 76-77-бб.

1860 жылдан бастап қазақ жерін бөліске салуға келісім-шарт жасауды бастаған екі империяның (Қытай, Ресей) айбатынан ығысқан бір бөлім ел Монғолияға қоныс аударады. Нақырақ айтқанда қазақ халқының бір бұтағы 1860 жылдан бастап Батыс Монғол (Қобда) жерін мекен ете бастаған. Ұзақ уақыт мал шаруашылығымен айналысқан аймақ қазақтарының рухани мұрасының негізгі арнасы – халық әдебиеті (фольклор) болды.

1921 жылы жеңіске жеткен халық революциясы монғол халқының құрамындағы қазақтарға да рухани-мәдени жаңғыру ала келді. Осы тұста өлеңдерін ауызша шығарып тарататын (кейде қолжазба күйінде) халық ақындары өздері көрген өмір шындықтарын өлең өріміне айналдырып отырған. Халық ақындары Оңшабай Ірбітұлы, Самалхан Өкшебайұлы, Ноғай Шымыршықұлы, Ақылбай Бақабайұлы, Аманбай Биғадайұлы, т.б. өнер иелері күнделікті өмір өзгерістеріне үн қосады. Жаңаның жаршысы болады. сондай-ақ халық ақындары сауатсыздықты жойып, қазақ жастарын білім алуға шақырып өлеңдер жазады, халықтық

арман-аңсарды шығармаларына өзек етеді. Сөйтіп, осы кезеңдегі поэзияда үгіт-үндеу сарыны басым болады.

Монғолия қазақтарында алғашқы жарық көрген кітап 1942 жылы шыққан «Өлеңдер жинағы» деп аталады. Бұл жинақта А.Бабиұлы, Қ.Мұхамәдиұлы, М.Қалыбекұлы, Бәзкей өлеңдері топтастырылған.

1940 жылы Баян-Өлгий жеке аймақ болып құрылады, «Өркендеу» атты газет шыға бастайды. Бұл әдебиеттің онан ары дамуына, саяси бетінің айқындала түсуіне әсер етеді. Монғолиядағы қазақ ақындары осы газет арқылы халыққа таныла бастайды. Сөйтіп, Қазан төңкерісі Монғолиядағы қазақ әдебиетінің басты тақырыбына айналады. Ақындар халық бақытын Қазан төңкерісімен байланыстыра жырлайды. Совет елінің басшылығына сүйенген бұл елде де ақындар «теңдік», «бостандықтың» жыршысына айналып, ұраншыл поэзия басымдық танытты, үгіт-насихаттық өлең көбейді.

1955 жылы аймақтың жазушылар үйірмесі құрылып, «Жаңа талап» (қазіргі Шұғыла) атты әдеби алманақ жарық көре бастайды. 1960 жылдан бастап, аймақ әдебиеті дамудың екінші белесіне көтеріледі. Ел өмірінде болып жатқан өзгерістер әдебиеттен де көрініс табады.

Монғолия қазақтарында драматургия 1940 жылдары туған. Аймақтық клуб шымылдығы Ақтан Бабиұлының «Ермалай» атты драмасымен ашылған. 1950-1980 жылдары қаламгерлер қатары көбейіп қоймай, барлық жанр уақыт талабына сай дамиды. Прозаның шағын жанры елуінші жылдардан бастап бой көрсетсе, кейінірек көптеген әңгіме, повесть, ондаған роман жарық көреді. Поэзия жетекші жанр ретінде қоғамдық-әлеуметтік жаңғырулардың шежіресіне айналады.

Сейітжанұлы З. Қазақ әдебиетінің бір бұтағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 29, 62-82-бб.

АЙЫМГҮЛ ҚАМЗАҚЫЗЫ СЕЙПУТАНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Айымгүл Қамзақызы Сейпутанова 1975 жылы 26 қарашада Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Бөкенбай ауылында дүниеге келген. 1993-1997 аралығында С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып, үздік дипломға тәмамдаған. 1997-1999 аралығында сол оқу орнындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистранты, 1999 жылдан бүгінге дейін аталмыш кафедрада оқытушылық-профессорлық қызмет атқарып келеді. 2001-2004 жылдар аралығында Астана қаласы Л.Н.Гумилёв атындағы ЕҰУ-дің «Қазақ және шетел әдебиеті» кафедрасының сырттай бөлім аспирантурасында оқыған. 2005 жылы Астана қаласы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің «Қазақ әдебиеті» кафедрасының ғылыми кеңесінде 10.01.02. – «Қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша ҚР ҰҒА академигі Р.Н.Нұрғалидың ғылыми жетекшілігімен «Қазіргі қазақ поэзиясындағы стильдік ізденістер» (Ж.Әбдірашев, К.Мырзабеков, Ж.Жақыпбаев поэзиясы негізінде) атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. 2016-2017 жж. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған.

Сейпутанова А.Қ. Шешендік өнер және мәнерлеп оқу (Оқу-әдістемелік құрал) [Текст] / А.Қ. Сейпутанова. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2015. – 129 бет.

Сейпутанова А.Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі (Оқу құралы)[Текст] / А.Қ. Сейпутанова. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2016. – 128 бет.

Сейпутанова А.Қ. Қазіргі поэзиядағы стиль және бейнелілік (оқу құралы) [Текст] / А.Қ. Сейпутанова. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» бапасы, 2017. – 152 б.

Сейпутанова А.Қ. Ұлттық шешендік өнер (Оқу құралы) [Текст] / А.Қ. Сейпутанова. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Берел» баспасы, 2019. – 129 бет.

Сейпутанова А.Қ. Қазіргі поэзиядағы стиль және бейнелілік (оқу құралы) [Текст] / А.Қ. Сейпутанова. - Алматы: «Эверо», 2021. – 180 бет.

Сейпутанова А.Қ. Қазіргі поэзия және стиль (Ғылыми зерттеу) [Текст] / А.Қ. Сейпутанова. - Ғылыми зерттеу. Астана: «Нұра - Астана» баспасы. 2008.- 168 бет.

Сейпутанова А.Қ. Қазіргі қазақ поэзиясындағы стильдік ізденістер (монография) [Текст] / А.Қ. Сейпутанова. - Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы. 2012.- 117 бет.

Сейпутанова А.Қ.Қазіргі поэзиядағы стильдік ерекшеліктер (монография)[Текст]/ А.Қ. Сейпутанова. - Өскемен: С. Амандолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2022. – 139 бет.

Сейпутанова А.Қ. Ғасырлар тоғысындағы қазақ поэзиясының даму тенденциясы [Текст] / А.Қ. Сейпутанова, Б.З. Мешелева // Актуальные научные исследования в современном мире // Журнал (РИНЦ) - Переяслав-Хмельницкий (Украина), 2020. - Вып. 2 (58), часть 5 (ISSN 2524-0986). – 2020, февраль. - 110 - 113 стр.

Сейпутанова А.Қ. Абай өлеңдері мәтіндерінің субструктурасы [Текст] / А.Қ. Сейпутанова, Ж.Ә.Аймұхамбет // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы (ККСОН). - №4 (133) желтоқсан, 2020. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы. – 8-15 бб.

Сейпутанова А.Қ. Жоғары сыныптарда аймақтық компонентті оқытуда Көпен Еркасовтың «Ақнайман қырылған» поэмасын меңгерту Текст] / А.Қ. Сейпутанова, Р.М. Бигалиева // Актуальные научные исследования в современном мире (РИНЦ) LXVII Межд. научн. конф. Сборник научных трудов. Выпуск 3 (71), часть 7., 26-27 март, 2021г., Украина, Переяслав-Хмельницкий.-184-189 с.

Сейпутанова А.Қ. Способы обучения поэмы Копена Еркасова «Ақнайман қырылған» в преподавании регионального компонента [Текст] / А.Қ. Сейпутанова, Р.М. Бигалиева // «Наука и мир»(ISSN 2308 – 4804) Международный научный журнал, Волгоград. - № 1 (101), 2022. – 47-50 стр.

Сейпутанова А.Қ. Қазақ батырлық ертегілеріндегі «ғажайып туу» мотивінің қызметі [Текст] / А.Қ. Сейпутанова, Қ.М Байтанасова., А.Т. Қасен // «Наука и мир» (ISSN 2308 – 4804) Международный научный журнал, Волгоград. - № 1 (101), 2022. – 47-50 стр

.Сейпутанова А.Қ. Әдебиеттанудағы гендерлік поэтика [Текст] / А.Қ. Сейпутанова // «Білім мен ғылымды трансформациялау – адами капитал сапасын арттырудың негізгі факторы». - «Аманжолов оқулары-2023» Халық. - ғыл.-тәжір. конф. матер. Жинағ. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2023. – I бөлім. – 334-339 бб.

Сейпутанова А.Қ. Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы [Текст] / А.Қ. Сейпутанова, А.Н. Нурланова., А.Т. Жәмсап// А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы // ғыл. журн. №4, 2023. – 238-247 бб.

Сейпутанова А.Қ. Тарихи дәуір мен ел тағдырының тамыршысы, классик жазушы - Ә.Нұрпейісов [Текст] / А.Қ. Сейпутанова // «Қазақ прозасының даму тарихы мен әдебиеттанудағы жаңа бағыттар»

халықаралық ғылыми-тәж. конф. матер. - Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 11-13 бб.

Сейпутанова А.Қ. Дарыны дархан, сөзі сиқыр драматург – Қалиқан Ысқақ [Текст] / А.Қ. Сейпутанова // «Арайлы Катонқарағай» газеті «Қалихан Ысқақ – 90 жыл», №10 (8362), 14 наурыз, 2025. – 4-5 бб.

Сейпутанова А.Қ. Аңыз әрі абыз педагог [Текст] / А.Қ. Сейпутанова // «Арайлы Катонқарағай» газеті «Қалихан Ысқақ – 90 жыл», №18 (83670), 9 мамыр, 2025. – 4-5 бб.

Сейпутанова А.Қ. Ұлт рухын жырлап өткен жазушы [Текст] / А.Қ. Сейпутанова // Халықаралық апталық газет «TÚRKISTAN» №19 (1604) 16 мамыр -жұма, 2025. – 6 - бет.Сейпутанова А.Қ. Драматургтың дара соқпағы [Текст] / А.Қ. Сейпутанова // Егемен Қазақстан газеті, (Қалихан Ысқақ - 90) 2025, 12 маусым. – 9 бет.

Сейпутанова А.Қ. Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүніс Емре шығармаларындағы рухани үндестік [Текст] / А.Қ. Сейпутанова, А.Н. Нурланова., А.Т. Жәмсап // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. - №3 (152) қазан, 2025. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы. – 220 -233 бб.

2020 жылы «ҚР – ның Жоғары білім беру жүйесінде жас мамандарды даярлауға қосқан үлесі үшін» ҚР БжҒМ А. Аймағамбетовтың алғыс хатымен, 2021 жылы ҚР-ның білім және ғылым саласында адал да абыройлы еңбегі мен жетістіктері үшін ҚР-дағы Ұлттық мереке – Республика күніне орай ҚР БжҒМ-нің Құрмет грамотасымен және 2022 жылы ҚР БжҒМ – нің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әлем әдебиеттану ғылымында әлі де болса өз шешімін тауып, нақты анықтамаға ие бола алмай келе жатқан маңызды мәселелердің бірі – әдеби стиль. Әдеби дамудың деңгейі мен бағыт-бағдарын тануда, көркем шығармашылықты бағалауда стиль ұғымының орны ерекше екені белгілі.

Әдебиет тарихының деректері «стиль» терминінің көп мәнділігін түсіндіріп береді. Әдеби туындының күрделі табиғаты, мәтіннің жоғары деңгейден (ойлау – көркемдік концепция - тақырып) төменгі деңгейге (жоғары деңгейдің нақты таратылуы) реттелген ағыны, қозғалысы түрінде көрінеді. Бұл қозғалыста поэтикалық әлемнің барлық белгілері бірігіп, алдыңғы орынға көркемдік ойлаудың заңдылықтары мен тетігі шығады. Әдебиет тіл арқылы берілген және танытылған әлем бейнесін жасайды. Шындық пен туынды арасындағы қарым-қатынас мәтінде мазмұн мен бейнелеу арқылы көрсетіледі. Яғни, теоретиктер

тұжырымында көп айтылатындай, стиль тілдік және тақырыптық деңгейдің теңелген дәрежесінде реттеледі, осы екі деңгейдің бірігу қағидасын ұсынады. Дәл осы жағдайда «тіл-композиция» қарама-қарсылығы туындайды. Бұл «тақырып-тіл» қарама-қарсылығының бейнеленуі тәрізді болады. Стиль мәселесі көркем мәтіннің тұтастығы мен төтенше күрделілігіне ерекше күш салады. Бәрінен бұрын белгілі нәрсеге (семантика) талдау жасаудан, көркем әдебиеттің тақырыптық өнер және ол тілдік элементтер арқылы әлемнің бейнесін жасайтынын ескере отырып, тақырыптық және тілдік талдауға көшу заңды. Поэтикалық тіл тұтас анықталған композицияның бір бөлшегі ретінде қарастырылады, нәтижесінде, стиль өз бойына жалпы категория ретінде композицияны да, стилистиканы да сіңіреді.

1970-80 жылдардағыказақ поэзиясындағы стильдік ізденістер мен жетістіктерге барлау жасасақ, бұл кезеңнің романтикаға құлаш ұрған поэзияға қолайлы уақыт болғанын, лирикада сыршылдық, асқақ пафос барынша айқын көрінгенін, символизм сияқты өміршең ағымның реалистік, романтикалық әдіспен үйлесе дамығанына көз жеткізуге болады.

А.Қ. Сейпутанова. Қазіргі поэзия және стиль: Монография. – Астана, Нұра-Астана, 2008. –11-бет.

«Жазушы стилі» деген сөз айтуға оңай болса да, қолға ұстатқандай етіп дәлелдеп беру, соған қатысты стиль ұғымын айқындайтын жайттардың бәрін толық қамту оңайға түспейді.

Осы орайда «Стиль - это сам человек» (стиль – адам) - Бюффон немесе академик Р. Нұрғали: «Стиль – қаламгер даралығын танытатын сапалық белгі» деп жай айтпаған. Демек, стиль жазушының тілі, сөйлем құрылысы ғана емес, бір жазушыны екінші жазушыдан басқаша етіп көрсететін әр жазушының шығармаларына тән мазмұн мен мен түр ерекшеліктері. Стильді шығарманың идеялық мазмұнынан бөлек алып қарауға болмайды. Өйкені, ақын-жазушының образ жасаудағы қолданатын әр алуан әдістері, тілі тағы басқа жақтарының өзі сол идеяны оқушыларға жеткізудің құралы, жазушының стилін талдауға осы тұрғыдан келсек ғана қателеспейміз.Әрине, сол идеяны оқушыларға кім қалай айтып береді, олардың ой - сезімдеріне қалай әсер етіп, көздеген негізгі нысанына қандай шеберлік әдістерді пайдалану арқылы жетеді, міне, осы жерден келіп әр ақын-жазушының өзіне тән шығармашылық ерекшелігі, өз қолы – өз қолтаңбасы анықталады. Әр стильдің тасасында оның иесі - қаламгер тұр.

А.Қ. Сейпутанова. Қазіргі поэзиядағы стиль және бейнелілік: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2021. –16 - бет.

Кезінде кемеңгер жазушы Ә. Кекілбаев: «Өмірдегі бүгінгі өзгерістер қауырт, әрі түбегейлі. Қазір бір орында қадалып тұрып, ілгері басу қандай мүмкін болмаса, бар нәрсені сол қалпында қалдырып жаңа сапаға көтерілу сондай мүмкін емес. Осындай өзгеріске бірден-бір зәру жер – мектеп. Өйткені, мектеп өзгермей тұрып, адам өзгермейді. Бүгінгі мектеп өсіп-өніп жатқан адамзаттың кезекті бір жаңа буынын көзі қарақты етумен қатар, дүниені сын кезеңнен алып шыға алатындай жаңа парасатты ұрпақ тәрбиелеуге тиіс» - деген еді. Демек, әдебиет сабағында әр жеке тұлға көркем шығарма арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойға сіңіріп, көркем әрі сыни ойлауға, одан алған тәлімін өмірде қолдана білуді үйренуі тиіс.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қамтитын аймағы мектептегі әдебиет пәні сабақтары мен әдебиетке байланысты сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар және базистік оқу жоспарының инвариантты бөлігінен берілетін таңдау курстарында жүргізілетін әдебиет сабақтарында мұғалім мен оқушының оқу-тәрбие ісіндегі өзара қарым-қатынасы болып табылады. Әдебиет пәні жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет - бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады.

А.Қ. Сейпутанова. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2026. – 4-6 беттер.

Ел есінде жүрген шешендік сөздерді тудырушы – шешен-билер, халық арасындағы ділмарлар. Демек, қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен - билер, күбісі – халық. Халық заманы озған сайын сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейде тіпті сан-саққа жүгіртіп әркімдердің (шешен-билердің) атынан айтады. Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрыптаулардың сүзгісінен өтіп, біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылып, балдай тәтті таңдай татарлық дүниелер болып табылады.

«Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ бекер айтпаған. Қоғам тарихына көзсалсақ, қай халықтың болмасын мемлекет қайраткерлері, қолбасылары, ғалымдары ойға жүйрік, тілге шешен болғанын байқаймыз.

Қоғам қашанда дарынды әрі қабілетті, іскер мамандарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөздік қорын, ораторлық қабілетін және танымын дамыту керек. Ал, мұның негізі халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерінде жатқаны белгілі.

А.Қ. Сейпутанова. Ұлттық шешендік өнер: оқу құралы. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2019. – 3- бет.

ЖАНБОТА СЕКЕЙ,
филология ғылымдарының кандидаты

Жанбота Секей 1979 жылы дүниеге келген. Филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы. Ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары: қазақ әдебиетінің тарихы, әдеби даму заңдылықтары, қазіргі әдеби үдеріс, шет елдердегі қазақ әдебиеті, әдебиет теориясы, көркем мәтінді талдау мәселелері.

2001 жылы Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша «үздік дипломға» бітірген. 2004 жылы аталмыш университеттің магистратурасын «Филология» мамандығы (Мамандану – «Қазақ әдебиеті») бойынша «үздік дипломмен» тәмамдаған. 2004-2006 жылдарыШәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті жанындағы аспирантураның күндізгі бөлімінде білім алған.

Еңбек жолын 2006-2007 жылдары «Қайнар» университеті Семей филиалының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушы болып бастаған.

2007 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанындағы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 53.34.01 Диссертациялық кеңесінде филология ғылымдарының докторы, профессор А.С.Еспенбетовтің жетекшілігімен «Имашхан Байбатырұлының әдеби мұрасы» (мамандығы: «10.01.02 – Қазақ әдебиеті») тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

2007-2013 жылдары Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасында, 2013-2021жылдары аталмыш университеттің журналистика және практикалық қазақ тілі кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент м.а. болып қызмет істеді. 2021-2022 жылдары «Alikhan Bokeikhan Unuversity»ББМ филология кафедрасында аға оқытушы. 2022 жылғы қыркүйек айынан бастап Шәкәрім университеті қазақ филологиясы кафедрасында аға оқытушы болып қызмет етеді.

Ж. Секейдің ғылыми-зерттеу еңбектері әдеби мұра, ұлттық дүниетаным, көркемдік таным, шет елдердегі қазақ әдебиеті және қазіргі әдеби үдеріс мәселелерін қамтиды. Оның зерттеулерінде әдеби мәтінді ұлттық рухани құндылықтармен сабақтастыра қарастыру, көркем шығарманың идеялық-эстетикалық табиғатын таныту, әдеби дәстүр мен жаңашылдықты ғылыми тұрғыдан саралау маңызды орын алады.

2025-2027 жылдарға арналған BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық

интеграция және этнотуризм» ғылыми жобасының зерттеу тобының мүшесі.

Ж. Секей 3 монографиялық зерттеу мен 2 оқулық, 3 оқу құралы, 4 авторлық куәліктің (№ 24793. 06.04.2022; № 24792. 06.04.2022; № 40333. 09.11.2023; № 40402. 13.11.2023), 70-тен астам ғылыми мақалалардың авторы. Солардың ішінен негізгі 10 (он) еңбегін бөліп көрсетейік:

1) Имашхан ақын (Монография). - Семей: Интеллект, 2012. – 155 б. ISBN 978-601-7346-13-3;

2) Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Семей: «Крючков А.» ЖК, 2012. – 194 б. ISBN 978-601-7346-12-6;

3) Шет елдердегі қазақ әдебиеті Алматы: Evo Press, 2014. – 592 б. ISBN 978-601-230-044-4;

4) Жолаушы – жақсы жырдың жолындағы: монография. – Семей: Интеллект, 2022. – 183 б. ISBN 978-601-08-2031-9;

5) Адамтану өнері: оқу құралы. – Семей: Интеллект, 2022. – 239 б. ISBN 978-601-08-2032-6; Әдебиет теориясы: оқулық. – Астана: ИП «Ахтаев У.Е.», 2024. – 336 б. ISBN 978-601-08-4557-2;

6) Әдебиеттануға кіріспе: оқулық. – Астана: ИП «Ахтаев У.Е.», 2024. – 232 б.ISBN 978-601-08-3554-2.

7) Телеөнер теориясы: оқу құралы. – Семей: ZHARDEM, 2025. – 188 б. ISBN 978-601-313-215-0.

8) Әдебиет теориясы: оқулық. - Астана: ИП «Ахтаев У.Е.», 2024. – 336 б.ISBN 978-601-08-4557-2.

9) Қазақ ақындарының шығармашылығындағы «Абай» архетипі. Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия. - 2022. - №3. – Б. 183-196. (ISSN 2710-3528);

10) Сейітхан Әбілқасымұлының көркемдік әлемі («Ақиықтың ақырғы балапаны» повесі негізінде). Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. - №4(141). – Б. 176-183. (ISSN (Print) 2616-678X. ISSN (Online) 2663-1288).

Марапаттары

1. Семей қаласы әкімінің АЛҒЫС ХАТЫ, 2016 ж.
2. Университет ректорының АЛҒЫС ХАТЫ, 2020 ж.
3. Семей қаласыәкімінің АЛҒЫС ХАТЫ, 2023 ж.
4. «ЛУЧШИЙ НАУЧНЫЙ СОТРУДНИК СНГ - 2023» төсбелгісі
5. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің АЛҒЫСЫ, 2024 ж.
6. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ, 2025 ж.

Ақын жолы – абыройлы да ауыр жол. Оның азабына төзбеген жан поэзия биігіне көтеріле алмайды. «Жақсы жырдың жолында, жолаушымын күнде мен!» деген ақын сөзі шын өнер адамының өмірлік мұратын танытады. Ақын – жолаушы. Жолаушы өмірі жолда өтеді. Ақын жолы – жыр жолы, жыр жолы – өнер жолы. Бұл жолда ақын дайын биікке ұмтылмайды, биікке өлеңнен саты жасап көтеріледі. Жақсы жыр іздеу, ел өміріне араласу, халық мұңын сезіну, адамдық пен ізгілікті жырлау – шын ақынның басты парызы. Жыр жолындағы жолаушы ақындардың сапары дәуірден дәуірге, таланттан талантқа ұласып, жалғаса беретіні де сондықтан.

Ж. Секей. Жолаушы – жақсыжырдыңжолындағы: монография. – Семей: Интеллект, 2022. – 67-бет.

Шынында да, шетелдегі қазақ диаспорасының әдебиетін жан-жақты толыққанды зерттемейінше, рухани құндылықтарымыздың ілгері-кейінгі тарихын тұтастану мүмкін емес.

Ж. Секей. *Имашхан ақын: монография. – Семей: Интеллект, 2012. –55-бет.*

Шеттегі қазақтардың әдеби мұраларын ұлттық әдебиет тарихынан бөле қарауға болмайды. Сондықтан олардың таңдаулы үлгілерін жинау, жариялау, зерттеу, оқыту кезегі келген келелі істердің бірі деп қарауымыз керек. Осы өлкелік әдебиеттің қалай, қалыптасып дамығандығын зерделеу бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымының аса зәру тақырыптарының біріне айналды.

Ж. Секей. Шет елдердегі қазақ әдебиеті Алматы: Evo Press, 2014.

Өнер көркемдік келісім бар жерде ғана өмір сүретін болғандықтан, көркемділіктің бастау бұлағы – суреткердің өмірдегі әдемілікті көре білуі, шебер бейнелеуі, сайып келгенде ой сезімін, жан толғанысын әсерлі жеткізерлік қабілеті, қиялға байлығы болмақ. Ал, адамзаттың көркемдік танымының нәтижесінде дүниеге келген өнердің бір түрі болып табылатын әдебиетті рухани игілікке ұластыру өз алдына бірқатар өзекті мәселелерді алға тартады. Өйткені көркем шығарманың туу жағдайларын барлауға, талантқа тән дүние қабылдау, әлем сезіну сынды танымдық әрекеттердің қыр-сырын зерделеуге деген қызығушылық, танымдық ынта-ықылас, бір жағынан, әдеби-көркем процестің тылсым кезеңдерін ұғуға талпыныстан бастау алып, шығарманың мәніне терең бойлап, тереңірек тануға, танытуға деген ұмтылыс адам бойында көркемдік пен әсемдікті түйсініп тану қабілетімен қоса эстетикалық талғамының жоғарылауына да септігін тигізеді.

Ж. Секей. Адамтануөнері: оқуқұралы. – Семей: Интеллект, 2022. – 5 бет.

Әдебиет пен өнер қоғамдық сананың көне түрлері болғандықтан, қоғамдық ғылымдар мен қатар (тарих, философия,саясаттану) әдебиет өзінің дамуымен қоғамның дамуына, оның рухани-адамгершілік және психологиялық келбетіне әсер етеді.Сол себепті қоғамда жазушылар мен суретшілер, музыканттар әрқашан үлкен беделге ие болған. Мәселен, қазақ даласында атақты ақындарды, әншілерді, сал-серілерді құрметпен күтіп, қарсы алатын дәстүрдің болуы, олардың келуі ұлан-асыр тойға ұласып, шығармаларының ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыруы сөзімізге едәлел (Асанқайғы, Қазтуған, Бұқаржырау, Біржан сал, Ақансері, т.б.). Ақын-жазушылар өзінің дарындылығымен еншісіне «тәңірінің берген өнерінің» арқасында өмірдің ақиқат бейнесін дөп басып суреттеп, өміршындығына деген өзіндік ой толғамдарын мейлінше дәл жеткізіп, сезімдерімен етене бөлісіп, оқырман мен тыңдарманды өзін-өзі тануға және әлемді түйсінуге жетелейді.

Ж. Секей. Әдебиеттануға кіріспе: оқулық. – Астана: ИП «Ахтаев У.Е.», 2024. – 157 бет.

Телеөнер – қалтарыс қатпары мол, ұшы қиырсыз шексіз құбылыс. Осыдан алпыс жыл бұрын қазақ топырағына сәуле шашқан теледидар осы уақыт аралығында жан-дүниемізге өлшеусіз әсер еткені жасырын емес. Күллі әлемге техникалық жаңалық, ақпарат жеткізу құралы болып өмірге келген теледидар көп уақыт өтпей-ақ жаңа өнер саласына айналды. Әрбір көркемөнер көркем образды жасау тәсілдерімен өзгешеленіп тұратынын ескерсек, теледидардың негізгі құралы – техниканың мәнін терең ұғынамыз.

Секей Ж., Хибадуллина А.С. Телеөнер теориясы: оқу құралы. – Семей: Интеллект, 2025. – 10-бет.

Әдебиет тарихы – әдебиет философиясын (яғни мақсаттарды, міндеттерді, бағдарларды, онтологияны, гносеологияны, әдебиет аксиологиясын анықтау), әдебиет эстетикасын (әдемілікті түсіну), әдебиет этикасын (адамгершілік идеалды түсіну), әдебиет поэтикасын, әдебиет психологиясын және басқа да бірқатар салаларды қамтитын әдебиет туралы гуманитарлық білімнің бір саласы, сонымен қатар, әдебиет арқылы бұл салалардың барлығы бір-бірімен тығыз байланыста және бір-бірін толықтырып тұрады. Әдебиет тарихының ерекшелігі – ол әрқашан тарихта болған дүниені көркемдеп көрсетеді. Әдебиеттегі тарихилық осыдан бастау алады.

Секей Ж., Аманғазықызы М. Әдебиет теориясы: оқулық. – Астана, 2024 – 6 бет.

СМАҒҰЛОВА АҚМАРАЛ ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ



Смағұлова Ақмарал Төлеуғазықызы 1977 жылдың 1 тамызында дүниеге келген.

1998 жылы «Семей» мемлекеттік университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген.

А.Т.Смағұлова еңбек жолын 1998 жылы Семей гуманитарлық институтында тәлімгер-ұстаздықтан бастап кәсіби шыңдалудан өтті. 1998-2012 жылдары Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің оқытушысы, аға оқытушы, қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі. 2012-2017 жылдары Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Тарих мұражайы және Шәкәрімтану» орталығының директоры. 2017-2021 жылдары Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті жанындағы Абай институтының директоры, бүгінде «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының (ҒЗО) жетекші ғылыми қызметкері ретінде қызмет атқаруда. Негізгі ғылыми зерттеу бағыты – абайтану, шәкәрімтану, қайымтану.

2007 жылы Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде профессор А.С.Еспенбетовтің жетекшілігімен «Қайым Мұхамедхановтың шығармашылық өмірбаяны» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Қ.Мұхамедхановтың шығармашылығына арналған тұңғыш ғылыми-зерттеу жұмыстарының авторы ретінде А.Смағұлова ғалымның еңбектерін жүйелеп, қолжазба қорындағы тың мұрағаттарды айналымға енгізді.

Ақмарал Төлеуғазықызы «Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналының бас редакторының орынбасары (2012), Халықаралық қоғамдық ғылыми-көпшілік «Таң» журналының редколлегия мүшесі (2017), «Абай музейінің Хабаршысы» ғылыми-танымдық журналдың редколлегия мүшесі (2017).

Студенттерге арналған «Абайтану» оқу құралының авторы (Ж.Әубәкірмен бірге, 2021). Жалпы орта білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарына арналған «Абайтану» оқулық авторларының бірі (2022).

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 160 жыл толуына орай және университетке сіңірген ерекше еңбегі үшін «Шәкәрім» медалімен (2018), ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың алғыс хатымен (2021), ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің Құрмет грамотасымен (2023),

«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен (2024) марапатталды.

Ғылыми-зерттеу еңбектері, оқулықтар:

Ғалым мұраты. Монография. – Семей: Интеллект, 2007. – 166 б.

Қазіргі қазақ тілі (Синтаксис) пәні бойынша жаттығу жұмыстары. Оқу-әдістемелік нұсқаулық, Семей, 2010.

Ахат Шәкәрімұлының шығармалар жинағы. Алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Смағұлова. «Шәкәрім кітапханасы» сериясы. – Алматы, 2015. – 660 б.

Зият Шәкәрімұлы шығармалары. Жоба жетекшісі: А.Еспенбетов. Құрастырушылар: А.Еспенбетов, А.Смағұлова, А.Бөлесова. М.Өндірқан. Алғы сөзін жазған А.Смағұлова. – Семей, 2017. – 162 б.

«Алаш және тарих». «Алаш және Семей баспасөзі». «Алаш және әдебиет». 3 кітаптан тұратын ғылыми жинақ. Құрастырушылар: А.Еспенбетов, А.Смағұлова, М.Өндірқан, Ж.Имангаликова. – Семей, 2017. – 594 б.

Шәкәрім. 2 томдық шығармалар жинағы. Құрастырушылар: А.Еспенбетов, А.Смағұлова, М.Өндірқан, Б.Түбекбаева. – Астана: Фолиант, 2018 (Алғы сөзін жазғандар А.Еспенбетов, А.Смағұлова).

Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі. Факсимилді басылым. Жоба жетекшісі: А.Еспенбетов. Құрастырушылар: А.Еспенбетов, А.Смағұлова, М.Өндірқан. – Семей, 2018. – 238 б.

Мұсылмандық кітабы. Қалқаман-Мамыр. Қазақ айнасы. Еңлік-Кебек. Дубровский әңгімесі. Ләйлә-Мәжнүн. Факсимилді басылым. Құрастырушылар: А.Еспенбетов, А.Смағұлова, М.Өндірқан. – Семей, 2018. – 219 б.

Абайтану. Бес томдық. «Абай әлемі» сериясы. Жоба жетекшісі: А.Еспенбетов. Құрастырушылар: А.Еспенбетов, А.Смағұлова, М.Өндірқан. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.

Абайтану. Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 351 б. (Ж.Әубәкіровпен бірге).

Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 5 сыныбына арналған. /Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 92 бет, суретті.

Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған /Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 90 бет, суретті.

Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған /Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева,

А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 100 бет, суретті.

Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған /Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 103 бет, суретті.

Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық /Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 152 бет, суретті.

Абайтану. Оқулық. Жалпы білім беретін мектептің 11 сыныбына арналған / Ж.М.Әубәкір, Г.А.Кунафина, Ж.Н.Нурлыбаева, А.Т.Смағұлова. – Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. – 223 бет, суретті.

Қайым Мұхамедханұлының әдеби-ғылыми мұрасы. Монография. – Семей, 2025. – 176 б.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Біз XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Ғылым мен техниканың көз ілеспес жылдамдықпен қарыштап дамуы, XX ғасыр адамы мен жаңа ғасыр өкілдерінің көзқарастарының қабыспауы, тіптен әлеуметтік желінің әсері де адамзат мінезіне ықпал етуде. «Айшылық алыс жерлерден» бірер секундта ғана хабар алып отырған жаңа ғасыр мүмкіндіктері адам баласының мінезіне қалай әсер етуде? «Етекбасты көп көрдім елден бірақ» деп Абайды күйіндірген, түңілдірген қазақ мінезі өзгерді ма?

Абайдан артық қазақты таныған, одан артық қазақ мінезін сынаған жан болған жоқ. Абай өмір сүрген заманнан жүз жиырма жылдай уақыт өтті десек те, қазақты оңдырмай жүрген мінез мақтаншақтық пен данғойлық болар. Тіптен кейде қазақтың қанына сіңіп, сүйегіне біткені соншалық бұл мақтан қазаққа ғана тән мінез тәрізді көрінеді.

«Абай қарасөздеріндегі адам мінезінің
тезаурустық сипаты» мақаласынан

«Тарта гөр Семейімнің топырағы.
Төстіктей жеріңе мен еркін сиям!».

Туған топырақтың қадірін бұдан артық қалай жеткізуге болады екен. Темір торлы тас қамау тұтқыны Қайым Мұхамедханұлының өмірге құштар жанын шабыттандырған, жігерін жүдетпеген қуат туған жерге деген махаббаты еді. Қайым азаттық күнге аңсарын қазақтың қара өлеңінен тапты. Ақын рухының тәу етері – туған жері. Жазықсыз жала

жабылып торықса да, үміт, мақсұт үстем. Алған бетінен қайтпауға бекемдігі туған жерге деген сағыныштан тамыр алады.

«Абай – оның пешенесіне жазған тағдыры» мақаласынан

Біз қазір жаһандану заманы, ақпарат заманы деп жар салудамыз. Кейінгі жастарымыз кітап оқудан гөрі ғаламтор бетіне телміруді әдетке айналдырды. Заман талабына сай ақпарат беттерінде ақын-жазушылар шығармалары жарыса беріліп жатыр. Көптеген сайттарда ақын шығармаларының электронды нұсқалары берілген. Бұл әрине көңіл қуантады. Ал сол ақпарат беттеріндегі мәтіндердің сауаттылығын қадағалап отырған ешкім жоқ.

«Қайым Мұхамедханов және Абай өлеңдерінің текстологиясы» мақаласынан

Дана Шәкәрім қоғамға ар білімі керек деген байламға неге келді? Адамның ары – ақылдың безбені. Шәкәрім ұсынған ар – адамның ішкі тазалығы. Ішкі тазалық дегеніміз – бойында ұяты мен кісілігі бар, талабы мен жігері мықты болу. Ар, ол – Ұждан, «*ұждан – екі өмірдің азығы*». Ақыл көзі мен ұжданы үндескен жан мейірімді, қайырымды, ниеті түзу болады. Ниеті түзу жан жамандыққа бармайды, өзгелерге қиянат жасай алмайды.

«Ар түзейтін бір ғылым табылмаса...»мақаласынан

Қайым Мұхамедханұлы Алаш аңсарын, алаш аманатын жеткізу үшін жаралғандай. Себебі ол алаш арыстарының әңгіме-дүкенін рухына сіңіріп өсті. Ол – алаштықтардың қазыналы ойларын құйып алған қормалы. Елдің танымал ақын-әншілерінің сағаттап отырып ән мен жырға толтырған өнер базарының куәсі болды.

Абайдың көзін көрген жандармен дастарқандас, дәмдес болды, талай сырға қанықты. Зиялылар бас қосып кеңескен әңгіме-дүкен бала Қайым зердесінде жатталып, көкірегінде шежіредей қатталып, кемелдікке жетеледі. Өмір тәжірибесінде үнемі сәуле беріп ұлтжанды болып өсуіне себеп болды. Себебі Қайым алаш идеясының мирасқоры еді.

«Абай – оның пешенесіне жазған тағдыры» мақаласынан

Отыз бір жасында республикамыздағы тұңғыш әдеби – мемориалдық мұражайын басқаруда Қ.Мұхамедханов шебер ұйымдастырушылық қабілетін танытты. Әрі мұражайдың ғылыми қызметін жүйеге түсіріп, Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдарды, экспонаттардың көптеп жиналуына ұйытқы болды. Абай дәуірінің жәдігері болған тарихи құнды заттарды іріктеп,

оларға ғылыми түсінік беріп, ақын өмірі мен шығармашылығына қатысын ашып экспонаттық каталог жасады. Бүгінде еліміздің мұражай мәдениетінің жаңа сапаға көтерілуі Қ.Мұхамедханов есімімен тығыз байланысты.

«Ғалым мұраты» еңбегінен

Шәкәрім Құдайбердіұлы тұлғасын тек ақындық қырмен шектеу – оның интеллектуалдық кеңістігін тарылту болар еді. Шәкәрім – қазақ даласындағы сирек кездесетін әмбебап интеллект феномені. Ол – поэзияны тек көркем сөз құралы ретінде емес, адам болмысының, танымның және моральдық сананың күрделі жүйесін ашатын философиялық құрал ретінде қарастырған ойшыл.

Шәкәрімнің дүниетанымы бір ғана ғылым саласымен шектелмейді. Ол тарихты, дінді, этиканы, шығыстық және батыстық философияны терең меңгеріп, оларды біртұтас интеллектуалдық жүйеге біріктіре білді. Оның еңбектерінде адам жаны, ар-ождан, таным мен сенім мәселелері ғылыми-логикалық пайыммен қатар рухани талдаумен де өріледі.

«Шәкәрім – әмбебап интеллект феномені» мақаласынан

ЖАНДОС ҚОЖАХМЕТҰЛЫ СМАҒҰЛОВ

1956 жылы 16 қыркүйекте Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы «Қаратал» кентінде (қазіргі «Шабанбай би» ауылы) туылған. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 1979 жылы бітіріп шыққан. 1979 жылдан Ақтоғай ауданындағы Қ.Нұржанов атындағы орта мектепте мұғалім, 1980-1982 жылдары «Жамшы» сегізжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, директор қызметтерін атқарған. 1983 жылы ҚарМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасына аға оқытушы болып орналасқаннан бері осы оқу орнында жұмыс жасайды.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1993-1995 жылдары ҚарМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 1995-1997 жылдары факультет деканы орынбасары, 2000-2003 жылдары журналистика кафедрасының меңгерушісі, болып жұмыс істеді. Қазір қазақ әдебиеті кафедрасында профессорлық қызметте. 2005 жылы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің шешімімен доцент атағын, 2011 жылы Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының (МАИН) толық мүшесі болып сайланып, академик атағын алды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылдың «Жоғары оқу орындары үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты иегері. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың «Еңбек сіңірген қызметкері» (2016 ж.).

Ж. Смағұлов – 6 ғылыми монография, 24 оқулық пен оқу құралы және оқу-әдістемелік құралдардың, 6 ғылыми және тарихи танымдық кітаптар мен 400-ден астам мақалалардың авторы. Жеке авторлығымен жарық көрген іргелі еңбектері:

1. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. Алматы: Қазақ университеті: 1999. - 432 бет.

2. Ұлттық әдебиеттану әлемі. Монография. Қарағанды: Болашақ-баспа, 2005. 318 бет.

3. Әдебиеттану әдіснамасы. Монография. Қарағанды: Арко, 2014. 136 б.

4. Тарихтан тағылым. Зерттеулер. Қарағанды: Арко, 1 том. 2014. - 418 б.

II том. 2014. – 274 б.

5. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Алматы: Эверо, 2014. 482 б.

6. Ғылымдағы ғұмыр. Эсселер. Қарағанды: Теңгри, 2016. 150 бет.

7. Әдебиеттану ғылымынан ғылыми зерттеуді ұйымдастыру жолдары. Оқу құралы. Алматы: «Отан» баспасы, 2018, - 228 бет.

8. Тұрсынбек Кәкішұлы. Әдеби - ғылыми ғұмырнама Астана: Фолиант, 2017. - 488 бет.

9. Әуездің әсем әлемі. Ғұмырнамалық зерттеу. Қарағанды: Теңгри, 2021. - 146 бет.

10. Абыз дала, Аңыз дала – Ақтоғай. Тарихнамалық зерттеу. Толықтырылған екінші басылым. Қарағанды: Теңгри, 2021. - 444 бет.

Профессор Ж.Смағұловтың ғылыми еңбектерімен шетелдіктер де таныс. Мақалалары Ресей, АҚШ, Болгария, Қытай, Түркия, Грузия, Қырғызстан т.б. елдерінің ғылыми журналдарында жарияланған. 2005 жылы Халықаралық «Кәтеп» қорының шақыруымен Түркияда болып Анкарада Гази атындағы университетте, 2014-2015 жылдары Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласындағы Іле педогогикалық университетінде, Күйтін қаласындағы Шыңжаң қолданбалы кәсіптік техника институтында дәріс оқып қайтқан. 2015, 2017 жылдары ҚХР Пекин қаласындағы Орталық Ұлттар университетінде (Минзу) дәріс оқыды. Қытай Халық Республикасы Құлжа қаласындағы Іле педогогикалық университетінің құрметті профессоры.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

ҚР Білім және ғылым министрлігінің және Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың «Құрмет грамотасымен» бірнеше рет және ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (2016) марапатталған. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» медалі (2016 ж.), ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің «А. Байтұрсынұлы» атындағы төс белгісі (2022 ж.), «С.Сейфуллин» медалі (2024), «Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-ге 40 жыл» (2012) және «ҚарМТУ–дың 60 жылдығы» (2013), «С.Сейфуллин - 125» атты (1917) мерейтойлық төсбелгі медальдарының иегері. Республикалық «Өрлеу» ғылым-білім орталығының «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен және «Құрмет грамотасымен» марапатталды. (2014, «Eurasian Book Fair – 2016» Халықаралық кітап көрмесінің «Дипломын», «Фолиант» баспасының «Арнайы дипломын» алған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қандай да болсын ғылым саласы бірден туып, қалыптаса қоймайтынын ескеретін болсақ, өзінің тууы, қалыптасу процесіне дейін ұзақ жолды бастан өткереді. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи қалыптасу жолы түрлі кезеңдерге жіктелініп, әр дәуірінің өзіндік басты кескін-келбеті, ізденістері мен іркілістері, жетістіктері мен кемшіліктері біртұтас жүйеде сараланған жоқ. Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ояну, жетілу, өркендеу ерекшеліктерін ескере отырып, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, қалыптасу кезеңін айқындауда дәуірге

бөле отырып зерделеу қажет. Онда кезінде еуропацентристік көзқарасқа сүйенген маркстік-лениндік әдіснама мүмкіндік бермеген, оны арқау еткен ұлттық нигилистер жоққа шығарумен келген қазақ әдебиеттану ғылымының арғы бастауларынан (истоки) бері жүйелеуді негізге алдық. Қазақ халқына да ортақ көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, XX ғасырға дейінгі уақыт аралығы қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи алғы шарттардан тұратын тарих алдындағы дәуірі ретінде алынды. Ал ұлттық ғылым ретінде туу кезеңі - 1900-40 жылдар, қалыптасу дәуірі - 1941-70 жылдар аралығында өтті деген жүйені дәлелдеуге ұмтылдық.

Ж. Смағұлов. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы.
Монография. Алматы: Қазақ университеті: 1999. – 10- бет.

Дидарғайып жалған дүниенің сан құпиялы сырын ғайыптан жоғалтатын қимас жандардың дидарын сағынған шағымызда ғана түсінуге ұмтыламыз. Ғылымға, сөз өнеріне деген адалдық пен қайсарлыққа, табандылық пен еңбеккорлыққа келгенде қол тапсыратын әулиедей ПІР іздесеңіз, ол – Тұрсынбек Кәкішұлы! Туған халқы ТҰЛҒА деп танып ұлықтаған, бүкіл түркі дүниесіндегі ғылыми орта ҒҰЛАМА деп бағалаған, қаламгерлер ЖАЗУШЫ деп таныған, филологтар ҒАЛЫМ, СЫНШЫ леп мойындаған, замандастары АЗАМАТ деп қадірлеген, дос-жолдастары АРЫСЫМ деп ардақтаған, шәкірттер атаулысы ҰСТАЗЫМ деп құрметтеген фәни дүниеден бақилық мәңгілікке еш армансыз аттанудан артық абырой мен мерей бар ма екен, сірә!? Т. Кәкішұлының ұлтжанды қайраткер, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, талантты жазушы, батыл сыншы, қарымды публицист, шебер аудармашы сияқты сан-салалы дарындылық қасиеттерінің әрқайсына жеке-жеке кітап арнайтын ғибратты ғұмырнамасы бар.

Ж. Смағұлов. Тұрсынбек Кәкішұлы. Әдеби - ғылыми ғұмырнама .Астана: Фолиант, 2017. – 5-бет.

Өз өмірін ғылымның қиын-қыстаулы жолына арнағысы келген адам ғалым болу үшін қандай қабілеттер мен қасиеттер керек екенін білуі тиіс. Бұл жолға қадам басқан жас ізденуші адам сол саладағы ғалымның дайын жұмысын, қол жеткізген жетістігін ғана көреді. Оның жұмсаған күш-қайратын, уақыты мен денсаулығын есепке алмайды. Табысқа жету жолында қаншама сәтсіздіктер мен қателіктер болатынын да біле бермейді. Оны сол ғалымның әдіснамалық зерттеу әдіс-тәсілдерін толықтай меңгергенде ғана түсінеді.

Ж. Смағұлов. Әдебиеттану әдіснамасы.
Монография. Қарағанды: Арко, 2014. - 14-б.

Таудай талап пен бармақтай бақтың бір нүктеде кездесуі адам ғұмырында онша көп кездесе коймайтын құбылыс. Мен өзімді сондай сирек жандардың қатарына жатқызамын. Ұлттық әдебиеттану мен сынының тарихын, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралау бағытында қырық жылдан астам уақыт бойы шұғылданған екенмін. Бір қарағанда адами болмыстың ғылым жолындағы табысы аз емес секілді. Бірақ та олар қызғанышы мен қатыгездігі бар, көп жағдайда әділетсіз де болып кететін ғылымның қия жолындағы азапты күндер мен ұйқысыз түндерде төгілген маңдай тер, ағарған шаш, жұқарған жүйкенің ғана өтеуі емес. Ел мақтайтындай, өзім мақтанатындай керемет бір шаруа тыңдырдым деп кеуде соға алмаймын. Мен тек қазақ деп аталатын данышпан ұлтымның ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің тарих алдындағы алғашқы кезеңінен бастап, ояну, туу, қалыптасу дәуірлерін тарихын сонау YI ғасырдағы көне заманнан бері егемендік алғанға дейінгі аралығын ғылыми зерделеп, халқым алдындағы перзенттік борышымды ғана өтедім.

Ж. Смағұлов. Ғылымдағы ғұмыр. Эсселер.
Қарағанды: Теңгри, 2016. – 8-бет.

Тың көтерудің солақай саясаты қазақтың мал және егін шаруашылығына ауыр соққы болып тиді.. Жерге деген жат бауыр, жырткыштық көзқарастың себеп-салдары көп ұзамай дәстүрді тасталқан етті. Жаппай сыдырта жыртудың салдарынан топырақтың құнарлы қабаттары тозып, құ далаға айналды. Бұл бидай мен тарының, күріштің бұрыннан мирас болып келе жатқан жетілген түрлерінің жойылып кетуіне апарып соқты. Соның тауқыметін тартып, зардабын көрген Аркада аңыз болған Ақтоғайдың атақты Ақбидайы да бар. Ақтоғайдың Ақбидайы түрлерінің шығуының тарихы тым әріге кетеді. Сонда жүз дәні 6,2 грамм болатын Ақбидайдың, 4,5 грамм тартатын Кожабидайдың және Ақбидай жетіден 25-ке дейін тармақ шығарып, әр масақта 52-ден 120-ға дейін дән байлап, әр себілген бір пұт тұқымнан орта есеппен 50-60 пұт астық беретіндей дәрежеге жетуі ұзақ жылдар бойы жасалған және еңбекпен келген іс-тәжірибенің жемісі болып шығады.

Ж. Смағұлов. Абыз дала, Аңыз дала – Ақтоғай.
Тарихнамалық зерттеу. Қарағанды: Теңгри, 2021. – 265-бет.

Әуез Бейсебаев мұрасы жан-жақты да терең қарастыруды қажет ететіні сөзсіз. Әуез туралы айтылар сөз, оны алда деп білеміз. Ал ғалымның жары шығарған Әуез Бейсебаевтың "Өмірдің ғашық болып көктеміне" атты кітапта берілген өлеңдері мен әңгімелері, очерктері мен сұхбаттары, өнер иелері мен өнерпаздық туралы мақалалары, сын зерттеулері мен әдеби портреттері оның сан қырлы дарын иесі екенін

танытады. Әуез Бейсебаевтың әдебиетшілік, сыншылық дарыны да өз бағасын ала бермек. Өйткені ондағы көтерілген ғылыми проблемалар, қарастырылған өзекті арналар, сараланған пайымдар ұлттық әдебиеттану үшін де маңызды. Әсіресе қазақ поэзиясының жай-күйін білгірлікпен талдап, прозасының жетістігі мен кемшілігін саралаудағы ізденісі Әуез Бейсебаевтың сөз өнерінің табиғатына терең бойлай білгенін танытады. Ал сын зерттеулері оның әдеби даму процесін жіті назарда ұстауын, әрбір жаңа жинақ, туынды туралы жедел пікірлері оның ғылыми ізденісінің бір сәт те толастамағанын дәлелдей түседі.

Ж. Смағұлов. Әуездің әсем әлемі. Ғұмырнамалық зерттеу. Қарағанды: Теңгри, 2021. – 73-бет.

Ғылыми қызметтің маңызды да жауапты кезеңі – зерттеу тақырыбын таңдау. Бұл аса қиын міндет, оны дұрыс бағамдау келешек зерттеу жұмысының сапалы болуына және дер уақытында бітуіне әкеледі. Зерттеу тақырыбының таңдалуы сол тақырыптың негізгі қарастырылатын мәселелері, ғылыми жаңалығы, зерттеу әдіс-тәсілдері, дереккөздері осы ғылыми әдіснаманың негіздерін дұрыс анықтап алған жағдайда ғана оң сипатта жүзеге асады. Зерттелетін мәселеде қол жеткізуге тиісті табылады деп табылатын мақсат-міндеттер мен қорғауға ұсынылатын тұжырымдардың ғылыми тұрғыда жаңашылдық мәнге ие болуы да әдіснамалық негіздерден туындайтын әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап алудан байқалады. Демек, зерттеу тақырыбын таңдау салмақты ой еңбегі мен ізденімпаздық қабілетті, ғылымға берілген шынайы көзқарасты талап етеді.

Ж. Смағұлов. Әдебиеттану ғылымынан ғылыми зерттеуді ұйымдастыру жолдары. Оқу құралы. Алматы: «Отан» баспасы, 2018, - 35-бет.

Б.Кенжебаев ұлттық әдебиеттануда ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтар әдебиеттану ғылымында тарихи мектептің негізін қалаушы ретінде танылуға тиісті. Әдеби мұраларды көне дәуірден бастап зерттеу идеясын алғаш көтеруші ғана деп емес, осы сала бойынша монументальды еңбектер қалдырып, қазақ әдебиеттануында өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Ғалым бұл бағыттағы ізденістерін өзінің ғылыми мектебіндегі шәкірттеріне жетекшілік жасау арқылы ыждахаттылықпен тереңдете түсті. Ұлттық әдебиеттану ғылымының білімпазы, атақты ғалым Б.Кенжебаевтың негізін қалаған ғылыми мектебінің шәкірттері ұлттық әдебиеттің тарихын тұтас толық және кешенді түрде зерттеуде.

Ж. Смағұлов XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Алматы: Эверо, 2014. – 422-б.

СОЛТАНАЕВА ЕРКІНГҮЛ МОЛОТҚЫЗЫ



Солтанаева Еркінгүл Молоткызы 1980 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1986 жылы Алматы облысы, Кеген ауданының Жалағаш Орта мектебіне барған. 1996 жылы Алматы облысы, Панфилов ауданының Алмалы орта мектебін үздік аяқтаған. Ол 1997 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетіне түсіп, 2001 жылы филолог, әдеби қызметкер мамандығын алып шыққан.

2001-2003 жылдарда осы оқу орнының филология факультетінің магистратура бөлімін аяқтады. 2004-2006 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасында оқыған.

2009 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанындағы Д 53.34.01 диссертациялық кеңесінде «XX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ-орыс әдеби байланыстары» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Б.Б.Мамыраев.

2003-2014 жылдары Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-дің қазақ филологиясы кафедрасының, қазақ-орыс тілдерінің кәсіби ауызша аударма кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарған.

2014 жылдан бері қарай Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында аға оқытушы, ассистент профессор қызметтерін атқарып келеді.

Е.М. Солтанаева 100 ден аса ғылыми мақала және «XIX ғасырдағы шетел әдебиетінің тарихы» (2009), «Әдеби компаративистика» (2015), «Қ.Ысқақов шығармаларының поэтикасы» (2017), «Көркем шығарманы талдау әдістемесі» (2023), «Алаш қайраткерлерінің көркем аудармаларындағы ұлттық идея» атты оқу құралдары мен монографиялардың авторы (2025).

Е.М. Солтанаева ҚР Ғылым және Білім Министрлігі және «Viki Bilim» қоғамдық қоры бірігіп жасаған сандық білім беру қорының авторы. Авторлық құқық № 0012588. ҚР ҒжБ Министрлігінің тапсырысымен «iМЕКТЕП» қоғамдық қоры орындаған мектеп оқушыларына арналған білім берушілік мақсаттағы қырыққа тарта мультфильм сценарийінің авторы. Авторлық құқық № ИС 0009049.

«Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея мен "Мәңгілік Ел" идеясы көрініс табуының көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты» (2016-2019), «Алаш қайраткерлерінің аударма еңбектеріндегі адамзатқа ортақ

құндылықтар» (2020-2025), «Тәуелсіздік идеясын XX-XXI ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінде көркем бейнелеудегі ұлттық рух ұстанымы мен жаңашыл таным табиғаты» (2025) атты ғылыми жобаларға орындаушы ретінде қатысқан.

Шет елдердің танымал университеттерінде (Оңтүстік Кореяның, Сеул қаласындағы Хангук шет тілдері университетінде және Түркияның, Анкара қаласындағы Гази университетінен) ғылыми тағылымдамадан өткен.

Е.М. Солтанаева ғылыми-теориялық мақалалардан бөлек көркем әңгімелер жазады. Оның әңгімелері «Қаламгер.кз», «Әдебиет порталында» және «Ақжелкен», «Балдырған», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жарық көріп тұрады. Кей шығармалары «Жетісу балалар жазушыларының антологиясы», «Бәсіре» секілді балалар әдебиетінің үлгілері жарияланған жинақтарға енген.

Тоқшылықова Г.Б., Солтанаева Е.М. XIX ғасырдағы шетел әдебиетінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Алем Систем, 2007. – 250 б.

Солтанаева Е.М. Шығыс әдебиеті шағын жанрларда. – Алматы, Алем Систем, 2009. – 50 б.

Солтанаева Е.М. Әдеби компаративистика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 178 б.

Шәкәрімнің әдеби мұрасын зерттеудің мәселелері: ұжымдық монография / Құраст. Қ. Мәдібай, Е.Солтанаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 170 б.

Әбдиманұлы Ө., Дәдебаев Ж., Темірболат А., Солтанаева Е., Есімова Ж., Айсұлтанова Қ. Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы: ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 172 б.

Әбдиманұлы Ө., Дәдебаев Ж., Үмбетаев М., Солтанаева Е. XVIII-XIX ғасырлар әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының көрінісі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 280 б.

Әбдиманұлы Ө., Дәдебаев Ж., Солтанаева Е., Шортанбаев Ш. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» және ұлттық идея тоғысуы: ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 172 б.

Мүфтибекова З., Солтанаева Е. Әдебиеттік оқу / Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім. – Алматы: Алматыкітап, 2017. – 112 б.

Мүфтибекова З., Солтанаева Е. Әдебиеттік оқу / Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 2- бөлім. – Алматы: Алматыкітап, 2017. – 108 б.

Солтанаева Е.М., Шортанбаев Ш.А. Қалихан Ысқақ шығармашылығының поэтикасы: Монография. – Алматы: «ЖШСагаудинова», 2019. – 125 б.

Ж.Дәдебаев, Д. Ысқақұлы, Қ.Мәдібай, Г. Пірәлі, Л.Мұсалы, Е.Солтанаева. Қазіргі қазақ әдебиеті. Монография. – Алматы, 2022. – 405 б.

Есембеков Т.У., Солтанаева Е.М. Көркем шығарманы талдау әдістемесі. РОӘК ұсынған. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 260 б.

Алаш қайраткерлерінің аударма мұрасындағы пән сөздері: электрондық сөздік/ Құраст. Дәуренбекова Л., Солтанаева Е., Түсіпова Г., Адаева Е., Райнбекова Г. – Астана: ЕАГИ, 2024. – 300 б.

Дәуренбекова Л., Солтанаева Е., Түсіпова Г., Адаева Е. Алаш қайраткерлерінің көркем аудармаларындағы ұлттық идея: ұжымдық монография. – Астана: «FOCUS», 2025. – 328 б.

2017 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын жеңіп алып, «Үздік оқытушы» медалімен марапатталған.

Ұсынылған теориялар, тұжырымдар мен пайымдар.

Шығармашылық тұлғалар арасындағы қарым-қатынас сілемдерін анықтау үшін **меңгеру, қиысу, қабысу, матасу** (терминдерді қазақ тілінің грамматикасына енгізген М. Балақаев) деген атауларды пайдалануға болады. Бұл терминдерде байланыс дәрежесін көрсететін, мағынасын ашатын, сонымен қатар доминанттық рөлді анықтайтын мазмұн бар. Бұл терминдердің семантикалық, экспрессивтік, прагматикалық, когнитивтік сипаты зор. Сонымен қатар бұл терминдерді әдебиеттануға көшіргенде кезектілік сипат дариды. Яғни ***қиысу, меңгеру, қабысу, матасу*** деп бірінен-біріне өткен сайын байланыс күшейіп, мағынасы артып, мазмұны ұлғая түседі. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігін ашып көрсетіп, осы түсініктердің шеңберін анықтап көрелік.

Мәселен, **меңгеру** – белгілі бір шығармашылық тұлғаның шығармашылық жетістіктерін меңгеру арқылы суреткерлердің көркемдік жүйесінде ұқсас тұстар, ортақ белгілердің пайда болуы.

Әдеби байланыстар тарихынан мысал келтіретін болсақ, қазақ ақыны М. Мақатаев орыс ақыны С. Есенин шығармашылығымен етене таныс болған. Ақынға арнап өлең жазуы, сол ақын тағдырына өз тағдырын ұқсатуы, есениндік идеяны, есениндік образдарды, тура цитаталарды өз шығармашылығында пайдаланғаны мәлім. Екі ақынның шығармашылығындағы идеялық, тақырыптық ұқсастықтардың көптігі дәлелденген. Тақырып ұқсастығы, лирикалық образ, ақындық позиция тұрғысынан М. Мақатаев шығармашылығында еліктеуден гөрі, меңгеру басым...

... Тақырыптас, тағдырлас ақындардың шығармашылығына тән ортақ жайттарды саралай қарастыра отырып, М. Мақатаев есениндік идеяны тек еліктеу дәрежесінде ғана пайдаланып қоймай, сол сарынды қазақ әдебиетінде өзінше меңгеріп алып кеткендігін көреміз.

Осы мәселе бойынша жасалған түрлі зерттеулерге сүйене отырып, М. Мақатаев – С. Есенин арасындағы шығармашылық байланысты меңгеріле байланысқан деп атауға болады.

Яғни меңгеріле байланысу бір суреткердің екінші бір суреткердің көркемдік әлемін жете меңгергендігінен туатын байланыс. Әрине, өзіне үлгі-өнеге тұту, еліктеу, оның шығармашылығын зерттеп, зерделеу жеткіліксіз, негізінен, байланыс суреткерлер дүниетанымындағы ұқсастықтан туындайды.

Қабысу – меңгеруге қарағанда қабысуда байланыс екі жақтан да қарқынды жүреді. Екі суреткер де бір-бірінің шығармашылық жетістіктерімен таныс болып, меңгеріп, виртуалды да визуалды да қарым-қатынаста болады. Пікір алысып, хат алмасып отырулары, бір-бірінің шығармаларын аудару мүмкіндігі болады. Екі суреткер бір-бірінің шығармашылығына араласып, бір-бірінің пікірлеріне құлақ асып, өңдеп, түзетіп, қайта жазып та жатады.

Әдеби байланыстар тарихынан бұған М. Шаханов пен Е. Евтушенко, Ә. Нүрпейісов пен Ю. Казаков арасындағы шығармашылық байланысты мысалға келтіруге болады...

... Сонымен, Ә. Нүрпейісов пен Ю. Казаков арасындағы шығармашылық байланыс түрін екі жақты қабысқан байланыс деп атауға болады. Екеуінің де бір-бірінен алған, бір-біріне бергендері көп. Қос жазушыға да бұл жұмыс шығармашылық мектепке айналды. Бұл байланыс тарихынан тағы бір мынадай дерек келтірсек, бірде Ю. Казаков: «Әрине, ол кезде өмір қиын болды, бірақ қиын өмірдің де өз қызықтары болмайды ма?» – деп ескерту жасайды. Автор өз-өзіне «ұнамай қалған» кітабына түзету енгізуге шарасыздығын ойлап қиналады. Ойға қалады, бірнеше күн толғанып, ақыры Тұлсу мен Қалаудың шешесінің қабылдауы арқылы берілген ең бір жарқын, лирикалық сценаны жазып шығады. Суреткердің жазу үстіндегі психологиялық ахуалын автордың өз сөзімен берсек: «Не знаю, сколько минуло времени, как вдруг мне в голову пришла какая-то шальная фраза, затем другая, третья... Я вскочил, сел за стол, быстро написал фразы, откуда-то всплывшие, ощущая однако, в душе своей смутное приближение чего-то еще не осознанного, не осмысленного в полной мере. Мне кажется, что писал я под чью-то диктовку, писал два или три часа подряд, все еще не зная, что это будет, и чем все это кончится. Вдруг стук в дверь – Юрий Павлович зовет завтракать. Я не пошел. Я работал два дня, не выходя на улицу, и не встал, пока не закончил большую главу, которую назвал для себя «Луч света в темном царстве», – дейді. Осындай терең толғанысқа апарған, шабыт шақырған, сәтті бастауларға түрткі болған жазушылар арасындағы байланыстың шынымен рухани тереңдігін айта кету керек. Олар шығармашылық шеберлікті қалай шыңдау ке-

рек, тіпті жазылған шығарманың қай жерде жарияланғаны дұрыс болады деп те ақылдасып отырған. Жазушы мен аудармашының (1963-1979ж.ж.) хаттары сол кезеңнен, сол кезеңнің әдеби атмосферасынан, қос жазушының жеке тағдырынан мол хабар береді...

... **Қиысу** – мұнда шығармашылық тұлғалар арасындағы байланыстан тек бір идея, бір образ, бір шешім төңірегінде қиысу нүктесін ғана көруге болады. Бір-бірінің шығармашылық жетістіктерін арнайы меңгерді дегенге келе бермейтін, дүниетанымдық позицияларында толық сәйкестік жоқ, дүниеге көзқарасы, өмірлік ұстанымдары әр түрлі, әркайсысы болмыстың әр түрлі құбылыстарын таңдап алып, оны ой елегінен өткізіп, өзіндік шешім шығарады. Тек қаламгерлердің шығармашылықтарынан философиялық-эстетикалық, идеялық-адамгершілік, тақырыптық-проблемалық, формальдық-стилистикалық аналогиялардың молынан кездесуінен қиысу нүктесі пайда болады. Ол нүкте екі суреткерге де тәуелсіз туындайды. Оларды көбіне зерттеуші анықтайды.

Дәл осы байланыс түрін дұрыс анықтамағандықтан, әдеби байланыстар туралы сөз еткенде кей кездерде қазақ әдебиетін тек қабылдаушы, үйренуші әдебиет ретінде бағаланып келеді.

Мәселен, XX ғасыр басындағы әлеуметтік-эстетикалық сұраныс тудырған әдеби ізденістің түп-төркінін ұлттық топырағымыздан емес, келесі бір әдебиеттің ықпалынан іздеу басым болды. Рас, орыс әдебиеті делдал әдебиеттің қызметін атқарып, қазақ әдебиеті үшін әлем әдебиетіне ашылған қақпа іспетті болғаны дәлелді...

Матасу – бұл шығармашылық тұлғалар арасындағы байланыстың ең күрделі формасы. Ол кезеңдік сипатқа емес, ұдайылық сипатқа ие. Мұнда екі шығармашылық тұлға арасындағы байланыс ажырамас бірлікте болады. Яғни байланыс толыққанды, түбегейлі, тұтас...

Солтанаева Е.М. Әдеби компаративистика: оқу құралынан. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 178 б.

... Әбіш Кекілбаев өзінің «Аңыздың ақыры» шығармасы мен «Шынырау» повесін «Дала балладалары» деген атаумен бір циклге біріктіріп 1968 жылы жариялаған.

Яғни, циклді - бірнеше бөлек мәтіндерден құралған, құрылымы күрделі болғанымен эстетикалық жағынан бір тұтас бүтін дүние ретінде алып қарастыру керек. Бүтін мен бөлшек арасындағы тақырыптық, идеялық, композициялық байланысқа зер салған жөн. Егер О. Бөкеевтің повестер циклінің композициясында алыс сапарға ұласқан ұзақ қысты бейнелеу арқылы горизонталды пласт көрінсе, Ә. Кекілбаев циклінің композициясында зәулім көкке ұмтылған мешіт мұнарасы мен Маңғыстау жеріндегі ең терең құдық жайындағы жекелеген оқиғаларды

алып, асқақтық пен пәстік секілді эстетикалық категорияларды алмастыру арқылы бинарлы оппозиция тудыру үшін вертикалды кескінде берген.

... Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогінің де композициялық құрылымы қызық. Сыртқы композициясы сұрақ-жауап түрінде берілсе, ішкі мазмұндық композициясында автор батыр Бауыржан Момышұлы туралы бір ақиқат пен бір аңызды кезекпе-кезек алмастырып ұсынады.

Есембеков Т.У., Солтанаева Е.М. Көркем шығарманы талдау әдістемесінен. РОӘК ұсынған. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 260 б.

... конфликтінің табиғатын тану үшін оның тек әдебиеттегі көрінісін емес, жалпы қоғамдық-әлеуметтік мәніне үңілеміз, яғни пәнаралық байланыста философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық зерттеулерге көңіл бөлу арқылы, біраз дүниеге қанық боламыз.

... Қалихан Ысқақ шығармасындағы жатсынудың төркіні қазақ әдебиетінде 1970 – 1980 жылдардағы шығармаларда көрініс тапқан жатсынулардан бөлектеу. Егер Оралхан Бөкеев мен Дулат Исабеков шығармаларында адам жанында болып жатқан психологиялық жатсыну жақсы көрініс тапқан болса, Қ.Ысқақ өзінің Жөгер шалы арқылы жатсынудың әлеуметтік, саяси төркініне көз жіберіп, әлеуметтік жатсыну мәселесін алға тартады. Яғни жазушы тұлғаның жан дүниесінде болып жатқан өзгерістердің қоғамдағы әлеуметтік, саяси өзгерістермен байланысы бар екенін тайсалмай бейнелейді. Реалист жазушының өмір заңдылықтары тұрғысынан бейнелеп отырған әлеуметтік жағдаяттардың соңын алдын ала болжап қойғаны байқалады.

Солтанаева Е.М., Шортанбаев Ш.А. Қалихан Ысқақ шығармашылығының поэтикасы: Монография. – Алматы: «ЖШСагаудинова», 2019. – 125 б.

Ә. Бөкейхан аудармаларын салыстырмалы әдебиеттану контексінде қарастыра отырып, ол аударманы, ең алдымен, маңызды идеяларды жеткізуші, таратушы ретіндегі коммуникациялық қызметке жеккенін көреміз. Халықтар арасындағы қатынастарды бейнелейтін, отарлық езгі, саяси наразылық, ұлт үшін үлгі болардық рухани-адамгершілік тақырыбындағы шығармаларды таңдап аудару арқылы ұлттық бірегейленуді, ұлтты ұйыстыру секілді қоғамдық миссияны көздегенін баса айту керек. Тіпті «Қазақ» газетіндегі материалдарды беруде сырткы және ішкі хабарлар деп беріп, сырткы хабарға әртүрлі елдердегі болып жатқан жағдайларды, сол елдердегі ғылым-білімнің жетістіктерін

беруінің мәні ұлтымыз өзін өзге елдермен тең көрсін деген ниет, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру болды.

... Әрине, француз жеріндегі натурализм ол тек көркем техника емес, әуелде идея, сезім, адамгершілік, саяси идеалдардан туындаған ағым ретінде көрініп, Золя сол ағымның жарқын өкілі ретінде өз шығармаларында терең «әлеуметтік талдаулар» жасаған. Золя романдары орыс әдебиетінің біраз өкілдеріне, атап айтсақ, М. Салтыков-Шедрин, Г. Успенский, Ф. Нефедов, Д. Мамин-Сибиряк секілді жазушылар шығармашылығына ықпалын тигізгенін көптеген зерттеуші атап өткен. И. Дергачев кітабында Ф. Норристің Золя шығармашылығына қатысты пікірлерін береді. «Натурализм романтизм мен реализмнің барлық жетістіктерін бойына біріктірген. Натуралистер романтиктерден адам тұлғасы мәселесіне деген ерекше қызығушылығын алып, адамға деген қызығушылықты сақтай отырып, ал реалистерден детальдардың шынайылығын алған», – дейді [14, 143-б.]. Біздіңше, Ф. Норрис пайымы өте дұрыс. Себебі бір ағымның келесі бір ағымға ұласуы, бір бағыттың келесі бір бағытқа ауысуы өзіне дейінгі дүниелерді сіңіріп барып жүзеге асады. Ол – әрқашан бірінен-біріне ұласып, бірінен-біріне айналып кетіп отыратын жатық құбылыстар легі, бірте-бірте жүзеге асатын прогресс. Кез келген ағым мен бағыт өзіне дейінгі кезеңнің жетістіктері негізінде өрістеп, тек идеялық тұрғыдан жаңа ойлармен толысқанда жарылыс сынды түрленіп, өзгереді.

... Ж. Аймауытов та, Б. Майлин де жалпы Д. Н. Мамин-Сибиряк шығармашылығымен, Алаш қайраткерлері Ә. Бөкейхан, М. Жұмабаевтың Д. Мамин-Сибиряктан жасаған тамаша аудармаларымен таныс болған деп сеніммен айта аламыз. Себебі осы әңгімелер жарияланған шақта «Жаңа мектеп журналының» тұрақты авторлары қатарында Ж. Аймауытов та бар еді, ал Б. Майлин осы уақытта «Еңбекші қазақ» газетінде жұмыс істейтін. Оның үстіне бұл жазушылар орыс жазушыларын түпнұсқадан да оқып, аудармалар жасайтын. Мәселен, Ж. Аймауытов А. Пушкиннен, Н. Гогольден, В. Гюгодан, Ф. Дюшеннен, С. Чуйковтан, ал Б. Майлин В. Бонч-Бруевичтен, Р. Быковтан, В. Воробьевтан тәржіме жасаған.

Яғни аударма белгілі бір жазушылардың шығармашылығын танытып қана қоймай, бір көркемдік тәжірибенің келесі бір әдебиетте көрініс табуына, таралуына ықпал етеді екен. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жас жазушылардың (Б. Сәрмекова, Е. Әбікен) шығармашылығынан натурализмнің элементтерін, Золя шығармашылығымен ұқсастықты аңғарып, анықтаған зерттеушілерге, жазушылардың өзі Золяны еш уақытта оқымағанын айтып ақталады. Иә, олардың оқуы шарт емес. Бірақ олар Жүсіпбек, Бейімбет, Саттар шығармашылығымен таныс, оны сүйіп оқыған. Олардың тәжірибесі арқылы өздеріне сіңіріп, қабылдаған.

Гуманитарлық салада байланыс көбіне рухани атмосфера арқылы жанама түрде жүзеге асатын кезі болады. Орыс теоретигі А. Бушмин көрнекті әдеби қайраткерлер өзіне дейінгі тәжірибелерді игеріп, жеткізуші әрі өзінен кейінгі ізбасарлар шығармашылығы арқылы жалқы қоғамдық игілік ретінде көрінетінін жазған.

Осылайша көркем аударма арқылы қазақ әдебиетіне натурализм ағымының көркем техникасының келуін, таралуын көруге болады. Аударма сыны – аударманы жетілдіре түсу, олқылықтардан арылу, жақсы үлгілерді алып кеңге жайып тарату, ұтымды тәсілдерді көпшілік қолдану үшін насихаттау ғана емес, оны әдеби контактілер контексінде карастырғанда, оның (әдеби сынның) әдеби деректерді анықтап, сипаттап, жүйелеп, сосын талдап-талқылау арқылы әр кезеңдегі әдеби дамуды бақылауға мүмкіндік беретін қасиеті көрінеді.

Алаш қайраткерлерінің көркем аудармаларындағы ұлттық идея: ұжымдық монографиядан. – Астана: «FOCUS», 2025. – 328 б.

ЕРТАЙ СҰЛТАН



Ертай Сұлтан 1989 жылы 4 шілдеде дүниеге келген. Әдебиеттанушы маман, филология ғылымдарының докторы (PhD).

Е. Сұлтан 1996–2003 жылдары Алматы облысы, Талғар ауданы Береке ауылындағы Т. Рысқұлов атындағы №16 орта мектепте, 2003–2007 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-интернатында білім алды. 2007 жылы мектеп оқушылары арасындағы республикалық ғылыми жобалар конкурсында I дәрежелі дипломмен марапатталып, мемлекеттік грант иегері атанды.

2007–2011 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Филология факультетінде «Филология: қазақ тілі» мамандығы бойынша бакалавриатты «Үздік коркемөнерпаз түлек» номинациясымен тәмамдады. 2011–2013 жылдары аталған факультеттің магистратурасында оқып, «Филология, Гуманитарлық ғылымдар» магистрі дәрежесін алды. Магистратура кезеңінде әл-Фараби университеті мен Колумбия университеті (АҚШ, Нью-Йорк) бірлескен *«Master's in Development Practice Global Classroom»* жобасына қатысып, 2012 жылы Колумбия университетінде тағылымдамадан өтті және БҰҰ кезекті сессиясына бақылаушы ретінде қатысты. 2012–2013 жылдары академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Испанияның Кадис университетінде біліміп жетілдірді.

2014–2017 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бірлескен бағдарламасы аясында «Әдебиеттану» мамандығы бойынша докторантурада оқыды. Зерттеу жұмысы аясында 2016 жылы Испанияның Гранада университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Нәтижесінде «Қазіргі романның трансформациясы» (қазақ, ағылшын, испан, италия және жапон романдарын салыстырмалы талдау) тақырыбында диссертация қорғап, PhD доктор дәрежесін алды. 2021–2022 жылдары «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері ретінде Дж. Вашингтон университетінде (АҚШ) «Жоғары білімді басқарудағы көшбасшылық» бағдарламасы бойынша білім алды.

Енбек жолының басты кезеңдері:

2012–2015 жж. – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Баспасөз хатшысы;

2015–2016 жж. – Театртану бөлімінің кіші ғылыми қызметкері;

2016–2018 жж. – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғалым хатшысы;

2018 жылдан бастап – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдары кафедрасының оқытушысы (қосымша);

2019–2021 жж. – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Бас директорының орынбасары;

2021–2022 жж. – АҚШ-тағы (Вашингтон қ.) Қазақстан Республикасы Елшілігіне қарасты Абай орталығының жетекшісі;

2023–2024 жж. – Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Даму стратегиясы және интернационалдандыру жөніндегі проректоры;

Қазіргі уақытта – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры.

Ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуы:

Е. Сұлтанұлы отандық және халықаралық маңызы бар бірнеше ғылыми-зерттеу жобаларының орындаушысы және жетекшісі. Оның жетекшілігімен 2024–2026 жылдарға арналған «Әдебиеттегі жасанды интеллект негіздері: негізгі механизмдерді ашу, салдары және болашақ траекториялары» атты гранттық қаржыландыру жобасы орындалуда.

Әр жылдары қатысқан негізгі жобалары:

«Мүмкіндігі шектеулі адамдардың шығармашылығындағы өнердің рөлі мен орны» (ғылыми қызметкер);

«Шетелдегі қазақтардың өнері» (аудармашы, ғылыми қызметкер);

«М.О. Әуезов шығармашылығын тәуелсіздік кезеңінде зерттеу»;

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясындағы мемлекеттік тапсырыстар;

«Кибәдебиет: технологиялар даму бағыты, өзекті мәселелер» (нысаналы қаржыландыру бағдарламасы);

«Абай Құнанбайұлы шығармашылығы шетелдік рецензияларда».

ЖТН BR28712661«Аутистік спектр бұзылыстары бар білім алушыларды кешенді үздіксіз қолдаудың ұлттық жүйесі» атты бағдарламалы-нысаналық қаржыландыру бойынша жоба орындаушысы.

BR28713427«Үздіксіз білім берудегі халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес лингвокоммуникация мен нейролингвистика негізінде мемлекеттік тілді деңгейлік меңгертудің әлеуметтік-

педагогикалық парадигмасы» атты бағдарламалы-нысаналық қаржыландыру бойынша жоба орындаушысы.

Мерзімді басылымдар мен халықаралық дерекқорлардағы ғылыми мақалалары:

Е. Сұлтанұлының ғылыми зерттеу нәтижелері ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық индекстелетін дерекқорларда жарық көрген.

Қазіргі роман трансформациясының негізгі бағыттары / Е. Сұлтан // Наука и жизнь Казахстана. – 2016. – №3(38). – С. 185-190.

The Genre Modification of Modern Kazakh Novels / Е. Сұлтан // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – 2017. – №3(118). – С. 388-391.

Қазақ романы: кеше, бүгін / Е. Сұлтан және т.б. // Наука и жизнь Казахстана. – 2017. – №2/2 (45). – С. 185-161.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар заманауи қазақ романдарында / Е. Сұлтан және т.б. // Мир науки, культуры, образования. – 2017. – №6 (67). – С. 537-539. **(РИНЦ)**

Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер / Е. Сұлтан және т.б. // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – 2019. – №1(126). – С. 46-53. Сілтеме

Қазақ фольклорындағы тарихи жырдың қалыптасу факторлары: кейіпкерлер бейнесі / Е. Сұлтан және т.б. // Вестник ПГУ. – 2019. – №2. Сілтеме

Б. Мұқайдың «Өмірзая» роман-трагедиясының жанрлық ерекшеліктері / Вестник КГУ им. Ч.Валиханова. – 2019. – №2. Сілтеме

Эпостық жанрдағы мифтік кейіпкерлер қызметі: Мыстан кемпір мен Жалмауыз / Вестник ЗПГУ. – 2019. – №2(74). Сілтеме

Қазіргі қазақ романдары: жанрлық трансформация / Керуен. – 2021. – №2 (71). Сілтеме DOI

The Categories of Time and Space in Modern Novel Transformation / Sultan Y. және т.б. // Man in India. – 2016. – №96 (10). – P. 3919-3929. Сілтеме

Magzhan Zhumabaev and Spiritual Ecology / Sultan Y. және т.б. // Procedia Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 114. – P. 515-518. Сілтеме

Collective Trauma" Representation in Yunis Mirgaziyan's Prose / Sultan Y. және т.б. // Modern Journal of Language Teaching Methods. – 2018. – Vol. 8 (11). – P. 394-398.

Web of Science

Creativity of Zhambyl Zhabayev in the Context of Integration Processes / Sultan Y. және т.б. // Opcion. – 2020. – Vol. 36 (Special Edition, 27). – P. 188-201.

Fostering Cultural Awareness and Academic Engagement through Poetry Analysis in Kazakh Educational Contexts / Sultan Y. және т.б. // Journal of Ethnic and Cultural Studies. – 2024. – Vol. 11 (4). – P. 124–147.

DOI

Analysis of Modern Strategies for Using Artificial Intelligence Technologies in the Creation of Fantasy Content / Sultan Y. және т.б. // Journal of Digital Scholarship in the Humanities. – 2025.

DOI

«Examining the Relationship AmongArtificial Intelligence Literacy, Cultural Literacy, and Intercultural Communication Proficiency of Philology Students». Journal of Ethnic and Cultural Studies, (декабрь 2025 года, Vol.12, No. 5, процентиль 91, Q1). https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216705450

. **The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication**// Научный журнал Вестник Евразийского гуманитарного института. Taubayev Zh., Sultan Y., Dautova G; №1/2025. 185-195

https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.18

. **Современное фэнтези в условиях цифровизации: роль искусственного интеллекта и визуальных технологий**// Научный журнал Керуен. №1 (2026). Dautova G., Sultan Y., Taubayev Zh ; С. 90-105.

. **Қазақ тілді жасанды интеллекттегі лингвистикалық өзгерістер**// Вестник КазНУ имени Аль-Фараби. Филологическая серия. №2 (198); ;Alkebayeva D., Sultan Y 2025, С.19-33. ISSN 1563-0323 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.2-03

. **Fostering Cultural Awareness and Academic Engagement through Poetry Analysis in Kazakh Educational Context**//Journal of Ethnic and Cultural Studies2024, Vol.11, No. 4, 124-147 , Sultan Y., Yessenova K., etc;Процентиль-91

http://dx.doi.org/10.29333/ejecs/2294

Наградалары мен құрметті атақтары:

Мектеп оқушылары арасындағы республикалық ғылыми жобалар конкурсының **I дәрежелі дипломы** (2007 ж.).

«Үздік көркемөнерпаз түлек» номинациясы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (2011 ж.).

«Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері (2021 ж.).

Жанрлық тұрғыдан қазақ романы өзінің дәстүрлі эпикалық сипатын сақтай отырып, батыстық және шығыстық жаңа әдеби ағымдармен байып жатыр. Мақала қазақ романының өткені мен бүгінін зерттеуші әдебиеттанушылар мен студенттерге арналған. Мақалада классикалық критерийлер шеңберінен шығып кеткен қазіргі романның формалары жан-жақты қарастырылып, талданады. Дәлірек айтсақ, Т.Әбдіковтің «Парасат майданы», М.Мағауин «Жармақ» және Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» шығармалары негізінде қазіргі романның жанрлық модификациясына шолу жасалды. Аталған жазушылардың шығармаларын талдау арқылы әрбір автордың өмір шындығын берудегі өзіндік әдіс-тәсілдері мен техникалық ерекшеліктері анықталды. Осылайша, Т.Әбдіков өзі суреттеп отырған әлемге шынайылық иллюзиясын беру үшін күнделіктің «ғабадаттық», «рефлективтік» қасиетін ескере отырып, баяндау тәсілін, ал М.Мағауин батыс әдебиетінде А.Камю шығармашылында, З. Фрейд, К.-Г. Юнг зерттеулерінде көтерілген екідайлылық парадигмасын қолданады. Осы арқылы постмодернистік бейнелеудегі қазіргі шынайылықты философиялық жалпылыққа дейін көтереді. Д.Амантай толықтай дәстүрлі баяндау формасынан алыстап, қазіргі өмір бейнесінің қарама-қайшылығын ашуға тырысады.

Е. Султан. Қазіргі қазақ романдары: жанрлық трансформация. Монография: Керуен. – 2021. – №2 (71).

Мақала қазіргі қазақ романдары ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, бүкіл адамзатқа ортақ рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптейтінін және олардың қазіргі қоғам үшін маңызды тәрбиелік мәнге ие екенін көрсетеді. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың көрінісі зерттеледі. Авторлар Х. Әдібаевтың «Егіздер шоқжұлдызы (күпия және тылсым)» және А. Жақсылықовтың «Окаяндардың түстері» романдарын талдай отырып, адамзатқа ортақ рухани-адамгершілік мәселелерді қарастырады.

Е.Султан. «Қазіргі қазақ романдарындағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар» / Е. Сұлтан және т.б. // Мир науки, культуры, образования. – 2017. – №6 (67). – С. 537-539. (РИНЦ)

Эпостың барлық жанрларындағы ең маңызды категориялардың бірі – батырдың ерлігі мен оның жаулармен күресі. Дәуірлердің ауысуы мен тарихи жағдайлардың өзгеруіне байланысты жау бейнесі де уақыт өте келе өзгеріп отырды. Ең көне эпостарда батырлар негізінен

мифологиялық кейіпкерлермен шайқасса, тарихи оқиғалардың дамуына қарай олардың қарсыластары да шынайы сипаттарға ие бейнелерге айналды. Уақыт өте келе қарға, құбыжық, адамжегіш, кемпір және айдаһар сияқты кейіпкерлердің орнын батырдың жері мен еліне қауіп төндіретін адам бейнесіндегі жаулар басты. Мұндай бейнелер негізінен көне мифологиялық кейіпкерлерден, зооморфтық образдардан, туыстас болғанымен жауласқан ру-тайпалардың өкілдерінен және қалыңдық үшін күресетін бәсекелестерден қалыптасты. Мақалада архаикалық және қаһармандық эпостардағы басты кейіпкерлермен күресетін қарсыластардың бейнелері жан-жақты қарастырылып, олардың өзгеруі мен даму жолдары талданады. Сондай-ақ эпикалық батыр бейнесін қалыптастырудағы көне сюжеттер мен мотивтердің рөлі сипатталады. Ежелгі эпостардағы батыр қарсыластарының түрлері анықталады.

Е.Султан. Көне эпостағы мифтік кейіпкерлер. ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. – 2019. – №1(126). – С. 46-53.

Қазақ тарихи эпосы – сыртқы жауларға қарсы ұлт-азаттық күрестің нәтижесін бейнелейтін кеш дамыған эпос түрі. Тарихи эпоста шынайы тарихи бейнелердің құрылуы басым. Қазақ халқының эпикалық мұрасының тарихы, оның әдеби және көркем негіздерінің ажырамас бір бөлігі. Қазақ фольклорында әр кездерде тарихи жырдың жанрлық табиғаты айқындалып, оның даму заңдылықтары жөнінде ғылыми пікірлер тиянақталды. Сөйтіп, қазақ фольклорының даму барысында тарихи жыр эпикалық жанрдың ежелгі формасынан жаңа сипатқа көшкенін, оның шындыққа жақындай түскенін көрсететін бір саты екені айқындалған. Батырлық эпос немесе тарихи эпос секілді халық шығармашылығының жанрлары тарихи оқиғалардың аясында пайда болып, нақты тарихи тұлғалардың бейнелерін суреттейді. Әрине, халық эпосы, дастандар ерте заманда болған оқиғалардың дәл көшірмесі емес. Алайда, бұл жанрдың ғылыми, тарихи, әлеуметтік, тәлім-тәрбиелік және мәдени маңызы зор. Кілтті сөздер: қазақ фольклоры, тарих, эпос, жанр, батыр бейнесі, кейіпкерлер, мотив.

Е.Султан. Қазақ фольклорындағы тарихи жырдың қалыптасу факторлары: кейіпкерлер бейнесі / Вестник ПГУ. – 2019. – №2.

СҰЛТАНҒАЛИЕВА РИТА БЕКЖАНҚЫЗЫ



Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы 1984 жылы 2 маусымда Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1997 жылы Орал қаласындағы № 11 С. Сейфуллин атындағы Дарынды балаларға арналған мектеп-интернат кешеніне қабылданып, 2001 жылы аталған мектепті үздік аяқтайды.

2001 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-ға оқуға түсіп, 2005 жылы университетті үздік дипломмен тәмамдаған.

2005-2008 жж. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аспирантурасын үздік бітіріп, 2009 жылы профессор Серік Мақпырұлының ғылыми жетекшілігімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «С. Мұқанов романдарындағы диалог қолдану ерекшелігі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған.

2009 жылдан бастап М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың оқытушысы қызметін атқарса, кейін аға оқытушы болды, БҚМУ қауымдастырылған профессоры академиялық ғылыми атағын иеленді. Бүгінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағының иегері.

Қаламгер жазушы С. Мұқановтың 115 жасқа толуы қарсаңында «S.Mukanov romanlarında diyalog kullanımı» атты монографиялық еңбегі түрік тілінде шетелде жарық көрді. Ғылыми зерттеу еңбегі Түркияның Анкара қаласында Еуразия Жазушылар одағының торағасы, филология ғылымдарының докторы Якуб Омероглының ғылыми редакторлығымен BENGU баспасында басылып шыққан. Аталған монографиялық зерттеу еңбегі Түркияның Анкара қаласында өтетін Fuary халықаралық кітап жәрмеңкесіне қойылып келеді.

Р.Б. Сұлтанғалиеваның «Der Dialog als Mittel der Charakterbildung im Roman "Botagoz" von Sabit Mukanov» атты ғылыми жобасы «Turkvolker und andere Ethnien» Германияның (Берлин қаласы) ғылыми зерттеулер орталығының өкілі Э. Хариспен ғылыми байланыс негізінде жүзеге асырылды.

Туыстас қазақ, түрік байланыстарын зерделеу бағытында жұмыстар жүргізіп келе жатқан ғалымның Түркияның Стамбул қаласынан шығатын «YOM» халықаралық ғылыми журналында және Анкарадан шығатын «Kardesh Kalemler» халықаралық әдеби, мәдени, ғылыми басылымында мақалалары үздіксіз жарияланып келеді.

2011 жылдан бастап, халықаралық «Алтай тілдерінің зерттеулері» (Түркия) ұйымының мүшесі.

Рита Бекжанқызының ғылыми мақалалары Түркия елімен шектелмей, жақын және алыс шетелдерде Ресей, Қырғызстан, Украиня және Қытай, Германия, Греция, Франция, Болгария, Чехия, Үндістан, Италия, Англия, АҚШ, Сингапур елдерінде жарық көріп келеді.

Ғылыми жұмысының нәтижесінде «XIX ғасырдағы орыс прозасы мен публицистикасындағы қазақ халқының мәдени дәстүрлері (В.И.Даль, Н.Ф.Савичев, И.И.Железнов шығармаларының материалында)» (қазақ, орыс тілдерінде) монографиясы Қырғызстандағы Ресей-Қырғыз Халықаралық академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Александр Кацевтың ғылыми редакторлығымен 2015 жылы басылып шықты.

2021 жылы шәкірті, жас ғалым С. Сағидуллиевамен «Тәуелсіздік кезеңіндегі жас қаламгерлер прозасы және әлемдік әдеби дәстүр ықпалдастығы: готикалық, мистикалық, магиялық мотивтер», Ж. Мұханбетовамен «С. Елубай прозасы: ұлт тарихы, ұлттық болмыс, ұлттық характер және суреткерлік шеберлік» атты монографиялары жарық көрді.

2024 жылы шәкірттерімен авторлық ұжымдағы «Қазіргі қазақ прозасындағы интерьердің қызметі мен көркемдік поэтикасы» (Б.Рысқалиевамен авторлық ұжымда) атты монографиясы мен «Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары (постмодернизм поэтикасы)» (Ж. Харисовамен авторлық ұжымда) атты оқу құралы жарық көрді.

Ғылыми мақалалары халықаралық импакт факторлы ғылыми басылымдарда жарияланды. Бүгінде Scopus базасындағы жарияланым көрсеткіші бойынша хирша көрсеткіші 2-ге тең.

2013 жылы Рита Сұлтанғалиева ҚР Білім Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Германияның Дюссельдорф қаласында «INTAMT» университетінде халықаралық ғылыми тағылымдамадан өтіп, кәсіби педагогикалық біліктілігін арттырған.

2015 жылы Париж қаласында Франция академиясында және Ницца университетінде болып, КОНКОРД халықаралық академиясы мен ФИДЖИП халықаралық федерациясының қолдауымен ұйымдастырылған халықаралық тағылымдамаға қатысып, ФИДЖИП-КОНКОРД-ЕУРОТАЛАНТ халықаралық қозғалысы Европа мемлекеттері мен ТМД мемлекеттері арасында ғылыми байланыс бірлескен бағдарламалар, халықаралар жобалар аясында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми-педаогикалық бағытта біліктілігін арттырған.

2018 жылы Рита Бекжанқызы Корея мемлекетінде болып, Оңтүстік Кореялық Ханкук шет тілдер университетінде өткен (Орта Азияны

зерттеу институты, халықаралық тілдер департаменті) халықаралық тағылымдама мен «Халықаралық ұйымдармен ғылыми, білім берудегі тәжірибе алмасу: тілдерді меңгертуде халықаралық тәжірибе алмасу, үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер, оқыту жүйесіндегі білім нәтижесін бағалау жүйесі» бойынша біліктілікті арттырған. Рита Бекжанқызы бұл тағылымдама аясында сол университете білім алып жатқан шетелдік студенттерге қазақ тілінен сабақтар жүргізіп, тәжірибе алмасып қайтты.

«Шығыс халықтары әдебиеті» (авторлық ұжымда) ҚР БҒМ РОӘК Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Білім тобындағы мамандықтарының грифімен басылып шықса, «Шетел әдебиетінің тарихы» оқу құралы (авторлық ұжымда) әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің РОӘК шешімімен және «Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары (постмодернизм поэтикасы)» атты оқу құралы М. Өтемісов атындағы БҚУ Ғылыми кеңесінің шешімімен жарияланды.

Р.Б. Сұлтанғалиева ғылыми ізденіс жұмыстарын әлеуметтік бағытпен де ұштастырып келе жатыр. 2011-2014 жылдары «Балалар үйінің, балабақша және мектеп бүлдіршіндерінің арасында мемлекеттік тілді, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге бағытталған іс шаралар өткізу» ғылыми-әлеуметтік жобасы аясында «Қыздар әлемі» порталының редакторы болды.

Р.Б. Сұлтанғалиева жетекшілігімен дайындалған студенттердің, магистранттардың ғылыми жұмыстары университетішілік, облыстық конференцияларда жүлделі орындарға ие болып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің СҒЗЖ байқауында жүлделі орындарына ие боп келеді.

Рита Бекжанқызы Батыс Қазақстан облысы жастар премиясының 2010 жылғы лауреаты, «Үздік жас ғалым» номинациясының иегері.

2014 жылғы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының жеңімпазы.

2015 жылы ғылыми жетістіктері үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталады.

2017 жылы түбі бір түркі елдері арасындағы ортақ құндылықтарды айқындау, түркі әлеміндегі ғылыми қатынастарды тереңдету, Қазақстан мен Түркияның достық, мәдени және әдеби қатынастарының дамуына қосқан үлесі үшін «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының алғыс хатымен марапатталады.

2025 жылы ҚР ҒЖБМ «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Р.Б. Сұлтанғалиеваның жарық көрген ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері:

1. С. Мұқанов шығармаларындағы диалог қолданысы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 204 б.

2. Sabit Mukanov Romanlarında Diyalog Kullanımı. Монография. Түркия. – Анкара: Бенгу, 2015 жыл. – 238 б.

3. «XIX ғасырдағы орыс прозасы мен публицистикасындағы қазақ халқының мәдени дәстүрлері (В.И.Даль, Н.Ф.Савичев, И.И.Железнов шығармаларының материалында)» (қазақ тілінде) «Культурные традиции казахского народа в русской прозе и публицистике XIX века (на материале произведений В.И.Даля, Н.Ф.Савичева, И.И.Железнова)» (на русском языке). Монография. – Алматы: Credos LTD S, 2015 жыл. – 256 б. (Авторлық ұжымда: Ә.С. Мұханбетқалиев).

4. Шығыс халықтары әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2020. – 176 б.

5. Шетел әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2014. – 196 б. (Авторлық ұжымда: А.Ш. Жүсіпова, А.А. Абдульманов).

6. Тәуелсіздік кезеңіндегі жас қаламгерлер прозасы және әлемдік әдеби дәстүр ықпалдастығы: готикалық, мистикалық, магиялық мотивтер. Монография. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. – 134 б. (Авторлық ұжымда: С.С. Сагидуллиева).

7. Смағұл Елубай прозасы: ұлт тарихы, ұлттық болмыс, ұлттық характер және суреткерлік шеберлік. Монография. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. – 134 б. (Авторлық ұжымда: Ж.Ө. Мұханбетова).

8. Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары (постмодернизм поэтикасы). Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2024. – 224 б. (Авторлық ұжымда: Ж.Ж. Харисова).

9. Қазіргі қазақ прозасындағы интерьердің қызметі мен көркемдік поэтикасы. Монография. Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2024. – 144 б. (Авторлық ұжымда: Б.Д. Рысқалиева.)

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

С. Мұқанов романдарындағы диалог үлгілерінің заман тынысы мен адамдар характерін өмірлік-философиялық нанымдылықпен бейнелеудегі көркемдік қызметі ерекше. Кейіпкерлер қатынасы диалогсыз ашық әрі айқын бола алмайды, онсыз шығарма көркемдік-эстетикалық шындыққа сай келмес еді. Диалогқа осы тұрғыдан қарасақ, қаламгердің аталған романдарындағы әр алуан диалог үлгілерін шығарманың негізгі идеясына арқау болған көркемдік құрал ретінде бағалауға болады. Мүдделес, бір-біріне жақын, туыстық қатынастағы кейіпкерлердің қарапайым тілдесу сәттерінен бастап, жол жөнекей,

сапар барысындағы әңгімелесулері, қаһармандардың жүздесу кезіндегі ой бөлісулері, кездейсоқ кездесу сәттеріндегі әр түрлі көңіл-күй нюанстарын бейнелейтін кейіпкерлердің төл сөздері, мүдделері қайшы келетін адамдардың, оппоненттердің айтыс-тартысын, пікір алмасу, дауласу кездері – барлығы тұтас шығармаға негіз болатын сюжеттерді бейнелейді. Шығарманың сюжеті дамып, ондағы кейіпкерлердің тартысы шиеленісе түскен сайын, диалог та соншалықты бірге жетіліп отыратынын байқаймыз. (188-б.)

С. Мұқанов әдебиеттің барлық жанрлық салаларында қалам тербегені баршаға аян. Зерттеу еңбегінде қаламгердің прозалық шығармаларындағы диалог үлгілері қарастырылды. Диалогтың әрбір көркем прозадан көрініс тауып отыратыны сөзсіз. Ал қаламгер қолданған диалог үлгілері әр ортаның тілінде сөйлеп, ауызекі әңгіме түрінде басталып, қуаты күшті күрделі көркем диалогтарға дейін ұласып, ұлт тілін бойына сіңірген халық жазушысы екендігін танытып отырған. (192 б.)

С. Мұқанов шығармаларындағы диалог қолданысы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 204 б.

S. Mukanov romanlarındaki diyalog örnekleri, dönem havasını ve insanların karakterini, onların hayat felsefesini inandırıcılıkla canlandıran, edebi işlevi çok özel türlerdir. Kuşkusuz ki, kahramanların ilişkileri, diyalog olmadan açık ve net olamazdı. Diyalog olmadan eser, edebi ve estetik gerçekliğe uygun düşmezdi. Diyaloğa bu açıdan bakacak olursak, yazarın adı geçen romanlarındaki çeşitli diyalog örneklerini, eserin asıl konusuna ve amacına temel olan edebi bir araç olarak değerlendirmek mümkündür. Kahramanların basit konuşma anlarından başlayarak, seyahat sırasındaki sohbetleri, karşı karşıya geldikleri anda düşüncelerini ortaya koymaları, tesadüfen karşılaştıkları sırada çeşitli moral durumlarını ayrıntılarıyla tasvir etmeleri, muhaliflerin davalı tartışmaları, kişilerin fikir alışverişinde bulunmaları, kavga anları, hepsi bir bütün olarak esere temel oluşturur. Bunlar, olayları ve öyküleri tasvir eder. Eserin öyküsü geliştiğinde, kahramanların tartışmaları daha da karmaşık hale gelir. Bu durumda diyalog da bir o kadar gelişir. (223-s.).

Sabit Mukanov Romanlarında Diyalog Kullanımı. Монография. Түркия. – Анкара: Бенгу, 2015 жыл. – 238 б.

Жазушының шындықты шырқырата толғаған әрбір туындысының астарынан қорлық пен зорлықтың сан түрін бастан кешіп, рухани тепкіден, аяусыз азаптан қалған іздердің, жүрекке түскен жан жарасының, тілсіз қиналған, үнсіз ызаға булыққан көкіректің ащы

запыраны мен шарасыздың күйін кешіп, боздай алмай тұншыққан жазықсыздардың қанды көз жасы сорғалап, мұңы көрініп-ақ тұрады. Жазушының «Ақ боз үй» роман-трилогиясы – жан-жақты талқыға салып, байыппен зерделеуді, ұлттық дүние ретінде қастерлеуді қажет ететін, бүгінгі ұрпақ санасына мәнді ой салар лықтай, әдебиет әлемінен лайықты орын алар лықтай құнды шығарма. (122 -б).

Жазушы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романында ұлт тарихының қилы кезеңі, ел басқарып отырған билік өкілдерінің опасыз қылықтары, ашаршылыққа тап болған бейкүнә халықтың мұң-зары, қиыншылықтан шыға алмай шырғаланға түсіп, шешімін таба алмай адасқан, ертеңіне күмәнмен қарап, бейбіт күн үшін арпалысқа түскен халық өмірі шынайы әрі шебер суреттеледі. Шағын ғана ауылдың, бейқам тіршілік етіп жатқан ауыл

жұртының басынан кешкендері қай оқырманның болмасын жүрегін дір еткізіп, қазақ халқының басына төнген қараспан заман, қатыгез кезең хақында мағлұмат бере отырып, қалың ойға батырары сөзсіз. Қарымды

қаламгер Смағұл Елубай қилы заманның сұрапыл көріністерін, қазақ еліне нәубет болып төнген ашаршылықтың адам төзгісіз мол азабын реалистік сипатта шынайы бейнелеп «Ақ боз үй» романы арқылы жеткізе білді. Жазушы Смағұл Елубай «Ақ боз үй» трилогиясындағы кейіпкерлерінің қым-қиғаш өмір жолдары арқылы өрбіген әр қилы оқиғалар, шым-шытырыққа толы өмірлік жол тораптары мен оған деген өзіндік көзқарастары, кейіпкерлерінің сол оқиғалардан шығу жолдары, іс-әрекеттері арқылы көркем идеяны шебер жеткізе білген. (123-б.)

Жазушы Смағұл Елубай романында ұлт тарихының қилы кезеңі, ел басқарып отырған билік өкілдерінің опасыз қылықтары, ашаршылыққа тап болған бейкүнә халықтың мұң-зары, қиыншылықтан шыға алмай адасқан, ертеңіне күмәнмен қарап, бейбіт күн үшін арпалысқа түскен халық өмірі шынайы суреттеледі. Қаламгер қилы заман көрінісін өз романында реалистік сипатта шынайылықпен бейнелеуді мақсат тұтса, жазушының «Мінәжат» романы қаламгер мақсатын толық орындап шыққандай.

Жазушы Смағұл Елубай «Жалған дүние» романында XX ғасырдың сексенінші жылдарындағы қоғамға жат іс-әрекеттер белең алған заманда рухани тоқырауға ұшыраған, жаппай шырғаланға түскен, рухани азғындаған халық өмірін шынайы баяндайды. Ал, жазушы өзінің «Жалғыз», «Жарық дүние», «Асау» сияқты хикаяттарында өмірдің сынына ұшырап, жалғыздықтан жаны күйген, әділетсіз өмірдің сан түрлі сынақтарынан өте алмай, жазықсыз жала жамылып, күйкі түрліктің күйбең мінезіне қаймыққан халық бейнесін, адамзаттың бір-біріне аяушылық танытпас ессіз қылықтарын жан-жануарларға

көрсеткен қатыгездіктері арқылы шынайы бейнелеп, әр іске көркемдік шешім жасап отырады. (124-б.)

Р.Б. Сұлтанғалиева, Ж.Ө. Мұханбетова. Смағұл Елубай прозасы: ұлт тарихы, ұлттық болмыс, ұлттық характер және суреткерлік шеберлік. Монография. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. – 134 б.

Жас қаламгерлер қазақ прозасында интеллектуалдық дамудың үрдісі жүріп, жаңа құндылықтармен толығып жатқанын анықтай түскендей. Модернистік поэтиканың сана ағымы, фантастикалық бейнелеу, түс, т.б. түрлерін пайдаланған. Характерлердегі сапалық өзгешеліктер жаңа философиялық таным, дүниетану жаңа стильдік бедерлер, көркемдік ерекшеліктермен берілген. Постмодернизмде бірыңғай стиль жоқ, сондықтан жарып шыққан постмодернистік стиль болмайды. Бірақ постмодернистік әдебиеттің дәстүрге карама-қайшы келіп жататынын ескерсек, қаламгердің шығармашылығына қарап, нақты шешім қабылдау әлі ертерек екенін, оның осы екі ағым арасында ізденісте жүргенін аңғарамыз. Дәстүр мен жаңашылдықта еркін жүзетін, классика мен постмодернді бірдей меңгерген постреализм – Адам тіршілігінің маңызы туралы мәселе қояды және көзге көрінетін «бей-берекеттен» өзінің ғана әлемін жасайтын кейіпкер арқылы шешеді. (121-122 бб.)

Р.Б. Сұлтанғалиева, С.С. Сағидуллиева. Тәуелсіздік кезеңіндегі жас қаламгерлер прозасы және әлемдік әдеби дәстүр ықпалдастығы: готикалық, мистикалық, магиялық мотивтер. Монография. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021. – 134 б.

Шығармаларда кездескен әдеби интерьердің дәуір тынысы мен кейіпкер характерін өмірлік-философиялық нанымдылықпен беруде атқаратын қызметі зор. Десе де шығармадағы заттық әлемін қолданысын орынды, тауып қолдану да, тану да оңай емес. Әдеби интерьердің қызметін саралау арқылы біз көркем туындының поэтикасын тануға жол ашамыз. Қазіргі қазақ прозасында көрініс табатынәдеби интерьер мен ондағы заттардың оқиға өрбитін орта, кейіпкер психологиясының индикаторы, өткенді еске түсіріп, ойға оралтатын белгі, шығарма шырайын кіргізетін көркемдік элемент, уақыт пен кеңістік тоғысында қалыптасып, ұлттық мәдениет пен танымның көрінісін, тарихи дәуірдің сипаты мен өзіндік болмысын танытып, адамның тұрмыс-тіршілік деңгейінен де хабар беретін баяндау бірлігі ретіндегі қызметтерін айқын кездестіре аламыз. (127-б.)

Көркем сөйлеу шеңберінде қалыптасқан сәндік қызметінің оқырманның эстетикалық талғамымен үйлесе отырып, көркем мәтін

шеңберіне сәтті енген әдеби интерьер түрі. Шығармадағы бейнелілік интерьер арқылы кейіпкердің қоршаған ортасын, бітім-болмысын, психологиялық ерекшеліктерін, көзқарасын тануға болады. Әдетте, әдеби интерьердің бұл қызметін психологиялық детальмен байланыстыру арқылы қызметін тереңдете түседі. Егер кейіпкер болмысы ашылмаса, шығарманың идеясы да тереңінен ашылмайтыны түсінікті. Ал бұл өз кезегінде әдеби интерьердің, соның ішінде бейнелілік қызметінің мәнін арттыра түспек. Әдеби интерьердің мекеншақ қызметі көзге түскен заттар арқылы оқиға өткен орын мен мезгіл айқын анықталады. (129-б).

Шығарма барысында көркем шындықты жеткізуде заттық әлемнің рөлі зор. Көркем туындыдағы барлық бүтін жекеден құралады, ал шындық понорамасы заттық әлемнен тұрады. Қазіргі көркем шығармаларында кездесетін әрбір суреттеу бірліктерінің дәстүрлі көрінісін қазақ әдебиетіндегі шығармалар желісінде талқыланып, ерекшеліктерін айқындау мәселесі туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу қай кезеңде де өз маңыздылығын жойған емес. Әдеби интерьер сынды суреттеу тәсілінің көркем шығармаларда сомдалу ерекшеліктері тікелей заттардың адам ұғымында қалыптасқан қызметі мен өміріне тигізетін әсеріне байланысты; әдеби интерьер арқылы кейіпкердің өмір сүрген дәуірі, халықтың тұрмысы, әлеуметтік жағдайы жөнінде біраз түсінік алуға болады; жаңа мағына берудің маңызы автор тарапынан заттарға акцент қоюдан көрініс табады; көркем шығармадағы заттар поэтикалық мәнге ие болғаннан кейін, жаңа қызмет атқаруға кіріседі; әдеби туындыдағы заттық әлем объектілерінің «иеленушісінің» тұлғасын жан-жақты ашуға ерекше атсалысады. (129-130 бб.).

Р.Б. Сұлтанғалиева, Б.Д. Рысқалиева. Қазіргі қазақ прозасындағы интерьердің қызметі мен көркемдік поэтикасы. Монография. Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2024. – 144 б.

Адамзат тарихында көптеген дәуірлер өтіп, жаңа кезеңдер алмастырып келіп жатты. Сәйкесінше мәдениетте де төңкеріс жасалып, өнердің жаңа түрлерінің қалыптасуы мен оқшауланауына, олардың өзгеруіне, тереңдеуіне, өнерді іске асыру құралдарының, өнер тілінің кеңеюіне, екінші жағынан олардың бірігуіне, өзара әрекеттесуіне себеп болды. Өтпелі кезеңдерде жаңа құралдарды іздеу, өнерді дамытудың жаңа жолдарын табу мәселесі маңызды бола түсті. Замана ерекшеліктеріне сай ілесіп даму мәдениет қай заманда болмасын өз маңызын жойған емес. Сондай-ақ, техниканың, тұтыну құралдарының дамуы адамдар қызығушылықтарының өзгеріп, белгілі бір деңгейде әлемді қабылдау картинасының да өзгеріске ұшырауына әсер етті. Әр

кезеңде өмір сүрген оқырманның талғамы әр түрлі деңгейде қалыптасуы заңдылық. (154-б.).

Постмодернизм қалыптасуынан кейін, постмодернистік кейіпкерлерге қатысты «дүние қысымына шыдай алмай постадамға айналады» деген түсінік қалыптасқаны мәлім. Постмодернизмдегі поп-арт, сонористика, алеаторика, хэппенинг, соц-арт тенденцияларындағы постадамның әдеби шығармада көрініс табу ерекшеліктерін анықтау әлі де болса актуалдылығын жойған емес. (155-б.)

Әдебиетке ерекше жаңалық болып енген «постадам» түсінігі осы күнге дейін әр түрлі жолдармен сипатталып, әр түрлі өнер салаларында өзгеше түсіндіріліп келеді. Десе де постадамның қандай кезеңдерден өткен тұлға екендігі, қандай ерекшеліктерді бойына жинағандығы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу қай кезеңде де өз маңызын жойған емес. (157-б.).

Постадам бейнесі көптеген жылдардан бері әр түрлі ғылым саласының зерттеу нысанына айналып үлгерді. Әдебиеттануда да постадам түсінігі қарастырылып келеді. Қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық үлгілері осы кезге дейін әлі дәстүрлі бағыттардың орнын алмастырып, оларды толықтай ығыстырып шығарған жоқ. Ол әлі де мүмкін болармақ құбылыс емес. Десе де, оқу құралымызды жазу барысында жаңашылдықтың қазақ әдебиетіне детальды түрде келіп, поп-арт, сонористика, алеаторика, хэппенинг, соц-арт сынды тенденциялардың ерекшеліктерінің қазақ прозалық шығармаларына еніп үлгергеніне көз жеткіздік. (157-б.)

Р.Б. Сұлтанғалиева, Ж.Ж. Харисова. Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары (постмодернизм поэтикасы). Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2024. – 224 б.

СҰЛТАНОВА БИБІГҮЛ МЫҢБАЙҚЫЗЫ



Бибігүл Мыңбайқызы 1968 жылы 4 ақпанда Түркістан (бұрынғы Шымкент) облысында дүниеге келген. Әкесі Сұлтанов Мыңбай Әмірешұлы I және II Дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері, ауданның құрметті азаматы.

Бибігүл Мыңбайқызы 1985-1990 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде оқыды. Ғылыми-педагогикалық еңбек жолын 1990 жылы Жамбыл гидромелиорация құрылыс институтының Тілдер кафедрасында Қазақ тілінің оқытушысы қызметінен бастады. Филология ғылымдарының кандидаты (2005), қауымд. профессор (2020), 2023 жылғы «ҚР жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері. Әдебиеттанушы маман. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиеті; шетел әдебиеті; қазақ драматургиясы; қазақ және шетел әдебиетінің байланысы, әдебиетті оқыту.

Бибігүл Мыңбайқызы – 250-ге жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның қатысуымен 2015-2017; 2017-2020; 2020-2022 жылдары ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша үш ғылыми жоба орындалды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде үш ұжымдық монография жарық көрді.

Бибігүл Мыңбайқызы ғылыми еңбектері ішінде 13 оқулық, оқу құралы, монография жарық көрген. Жарық көрген негізгі еңбектері:

1. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, Оқу құралы, Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ, - 284 бет, 2017 ж.

2. XX ғасыр басындағы ұлттық драматургия, Монография, Алматы: ҚазМемҚызҒПУ, №6, 23.02.2017, 206 б.

3. Оқу сауаттылығы, Оқу құралы, Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ, - 137 бет, 2019 ж.

4. Латынша қазақ әліпбиі: талдау, таңдау, даралау, Ұжымдық монография, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің мемлекеттік тапсырысы ретінде ғылымды 2015-2017 жылдары негізде қаржыландыру аясында шығарылды, - 256 бет

5. Қазақ драматургиясы, Оқулық, Абылай хан атындағы ҚХҚ ж ӘТУ базасында «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БжҒМ Оқу-әдістемелік Кеңесі Президиумы мәжілісі Хаттамасы №8. 17.04.2020ж. шешімімен баспаға ұсынылды, - 155 бет

6. Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991–2016 жж.), монография, ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған. Монография ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жобасы нәтижелері бойынша дайындалған (мемтіркеу № AP05131632), А, 2020ж. 335 б.

7. Praktikal English for elementary and pre-intermadiate larners, Электронды оқулық, куәлік № 206, ISBN 978-605-7811-86-8, IKSAD, Түркия, Анкара, 2020

8. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік үдерістер, Электронды оқулық, куәлік № 13403, 220 МГ

9. Сұлтан Бейбарыс, Комикстер сериясы, (сценарий авторы) , Алматы 2019 ж.16 бет

10. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің даму үрдістері (1991-2021жж., Монография, ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған. Монография ҚР ҒЖБМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу жобасы нәтижелері бойынша дайындалған (ЖТН № AP08855695), А, 2022ж. 390 б

11. «Оқу сауаттылығы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы, Оқу бағдарламасы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ Ғылыми кеңесі және редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған, №2 хаттама, 24.12.2020 ж., «Қазақ университеті» баспасы, 2022 ж, 46 б.

12. «Шетел әдебиеті», Оқулық, Абылай хан атындағы ҚХҚ ж ӘТУ базасында «Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БжҒМ Оқу-әдістемелік Кеңесі Президиумы мәжілісі Хаттамасы №, 17.04.2022ж. шешімімен жарық көрді.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. 2023 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері, Астана 2024 ж.

2.Тіл жанашыры, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет дипломы, Астана 2025ж.

3. ҚР жоғары білім және ғылым саласын дамытуға елеулі үлесі және адал қызметі үшін Құрмет грамотасы

4. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің дамуына сіңірген ерекше еңбегі үшін «Құрмет белгісі» төсбелгісі, 28.08.2015 ж, №217

5.Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің дамуына сіңірген ерекше еңбегі үшін мерекелік төсбелгі, 2024 ж.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазақтың профессионалды пьесасы «Еңлік-Кебек» дәуір тарихының бетін ашты. Оның маңызы алғашқы профессионал роман, повесть, әңгіме, поэма тағы тағылармен шамалас. Ал тақырып көкейкестілігі, көркемдік әдіс-амалы, идеялық шешімі салыстыруға келмейтін дәрежеде, тым жоғары тұр. Пьесада ұлттық мүдде, ұлттық мұрат өр рухта өрнектеле отырып, драмалық тартысқа арқау бола білген. М. Әуезовте басқа зиялылар секілді елдік мәселесін жоқтаудан, ұлттықты сақтаудан бір танбады.

Қазақтың қарапайым да дана қарттары сөзімен ағайындықтың азуы, туысқандықтың тозуы, соған сай елдікті іздеу мәселесін драмашы жаңа жанр арқылы да сан сипатта көрсетеді. Алғашқы профессиональды пьеса «Еңлік-Кебекте» де ұлттық мінезіміз бен қасиеттерімізді ашып көрсететін қазақ қарияларының бейнесі сомдалған. Қазақтың ұлттық рухы бейнеленген кейіпкердің бірі – Абыз. Халқымыз үшін «абыз» деген ардақты сөз, абыройлы атақ.

Сұлтанова Б. М. XX ғасыр басындағы ұлттық драматургия. Монография. Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2017. -16-бет.

Халима – пьесадағы сергелденге түскен негізгі кейіпкер. Ажарлы да ақылды, мінезге бай Халима бақытты болғысы келеді. Бақытты болуға барлық мүмкіндігі бар. Бай, ауқатты жерге келді. Не ішемін, не киемін демейді. «Күйеуі болса әдемі, айналасы толған дәулет», «ең бастысы бір-бірін сүйеді, күйеуінен инедей көңілі қалған жері жоқ» (Кеменгерұлы, 1996). Бірақ мұның бәрі алдамшы сағым екен. Халима байлықтан да, сүйген жардан да опа таба алмайды. Адамды адам қинап, адамды адам қорлайтын жерде бір басыңның кісілік қасиеті арқылы бақыт табу мүмкін емес екен.

Алтын сақинасын бермегені үшін таяқтан көз ашпай, құлағынан сөз, басынан таяқ кетпеген Халима өмірімен қоштасады. Оның жан-дүниесіндегі күрделі құбылыстарды драматург ерекшелігімен беруге ұмтылды.

Бір сақина үшін ене мен келін арасындағы қырғи-қабақтық өршіп, соның салдарынан күйеуі Сағынтайдың «шоқпар қолы», «тікенек сөзі», «айуан мінезі» т.б. бәрі-бәрі қосылып, Халима тағдырын қиындатып, оның өлімімен аяқталады. Драматург адамзаттық күрделі мәселені бір отбасы адамдары арқылы бейнелейді.

Сұлтанова Б. М. XX ғасыр басындағы ұлттық драматургия. Монография. Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2017. -22-бет.

Жұмат Шаниннің фольклорға қатысы, фольклорлық дәстүрді игеруі сан-салалы. Драматург өзінің төл туындыларын сомдаған сәттерде фольклордағы көркемдеу жүйелерімен, бейнелеу құралдарына, өлең өрнегіне, сюжеттік, композициялық элементтерге көбірек назар аударды. Солардан үйрену арқылы ол өз шығармаларында фольклорға тән ұғым-түсініктерді, этнографиялық детальдарды, сөз мәйегін, аңыздық-мифтік сюжеттер мен желілерді шебер пайдаланды. Өз туындыларында драматург халықтық фольклордың аса нәрлі бояуларын, тілдік қазыналарды мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, афоризмдерді кеңінен қолданды.

Сұлтанова Б. М. XX ғасыр басындағы ұлттық драматургия, Монография, Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2017, -29-бет.

Шындық өмірді, оның қарама-қайшылықтарын бейнелеуде ең маңызды құрал болып есептелетін тартыс және кейіпкерлер жазушының шеберлігі арқасында дамиды. Әрбір қоғамның өзіне тән қайшылықтары бар, сондықтан тартыстың пайда болуы мен дамуы, өту барысы, шешімі әр түрлі болады. Күшті әрекет, қимыл, әсерлі де мазмұнды диалогтер, динамикаға толы тартыстар – драманың көркемдік дәрежесінің көрсеткіші.

Сұлтанова Б. М. XX ғасыр басындағы ұлттық драматургия, Монография, Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2017, -31-бет.

Рабиғаның «Күліп-ойнап бір аяқ асынды дұрыс іше алмайсың, тым болмаса жарқылдап отырса, кедейлігі де, шалдығы да білінбес еді. Бүйтіп көрген күнің құрысын» – дегенінен қарапайым, байыпты қазақ әйелін көреміз.

Дәулетіне ақылы, ақылына батырлығы сай Есеней сынды ерлерге Ұлпандай аруларымыздың жар болуы ол кезде де аз болмаған. Сондықтан да ғасыр басындағы қазақ әйелдері тағдырының ауыр болуы қыз айттырушылардың байлық-дәулетіне ақыл, таным-парасатының сәйкес келмеуінен екені белгілі. Осындай кереғарлықтан отбасы қайшылығы, отбасы қайшылығынан қоғам қайшылығы туындайды.

Диалог, монолог – пьесаға драмалық тартыс тудыратын конфликт кілтіндей дүние. Кейіпкердің ой-өрісі, арман-мүддесі, парасат-пайымы, адамдық келбеті адамдармен қарым-қатынасынан, сөз саптауынан көрінеді.

Сұлтанова Б. М. XX ғасыр басындағы ұлттық драматургия, Монография, Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2017, -31-бет.

«Оқыған. Әлеумет, мен осынша қақсадым. Мен өз қамдарыңызға бола келіп отырмын. Жазылмасаңыздар, амал жоқ, қайта береміз. Бірақ күн бүгінгі,

жыл биылғы емес, заман аумалы, төкпелі. Бастарыңа бұдан да ауыр күн тумасына кімнің көзі жетеді. Мұнша қорғалап, жан тәттілік қылғандарың жақсы ырым емес. Бұл – ел болмайтын елдің мінезі. Түптеп келгенде, кім күшті, кім ұйымды, кім өжет болса, дүниеде сондай жұрттар ғана өмір сүреді. Қазақ сықылды қоркақ, берекесіз, әлсіз ел – ел болып жасай алмайды. Бұл – табиғаттың заңы. Естеріңде болсын» (Аймауытов, 1995).

М. Жұмабаевтың құдіреті күшті Аллаға жалына-жалбарына аңсаған көсемнің көркем сөздегі образы. Қазақ халқының ойы еркін, санасы бостан болуы үшін бар қайратын жұмсаған, қазақ халқының азаттығы үшін күрескен азамат бейнесі. Оқығанның қоғамдық құбылыстарды жіті түсініп, жұрттықты сақтау жолында жанын жеп, түн ұйқысын төрт бөлдірген ой орамдары, сезім мен сана сырлары көрінген.

«1-бай: Е, қаруы бар жігіттер жазылсын, дені сау болса, баламызға жазыл деп айтар едік, басының сақинасы бар.

2-бай: Жазыл дегенмен, бала тілді ала ма? Осы күні бала түгіл, қатынға сөйлеуден қалып барамыз» »(Аймауытов, 1995).

Нағыз ұлттық ерекшелігі бар қазақы мінез мен мұндалап тұр. Адамгершілік сыналар тұстағы мінездердің құбылуы дәл бейнеленген. Бір жағынан қысылшаң шақта өз бастарының ғана қамын ойлау да бар. Қилы-қилы тағдырларды, характерлерді көрсету, сөйтіп әлеуметтік мәселелерді қозғау – Ж. Аймауытовтың шығармашылық талантының көрсеткіші.

Сұлтанова Б. М. XX ғасыр басындағы ұлттық драматургия. Монография. Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2017. -97-бет.

Эрнест Хемингуэйдің шығармаларының стилі қарапайым жай сөйлемдер мен түсінікті тілге негізделген. Оның туындылары – ұзақ сипаттау, суреттеуден алшақ, ішкі толғаныстан гөрі іс-әрекетке басымдық беретін қысқа әрі ырғақты сөйлемдер. Ол шығармаларын жазуда тек қажетті элементтерді ғана қалдырып, қалғанының бәрін «кесіп тастауды» (қысқарту) қолданды. Автор өз шығармаларында барынша қысқа әрі жинақы жазып, терең мағына берудің үлгісін көрсетті. Бұл үлгі әлем жазушыларының шығармашылығына ықпал етті.

Сұлтанова Б. М. Шетел әдебиеті. Оқулық. Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2025. -123-бет.

Румидың шығыс фольклорындағы шағын әңгімелер, хикаяттар, тәмсілдер негізінде жазған поэмасы «Мәснауи» деп аталады.

Шығыс жұрты ақынның Мәснауиін Құран Кәрімнің тәпсірі деп танып, «Маңзы құран» (Құранның негізі) деп атаған.

«Мәсневи» - «Барлық тіршіліктің мән-мағынасы туралы поэма» (13 ғ.) (Кемелбаева, 2011).

Өмір, өлім, тылсым дүние, дүниені жаратушы құдіретті күш, дүниенің мәні, ғарыш, әлем мен адам арасындағы байланыс, Қасиетті кітап Құран сүрелері мен аяттарының мән мағынасы, адамға жақсылық жасау - құдайға құлшылық етудің ең жоғарғы түрі екендігі жайлы баяндайды. Ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы терең әлеуметтік философиялық мәселелерді қарапайым тілмен жұрттың жүрегіне жеткізе біледі. Адамдарды әділетті болуға, жақсылық жасауға, құдайға құлшылық етуге шақырады.

Сұлтанова Б. М. Батыс, шығыстың мәшһүрі – Руми // Е.Н.Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршы ғылыми журналы, 2015 ж. №3(106) , – 238- б.

Қадыр Мырза Әлидің көркемдік санасының тағы бір, бәлкім, ең басты ерекшелігі туралы айту қажет. Ол – қазақ жазушыларына деген сүйіспеншілігі, олардың шығармалары арқылы бүкіл қазақ әдебиетіне деген шексіз құрметі мен кіршіксіз көңілі. Эсседе қазақ әдебиеті ғана емес, түрлі онкүндіктер өткен елдер, республикалар, аймақтар әдебиеті, тіршілігі туралы да өзінің жақсы кейде жаман пікірлерін айтып отырады. Бұл пікірге эссенің басынан аяғына дейін көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, О. Сүлейменов, Ә. Шәріпов, Ж. Молдағалиев, М. Ғабдуллин, О. Сүлейменов, Б. Момышұлы, Т. Ахтанов, Әбу Сәрсенбаев, Б. Соқпақбаев, Ж. Нәжімеденов болып жалғасып кете береді. Мысалы С. Мұқанов туралы ой-толғауларында келтірілген мынадай ойларды ерекше атап өтуге болады: «Негізінде С. Мұқанов адамды жатырқамайтын, көпшіл еді. Ақ сары жүзді сымбатты қазақ. Ол – жай адам емес еді» [10, 19-б.]. «Қазақ тіліне төнген қатерді алғаш сезген С. Мұқанов. Алматыда тұңғыш қазақша балалар бақшасын Сәбең аштырды. Ұлт мектептеріндегі қазақ тілі пәнінің сағаты қысқаруына да қарсы болған Сәбең» [10, 20-б.]. С. Мұқанов туралы жылы, жақсы пікірлерін жазады. Жазушының жазушыға деген құрметі, сүйіспеншілігі көрініп тұр. Осыдан оның эссе, естеліктерінің тағы бір маңызды функциясы шығады: оқырманға эмоционалды әсер ету арқылы олардың да жазушыға деген махаббатты, жазушыны құрметтеу сезімін сезінуіне көмектесу.

Сұлтанова Б. М. Қ.Мырза әлидің «Иірім» эссе кітабындағы әдеби реминисценциялар // Торайғыров университетінің хабаршысы, Филологиялық серия, 2024 ж., №4, -506- б.

Д.Исабеков жиі айтатын «Драматург, бұл – өте қатыгез хирург, ол шығармасындағы артық еттердің бәрін аяусыз кесіп тастайды» деген сөзді шығармашылығында қатты сақтайды. «Жаужүрек» пьесасынды астары терең, ойға құрылған шымыр оқиғалар барыншы сараң сөзбенен көз алдыңнан өтіп отырады.

Д.Исабековтің шеберлігі сол – пьесадағы әр көріністің өзіндік мәні және қызметі бар. Бұл көріністер сол дәуірдегі оқиғалардың дамуымен байланысты. Сондай-ақ бұл көріністер кейіпкерлер сипатына өзіндік бояу, өзіндік реңк береді. «Жаужүрек» пьесасында сахналық әрекет жан-жақты дамиды.

Пьесадағы хронотоп мәселесіне келсек, Д.Исабеков барлық көріністе XIX ғасырдағы қазақ өмірінің ұлттық белгілері айқын көрінетін нақты бөлшектерді дәл беріп отырады. Негізінде XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде кеңістік орыс әдебиетіндегідей дворяндар өмірі, шаруалар өмірі, әскерилер өмірі, қала халқының өмірі дейтіндей ерекше жіктелмейді. Солай болғанымен, бұл пьесада XIX ғасырдағы қазақ даласындағы чиновниктер отбасының өмірі, қазақ байлары отбасының өмірі, орта шаруа өмірі бар. Жалпы кез келген драмалық шығармада (бұл оның жалпы қасиеті) әрекет орны шектеулі, тар. Жалпы драматургия заңы бойынша әрекет орны шектеулі болғандықтан пьесаның сюжеттік-оқиғалық дамуы да шектеулі болады. Мұндай жағдайда оқиғаның психологиялық жағына көп салмақ түседі. Оқиға орнының шектеулілігі оқиғаның психологиялық қырын терең талдауға мүмкіндік береді.

Сұлтанова Б. М. Д.Исабековтің «Жаужүрек» драмасының жанрлық-композициялық панорамасы // А.Ясауи ат. ХҚТУ Хабаршысы, №4, 2020 -266- б.

Қазіргі ғылымда семиотика таза лингвистика жүйесінің шегінен шығып, қоғамдық-мәдени механизм ретінде, сонымен қатар көркем мәтіндерді терең түсіндіру, талдау барысында да белсенді түрде қолданылады. Себебі, бүгінгі таңда семиотика тек қана таңбалар теориясы емес, адамзат мәдениетін және адам ойлауын түсінудің әмбебап әдісі ретінде қарастырылады. Ол тек тілде емес, сонымен қатар көркем өнерде, мифтерде, дінде, цифлық технология, БАҚ мәдениетінде мағына қалай құрылатынын және берілуін зерттейді.

Әдебиетте белгі күрделірек өлшемге ие болады - ол жай ғана таңбаның сипатын зерттейтін құрал емес, философиялық және мәдени мағыналарды жеткізушіге айналады. Семиотика көркем мәтінді талдау әдісі ретінде туындының ішкі құрылымындағы – белгілерді, олардың мәнін және олардың арасындағы өзара әрекеттестікті зерттеуге мүмкіндік береді.

Әдеби шығармаларға семиотикалық талдау барысында белгі ұғымының өзіндік ерекшелігі, оның мәтін ішіндегі «өмір сүру» сипаты ашылады. Сөз тек белгілі бір ақпараттық жүйеге – көркем мәтінге енгенде ғана белгіге, семиотикаға айналады. Тілімізде «ұйқы», «ояну»,

«қой», «серке» деген сөздер бар. М.Дулатов шығармашылығында жиі кездесетін «ұйқы», «ояну», «қой», «серке» концептісі.

Сондықтан жай ғана «ұйқы», «ояну», «қой», «серке» деген сөздер жеке тұрғанда әлі белгі емес. Олар белгілі бір мәтінге еніп, оның бір бөлігіне, оның мағынасына айналғанда ғана белгілік қасиетке ие болады.

Символдардың көпқырлығы және әртүрлі интерпретацияға ашық болуы оқырманға мәтінді белсенді түрде оқу мүмкіндігін береді. Осы тұрғыдан алғанда, семиотика тек белгілерді талдау құралы емес, мағынаны жасау және түсіну процесінің өзі ретінде көрінеді.

Сондықтан көркем шығарма семиотикалық процестің айқын көрініс табатын кеңістігі деген қорытынды жасасақ қате емес.

Сұлтанова Б. М.// М.Дулатов өлеңдеріндегі «ұйқы», «ояну» концептісінің семиотикалық аспектісі, «М. Дулатұлы және алаш мұрасы Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары», М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы, 2025, - 128-б.

СУЛТАНИЯЗОВА ИНДИРА САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ



Султаниязова Индира Сағындыққызы 1977 жылы 1 қаңтарда Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Базартөбе ауылында дүниеге келген. И.Султаниязова А.С.Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университетін орыс мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті, мамандығы бойынша тәмамдаған (1994-1998 жж). Ол М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің магистратурасын 6N0205-Филология мамандығы бойынша аяқтаса (2006-2008 жж.), 2012-2015 жылдары 6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD докторантураны Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде оқыды. 2015 жылдың 18 желтоқсанында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы «D010000 – білім беру (гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары)» диссертациялық кеңесінде докторлық диссертациясын сәтті қорғады, оған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің 2016 жылғы 4 ақпандағы шешімімен 6D011700-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілді (№102 бұйрық).

Индира Сағындыққызы 1998-2000 жылдары Зеленов ауданы, Павлов негізгі мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 2000-2001 жылдары Басқару және құқық институтында қазақ және шет тілі кафедрасының оқытушысы қызметтерін атқарса, 2001 жылдан бері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, қауымдастырылған профессор (доценті), кафедра меңгерушісі ретінде қызметтер атқарды. Ол қазіргі таңда Тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасында қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы болып қызмет атқарады, жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 27 жыл, жоғары оқу орнында – 25 жыл. Білім жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру, тіл үйрету курстарынан өтіп, кәсіби білімін жетілдіріп, сертификаттарға ие болды: Foundations of Teaching for Learning: Introduction (Coursera, 2024), University Teaching (Coursera, 2024), English C1 Advanced (EF SET, 2025), Practical English (Easyenglish, 2025), Түрік тілі (БҚУ, 2025) т.б.

И.С. Султаниязова 2014 жылы Түркияның Хаджеттепе университетінде, 2015 жылы Гази университетінде ғылыми тағлымдамадан өтті.

Еңбек атқарған жылдарында Индира Сагиндиковна Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректорының, Батыс Қазақстан облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының, Орал қаласы әкімінің Құрмет грамоталары және алғысхаттарымен марапатталды.

Индира Султаниязова 100-ге тарта ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектер жариялады. Оның ішінде 1 энциклопедия (авторлық бірлестікте Жұбан Молдағалиев. Энциклопедия. Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2020. - 608 б.), 2 монография (Қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің лингвостилистикалық қызметі (теориялық және әдістемелік аспектілер) Орал: «NIDS» баспасы, 2016. – 176 бет., Қазақ тіліндегі антонимия. Монография. Орал, 2020. – 208 бет.) жарық көрді. Бұдан басқа оның «Қазақ тілі», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет» оқу құралдары, «Тілдегі типтік қатынастар», «Қазіргі қазақ әдебиеті (1941-1990 жж.)» электрондық оқу құралдары мен бірнеше оқу бағдарламалары жарыққа шықты. И.С. Султаниязованың Scopus ақпараттық қорына кіретін журналдарда 8 ғылыми мақаласы (Хирша индексі – 2), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 12 мақаласы бар, ол халықаралық және Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында өткізілген әртүрлі сипаттағы ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалары басылымдарда жарияланды. Uluslararasi Dil Egitimi ve ogretimi sempoziyumu», атты түркі халықтарының симпозиумында 2015 жылдың 28-30 мамырында Невшехир(Турция) қаласында баяндама жасап, баяндамасы ерекшеленді.

И.С. Султаниязова әдебиеттану саласында белсенді зерттеу жүргізіп келеді, оның республикалық басылымдар мен халықаралық конференция жинақтарындағы жарияланған келесідей әдеби зерттеулері бар: Асқар Алтай әңгімелерінің мазмұндық ерекшелігі (М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. Орал. – 2018.–№1 (69). – Б. 247-254), Асқар Алтай прозасындағы көркемдік құбылыстар («Наука и образование – важнейший фактор развития общества в современных условиях» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы. – Қарағанды: Орталық Қазақстан академиясы. – 2018. - Б. 357-359.), Драматург Жолтай Әлмашұлы шығармаларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім Драматург Жолтай Әлмашұлы

шығармаларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім (М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. Орал. – 2019–.№4 – Б. 366-370.), Жолтай Әлмашұлы драмаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі («Жұбанов тағлымы» атты дәстүрлі X халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы. – Актөбе. – 2019.- Б.125-129.), Қазақ прозасындағы салт-дәстүрлер көрінісінің көркемдік-эстетикалық сипаты («Дәстүр мен жаңашылдық тоғысындағы тіл және әдебиет мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция материалдар жинағы. 8 сәуір, 2021 ж. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев ат.Еуразия Ұлттық университеті, 2021. – Б. 366-369), Қ. Жұмаділовтің "Соңғы көш" романындағы тарихи шындық («Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігіндегі филология ғылымдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы, 2022. Талдықорған қаласы – 236-240 бб.), Қ.Жұмаділов романдарының тақырыптық ерекшелігі («Naukowa przestrzen Europy»Materily XVII miedzynarodowej naukowi-praktycznej konferencji-Przemysl: Nauka i studia -2022.-Volume 2, 54-59 ss.), Қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық романның жанрлық ерекшелігі («А.Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция, 2022. –Орал қаласы – 179-183 бб), Әдебиеттегі постмодернизмнің философиялық негіздері (Proceedings of the 4th International Scientific Conference «World Scientific Reports» (October 12-13, 2023). Paris, France, 2023. 216p – P 178-181), Сәуле Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романындағы экология мәселесі («Қазіргі филологиялық білім беру кеңістігіндегі интеграциялық үдеріс: педагогикалық трендтер мен полипарадигматикалық ұстанымдар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Көкшетау, 2025.) және т.б.



Таласпаева Жанар Серкешқызы

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор
(Петропавл: М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы)

1970 жылы 15 қарашада Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданына қарасты Социал ауылында дүниеге келген.

Таласпаева Жанар Серкешқызы 1992 жылы Н. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтының қазақ филология факультетін үздік дипломмен тәмамдады. Еңбек жолын 1992 жылы К. Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институтының тарих-филология факультетінде оқытушы болып бастады. 1998 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірді. 1999 жылы «Ғалым Малдыбаев поэзиясының көркемдік құралдары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми жетекші, академик – М.Серғалиев. 2002 жылы «Тіл білімі» мамандығы бойынша доцент, 2021 жылы профессор ғылыми атағын алды.

Еңбек жолының негізгі кезеңдері: 2000–2005 жылдары М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, 2005–2017 жылдары Тіл және әдебиет институтының директоры, 2018–2019 жылдары облыстық «Рухани жаңғыру» жобалау кеңсесінің басшысы, 2019 жылдан бастап академиялық мәселелер жөніндегі проректор, академиялық қызмет департаментінің директоры қызметтерін атқарды. Бүгінгі таңда М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры.

Кәсіби біліктілігін жетілдіру мақсатында Ұлыбритания, Польша, Ресей, Түркия, Қырғыз Республикасы жоғары оқу орындары мен ғылыми-білім беру орталықтарында тағылымдамадан өтті. 2024–2025 жылдары Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасы аясында АҚШ-тың Вашингтон қаласындағы Джорж Вашингтон

университетінде «Білім беру менеджменті» бағыты бойынша ғылыми тағылымдамадан өтті.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ тіл білімі, әдебиеттану, көркем мәтін поэтикасы, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, ономастика, мәтін дискурсы, стилистика, тұлғатану, өңірлік әдеби мұра.

Негізгі ғылыми нәтижелері: Ж.С.Таласпаеваның 300-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және оқу-әдістемелік еңбектері жарық көрген. Оның ішінде монографиялар (5), оқу құралдары (9), оқу-әдістемелік құралдар (18), Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда - 12, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдардағы мақалалар (54), шетелдік ғылыми журналдар мен халықаралық конференция материалдарында (АҚШ, Германия, Чехия, Болгария, Молдавия, Белоруссия, Ресей, Украина) жарияланған еңбектері бар. Бұқаралық ақпарат құралдарында 100-ден астам әдеби-танымдық, ғылыми-көпшілік мақалалары жарық көрді.

Ж.С.Таласпаеваның зерттеулерінде қазақ әдебиеті мен тілінің көркемдік табиғаты, ұлттық таным, өнірлік әдеби мұра, ақын-жазушылардың тілдік тұлғасы, көркем мәтіндегі концептілік жүйе, жер-су атауларының тарихи-танымдық сипаты, поэзия тіліндегі ұлттық құндылықтар мәселелері жүйелі қарастырылады. Ғалым еңбектерінің бір арнасы Солтүстік Қазақстан өңірінің әдеби мұрасын зерттеуге, Қожаберген жырау, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мағжан Жұмабаев, Ғалым Малдыбаев және Қызылжар өңірі қаламгерлерінің шығармашылық болмысын танытуға арналған.

Жарық көрген негізгі еңбектері:

Ғалым Малдыбаевтың тілдік тұлғасы. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2015. – 161 б.

Қожаберген жырау шығармаларының тілдік ерекшелігі мен концептуалдық өрісі. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 160 б.

Мұсайын ақын. Оқу құралы. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің баспасы, 2012. – 137 б.

Қызылжар өңірінің ақын-жазушылары шығармаларының әдеби мұрасы. I–II бөлім. Оқу құралы. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің баспасы, 2014. – 104 б.

Жамбыл және Мағжан Жұмабаев аудандарының топонимикасы. Оқу-әдістемелік құрал. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018. – 130 б.

Ономастикалық атаулардың тарихы мен лингвистикалық сипаты. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 128 б.

Поэзия тіліндегі «Туған жер» концептісінің көрінісі. Монография. – Астана, 2017. – 165 б.

Көркем мәтінді лингвокогнитивтік талдау. Оқу құралы. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2019. – 201 б.

Солтүстік өңірі ақын-жазушылары мұрасының поэтикасы. Дәрістер курсы. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2022. – 104 б.

Мәтін лингвистикасы. Оқу-әдістемелік құрал. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 140 б.

Жетістіктері мен марапаттары:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Құрмет грамоталары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Алғыс хаты,

«Ы. Алтынсарин» төсбелгісі (2016), «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2016» гранты, «Астана – 20 жыл» мерейтойлық медалі (2018), «Халық алғысы» медалі (2022), «Құрмет» ордені (2024).

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

Көркем шығарма тілі – ұлттың дүниені қабылдау ерекшелігін, рухани болмысын және мәдени жадын танытатын құнды тілдік кеңістік. Онда халықтың эстетикалық танымы, мінез-құлқы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық рухы көркем сөз арқылы бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, көркем мәтінді зерттеу оның сыртқы тілдік өрнегін талдаумен ғана шектелмей, мәтін астарындағы ұлттық дүниетанымды, мәдени мазмұнды және концептілік жүйені ашуға бағытталуы қажет.

Таласпаева Ж. С. Ғалым Малдыбаевтың тілдік тұлғасы. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2015. – 1–2-беттер.

Дискурс – тілдік тұлғаның мәтін арқылы көрініс тапқан таным әлемі. Онда автордың қоршаған ортаға көзқарасы, ұлттық таным деңгейі, ой қорыту, ұғыну, сезіну ерекшелігі, қоғамдық ойының сипаты мен интеллектуалдық болмысы айқындалады. Көркем дискурс автордың жеке тілдік әлемін ғана емес, оның өмірлік тәжірибесін, рухани-мәдени ұстанымын, дүниені қабылдау және бағалау жүйесін де танытады. Осы тұрғыдан алғанда, Ғалым Малдыбаевтың поэтикалық дискурсы – ақынның көркемдік танымын, ұлттық болмысқа негізделген ойлау жүйесін және сөз саптау даралығын айқындайтын маңызды тілдік жүйе.

Таласпаева Ж. С. Ғалым Малдыбаевтың тілдік тұлғасы. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2015. – 7–8-беттер.

«Елім-ай» дастаны – Қожаберген жыраудың ел басына түскен қасіретті, тарихи апатты, халықтық мұңды және ұлттық намысты жинақтаған көлемді әрі құнды мұрасы. Дастанда «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» кезеңіндегі қазақ халқының ауыр тағдыры, елдің босуы, жаугершілік заманның зобаланы, жұрт санасындағы үрей мен қайғы көркемдік тұрғыдан бейнеленеді. Сонымен бірге шығармада ел бірлігін сақтау, жерді қорғау, ерлік пен намысты жоғары қою идеясы айқын көрініс табады. Жырау тарихи оқиғаны жай баяндап қана қоймай, оны елдік сана, отаншылдық рух және қаһармандық дүниетаным аясында жырлайды. Сондықтан «Елім-ай» дастаны қазақ халқының тарихи жадын, азаттық аңсарын және ұлттық рухын танытатын маңызды әдеби мұра ретінде бағаланады.

Таласпаева Ж. С. Қожаберген жырау шығармаларының тілдік ерекшелігі мен концептуалдық өрісі. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 15–18-беттер.

Қожаберген жырау поэзиясында халықтың тарихи санасы, елдік мұраты және ұлттық болмысы айқын танылады. Жырау өз дәуіріндегі ел ішіндегі алауыздықты, сыртқы жаудың қаупін, жер мен тіл тағдырын, халық бірлігінің маңызын терең сезініп, тарихи шындықты көркемдік қуатпен жеткізеді. Оның жырларында ел басына түскен ауыр кезеңдер жеке адамның мұңы ретінде емес, тұтас халықтың тағдыры, ұлттық сананың сынға түскен шағы ретінде бейнеленеді. Сондықтан Қожаберген жырау шығармаларының басты мұраты – өткен тарихты еске алу ғана емес, елдікті сақтау, ұлттық намысты ояту, рухани тұтастықты келер ұрпаққа аманат ету.

Таласпаева Ж. С. Қожаберген жырау шығармаларының тілдік ерекшелігі мен концептуалдық өрісі. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 16–18-беттер.

«Баба тіл» дастаны – Қожаберген жыраудың ана тілі туралы танымын, тіл тарихына қатысты көзқарасын, ұлттық жазу мен сөз мәдениеті жөніндегі ұстанымын танытатын маңызды туынды. Жырау баба тілін қастерлеуді елдік сананың өзегі, азаматтық парыз және ұрпақ алдындағы жауапкершілік ретінде түсіндіреді. Дастанда туған тілдің тазалығы, байлығы, тарихи тереңдігі, халықтың рухани болмысын сақтаудағы орны кеңінен көрініс табады. Жыраудың тіл туралы ойлары бүгінгі тіл мәдениеті, ұлттық руханият, тарихи жады және ана тілін сақтау мәселелерімен де сабақтасып жатыр.

Таласпаева Ж. С. Қожаберген жырау шығармаларының тілдік ерекшелігі мен концептуалдық өрісі. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 20–25-беттер.

Қазақ ақындарының поэзиясында «туған жер» концептісі «дала», «кең алқап», «құтты мекен», «жусан иісі», «көк жайлау», «ауыл», «атамекен», «ата қоныс», «сағымды дала» сияқты ұлттық танымға жақын бейнелер арқылы өріледі. Бұл тілдік бірліктер ақынның туған өлкеге деген перзенттік махаббатын ғана емес, халықтың табиғатпен, кеңістікпен, атақоныспен тұтасқан дүниетанымын да танытады. Поэзиялық мәтінде туған жер жай географиялық мекен ретінде емес, адамның рухани тамыры, балалық шақтың белгісі, елдік сананың тірегі, ұлттық болмыстың көркем бейнесі ретінде сипатталады. Сондықтан қазақ поэзиясындағы «туған жер» концептісі туған өлкеге сүйіспеншілік, елге адалдық, ата-баба аманатына құрмет, табиғатпен үндестік секілді мәндермен толығып, ұлттық рух пен тарихи жадты танытатын маңызды танымдық құрылымға айналады.

Таласпаева Ж. С. Поэзия тіліндегі «Туған жер» концептісінің көрінісі. Монография. – Астана, 2017. – 120–123, 146-беттер.

Әлем ақындарының шығармаларында туған жер тақырыбы адамзатқа ортақ асқақ сезім ретінде жырланады. Түрік, парсы, қазақ және өзге халықтар поэзиясында туған жер бейнесі әртүрлі көркемдік өрнекпен берілгенімен, оның түпкі мазмұнында сағыныш, адалдық, елге оралу аңсары, туған топыраққа деген іңкәрлік, атамекенге құрмет сияқты мәндер тоғысады. Әр халықтың поэзиясында туған жер ұғымы сол ұлттың тарихи тағдырымен, мәдени болмысымен, өмір сүру салтымен және рухани құндылықтарымен сабақтаса көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, «туған жер» концептісі бір жағынан жалпыадамзаттық мазмұнға ие болса, екінші жағынан әр ұлттың дүниетанымына, ұлттық мінезіне, мәдени жадына сай дараланып, поэтикалық мәтінде өзіндік бейнелік сипат алады.

Таласпаева Ж. С. Поэзия тіліндегі «Туған жер» концептісінің көрінісі. Монография. – Астана, 2017. – 29–32-беттер.

Ескі атауларды қалпына келтіру – тарихи әділеттілікті орнықтырудың маңызды көрінісі. Отаршылдық және тоталитарлық кезеңдерде өзгеріске түскен жер-су, елді мекен атауларын қайта қарау, олардың байырғы нұсқаларын анықтау, шығу төркінін, мән-мағынасын ашу – тәуелсіз елдің рухани жаңғыруымен сабақтас өзекті міндет. Өйткені әрбір атаудың астарында халықтың тарихи жады, этномәдени болмысы, қоныстану тарихы, табиғатты тану тәжірибесі сақталған. Сондықтан ономастикалық мұраны жаңғырту туған жерге құрметті күшейтіп қана қоймай, болашақ ұрпақтың тарихи санасын, ұлттық танымын және патриоттық рухын қалыптастыруға қызмет етеді.

Таласпаева Ж. С. Ономастикалық атаулардың тарихы мен лингвистикалық сипаты. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 4–6-беттер.

Қызылжар атауы – өңірдің табиғи сипатын, тарихи жадын және ұлттық танымын танытатын байырғы топонимдердің бірі. Есіл өзенінің жағасындағы қызыл күрең жар қабаққа байланысты қалыптасқан бұл атау жер бедерінің ерекшелігін дәл бейнелеумен қатар, жергілікті халықтың тарихи санасында сақталған көне атаулар жүйесінен де хабар береді. Қызылжар атауының тарихи әдеби мәтіндерде, ел аузындағы аңыздарда және өңірлік танымда орныгуы оның ұлттық мәнін айқындай түседі. Осы тұрғыдан алғанда, Петропавл атауын Қызылжар атауымен байланыстыра қарастыру – жергілікті тарихты тану, халық жадын жаңғырту және байырғы атаулардың рухани-мәдени маңызын ашу мәселелерімен сабақтас. Жер-су атаулары – халықтың ғасырлық мұрасы, ал оларды зерттеу туған жердің шежіресін танумен бірдей.

Таласпаева Ж. С. Ономастикалық атаулардың тарихы мен лингвистикалық сипаты. Монография. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. – 19–22, 29–30-беттер.

Көркем мәтінді лингвокогнитивтік тұрғыдан талдау автордың тілдік тұлғасын, дүниетанымын, ұлттық мәдениетке қатысын және көркемдік ойлау жүйесін жан-жақты тануға мүмкіндік береді. Көркем шығармадағы тілдік бірліктер тек эстетикалық қызмет атқарып қана қоймай, халықтың рухани тәжірибесін, мәдени жадын, ұлттық санасын, дүниені қабылдау ерекшелігін танытатын маңызды танымдық құралға айналады. Осы тұрғыдан алғанда, көркем мәтіндегі концептілер жүйесі – авторлық таным мен ұлттық дүниетаным тоғысатын күрделі тілдік-танымдық кеңістік. Ол арқылы қаламгердің өмір құбылыстарын бағалау өлшемі, кейіпкер болмысын ашу тәсілі, ұлттық құндылықтарды көркем бейнелеу шеберлігі айқындалады. Сондықтан лингвокогнитивтік талдау көркем мәтіннің сыртқы тілдік өрнегін ғана емес, оның астарындағы мәдени мазмұнды, концептілік құрылымды және ұлттық болмысты терең тануға бағытталады.

Таласпаева Ж. С. Көркем мәтінді лингвокогнитивтік талдау. Оқу құралы. – Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2019. – 174-бет.

АЛУА БЕРІКБАЙҚЫЗЫ ТЕМІРБОЛАТ



Алуа Берікбайқызы Темірболат 1975 жылы 21 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында дүниеге келген. Әкесі – Темірболат Берікбай Есқалиұлы (1941-2026) – әскері дәрігер-хирург, полковник, шешесі – Темірболатова Тамара Мұсақызы (1943-2021) – дәрігер, акушер-гинеколог.

А.Б. Темірболат 1992 жылы орта мектепті медальмен бітіріп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетіне түсті. 1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің бакалавриатын үздік бітіріп, «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша филология бакалавры академикалық дәрежесін алған; 1998 жылы магистратураны үздік бітіріп, «Әдебиеттану» мамандығы бойынша филология магистрі академикалық дәрежесін алған. 2000 жылы орыс және шетел әдебиеті кафедрасының күндізгі аспирантурасын аяқтады. Филология ғылымдарының кандидаты (2001), доцент (2007), филология ғылымдарының докторы (2009), профессор (2012), Еуропа жаратылыстану академиясының академигі (2011), Украинадағы Әдебиет және өнер халықаралық академиясының академигі (2017). Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: әдебиет теориясы, әдебиеттанудың теориялық және әдіснамалық мәселелері, риторика, пәнаралық зерттеулер, мәдениетаралық қарым-қатынас, әдебиет және сандық технологиялар, әдебиетті оқытудың иновациялық технологиялары

А.Б. Темірболат 2000-2002 жылдары Орта Азия университеті тіл білімі және әдебиеттану пәндері кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс істеді. 2002-2003 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әдебиет теориясы кафедрасында аға оқытушысының қызметін атқарды. 2003-2010 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасында доцент болып істеді. 2010-2011 жылдары әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарды. 2011-2012 жылдары қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының профессоры болып істеді. 2012-2025 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі болды. 2025 жылдан бері қарай қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры.

А.Б. Темірболат – «Аманат» (Қазақстан), Әл-Фараби атындығы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы (Қазақстан), Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы (Қазақстан), «Керуен» (Қазақстан), «Caucasus Philologia» (Ресей), «Ресей әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер / Russian Social and Humanitarian Studies» (Ресей), Г. Сковорода атындағы Харьков ұлттық педагогика университетінің ғылыми жазбалары. «Әдебиеттану сериясы» (Украина), Scopus базасына кіретін Альфред Нобель атындағы Университетінің хабаршысы (Украина) атты журналдарының редакция алқасының мүшесі, Web of Science және Scopus базасына кіретін «Cuadernos de Rusística Española» журналының ғылыми сарапшысы.

А.Б. Темірболат әлемдік әдебиеттануда алғаш рет темпоралды ырғақ теориясын, көркемдік хронотоп категориясының жаңа концепциясы мен зерттеу әдістемесін жасады.

А.Б. Темірболат көркем уақыт пен кеңістік, темпоралды ырғақ, әдебиеттанудың теориялық, философиялық, әдіснамалық мәселелерімен және пәнаралық зерттеумен айналысады. Алуа Берікбайқызы тәжірибелік риторика, нейролингвистикалық программалау, қарым-қатынастың психологиясының мәселеріне, оқу үдерісіндегі пайдаланатын инновациялық технологиялар мен әдістерге назар аударады. Алғаш рет әдебиеттану пәндерін оқытуда case-study, бағдарламаланған оқыту, Data Mining сияқты әдістерді енгізді.

А.Б. Темірболат – 250 астам ғылыми еңбектерінің авторы, соның ішінде 9 оқу құралы, 8 монография.

Жарық көрген негізгі еңбектері:

оқу құралдар:

1. Қазіргі прозадағы хронотоп мәселесі. – Алматы: Ценные бумаги, 2003. (орыс тілінде)

2. Риторика (Шешендік өнердік негіздері). – Алматы: Қазақ университеті, 2005. (орыс тілінде)

3. Риторика (Шешендік өнердің негіздері). – Алматы: Қазақ университеті, 2007. (қазақ тілінде, З.Н.Сейітжанов, Ж.А. Баянбаевамен бірлесіп жазылған)

4. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. (орыс тілінде, Н.О. Джуанышбековпен бірлесіп жазылған)

5. Әдебиет поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. (орыс тілінде)

6. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. (орыс тілінде)

7. Риторика. Шешендік өнердің негіздері. 3-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. (орыс тілінде)

8. Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. (орыс тілінде)

9. Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. (қазақ тілінде, Б.С. Иманғалиевпен бірлесіп жазылған)

монографиялар:

1. Әдебиеттегі хронотоп пен темпоралды ырғақ категориялары. – Алматы: Ценные бумаги, 2009.

2. Абайдың поэтикалық әлемі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. (Н.Ж.Кенжеғараевпен бірлесіп жазылған).

3. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ романындағы тәуелсіздік идеясы. Ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.

4. Transformation of Approaches to Education in Russia and CIS States. Collective monography. – Stuttgart, 2013.

5. Literature, language and culture influenced by globalization. Collective monography. Vol. 2. – Vienna: «East West» Association for Advanced Studies and Higher Education GmbH, 2014.

6. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ романындағы тәуелсіздік идеясы мен тұлға бейнесі. Ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.

7. XX-XXI ғасыр тоғысындағы қазақ романы және тәуелсіздік идеясы. Ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.

8. Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

Марапаттары:

1997-1998 оқу жылы – ҚР Президенті стипендиясының иегері

1998 ж. – Жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттік жұмыстардың Республикалық конкурсында үздік ғылыми жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Білім, денсаулық сақтау және мәдениет министрлігінің грамотасы

2006-2008 жж. – Талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері

2008-2009 оқу жылы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің үздік оқытушысы

2009 ж. – ҚР Білім және ғылым министрлігі «ЖОО-ның үздік оқытушы-2008» грантының иегері

2010 ж. – Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің қоры сыйлығының иегері

2013 ж. – «Еуропалық сапа» Еуропалық ғылыми-өндірістік консорциумының алтын медалі

2015-2016 жж. – Ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері

2016 ж. – «Жаңа қазақстандық патриотизм» жобасын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының 70 жылдығы құрметіне «Бауыржан Момышұлы – 100 жыл» мерейтойлық медалі

2017 ж. – «Триумф» Н.В. Гоголь атындағы Халықаралық әдеби сыйлығының иегері

2018 ж. – Г. Сковорода атындағы Халықаралық әдеби сыйлығының иегері

2021 ж – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің «Ерең еңбегі үшін» медалі

2022 ж. – Мемлекеттік тілдің аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеруге қосып жүрген ерен еңбегі үшін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының алғыс хаты мен «Елім деп соғар жүрегім» төс белгісі

2022 ж. – М.О. Әуезов 125-жылдық мерейтойына арналған ТҮРКСОЙ медалі

2022 ж. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі «Педиатрия және балалар хирургиясы орталығы» Акционерлік қоғамының «Даналық» төс белгісі

2024 ж. – ҚР ҒЖБМ «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Көркем хронотоп күрделі категория. Ол көпмағыналылығы мен көпқырлылығымен сипатталады. Осыған байланысты уақыт пен кеңістік мәселесін қазіргі герменевтика, семиотика, коммуникация теориясы, синергетика және гетерология тұрғысынан қарастыру қажеттілігі туындайды. Аталған ғылыми бағыттардың жетістіктері мен әдіснамасын пайдалану хронотоптың мәнін тереңірек түсінуге, оның негізгі қасиеттері мен сипаттарын айқындауға мүмкіндік береді. Көркем уақыт-кеңістіктің ерекшеліктерін ашуда темпоралдық ырғақ категориясының маңызы зор.

<...>

Уақыт ырғағы – шығарманың темпоралдық ұйымдасуындағы аса маңызды компоненттердің бірі. Аталған категорияны зерттеу көркем хронотоп және оның негізгі қасиеттері туралы түсінікті тереңдетуге, сондай-ақ автордың, кейіпкерлердің және оқырманның ішкі әлемінің ерекшеліктерін тануға ықпал етеді. Уақыт ырғағы темпоралдылық ұғымымен ажырамас байланыста қарастырылады. Бұл категориялар өзара шарттасып, күрделілігімен әрі көпмағыналылығымен

ерекшеленеді. Көркем шығармалардың кеңістік-уақыттық ұйымдасуын зерттеу, болмыс жөніндегі авторлық тұжырымдамаларды және әдеби үдерістің даму заңдылықтарын айқындау барысында жазушылар шығармашылығында көрініс тапқан темпоралдық ырғақтардың ерекшеліктерін ескеру қажет.

Темірболат А.Б. Әдебиеттегі хронотоп пен темпоралды ырғақ категориялары: монография. – Алматы: Ценные бумаги, 2009. – 64-65, 113-беттер.

Шешеннің ең маңызды міндеті – аудиторияны адамгершілікке тәрбиелеу, жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық қағидаларды насихаттау. Көпшілік алдында айтылатын сөз этикалық нормаларға сәйкес құрылуы тиіс. Сондықтан шешен үнемі адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі жетілдіруге, мәдени деңгейін көтеруге ұмтылуы қажет.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу барысында мәтінді қағаздан оқып беру этикалық нормаларды бұзу болып саналады. Бұл сөйлеушінің тыңдаушыларға деген құрметсіздігін білдіреді. Шешен аудиториямен үнемі байланыста болып, олардың өз сөзіне деген ықыласы мен қабылдау ерекшеліктерін қадағалап отыруы тиіс.

Сөйлеушінің адамгершілік келбетінің көрсеткіші – оның құзыреттілігі. Құзыреттілік қарастырылып отырған мәселені терең білуді, жан-жақты түсінуді және оны кәсіби деңгейде пайымдай алуды білдіреді.

Темірболат А.Б. Риторика (Шешендік өнердік негіздері): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 51-52-беттер.

Көркем мәтінді интерпретациялау оның мазмұнын сан алуан қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Өйткені әрбір оқырман шығармада көрініс тапқан мағыналарды өзінше қабылдап, өзіндік түсінігін қалыптастырады. Реципиенттің мәтінге деген көзқарасы шығарманың мазмұны қабылдаушы субъектінің жан дүниесімен қаншалықты үндесетініне байланысты айқындалады. Интерпретация оқырманның өмірлік тәжірибесімен, дүниетанымымен, эстетикалық мұраттары мен құндылықтарымен, өзі өмір сүріп отырған тарихи жағдайлармен, ұлттық мәдениетімен, әлеуметтік ортасымен, білім деңгейімен, дүниетаным өрісінің кеңдігімен және қиялымен сабақтас болады.

Темірболат А.Б. Әдебиет поэтикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 96-бет.

Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен поэмалары хронотопының айрықша белгілері – оның көпөлшемділігі мен күрделілігі. Шығармалардағы кеңістік-уақыт континуумының шекаралары үнемі өзгеріп, түрленіп отырады. Абайдың өлеңдері мен поэмаларында «жоғары – төмен» оппозициясы жиі кездеседі. Кейіпкерлердің жеке хронотоптары қосарлылығымен және көпмағыналылығымен ерекшеленеді. Киіз үй, өзен, орман, ай, дала, жылқы бейнелері маңызды көркемдік қызмет атқарады. Абайдың өлеңдері мен поэмаларында хронотоптардың әртүрлі типтері мен темпоралдық ырғақтар көрініс табады.

Темірболат А.Б. Абай поэзиясындағы хронотоп категориясы // Темірболат А.Б.. Кенжеғараев Н.Ж. Абайдың поэтикалық әлемі: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 195-бет.

XX ғасыр басындағы қазақ романы жазушылар жасаған образдардың көпқырлылығымен ерекшеленеді. Оның мазмұны ұлттық-азаттық қозғалыс идеяларымен астасып жатыр. Роман кейіпкерлері қазақ халқының рухани ізденістерінің, оның әділеттілік пен ізгілік қағидаттарына негізделген жарқын болашаққа деген сенімінің көрінісі болып табылады. Олар өз дәуірінің тарихи болмысын бойына сіңірген тұлғалар ретінде бейнеленеді.

Қазақ жазушыларының шығармашылығында моралдық таңдау мәселесіне, әйел тағдырына ерекше назар аударылады. Прозашылар өз романдарында теңдік, махаббат, бақыт, жеке тұлға бостандығы сияқты маңызды категориялар туралы толғанады. Осыған байланысты шығармаларда психологизм тереңдей түсіп, жазушылардың кейіпкерлердің ішкі әлеміне, олардың рухани эволюциясына, эстетикалық және адамгершілік мұраттарының қалыптасуына деген қызығушылығы айқын көрінеді.

Темірболат А.Б. XX ғасыр басындағы қазақ романының даму тенденциялары // XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ романындағы тәуелсіздік идеясы: ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 140-бет.



Тәнірбергенова Гүлжан Кеңшілікқызы
Филология магистрі, аға оқытушы
(Қ.Жұбанов ат. АӨУ., Қазақ әдебиеті кафедрасы)

1982 жылы 13 ақпанда Ақтөбе қаласында дүниеге келген.

1999 жылы – Ақтөбе қаласындағы № 24 орта мектепті бітірді.

2003 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін бітіріп, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығын алды.

Еңбек жолын 2003-2005 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы №23 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастады.

2005 жылдан бастап Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы, кейін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

Қазіргі таңда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Қазақ әдебиеті кафедрасында жұмыс жасайды.

Әдеби-ғылыми бағыты: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда ЖИ технологияларын қолдану.

Ғылыми мектебі – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.

Негізгі ғылыми нәтижелері: Барлығы – 50-ге жуық ғылыми-көпшілік, танымдық бағыттағы жарияланымдары бар, оқу-әдістемелік құрал – 2, авторлас – 2 оқу құралы, электронды оқу құралы – 1.

Халықаралық конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты.

Аға оқытушы, магистр Г.К.Тәнірбергенованың кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар еңбектері төмендегіше берілді:

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», Оқу құралы, Алматы: «Отан», РОӘК.2017.-200 бет Тілеуова А.З., Тәнірбергенова Г.К.,

«Жаңартылған білім беру – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында» Оқу - әдістемелік құрал, Қарағанды, «Medet Group», 2021, -132 бет.

«Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті-модульдік технологиялары». Оқу құралы. Қарағанды, «Medet Group», 2024, -132 бет. РОӘК Хаттама № 3 13.11.2022 ж. Кушкимбаева А.С., Тәнірбергенова Г.К.

Марапаттары:

1. Ақтөбе облысының әкімі О.Оразалиннің «Алғыс хаты» 2019 ж., желтоқсан;

2. «Жұбанов» медалі (Қ.Жұбанов ат. АӨМУ-і Ғылыми кеңесінің 30.09.2020 ж. шешімімен (№3 хаттама); №79

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамытатын қай стратегияның да өзіндік орны бар. Ол студенттерді, оқушыларды сұрақ қоя білуге, пікір айтуға, қолдануға, талдауға, жинақтауға, бағалауға үйретеді. Сонымен, сыни ойлауды дамытатын педагогикалық технология жеке тұлғаға бағытталға, оқытуда субъектілік қатынасқа негізделген және бұрынғы мектеп жұмысын шынайы шығармашылықпен жұмыс жасайтын, мақсатты, мазмұнды әрекетке негізделген оқытуға айналдыралды».

(Садирова К.Қ., Кушкимбаева А.С., Тәнірбергенова Г.К., Оразова Г.Қ. Жаңартылған білім беру – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында: Оқу-әдістемелік құрал. -Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021. – 132 бет, 24-б.)

«Қазіргі уақытта білім беру саласында жоғары жетістіктерді анықтайтын және ынталандыратын бірқатар өңірлік, ұлттық, халықаралық сайыстар мен қабілетті өрістетудің, барлық балалар әлеуетін дамытудың жалғыз тәсілі болып табылмайтыны туралы пікірлер баршылық. Осы үшінші деңгей бағдарламасының аясында талантты және дарынды балаларды оқытуды дамыту үшін анағұрлым инклюзивті тәсіл пайдаланатын болады».

(Садирова К.Қ., Кушкимбаева А.С., Тәнірбергенова Г.К., Оразова Г.Қ. Жаңартылған білім беру – қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында: Оқу-әдістемелік құрал. -Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021. – 132 бет, 24-б.)

«Оқу-тәжірибе жұмыстарының барлық саласын бір өзі шешіп тастайтын әдіс-тәсіл болмайды. Сол себептен де мұғалім әдіс-тәсілдерді жете меңгеріп қана қоймай, оларды қандай жағдайда, қалай пайдалануға болады, соны да ерекше ойлануы керек. Бір жағдайда тиімді, пайдалы деп танылған әдіс-тәсілдер екінші жағдайда тиімді, пайдалы бола бермейді. Мәселен, оқушылардың ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалдарының барлығы, барлық тақырыптар проблемалық

жағдаятты талап етпейді. Оқу белсенділігі орта немесе ортадан төмен класс ұжымына проблемалық тұрғыда оқыту әр уақытта жемісін бере бермейді. Өтетін тақырып аса күрделі емес, әрі оқушылар дербес, өздері шеше алмайтындай тапсырмаларға төселген жағдайда ғана проблемалық оқытуды басшылыққа алу тиімді болады.».

(Тілеуова А.З, Тәнірбергенова Г.К., Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы: «Отан», РОӘК.2017.-200 б. 25-б.)

«Мектептердегі әдебиет сабақтарында істелетін жұмыстардың күрделісі – көркем текспен жұмыс істеу. Ортаңғы класс оқушыларының білім дағдыларына қойылатын талаптардың бірі – көркем текст құрылысын талдай білу. Осы талапқа орай эпикалық шығармаларды /ертегі, аңыз, әңгіме тарихи жыр, шешендік сөз, мысал өлең, поэма, повесть/ оқытуда оның құрылысындағы суреттеу, баяндау, аңыздау, естелік, кейіпкерлер қақтығысы, диалог, монолог, портрет, мінез, ішкі монолог, табиғат суреті, интреьер, белгілі орта, кәсіпкерлік жағдай, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, авторлық шегініс, қайталаулар сияқты компоненттердің көркемдік қызметін білгізудің әдістемелік амал-тәсілдері жазылады. Ол үшін жазушының өмірбаяны мен шығармашылығына арналған сабақтардан соң, көркем текстті талдауға байланысты жүргізілетін жұмыстардың жоспарын жасау керек».

(Тілеуова А.З, Тәнірбергенова Г.К., Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы: «Отан», РОӘК.2017.-200 б. 61-б.)

«Өзіндік жұмыс пен шығармашылық сабақтарды өткізу - оқушының танымдық белсенділігін арттырудың құралы, сапалы білім берудің шарты, оқу үрдісін ұйымдастыру факторы, оқытудың жекелік бағдары болып табылады. Танымдық әрекеттегі белсенділік компоненттерін бір арнаға біріктірген тиімді болады: мотивациялық, еріктік, мазмұнды-операциялық, бағалау- нәтижелік.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарда зерттелін дәлелденген жоғары сынып оқушыларының танымдық-белсенділігін қалыптастыру көрсеткіштері мен өлшемдерін, деңгейлерін жалпы білім беретін орта мектептерде оқу процесін жетілдіруді ұйымдастыруда қолдану тиімді.

Оқу процесінде оқушылардың танымдық-белсенділігін қалыптастыру жеке тұлғаның өзіндік ақыл-ой дербестігін, шығармашылық әлеуетін көтереді. Оқушылардың танымдық-белсенділігін қалыптастыратын педагогикалық шарттар жиынтығы мен тиімді әдіс-тәсілдерді, оқытудың түрлі формаларын қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеріп, танымдық ой-өрісін арттыруға

болатынын эксперимент жұмыстарының қорытындыларынан көруге болады».

(Кушкимбаева А.С., Тәнірбергенова Г.К., Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті - модульдік технологиялары. Оқу құралы. -Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2024. – 132 бет, 24-б.)

«Мақсат қойып оқу – мақсатсыз оқудан әлдеқайда тиімді. Әсіресе, оқушылардың өздері қойған мақсаттары басқаның зорлап міндеттегеніне қарағанда маңыздырақ. Сондықтан мұғалім өзінің алдын - ала қойған мақсатын түзетуге дайын болуы керек және әрбір оқушының сабаққа араласуына мүмкіндік туғызуы қажет, олар өздерінің білімі мен тәжірибесін актуалдандыруды мақсат қылуы керек. Мұғалімнің бұл кезеңдегі ролі оқушылардың тақырып бойынша білетінін еске түсіруге ұмтылдыру, топтарда жанжалсыз ойлармен алмасуға мүмкіндік беру, аудиторияда айтылған ақпаратты тіркеуде. Оқушылардың еркін айтқан барлық ақпараттарын жүйелеу тек қана айтылған пікірлерді тәртіпке салып қоймайды, қарама-қайшылықты да, анықталмаған кезеңдерді де көрсетеді, ол жаңа ақпаратты зерттеуде болашақ жұмысқа бағыт береді. Әрбір оқушы өзінің көңілін қай кезеңге бөлуі керек, ал қай ақпаратты тек тексеру қажет екенін анықтайды. ды»

(Кушкимбаева А.С., Тәнірбергенова Г.К., Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті - модульдік технологиялары. Оқу құралы. -Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2024. – 132 бет, 40-б.)



ТЛЕУОВА АҚМОНШАҚ ЗАРХОМҚЫЗЫ филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент). (Ақтөбе, Баишев университеті, жаратылыстану-гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі.)

30.09.1954 жылы Ақтобе облысы, Шалқар қаласында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1971 жылы Шалқар қаласындағы №2 қазақ орта мектебін, 1975 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының (қазіргі Қорқыт ата университетінің) филология факультетін бітірген. 1975–1990 жылдар аралығында Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының К.Маркс, Ә.Жангелдин атындағы орта мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1990-2004 жылдар аралығында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, 2004-2006 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 2006-2012 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында доцент, 2012-2019 жылдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, 2019-2026ж. Ақтөбе қаласы Баишев университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент).

1993-1995 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ізденуші. 1999 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 10.01.09- фольклортану, 10.01.02-қазақ әдебиеті мамандығы бойынша «Қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 2005 жылы әдебиеттану мамандығы бойынша доцент ғылыми атағына ие болды. 2010-2011 оқу жылында «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері ретінде Польша республикасының Адам Мицкевич атындағы Познань университетінің «Шығыстану» институтында ғылыми тағлымдамадан өтті.

Әдеби ғылыми бағыты: фольклортану, қазақ әдебиетінің тарихы, қазіргі қазақ әдебиеті, қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары.

Жетістіктері мен марапаттары: «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері»(1986), «Шалқар энциклопедиясы»(2009) мен «Ақтөбе ғылымы» энциклопедиясына(2001), «Ақтөбе ғылымы» (2015) өмірі мен қызметі туралы қысқаша деректер берілді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрылғанына 75 жыл толуына

орай құрастырылған «Біз түлектерміз» кітабына өмірбаяны жарияланып, сол университеттің 75 жылдық мерекелік «Қорқыт ата» (2012) медалімен марапатталды.

А.З.Тлеуова Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-не 50 жылдық мерекелік медалымен(2016), облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының құрмет грамотасымен марапатталып, 2007-2008 оқу жылының қорытынды рейтингісі бойынша Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының үздік оқытушысы атағын иеленді.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 200-дей ғылыми, әдістемелік мақалалардың авторы, халықаралық дәрежедегі ғылыми басылымдарда (Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда-2) мақалалары жарияланды, бірнеше оқу құралдарының авторы. «Арнау өлеңдердің табиғаты». Оқу құралы, Алматы. «Ғылым» баспасы, 2002, «Қазіргі әдебиеттану мен фольклористикасының өзекті мәселелері» Алматы: Қазақ университеті, 2004(ғылыми жинақ авторларының бірі.), «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». Электронды оқулық, Астана, 2015., «Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар», Алматы, «Отан» баспасы, 2017., «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» курсынан тесттер жинағы. Алматы, «Отан» баспасы, 2017, «Қазақ әдебиетін оқытудың интербелсенді әдістері» Электронды оқулық, Астана, 2019., «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». Оқу құралы, Алматы, «Отан» баспасы, 2019.,

Қауымдастырылған профессор А.З.Тлеуованың соңғы жылдары жарық көрген еңбектері:

1."Қазіргі қазақ драматургиясы" Электронды оқулық, Астана, 2020.№7446, 09.01.2020.

2."Шығыстың мәдени өркендеу дәуірі әдебиеті" (оқу-әдістемелік құрал) Алматы, "Эверо" баспасы, 2025. –168б

2."Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы" (оқу-әдістемелік құрал) Алматы, "Эверо" баспасы, 2025–160б

3."Абайтану" "(оқу-әдістемелік құрал) Алматы, "Эпиграф" баспасы, 2025. – 192б

4."Қазақ әдебиетін меңгертудің заманауи технологиялары"(оқу-әдістемелік құрал) Алматы,"Эпиграф"баспасы, 2025. –236б

5."Жаңартылған білім беру жүйесінің әдіснамалық негіздері" (оқу-әдістемелік құрал) Алматы, "Эверо" баспасы, 2025–188б

6."Қазақ әдебиетінің фантастика жанры"(оқу құралы). Ақтөбе, Баишев университетінің баспасы, 2026., –213б

Арнау өлеңнің жанрлық сипаты мен өзіндік ерекшеліктерін арнау сөзінің көркемдік семантикасынан-ақ біраз байқауға болады. Арнау өлеңдердің ішкі жанрлық мүмкіншіліктері, жасалу технологиясындағы тәсілдер мен әдістер сыры, арнаудың жекелеген үлгілеріндегі әдеби мінез бен тартыстың жай-күйі, өлеңдердің генезисі, тарихы, бүгінгі өмірі, түрлері, басқа өлеңдерден айырмашылығы, көркемдік, пішіндік ерекшеліктері жайлы зерттеу жүргізу осы аталған барлық ерекшеліктерін жинақтай отыра, ұлттық сипатын ашу мәселесіне де жан-жақты, тереңірек үңілуді қажет етеді. Арнау атынан-ақ көрініп тұрғанындай белгілі бір адамға, құбылысқа, не болмаса деректі затқа бағытталып шығарылады. Осы бағыттылық оның композициялық құрылымына әсер етіп, яғни көпшілік жағдайда екінші жақтан, өзінің арналған нысанынан (объектісінен) басталып, содан кейінгі бөлімдерінде сол нысанның дерегі болып отырған адам не затқа, құбылысқа мінездеме, сипаттама жасалуы – арнау өлеңдердің өзіндік сипаты, ерекшелігі болып саналады. Бұл жерде арнаудың деректі поэзиялық туынды екендігіне көз жеткіземіз, деректі поэзия болғандықтан да онда суреттілік (описательность) пен сипаттау басым боп келеді. Арнаудың деректі, дерексіз болып бөлінуі өлеңдегі объективтік не субъективтік сипаттың қайсысының негізгі, шешуші қызметіне, айрықша рөл атқаруына байланысты. Арнау поэзиясының субъективті сипатына айрықша тоқталғаннан, ондағы ақынның (субъектінің) рөлі жоққа шығарылған деген теріс түсінік тумауға тиіс. Арнау өлеңдерінде де ақын рөлі бір мысқал төмендемейді, қайта ол күшейіп, ақынның «мені» бірінші кезекке шығады. Осы жерде өлең тудырудағы ақын қызметінің біркелкі еместігі байқалып қалады.

Тілеуова А.З. «Арнау өлеңдердің табиғаты». Оқу құралы. Алматы. «Ғылым» баспасы, 2002.,22-бет

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үрдісін тың жаңалықтарға негіздеген жаңаша мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Соның бірі – қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға қабілетті, өзіндік пікірін ауызша және жазба түрде тиянақты, анық, жүйелі жеткізе алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Онымен қоса, бүгінгі өскелең ұрпақ елге жанашыр, мемлекеттің дамуына өз үлесін қосатын, өзге ұлттар мен ұлыстарға сый-құрметпен қарайтын жеке қасиеттерге де ие болуы шарт. Қазіргі қоғам жеке тұлғадан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекет жасай алатын жан-жақты болуды талап етеді. Қазіргі таңда адамзат баласын үнемі толғандыратын мәселелер қатарына оның қоғамда алатын орны, қазіргісі, болашағы жатады. Бұл қоғамның

дамуына тікелей байланысты. Қазақстан Республикасындағы орта білімді дамыту тұжырымдамасында білім беру мекемелерінің ең негізгі мақсаты – дүниетанымдық, құзыреттілік, шығармашылық деп атап көрсетілген. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екендігін өмірдің дәлелдеп отыр.

Тілеуова А.З. ,Г.К Тәңірбергенова «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі». Оқу құралы, Алматы, «Отан» баспасы, 2019.,-7-бет

Адамгершілік, әділет үшін күрескендер тұлғасын жасауға, жастар өмірін көрсетуге, зиялылар, ғалымдар ортасын суреттеуге арналған пьесалардан бүгінгі қазақ драматургиясының барлық табыстары мен олқылықтары қатар көрінеді. Қазақ драматургиясының барлық кезеңдегі басты қаһарманы халық, халық өкілдері болды, фольклор кейіпкерлері драма тілінде қайта сөйледі, жаңа заманды жасаушы күрескер қаһармандар сахнаға шықты. Бұл міндет дәуір талабына сай проблемалық драматургияны, өміріміздің көкейкесті тоғыз тарау сырларын шертетін сахналық шығармаларды талап етеді. Біздің драматургтеріміз қазір де қадір-халінше осы талаптарға сай шығармашылық ізденіс үстінде.

А.З. Тлеуова."Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы" (оқу-әдістемелік құрал) Алматы, "Эверо" баспасы, 2025,.87-бет

Қазақ әдебиеті – адамтану пәні ретінде танымал. Шәкіртіне қоғам мен адам болмысын танытамын деген әрбір мұғалімнің мақсаты да осы. Бүгінгі таңда орта мектептегі білім алдымен қоғаммен, өмірмен байланысты болуы керек, яғни оқушының функциональдық сауаттылығы басым болуы шарт. Әдебиет– қоғамдық пән. Оның күш-қуаты өте терең жатыр. Оқушыға біз адамзаттың рухани құндылықтарының маңызын, тарихи жазба нұсқаларды әдеби тұрғыдан танытуға жағдай жасауға тиіспіз. Сол себепті де пән мұғалімі әрқашан теориялық білім деңгейін арттырып қана қоймай, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік шеберлігін үнемі жетілдіріп, осы салада озық тәжірибесімен ерекше танымал болған мұғалімдерден үйренуге мән беруі қажет. Әдебиет – тіл, тарих, музыка, бейнелеу өнері, психология, педагогика және тағы басқа да гуманитарлық пәндердің жиынтығы боп келетін көркем туындыны талдап, саралап, баға беріп, олардың көркемдік танымдық бағыт-бағдарын, әдеби үрдісте алатын орнын зерделеп анықтайды.

А.З.Тлеуова"Жаңартылған білім беру жүйесінің әдіснамалық негіздері" (оқу-әдістемелік құрал) Алматы, "Эверо" баспасы, 2025.,62-бет

Ғылыми фантастар (Ст.Лем, Р.Бредбери, А.Кларк, А.Азимов, ағайынды Стругацкийлер, И. Ефремов, А.-Х.Мархабаев) осы күні нақты ғылымдарды жаһандық масштабтағы философиялық, әлеуметтік проблемалармен байланыстыруға ұмтылыстар жасады Көптеген әлем әдебиетшілері алдында ғылымның даму картинасын әдебиетте бейнелеу мәселесі көтерілді, бұл үрдіс тіпті оны бейнелеп қоймай, ғылыми дамудың болашақтағы әлемнің даму межесі туралы да қалам тербеуге ықпал етті. Болжанған болашақ туралы идеялар, келешектегі белгілі бір тенденциялар бір-ақ мезетте адамзаттың шынайы өміріне айналып та жатты. Кеше мүмкіндік шегіне енуі де неғайбіл белгілі бір идея, бүгінгі күннің шынайы өмірі түгіл, күнделікті тұрмысына айналу үстінде. Бағзы замандағы ертегілер мен мифтердегі орындалмас қиял, арман реалды өмірге қалай тез еніп жатқандығын адамзат санасына жете түсіну де үлкен қиындық тудырады. Адамзаттың ғарыш әлемін игерудегі алғашқы қадамдары, жер шарының бір шетінен екінші шетіне бірнеше сағатта жету, ақылды машиналардың адамның миымен бәсекеге түсуі, геноинженерияда жасанды жолмен тірі ағзаларды көбейту мүмкіндігі, ең кіші, кіші болғанымен, оның күшіне әлі теңдесі табылмаған нанотехнологиялар, жаһандық ақпарат желілері, роботтар, андроидтар, киберлер, жасанды зияткерлік, өзге планета тұрғындары, синтезаторлар, дубликаторлар, тілек-арманды орындаушылар, т.б. – бұлардың барлығы ғылым мен техниканың ғаламат жетістіктері болатын.

А.З. Тлеуова "Қазақ әдебиетінің фантастика жанры"(оқу құралы). Ақтөбе, Баишев университетінің баспасы, 2026.,–48-б

АЙМАН ОМАРҚАНҚЫЗЫ ТОҚСАМБАЕВА,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

Айман Омарқанқызы Тосамбаева 1963 жылы Семей облысы, Абай ауданы, Саржал ауылында дүниеге келген. 1985-1990 жылдар аралығында Семейдің Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірген. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық жұмыс өтілі 36 жыл. Еңбек жолында педагогикалық институттың қарапайым оқытушысынан филология ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор дәрежесіне дейін өскен.

2007 жылы Абай атындағы Алматы Ұлттық педагогикалық университетінің Ғылыми Кеңесінде 10.01.02 – қазақ әдебиеті мамандығы бойынша «М.Мағауин хикаяттарындағы ұлттық характер» тақырыбына кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап келді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2010 жылдың 23 қыркүйектегі №8 хаттама шешімімен Тоқсамбаева Айман Омарқанқызына әдебиеттану мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы, 2017 жылдың 18 шілдедегі №1052 бұйрығымен профессор ғылыми атағы берілді.

Ғылыми және педагогикалық қызметіндегі жетістіктері үшін 2011, 2022жылғы «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының 2 дүркін иегері. 2010-шы жылдың 27 сәуірінен Халықаралық педагогикалық білім ғылым академиясының корреспондент мүшесі (МАНПО).Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаты, обылыс әкімінің мақтау қағазымен,семей қаласы әкімінің алғыс хаты, білім бөлімінің мадақтамаларымен бірнеше мәрте марапатталған.

Тоқсамбаева Айман Омарқанқызы 13 оқу құралы, 8 оқулық, 3 монография авторы, 19 зияткерлік меншік объектісі куәлік иесі. 1990 жылдан 2026 жылға дейінгі аралықта 180 халықаралық және республикалық конференцияларда, семинарларда баяндама жасаған.

«Шәкәрім», «С.Торайғыров» тұлғалық энциклопедияларының авторларының бірі. Жиыны 330 ғылыми еңбек авторы.

Ғылыми еңбектері Қазақстан, Германия, Англия, Польша, Қытай, Түркия, Монғолия, Ресей, Қырғызстанда жарияланған. Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған «Көптілді және көпмәдениетті отандық білім беру жүйесінде білім берушілер мен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» жобалық грантын орындаушысы және 2023-2025 жылдар аралығында орындалып жатқан «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру ғылыми жобасына басшылық жасады.

2016 жылдан бастап Туркия мемлекетінің Денизли қаласындағы «Памукалия» университетінде «Қазақ әдебиеті тарихының түрік әдебиетімен байланысы» деген тақырыпта дәріс оқып келеді.

1)Ғалым еңбектері:Монография.- «М.Мағауин хикаяттарындағы ұлттық характер» -Алматы: New Book баспасы,2020ж.-224 б.

2) **Монография.**- «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясындағы ұлттық болмыс бітімге әдеби дәстүр әсері»-Семей: «Интеллект», баспасы, 2017ж.-180 б.

3) Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқу құралы. РОӘК ОӘБ ұсынған.

- Астана: Фолиант, 2015ж. -304бет.

4) Қазақ әдебиетінің тарихы (1960-2000жж): Оқу құралы. РОӘК ОӘБ ұсынған. - Алматы: TechSmith, 2019ж.392 б.

5) Жыраулық поэзия және ұлттық рух: Оқу құралы. РОӘК ОӘБ ұсынған. - Алматы: TechSmith, 2019ж.360 б.

6) Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі қазақ әдебиеті (1941-1960ж): Оқу құралы. РОӘК ОӘБ ұсынған. - Алматы: ЭСПИ, 2020ж.388б.

7) Әдебиеттанудың жаңа бағыттары: Оқулық. РОӘК ОӘБ ұсынған. - Алматы, «Эпиграф»,2022ж, -203 бет.

8) Абай және ұлттық руханият: Оқулық. РОӘК ОӘБ ұсынған. - Алматы, «Alash Book»,2024ж, -330 бет.

9) Әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы:Оқулық. РОӘК ОӘБ ұсынған. - Алматы, «Alash Book»,2025ж, -304 бет.

10) Қазақ әдебиетінің тарихы (1941-1960 жж): Оқулық. РОӘК ОӘБ ұсынған. - Алматы, «Alash Book»,2026ж, -320 бет.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

1.2011 жылы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Зор еңбегі үшін» медалі.

2. 2016 жылы Шәкәрім университетіне сіңірген ерекше еңбегі үшін «Шәкәрім» медалі.

3. 2018 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Алғыс хаты.

4. 2019 жылы Білім және ғылым саласына қосқан айырықша еңбегі үшін «Қазақстанның құрметті профессоры» төсбелгісі (Куәлік №047).

5.2020 ж.12 желтоқсанда ұрпақ тәрбиесі мен еліміздің білім беру ісіне қосқан үлесі үшін «Қазақстанның үздік ұстазы» ордені.

6. 2023 ж.28 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының ғылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі (Куәлік №00273).

7. 2024ж.13 қарашасында Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің тіл саясатын дамытуға ерекше үлес

қосқаны және тілдерді дамыту саласын жетілдіруге белсенді атсалысқаны үшін «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі (Куәлік №00158) марапатталған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

М.М. Мағауиннің шығармашылығының арналы саласы, оның хикаяттарын ұлттық характер контексінде ала отырып, оның көркемдік қуатын, эстетикалық талғамын және ұлттық танымда алатын орнын ашу.

Мұхтар Мағауиннің прозасы қазақтың ұлттық сөз өнерін, қала берді тұтас түркі дүниесін әлемдік деңгейге алып шыққан көркемдік-эстетикалық құбылыс.

Мұхтар Мағауиннің шығармашылығындағы хикаят жанрын, ондағы ұлттық характер мәселесін тарихи-танымдық және көркемдік-эстетикалық категориялар контексінде қарастыра отырып, суреткердің ұлттық стиліне назар аударды қ, зерттеуге объекті ретінде алынған мәселені қарастыру барысында біз жүйелі-кешенді, тарихи-салыстырмалы әдістерді басшылыққа алдық

Мұхтар Мағауиннің хикаяттарындағы «халық», «ұлт», «ұлттық характер» өнер мәселелерін көркемдік-эстетикалық категориялар аясында талдаудан алынған зерттеу жұмысының нәтижесі ретіндегі тұжырым қағидалары мен бағыты жұмыстың теориялық мәнін анықтайды. Әрбір хикаятта ұлттық характер мәселесін беруде суреткер қалай келді, сол шығармалардың негізгі стильдік табиғаты қандай деген мәселелерге де жауап беруге тырыстық.

***А.О. Тоқсамбаева**. М. Мағауин хикаяттарындағы ұлттық характер. Монография. -Алматы: New Book ,2020ж.-4- бет.*

М. Көпейұлы көкірегіне өлең ұялаған кезден бастап, көбіне халық ауыз әдебиетінен сусындап өскен болатын. Сондықтан, ақын шығармашылығы екі бағытта өрбіді: бірі – фольклор жинаушысы; екіншісі – ауыз әдебиеті жанрларын жаңа әдеби жағдайға байланысты өз шығармаларында жазба әдебиеті ерекшелігіне орайластырып пайдаланған.

Халық таным-түсінігіндегі эпикалық жыр, көне миф, тарихи-діни аңыздар мен ертегілердің барлығын өзінше барлап, өзінше көкірегіне тоқып, ақындық қазанында пісіріп, әсем сөзбен айшықтап елге танытты. Ақын ұлттың ортақ қазынасына бей-жай қарамай, одан үйреніп, өз шығармашылық процесінде қажетіне жарата, романтикалық рухта асқақтата жырға қосты. Осы тұрғыдан алып қарағанда, романтик ретінде Мәшһүрдің фольклор үлгілерін пайдалануы түрлінше болып келеді. Ескі түркілік талғам мен талап ислам түсінігіне ыңғайлана

түрленіп, жаңғырып жаңаша ұғындырылса, енді бірде халық ескілігі еш боямасыз беріліп отырылады.

А.О. Тоқсамбаева. *Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясындағы ұлттық болмыс бітімге әдеби дәстүр әсері.-Семей: «Интеллект», баспасы, 2017ж.-6 бет.*

XV-XVIIғасырлардағы бір топ ақындар шығармаларында фольклорлық және жазба шығармашылық сипаттар мол. Бұл ғасырларда Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шәлгез, Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар сияқты ақындардың мұрасы пайда болды.

XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы, негізінде, жыраулық поэзия. Алғашқыда иыр, ырағу – жыр, жыршы сөзінен шыққан жырау аты әрі өз жанынан өлең-жыр шығарушы, әрі бұрыннан қалыптасқан туындыларды – эпостық дастандарды жатқа айтып, ұрпақ сана-есіне жеткізуші, орнықтырушы қызметін атқарған халық поэзиясының өкілі.

А.О. Тоқсамбаева. *Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2015ж. -3бет.*

1960-2000 жылдардағы қазақ әдебиетінің дүниеге әкелген жаңалығы- билеушісі жағдайдың құлы емес, болашаққа сеніммен қарайтын, халықпен ынтымақтас, өз мүддесін көптің мүддесімен бірлестіре білетін жаңа қаһармандар. Әдебиетіміздің бүкіл өзіндік жүрістері мен келістері, айрықша ажары мен көркі де осы қаһармандарға байланысты. Халықтың қалың ортасынан шыққан еңбеккор, кертартпа кесел атаулымен мәмілеге келмейтін жігерлі күрескер адам–әдебиетіміздің орталық тұлғасы болып келеді.

Халық өмірінде өшпес із қалдырған оқиғалар сырына үңілу, ел тіршілігінің ұрымтал тұстарын жан-жақты көрсету, қоғамның, адамның тарихы мен тағдырын алғы кезекке қою да қазақтың сол тұстағы (1960-2000) әдебиетіне тән сипаттың бірі болып қалыптасқан.

А.О. Тоқсамбаева. *Қазақ әдебиетінің тарихы (1960-2000жж): Оқу құралы. - Алматы: TechSmith, 2019ж.21 бет.*

Сонау ықылым замандардан бастау алатын жыраулық дәстүрдің негізгі мақсаты-өмірді, дүниені, ата-бабаларымыздың ерлік, елдік іс-әрекеттерін кейінгі ұрпаққа жеткізу. Жыраулық үрдіс әрі өнер, әрі дәстүр. Оның ерекшелігі синкреттік сипатында, яғни поэзия, музыкалық мақам және орындаушылық шеберліктің бірлігінде.

Жыраулық өнердің өміршеңдігі оның ел тарихы мен ата – баба дәстүріне негізделуімен айқындалады. Қаһармандық эпос, батырлықты паш ететін көлемді жырлар соның жарқын дәлелі. Ерлік рухына толы мұндай қаһармандық жырлар этикалық тарихқа құрылып, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырылып, дамып отырған. Бұл – жыр дастандардың әдеби

мәтіні мен музыкалық мақамына бірдей қатысты құбылыс. Жыраулық дәстүрді жалғастырудың маңыздылығы осы ерекшеліктерімен айқындалады.

***А.О. Тоқсамбаева**. Жыраулық поэзия және ұлттық рух: Оқу құралы. - Алматы: TechSmith, 2019ж.3 бет.*

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап ұшқырлық танытқан әдебиеттің шағын жанрларының да өз алдына қойған міндеттері бар еді. Олар тұтқиылдан шабуыл жасаған фашизмнің екіжүзділігін, соғыста көрсеткен зұлымдығын әшкерелеп, елді оларға қарсы бүкіл халықтық күреске шақыруға үн қосты. Отанға берілгендікті, халықтар бірлігі мен ынтымағын, майдандағы күрес пен тылдағы жанқиярлық еңбекті жырлады. Мазмұны жағынан үгіттік сипатта жазылған ондай туындылардың халықты дұшпанға өшпенділікке тәрбиелеуге маңызы зор болды. Сөйте жүріп қазақ өлеңі азаматтық лириканың жаңа үлгілеріне бет бұрды. Ол кеңес адамдарының бойындағы азаматтық сезімнің шыңдалуын, майдандағы ерлікті нақты материалдар негізінде жырлау саласында жаңа ізденістер жасады. Бұл тектес шығармалардың бәрінде, әрине, әдебиеттің көркемдік міндеті мен талабы сақтала берген жоқ. Қаламгердің көбі бұрын әбден зерттеп, жазып жүрген етене тақырыптарын тоқтатып, төтенше тақырыпқа ден қоюға мәжбүр болды. Алайда мұның өзі де үлкен сабақ, тарих сабағы еді. Әдебиет қоғам мен дәуір алға тартқан осы міндеттер мүддесінен шығуға ұмтылып, жаңа бағытта ізденістер жасады.

***А.О. Тоқсамбаева**.. Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі қазақ әдебиеті (1941-1960ж). Оқу құралы. - Алматы: ЭСПИ, 2020ж.11бет.*

Қазақ әдебиеті тарихын алсақ, элегияның күшейген кезін XIX ғасыр деп айтуға болады. Мысалы, Шәңгерей ақынның көп өлеңдері де элегияға жатады. Сатиралық лирика (грекше – satura) қосылды.Сатиралық эпос сықылды, сатирамен жазылған лирикалық шығармалар да болады. Сатира дворян әдебиетінде де болған. Бірақ сатиралық лириканың төтенше дәуірлеген кезі тап күресінің күшейіп, нағыз шиеленіскен дәуірде болды.

XIX ғасырдағы қазақ ақындарының ішінде сатиралық лириканы көп жазған адам Абай болды. Ол елдегі болыс, билерді шенеп-мінеп, сынға алып, мысқылдап жазған «Дүтбайға», «Болыс болдым мінекей» деген өлеңдері сатиралық лирикаға жатады.

***А.О. Тоқсамбаева**.. Әдебиеттанудың жаңа бағыттары: Оқулық.- Алматы, «Этиграф»,2022ж, 8 бет.*

Абайдың философиялық, көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері–ұлы ақын сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы

даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның 6-7 үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған.

***А.О. Тоқсамбаева**.. Абай және ұлттық руханият: Оқулық. - Алматы, «Alash Book»,2024ж,30 бет.*

Әдеби шығармашылық – бұл жеке тұлғаның даму деңгейінің бір көрінісі. Ол автордан көптеген қасиеттерді талап етеді: қиял, байқау, эмоционалды сезімталдық, мейірімділік, әзіл-оспақ, поэзия мен ана тілін жақсы көру, табандылық, еңбекқорлық. Осыған байланысты әдеби шығармашылық көп функционалды дидактикалық құрал ретінде қызмет ете алады: жеке тұлғаның тұтастай қалыптасуы (шығармашылық ойлау, эмоционалды және ерікті сфералар) оқушылардың сабақтан тыс тәжірибесіне сүйене отырып, оқу құралы ретінде әрекет ететін білім мазмұнын байыту, көркем шығарманы терең және эмоционалды түрде қабылдайтын оқырманды тәрбиелеу, өнер арқылы қарым-қатынас қажеттілігін қалыптастыру, білім беру жүйесінің компоненттері арасындағы оқшауланууды жеңу, оқушылардың оқу процесі мен алған білімдері туралы хабардар болуы, оқытудың барлық бағыттарындағы тиімділікті бағалау, білім беру, дамыту және рухани-адамгершілік тәрбие.

***А.О. Тоқсамбаева**.. Әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы: Оқулық - Алматы, «Alash Book»,2025ж, 4 бет.*

Қазақ поэзиясы бұл дәуірде өзінің заман талаптарына елгезек қарайтын әдетімен соғыстан кейінгі бейбіт еңбек тақырыбын жырлауға белсенді қызмет етті. Қазақ өлеңі көркемдік салада іздене жүріп, еңбектің қоғамдағы рөлін, еңбек адамының бейнесін, сол арқылы жаңарып жатқан өмірдің жарқын суреттерін ашуда бірқатар табыстарға жетті. Қазақ лирикасының да өсіп жетілгені осы тұс. Шағын лирикада қазақ ақындары отансүйгіш сезімді, адамның ішкі байлығын, табиғаттың жарқын көріністерін суреттей алуға көтерілді.

***А.О. Тоқсамбаева**. Қазақ әдебиетінің тарихы (1941-1960жж): Оқулық. - Алматы, «Alash Book»,2026ж, 12 бет.*

ЕЛДОС ТОҚТАРБАЙ



Елдос Нүсіпұлы Тоқтарбай – жазушы, әдебиеттанушы-ғалым, алаштанушы, сыншы, драматург, баспагер.

Ол 1993 жылы 2 қаңтарда дүниеге келген. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында оқып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі мамандығын тәмамдаған. Әр жылдары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистратурасын, докторантурасын тамамдаған. Ресей Федерациясы Ғылым академиясының Әдебиет институты (Пушкин үйі) Әдебиет теориялары мәселелері бойынша курсын оқыған. Сонымен қатар, Анкара Йылдырым Беязит, Анкара Хажы Байрам Уәли университеттерінде оқыған.

Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті; Түркістан әдебиеті; эмиграциялық әдебиет; абайтану; алаштану; ілиястану;

Еңбек жолының басты кезеңдері: еңбек жолын мұғалім ретінде бастаған Елдос Нүсіпұлы әр жылдары *(12.11. 2012 – 03.06.2015)* Арқалық көпсалалы колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы; *(28.08.2015 – 01.04.2016)* С.Сейфуллин музейі, Ғылыми-қор бөлімінің ғылыми қызметкері; *(01.04.2016 – 01.02.2018);* Қазақстанның «Ақ Жол» демократиялық партиясы, идеологиялық жұмыстар бөлімінің консультанты*; (09.10.2017 – 01.03.2018)* Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының сектор жетекшісі; *(01.03.2018 – 01.10. 2018*) Ахмет Байтұрсынұлы Білім академиясының ғылыми хатшысы *(01.10.2018 – 10.05.2020)* Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Руханият» КММ ғылыми қызметкер; *(19.02.2019 – 28.08.2019)* ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің www.ruh.kz порталының бас редакторы міндетін атқарушы қызметін атқарған.

2021 жылдан бері Шәкәрім атындағы Семей университеті, қазақ әдебиеті кафедрасының аға ғылыми қызметкері.

Қоғамдық қызметтері: 2019 – 2023 жылдары Алаш тұлғаларын зерттеп, насихаттайтын республикалық Qyr balasy қоғамдық қорының атқарушы директоры қызметін атқарған. 2024 жылдан бері ATA Creative Hub баспасының бас редакторы қызметін, ал 2025 жылдың 24 сәуірінен

бері республикалық Ілияс Жансүгіровтың қорының президенті қызметін қоса атқарады.

Ғылыми еңбектері: Елдос Тоқтарбай – 100-ден астам ғылыми, ғылыми танымдық еңбектердің авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 2016-2022 жылдары «Алаш кітапханасы» сериясы бойынша алаш қайраткерлерінің көптомдық мұрасын кітап қылып басқан.

Ол ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша AP 13067966 «Алаш идеясының индексі және жаһандық мәдениет интерпретиясы (Ахмет Байтұрсынұлының аудармалары негізінде)»; BR28712491 Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» ғылыми жобаларын орындауға қатысқан.

Елдос Тоқтарбайдың прозалық кітаптарының тізімі:

Елдос Тоқтарбай. Ақ желкеннің ұландары. – Алматы: Сораба ҚҚ баспасы, 2015. – 296 б.

Елдос Тоқтарбай. Тау құсы. Балалар мен жасөспірімдерге арналған ертегі, әңгіме, хикаяттар. – Алматы: Таңбалы баспасы, 2019. – 96 б.

Елдос Тоқтарбай. Жетісудың жеті өзені. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Жасын Мәдиев бүркеншік есімімен жазылған. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2021. – 24 б.

Елдос Тоқтарбай. Батырлардың ерлігі – тәуелсіздік тірегі. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Жасын Мәдиев бүркеншік есімімен жазылған. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2021. – 24 б.

Елдос Тоқтарбай. Хан Тәңірі. Алтын адам. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Жасын Мәдиев бүркеншік есімімен жазылған. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2021. – 24 б.

Елдос Тоқтарбай. Тамшыбұлақ. Бұрханбұлақ. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Жасын Мәдиев бүркеншік есімімен жазылған. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2021. – 24 б.

Елдос Тоқтарбай. Алтынемел. Арқарлы. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Жасын Мәдиев бүркеншік есімімен жазылған. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2021. – 24 б.

Елдос Тоқтарбай. Алакөл. Балқаш. Балаларға арналған танымдық әдебиет. Жасын Мәдиев бүркеншік есімімен жазылған. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2021. – 24 б.

Елдос Тоқтарбай. Барлыбек. Балалар мен жасөспірімдерге арналған тарихи деректі баян. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2022. – 24 б.

Елдос Тоқтарбай. Алаш қайраткері Біләл Сүлейұлы. Балалар мен жасөспірімдерге арналған тарихи деректі баян. – Алматы: Qyr Balasy баспасы, 2023. – 20 б.

Елдос Тоқтарбай. Алаш заңгері. Сейдәзім Қадырбай балаларға арналған туралы суретті кітапша. – Алматы: Qyr Balasy баспасы, 2023. – 20 б.

Елдос Тоқтарбай. Күрескер. Біләл Сүлейұлы балаларға арналған туралы суретті кітапша. – Алматы: Qyr Balasy баспасы, 2023. – 20 б.

Елдос Тоқтарбай. Тау құсы. Балалар мен жасөспірімдерге арналған ертегі, әңгіме, хикаяттар. Толықтырылған нұсқасы. Үшінші басылым. Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2024. – 168 б.

Елдос Тоқтарбай. Көгершін-жүрек. Әңгімелер. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025. – 24 б.

Елдос Тоқтарбай. Ілияс Жансүгіруұлы кім? – Алматы: Мазмұндама баспасы, 2025. – 92 б.

Елдос Тоқтарбай. Арғы жағы Хазардың, бергі жағы... Роман хроника. – Алматы: Қазақстан Жазушылар одағы РҚБ, 2025. – 296 б.

Елдос Тоқтарбай. Әй-әй, ботақан! Балалар мен жасөспірімдерге арналған әңгімелер. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2026. – 48 б.

Елдос Тоқтарбайдың монографиялық зерттеулер тізімі:

Елдос Тоқтарбай. Қазақ әдебиеті тарихындағы түрмеде жазылған шығармалар және эмигранттық кезең (Генезис. Эволюция. Поэтика). – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2015. – 248 б.

Елдос Тоқтарбай. Түрме әдебиеті: тарихы, кезеңдері және өкілдері. – Нұр-Сұлтан: Алашорда ҚҚ баспасы, 2021. – 248 б.

Елдос Тоқтарбай. Ілиястың Ресейдегі іздері (1925-1928) Ілияс Жансүгіруұлының өмірі мен шығармашылығы архив. – Алматы: Қазақстан Жазушылар одағы РҚБ, 2024. – 296 б.

Елдос Тоқтарбай. Балалар әдебиетінің жанрлық стильдік, идеялық дамуы. Монография. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2026. – 178 б.

Елдос Тоқтарбайдың ғылыми-танымдық, әдеби сын зерттеулері:

Елдос Тоқтарбай. Барлыбек туралы бірер сөз. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2019. – 174 б.

Елдос Тоқтарбай. Сөз-сәуле. – Талдықорған: 7-SU баспаханасы, 2019. – 178 б.

Елдос Тоқтарбай. Жарық сәуле. – Алматы: Дәуір баспасы, 2019. – 352 б.

Елдос Тоқтарбай. Жетісудағы Алаш мектебі. Тарихи-хроникалық фотоальбом. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2021. – 280 б.

Елдос Тоқтарбай. Алаш сөзі. – Астана: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2023. – 176 б.

Елдос Тоқтарбайдың серіктес авторлықта жазылған монография, ғылыми зерттеулер тізімі:

Қаламгер, ғалым, қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұрасы. Серіктес автор – Ардақ Абдуллина. – Арқалық,

Ы. Алтынсарин атындағы АркМПИ баспаханасы, 2013. – 92 б.

Алаштың асыл азаматтары. Анықтамалық. Серіктес авторлар Е. Ерланұлы, Е. Еңсебай. – Астана: Baqorda Media Group, 2017. – 106 б.

Жетісу өңірінің аңыз әңгімелері. Серіктес автор – Ерасыл Толымбекұлы. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2020. – 186 б.

Абай және Алаш. *Абайтанудың кейбір мәселелері*. Серіктес автор – Заңғар Кәрімхан. – Нұр-Сұлтан, Алашорда ҚҚ, 2020. – 252 б.

Абай және Алаш. *Абайтанудың кейбір мәселелері*. Толықтырылған екінші басылымы. Серіктес автор – Заңғар Кәрімхан. – Нұр-Сұлтан, Алашорда ҚҚ, 2021. – 336 б.

Қазіргі проза: жанр мен стиль. Серіктес автор – Әлібек Байбол. – Алматы: Асыл мұра баспасы, 2022. – 200 б.

Millet Mektebinin Yüreği Ahmet Baytursunoğlu. Yazarlar – Nergis Biray, Güljanat Kurmangaliyeva Ercilasun, Yeldos Toktarbay, Zanggar Karimkhan. Ankara, Bengü, 2022. – 272 s.

«Алтайский текст» в русской и казахской литературах. В соавторстве – Алибек Байбол. – Алматы: ОФ Qyr Balasy 2023. – 120 с.

Ұлттық әдебиет мәселесі. Серіктес автор – Әлібек Байбол. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2024. – 268 б.

Алаш тарихы. Ресейдегі Алаш іздері. Серіктес авторлар – Ж. Жылқыбайұлы, Е. Біләл, Т. Жеңіскызы, А. Бағыланқызы. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2024. – 256 б.

Елдос Тоқтарбайдың ұжымдық монография, ғылыми зерттеулерінің тізімі:

Қылмыс заңдарының эволюциясы. 1922 жылы қабылданған қылмыс заңы. Ұжымдық зерттеу: А. Жұмағали, Ж. Сандыбаев, М. Тлебалдиева, Е. Тоқтарбай. – Алматы: Smart university Press, 2024. – 260 б.

Жетісудағы Алаш тарихы. Жаркент іздері. Ұжымдық зерттеу: З.Кәрімхан, Ұ. Сәйдірахман, Е. Тоқтарбай, Д. Ихсан, Е. Нұрахмет. Qyr Balasy ҚҚ, Алматы қаласы, 2024 жыл, 144 б. Ә

Елдос Тоқтарбай аударған әдеби, ғылыми кітаптардың тізімі:

Стивен Сабол. Ресейдің отарлау саясаты және қазақ ұлттық генезисі. Монография. Ағылшын тілінен аударып, өңдеген. – Семей: Алаш-таным баспасы, 2024. – 296 б.

Татьяна Тугай. Ахмет Байтұрсынұлының Орынбор кезеңі. Монография. Орыс тілінен аударып, өңдеген. – Семей: Алаш-таным баспасы, 2024. – 180 б.

Елдос Тоқтарбайдың жетекшілігімен дайындалған жоба кітаптары:

Құлыншақ. Жетісулық балалар жазушыларының антологиясы. I том тақпақ, өлең, жұмбақтар топтамасы. Идея авторы, жоба жетекшісі – Е. Тоқтарбай. – Нұр Сұлтан: Dosmedia, 2021. – 200 б.

Құлыншақ. Жетісулық балалар жазушыларының антологиясы. I том әңгіме, ертегі, хикаяттар топтамасы. Идея авторы, жоба жетекшісі – Е. Тоқтарбай. – Нұр Сұлтан: Dosmedia, 2021. – 248 б.

Ұлтты оятқан ұлы сөз. Әлихан Бөкейханның асыл сөздері. Идея авторы, жоба жетекшісі – Е. Тоқтарбай. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2024. – 92 б.

Ұлтты оятқан ұлы сөз. Ахмет Байтұрсынұлының асыл сөздері. Идея авторы, жоба жетекшісі – Е. Тоқтарбай. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2024. – 104 б.

Ұлтты оятқан ұлы сөз. Міржақып Дулатұлының асыл сөздері. Идея авторы, жоба жетекшісі – Е. Тоқтарбай. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2024. – 80 б.

Ұлтты оятқан ұлы сөз. Халел Досмұхамедұлының асыл сөздері. Идея авторы, жоба жетекшісі – Е. Тоқтарбай. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2024. –120 б.

Ұлтты оятқан ұлы сөз. Мұстафа Шоқайдың асыл сөздері. Идея авторы, жоба жетекшісі – Е. Тоқтарбай. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2024. – 80 б.

Елдос Тоқтарбайдың құрастырып, алғысөзі мен ғылыми түсінігін даярлап, шығарған еңбектері:

Сатирик-жазушы Сейіт Кенжеахметұлы. Торғайдың текті тумасы. – Арқалық, Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ баспаханасы, 2013. – 128 б.

Р. Әубәкірова. Капитан Әубәкіров. Эпистолярлық-хроникалық хикаяты. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2015. – 128 б.

Жазушы Төлеубек Жақыпбай. Қыран, прозалық кітап. – Астана: Фолиант баспасы, 2015. – 480 б.

Ә. Бөкейхан тұлғасы және Тәуелсіздік тағылымы. Конференция жинағы. – Астана, 2016. – 432 б.

XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Ғылыми жинақ. Төртінші шығарылымы. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2016. – 288 б.

XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Ғылыми жинақ. Бесінші шығарылымы. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2016. – 520 б.

Журналист С.Байдалы. Жұртымның керегіне жараса деп... кітабы. – Сырсандық. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романына жасалған текстологиялық талдау. III том.

Алаш мұрасы: рухани жаңғыру және ұрпақтар сабақтастығы. Конференция материалдары. – Астана: Baqorda Media Group, 2017. – 526 б.

XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Ғылыми жинақ. Алтыншы шығарылымы. – Алматы: ARNA-B баспасы, 2018. – 352 б.

Тағылым мектебі. Айбек Қалиевтің азаматтық болмысы мен шығармашылық портреті. – Шымкент, Жедел баспахана, 2018. – 140 б.

Ұлы Абайдың ізімен.. Ғылыми жинақ.

Барлыбек Сырттанұлы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Астана: Алашорда ҚҚ баспасы, 2020. – 278 б.

Матай Бөрібай батыр. Әдеби шығармалар мен зерттеулер жинағы. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2015. – 128 б.

Орталық Қазақстанның тарихи тұлғасы – Мұстақым Малдыбаев. Шығармалар жинағы. Құрастырғандар – Е.Тоқтарбай, Н. Бейсенбекова. – Қарағанды: Санат полиграфия баспасы, 2020. – 204 б.

Біләл Сүлейұлы. Үміт. Шығармалар жинағы. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2021. – 118 б.

Біләл Малдыбайұлы. Кенесары заманынан. Шығармалар жинағы. – Алматы: Bakbergen баспасы, 2021. – 180 б.

Барлыбек Сырттанұлы. Қазақ елінің Уставы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Баянжүрек баспасы, 2021. – 356 б.

Абақтыдағы жан сөзі. Түрмеде жазылған жырлар антологиясы. – Нұр-Сұлтан қаласы, 2021. – 560 б.

Сейдәзім Қадырбай. Шығармалар жинағы. Құрастырған – Е. Тоқтарбай, Б. Әбеу. – Нұр-Сұлтан: Алашорда ҚҚ баспасы, 2021. – 272 б.

Мұстақым Малдыбайұлы. Шығармалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: Алашорда ҚҚ баспасы, 2021. – 272 б.

Елеусін Бұйраұлы. Ызың. Шығармалар жинағы. Құрастырғандар – Е.Тоқтарбай, Қ. Сағынышқызы. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2023. – 116 б.

Сейдәзім Қадырбай. Ақы заңы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2023 – 406 б.

Мұстақым Малдыбайұлы. Иман һәм намаз яки мұсылмандық. Шығармалар жинағы. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2023 – 128 б.

С.Б.Алашинский. Әдеби хрестоматия. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2024. – 220 б.

Ғабдолғазиз Мұсағалиұлы. Гүлжиһан. Шығармалар жинағы. Құрастырғандар Е. Тоқтарбай, Е. Нұрахмет. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2025. – 280 б.

Ілияс Жансүгірұлы. Жаңадан табылған жырлар. Құрастырғандар Е. Тоқтарбай, Ә. Байбол..– Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2024. – 308 б.

Ілияс Жансүгірұлы. Беташар. – Алматы: Жамбыл баспасы, 2024. – 246 б.

Міржақып Дулатұлы. Қазақтың тарихы. Таңдамалы шығармалар жинағы. Құрастырған – Д. Ихсан, Е. Тоқтарбай. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025. – 248 б.

Өтепберген. Өтепберген Ақыпбекұлы туралы естеліктер жинағы. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2025. – 248 б.

Аққағаз Досжанқызы. Жүкті әйелдерге кеңес. – Алматы: Qyr Balasy ҚҚ баспасы, 2026. – 160 б.

Мемлекеттік марапаттары:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты («Әдебиет / Проза» номинациясы бойынша 9.12.2017 жыл);

ҚР Ғылым және жоғары ғылым министрлігі «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі (№ 080, 22.08.2024 жыл).

Ұйым мүшелігі:

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (№01344, 8.04.2021 жыл)

Қазақстан Ұлттық құндылықтар академиясының корреспондент мүшесі (№7, 11.07.2024 жыл)

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Түрме – тәртіппен қатаң режимдегі жүйе. Осындай қатаң жүйеге әлем халықтарының әрбір елді мекенінде, аймақтарында мемлекеттік саяси жүйеге қарсы шыққан қаламгерлер лек-легімен тар қапасқа тоғылады. Тар қапасқа таңылған ұлтшыл азаматтар өздерінің жан қайғысын, ыза-шерін, наласын, арман-үмітін өлең, жыр немесе прозалық туындылар арқылы білдірген. Олардың жазылу тарихы, оқырманның қолына жетуі, ғылыми айналымға түсуі – өз алдына бір бөлек мәселе. Міне, осы көкейкесті мәселе әлемдік әдебиеттану контексінде сол мезетінде-ақ сөз бола бастаған. Мысалы, Мигель де Сервантес, Джон Баньян, Оскар Уайльд, Николо Максиавелли, Грамши Антонио, Алекс Ла Гума, Назым Хикмет, Мұса Жәлел т.б. түрмеге

түскен ақын-жазушылардың түрмеде жазған шығармалары арнайы қарастырылып, антологиялық жинақтарға арқау болды. Сондай-ақ, орыс әдебиеттанушылары көптеген ТМД елдерінің халық әдебиетіне, соның ішінде түрме шығармашылығына арнайы назар аударып, академиялық басылымдар мен монографиялар шығарған.

Ал біздің ұлттық әдебиеттануымызда бұл мәселеге енді назар аударылуда. «Алаш ұранды әдебиет», «Алаш рухты әдебиет» деп арнайы қарастырылу ісі – тәуелсіздік жылдарында ғана қолға алынды. Қазақ әдебиеті тарихындағы түрме шығармашылығы арнайы кешенді зерттеу еңбекке арқау болмаса да, бірді-екілі ғалымдардың зерттеулерінде сөз болғанымен, зерттеулер саны мүлде аз. Қазақ әдебиеті тарихындағы түрме шығармашылығы, түрмеде жазылған шығармалардың концептілік мағынасы, мәні, жүйесі, дүниетанымы, олардың тілдік, көркемдік ерекшеліктері, тарихи кезеңдері арнайы қарастыруды қажет етеді. Қазақ әдебиетіндегі түрме шығармашылығы және эмигранттық кезеңін саралауға арналған бұл еңбекте жоғарыда айтылған мәселені шешіп, кемшіліктің орнын толтыруға бағытталған. Қазақ әдебиетіндегі түрме шығармашылығын зерделеу барысында біз түрмеде жазылған шығармаларды тек жинастырып қана қоймай, оларды әлемдік әдебиет контексінде және жан-жақты саралау, талдау шеңберінде қарастырамыз.

Тоқтарбай Е. Түрме әдебиеті: тарихы, кезеңдері және өкілдері. – Нұр-Сұлтан: Алашорда ҚҚ баспасы, 2021. – 248 б. Үзінді 5 беттен алынған.

Мағжан – қазақтың аса талантты ақыны, поэзияға реформа жасаған ғажайып суретker. Оның поэзиясы – қазақ поэзиясындағы ерен құбылыс. Ұлы Абайдың ақындыққа, сөз өнеріне қойған талаптарының биігіне шығып, толық жауап бере білген XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі айтулы ақындарымыздың бірі. Бүгінде оның поэзиясы жан-жақты зерттелуде, алайда оның ақындық ерекшелігі, қазақ поэзиясына қосқан үлесі толық ашыла қойды деуге болмайды. Ана тіліміздің керемет сөз байлығын мейлінше еркін пайдаланған ақынның ақындық мәдениеті, суретkерлік шеберлігі әлі талай тамсандырары сөзсіз. Егер де ана тіліміздің белсенділік деңгейін көтереміз десек, тілдік шеберлігі мол, көркемдігі күшті туындылар мен олардың авторларының шығармалары, өмір жолы кең көлемде талданып, шығармаларының тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктері туралы үнемі зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жалпы жұртқа жарияланып, қажетті жағдайда шетел тілдеріне де аударылып отырылуы тиіс. М.Жұмабай поэзиясы шетел тілдеріне өз...

Тоқтарбай Е. Жарық сәуле. – Алматы: Дәуір баспасы, 2019. – 352 б., 18 б.т. Үзінді 50 беттен алынған.

XX ғасыр басындағы қазақ оқығандарының Абай Құнанбайұлына деген ықыласы ерекше, құрметі алабөтен болатын. Оқығандар үшін «Абай – ұлтымыздың нөмірі бірінші дерлік ақыл-ой кеңіші» еді. Оқу мен ғылым прогресінде артта қалған, өркениет көшінен едәуір алыстағы қараша қазақтың қараңғы бұлт торлаған көк аспанын білім сәулесі түскен нұрлы күнге айналдырған ұстаз еді бұл Абай! Иә, Алаш арыстары Абай хакімді осылай биік бағалап, зор құрметке бөледі. Абайдың өзі өлсе де, сөзі өлмейтінін шын түсінген асылдар милләт ұстазын ұлттық мүдде тұрғысынан рухани культке айналдыруды ынта-шынтасымен қолдап, кіріскен. Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп танып, өлеңдеріне теориялық тұрғыда қарап, ішкі мазмұны мен идеясына, поэтикалық қуатына разы болып, зор баға берген үлкен оқымысты Ахмет Байтұрсынұлы.

Алты Алаштың ақылманы атанған Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» («Қазақ» газеті, 1913 жыл, №43) мақаласы – ұлттық ойлау кеңістігіміздегі ең өзекті ғылыми еңбектің бірегейі. Мазмұны, әдеби-теориялық талдауы ешқашан сапасы мен құндылығын жоймайтын терең пайым. Ахмет Байтұрсынұлының Абай туралы көзқарасы, оның ақындығы мен шығармашылық тұлғасы турасындағы пікірі байыпты, салиқалы пікір болған соң, өлеңге деген талап, сөз сырын меңгеруге, тануға деген түсінік қандай боларын осы мақаладан түсінуге болады.

Тоқтарбай Е. Абай және Алаш. Абайтанудың кейбір мәселелері. Толықтырылған екінші басылымы. Серіктес автор – Заңғар Кәрімхан. – Нұр-Сұлтан, Алашорда ҚҚ, 2021. – 336 б. Үзінді 131 беттен алынған.

1926-1927 оқу жылында 2-курс студенті Ілияс Жансүгіровтың өсу дәрежесін көрсететін жалпы дамуы мен оқу үлгерімі – «жақсы» деп бағаланады. Ғылыми-зерттеу жұмысына үлкен қабілеттілік танытса, орыс тілінен қосымша сабақтар алып, өзін-өзі жетілдірген. Оған берілген сипаттамада: «Студент болашақта қазақ тілді газеттің редакторы болуы мүмкін. Белсенділігі орташа, сабақтарға уақытылы қатысады, жазба жұмыстарын орындайды және конференцияларға қатысады», – деп жазылған. ГЖЖ 20/1-1927, № 32 қаулысымен бекітілген 1926-1927 оқу жылының оқу комиссиясы мәжілісінің хаттамасында: «Студент І.Жансүгіровтің жұмыс дағдылары мен сабаққа дайындалу жүйесі бар. Пәнге айтарлықтай қызығушылық танытады, жұмысқа өте байыпты қарайды, оқытылатын материалды қанағаттанарлық деңгейде меңгереді» деп студенттің жан-жақты дамуын атап өтеді.

«Журналист» үйірмесінің жетекшісі оның қоғамдық өмірге араласуы турасында: «Студент І. Жансүгіров қоғамдық өмірге араласуы ортадан жоғары, ол өте қанағаттанарлық жұмыс істейді және курс материалын меңгереді. Оқуда белсенді, адал еңбек етіп, өскені

байкалады. Оның жақсы ұлттық баспасөз қызметкері болатынына сенімім бар. Орыс тілінен қосымша сабақтар алуын ұсынамын» деп жазған.

Ілияс 1927 жылғы 2 қаңтар күні Бүкілодақтық коммунистік партияның жабық жалпы жиналысында Журналистика институтының мүшелерімен және 12 кандидат бірге Бүкілодақтық коммунистік партияның мүшелігіне қабылданады. Институт әкімшілігі партияға кандидат я мүше болғандардың өндіріс орындарының органдарында жұмыс істеуіне, тәжірибесін жетілдіруіне мүмкіндік жасайтынын біліп, 1927 жылғы 14 қаңтарында институттың жанындағы мекемеден тыс жұмыстар жөніндегі комиссияға өтініш береді. Жұмысшылар клубына қабылданады. Сөйтіп аптасына бір рет сейсенбі күні «Красный каучук» зауытындағы қабырға газетіне В. Анисимов жолдастың көмекші редакторы болып жұмысқа тартылады. Ілияс «Кереге» газеті туралы курстық жұмыс жазған. Оқу-әдістемелік кеңес мүшелері курстық жұмысқа «Өте жақсы» деген баға қойып, «Студент қабырға газетінің қандай болуы керектігін түсінген. Газет редакциялық талапқа сай мазмұнмен даярланған» деп сипаттама берген.

Тоқтарбай Е. Ілиястың Ресейдегі іздері (1925-1928) Ілияс Жансүгіруліының өмірі мен шығармашылығы архив. – Алматы: Қазақстан Жазушылар одағы РҚБ, 2024. – 296 б. Үзінді 61-62 бет аралығынан.

Бекен Ыбырайымның «Іздер құпиясы» романы, сөз жоқ, қазақ балалар әдебиетіндегі елеулі жаңалық. Бұл шығарма әдеби ортада қазақ әдебиетіндегі балаларға арналған тұңғыш детектив роман ретінде бағаланды. Өйткені қазақ балалар прозасында тәрбиелік әңгіме мен хикаят аз жазылған жоқ. Алайда оқырманды жұмбақ пен логика арқылы жетелейтін детективтік шығарма некен-саяқ еді. Міне, Бекен ағамыз осы олқылықтың орнын толтырып, бөгенайы бөлек жаңа өрісті туынды жазыпты.

Романның басты жетістігі – оның балалар психологиясын дәл тануында. Қазіргі балаға құр ақыл айту әсер етпейді. Оған құпия, белгісіздік, шытырман оқиға, сыр жасыру сияқты сюжет керек. «Іздер құпиясы» дәл осы тәсілмен жазылған. Шығарма басынан бастап оқырманды жұмбақ оқиғалардың ішіне тартып әкетеді. Күдікті іздер, жұмбақ салт аттылар, түсініксіз әрекеттер – бәрі баланың қызығушылығын оятады. Автор осы интриганы роман соңына дейін мықтап ұстап отырады.

Шығармадағы басты кейіпкер Саян – бүгінгі қазақ баласының жаңа типі. Ол бұрынғы әдебиеттегі тек тілалғыш немесе тым момын кейіпкер емес. Саян – ізденетін, бақылағыш, күмәнданатын, логикаға сүйенетін жасөспірім. Оның батырлығы күшінен ғана емес, ақыл, пайымынан

көрінеді. Осы арқылы жазушы балалар әдебиетінде жаңа қаһарман бейнесін жасаған. Саян жұмбақтың шешімін тек төбелеспен емес, парасатпен тереңнен ойлау арқылы табуға тырысады. Бұл – романның тәрбиелік қуатын күшейтетін басты ерекшелік. Бұл романның әдеби маңызы – қазақ балалар әдебиетіне жаңа жанр алып келуінде. Бекен Ыбырайым балалар әдебиеті тек тәрбиелік насихат немесе жеңіл әңгіме ғана болмауы керек екенін көрсетті. Баланың ойлау қабілетін дамытатын, логикасын жетілдіретін интеллектуалдық проза да қажет. «Іздер құпиясы» осы қажеттіліктен туған шығарма деп батыл айтуға болады.

Тоқтарбай Е. Балалар әдебиетінің жанрлық стильдік, идеялық дамуы. Монография. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2026. – 178 б. Үзінді 58 бет аралығынан.

Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесін қазіргі қазақ прозасының отбасылық-рухани проблематикасын ашатын көпқабатты мәтін ретінде қарастыруға болады. Өйткені, шынайы жазылған туындының идеясы, көтерген мәселесі әлі де болса өзектілігін жоймаған. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы тұрмыстық микросюжет арқылы ірі әлеуметтік-мәдени сауалды көтеруге бейім. Шағын жанрда жазылған туындыдағы мәдени жад және ритуалға назар аударайықшы: көркем шығармада «әже» – тек туыстық атау емес, мәдени жадтың тірек фигурасы. Ол – ертегіні жеткізуші, бата беруші, киім киісімен (кимешек, қамзол) дәстүрді материалдандыратын медиатор. Урбанизация жағдайында бұл функциялардың бір бөлігі институттарға («детсад») беріліп, «әже» архетипі «заманауи бабушка» формасына ауысқан. Мәтіндегі құндылық дағдарысы – дәл осы функциялық ығысуға байланысты.

Әңгімедегі символдық өрнек пен ритуал поэтикасы да ерекше. Мысалы, ұршық, кимешек, қамзол: әйел еңбегі, ұрпақ сабақтастығы, «ылғи күйбеңдейтін» мейірімнің заттық таңбасы ретінде сипатталады. Ал ертегі: тіл мен мінездің «ауызша институты» – үй ішінің микроқоғамдық келісімін қалпына келтіретін амал. Ас қайыру (бата): дастарқан этикасының қысқа формуласы; оны «білмеу» – рәсімнің әлсіреуінің белгісі. Қалалық банкет атрибутикасы (рюмка, тост, «поздравляю» дискурсы): дәстүрлі этиканы ығыстыратын жаңа код. Тегінде, шығарманың түйіні осы кодтардың қақтығысына құрылған. Әке – «ритуал реставраторы» болғысы келеді, алайда орта оған бейімделуді ұсынады.

Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесі – урбанизация дәуіріндегі отбасы мәдениетінің көркем диагностикасы. Әңгіме «әже» архетипінің әлеуметтік функциялары әлсірегенін көрсете отырып, дайын рецепт ұсынбайды; бірақ «іздеудің өзін» құндылыққа

айналдырады. Тәрбиенің тілі – ертегі, ритуал, бата, мейірім – қайта жанданбай, «нағыз әже» сырттан табылатын жалқы тұлға емес, үй ішіндегі өмір салтына айналмайды. Нұрдәулет Ақыштың эстетикалық стратегиясы – үлкен мәселені кіші әлем арқылы көрсету, осылайша көпқабатты мәтін «баланың сұрағына» қоғам атынан жауап іздейтін моральдық айнаға айналады...

Тоқтарбай Е. Балалар әдебиетінің жанрлық стильдік, идеялық дамуы. Монография. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2026. – 178 б. Үзінді 25 бет аралығынан.

Мейіржан Жылқыбай шығармашылығының басты ерекшелігі – оның балалар әлеміне сырттай емес, іштен қарап, бала жанына үңіле білуінде. Көптеген авторлар бала туралы жазғанымен, баланың жан дүниесімен сөйлесе алмай жатады. Ал Мейіржанның кейіпкерлері – шынайы балалар. Олар қорқады, қуанады, таңырқайды, қиялдайды, кейде қателеседі. Бірақ ешқашан жасандылыққа ұрынбайды. Сондықтан оның шығармалары балаларға да, ересектерге де жақын.

Оның шығармаларына тән тағы бір сипат – жануарлар мен табиғат әлемін адам болмысымен астастыра суреттеуі. Кейіпкерлердің көпшілігі аң-құс, жануарлар болғанымен, автор олар арқылы адам қоғамындағы мінездерді көрсетеді. Бұл тұрғыдан келгенде Мейіржан Жылқыбай қазақ балалар прозасындағы Максим Зверев бастаған анималистік бағытты жаңа деңгейде жалғастырып жүрген жазушылардың бірі. «Мақта қыз бен мысығы», «Тауға саяхаты» т.б. шығармалары осы сөзімізге дәлел.

Мейіржан Жылқыбайдың қаламгерлік болмысын айқындаған тағы бір шығарма – «Батыр қоян». Қазақ ертегілерінде қорқақтықтың символына айналған қоянға батырлық қасиет дарыту арқылы автор балалар әдебиетіндегі қалыптасқан стереотиптерді бұзады. Ол баланы дайын ұғымдарға бағындырудан гөрі, өзгеше ойлауға жетелейді. Қорқақ деп танылған кейіпкердің де ерлік көрсетуі мүмкін екенін дәлелдейді. Бұл – жазушы дүниетанымының ерекшелігі.

Тоқтарбай Е. Балалар әдебиетінің жанрлық стильдік, идеялық дамуы. Монография. – Алматы: ATA Creative Hub баспасы, 2026. – 178 б. Үзінді 87 бет аралығынан.

ТӨЛЕБАЕВА АЙДЫНГҮЛ ТОЙБАЗАРҚЫЗЫ



Төлебаева Айдынгүл Тойбазарқызы 1983 жылғы 14 қыркүйекте Қызылорда облысы, Арал ауданында дүниеге келген.

1990-2000 жылдар аралығында Арал ауданының Жінішкекүм ауылындағы №230 орта мектепте білім алып, оны үздік аяқтаған.

2000-2005 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Қазақ тілі мен әдебиеті және шетел тілі» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

2006-2007 жылдары аталған университеттің 6N0205 – «Филология» мамандығы бойынша магистратурасын үздік тәмамдап, филология ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесіне ие болған.

2009-2011 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша білім алып, аталған бағдарламаны үздік дипломмен аяқтаған.

2012-2015 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша докторантурасын бітірген.

Еңбек жолын жоғары оқу орнында жалғастырып, 2007 жылдың қыркүйек айынан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасы бойынша оқытушы, аға оқытушы қызметтерін абыроймен атқарып келеді.

2007-2008 жылдары «Сырдария кітапханасы» көптомдық басылымының редакциясында редактор қызметін атқарып, ғылыми-әдеби мұраларды жүйелеу мен жариялау ісіне өз үлесін қосқан.

2022-2024 жж. «Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері» тақырыбындағы ғылыми жобада аға ғылыми қызметкер, 2023 жылдан бастап «Сыр сүлейлері шығармаларындағы шығыстық дәстүр» ғылыми жобасында аға ғылыми қызметкер болған.

Айдынгүл Тойбазарқызы – педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатар алып жүрген, қазақ тілі мен әдебиеті саласының білікті маманы. Оның ғылыми-педагогикалық қызметі білім беру ісін жетілдіруге, ұлттық әдеби мұраны насихаттауға және болашақ мамандарды даярлауға бағытталған.

«Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбы аясында ғылыми зерттеу жұмысын жүргізген. Зерттеу тақырыбына қатысты 50-ге жуық ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық ғылыми журналдарда жарық көрген.

Philosophical Worldview and Pedagogical Perspectives of the Poets-Zhyrau of the Aral Sea and Syr Darya Areas. Special Issue of Journal of Research in Applied Linguistics, 10, Spring, -2019. -P.256-274

Сопылық-философиялық поэзиядағы хикмет дәстүріндегі өлеңдер//Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ХАБАРЛАРЫ. -№4(290), -2013. –Б.118-125.

Сопылық-философиялық поэзиядағы сыншылдық көзқарастар//Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ХАБАРШЫСЫ. -№4, -2013. –Б.104-108.

Сопылық-философиялық поэзиядағы насихаттық хикмет өлеңдері//Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ХАБАРШЫСЫ. -№1, -2014. –Б.113-118.

Сопылық-философиялық ағартушылық ағым аясындағы әлемдік поэзияның көркемдік дәстүр жалғастығы//Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. -№1(293), -2014. –Б.146-149.

Базар жырау дастандарының дидактикалық сипаты//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -№3/2 (47), -2017. –Б.86-88.

Тұрмағамбет шығармаларындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық ерекшеліктер//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -№3/2 (47), -2017. –Б.221-223.

Шораяқтың Омары дастандарындағы адамгершілік, имандылық мәселесі//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -№4(61), -2018. –Б.64-68.

Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы дүниетаным//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы, -№1(71), -2020. –Б.471-477.

Philosophical worldview and pedagogical thoughts in the poetry of poet-zhiraus in Syrdarya region//Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. -№1(142), -2023. –Б.192-198.

Pedagogical views in T.Iztileuuly's instructive and propaganda verses//Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. -№1(142), -2023. –Б.269-283.

Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр//Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. -№ 4(145), -2023. –Б.121-131.

Сыр өңірі ақындары поэзиясындағы философиялық-дидактикалық сарындар мен педагогикалық көзқарастар *(Жүсіп Ешниязұлы шығармалары негізінде)* //«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ Хабаршысы. -№1(407), -2024. –Б.324-336.

Фирдоуси «Шаһнамасы» және Тұрмағамбет//«Керуен» ғылыми журналы. -№2(83), -2024. –Б.174-183.

Philosophical thoughts in poetry of Syr land akyn-zhyraus/IMPACT: International Journal of Research in Humanities, Arts and Literature (IMPACT: IJRHAL); Volume-3, Issue-7, Jul 2015. -P.43-48

Тұрмағамбет шайырдың философиялық дүниетаным көкжиегі/Абайдың туғанына 170 жыл толуына арналған «Абай және әлемдік өркениет» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Семей, 2015. –Б.273-277.

Концептуальные подходы к изучению поэзии поэтов-жырау земли Сыра/Научный журнал «Общество знание и социальная психология» Выпуск -№9-2 (39), -2022. -С.50-60

Сыр өңірі ақындары поэзиясындағы педагогикалық көзқарастар (Т.Ізтілеуұлы, Ж.Ешниязұлы шығармалары негізінде) /"TÜRK DÜNYASINA GENÇ BAKIŞI" ULUSLARARASI LİSANSÜSTÜ ÖĞRENCİ SEMPOZYUMU-1 PROGRAM 25 NİSAN 2024 PERŞEMBE. – Б. 30-33.

Базар жырау дастандарындағы гуманистік ойлар/«Сыр сүлейлеріне классикалық шығыс әдебиетінің әсері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда, 2024. –Б.72-77.

Теоретическое значение и содержание традиции назира. Научный аспект. №10, 2023. -С.391-396.

Қазақ әдебиетіндегі шығыстық дәстүр («Мың бір түн» ертегілері негізінде)// Ясауи университетінің хабаршысы. - №1 (131), - 2024. –Б.91-102.

Қарасақал Ерімбеттің «Әбу Шашма» дастаны: исламдық дүниетаным және әділдік қағидаты// Ясауи университетінің хабаршысы. - №3 (137), -2025. –Б.129-143

Ислам тақырыбындағы жырлардың (рубай, ғазал) дидактикалықфилософиялық сипаты// Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. - №3 (152), - 2025. –Б.234-247.

THE SACRAL CONCEPT AND ITS INTERPRETATION// А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты. TILTANYM. - 2023. №1 (89). -Б.73-79

Ислам дініндегі білімнің статусы мен құндылығы және киелілер культі// Қарағанды университетінің Хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. - 2024. 29-том № 1(113). –Б.178-187

Исламдағы білім және «киелілер» культі// Адам әлемі. - 2024. - №1 (99). – Б.151-160

ETHNO-CULTURAL NATURE OF NAMES RELATED TO SACRED PLACES IN SYR REGION// А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты. TILTANYM. - 2024. №3 (95). -Б.85-95

«Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері» (2024жыл) тақырыбында монография, «Сыр сүлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идея» (2024 жыл) атты оқу-әдістемелік көмекші құралы, «Сыр сүлейлері жазған дастандардағы нәзирагөйлік әдіс» (2025жыл) атты көмекші әдістемелік оқу құралы бірлескен авторлармен жарық көрген.

2015 жылы Түркия мемлекеті, Анкара қаласы, Гази университетінде ғылыми тағылымдамадан, ғылыми жоба аясында 2023 жылы Түркия мемлекеті, Анкара қаласы, Хажы Байрам Вали университетінде, 2024 жылы Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы, Ғылым академиясының Өзбек тілі, әдебиеті және фольклор институтында, Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасында, 2024 жылы Түркия мемлекеті, Анкара қаласы, Хажы Байрам Вали университетінде, Президенттік Ұлт кітапханасында, Стамбул қаласындағы Стамбул университетінде ғылыми іссапарда болып, зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Университеттің «Үздік оқытушы» төсбелгісі (2021 жыл), Облыс әкімінің Алғыс хаты (2022 жыл), ректордың «Құрмет» грамотасы (2023 жыл), «Үздік түлек» төлбелгісімен (2025 жыл) марапатталған.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы, тарихы мен географиялық орны, киелі атануы (этимологиясы) мен исламдық құндылықтары – қазіргі таңда зерттеушілер назарын аударатын танымдық жаңа бағыттардың бірі.

Ғылыми еңбекте Сыр өңіріндегі киелі орындарға байланысты аңыз-әпсаналардың шығуына ислам мәдениетінің ықпалы, тарихи процестегі маңызы талданған. Сыр өңірі шығармашыл тұлғаларының туындыларындағы ислам діні тағылымдарының көрінісін қарастыру арқылы ұлттық, жалпыадамзаттық ортақ эстетикалық, көркемдік ойлау ұлағаты сараланады. Ақын-жыраулардың шығармаларындағы киелі жерлер ұғымы мен ислами құндылықтар шығарма желісінде талданып, сюжеттер арқылы ақындық поэзияда жырлану ерекшеліктеріне, философиялық, дидактикалық, теологиялық құндылықтарына, шығарманың бейнелі өрнектеріне талдаулар жүргізіледі. Сыр өңірінің киелі орындарына қатысты танымдық-фольклор жинақтарына талдау жүргізіп, ұлттық әдебиетіміздегі ислам діні мәселелерінің әдеби дамудағы маңызды орны айтылады.

Зертеу еңбек қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғалымдар мен оқытушыларға, студенттер мен магистранттарға, докоранттарға, сондай-ақ әдебиет сүйер барша оқырманға, өлкетанушыларға арналған.

Сыр өңірінің киелі орындары мен ислам құндылықтарының әдеби-танымдық ерекшеліктері. – Қызылорда: Тұмар, 2024. -328 б.

Бұл еңбекте Сыр сүлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идеяны әдеби таным тұрғысынан меңгерту қарастырылады. Әлемдік білім кеңістігіне енудегі озық технологияларды игерудің тиімді жолдары қамтылды. Кітапта Сыр сүлейлері шығармаларын жаңа технологиямен оқыту, ұрпақ санасында адамгершілік дағды қалыптастыру (модульдік, проблемалық әдістер) жолдары жинақталған. Демократиялық-ағартушылық идеяны ұғындыруда ұлттық рухты сақтап қалу көзделді. Кітап әдебиет зерттеушілері мен орта мектеп мұғалімдеріне, магистранттарға, докоранттарға және тарихты танып, бағалай білетін барша оқырманға арналған.

Сыр сүлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идея.
– Қызылорда: Тұмар, 2024. -248 б.

Көмекші әдістемелік оқу құралында қазақ әдебиетіндегі нәзирагөйлік дәстүрдің ерекшеліктері, оның Сыр сүлейлері шығармашылығындағы көрінісін талдауға арналған. Сыр сүлейлерінің поэтикалық мектебі мен олар жазған дастандарының мазмұны, көркемдік жүйесі, Сыр өңірі ақын-жыраулары шығармашылығындағы нәзирагөйлік дәстүр ғылыми-теориялық тұрғыда зерделеніп, оқыту

жолдары ұсынылған. Сыр сүлейлері дастандарын оқыту барысында қолдануға болатын тиімді әдіс-тәсілдер жүйеленіп, оқу үдерісінде пайдалануға қолайлы тапсырмалар берілген. Әдістемелік бағытта құрастырылған бұл еңбек фольклортану, әдебиеттану және қазақ поэзиясы салаларында білім алушыларға, ЖОО-ның филология, мәдениеттану мамандықтарында (ББББ) оқитын студенттерге, магистранттарға, сондай-ақ қазақ әдебиеті әдістемесінің тарихи даму үдерісіне қызығушылық танытатын оқытушылар мен зерттеушілерге арналған.

Сыр сүлейлері жазған дастандардағы нәзирагөйлік әдіс.
– Қызылорда: «ASU» баспа үйі», 2025. – 308 б.

Мақалада Сыр сүлейлері Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы, т.б. мысалдарындағы Шығыстық дәстүр сөз болады. Сүлейлер мысалдарындағы Шығыстық дәстүрге талдама жасалды. Қазақ поэзиясы мен Шығыстық ұқсас сюжеттер, сарындық қайталаулар, сабақтастық айқындалады. Мысалдардың танымдық қызметі сараланады. Ойды айқындай түсетін шығыстық сюжетке құрылған мысалдар арқылы Сыр сүлейлері дүниетанымының даралығына дәйектемелер келтіріледі. Сыр сүлейлері ұстаған Шығыстық дәстүрдің маңызы ашылады. Әдебиет зерттеуші ғалымдардың Сыр сүлейлері туралы пікірлерін салыстыра отырып, тың тұжырымдар айтылады. Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар мысалдары назарға алынып, тәрбиелік мәніне баға беріледі. Осы үш шайырдың мысал өлеңдерінің шығармашылық ерекшелігі Сыр сүлейлері әдеби мұраларының өзіне тән сыр-сипатын анғартады. Мақалада мысал өлеңдердегі шығыстық сипатты талдай отырып, Сыр сүлейлерінің шығармашылығы ұлт әдебиетінің құрамдас бөлігі екендігін айқындай түседі. Қазақ ғылымындағы фундаментальды зерттеулерді негізге ала отырып, шығыстық мотивтерді кешенді түрде ашу көзделді. Әлемдік және ұлттық әдеби-мәдени байланыстар мен Шығыстық дәстүрдің маңызы айқындалады. Нәзирагөйлік дәстүріндегі ақындардың үлесі айқындалып, ақындық көркемдік ойлау жүйесі сараланды. Мысалдардағы Шығыстық үлгі мен ғибраттық ойлар танымдық тұрғыдан анықталды. Сыр сүлейлері мысалдарындағы Шығыстық дәстүрдің мағыналық ерекшелігі ашылып, ұлттық құндылық екені дәлелденеді.

Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр//Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы.
Филология сериясы. -№ 4(145). -2023. –Б.121-131.

Ел егемендігі еңсемізді көтеріп, рухани дүниемізді түгендей бастаған қазіргі кезеңде, халық тағдырының шынайы көрінісін, ұлттық мүдде мен болмыс-бітімін айшықтап берер әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін қайта сын елегінен өткізіп жатқан қазіргі таңда әдебиеттің тарихын, қазақ поэзиясының кейбір мәселелерін қайта қарау қажеттігі туындап отыр. Соның ішінде әлі де болса, жігін ашып, арнайы қарастырылатын мәселе – қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттен бастау алар жыраулық философиялық-дидактикалық сарын. Қазақтың дәстүрлі философиясы, дүниетанымы батыс және шығыс философиясымен салыстырғанда өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Ақын-жыраулар жырларының заман жүгін көтерер мәселелерінің бірі – адамгершілік, имандылық, ел бірлігі, ар-ождан, т.б. туралы ой-толғаулары. Сыр өңірі ақын-жырауларының шығармалары жөнінде сөз еткенде, олардың шығармаларының өзіне тән сыр-сипаты, ерекшеліктері бар. Осы күнге дейін Сыр өңірі ақын-жыраулары поэзиясы зерттелді. Бірақ біз Сыр өңірі ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар тұрғысынан талдау жасап отырмыз. Мақалада дидактикалық поэзия дәстүрінің көрнекті тұлғасы Жүсіп Ешниязұлының лирикалық өлеңдеріндегі философиялық-дидактикалық сарындар ақынның даралығын және шығармашылық ортасына тән шеберлік дәстүрі мен педагогикалық көзқарастары дәстүр жалғастығы заңдылығы бойынша алынып, бағаланды.

Сыр өңірі ақындары поэзиясындағы философиялық-дидактикалық сарындар мен педагогикалық көзқарастар (Жүсіп Ешниязұлы шығармалары негізінде) //«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ Хабаршысы. -№1(407). -2024. –Б.324-336.

Мақалада Сыр сүлейі, ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының ғибрат, насихат өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастарына талдаулар жасалынды. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы – XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық ағымның өкілі. Сондықтан да оның педагогикалық-ағартушылық көзқарастарының бастау бұлағы ислам дінінде жатқандығын шығармаларынан аңғарамыз. Ақын шығармаларындағы негізгі тақырыптардың бірі – оқу, білімді дәріптеу, қарапайым халықты зиялылыққа үндеу. Өйткені білімді, тәрбиелі ұрпақ – ел болашағы. Сондықтан мақалада ақынның ұрпақ тәрбиесіне арнаған шығармаларын негізге ала отырып, өсиет, ғибрат өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастарын ашып, оны ғылыми негіздеу қазіргі ғылымдағы өзекті мәселенің бірі екендігін көрсетеді. Мақалада ақынның білім мен ғылымды, өнерді меңгеру мәселесін адамның өмір кезеңдерімен байланыстыруы оны жаңа бір, яғни педагогтік-ағартушылық қырынан

көрсетеді. Адамның жас кезеңдеріне байланысты білімді игеру ерекшелігін Тұрмағамбет өзінің ағартушылық-дидактикалық сипаттағы өлең жолдарында шеберлікпен жеткізе білетіндігі айқындалады. Ақын шығармаларындағы ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселелерді зерттеген ғалымдардың зерттеу еңбектері де негізге алына отырып қарастырылды.

Pedagogical views in T.Iztileuuly's instructive and propaganda verses//Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. -№1(142), -2023. –Б.269-283.

Сопылық-философиялық поэзиядағы сыншылдық көзқарастар ұрпақтарды адамгершілік-имандылық, гуманизм рухында қалыптастыруға арналған ұлағатымен маңызды. Қазақ сөз өнерінің әлемдік әдеби үдеріс, көркемдік дүниетаным кеңістігіндегі ақыл-ой қазынасына қосылған рухани құндылық тұғырындағы ұлағаты қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында да жалғаса дами береді.

Сопылық-философиялық поэзиядағы сыншылдық көзқарастар//Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ХАБАРШЫСЫ. -№4, -2013. –Б.104-108.


Мақалада Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларындағы философиялық ойшылдықпен, халықтық педагогикалық көзқарастармен жазылған дастандары талданады. Оның ішінде «Мәрді дихан» дастанындағы халықтық-педагогикалық оймен ұштасатын адал адамдардың тағдырына қиянат жасағандардың өз жазасын алатындығы, қазақтың ата-бабалық әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің мәңгілік ескірмейтіні баяндалады.

Тұрмағамбет шығармаларындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық ерекшеліктер//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -№3/2 (47), -2017. –Б.221-223.

Мақалада Шораяқтың Омары шығармаларындағы философиялық, халықтық-педагогикалық көзқарастармен жазылған «Жарлы Тәліп», «Қарашекпен», «Маймыл» дастандарындағы адамгершілік, имандылық, Алаш ұл-қыздарының азаматтық-отаншылдық ұстаным тағылымы талданады.

Шораяқтың Омары дастандарындағы адамгершілік, имандылық мәселесі//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -№4(61), -2018. –Б.64-68.

АЙНҰР ТӨЛЕУ



Айнұр Болатқызы Төлеу – ақын, әдебиеттанушы, драматург филолог, журналист, публицист, медиа маман, қазақ тілін шетелдік аудиторияға оқыту саласында тәжірибесі бар ғылыми қызметкер. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазіргі уақытта Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында қазақ тілін шетелдіктерге оқытуға бағытталған Абай институтының жетекшісі қызметін атқарады.

Ол 1986 жылы 25 қыркүйекте Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолының негізгі кезеңдері:

Айнұр Төлеу Алматы қаласындағы Абай атындағы Ұлттық мектепті бітірген. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ әдебиетке, ғылыми ізденіске қызығушылық танытып, Мұқағали Мақатаев поэзиясы бойынша зерттеу жүргізген. Республикалық ғылыми жобалар байқауында үшінші дәрежелі дипломға ие болып, жоғары оқу орнына грант ұтып алған. Сол кезеңдегі ғылыми жетекшісі – Бисенғали Қабиұлы Зейнол-Ғабден.

2004–2008 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология мамандығы бойынша бакалавриатта білім алды. Университет қабырғасында Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы дін тақырыбын зерттеп, әдеби мәтіндегі рухани-танымдық қабаттарды қарастыруға ден қойды. 2013–2015 жылдары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде әдебиеттану бағыты бойынша магистратураны аяқтады. Магистрлік диссертациясының тақырыбы – «Қазіргі қазақ прозасындағы мифтік сарындар». Ғылыми жетекшісі – Алуа Таңжарықова.

2022–2025 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторантурасында білім алып, қазақ әйел жазушылары шығармашылығындағы гендер және бірегейлік мәселесін зерттеді. Докторлық зерттеуіндегі негізгі ғылыми бағыт қазақ әдебиетіндегі әйел болмысы, гендерлік репрезентация, ұлттық-мәдени код, әйел авторлар шығармашылығы және әдеби мәтіндегі бірегейлік мәселелерімен байланысты. PhD докторантурадағы ғылыми жетекшісі – әдебиеттанушы-ғалым Қанипаш Мәдібасва. Әдебиеттану теорияларын, ғылыми бағыттар мен ағымдарды түсінуде ерекше қолдау көрсеткен

ұстазы әрі ғылыми жол нұсқаушысы ретінде әдебиеттанушы-ғалым Гүлмира Сәулембекті атайды.

Айнұр Төлеудің еңбек жолы 2007 жылы Алматы қаласындағы Қазақ радиосында басталды. Ол радиода әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардың жүргізуші-редакторы болып қызмет атқарды. 2010 жылы «Шалқар» радиосында жүргізуші-редактор болды. Радиожурналистикадағы тәжірибесі оның сөз мәдениетін, қоғамдық ойды, ұлттық руханият пен әлеуметтік мәселелерді терең пайымдауына негіз қалады.

2015 жылы «Сырласу» журналы бас редакторының орынбасары қызметін атқарды. 2017 жылы «Алауинформ» ақпараттық порталының бас редакторы болды. 2018 жылы «Атамекен» газетінде бас редактордың орынбасары қызметін атқарды. 2019–2025 жылдар аралығында Жетісу облыстық телерадио компаниясында арнайы бас редактор қызметінде еңбек етті. Телерадио саласындағы көпжылдық тәжірибесі оның кәсіби болмысында журналистік дәлдік, мәтінмен жұмыс істеу мәдениеті, редакторлық жауапкершілік және қоғамдық коммуникация дағдыларын қалыптастырды.

«Әдебиет пен адамзат» және BOOKclub телебағдарламаларының авторы әрі жүргізушісі болған. Қазақ әдебиеті мен қазақ қаламгерлерінің өмірі мен шығармашылығына арналған бірнеше деректі фильмдердің авторы. Janr әдеби клубының негізін қалаушы.

2025 жылдан бері Астана қаласындағы Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Абай институты жетекшісі қызметін атқарып келеді. Абай институты аясында шетелдік аудиторияға және шетелдегі қазақ диаспорасына қазақ тілін үйрету, онлайн және офлайн курстарды ұйымдастыру, оқу-әдістемелік материалдар мен цифрлық білім беру өнімдерін әзірлеу, қазақ тілін халықаралық деңгейде ілгерілету бағытында жұмыс жүргізеді.

Ғылыми, ғылыми-практикалық қызметінің басты бағыттары:

Айнұр Төлеудің ғылыми қызығушылықтары қазақ әдебиеті, қазақ тілі, гендерлік зерттеулер, әйелдер шығармашылығы, әдебиеттегі әйел бейнесі, ұлттық және мәдени бірегейлік, деколониялық зерттеулер, цифрлық гуманитаристика, тіл саясаты, қазақ тілін шетелдік аудиторияға оқыту, жасанды интеллект және қазақ тілінің технологиялық ортадағы қолданысы мәселелерін қамтиды.

Оның зерттеулерінде қазақ әйел жазушыларының шығармашылығы, әйел болмысының көркем мәтіндегі репрезентациясы, гендерлік бірегейлік стратегиялары, оқулықтардағы әйел авторлар үлесі, қазақ фольклорындағы әйел шығармашылығы, әдеби мәтіндегі ұлттық-мәдени кодтар мен тілдік репрезентация мәселелері қарастырылады. Сонымен бірге қазақ тілін цифрлық

кеңістікте дамыту, қазақ тілінің жасанды интеллект жүйелеріндегі қолданысын кеңейту, үлкен тілдік модельдерге арналған лингвистикалық деректер мен цифрлық ресурстар мәселелері де ғылыми-практикалық қызметінің маңызды бағытына айналған.

2024–2026 «Қазақ тілін және технологиялық прогресті қолдауға арналған үлкен тілдік модель (LLM) жасау» ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламасының мүшесі, ғылыми қызметкері. Бұл жоба аясындағы ғылыми қызығушылығы қазақ тілінің цифрлық ресурстары, лингвистикалық деректер, жасанды интеллект, үлкен тілдік модельдер және қазақ тілінің технологиялық ортадағы мүмкіндігін кеңейту мәселелерімен байланысты.

Айнұр Төлеу білімін жетілдіру мақсатында шетелдік ғылыми ортада да тағылымдамадан өткен. Түркия Республикасындағы Анкара Хажы Байрам Вели университетінде және Польшадағы Адам Мицкевич университетінің Түркология кафедрасында ғылыми тағылымдамадан өтті. Бұл тәжірибелер оның түркітану, қазақ тілін шетелдік аудиторияға оқыту, халықаралық гуманитарлық байланыстар және салыстырмалы әдебиеттану бағытындағы ғылыми көкжиегін кеңейтті.

Ғылыми еңбектері:

Айнұр Төлеу – қазақ әдебиеті, гендерлік зерттеулер, әдебиеттегі әйел бейнесі, ұлттық-мәдени бірегейлік, цифрлық гуманитаристика және қазақ тілін шетелдік аудиторияға оқыту мәселелеріне арналған ғылыми еңбектердің авторы.

Негізгі ғылыми жарияланымдары:

Төлеу А. Жас прозаиктердің шығармаларындағы мистика // Ғылыми таным және ізденіс. Студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық конференциясы. Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016. Б. 119–125.

Төлеу А. Қазақстандағы Covid-19 прозасы мен поэзиясы // Қазақстан және Covid-19: Медиа, мәдениет, саясат. Алматы: DELUXE Printery, 2021. Б. 299–311.

Төлеу А. Айтыс және әйел // Гендер және Қазақстан қоғамы. Алматы: Deluxe printery, 2022. Б. 180–195.

Төлеу А. Жазушы Бақытгүл Сармекова әңгімелеріндегі әйел образы // «Мағжан Жұмабаев мұрасы: Түркі дүниесінің рухани тұтастығы мен тарихи сабақтастығы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы: Алгоритм, 2023. Б. 205–210.

Төлеу А., Сәлембек Р. Нәзипа Құлжанова әңгімесіндегі әйел бейнесі // Торайғыров университеті хабаршысы. Филологиялық серия. №4, 2024. Б. 425–437.

Төлеу А. Гендер деколонизациясы: философиялық көзқарастар және көркем мәтінді талдау әдістері // «Нургалиевские чтения-XIV»

халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана: Мастер ПО, 2025. Б. 135–140.

Мәдібаева Қ. Қ., Төлеу А. Б. Сара Мыңжасарованың «Әйел бақыты» романындағы әйел образдарының гендерлік бірегейлігі // Керуен. №2, 87-том, 2025. Б. 17–32.

Төлеу А. Б. Цифрлық дәуірде фольклорлық мәтіндерді түсіндіру мүмкіндігі мен Абай институтының онлайн-білім беру тәжірибесі // «Қазіргі гуманитарлық ғылымның өзекті мәселелері тұрғысынан түркітілдес халықтардың әдебиеті, фольклоры және мифологиясы» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025. Б. 26–30.

Toleu, A., Nuriman, B., & Beylur, S. Gender Balance in School Literature: The Representation of Kazakh Women Writers in Educational Textbooks // Sage Open. 2026. 16(1). DOI: 10.1177/21582440251410307.

Төлеу А. Б., Дускеева Г. У. Қазақ фольклорындағы әйелдер шығармашылығы: гендерлік бірегейлік және жанрлардың қалыптасуы // **Yassawi Journal of Philology. 2026. №1(1). Б. 242–252.**

Айнұр Төлеудің әдеби-көркем шығармалары

Айнұр Төлеу – поэзия мен драматургия жанрында қалам тербеп жүрген қаламгер. Оның шығармашылығында әйел болмысы, уақыт пен кеңістік, рухани ізденіс, адамның ішкі күйзелісі мен қоғамдағы орны секілді мәселелер көркемдік тұрғыдан бейнеленеді. Автордың «Отқарақ» атты өлеңдер жинағы мемлекеттік тапсырыс аясында «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жарық көрді. Жинақта ақынның лирикалық өлеңдерімен қатар әдеби-танымдық ізденістері де топтастырылған. 2021 жылы «Жанр» баспасынан ақынның «Бірдеңе» атты екінші поэзиялық жинағы жарық көрді. Сонымен қатар балаларға арналған «Сенің атың кім?» деп аталатын өлеңдер жинағы жарық көрген. Айнұр Төлеудің драматургия саласындағы шығармашылық ізденістерінің бірі – «Қабырға қалқасында» пьесасы. Аталған шығарма 2024 жылы Алматы қаласындағы Арткөше тәуелсіз театрында сахналанып, көрермен назарына ұсынылды.

Қоғамдық және кәсіби қызметі:

Айнұр Төлеу – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Әдебиет, журналистика, ғылым және тіл саясаты салаларын тоғыстыра еңбек етіп жүрген қаламгер-ғалымдардың бірі. Оның кәсіби жолында медиа тәжірибесі мен әдебиеттанушылық ізденіс өзара сабақтасып жатады. Радио, баспасөз, интернетпортал және телевизия салаларында жинаған тәжірибесі кейінгі ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық және халықаралық білім беру жобаларында тиімді қолданылып келеді.

«Ақ қауырсын» және «Самғау» әдеби сыйлықтарының лауреаты. 2026 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Айнұр Төлеудің шығармашылық және ғылыми болмысын айқындайтын басты ерекшелік – сөзге, мәтінге, әдебиетке және тілдің қоғамдық қызметіне жауапкершілікпен қарауы. Ол журналистикадан әдебиеттануға, медиадан ғылымға, ұлттық руханияттан цифрлық гуманитаристикаға қарай өріс кеңейткен заманауи гуманитарлық сала өкілі.



ТҰРҒАНБАЕВ АСҚАР ӘБДУӘЛИҰЛЫ
филология ғылымдарының кандидаты
(М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Қолжазба және мәтінтану» орталығы)

Өмірбаяны: 10.07.1966 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Акбасты ауылында дүниеге келген.

1983 жылы осы ауылдағы №22 Авань орта мектебін бітіріп, 1984 жылы сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. 1984 жылы күзде Кеңес әскері құрамына шақырылып 1984-86 жылдары әскери борышын өтеп қайтады.

1991 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Шығыстану факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті және араб тілі» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

Еңбек жолын 1991 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Шығыс тілдері» кафедрасының аға оқытушысы, қызметінен бастап, кейін кафедра меңгерушісі болып, Сыр өңіріндегі шығыстану саласының дамуына айтарлықтай үлес қосады.

1997 жылы ҚР БҒМ ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклортану саласы бойынша «Қазақтың қаһармандық жыры – Орақ-Мамай» атты кандидаттық диссертация қорғайды. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Ш. Ыбыраев.

2001-2004 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Шығыстану факультеті «Түркология» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

2004 жылы ҚР БҒМ ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Ежелгі әдебиет» бөлімінің меңгерушісі, 2005 жылы ҚР МАСМ Тіл комитеті «Нормативтік-лингвистикалық проблемалар» бөлімінің бастығы және "Нұр-Мүбарак" Египет ислам мәдениеті университеті оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтеріне тағайындалады.

2005-2009 жылдар аралығында Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ Түркология институтының аға ғылыми қызметкері, «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газетінің мәдениет бөлімінің редакторы болып қызмет етеді.

Осы жылдары ол негізгі қызметімен қатар «Хабар» телеарнасында «Дін мен діл» (2001-2002жж) , «Тарих пен таным» (2002ж) телехабарларының да тұрақты жүргізушісі болды. Сондай-ақ, «Таразы» (2003ж), «Жеті күн» (2003-2004ж) бағдарламаларына телесюжеттер әзірлеп, «Ислам энциклопедиясы» телесериалын қазақ тіліне аударуға атсалысты. Сонымен қатар, еліміздің мәдени өміріндегі маңызды ғылыми-қоғамдық жобалардан тыс қалмай Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ жанындағы диссертациялық кеңестің мүшесі (1997-2001), «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының редколлегия мүшесі (2004-2005) қызметтерін де қоса атқарды.

2009-2014 жылдары ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымындағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің өкілі, 2014-2016 жылдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасының меңгерушісі, 2016-2019 жылдары ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымындағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министлігінің өкілі қызметтерін атқарды.

2020-2021 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Н. Келімбетов атындағы Түркітану орталығын басқарды. 2021-2024 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университетінің вице-ректоры қызметін атқарды. 2025 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Қолжазба және мәтінтану» орталығына директор болып тағайындалды.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ фольклоры, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі, түркі халықтарының фольклоры, түркі халықтарының әдеби байланыстары, түркі халықтарының мәдениеті.

Ғылыми мектебі – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының (10.01.09 – Фольклортану).

Негізгі ғылыми нәтижелері: Барлығы – 100-ге жуық ғылыми-көпшілік, танымдық бағыттағы жарияланымдары бар, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда – 7, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда - 2, басқа ғылыми басылымдарда –15, монография – 1.

Халықаралық конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты.

Әдеби-ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Ресей, Моңғолия, Оңтүстік Корея, Түркия, Әзірбайжан, Болгария, Қырғызстан т.т.) жарияланды.

Ол қазақтың лирикалық эпосы «Қыз Жібекті», Мажған Жұмабаев, Қасым Аманжолов, Сәкен Сейфуллин, т.б. ондаған қазақ қаламгерлері еңбектерінің түрік тіліне аударылып, Анкарада басылып шығуына қатысты. Сондай-ақ, түркі халықтарының мәдениетіне арналған бірнеше жинақтың жариялануына атсалысты.

Марапаттары:

Түркі халықтары мәдени байланыстарының дамуына қосқан үлесі үшін

«Казым Мечиев» төсбелгісі (Бүкілресейлік Лермонтов комитеті, 2009 жыл)

«Ахмет Зәки Валидов» төсбелгісі (Башқұртстан Үкіметі, 2010 жыл)

«Исмаил Семенов» төсбелгісі (Ресей Кавказ Академиясы, 2011 жыл) марапаттады.

Қазақ мәдениетін халықаралық аренада насихаттауға, еліміздің түркі тілдес халықтар арасындағы мәдени байланыстарының дамуына қосқан үлесі үшін

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» төсбелгісі (ҚР Президенті, 2011 жыл)

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» төсбелгісі (ҚР Президенті, 2016 жыл)

«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі (ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, 2013 жыл)

«Қазақстан-Түркия достығына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі (ҚР Сыртқы істер министрлігі, 2014 жыл)

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар:

«Орақ-Мамай» жырында Орақты Мұсаның бел баласы ретінде көрсеткенімен, тарихи деректерде берілген Мұса балалары есімдерінің ішінде оның есімі еш жерде көрсетілмеген. Бұл жағдай осы жыр туралы азды-көпті пікір айтқан ғалымдардың біршамасының шатасуына әкеп соқты. Олар Орақ бейнесін Мұсаның баласы Ноғайдың ұлы биі Жүсіппен шатастырып, «Орақтың прототипі Жүсіп» деп келді. Жүсіп пен Орақты шатастыру неден басталды? Шоқан Уәлиханов, Ғұмар Қараш, А.Байтұрсыновтар Орақтың тарихта болғандығын ескертеді. Орақ туралы анық тарихи деректер бермегенменен бұларда Орақты Жүсіппен шатастыру жоқ. Бұл мәселеде алғаш қателік жіберген Х.Досмұхамедов. Ол 1924 жылы жинап бастырған «Мұрат ақынның сөздері» атты жинақта Мұрат ақынның «Үш қиян» шығармасындағы адам аттарына түсінік бере келіп, «Орақ, Мамай – Ноғайлы заманындағы мырзалар. Мұса бидің балалары... Мұсаның Шағым мырза, Сидақ, Шаһмамай, Жүсіп, Исмайыл деген балалары болған. Жүсіп батыр болған. Жүсіпті 1557 жылы туғаны Исмайыл өлтірген. Менің ойлауымша, осы Жүсіп деген Орақ-ау деймін. Кітап аты Жүсіп болып, лақап аты Орақ болса керек», деген. Кейін ғалымның осы негізсіз болжамы кейбір ғалымдар тарапынан өрістетіліп тарихи Орақ батырды Жүсіптің прототипі деген жаңсақ пікір жалғасын тауып, бүгінгі күнге дейін жетті. Ғалымдардың шатасуына біріншіден, Орақтың Мұса балалары тізімінде болмауы, екіншіден, Жүсіп пен Орақтың заманының

қатар болуы, кейбір тарихи оқиғаларда есімдерінің қатар аталуы, үшіншіден, ғалымдар қолында Жүсіп туралы тарихи деректер көп болып, оның есесіне, Орақ туралы мағлұматтардың жоқ болуы себеп болды.

(Қазақтың қаһармандық жыры – «Орақ-Мамай». Алматы, 2009. 27-28 беттер)

«Орақ-Мамай» жырында қаһармандық жырлардың көбінде кездесетін батырдың ғажайып жолмен дүниеге келуі, батырдың балалық шағы мотивтерінің кездеспеуін, жоғарыда біз тұтастанған жырлар тұрғысынан түсіндірдік. Біздің ойымызша, бұл құбылысты басқаша екінші бір тұрғыдан, жырдың тарихилығы тұрғысынан да түсіндіруге болатын секілді...Тарихи жырлардың қаһармандық жырлардан басты ерекшеліктерінің бірі – жоғарыдағы мотивтер сөз болмай, жырлардың бірден батырдың тарихи оқиғаларға араласуынан басталуында. Мұның негізінде тарихи шынайылықты сипаттау жатыр. Қаһармандық эпос дәстүрге түсу барысында лирикалық-эпикалық (тарихи) өлең, тарихи-эпикалық, тарихи (циклдық өлең) эпос сатыларынан өтіп барып толық дәстүрге түскен қаһармандық жырға айналатындығын ескерер болсақ, «Орақ-Мамай» жыры – тарихи жырдан қаһармандық эпосқа толық айналып болмаған жыр. Мұның бір дәлелі – экспозицияның тарихи жырларға ұқсас болуы.

Бізде тарихи жырлар көбіне XVIII ғасырмен шектелген де, олардан арғы жырлардың бәрін, олардың жанрлық-стадиялық ерекшеліктерін қарастырмастан, қаһармандық эпосқа телу басым. Осыған орай, біз тарихи жырларға дәуірі жақын «Еңсегей бойлы Ер Есім» (XVII), «Қарасай-Қази», «Телағыс» т. б. жырлардағы көпқабаттылық (полистадиялық) дәрежесіне ерекше көңіл бөлген жөн деп ойлаймыз. Бұл жырлардың тарихи негізіндегі оқиғалар уақыты біздің дәуірімізге жақындаған сайын, олардың жанрлық-стадиялық тұрғыдан тарихи жырға ұқсай түсетіні анық.

(Қазақтың қаһармандық жыры – «Орақ-Мамай». Алматы, 2009. 70-71 беттер)

«Орақ-Мамай» жыры – тарихи жырдан қаһармандық эпосқа айналу процесі толық аяқталмаған, полистадиялылық (көпқабаттылық) сипаты ерекше, батырлық эпостың ең кенже түрлерінің бірі. Оның бұлай болуына, біріншіден, тұтастанған жырлар құрамында келуі, екіншіден, шыққан дәуірі жөнінен тарихи жырларға жақын тұруы (яғни, тарихи оқиғалар жаңғырығы ел есінен ұмытыла қоймауы) себеп болған деуге болады.

(Қазақтың қаһармандық жыры – «Орақ-Мамай». Алматы, 2009. 134 бет)

БАҒАШАР ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ



Бағашар Тұрсынбайұлы 1990 жылы 27 сәуірде Алматы облысында дүниеге келген. Академик Ш. Смағұлов атындағы мектеп-интернетінің түлегі.

Еңбек жолын 2012 жылы республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған «Ұлан» газетінде бөлім редакторы-тілші болып бастады.

2012 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетін тәмамдады. 2016 жылы осы оқу орнында магистратураны бітіріп, гуманитарлық ғылымдар магистрі дәрежесін алды.

Еңбек жолының негізгі кезеңдері: 2012–2013 жылдары «Ұлан» газетінде бөлім редакторы-тілші, 2013 жылы «Жас Қазақ» республикалық қоғамдық-саяси газетінде тілші, 2013–2017 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші және бөлім редакторы, 2017–2019 жылдары «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде тілші, спорт бөлімінің меңгерушісі, әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2019–2020 жылдары «Жас Алаш» газетінде руханият бөлімінің меңгерушісі болды.

2020 жылдан бастап М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абайтану бөлімінің ғылыми қызметкері қызметін атқарып келеді. 2023–2025 жылдары «Жас Алаш» газетінде бас редактордың бірінші орынбасары болды. Қазіргі таңда «Қазақ газеттері» ЖШС бас директорының орынбасары қызметін атқарады.

Бағашар Тұрсынбайұлы – әдебиеттанушы, журналист. Ғылыми және шығармашылық ізденістерінің негізгі бағыттары: қазіргі қазақ әдебиеті, әдеби сын, абайтану, көші-қон және шекара мәселелері, ұлттық болмыс пен мәдени жады, қазіргі қазақ прозасындағы нарративтік ізденістер.

Ол республикалық мерзімді басылымдарда жүздеген әдеби-сын мақалалар мен сұхбаттардың, ғылыми және ғылыми-көпшілік жарияланымдардың авторы. Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне қатысты зерттеулері мен публицистикалық еңбектері әдеби ортада кеңінен танылған.

Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты ретінде XXI ғасырдағы қазақ прозасындағы көші-қон,

шекаралық сана және ұлттық бірегейлік мәселелерін зерттеумен айналысады. Бағашар Тұрсынбайұлы екі ұжымдық монография автор болған. Жеке төрт кітабы жарық көрген.

Тіл мен жүрек. Әдеби сын кітабы. – Алматы, Жазушы. 2017

Сөздің жолы. Әдеби сын кітабы. – Талдықорған. 2019

Абайдан қалған арман». Танымдық еңбек. – Алматы: «Алгорифм», 2023. – 334 б.

Абай Құнанбайұлы кім? – Алматы. Мазмұндама. 2025

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

ҚР Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты (2018)

«Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері (2019)

«Семсер» әдеби байқауының жеңімпазы (2019)

«Алтын тобылғы» байқауының Гран-При иегері (2020)

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Көп ақынның «бір өлеңім қалса болды ертеңге» деген ішкі тілек-аңсарлары өлеңге түседі. Ертеңге қалатын бір көркем шығармам болса деген арман өзге де қаламгерлерде бар. Ағалар мақтаса, сыйлық, жүлде алсам, әдебиеттің табалдырығын аттай сала төрге озсам дейтін жастың «жалыны» өз алдына, үлкендер де Мемлекеттік сыйлық, орден, марапат деп шабылады да жүреді. Сонда мұрат не? Қазтуған жырына, Бұқар толғауына, Абай өлеңіне, Мұхтар прозасына ертең не күйге түсер екен деп бас қатырған жоқ. Сан ғасырлық тарихымыз бен мәдениетімізді, рухымызды асыл сөз арқылы бүгінге жеткізген, әдебиетімізді жасаған жекелеген тұлғалар өзіне алаңдамаған. Олардың мұңы – халқы, аңсары – халық бақыты болған. Сонда біздікі не алаң? Бүгінгі қоғамның кейпі жазылудай-ақ жазылып жатыр. Бірақ қоғамның өзінен алыстау. Жазушы айнадағы бейнеңді көрсеткендей етіп жазуға ғана емес, соған өзіндік пікірін білдіруге де міндетті. Шығармадан қоғамның келбеті ғана емес, рухани дидары, ахуалы сезілсе, оған деген жазушының көзқарасы туынды өзегінде жатса, бәлкім, әдебиет деген сол.

«Әдеби акт» кітабынан

Том-том кітап шығарып, неше жыл өлең жазып келе жатқан ақын-жазушылар жылдық өтіліне қарай классик болмайтыны анық. Иә, көп мақталған, мол сыйлық алған адам да оңай жете қоятын баға емес. Бүгінгі атағы дардай, алмаған сыйлығы қалмаған қаламгерлерді бір ойлап қойсаңыз болады осындайда. Ол бағаны қарақұрым оқырман, уақыт береді. Оқырманды алдап, мақтата алмайсыз, уақытқа жағынып, атаққа шықпайсыз. Сонда бір ғана жол қалады. Адал еңбек, маңдай тер.

Құдай берген талант, қасиет. Ең ұлы сыншы деп Уақытты айта беретініміз де сондықтан шығар.

«Әдеби акт» кітабынан

Іңкәр дүниенің қызығына тойған, үкілеген әр үміті жанып, аңсарына толық жеткен пенде жоқ. Адами арман пен пендеуи көксеудің арасындағы ала-шапқын тіршіліктің базарында бірін тауып, бірін жоғалтып жатасың. Сонау заманда Омбы жұртшылығы сүйсініп сөз еткен, Потанин айтқандай – қазақ ханзадасы Халиолла Өскенбаев туралы ойлағанда, осындай бір ойлар санаңды кеулеп, өкінішпен еске аласың.

Заманының көп жетістігінен қапы қалған қазақтың өкініші аз емес. Сөзге ерік бергендерге салсаң, жүз қайғыңды қозғап, мың өкінішіңді санамалап береді. Бірақ жетпей жатқан жетістік өкініш емес, жетерміз. Толмай жатқан олқылық оқа емес, толар. Ал жоғалған, жоғалтқан тұлғаларымыз ше? Олардың орнын кім басып, көксеген арманына кім жеткізеді?

«Абайдан қалған арман» кітабынан

Абай өлеңдеріндегі қарт образы соңында лирикалық кейіпкерге айналғанын айтқаннан кейін өзінің ғұмырының соңы қалай аяқталғанын да айтып өту парыз секілді көрінеді.

Біздің санамызда Абай десе әуелі қарт елестейтіні бекер емес. Өйткені ақын қарттықты лирикалық менге салып айтқанда, көп сөзін жеткізердей айтты. Жетті де!

Бірақ біз тек тыңдаймыз. Тауып айтқан ақылына, дәл айтқан орамына таңғаламыз. Алайда орындамаймыз. Өйткені Абай айтқан жолмен, сүрлеумен өмір сүру қиын.

Абай – біздің бағымыз болғанда, біз – оның мәңгілік соры екенбіз. Әуре-сарсаңға тірісінде молынан түсіп, «мыңмен жалғыз алысқан» данышпанның күресі әлі тоқтамапты. Көзінің тірісінде ісімен де, сөзімен де қазақты тезге салып, адам қылғысы келген хәкімнің ғұмыры оған жетпепті. Бірақ көңіліміздің төрінен мызғымастай орын алған сөздері өлген жоқ. Сол күресті Абай деп аталатын тұтас шығармашылық әлем жалғастырып келеді. Бірақ өзі айтқан жоқ па, «сөз түсінбейтін наданнан күнде жеңілем» деп.

Абай әлі жеңген жоқ. Қазақ әлі жеңілген жоқ... Абайдан!..

«Айтып-айтып өтті қарт» мақаласынан



Тұрысбек Рақымжан Сағымбекұлы
Филология ғылымдарының докторы, профессор

(Астана: ЕҰУ, Қазақ әдебиеті кафедрасы)

1958 жылы 14 маусымда Жамбыл облысының Талас ауданына қарасты - «Аққұм» ауылында дүниеге келген.

1975 жылы – «Аққұм» орта мектебін бітірді.

1980 жылы әл-Фараби атындағы (бұрынғы – С. М Киров) Қазақ университетін бітіріп, филолог – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын алды.

Еңбек жолын 1980 жылы Алматы қаласындағы - ҚР Баспа және полиграфия, кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінің қызметкерінен бастады. Кейіннен осы мекемеге қарасты - «Кітап жаршысы – Друг читателя» газетінде редактор болып еңбек етті.

1988-1992 жылдар аралығында - ҚР Білім және ғылым министрлігі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері болды. 1992-93 оқу жылы Т. Жүргенов атындағы Театр және кино институтының (қазіргі - Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясы) - «Әдебиет пен тіл» кафедрасының меңгерушісі міндетін атқарды.

1990 ж. - «С. Мұқанұлының 20 жылдардағы қазақ прозасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми жетекші, профессор – Т.Кәкішұлы. 1999 ж. - «Ж. Аймауытұлы және 20 жылдардағы қазақ прозасы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ғылыми кеңесші, академик С. Қирабаев.

Бүгінгі таңда – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиеттану мен сын, Алаш әдебиеті, қазіргі қазақ әдебиеті, қазіргі әдеби үдеріс, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті, поэтика, компаративистика және әдеби туындыдағы интеграция, жазушы шеберлігі, шығармашылық зертхана т.т.

Ғылыми мектебі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (10.01.02 – Қазақ әдебиеті).

Негізгі ғылыми нәтижелері: Барлығы – 700-ге жуық ғылыми-көпшілік, танымдық бағыттағы жарияланымдары бар, оның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда – 25, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда - 5, басқа ғылыми басылымдарда – 45, монография – 5, жеке оқу құралы –10 , авторлас – 3 оқу құралы.

Халықаралық конференция, форум, дөңгелек үстел, сұхбаттарға қатысты.

Әдеби-ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Мәскеу, Моңғолия, Ташкент, Татарстан, Түркия, Бішкек, Украйна т.т.) жарияланды.

Профессор Р.С.Тұрысбектің кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар еңбектері төмендегіше берілді:

Жазушы шеберлігі мен шығармашылық зертхана. Оқу құралы. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2023.- 216 бет

Шығармашылық зертхана. Оқу құралы. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2024.- 461 бет

Көркемдік дүниетаным және шығармашылық психологиясы. Монография. – Астана: «Булатов А.Ж.-ЖК, 2025. – 247 бет

ҚР Ғылым және білім министрлігі 2018-2020 жылдарға арналған гранттық және мақсатты-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асырылатын - «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғ. білім, гуманитарлық ғылым бойынша) іргелі және қолданбалы зерттеулер ғылыми жобасы аясында – «Мәңгілік Ел» идеясының қазақ әдебиетіндегі тарихи-рухани негізі» атты Жоба орындалды (2018-2020 ж.ж.). Жоба бойынша – «Мәңгілік Ел» идеясының қазақ әдебиетіндегі тарихи-рухани негізі» атты монография жарық көрді (Нұр-Сұлтан: ЕҰУ, 2020. – 197 бет).

Жетістіктері:

ҚР Журналистер одағының мүшесі (1980).

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (2001).

Марапаттары:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Басқарма төрағасы-ректордың - Құрмет грамотасы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің - Алғыс хаты.

ЖОО-ның үздік оқытушысы (2007), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2008), «Ыбырай Алтынсарин» медалі (2009), «ҚР Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгі (2016), «Алаш» естелік медалі (2017), «Күлтегін» медалі (2018), «Л. Н. Гумилев» медалі (2021), «Алтын Барыс» - төсбелгі (2023) т.т.

«... жазушы еңбегі мен шығармашылық зертхана – көркемөнер мен сөз өнерінің бірегей болмысын, біртұтас табиғатын, қоғам мен адамның, заман мен өмірдің шынайы шындығын бар қырынан жарқырата көрсетіп, осының негізінде адам мен оның еңбегін, дарын дидарын, талант қуатын, қабілет-мүмкіндіктерін кең көлемде көрсетеді.

Жазушы еңбегі – қоғам байлығы: адам мен оның еңбегін, өмір мұраты мен тұрмыс мәнін, дәстүр нәрі мен дін сипатын, тарих тағылымы мен таным арналарын, көркемдік қайнарын, тәжірибе тәлімін т.т. кең түрде көрсетеді. Анығын айтқанда: «...сөз сарасы», «...жүйрік тіл, терең ой» (Абай) мәні қашанда маңызды, өзекті де өткір болып табылады. Ал, ақиқатында: «Талант дегеніміз – барлық қабілет атаулының тоғысуы» (Ч. Дарвин). Ақиқатында: «Әдебиет – ұлттың жаны...Әдебиеттің дүкені – адамның өмірі. Дәурені – бүкіл халық...Жазушылық өнері табиғаттың берген сыйы болу керек» (Ж. Аймауытұлы). Оның үстіне, анығын айтсақ: «...Шығарма деген белгілі оқиғалардың тізбегі емес. Шығарма – жазушы жүрегінде, ойында қайнап-пісіп, кітап оқушылары зейін қоюға тұратын, жігер-қайрат, адам қоғамының өсе беруіне, еселей беруіне үн қоса алатын жаңды сөз» (Ғ. Мүсірепов).

Әдеби шығармашылық һәм жазушы еңбегі, ондағы зертханалық үдерістің қырлы-сырлы тұстары қай кезеңде де назардан тыс қалған емес. Адам әлемі мен мұратын, өмір құбылысы мен шындық сипаттар мәнін, көркемдік кеңістігінің өрісті-өрнекті тұстары да жазушы еңбегі мен шығармашылық зертхананың басым бағыттарын құрайды. Руханиат мәні, көркемдік нәрі, шеберлік сырлары да осы тұстан танылады. Осы орайда, жазушы еңбегі, шығармашылық ұстаным хақында мың сан мысал, деректер барын жоққа шығаруға болмайды. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті қаламгер Ә. Тарази «Тәж» атты әңгімелер мен эсселер, сыр-толғаулар кітабында (2003) бірқатар ойлары мен толғаныстарын ортаға салады. Оқып көрелік: «...Жазушының қаруы – Алла берген таланты. Сол талантты билік басындағылардың бетіне қонған шыбынын жасқауға жұмсайсың ба, әлде қоғамның шырқын бұзуға, өз қоғамыңды билеп отырған мықтыларға қарсы семсер етіп жұмсайсың ба, ол сенің батылдығыңа, батырлығыңа байланысты...Өз творчеством туралы мен бір сәт емес, мың сәт ойланамын, толғанамын, күдіктенемін. Өзімді-өзім іске алғысыз етіп тастайтын сәттерім аз емес. Бірақ қайта көтерілетін де сәттерім бар. Өзімді-өзім алтын таққа отырғыза қоятын да сәттерім кездеседі... «Жазу қиын емес, табу қиын» деп ылғи зарлап жүремін. Егер еңіреп жүріп, ізденіп жүріп тың идея тапсам мен неге оны басқаларға

беруім керек. Ешкімге бермеймін. Жазсам өзім жазамын, жазбасам күнделігімде қалады» (350-351 беттер). Бұдан байқалатыны, жазушы еңбегі, бастапқы кезеңдегі ізденіс арналары, қиял дүниесі, тақырыпқа қатысты ойлар мен толғаныстары шешуші мәнге ие болады. Шедевр шығарма, шын талант дүниесі – көркемдік талап-өлшемге сай біртуар дүние тууы әбден мүмкін! Талант бәсі қашанда биік! Анығында: «...Жазушылықтың азап екенін сезінбей, шын жазушы бола алмайсың!» (Ә. Тарази), «Жазушылық – адамтану ғылымы. ...Өзің қандай болсаң, жазуың да сондай болмақ. Адамдық негізі – өзіңнен басталсын» (М. Мағауин). Жазушы еңбегінің мәні, сөз өнерінің нәрі, шындық сыры да осы. Әдеби шығармашылық мұраты, жазушы еңбегіндегі ұстаным да осы. Шынайы шығармашылықтың өріс алар тұсы осы. Жазушы еңбегі мен шығармашылық зертхананың біртұтас болмысы, ортақ мұраттары мен тағылымы да осыған келіп саяды».

(Жазушы шеберлігі мен шығармашылық зертхана. Оқу құралы. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2023.- 6-7 беттер).

«Жазушы еңбегі, мұраты мен шығармашылық жұмыстың басты белгісі – Еңбек болса, бұл бағыт-арна Алаштың қайраткер-қаламгерлері (А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгеров, С.Сәдуақасов т.б.) ұлт мұраты мен ұрпақ ұлағатын, тәуелсіздік талаптарын әр алуан жанрда, көзқарас эволюциялары арқылы баяндады. Қазақ қаламгерлері, атап айтқанда, Ж. Аймауытұлы әлемінен ой мен сөздің, тіл мен стильдің бірлік-байланыстары табиғи үйлесімі, сыр-сымбаттары келісті де көркем өрнек, өзгеше әлем құраса, Мағжан поэзиясынан Шығыс пен Батыстың ортақ мұраттары, жастық пен ғашықтықтың мың сан иірімдері бедер-белгілерімен көңілге нұр, жүрекке жылылық ұялатады. С.Мұқанов туындыларынан халық өмірі, тарихы мен тағдыры кең орын алса, Ғ.Мүсірепов мұраларынан әсемдік әлем, көркемдік таным арналары сыр мен сымбатқа суарылып, шынайы шындық сипаттары арқылы беріледі. М.Әуезов шығармаларында қоғам-кезең көріністері, тарих пен таным тоғысы біртұтас сипат алса, І.Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясында халық өмірі, дәстүрлі мәдениеті тарихи-этнографиялық деректер негізінде кең өріс алады. Ә.Нүрпейісов туындыларында адам мен табиғат, кейіпкерлер жүйесіндегі жан-сезім сырлары, толғам-тебіреністері негізінде көрінеді. С. Ерубаев пен Б. Бұлқышевтің шығармашылықтарынан өршіл мақсат пен өмірге құштарлық айқын аңғарылса, М. Иманжанов пен Ә. Нұршайықов туындыларынан адам әлемі мен ізгілік иірімдері, жастық пен достықтың мәңгілік сипаттары терең танылады. О. Сүлейменов пен М. Шаханов поэзиясынан ұлт мұраты мен тарих тағылымдары, ғаламдық үдерістің түйінді тұстары

кең көлемде көрініс береді. Жалпы, қазақ қаламгерлері шығармашылығынан халық әдебиетінің әсер-ықпалы, кезең-құбылыстың, тарих пен тұрмыс тынысының қыр-сыры, мән-маңызы терең танылады. Әдеби шығармашылық пен көркемдік кеңістігінің мәні де мол.

Жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыстың сыры мен сымбаты: Кім қалай жазады? («Жаңа әдебиет», 1931, №6.), С. Сәдуақасовтың қазақ қаламгерлеріне арналған анкетасында («Қазақ әдебиеті», 1988, 23 желтоқсан), Қазақстан Жазушылар одағының 70 жылдық тарихына арналған – «Әдеби өмір шежіресі» (2005), Ә. Нарымбетовтың «Қазақ әдебиетінің библиографиясы» (1970-2001), сондай-ақ "Беталыс", "Уақыт және қаламгер", "Сөзстан" сынды әдеби жинақтарға енген қазақ ақын-жазушыларының – "Біз қалай жазамыз?" деген ортақ сұрақ төңірегіндегі жазбаларынан (мысалы, Д.Әбілов – "Ақын арманы" туралы сыр; М.Әуезов – "Абай" романының жазылуы жайынан; С.Мұқанов – "Мөлдір махаббат" былай жазылды; С.Бақбергенов – "Бейтаныс оқушыға хат"; Х.Ерғалиев – "Өз творчеством төңірегінде"; Қ.Жұмаділов — "Соңғы көштің" арқауы"; Д.Досжан – "Жібек жолы" қалай жазылды?"; Ә.Нұршайықов — "Махаббат, қызық мол жылдар" кітабы қалай жазылды; М.Қаратаев – "Сындағы соқпағым"; Т.Молдағалиев – "Өлең – менің өз анам"; Қ.Мырзалиев – "Жазушы әдеті жайында"; О.Сүлейменов – "Біз өмірге күресу үшін келгеміз"; Р.Нұрғалиев – "Бір мақала хақында", т.т.) кеңінен көрініс тапқаны анық. Мұнда, әсіресе талант табиғаты мен тағылым-тәлімі, қаламгер қабілеті мен қасиеті, қысқасы жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыстың сыр-сипаттары кеңінен орын алады. Маңыздысы, жазушы еңбегі мен шығармашылық жұмыстың болмыс-бедері, қалам қасиеті мен талант табиғатының тамыр-тынысы, ой-сөз жүйесінің арналары, өмір шындығы мен уақыт тынысы, көркемдік құпиясының мәні, тіл-стиль сырлары т.т. жан-жақты сөз етіледі.

Бұдан басқа, академик-жазушы Ғ. Мүсірепов шығармаларының басым бөлігін қарындашпен жазғаны белгілі. Алдын-ала жазу үстелінің қолайлы тұсына көптеген қарындаштарды өткір ұштап, қажетті тұста үнемі пайдаланған. Тіпті, атақты «Қыз Жібек» көркем фильмінің сценарийін қарындашпен жазғаны анық. Отырып, тұрып та жазғанға өте ыңғайлы болған көрінеді. Ә. Нұршайықов, Ш. Мұртаза т. б. кәдімгі шарлы қаламмен жазған. Ал, Т. Нұрмағамбетов автоқаламмен жазып, ішін ғана ауыстырып отырған...

Тұтастай алғанда, көркемдік құпиясының күретамыры – жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс мәселесі сөз өнерінің көркем де кемел, күрделі де тағылымды, мәнді де сырлы әлемін құрайды. Жазушы еңбегінен іргелі ізденіс іздерінен тыс көңілді тербеген, жүрекке берік

ұялаған тақырып табиғатынан бастап көрініс-құбылыстар, өмір-уақыт сипаттары, тарих пен тағдыр, тағылым иірімдері, қысқасы шындық пен шеберлік мұраттары кеңінен көрініс береді. Бұл реттен келгенде, қайсыбір қаламгер де ізденіс мұраттары мен шығармашылық еңбегінің көркем де келісті, өнімді де жемісті болғанын қалары анық. Поэзия патшалығы тұрғысынан қарасақ: «...Ақынның өмірді зерттегені – алдымен өзін зерттегені. Ақын құдіреті – өмірден өзін, өзінен өмір жасай білуінде. Бұл – ақынның әлеуметтік-экономикалық көзқарасы... Поэзия – ғылым. Зерттеу керек. Адам өмірінің, адам жанының зерттелмеген, қалам тартылмаған несі қалды? Соны табу, соны зерттеу керек. Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол – тек поэзия. Басқа ешқандай да ғылымның қолынан келмейтін шаруа бұл!» (Мақатаев М. Күнделік. – Алматы: Қаз Ақпарат, 2009. – 4,17 беттер)».

(Шығармашылық зертхана. Оқу құралы. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2024.- 16-18 беттер).

«Өткен ғасырдың 20-жылдары С. Мұқановтың сөз өнеріне бірыңғай ден қойған, батыл бетбұрыс жасаған кезеңі болып табылады. Қаламгердің өлең, әңгіме, очерк, мақалаларынан бастау алған табиғи дарыны болашақ «Адасқандар» («Мөлдір махаббат»), «Қызылжар», «Теміртас», «Есіл», «Жұмбақ жалау» («Ботагөз»), «Менің мектептерім» («Өмір мектебі») секілді көркем кітаптарының жазылуына «алтын көпір» болғаны сөзсіз. Осындай өресі биік шығармалары арқылы сөз өнерімізге сүбелі үлес қосқан С. Мұқановтың әдебиеттегі алғашқы ізденістеріне ден қою - басты мұрат, негізгі зерттеу нысаны. Демек, жалпы тарихымызды, оның ішінде әдебиет әлеміндегі әр дарынның өз орнын айқындау аса маңызды мәселелердің бірі болса, адамдық әлемімен, сөз өнеріндегі көркем туындыларымен «бар қазақтың жүрегіне жол тапқан» - С. Мұқановтың алғашқы прозалық еңбектерінің тақырыптық мәнін ашу, жанр жүйесі мен көркемдік кеңістігіне ену арқылы шығармашылық ерекшелігін танып-талдау, әділ де байыпты бағалау осы зерттеу жұмысының асыл мұраттарының бірі болып табылады. Тиісті тұста, көркем әдебиет – сөз өнерінің асыл арнасы, негізгі туындысы болғандықтан, әдебиет теориясы ұстанымымен, әдеби-эстетикалық ойдың даму ерекшеліктерімен телқабыс байланыста өріс алады. Осы орайда, автор мен туынды, көркем шығарманың мазмұны мен пішіні, тақырып пен мәтін, жанр мен көркемдік өріс, баяндау мен таным, композиция мен сюжет, портрет пен пейзаж, ой мен қиял, деталь мен символ, реализм мен текстология т.т. жазушы еңбегі мен шығармашылық зертхана һәм психологиясы аясында сөз етіліп, маңыз-мәні айқындалады.

Сонымен, Ғ. Мүсірепов сөзімен айтсақ, «халқына бір кітапхана» мұра қалдырған, олардың жиынтығынан «...тұтас кітапхана жасауға болатын» (Р. Нұрғали), «алыптар тобының бірі» академик-жазушы С. Мұқановтың:

қоғамдық-әлеуметтік және мәдени-әдеби өмірдің қилы мәселелерін көтерген очерк, фельетон, әңгіме, мақалаларының жай-күйін;

жаңа заман шындығы арқау болған алғашқы повестерінің тақырыптық мәнін, жанр жүйесін, көркемдік қуатын, стильдік өрнек, ерекшеліктерін;

махаббат дастаны – «Адасқандар» романының шығармашылық тарихы мен зерттелу мәселелерінен бастап «Жұмбақ жалауға» дейінгі аралықтағы өзге де көркем, көлемді еңбектерін мүмкіндігінше терең танып, таразылауға мән берілді.

С. Мұқановтың алғашқы прозалық еңбектеріндегі көркемдік-идеялық ерекшеліктерді ғылыми-теориялық аспектіде қарастыра отырып, қазақ әдебиеті деректері аясында қалмай, қажетті жерінде көп ұлттық кеңес әдебиетінің көркемдік тәжірибесіне, даму жолдары мен проблемаларын да тиісінше қамту мақсат етілді. Бұлайша кешенді түрде қарастырудағы мақсат: бұл кезең – С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, Қ. Кемеңгеров, С. Сәдуақасов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин т.б. қаламгерлер үшін жаңа жанрды игеру жолындағы белгілі бір басқыш, жетілу кезеңі, есею-өсу сатысы болды. С. Мұқанов өз тұстастарымен бұл бағытта іргелі ізденістер жасап, жанр талабына сай өнімді еңбек етті».

(Көркемдік дүниетаным және шығармашылық психологиясы. Монография. – Астана: «Булатов А.Ж.-ЖК, 2025. – 11-12 беттер)

«Тәуелсіздік – ұлт мұраттарының жарқын да жасампаз көріністері болса, ал оның руханиат ішіндегі сыр-сипаттары әдебиет әлемінен, тақырып пен идея бірлігінен, жанрлар жүйесі мен көркемдік-эстетикалық құндылықтардан, замана шындығы мен көркемдік шешімнен, уақыт бедері мен тұлға табиғатынан, тілдік-стильдік ерекшеліктерден айқын аңғарылады. Жаңа уақыт тынысы, ел өмірі мен қоғамдағы азаттық пен еркіндік рухы – ақын-жазушылар шығармашылығынан жаңашыл бағыт, іргелі ізденістер арқылы кең көлемде көрініс тапты. Алайда, тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттің даму бағыт-бағдарлары, идеялық-эстетикалық қырлары, стильдік сипаттары әлі де жан-жақты айқындалып, қалың көпке қаз-қалпында жетпегені анық. Кезең, құбылыс ретінде де толық қалыптасқан жоқ. Жанр жүйесі, бедерлі бейнелер әлі де тапшы екенін аңғарамыз...

Ұлт тәуелсіздігі – қоғамда, адам өмірі мен еңбегінде, тұрмыс-тіршіліктерінде терең із қалдырды. Қоғам дамуынан, ұлттық санадағы

өзгеріс пен өмірдегі жаңашыл бағыттардан – азаттық пен еркіндік салтанаты, келелі келешекке құштарлық пен сүйіспеншілік сынды шынайы сезім, сырлы сипаттар көрініс берді. Тәуелсіздік мұраттары ұлттық поэзиядан, ондағы басты тақырыптардан елдік мүдде, тарих пен таным, адам еңбегі, талайлы тағдыры, дәстүр мен тәжірибе тағылымдары, ел-жер, дін-тіл, тәлім-тәрбие, патриоттық сезім т.с.с. кең орын алды. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары қазақ ақындарының әр алуан тақырыптарды қамтыған ізденіске құрылған идеялық-көркемдік ерекшеліктері мол өлең-жырлары жарық көрді».

(Тұрысбек Р.С. Қазіргі әдебиет. Оқу құралы – Астана: ЖК «Дана» баспасы, 2019 – 10-11 беттер)

«Ж.Аймауытұлының шағын жанрдағы шығармаларының тақырыбы қандай әр алуан болса, мазмұн-мұраты да соғұрлым түрліше болып келеді. Ел өміріндегі өзгеріс пен әр алуан құбылыстар қазақ әйелі мен оның тағдыры, жастар өмірі мен махаббаты, адам бойындағы, мінезіндегі келеңсіз міндер, әлеуметтік теңсіздік, өмір, уақыт іздері, т.т. әңгіме, оқшау сөз ретінде қалың көпке қаз-қалпында көрсетіп, бүкпесіз баяндап отырды. Мұның бәрінен де қоғам-кезең көріністері, адам әлемінің мың сан қырлары, өмір-тұрмыстағы жағымды жайттар мен келеңсіз, кереғар құбылыстар, көркем, шынайы сипатта суреттеледі. Сонымен бірге жазушы қайсыбір көрініс-құбылысты суреттеген тұстарда ұлттық белгі – ерекшеліктерді, халықтық мақсат-мұраттарды, дәстүр-өнегелерін негізгі назарда ұстайды. Сол арқылы өмір-тұрмыс сырларын, адам мұратын, ақыл-парасаты мен еңбегін алдыңғы кезекте көрсетеді. Қоғам байлығы – адам мен оның еңбегін табиғи қалпында, шын шеберлікпен нанымды жеткізеді. Өмір шындығын қаз-қалпында, боямасыз бейнелеп, көркемдікпен, шынайы суреттейді» (130-131-беттер).

«Осы реттен келгенде, "Қартқожада" дәуір дидары, қазақ тұрмысы мен оның әдет-дағды, дәстүр өнегелері, өмірдің бұралаң жолдары негізгі кейіпкер – Қартқожаның өзі көріп, куәсі болған шындық жағдайлармен бірлікте, диалектикалық байланыста өріс алатындықтан, әрі ел-жер жайын қозғап, сенімді суреттегендіктен де әлеуметтік туынды (роман) қатарына жатады. Жалпы, "Қартқожа" романының тақырыбы мен идеясы, мазмұны мен пішіні, сюжеті мен құрылымы, образдар жүйесі қаламгер болмысын, баяндау мәнерін кеңінен көрсетеді. Романда халқымыздың басынан өткен әлеуметтік қарым-қатынастары, қоғамда жүріп жатқан түрлі тартыстары, психологиялық құбылыстар мен әр алуан адамдар орны, іс-әрекеттері, дәстүр өнегелері, тәлім-тәрбие мәселелері ұлттық ерекшеліктерімізге, көркем-эстетикалық бейнелеу жүйемізге сай суреттелінеді» (194-195-беттер).

«Романға қатысты кейбір дерек көздері Мәшһүр Жүсіп Көпеев пен Ж.Аймауытұлының өз ара жазысқан хаттарынан көрінер еді ("Социалистік Қазақстан", 1990, 1 мамыр). "Хатқа" маңыз беруіміздің себеп-сыры – "Ақбілек" романының шығармашылық тарихына қатысты ұнамды, ұтымды пікірлердің білдірілуінде деп білеміз. Мәселен, романға қатысты ойын автор былай білдірген: "Екі жарым ай болды, үйден түзге шықпағаныма. Не істеді десеңіз, "Қылуатта" жатып бір роман жазып бітірдім, өзіңіз көрген "Қартқожадан" үлкендігі екі есе болды. Бар ойым, ынтам, рухым сол романға кетіп, тап жынды кісідей болыппын, досты, жолдасты, құрметті қымбат ағаны ұмытып кете жаздаппын. Мен күнді қалай өткізеді десеңіз, міне былай: таңертең сағат сегізде тұрамын да, шай ішіп, қызметке – бала оқытуға кетемін. Күніне алты сағат бала оқытамын. Сағат үште үйге келемін, тамақ ішемін. Одан кейін ұйықтаймын. Сағат алты-жетілерде оянамын. Сөйтем де жазуға отырамын. Сол отырғаннан түнгі сағат екі-үшке дейін отырып қалам. Әбден талғанда барып ұйықтаймын. Міне, екі жарым айдай көрген өмірім осы". Бұдан кейін автор сөз еткен романының соңғы нүктесін қойып, "баспаға жіберіп отырмын" дейді» (198-бет).

(Тұрысбек Р.С. Жүсіпбектану. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы, 2019.- 472 бет).



ТӨРЕГЕЛДІ РАХМАНБЕРДІҰЛЫ ТҰЯҚБАЙ
Саясаттану ғылымдарының кандидаты (PhD)
Алматы, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу
институтының профессоры

Төрегелді Рахманбердіұлы Тұяқбай 1955 жылдың 1 қаңтарында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген.

Төрегелді Тұяқбай орта мектепті алтын медальмен тәмамдап, 1972 – 1977 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін «қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы» мамандығы бойынша бітірген. Университеттің 5-курсында оқып жүрген кезінен бастап «Жалын» альманахына қызметке шақырылып, ұзақ жылдар бойы «Жалын» журналында және «Жалын» баспасында – кіші редактор, редактор, аға редактор лауазымдарында еңбек етті.

Төрегелді Тұяқбай мемлекеттік жауапты қызметтерде бола жүріп, шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік, қоғамдық және ұстаздық жұмыстардан қол үзген емес. Оның тырнақалды шығармалары он үш жасынан бастап газет-журналдарда, баспасөзде жариялана бастады. Дипломатиялық қызметін ҚР Сыртқы істер министрлігінде атқара жүріп, 1996 жылы «Германияның саяси партиялары мен қоғамдық ұйымдарының мемлекет саясатын белгілеудегі рөлі» деген тақырыпта диссертациялық жұмысын Әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кеңесінде сәтті қорғап, сол үшін оған «саясаттану ғылымдарының кандидаты (PhD)» ғылыми дәрежесі берілді. Ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын әрі аудармашы, әдебиеттанушы, тілші-ғалым ретінде сын-мақалалары мен проблемалық зерттеулерін, өзінің төлнұсқа және аударма кітаптарын жариялады. Мәселен, 1998 жылы қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы – орысша-қазақша «Дипломатия» сөздігі жарық көрді (қосалқы авторы – З. Күзекова). Сондай ақ, ол 1999 – 2006 жылдар аралығында ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі ретінде қазақ тіліндегі көптеген ғылыми терминдердің бекітіліп, қолданысқа енгізілуіне өз үлесін қосты.

Т. Тұяқбайдың әр жылдарда «Бастау» (1979), «Өз көзіммен» (1980), «Қарлы құйын» (1982), орыс тілінде «Разбег» (1983), «Орман аңызы» (1987), «Жан дауысы» (1992), белорус тілінде «Снежны чалавек» (Минск, 1992), «Сүймегендер сағынбайды» (2004), «Төрт тоғыс» (2014), «Төрт тоғыс» (толықтырылған нұсқасы) (2016), «Аушадияр» (2016), «Сөзбиі» (2019), орыс тілінде «Письмена мудрости» (Мәскеу, 2021), «Мың бір масат» (2021), «Ойтұмар» (2021), «Ойлан, қазақ!» (2025), т.б. кітаптары жарық көрген.

Сонымен бірге, автор А. Лихановтың «Күн тұтылған күн», О. Оразбердыеваның «Өмірімнің таңғы шағы» повестерін, В. Лукшаның «Жарқырап жаз келді», «Бастау» атты өлең кітаптарын аударып, көптеген шетел ақын-жазушыларын қазақ тілінде сөйлеткен. Гётенің маңыздылығы жағынан «Фаусттан» кейінгі екінші орында тұрған «West-oestlicher Divan» кітабын тұңғыш рет түпнұсқасынан қазақ тіліне аударып, алғысөзін жазып, ол неміс және қазақ тілдерінде «Goethe. West-oestlicher Divan /Гёте. Батыс-шығыс жинағы» деген атпен бір кітап болып басылып шықты (көлемі – 288 бет). Осы кітаптың ресми тұсаукесер рәсімдері 2020 жылы алдымен Астанада, одан кейін Берлин қаласында Қазақстан Елшілігінің қатысуымен болып өтті, бұл жөнінде еліміздің және Германияның ақпарат құралдары («Deutshe Welle», «Хабар», т.б.) жарыса жазды. Сондай-ақ, автордың 2021 жылы Мәскеуде жарық көрген «Письмена мудрости» кітабының да тұсаукесер таныстырылымдары Ресейдің және еліміздің бірқатар қалаларында өтіп, баспасөзде («Литературная газета», «Московские новости», «Казахстанская правда», т.б.) хабарлар, сын-мақалалар жарияланды. Т. Тұяқбайдың есімі елімізде ғана емес, әлем жұртшылығына да таныла бастады. Әсіресе, масатшы ақын ретінде оның жазған мыңдаған сөзбиі-жырларын оқырмандар жылы қабылдап, төңкеріліп түскен түйдекті теңдеулері – қазақ поэзиясына салған үлкен олжа, жаңа жанр, әдеби құбылыс, «сөзбиі феномені» деп, жоғары бағаланып отыр (*Сілтеме:* «Төрегелді Тұяқбайдың 70 жасқа толуына арналған «XXI ғасыр поэзиясы: дәстүр және жаңашылдық» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары» (ғылыми басылым): – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Абай ҒЗИ дайындаған, Алматы, 2025 – 140 бет). Көрсетілген жинақта автор туралы ғылыми зерттеулермен қоса, оның жарияланған шығармалары мен еңбектерінің қысқаша библиографиялық анықтамалығы да берілген. Қазіргі кезде бұл әдеби үдеріске әлем әдебиеттанушылары мен зерттеушілері де назар аударып, ден қоя бастады. Т. Тұяқбай бірқатар әдеби, көркем шығармалар конкурстарының жүлдегері атанып, оның еңбектері бірнеше шетел тіліне аударылған.

Т. Тұяқбайдың еңбек кітапшасында мынадай негізгі қызмет жолдары көрсетілген: 1972 – 1990 жылдарда «Жалын» журналы мен баспасында – кіші редактор, редактор, аға редактор, 1990 – 1992 жылдары «Кітап жаршысы» газетінде бөлім бастығы, 1992 – 1997 жылдары Сыртқы істер министрлігінде – екінші хатшы, бірінші хатшы, кеңесші, 1997 – 1999 жылдары Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл департаментінде – бөлім бастығы, 1999 – 2005 жылдары Премьер-Министр Кеңсесінің Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде – консультант, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары, 2006 – 2007 жылдарда Президент Әкімшілігінің Баспасөз қызметінде аға сарапшы, 2007 – 20018 жылдарда Парламент Мәжілісі Аппараты Редакциялау және аударма бөлімі меңгерушісінің орынбасары, ал, зейнеткерлікке шыққан соң 2018 – 2021 жылдарда Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапхананың Ғалым-хатшысы лауазымдарында жауапты қызметтер атқарған. Қазіргі кезде ол – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының профессоры.

Қосымша мәліметтер:

Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары/ Государственные награды, почетные звания	**Благодарственное письмо Президента Республики Казахстан /2001/** **Юбилейная медаль "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл" /2001/** **Юбилейная медаль "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" /2005/** **Юбилейная медаль «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» /2006/** **Юбилейная медаль "Астана 10 жыл" /2008/** **Юбилейная медаль «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» /2011/** **медаль "Ерен еңбегі үшін" /2015/** **Юбилейная медаль «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» /2016/**



Жұмат Жұмалыұлы Тілепов
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Жұмат Жұмалыұлы Тілепов 1944 жылы 10 наурызда дүниеге келген.

Ж. Тілепов еңбек жолын 1969 жылы Жетібай (Маңғыстау облысы) кентінде мұнайшы болып бастады. 1969 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Филология ғылымдарының докторы (1997), профессор (2002), Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1976), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (2010). Қазақстанның құрметті жазушысы (2025), Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ әдебиетінің тарихы; әдебиет және тарих; он төртінші жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1969-1999 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде, «Қазақстан коммунисі» журналында, «Қазақстан», «Жалын» баспаларында әдеби қызметкер, редактор, «Ғылым» баспасында бас редактор, Қазақстан ұлттық ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, ғылыми орталықтың басшысы, директордың орынбасары, Халықаралық Журналистика институтының проректоры, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2000 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор лауазымы міндетін атқарды.

Ж. Тілепов – 300-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектердің авторы. Оның ішінде 9 монография мен оқу құралдары, 1 оқулық, 1 прозалық, 1 өлең кітабы жарық көрген. «Қазақ әдебиеті тарихы» (3 том, 2000), сондай-ақ, көптеген ұжымдық монографиялардың авторларының бірі болып табылады. Мысалы: Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық әлемі.88-113б;// Абайтану:

таңдамалы еңбектер. Ұжымдық монография. VIII-том.- Алматы: Қазақ университеті, 2016. -240-бет; Халық әдебиетіндегі тарих көріністері. //Ұжымдық монография. Алматы: ТОО НФ принт, 2016. 2 –кітап.-340 бет.

Монографиялары мен оқулық, оқу құралдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісіне енгізілді.

Ж. Тілеповтің ғылыми еңбектері ішінде **12** кітап оның жеке авторлығымен жарық көрген, бірнеше еңбек авторлар ұжымымен бірге шығарған. Солардың қатарында «Бабалар мұрасының» 65 томының алғы сөзін жазған. Төменде Ж. Тілеповтің жеке авторлығымен жарық көрген іргелі еңбектерін көрсеттік:

1) Тілепов Ж. Тарих және әдебиет: Монография.- Алматы: Ғылым, 2001.-392 б.

2) Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2013.-220 б.

3)Тлепов Ж. Историзм казахской литературы. XVIII-XIX веков. Монография - Алматы: Қазақ университеті, 2015.-140 с.

4) Тілепов Ж. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының тарихы һәм жыраулар мұрасы. Алматы: Үш қиян, 2011. -168 б.

5) Тілепов Ж. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық.- Алматы, 2015.-388-бет.

6) Жұмат Тілепов. Құр.: Айтуар Өтегенов. Тарих және әдебиет. (XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихилығы)– Алматы: ҚАЗақпарат, 2013. – 216 б.

7) Жұмат Тілепов. Қазақ поэзиясының тарихилығы (XVIII-XX ғ. Материалдары негізінде): Монография.-Алматы: Ғылым, 1994. -172-бет.

8); Жұмат Тілепов. Елім деп еңіреген ерлер жыры: Оқу құралы. Алматы: Білім, 1995. -192-бет.

9) Жұмат Тілепов.Таным мен тағылым: Оқу құралы.-Алматы: Үш қиян, 2010. -312-бет.

10) Жұмат Тілепов.Ел мүддесі ерлер еншісі: Зерттеу.-Алматы: Үш қиян, 2010. -352-бет.

11) Жұмат Тілепов. Екі томдық шығармалар жинағы. Том 1: Тарих және әдебиет: Монография.- Алматы: Дәуір, 2015.-432 б.

12) Жұмат Тілепов. Екі томдық шығармалар жинағы. Том 2: Ел мүддесі ерлер еншісі: Зерттеу.-Алматы: Дәуір, 2015. -384-бет.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

1. Жамбыл сыйлығының лауреаты.

2. Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері. Төсбелгі. Куәлік (2024)№

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Қазақ халқының ежелгі жыраулық дәстүрінің басында тұрған шығармашылық тұлға – Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы. Академик В.М. Жирмунский оны шығармашылық тұлға ретінде»Қырымның қырық батыры» атанатын ноғайлы дәуірінің ұланғайыр көл-көсір жәдігерлерінің басында тұратын ұлы жырау деп біледі. Кейінгі Абыл, Нұрым, Мұрат, Қашағандар арқылы жалғасып келіп, Мұрын Сеңгірбеков айтуымен елге жеткен аталмыш туындының жай-күйі туралы ілгері-кейінді пікір айтқандар да, сондай- ақ, Сыпыра жырау аты мен шығармашылығына қатысты лебіз білдіргендердің (С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, С. Садырбаев, Қ. Сыдиықов, М. Мағауин, О. Нұрмағамбетова, Ж. Тілепов, т.б.) қай-қайсысы да жалпы оны өмірде болған адам деп біледі.

Тілепов Ж. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық.- Алматы, 2015. - 11-бет.

Елшілікте жүретін Асанды, алайда қазақтың тарихына қатынасы бар адам емес пе екен деп ойлауға кейінге дейін заманның, заңның қабағына қарап келгендіктен ғалымдарымыз тәуекел ете алмай келді. Тіпті, оны былай қойғанда Асан қайғының жыраулық бетін танытқан Әз Жәнібекке айтқан ақыл сөздерінің өзін кертартпа феодальдық рухтағы тоңмойын кісінің лебізі еді деуге мәжбүр болды. Өйткені, дәуірдің күрзісі – талай ғұламаны солай сөйлеуге мәжбүр етті. Ал, шындығында осы кезге дейін Асандікі болып келген сөздердің бәрі де сонікі. Ягайлаға елші болып баратын екеудің біреуі де – сол Асан ақсақал. Өйткені, 1393 жылы біздің жырауымыз Асанқайғы Сәбитұлы ақсақал жиырманың ішіндегі жігіт. Ал, бүкіл алты ғасыр бойы ел есінде жүруге лайықты ақылға, көшелі сөзге ие данышпан азамат жиырманың ішінде өз қатарынан озып шығып, елінің елшілігіне жүретін екеудің біреуіне жарамайды, оған алысты болжар кемеңгерлік кейін қонған деп оңынан ойлайтын ешкім де дауласпақ емес. Демек, осыған қол қойсақ, Асан қайғы Сәбитұлы есімді абыз жырау шамамен 1370 жылы дүниеге келіп, 1470 жылдары жүзге таяу жас жасап, өмірден көшкен болып шығады.

Тілепов Ж. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық.- Алматы, 2015. - 34-35-беттер.

Әдебиеттану ғылымы, әрине, ел әдебиетінің тарихын өзінің азаматтық тарихынан тысқары қоя алмайды. Ал, қазақ әдебиеттану ғылымының ұзақ жылдар бойы ел басындағы саяси ахуалға

байланысты, бұл мәселені халқымыздың жеке отау болып шаңырақ көтерген тұсымен байланыстырып қарайтын мүмкіндіктердің өзінен де мақұрым болып келгені белгілі. Тек, ілгеріде айтқанымыздай, соңғы жылдардың межесінде ғана бұл тарапта біраз жаңа пікірлер, тың көзқарастар дүниеге келуде. Бұлардан шығар қорытынды қазақ әдебиетінің тарихын жеке қазақ ұлысы болып бөлінбей тұрған мезгілден бастауға, яки, қазір күллі дүние жүзі білетін бірсыпыра сол мұраларды өзгелермен еншілесе отырып, ортақ жәдігерлік ретінде меншіктеу қажеттілігіне саяды. Ал, ондай жағдайда тарихилық мәселесін сөз еткен – халқымыздың жалпы азаматтық тарихта қаншалықты болса да өткен жолынан дерек берер болмашы жайларының өзі мұқият ескерілетіні даусыз. Өйткені, қазіргі қазақ жұртының қазақ атанғанына да көп заман өткен.

Жұмат Тілепов. Құр.: Айтуар Өтегенов. Тарих және әдебиет. (XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихилығы)– Алматы: ҚАЗақпарат, 2013. – 23 б.;

Эпос қалай болғанда да халықтың перзенттеріне іші бұруынан, бір жайларға разылығы мен наразылығынан, яки үлкен бір күйініш-сүйінішінің әсерінен дүниеге келеді де, ол көбіне әлгіндей эмоциялық бояуларға қанығып шыққандығымен өзгешеленеді. Ал, жылнамашының жазбасы факті деректерді дұрыс, дәлме-дәл беруімен ерекшеленеді. Олай болса, тарих үшін, әлбетте жылнамашы сөзі өтімді, сенімдірек болмақ. Сондықтан, фактінің нақтылығына жүгінгенде жылнаманың бірден бір ақиқат өлшемі болатындығы осыдан. Демек, эпостың тарихилығын қарастырғанда одан бірінші кезекте фактінің дәлдігі емес, тарихи жағдайлардың, оқиғалардың ұлы сұлбасының қалай жырланғандығы еске алынады.

Жұмат Тілепов. Құр.: Айтуар Өтегенов. Тарих және әдебиет. (XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихилығы)– Алматы: ҚАЗақпарат, 2013. – 82-82 беттер.;

Сан ғасырлық қазақ поэзиясының аса елеулі шығармашылық тұлғаларының бірі – Шернияз Жарылғасұлы. Ақын 1807 жылы Ақтөбе облысы ойыл ауданының Жарыпшыққан өзені бойында, «Жарылғас – әкем аты, шешем- Тойлан» деп, өзі жырлағандай, Жарылғас есімді көшпенді қазақтың шаңырағында өмірге келген. Әкесі өз кезінде еліне белгілі болған «Жарылғас» атанған кісі. Ақын 60 жыл өмір сүріп, 1867 жылы өмірден кеткен. Қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданына қарасты Мұқыр станциясына таяу маңдағы «Шернияздың ағы» атанатын боз төбеге жерленген.

Кез келген көрнекті шығармашылық тұлғаның аты аталғанда есімімен қатар айтылатын айрықша шығармасы болатыны белгілі. Ондай жағдай әлемдік классиканың ұлы тұлғалары – Данте мен Гете, Бальзак пен Толстой, пушкин мен Байрон, т.т. әлемдік масштабтағы қаламгерлерге ғана емес, әрбір ұлттық әдебиеттің халқына белгілі көркем сөз шеберінің баршасына тән. Бұл тұрғыдан келгенде, Шернияз есімі «Байеке, сіздің қызда жаман бар ма?»-деп басталатын туындысымен қазақ даласының қай атырабына болсын кеңінен мәлім.

Тілепов Ж. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқулық.- Алматы, 2015. - 213-бет.

ТІЛЕШОВ ЕРБОЛ ЕРДЕМБЕКҰЛЫ



1965 жылы 22 ақпанда Алматы қаласында туған. 1982 жылы орта мектепті бітірген. 1982-83 жылдары құрылыста жұмысшы. 1983-85 жылдары Алматы зооветеринарлық институтының студенті, 1985-87 жылдары әскер қатарында. Қазақтың Абай атындағы педагогика университетін 1992 жылы бітірген. Осы жылдан бастап қазіргі Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы. 1997 жылы «Мағжан Жұмабаевтың поэзиясындағы романтизм» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

2003-2004 жылдары Еуразия ұлттық университеті Гуманитарлық институты директорының орынбасары. 2004-2007 жылдары ҚР Мәдениет министрлігі Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығының директоры.

2007-2012 жылдары Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасы «Руханият» орталығының директоры, 2012-2015 жылдары Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасының басшысы. Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры. Қазір Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы.

Негізгі еңбектері әдебиет теориясы, абайтану,алаштану, тілтану, қазақ тілін үйрету әдістемесіне арналған. «Көркемдік әдіс және суреткер» монографиясының, «Алаш туы астында», «Қайнар», « Абай сөзі», «Ынталы жүрек сезген сөз», «Абай.Алаш.Ахаң» ғылыми-танымдық жинақтарының, «Алаш қозғалысы» энциклопедиялық анықтамалығының (Д.Қамзабекұлымен бірге), «Алаштың ардағы» танымдық жинағының 200-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалалардың авторы. Білім академиясының корреспондент мүшесі. «Құрмет» орденімен, Қазақстан Республикасы Құрмет Грамотасымен, мерекелік медальдарымен марапатталған.

Отбасылы. Жұбайы – Тілеш Қаракөз Есіркепқызы, Қазақтың Абай атындағы педагогика университетінің түлегі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, ұлдары – Мұқағали, «Астана халықаралық әуежайының» қызметкері, Еркеғали – Назарбаев университетінің қызметкері, келіні – Бағдагүл, немерелері – Айару, Ханшайым.

Қоғамдық қарым-қатынастар, саяси оқиғалар, әлеуметтің жағдайы, елдің тұрмысы, шаруашылық деңгейі – *қоғамның жалпы келбетін* жасайды. Бұл – ***базис.*** Дәуірдің саяси, әлеуметтік жағдайы, қоғамдық қарым-қатынастар. Бір сөзбен айтқанда *қоғамның болмысы - моделі.* Қоғамның жалпы келбеті, яғни оның осы базисы – әлеуметтің ой-санасын, қоғамдағы көзқарастардың жиынтығын, яғни *қоғамдық ойды* түзеді. Осы қоғамдық ой ауқымында алуан саяси, әлеуметтік, діни, философиялық ойлар, тенденциялар өмір сүреді. Жазушы қоғамның бір мүшесі болғандықтан, сол базистің ортасында өмір сүргендіктен, қоғамдық ойды қабылдаушы, түсінуші, ең бастысы – суреткер болғандықтан оны қорытушы, көркемдік мазмұнға айналдырушы, көркемдік пішінге түсіруші рөлінде болады. Сонда бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: ең алдымен - *базис, қоғамның моделі,* содан кейін одан өрістейтін – *қоғамдық ой,* содан соң осы ойды бейнелеуші – *көркем әдебиет* болмақ.

Тілешов Е. Қайнар. Алматы: 2016.-165 бет.

Жаратушының адамға дарытқан негізгі қасиеттерінің бірі-интуиция. Ол құбылысты дұрыс түсінуге, ең бастысы түйсінуге мүмкіндік береді, ақиқатты тануға жол ашады. Жаратушының осы керемет сыйына ақылымызды ұластырып жүгінгеніміз жөн.Бұл дарынды адамдар үшін маңызды.Дарын дегеніміздің өзі интуицияның жетілген түрі болар. Өнер адамы үшін интуиция ақиқатты танудың алғашқы баспалдағы.

Интуиция шығармашылық адамның сезіну арқылы тану тәжірибесі. Бұл тәжірибе өмірде көргендерді сезіну, түйсікте жинақталған ой қорынан өрістейді де, әсерленген кезде сыртқа шығады, оны шығармашылық интеллект қорытады. Интуиция субъективті үдеріс болғандықтан көбінесе стереоптитерді қабылдамайды, себебі шығармашылық адамында қанағаттанбау сезімі болады. Осыдан барып қарсылықты эмоция үдерісі жүреді де, жалпы өнер табиғатына тән катарсис пайда болады. Сол арқылы шығармашылық иесінде сын реакциясы жүреді. Соның нәтижесінде өнер адамы арылуға, тазаруға барады: *«Кірлеген жүрек өзі үшін... Дүние кірін жуынып...».* Осындай сәтте интуиция белсенді, шабыт оянған: *«Ұйқыдан көңіл ашар көз...».* Осы субъективті – эмоционалды шақта ақын дәстүрлі ойлау шеңберінен шығып жаңа биікке көтеріледі.

Интуиция интеллектіге айрықша серпін береді, ойды оятады. Адамның осы қос танымы үнемі бірлікте. Сондықтан да интеллектіні интуитивті, интуицияны интеллектілі деуге болады. Екеуі бірігіп таным үдерісін іске қосады. Интуициясы күшті шығармашылық иесінің интеллектісі де жоғары болады. Мұндағы интеллект академиялық

білімнен гөрі табиғи танымға қатысты. Егер интуицияны шығармашылық қуат дейтін болсақ, интеллектіні шығармашылық қор деген жөн.

Интуиция поэзия үшін интеллектінің бастауы, абайша айтсақ: *«Жүрек тербеп, оятар баста миды», «Жүректе қайрат болмаса, Ұйықтаған ойды кім түртпек». «Жүрек»* кеменгер ақында когнитивті концепт. Осы эстетикалық-философиялық пікірлері арқылы Абай иррационалды танымның рационалды танымға ұласуын айтқан.Таным табиғатын үлкен дарын иесі ретінде шынайы сезінгенін өлеңдері мен қарасөздерінен анық аңғаруға болады.

Тілешов Е. Абай.Алаш.Ахаң.. Алматы: 2025.-26-27 беттер.

«Ұлт ұстазы» деген аса мәртебелі атақты ағартушылығына қоса, ұлтты оятушы ақындығы мен көсемсөзшілігі, шәкірт тәрбиелеген ұстаздығы, азаттық қозғалысындағы көсемдігі, ұлттық ғылыми ойдың атасы ретіндегі оқымыстылығы - тұтас тұлғасын қалыптастырған барлық қабілеті мен қайраты, күресі арқылы қазақ баласы үшін жасаған орасан тарихи қызметі әр ұрпақ құрметпен қарайтын бүтін болмысын құрайды. Көп қырлы дарыны мен еңбегі оны ағартушыдан да биік шын мәніндегі зор ренессанстық тұлға деңгейіне көтереді. Ахмет Байтұрсынұлы сынды аса ірі әмбебап тұлғаға XX ғасыр басындағы ұлттық Өрлеу дәуірінің, яғни қазақ Ренессансының рухани көшбасшысы ретінде қарауымыз керек. Абайдың ізгілікті ойларынан басталатын *Жаратушы - қоғам - адам* үштағанындағы этикалық, эстетикалық, философиялық гуманизмді алаштықтар өз дәуірінде жаңаша ұлттық мазмұн мен мәндегі *азаттық - ынтымақ - санаткерлік* тұжырымдамасымен толықтыра өрістетті. Ұлттық дамудың бастауында Әлихан Бөкейхан, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Жаһанша Досмұхамедұлы, Мұстапа Шоқай сияқты Алаш көсемдерімен және тағы да бірқатар қайраткерлермен қоса Ахаңның да тұрғанын білеміз. Ренессанстық дәуірде Алашорда жетекшісі Әлекең ұлт күресінің саяси көсемі, ұлт ұстазы Ахаң рухани көсемі болғаны тарихи ақиқат.

Тілешов Е. Кемеңгерлік сабағы. Алматы: Сардар, 2026.-132 бет.

УАЙСОВА АЙГҮЛ МҰХАМЕДИЯРҚЫЗЫ

Qojalar.kz. Тарих. Таным. Тағлым веб-сайтының редакторы

https://kozhalar.kz



1966 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге келген. 1990 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарында, атап айтқанда республикалық әдеби «Жалын» журналында, ҚХА «Достық-Дружба» журналында, республикалық Astana aqshamy газетінің жұмыс істеген.

Негізгі журналистік қызметінен басқа дәстүрлі дін ағартушылары, ишандар тарихы мен қожа-молдалар туралы зерттеулерімен танымал, сонымен қатар Шортанбай мұрасына қатысты деректер жинап, мақалалар жазды.

Шортанбай Қанайұлының мұрасына қатысты жинаған деректері ақынның мол мұрасының бір кетігіне тиянақ болатындай, ғалымдар назарын аударарлық деп бағаланды. Ақынның шын аты, ата-тегі, нағашы жұртына қатысты мәліметтер анықталып, ақын жырларында кездесетін замандас тұлғалардың анықтамалығы, ақын жырларында қолданылған араб-парсы сөздігін құрастырды. Бұл ретте оның туған жылына қатысты мәліметтермен қатар, «зар заман» ақындарының шығармашылығының қазіргі қазақ қоғамының дамуындағы орны мен ықпалы тұрғысындағы ойлары тартымды болып отыр. Соның бірінде, «Заман сұранысына қарай сараласақ, Шортанбай сөзі, ол бастаған отарлық кезеңге дейінгі Абылай ханның саркытын ішіп, тектілікті биігінде қалған ақындардың әр сөзі дертке дауа болмақ. Сол үшін де келер ұрпақтың бойын жайлаған уыттың бетін қайтару үшін де, зар заманында зарлап өткен ұлт ақындарының мұрасы керек.

Екі ғасыр бойына Шортанбайға қайта-қайта тіреліп, қайтадан оралып, жанына демеу іздеген әдебиеттші-ғалымдар жыраудың осындай қастерлі қасиеті барын түсінген. Құлдық санадан, бодандық ноқтасынан айырылмай тұрып айта алмады, амал қанша?! Әлі де орыстану үдерісі өршіп тұрғанда жан-жағымызға жалтақтаймыз. Дегенмен, қазақы қанымызды құнарландырып, ұлт бастауына апаратын бір жол бар. Ол ҰЛТ ақындарының сөзі болып қалмақ» деп зар заман ақындарының мұрасын зерттеуші жас толқынына ой тастайды.

Айгүл Уайсованың дәстүрлі дін ағартушыларына, атақты қожа әулеттеріне деген қызығушылығы Qojalar.kz. Тарих. Таным. Тағлым веб-сайтын ашып қана қоймай, осы саланың зерттеуші ғалымдары мен өлкетанушыларын, шежірешілерді біріктіріп отыр. Қазақ қоғамындағы қожалықты рулық шеңберден алып шығып, қазақ мемлекеттігіндегі

орнын нықтауға ықпал етіп жүргендердің бірі. Оның мақалалары мерзімді баспасөздерде жарияланып келеді, сонымен қатар еліміздің біртуар азаматтары туралы сұхбаттары жинақ болып жарық көрді.

Журналистің зерттеулерінде ишандарға ерекше мән берген. Сыр бойында ізі қалған Мақтұмсейіт әулие ұрпақтары арасынан шыққан ишандар тарихын зерттеп, олар туралы тарихи деректерді, ел аузындағы аңыздарды жинап, мұрасын қалпына келтіруде көп еңбек сіңірді. Соның бірі Мақтұмсейіт әулиенің жетінші ұрпағы Бабай ишан Жүнісұлының (1857-1937) Тәжікстандағы өміріне, оның қуғын-сүргін жылдары атылып кеткен ұлдарына қатысты мәліметтерді мұрағаттардан қарастыра жүріп, әулет тарихын қалпына келтірді. Сыр елінде қалған мешіт-медресесі орнын қоршап, екі елде белгісін орнатты. Ол туралы Абдусаттар Нуралиевтің «Тәжікстандағы қазақтар» кітабында жазылды. Кітап 2017 жылы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына арналып, қазақша аударылып, қайта басылды.

Айқожа ишан Теміржолына қатысты да (1773-1857) үлкен шаралардың басында жүріп, «Айқожа ишан және Сыр бойындағы тассаввуф иелерінің функционалдық қызметтері мен қилы тағдыры атты» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырып, ғалымдардың бір алаңда пікір алмасуына жағдай жасады. Әулет тарихын зерттеп қана қоймай, сол кезеңнен жеткен көне кітаптарды жинап, сирек кездесетін жәдігерлерді түгендеп Ишандар мұражайын ашуға мұрындық болды. Бұл күнде Қызылорда облысы Жаңақорған кентіндегі Айқожа ишан мешіті жанында музей жұмыс істеп тұр. Ірі дін ғұламасы Айқожа ишанның ұрпақтарыны қалған қолжазбалар негізінде «Өзімнің білгенімді сөз қылайын» атты жинақ құрастырып, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкері Нұржұма Елесбайдың көмегімен баспаға дайындады. Бұл жинаққа Зікірлер, Қиямет баяны мен Қиссалар қамтылды. Мұндағы Һарут пен Марут қиссасы, Үш мұңлы қиссасы қазақ ауыз әдебиетінде бұрын аталып, баспа бетін көрмеген.

Ақпарат саласының үздігі Айгүл Уайсованың журналистік ізденістері де айтуға тұрарлық. Мысалы Абай дерегін жеткізген Тұмабай Наданбайұлының архив деректерін тауып, Жаяу Мұсаның ұрпақтарына қатысты, Қоңырқұлжа Қожықовтар, Мәулен Балақаев әулетіне қатысты, оның ұрпақтарымен болған сұхбаттар арқылы белгілі тұлғалардың көпшілікке беймәлім сырларын жеткізе білді.

Оның «Найман Тоқабай шежіресі» Алматы 2005 ж. 272-бет. «Ізгілік жолы» Алматы Шапағат-Нұр. 2013ж.84-бет. «Дәнекер» Мақалалар жинағы. Алматы: Теларна.2015ж.260-бет. Айқожа ишан:Әулеттің асыл мұрасы. Алматы-2023ж «Типография Print House Gerona» 420-б, «Ойтұмар» Алматы: «Sardar G», 2024,-232 бет, «Өзімнің білгенімді сөз қылайын» Алматы-2023 ж. «Типография Print House Gerona» 250-б.

ҰЛЫҚПАНОВА ӘЛИЯ ЖОЛДАСҚАЛИҚЫЗЫ



Ұлықпанова Әлия Жолдасқалиқызы 1971 жылы 3 сәуірде Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында дүниеге келген. 1978-1988 жылдары туған жеріндегі қазақ орта мектебінде білім алды. 1989-1993 жылдары Ақтөбе педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқыды. 1993-1994 жылдары Ойыл қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. 1994 жылдан бері Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып келеді.

Ұлықпанова Әлия Жолдасқалиқызының ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі бағыттары қазақ әдебиеті, фольклортану, әдебиет тарихы, жұбановтану, аймақтық әдебиеттану, әдебиетті оқыту әдістемесі және білім берудегі цифрлық технологиялар мәселелерімен сабақтасады. 2013 жылы «Қ. Жұбанов – фольклор және әдебиет зерттеушісі» тақырыбында магистрлік диссертация қорғап, гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін алды. Қазіргі кезде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде «8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада оқиды.

Ғылыми-педагогикалық қызметінде Ә.Ж. Ұлықпанова әдеби мұраны жоғары мектепте оқыту, студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру, қазақ әдебиетінің тарихи-мәдени негіздерін жаңаша пайымдау, фольклорлық мәтіннің қазіргі мәдени-танымдық ортадағы көрінісін зерделеу мәселелеріне айрықша көңіл бөледі. Оның зерттеулерінде Қ. Жұбанов мұрасының әдебиеттанулық, фольклортанулық және ағартушылық қырлары, өңірлік әдеби үрдіс, ақын-жазушылар шығармашылығы, дәстүрлі фольклордың қазіргі танымдық кеңістіктегі көрінісі өзара сабақтастықта қарастырылады. Университеттегі көп жылғы қызметінде ол дәріс оқумен, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеумен қатар, студенттердің ғылыми жобаларына, шығармашылық жұмыстарына, әдеби-танымдық бастамаларына жетекшілік жасап келеді.

Ә.Ж. Ұлықпанованың 160-тан астам ғылыми және әдістемелік мақаласы жарық көрген. Қ. Жұбанов мұрасын зерттеу бағытындағы негізгі еңбектері қатарында «Қ. Жұбанов – фольклор және әдебиет зерттеушісі» оқу-әдістемелік құралы (2018), «Қ. Жұбанов зерттеулеріндегі әдебиеттану аспектілері» дәрістер жинағы, «Қ.

Жұбановтың ғылыми мұрасы мен қоғамдық-ағартушылық қызметі» монографиясы (2024), «Жұбановтану» оқу құралы (2024), ғылыми аудитория мен көпшілік оқырманға арналған «Қ. Жұбанов: тұлға және уақыт. Фотомұрағат» жинағы (2025) бар. Ол «Қ. Жұбанов шығармаларының академиялық жинағын» (2020) баспаға дайындаған редакциялық алқа құрамында болды.

Әдебиеттану мен оқу-әдістемелік бағыттағы еңбектерінің бір саласы өңірлік әдеби мұраны танытуға арналған. Аймақтық ақын-жазушылар шығармашылығын зерттеуге бағытталған «Аймақтық әдебиеттану» оқу құралы (2020) оқу үдерісіне енгізілді. «М. Айымбетов прозасындағы экзистенциализм» атты монографиясына (2021) авторлық куәлік берілді. Автордың «Абайтану» (2019), «Риторика» (2019) электронды оқу құралдары да жоғары мектептің оқу үдерісінде пайдаланылып келеді.

Ә.Ж. Ұлықпанова цифрлық білім беру, әдебиетті оқытудың жаңа форматтары және әдеби пәндерді оқытуда цифрлық құралдар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану бағытында да жүйелі жұмыс жүргізеді. Ол жаппай ашық онлайн курс форматында «Қазақ халық ауыз әдебиеті» пәні бойынша дәрістер курсын дайындады. Жоғары оқу орындарының оқытушылары мен облыс мұғалімдеріне арналған «Цифрландыру дәуірі: жасанды интеллект пен нейрожеліні қолдану әдістемесі» (2024), «Әдебиет пен өнер әлеміндегі цифрлық дәуір: трендтер, мүмкіндіктер және коммерцияландыру стратегиялары» (2024), «ЖИ және шығармашылық ізденістер: цифрлық оқытудың жаңа форматы» (2025), «Абай және медиамәдениет ұрпағы: уақытпен сұхбат» (2025), «Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жобасын әзірлеу, рәсімдеу және қорғау әдістемесі» тақырыптарында шеберлік сабақтары, интерактивті дәрістер мен әдістемелік семинарлар өткізді.

Ә.Ж. Ұлықпанова университеттегі ғылыми-ұйымдастырушылық және баспа жұмыстарына да белсенді қатысып келеді. Ол әр жылдары «Фольклор және ұлттық идея» (2016), «Қазақ әдебиетіндегі тарихи прозаны оқытудың өзекті мәселелері» (2016), «Жұбанов тағылымы» дәстүрлі IX халықаралық ғылыми конференция материалдары (2017), «Рухани жаңғыру: әдеби мұра және ұлттық құндылықтар» (2018), «Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы: әдеби болмыс және дәуір шындығы» (2018), «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» (2018), «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде» (2019), «Жұбанов тағылымы – X» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (2020) атты жинақтарды баспаға дайындауға атсалысты. Бұл еңбектер университеттегі әдебиеттану, фольклортану және рухани мұра мәселелеріне арналған ғылыми ортаның қалыптасуына қызмет етті.

Студенттердің ғылыми және шығармашылық әлеуетін дамыту Ә.Ж. Ұлықпанованың оқытушылық қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі. Оның редакторлығымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Студенттер аялдамасы» альманахы жарық көрді. Сонымен қатар филология факультеті студенттерінің «Жас қанат» шығармашылық жинағы (2016), «Жас қанат. Студенттер шығармашылығының жинағы» (2017), «Жас қаламгер» жинағы (2018), Республикалық «Үздік жұбановтанушы» шығармашылық байқауы материалдарының жинағы (2018) баспаға дайындалды. Академиялық ұтқырлық негізінде білім алған ҚХР Іле педагогикалық институтының студенті С. Ошанұлының «Қара қосым» әдеби жинағын жарыққа шығаруға жетекшілік жасады.

Ә.Ж. Ұлықпанова 2021 жылы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті» ұйымдастырған «Үздік куратор-эдвайзер» байқауында 1-орын иеленді. Ұзақ жылғы ғылыми-педагогикалық еңбегі, жастар тәрбиесі мен әдеби-рухани мұраны насихаттауға қосқан үлесі үшін түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды. Олардың қатарында Ақтөбе облысы әкімінің алғыс хаттары (2024), Ақтөбе облыстық білім басқармасының алғыс хаты (2024), ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығының алғыс хаты, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымының Құрмет грамотасы (2017), Қ. Жұбановтың 120 жылдық мерейтойына орай берілген «Жұбанов» медалі, университеттің 85 жылдық мерейтойына орай табысталған облыстық кәсіподақ ұйымының алғыс хаты бар.

Ә.Ж. Ұлықпанованың ғылыми-педагогикалық қызметінің негізгі арнасын қазақ әдебиеті мен фольклорын зерттеу, Қ. Жұбанов мұрасын ғылыми ортада жүйелі таныту, өңірлік әдебиетті зерделеу және түркі халықтары фольклорындағы мифологиялық таным мен сенімдік әңгімелер табиғатын қарастыру бағыттары құрайды. Оның зерттеулерінде әдеби мұра, фольклорлық сана, мифологиялық кейіпкерлер жүйесі және қазіргі гуманитарлық білім беру мәселелері сабақтастықта қарастырылады. Оқытушылық тәжірибесі мен ғылыми ізденісі студенттердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға, әдеби-рухани мұраны насихаттауға, қазақ әдебиеті мен түркі халықтары фольклорын зерттеу арнасын кеңейтуге және филологиялық білімнің дамуына бағытталған.

Қ. Жұбановтың ғылыми болмысын даралайтын басты сипаттардың бірі – энциклопедиялық білім мен филологиялық талдаудың бір арнада тоғысуы. Ол қазақтың рухани мұрасын, әлемдік мәдениет пен ғылым жетістіктерін кеңінен игеріп, тіл дерегін әдеби құбылысты танудың негізгі тірегіне айналдырды. Ғалымның «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегі осы ұстанымды айқын танытады: Абай шығармашылығын бағалауда ол әдеби-эстетикалық өлшеммен ғана шектелмей, сөз табиғаты, ой жүйесі, көркемдік құрылым мәселелерін қатар қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, Қ. Жұбановтың әдебиеттанулық пайымы тілдік танымммен сабақтасып, қазақ филологиясындағы тұтас ғылыми ойдың қалыптасуына үлес қосты.

(Қ. Жұбановтың ғылыми мұрасы мен қоғамдық-ағартушылық қызметі. Монография. – Алматы, Москва: EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2024.– 53-б.).

Қоғам мен заманның әдебиет ісіне белсене араласуынан фольклор мұрасына «жікшілдік» көзқарас қалыптасып, өткен дәуірдің қазынасына үстем таптың жиып кеткен мүлкіндей жатырқай қарау үрдісін орнықтырды. Фольклорлық мұраның жойылып, жілікке түсіп шағылу қаупі төнген тұста қоғам қыспағына қарамастан Қ.Жұбановтың «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы» зерттеуі өмірге келген. Мәдени парасаттылықты бойына жиып, тағылымдық мәнін таратқан Қ.Жұбанов бұл еңбекте өскелең ұрпаққа әдебиет пен өнердің терең тамыры халықта жатқандығын тағы бір танытып өтті. Ол адамзаттың тылсым күштермен арбасатын құралы ретінде өмірге келген фольклор – есте жоқ ескі дәуірлердің өзінде-ақ өн бойына магиялық еңбектің бірнеше түрін: сөз, ән, би, күй – жалпы халық даналығы тудырған дүниесінің баршасын тұтастыра сақтаған синкретті өнер болған деп дәлелдеді. Осы тұрғыдан алғанда, музыка материалдарының құрылысын тексеруден басталған бұл зерттеудің басты құндылығы – фольклор мен әдебиеттің арғы арналарын, тіл мен тарих деректерін шынайы ғылым тұрғысынан талдап, жұртшылық кәдесіне жарата білгендігінде.

(«Жұбановтану». Оқу құралы. – Алматы, Москва: EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2024.– 23-б.).

Сөзге шебер, тілге бай Қ. Жұбановтың зерттеу еңбектерінде халық әдебиетінің мақал-мәтел үлгілері ғылыми ойды дәлелдеудің бір құралы ретінде қолданылады. Мәселен, «Қазақ тілінің жоғары курсы. Дәрістер» еңбегінде «Адам көркі – шүберек» деген қазақ мақалын, сондай-ақ «Май

әулие, майсыз жарылқайтын қай әулие!» деген ұйғыр мақалын мысалға келтіреді. «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» атты мақаласын «Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деген мақалмен бастаған. «О построении речи на казахском языке» атты зерттеуінде «Бітісі жаман қамысты су ішінен өрт шалар» деген мақалдағы сөздердің орналасу тәртібін түсіндіреді. «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» еңбегінде Абай ақынның сынына іліккен «Ата-анадан мал тәтті», «Атың шықпаса жер өрте», «Жарлы болсаң, арлы болма», «Көппен көрген ұлы той» деген мысалдарды келтіре отырып, мақал-мәтелдердің жанрлық ерекшеліктерін танытады. Әйтсе де, Қ. Жұбанов мақал-мәтелдердің бәрі бірдей өмір шындығын дәл таныта бермейтініне де назар аударады. Зерттеуші «мақалдардың жарамсыздары көп екендігін» және осы жарамсыз мақалдардың «халық әдебиетін кері тартатын тараулар екендігін» атайды. Шындығында да, өткен мұраның бәрі де талғаусыз қабылдайтын «өңкей асыл» емес. Сондықтан да, халық әдебиетінің кейбір үлгілерінің ғасырдан ғасырға сұрыпталып барып жетуі де тегін емес.

(Қ. Жұбановтың ғылыми мұрасы мен қоғамдық-ағартушылық қызметі. Монография. – Алматы, Москва: EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2024.– 40-б.).

XX ғасырдың 30-жылдары қазақтың ұлттық руханиятындағы Қожа Ахмет Ясауидің орны туралы алғашқылардың бірі болып сөз қозғап, ғылыми ортаның назарын аударуға күш салған Қ. Жұбанов еді. Қазақ әдебиеттануында Ясауи мұрасына қатысты құнды ой-тұжырымдар айтқан зерттеушілер аз емес. Солардың алғашқы қатарында кеңестік идеология тұсында Ясауи мұрасына ғылыми тұрғыдан назар аударған Құдайберген Жұбановтың орны ерекше. Дін мен руханият мәселесіне күдікпен қаралған күрделі кезеңде «Диуани хикмет» туралы пікір айту ғалымның ғылыми батылдығын танытады. Сондықтан бұл зерттеу жөнінде ашық әрі еркін пікір айтуға мүмкіндік кейінгі дәуірде ғана туды.

(Қ. Жұбановтың ғылыми мұрасы мен қоғамдық-ағартушылық қызметі. Монография. – Алматы, Москва: EDP Hub (Идипи Хаб), Ай Пи Ар Медиа, 2024. – 85-б.).



ХАЛИКОВА НУРИЛА САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ
Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
(Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы)

Халикова Нурила Сатыбалдықызы 1976 жылғы 17 қаңтарда қазіргі Түркістан облысы (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы) Төлеби ауданының Тасарық ауылында дүниеге келген. 1992 жылы Блинков атындағы жалпы орта мектепті аяқтаған. 1992 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне оқуға қабылданды. Аталған жоғары оқу орнын 1996 жылы бітіріп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін және филолог, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы біліктілігін алды. 1996–1998 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің магистратурасында оқып, «Әдебиеттану» мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесіне ие болды.

2007 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Әбдезұлының жетекшілігімен «Қазақ прозасындағы кейіпкер даралығы және көркемдік шешім (1960-80 жылдар прозасы)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2008 жылғы 27 ақпандағы шешімімен филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

Еңбек жолын алғашқы 1997 жылы Алматы қаласында орналасқан М. Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастады.

2000-2001 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының «Тілдер» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

2001–2002 жылдары Шымкент қаласындағы тәуелсіз «Арман» гимназиясы мен Облыстық мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет етті.

2002 жылдан бастап М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ тіл білімі» кафедрасына қызметке орналасты. 2008 жылы осы университеттің «Қазақ әдебиеті» кафедрасында еңбек жолын жалғастырды. 2014 жылдан бастап М.

Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарып, педагогикалық жұмысын ғылыми-зерттеу қызметімен ұштастырды.

2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті) «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында еңбек етіп келеді.

Еңбек жолында Қазақстан ғылымының дамуы мен жастарды тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін, сапалы білім беріп, оқу орнының қоғамдық өміріне белсене қатысқандығы үшін бірнеше алғыс хаттармен марапатталды.

Әдеби-ғылыми бағыты: қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы, проза поэтикасы, аймақтық әдебиеттану мәселелері, қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері.

Бүгінгі таңда Н.С. Халикова XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті, қазіргі әдеби үдеріс және оны оқытудың теориясы мен әдістемесі мәселелерін зерттеумен айналысуда. Н.С. Халикованың авторлығымен 2026 жылы «XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті және оны оқыту негіздері» атты оқу құралы жарық көрді. Оқу құралында XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің даму үрдістері мен оны оқытудың заманауи әдістемелік мәселелері кешенді түрде қарастырылған. Еңбекте қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық, тақырыптық және көркемдік ерекшеліктері талданып, жаһандану жағдайындағы әдеби үдерістің сипаты айқындалған. Сонымен қатар магиялық және мистикалық реализм, постмодернизм, экзистенциализм т.б. сияқты әдеби ағымдардың қазақ әдебиетіндегі көрінісі сараланып, қазіргі поэзия мен драматургиядағы жаңашылдық бағыттар сипатталған. Сондай-ақ оқу құралында электронды әдебиет пен цифрлық шығармашылықтың жаңа формаларына да назар аударылған. Оқу құралында көркем мәтінді интерпретациялық, герменевтикалық, компаративтік, психологиялық және нарратологиялық талдау жолдары ұсынылған. Аталған оқу құралында XXI ғасырдағы қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері мен оны оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері өзара сабақтастықта қарастырылып, әдеби білім берудің заманауи бағыттары жан-жақты қамтылған.

Н.С. Халикованың авторлығымен қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесіне арналған бес электрондық оқу құралы әзірленіп, білім беру үдерісіне енгізілген. Атап айтқанда: *«Академиялық сауаттылық негіздері (Эссе жазу әдістемесі)», «Көркем шығарманы герменевтикалық талдау», «Қасанды интеллект және қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың цифрлық трансформациясы», «Көркем шығарманы талдауға үйретудің тиімді жолдары», «Жазылым дағдысын қалыптастыру және эссе жазу әдістемесі».*

Негізгі ғылыми нәтижелері: Н.С. Халикова 1 монографияның, 130-дан астам ғылыми мақаланың және 7 оқу құралының авторы. Ғалымның авторлығымен соңғы бес жылда (2021–2025 жж.) қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі, академиялық жазылым, герменевтикалық талдау, XXI ғасыр әдебиетін оқыту және цифрлық білім беру мәселелеріне арналған бірқатар іргелі еңбектер жарық көрді.

Қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер. Монография. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021. – 190 б.

Эссе табиғаты және оны жазу әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы. – 2021. – 84 б.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялары. Оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы. – 2024. – 132 б.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы. – 2024. – 142 б.

Көркем мәтінді герменевтикалық талдау негіздері. Оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы. – 2025. – 104 б.

Цифрлық технологияларды интеграциялау негізінде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. Шымкент, «Әлем» баспаханасы. 2026. – 144 б.

Қазақ этнофразеологизмдері: практикалық тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. Шымкент, «Әлем» баспаханасы. 2026. – 130 б.

XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті және оны оқыту негіздері. Оқу құралы. Шымкент, «Әлем» баспаханасы. 2026. – 152 б.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әдебиеттің ежелден сөз етіп келе жатқан тақырыбы адам тағдырына, адам өмірінің шындығына келіп саятыны, сондай-ақ оның адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы сан салалы нәзік байланыстарына негізделетіні ақиқат. Сөз өнерінде көрініс тапқан адам өмірінің шындығы кейіпкер мінез-құлқы арқылы ашылып, әдебиетте адам образының бай галереясы жасалып жатады.

Халикова Н.С. Қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер. Монография. – Қарағанды:«Medet Group» ЖШС, 2021. 6-бет.

XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті – әлеуметтік, философиялық және тарихи тақырыптарды жаңа көркемдік таным тұрғысынан пайымдауға бағытталған күрделі рухани кеңістік. Қазіргі әдеби процесте қоғам, адам, мораль, мәдениет мәселелері тұлғаның ішкі жан дүниесі, көңіл күйі, рухани дағдарысы, тарихи жадымен қарым-қатынасы арқылы көркемдік шешім табады. Бұл кезеңдегі әдебиет адамды қоғамдық

қатынастардың объектісі ретінде емес, рухани-экзистенциялық субъект ретінде бейнелеуге ұмтылады.

Халикова Н.С. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті және оны оқыту негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент, «Әлем» баспаханасы. 2026. 20-бет.

Адам концепциясы қашанда әдебиеттің өзекті мәселелерінің бірі. Әдебиеттегі адам мәселесі XXI ғасыр әдебиетінде жаңа мазмұндық және көркемдік сипатқа ие болды. Қазіргі әдеби кейіпкер көп жағдайда өмірдің мәнін іздейтін, рухани жалғыздық мәселелерін бастан кешіретін тұлға ретінде көрінеді. Ол өткен мен бүгіннің, дәстүр мен жаңашылдықтың, ұлттық сана мен жаһандық ойлаудың тоғысында қалыптасқан адам болмысын танытады.

Халикова Н.С. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті және оны оқыту негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент, «Әлем» баспаханасы. 2026. 20-бет.

XXI ғасырдағы қазақ әдебиетін оқыту – қазіргі әдебиеттану мен педагогика ғылымдарының интеграциялық кеңістігіндегі өзекті бағыттардың бірі. Жаһандану дәуіріндегі сөз өнері дәстүрлі көркемдік арнадан шығып, жаңа бағыттармен, соны жанрлық формалармен байып келеді. Осыған байланысты, XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті мен әдеби үдеріс мәселелерін оқытудың теориялық-әдістемелік негізін кешенді түрде қарастыру қазіргі гуманитарлық білім беру саласындағы басты міндеттердің біріне айналып отыр. Бұл үдеріс жаңа дәуір әдебиетін оқытуда заманауи талдау әдістері мен цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін жүйелі кіріктіруді міндеттейді.

Халикова Н.С. XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті және оны оқыту негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент, «Әлем» баспаханасы. 2026. 5-бет.

Көркем әдебиет – адамзат ойының, дүниетанымы мен рухани мәдениетінің көрінісі. Әдеби шығарманы толыққанды түсіну үшін тек оқып шығу жеткіліксіз, оны терең зерделеп, астарлы мағынасын ұғу қажет. Осы орайда әдеби мәтінді талдаудың түрлі әдістері қолданылады. Солардың бірі – герменевтикалық талдау. Герменевтика – мәтінді түсіндіру мен мағынасын ашуға бағытталған ілім. Ол оқырман мен мәтін арасындағы өзара әрекеттестік арқылы шығарманың ішкі мәнін тануға мүмкіндік береді. Бұл әдіс тек мәтін мазмұнын ғана емес, сонымен қатар тарихи-мәдени және философиялық мағынасын да қамтиды.

Көркем мәтінді герменевтикалық талдау негіздері. Оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы. – 2025. 30-бет.



Шакирова Қатира Мирамқызы 1971 жылы 9 қазанда Қостанай облысы, Арқалық ауданы, Қайыңды ауылында туған.

1995 жылы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша үздік аяқтаған. Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистратурасында оқыған (2012-2014).

Қарағанды педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарған (1995-1996).

1996 жылдан Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында аға оқытушы болып қызмет істейді.

1 монографияның, 1 оқу құралының, 7 оқу-әдістемелік құралдың, 2 электронды оқу құралының, 1 электронды әдістемелік құралдың, 70-ке жуық ғылыми мақаланың авторы.

Қапан Сатыбалдин драматургиясындағы тартыс пен характер: монография. – Москва: «Высшее Образование и Наука» Баспа Үйі, 2018. – 220б.

Аталған монографиясында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі қаламгер Қапан Сатыбалдиннің драмалық шығармалары, оның драматургиядағы тартыс проблемасын шешу жолындағы ізденіс пен көркемдік шеберлік тәсілдері, мінез, әрекет ашу тәсілдері, кейіпкер психологиясының табиғатын шынайы ашудағы тілдік қолданысы жан-жақты қарастырылған.

Марапаттары:

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалі, 2021 ж;

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғысы, 2021ж.;

«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтына 50жыл мерекелік медалі, 2022 ж;

«Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, 2025ж.



ШАЙЕКЕНОВ ЖАНГЕЛДІ ЖҰМАҚАЙҰЛЫ

Шайекенов Жангелді Жұмақайұлы – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

Шайекенов Жангелді Жұмақайұлы 1957 жылы БҚО Фурманов ауданы (қазіргі Казталов ауданы), Қарасу ауылдық кеңесіне қарасты Жұлдыз ауылында дүниеге келген.

1975 жылы Фурманов ауданы Фурманов орта мектебін бітірген. Ол өз құрбыластары сынды он жылдық мектепті бітіре сала "қайдасың, институт?" деп тұра шаппады. Еңбек кітапшасының алғашқы парағы жұмысшы деген жазумен толтырылды. Ол Қараөзен кеңшарында құрылыс бөлімшесінде жұмысшы болып еңбек жолын бастады. Сол жылдың желтоқсан айынан бастап Фурманов аудандық жүргізушілер мектебінің алты айлық курсына қабылданды. 1976 жылдың мамыр айында осы курсты аяқтап, жүргізуші деген куәлік алып, әскери борышын өтеуге аттанды.

1976 – 1978 жылдар аралығында Украина Республикасының Донецк қаласында әскери борышын өтеді.

Әскер қатарында болып, азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін 1978 – 1983 жылдар аралығында Фурманов ауданы Қараөзен кеңшарында жүргізуші, кеңшардың комсомол ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды.

Жалынды жастық шақтың шаршауды, шалдығуды білмейтін, дамылдауды елемейтін жігерлі қимылы Жәкеңді бірте-бірте өзгелерден даралай түсті. Ұйымдастырғыш қабілетімен танылған жалынды жас жергілікті комсомол ұйымының хатшылығына сайланды. Сөйтіп, он шақты жылы өмір- өзеннің ағысында кетті. Ауыл, аудан өмірінің, оның әл-ауқатының, мәдениетінің дамуына бір кісідей үлес қосып жүрген еңбекқор жаска Фурманов (қазіргі Жалпақтал) ауданының партия комитеті жоғары оқу орнына (Орал педагогикалық институтының даярлық бөліміне) жолдама беріп, ақ жол тілеп шығарып салды.

1983 жылы қаңтарда А.С.Пушкин атындағы педагогика институтының даярлық бөлімінің тыңдаушысы.

1983 жылы қыркүйегінде осы институттың филология факультетіне оқуға түсіп,

1987 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығын алып шықты.

1987 жылының тамыз айынан бастап осы институттың қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында ғылыми ізденуші, оқытушы, аға оқытушы болып қызмет атқарады.

Мінекей, бұл күнде М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қазақ филологиясы кафедрасының белді ұстазы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жангелді Шайекеновтың өнегелі өмір жолы осылай басталған еді. "Өткен күнде белгі жоқ" деген сөзді "өткен күнде белгі бар, артында айтар іс қалса, үлгі-өнеге із қалса" деп сәл-пәл өзгертсем, оның бағындырған шың- белестерінің шоқтығы биік. Институт қабырғасында оқығаннан-ақ ол факультет белсендісі атанып, топ старостасы, академик Қажым Жұмалиев атындағы әдеби бірлестіктің мүшесі, фольклор үйірмесінің жетекшісі, қоғамдық істердің ұйытқысы, жаңашыл бастамалардың жаршысы боп көзге түсті.

Көптің есінде қалар игілікті істің бірі – профессор М.Тілеужановтың ғылыми жетекшілігімен республикадағы тұңғыш этнопедагогикалық кабинетті ашуға өлшеусіз үлес қосты. Факультет басшылығы мен ғалым ұстаздар тарапынан оңды пікір, түзу көзқарас қалыптастырған озат студент, жас маман Ж.Шайекеновті кафедрада қалдыруға ұсыныстар жасалып, ректорат тарапынан мақұлданды. Осылайша ол 1987 жылдан бастап қазақ әдебиеті кафедрасында ізденуші, ассистент, оқытушы, аға оқытушы қызметтерін атқарды.

Білім мен ғылымдағы аға- апаларының үкілі үмітін арқалаған Жангелді Жұмақайұлы 1995 – 1998 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің аспирантурасында қазіргі қазақ әдебиеті мамандығына оқуға түсіп, 1999 жылы белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғалымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаевтың ғылыми жетекшілігімен "Әбу Сәрсенбаевтың лирикасы" тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Ғылыми еңбекке әдебиетші-ғалымдар: филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Әбілхамит Нарымбетов, Бағдат Кәрібозұлы сынды зерттеушілер жоғары баға берді. Қазақтың үлкен ақындарының бірі – Әбу Сәрсенбаев суреткерлігін, оның шығармашылық лабораториясын ұзақ жылдар бойы індете тексеріп, жан-жақты зерттеп келе жатқан Жангелді Жұмақайұлының монографиялық зерттеу кітабы жарық көрді.

Ұстаз-ғалымның ұйымдастырушылық қабілетін жіті таныған басшылық оны бірнеше қайтара жетекшілік қызметтерге ұсынып, сынап та көрді. Ұжым аманатыны абыроймен арқалаған Ж. Жұмақайұлы 1999

жылдың 1 қыркүйегінен бастап А.С.Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университетінің филология факультетінің деканы болып қызмет атқарды.

2002 жылы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы. 2004 жылы қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

2005 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қазақ әдебиеті және шығыстану кафедрасының меңгерушісі.

2009 жылдың 1 қыркүйегінен бастап филология факультетінің деканы.

2011 жылдан бастап М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, доценті болып жұмыс жасап келеді.

«Әбу Сәрсенбаев лирикасы» атты монографияның және 30-дан астам ғылыми зерттеу мақалалардың авторы. М.Өтемісов атындағы БҚУ-нің бірнеше Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталармен, сол сияқты Орал қаласы әкімінің және ҚР Білім және Ғылым министрінің Алғыс хаттарымен және 2024 жылы "Ахмет Байтұрсынұлы" төсбелгісімен марапатталды.

Шамшәдин Керім – филология ғылымдарының докторы, профессор. 1962 жылы дүниеге келген.

1980 жылы С.М.Киров атындағы Қазақтың ұлттық университетіне түсіп, 1985 жылы аталған университеттің филология факультетін араб тілі, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген.

1985 -1987 жылдары Қазақстан Республикасы Орталық мұражайында, 1987 – 1992 жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер болып қызмет атқарған.1992-1994 жылдар аралығында Өзбекстандағы Ғ.Ғұлам атындағы Сырдария мемлекеттік университетінде доцент, кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1994 – 2001 жылдары Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде шығыс филологиясы кафедрасының доценті, меңгерушісі болып еңбек етті. 2001-2018 жылдары екі ел үкіметтерінің келісімімен ашылған «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетіне проректор болып қызмет атқарған. 2018-2025 жылдары «Нұр-Мүбарак» университеті жанында Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры болып жұмыс істеген.

Қазір «Нұр-Мүбарак» университеті Халықаралық ғылыми зерттеу және инновация жетекшісі.

1991 жылы «Әнші-ақындар поэзиясындағы дәстүр мен даралық мәселесі (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)»,

2000 жылы «Қазақ фольклорындағы жұмбақ жанры» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

Қазақ жұмбағының мәтіндерін жинап, құрастырып, алғысөз, түсініктерімен толық ғылыми басылымын «Бабалар сөзі» (2002; 2010) сериясында бастырды.

Ш. Керім – «Құрмет» орденінің (2017) иегері. Оның ғылыми жетекшілігімен 1 кандидаттық, 2 докторлық, 7 PhD докторлық диссертация қорғалды.

Ғалым әдебиеттану, фольклортану, араб филологиясы, исламтану салалары бойынша қалам тартып келеді. Оның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қабырғасында Фольклортану бөлімі құшімен дайындалған ұжымдық зерттеу еңбектерге ғылыми мақалалары кірген. Қазақ жерінен шыққан Хусамуддин ас-Сығнақи(1314 ж.қ.б.), Қиуамуддин әл-Итқани әл-Фараби(1286–1357), Әбу Насыр Мүбашшир-хан ат-Таразы(1896–1977) сынды аса көрнекті дін ғұламаларының өмірі мен мұрасы туралы арнайы зерттеу монографиялары бар. Оның Web of Science тізімінде жарияланған мақаласы – 3, Scopus тізімінде жарияланған мақаласы – 14.

Ш.Керімнің кітаптары:

1) Қазақ жұмбағы. Монография – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 272 б.;

2) Араб елдері (тілдік елтану): Оқу құралы. – Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2008. – 152 б. + 24 бет түрлі-түсті суретті жапсырма;

3) Араб баспасөзінің тілі: Оқу құралы– Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2008. –252 б.;

4) Діни білім – дін діңгегі(мақалалар, сұхбаттар, баяндамалар) – Алматы: «Арыс» баспасы, 2012. – 248 б. + 16 бет түрлі-түсті суретті жапсырма;

5) Сығанақ сандағы. Монография – Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2012. – 240 б. + 16 бет сурет;

6) Сал-серілер поэзиясы/XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы/ Монография– Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2017. – 108 б.;

7) Қауам ад-дин әл-Итқани әл-Фараби – ғұлама ғалым, ақын. Монография. – Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2017. –232 б. + 16 бет суретті жапсырма;

8) Қазақстан исламтануының аса көрнекті өкілдері. Монография– Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. –238 б.;

9) Тараз тарланы. Монография.– Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2022. – 224 бет +16 бет түрлі-түсті сурет;

10) Ғұлама Хусамуддин ас-Сығнақи. Монография. – Алматы: «TURAN» баспасы, 2024–128 бет +16 бет түрлі-түсті суретті жапсырма;

11) Орта ғасырдағы ислам мемлекеттері тарихындағы ғұламдардың (мәмлүктердің) орны. Монография. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2025. – 144 б.(Көлемі –9,0 б.т.);

12) Цифрлық кеңістіктегі ислам (Қазақстан мысалында)(Авторлар: Ш.Керім, Б. Абдилхаким, С.Шәкизада). Монография. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2025. –340 бет.

Сал-серілердің сан қырлы өнер иесі болып, бірнеше саланы меңгеруі заман талабынан туған жағдайлар, себебі сахнасы мен театры жоқ, циркі мен балеті жоқ далаға жан-жақты өнерпаздар қажет еді. Мысалы, төңкеріске дейін поэзиямыз арқалаған жүк әлдеқайда ауыр болды, бірнеше қызметті, көп бағдарлы міндетті қатар атқаруына тура келді.

Шамшәдин Керім. Сал-серілер поэзиясы/XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы/ Монография– Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2017. –50- бет.

Бағзы дәуірлердегі наным-сеніммен байланысты өрбіген жұмбақтың уақыт өте келе қоғамдағы мән-мағынасы өзгерген.

Сонымен ұзақ даму жолындағы жұмбақтың қоғамдық қызметінің тарихи тұрғыдан келіп, өзгеру барысын былайша беруге болады:

Магиялық қызметі;

Тұрмыстық қызметі;

Эстетикалық қызметі;

Педагогикалық қызметі.

Алайда, көне кезеңдерде тек магиялық қызмет атқарды деп біржақты айтуға болмайды. Дамудың әр сатысында тұрған халықтар материалдары педогогикалық функциясы болғандығын анғартады. Бірақ алғашқы қауымдық құрылыс кезінде магиялық қызметі басымырақ түсті. Кейінгі дәуірлерде қоғамда тәрбиелік мақсаттағы қызметі салмақ алды, ал магиялық сипаты мүлдем ұмтылды. Үйқасты, сазды өлең оралымдарымен, айшықты ауыстыруларымен тыңдарманының жан дүниесіне қозғау салатын жұмбақ таза тәрбиелік құрал ғана емес, эстетикалық уыты бар жанр.

Шамшәдин Керім. Қазақ жұмбағы. Монография – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. –97-98-беттер.

Қазақ даласында дүниеге келген шоғыр ғалымдар кейінгіге орасан ғылыми мол мұраны мирас етті. Бұл ғұламалар тек исламды қабылдаушы ғана емес, ислами ой-пікірді, шариғат ілімдерін

дамытушы, байытуға үлес қосқан жандар болды. Аталған оқымыстылар Мәуәреннәһр фикһ мектебінің дәстүрі орнығып, осы мектептің қанатын жайып, күшеюі жолында тер төкті.

Біз осы пікіріміздің дәлелі ретінде танымал екі ғұлама Хұсам аддин ас-Сығнақи (1314 ж.қ.б.) мен Әмір Кәтиб әл-Иткаиди (1357 ж.қ.б.) атар едік. Бұл екеуі де еліміздің дін ғұламаларының ішіндегі дара екі жарық жұлдыз десек те болады. Қос ғалымның артында қалған туындылары ұлан-ғайыр, олар Ханафи фиһқын ғылыми негізде дамытып, сүбелі еңбектер жазған.

Шамшәдин Керім. Қазақстан исламтануының аса көрнекті өкілдері. Монография–Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. –5-бет.


ас-Сығнақидың екені күмән туғызбайтындығы дереккөздер мен зерттеулерде бұлтартпайтындай етіп көрсетілгендер 10 еңбек болса, оның 9-ы сақталған. Оларды сала бойынша жіктесек: 2-уі – фикһ, 2-уі – усул әл-фикһ, 1-уі – кират, 1-уі –ақида, 3-уі – араб тілі, 1-уі сопылыққа қатысты. Бұлардан тыс ас-Сығнақиға телініп жүрсе де, авторлығы күмән туғызатын еңбектер де бар. Жоғарыда көрсетілген ас-Сығнақи еңбектері 26 том шамасында екенін есептеп шығаруға болады.

Шамшәдин Керім. Ғұлама Хусамуддин ас-Сығнақи. Монография. – Алматы: «TURAN» баспасы, 2024, –50-бет.

Байырғы мәдениет-руханият орталығында туып, түлеген, Тараз атын ныспы еткен сондай дара дін қайраткері Әбу Насыр Мүбашширхан ат-Тарази (1896 – 1977) еді.

Ол – ірі ислам оқымыстысы, коммунистердің дінсіздік-атеистік ұстанымына қарсы ғұмыр бойы ымырасыз қарсыласып өткен тау тұлға, түбі тамырлас түркі халықтарын большевиктік тежеусіз диктатуралық биліктің қамытынан құтқаруға, азаттықта өз қалауынша өмір сүруі үшін арпалысқан көрнекті азамат. Ақтық демі таусылғанша алған бетінен қайтпас қайсар мінезімен Ислам мұратына адал, қалтқысыз қызмет етудің үздік үлгі-өнегесін көрсетті, дін ілімін терең танытуға жантәнімен талмай тер төкті.

Оның еркіндік жолындағы күреске араласуы Ташкент пен Әулиеатада ертеректе басталып, кеңестік дәуірдің жүйесінің тәртібіне көндікпей, шетелге қоныс аударғанда да жалғастық тапты. Ауғанстан мен Мысырда эмиграцияда жүргенде Түркістан азаттығы қозғалысының белді, беделді өкіліне айналған. Осы жолда қарулы қимылдан да қаймықпады, тайталаста талай-талай теперіш көріп, небір қиындықтарды бастан кешірді. Зұлматты заманның зауалынан зардап шегіп, қамауда қиналып қамықса да – мұқалмады, сағы сынбады.



ШАНАЕВ РУСЛАНБЕК УЛУГБЕКОВИЧ
Философия докторы (PhD), доцент-зерттеуші
(Алматы қаласы: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультеті, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасы)

Ол дін ғалымы, табанды күрескер, эмигранттардың көшбасшысы, қарымды қаламгер, қара сөзге жүйрік көсемсөзші (публицист), жалынды ақын еді. Артында том-том кітаптары мен публицистикалық, діни-ислами, әдеби-поэзиялық, эпистолярлық т.б. бағытта ауқымды мұра қалдырды.

Шамшәдин Керім. Тараз тарланы. Монография.– Алматы: «Нұр-Мүбарак» баспасы, 2022, –3-бет.

1990 жылы 9 наурызда Өзбекстан Республикасы, Жизақ облысы, Ғаллаарал ауданы, Қойташ қаласында дүниеге келген.

2010 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 2014 жылы «5В011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша бакалавриатты бітірді (Диплом № ЖБ-Б 0082411).

2014–2016 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «6М020500 – Филология» мамандығы бойынша магистратурада білім алып, гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін иеленді (Диплом № ЖООК-М 009235).

2016 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқытушы, аға эдвайзер болып еңбек жолын бастады.

2017–2020 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Ресей халықтар достығы университеті (Мәскеу, Ресей) арасындағы халықаралық қос дипломды білім беру бағдарламасы аясында «6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD докторантура – аспирантурада білім алды.

2017–2018 жылдары халықаралық қос дипломды бағдарлама кезеңінде Ресей халықтар достығы университетінде (РУДН, Мәскеу) оқытушы болып еңбек етті.

2018 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ректоры аппараты жетекшісінің орынбасары қызметін атқарды.

2018 жылғы қыркүйектен 2021 жылғы тамызға дейін университетте оқытушы, 2021 жылғы қыркүйек айынан бастап аға оқытушы лауазымында ғылыми-педагогикалық қызметін жалғастырды.

2024 жылғы 29 ақпанда докторлық диссертациясын сәтті қорғап, аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі берілді (Диплом № PhD 00000415824).

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының доцент-зерттеушісі болып қызмет атқарады.

Әдеби-ғылыми бағыты: Қазақстанның жаңа дәуірдегі орыс және орыс тілді жазушыларының шығармашылығын зерттеу мәселелері.

Ғылыми еңбектерінде Р.У. Шанаев қазіргі қазақстандық прозаның мифопоэтикалық құрылымын, заманауи романдардағы постмодернистік дискурстың белгілерін, реалистік әңгімелердің көркемдік сипаты мен проблематикасын зерделейді. Зерттеулерінің бір арнасы студент-филологтарға қазіргі жазушылардың прозасын интертекстуалдық тұрғыдан талдау алгоритмдерін жасауға, әдеби мәтіндегі концептілер жүйесін айқындауға және анықтамалық-библиографиялық қорды жүйелеуге бағытталған. Университеттегі көп жылғы ұстаздық қызметінде дәріс беру жұмыстарымен қатар, білім алушылардың әдебиеттанулық талдау мәдениетін қалыптастыруға белсенді үлес қосып келеді.

Негізгі ғылыми нәтижелері: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің AP19679652 «Русская проза Казахстана новейшего времени: ведущие тренды, жанрология, сюжетика, герой» атты гранттық қаржыландыру ғылыми жобасының қатысушысы болып табылады. Халықаралық Scopus (CiteScore бойынша Q1 және Q2) және Web of Science базаларына кіретін журналдарда, сондай-ақ ҚР ҒЖБМ Сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҚСОҚК) ұсынған басылымдарда мақалалары жарық көрген. Ұжымдық ғылыми монография мен биобиблиографиялық анықтамалықтың авторы, 2 зияткерлік меншік (авторлық куәлік) иегері.

Халықаралық рецензияланатын басылымдардағы мақалалары:

Mythologism of Modern Kazakhstani Prose: Lexico-Semantic Aspect // Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics, 14(1), 208-230 (2023). DOI: https://doi.org/10.22363/2313-2299-2023-14-1-208-230 (Scopus Q1, CiteScore = 1.2).

Гносеологический аспект концептосферы художественного мира А.П. Чехова // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Литературоведение. Журналистика, 28(3), 490-497 (2023). DOI: https://doi.org/10.22363/2312-9220-2023-28-3-490-497 (Scopus Q2).

Источники создания комического эффекта в казахстанской и тувинской литературе // Новые исследования Тувы, № 3, 69-81 (2025). DOI: https://doi.org/10.25178/nit.2025.3.5 (Scopus Q1, CiteScore = 3.0).

ҚР ҒЖБМ Сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы мақалалары:

Алгоритм интертекстуального анализа студентами-филологами прозы современных писателей Казахстана // Eurasian Journal of Philology. Science and Education, 192(4), 186–193 (2023). DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph17.

Черты postmodernist-тік дискурса в романе А. Жаксылыкова «Поющие камни» // Eurasian Journal of Philology. Science and Education, 195(3), 177–186 (2024). DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph016.

Художественные черты и проблематика реалистических рассказов А. Арцишевского // Eurasian Journal of Philology. Science and Education, 198(2), 176–184 (2025). DOI: https://doi.org/10.26577/EJPh2025198216.

Монографиялары мен анықтамалықтары:

Русская проза Казахстана новейшего времени: ведущие тренды, жанрология, сюжетика, герой: ұжымдық монография. – Алматы: Эверест, 2024. – 194 с.

Русские и русскоязычные писатели Казахстана новейшего времени : биобиблиографический справочник. – Алматы: Эверест, 2024. – 150 с.

Авторлық куәліктері (Зияткерлік меншік):

«Русская проза Казахстана новейшего времени: ведущие trends, жанрология, сюжетика, герой» монографиясы үшін авторлық куәлік. – № 63576, 2025 жылғы 29 қазан.

«Русские и русскоязычные писатели Казахстана новейшего времени» биобиблиографиялық анықтамалығы үшін авторлық куәлік. – № 63541, 2025 жылғы 29 қазан.

Шетелдік тағылымдамалары:

2015 ж. – Гранада университеті жанындағы Заманауи тілдер орталығы (Centro de Lenguas Modernas, Гранада, Испания).

2019 ж. – Ресей халықтар достығы университеті (РУДН, Мәскеу, Ресей).

Марапаттары мен қоғамдық қызметі:

«Русский мир» қоры мен МАПРЯЛ қолдауымен өткен I Бүкіләлемдік орыс тілі фестивалінің Гран-при иегері (Санкт-Петербург, Ресей, 2011-2014 жж.);

«Студенческая весна» байқауының Гран-при иегері (Алматы, Қазақстан, 2012-2013 жж.);

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Студенттік мәслихатының төрағасы; Университеттік «Smart Эдвайзер» байқауының жеңімпазы;

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерекелік медалінің иегері.



ШӘРІП АМАНТАЙ
ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Басқарма Төрағасы –
Ректорының Құрмет грамотасының
иегері.

1965 жылы 1 мамырда Қызылорда облысы Қазалы ауданы Бозкөл ауылында дүниеге келген. Аудан орталығы – Жаңақазалы кентіндегі №17 теміржол орта мектебін алтын медальмен бітірген.

1988 ж. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін үздік тамамдады. 1996-1998 жж. Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетінің экономика мамандығы бойынша білім алды. 1995 ж. Оклахома университетінде (АҚШ) кәсіби тағылымдамадан өтті.

ҚР ҰҒА академигі (2024), Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҰҒА құрметті академигі (2025), Халықаралық Айтматов академиясының академигі (2013). Қазақстан Жазушылар Одағының және Журналистер Одағының мүшесі (1999). Қазалы ауданының құрметті азаматы (2022).

Еңбек жолы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің стажер-зерттеушісі, ассистенті, аға оқытушысы, кафедра меңгерушісі (1988-1996), Қорқыт Ата атындағы ҚызМУ-дің проректоры (1996-1997), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің докторанты (1997-2000), Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-де институт директорының орынбасары, кафедра меңгерушісі, проректоры (2000-2004), Қызылорда облыстық телерадио-компаниясының директоры (2004-2005), «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (2005-2006), М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері (2007), ҚР Сыртқы Істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитеті төрағасының орынбасары (2007-2008), «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы (2008-2012), Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры (2012-2014), Халықаралық Түркі Академиясының ғалым хатшысы (2014-2016), «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ бас редакторы (2016-2017) қызметтерін

атқарды. 2017 жылдың қыркүйегінен бері – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түрктану кафедрасының профессоры.

Ғылыми және әдеби қызметі: «Сұлтанбек Қожанұлының әдеби-публицистикалық мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация (1994), «Қазақ поэзиясында ұлттық идеяның көркем бейнеленуі: генезисі, эволюциясы және трансформациясы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады (2001).

«Дәстүрлі ментальдік және оның қазіргі кезеңдегі дүниетанымдық құндылықтар трансформациясы контексіндегі қазақ әдебиетінде көркем бейнеленуі» (2012-2014), «Туған жер» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшелігі және оның қазақ әдебиетіндегі көркем репрезентациясы» (2018-2020), «Түркі халықтарының авторлық ауызша поэзиясы: генезисі, типологиясы, поэтикасы» (2022-2024) атты ғылыми жобалары министрліктің гранттарын жеңіп алып, соларға жетекшілік етті.

«Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші» (1994), «Қайраткердің қаламгерлігі» (1995), «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» (2000), «Алтын арқау» (2009), «Сөз өнері және ұлттық рух» (2010), «Рух пен рәміз: ментальдік модельдері» (2013), «Қазақ өлеңі және мәдени код» (2021), «Қазақ-қырғыз әдеби байланыстары» (2022), «Түркі поэтикалық сөздігі» (2023), «Түркі халықтарының авторлық ауызша поэзиясы» (2024), «Егеулі қалам» (2024), «Ортақ түркі әдебиеті» (2026) атты монографиялары мен оқу құралдары жарық көрді. 250-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалары бар.

Дж.Ривкин мен М.Райанның «Әдебиет теориясы» (4-том) оқулығын ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аударды. Нобель сыйлығының лауреаты Б.Расселдің «Батыс философиясының тарихы» және К.Армстронгтың «Құдай тарихы» атты ғылыми кітаптарын аударуға қатысты. Анкара, Ыстанбұл, Баку, Бішкек, Ұланбатыр, Мәскеу, Қазан, Уфа, Ашхабад, Одесса және т.б. қалаларда өткен халықаралық ғылыми форумдарда баяндама жасады.

Өлеңдері қазақ поэзиясының антологиясына және «Қарлығаш», «Ұлы дала жырлары», «Жыр-тәнірі», т.б. жинақтарға енген. «Құбыла» атты поэзиялық кітабы жарық көрген. Орыс ақындары – А.Блоктың, Л.Мартыновтың, Е.Евтушенконың, Б.Ахмадуллинаның, т.б. жырларын, әзербайжан әдебиетінің классиктері – Мырза Фәтәли Ахундзаденің «Алданған жұлдыздар» хикаятын, Хүсейін Жавидтің өлеңдері мен «Ібіліс» драмасын, Сәһәндтің (Бұлұт Қарашорлы) «Атамның кітабы» және Бахтияр Вahабзаденің «Гүлстан» поэмаларын, татар ақыны Фәтхи Бурнаштың «Қазақ қызы» поэмасын түпнұсқадан қазақ тіліне аударған.

Марапаттары: ҚР Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы (2000); «Астананың 10 жылдығы» медалі (2008); «Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері» төсбелгісі (2009); «Үздік бас

редактор» сыйлығы (2011); «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі (2011); Гуманитарлық ғылымдар саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (2014); Халықаралық Түркі академиясының Құрмет грамотасы (2016); «Құрмет» ордені (2019); ҚР Тұңғыш Президентінің мәдениет саласындағы стипендиясы (2020); Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының Дьюла Немет, Молла Пенан Вагиф, Абай Құнанбайұлы, Низами Гәнжәуи, Мұхтар Әуезов атындағы медальдері (2021-2024); Түрікменстан Республикасының «Мақтымқұлы Фраги» медалі (Президент Жарлығымен, 2024); ҚР ҒЖБМ А.Байтұрсынұлы атындағы медалі (2024), «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы (2026).

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар:

Өзінің мәдени кодын жоғалтпаған ұлт қана өміршең әрі өскелең. Мәдени код адамзаттың ежелгі архетиптік таным-түсініктерімен ұштасады. Онда халықтың талай заманғы рухани тәжірибесі шоғырланған. Адам баласы айнала қоршаған болмыс құбылыстарына өзі тиесілі мәдени орта тұрғысынан көз салады. Әрбір этнос өкілі үшін оның жан дүниесін белгілі бір әсерге бөлейтін, сезімге орайтын идеялар мен бейнелер болады. Санада сәулеленген архетиптердің жаңғыруы адамды руханилықтың байырғы құндылықтарына қарай жетелейді; өткеннің ғана өлшемі болып қалмай, болашаққа бағдарланған ойларға азық береді. Жаңа дүниетанымдық ізденістерге негіз қалайды. Әр этностың өмірінде өзіндік мәдени архетиптер бар; бұларда халықтың дүниетанымының, мінезінің, шығармашылығының, тарихи тағдырының ерекшеліктері таңбаланған.

Шәріп А. Қазақ өлеңі және мәдени код: монография. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2021. – 3-бет.

Ұлттық идея дегеніміз – этностың мезгілдік және мекендік факторлар арқылы айқындалатын тәжірибесі, танымы мен талғамына байланысты бірте-бірте жаңғырып-жаңаланып отыратын, бірақ өзіндік ілкі белгілерін жуық арада жоғалта қоймайтын табиғи-тарихи әрі тылсымдық бітім-болмысының, сана-сезімінің, мінезі мен мәдениетінің, соған сәйкес туындайтын әлеуметтік мұрат-мүдделері мен қимыл-қозғалыстарының жалқылық та, жалпылық та мәнін жинақтаған ұйтқысы.

Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея: монография. – Алматы: Білім, 2000. – 10-11-беттер.

«Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек». Бұл шумақта ағылшын философы жазған «ішкі қарым-қатынастар мен «сыртқы қарым-қатынастардың» арасындағы күрделі диалектикалық жалғастық, оның нақты нысаны – «адам мен қоғамдық болмыс» проблемасы талқыға түскен. Жалпы, Спенсердің дүниетанымында *эктогенездік* бағытқа басымдық берушілік байқалады, яғни кез келген (табиғи, қоғамдық, әлеуметтік) организмнің өзгерісіне қоршаған орта ықпалының үстемдігі дәлелденеді. Бұған керісінше – эволюция барысында тысқары дүниенің тегеурініне қарағанда, организмнің ішкі қажыр-қуатын жоғары қоятын *автогенездік* ағымның да болғандығын атай кеткен абзал. Ал Абай логикасының таразы басын тең ұстап, біржақтылыққа бой бермеуі қайран қалдырады. Әрі тезистен, әрі риторикалық сауалдан тұратын алғашқы қос қатарды қараңыз: «Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек?». Заманның құдыреттілігіне қол қойып, бас шұлғымасқа әддіңіз жоқ. Бірақ соңғы – антитезис түріндегі екі жол жаңағы ұғымыңызды кенеттен басқа жаққа бұрып жібереді: «Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек». Енді адамның да әлем алдында әлжуаз, әлсіз пенде ғана емес, арқаланса – айдыны, айбары бар жаратылыс екендігіне сене бастайсыз. Осылайша Абай «заман» мен «адам» категорияларын бір-бірінен асыра бағаламай, бір-бірінен ажырата бөлшектемей, тұтас бірлік пен бүтіндікте зерделейді.

Демек, өзін-өзі сақтап қалу талабындағы қазақ қауымының тағдырында, тіршілігінде оның сыртқы ахуалмен – бодандық қалпымен қатар, ұлт ретіндегі *ішкі дамуының* да атқаратын маңызы аз еместігі анықталады. Шындығында да, жаңа тарихи жағдайға жуық арада бейімделе білу – этнос өміршеңдігінің кепілі.

Шәріп А. Сөз онері және ұлттық рух. –
Астана: «Педагогика-Пресс» баспасы, 2010. –119-120-беттер.

М.Өтемісұлының жаратылысында айдынды ақындық пен байтақшыл батырлық жарасты, тең терезелі бітім тапқан. Содан барып оның өмірі мен өнеріндегі тағы бір өзгешелік туындайды: ол – ұлт тіршілігіндегі ұранды оқиғалардың *әрі жыршысы, әрі кейіпкері* ретінде өзі басталғанынан басылғанына дейін бел ортасында жанын жалдап жүріп қатынасқан тарихи көтерілістің *рухани-психологиялық хронологиясын* қызуы қайтпаған қалпында, қолма-қол жыр жүйесіне түсіруі. Оның толғауларынан бейтарап бақылаушының статикалық бедерлеуі, салқынқанды бағамы сезілмейді; керісінше, жыр жолдарында өмірдің өзіндегідей тұтасқан, тоқтаусыз қимыл жүріп жатады: сырттайғысы – ат тұяғының дүбірі, аруақтаған айғай, ұшқан жебенің суылы, сүйкеніскен қарудың шыңылы, атылған мылтықтың даусы,

зеңбірек добының жарқылы, жаралы майданның күңіренісі, ақ қар, көк мұздағы жанталас, іштегісі – бұғауға бағынбас тарпаңдық, кеудені қайнатқан кек, омырауды өртеген өксік, көзге тығылған жас, бойды кернеген намыс, жұдырық тигізген ашу, бармақ шайнатқан өкініш, көкіректі сетінеткен шер-сағыныш, үзіліп бара жатқан ақтық дем... Және ең бастысы, осының көбі – ақынның көзбен көріп, құлақпен естіп, жүрекпен сезіп, мимен ойлап, қолмен істеп тұрған сәтіндегі ізі суымаған суреттер; дәлме-дәл сол мезетті бейнелемегеннің өзінде де сонылығын сақтаған, жан жылуын жоғалтпаған көріністер.

Шәріп А. Рух пен рәміз: менталдік модельдері. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 71-бет.

Түрк халықтарының поэзиясы сан ғасырлық күрделі даму жолынан өтті. Тоқтаусыз тарих көшінің аясында оның көркемдік қыртыс-қабаттарында тәңіршілдікпен және басқа да көне наным-сенімдермен ұштасқан байырғы түрктік негіздер (Орхон, Енисей, Талас тасбітіктері, көне ұйғыр ескерткіштері), оның бер жағындағы мұсылманшылықпен өзектес араб-парсы сөз өнерінің ықпалы (Қарахан, Ұлық Ұлыс, Темір әулеті, Қарақойлы, Аққойлы, Селжүк, Осман, т.б. түрк мемлекеттерінің кезеңдері), сондай-ақ жеке-жеке ұлт болып қалыптасқан замандардағы еуропалық әдебиеттің әсері өзара кірігіп, жымдасып, сініcіп кеткендігі көрінеді.

Қазіргі заманғы түрк халықтары поэзиясын шартты түрде келесі аймақтар бойынша топтастырамыз: Алтай, Саян, Сібір түрктерінің (саха, алтай, тыва, хакас, шор, долған, т.б.) поэзиясы; Орталық Азия түрктерінің (қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр, түрікмен) поэзиясы; Еділ-Жайық бойы түрктерінің (башқұрт, татар, чуваш) поэзиясы; Солтүстік Кавказ түрктерінің поэзиясы (қарашай-малқар, құмық, ноғай); Батыс түрктерінің поэзиясы (түрік, әзербайжан, қырым татарлары, гагауз, Балқан түбегіндегі түріктер). Олардың шығармашылық бастауларының түп төркіндестігімен бірге, әрбірінің фольклорына, авторлық ауызша поэзиясына және кәсіби жазба әдебиетіне тиесілі ерекшеліктері бар.

Шәріп А. Түркі халықтарының авторлық ауызша поэзиясы: Монография. – Алматы: Arna-b, 2024. – 5-бет.

Осы уақытқа дейін адамзаттың көркем санасы мифтік-поэтикалық (архаикалық), дәстүршіл (нормативті) және индивидуалдық (тарихи) кезеңдерін бастан өткергендігін әдебиеттанушы ғалымдар тобы (С.Аверинцев, М.Андреев, М.Гаспаров, П.Гринцер, А.Михайлов) жан-жақты дәлелдеп берді.

Дәстүршіл (нормативті) кезеңде сөз өнері өзінің риторикалық сипатын сақтап, шығармашылық жүйесінде *жанр* мен *стиль* категориялары басымдық танытады. *Автор* өзінің поэтикалық еркіндігін (автономдығын) солардың шегінде ғана жүзеге асырып, енгізетін жаңалығы үйреншікті канондардың шеңберінде жасалады.

Міне, авторлық ауызша әдебиет сол дәстүршіл (нормативті) көркемдік сана кезеңінің жемісі боп саналып, фольклор мен жазба әдебиеттің арасын жалғайтын көпірге айналған құбылыс ретінде қарастырылып жүр. Ол термин ретінде әр түрлі ғалымдар тарапынан кейде әрқалай аталғанымен, ортақ түпкі мәні бір жерге барып тіреледі.

Авторлық ауызша әдебиетті фольклормен және жазба әдебиетпен ұштастыратын да, айырықшалайтын да белгілер бар. Фольклорға тән ұжымдылық, циклдену, ғұрыптылық, полифункционалдық, көп қыртыстылық, т.б. сипаттар онда болмағанымен, *ауызша айту, синкреттілік* (сөз, музыка, қойылым), *тыңдаушыға арналғандық* секілді белгілер жақындастырып тұрады. Сондай-ақ, мәтіндерге П.Милман мен А.Лорд негіздеген *формулалық* (мотивтердің, бейнелі сөз тіркестерінің, т.б. көшіп жүруі) үлгілерінің жат еместігі, тіпті аратұра ұшырасатын авторлық шығармалардың *варианттылығы* да оның фольклордан біржолата кіндік үзіп кетпегенін аңғартады. Ал *авторлықтың* болуы – жазба әдебиетпен туыстыратын басты белгісі.

Шәріп А. Түркі халықтарының авторлық ауызша поэзиясы: Монография. – Алматы: Arna-b, 2024. – 142 -бет.

Әдебиеттану терминологиясының дамуы әртүрлі тарихи, қоғамдық, әлеуметтік, саяси, географиялық, этносаралық, т.б. факторлармен байланысты. Ол – ұдайы өзгеріс үстіндегі, теориялық та, практикалық та қырлары мол жанды әрі белсенді процесс. Әу бастағы негізі бір поэтикалық атаулар түрк тілдерінде дыбыстық түрленулерге ұшырап қана қоймай, мағынасы түбегейлі жаңарып, кейде тіпті бастапқы болмысына кереғар сипат танытып жатады. Бірі пайда болса, келесісі қолданыстан шығып қалады. Көптеген поэтикалық терминдердің бір ауыздан мойындалған дефинициялары болмай, зерттеушілер арасында талас тудырып жататыны да таң қаларлық нәрсе емес. Өйткені кейбірінің этимологиясын айқындау қиынға соқса, енді бірінің мазмұны мен функционалдық қызметі қайшылыққа ұрындырады. Фольклорлық поэзияның синкретті сипаты көп жағдайда оның атауларын ғұрыптық жоралғылармен, ежелгі наным-сенімдермен, сондай-ақ музыка, би, сахна өнерімен бірлікте түсіндіруді қажет етеді. Басқаларда кездеспейтін, тек нақты бір ұлттың поэтикалық шығармашылығына тән терминдер де бар. Әлбетте, бұлардың әрқайсысы – өзінше зерттеуді күтіп тұрған жеке тақырып.

Шәріп А. Түркі поэтикалық сөздігі. – Алматы: Arna-b, 2023. – 4-5-беттер.

ШОРМАҚОВА СӘУЛЕТ МЕДЕУБЕККЫЗЫ

Шормақова Сәулет Медеубекқызы Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Амангелді елді мекенінде 1971 жылы 26 сәуірде дүниеге келген. 1987жылы С. Шәкіров атындағы орта мектепті күміс медальмен бітірген.

Сәулет Медеубекқызы еңбек жолын 1987 жылы ауыл мектебінде пионер вожатый болып бастады. 1988-1993жылдар аралығында Алматы қаласында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде оқып, Филология мамандығы бойынша диплом алған. Мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы. 1993 жылы арнайы жолдамамен Жамбыл педагогикалық институтының «Қазақ әдебиеті» кафедрасына жұмысқа келген.

2011 жылдан бастап филология ғылымдарының кандидаты. Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: шешендік өнер; қазақ әдебиеті; ауыз әдебиеті және көне есептер; пәнаралық зерттеу.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1993 жылы арнайы жолдамамен Жамбыл педагогикалық институтының «Қазақ әдебиеті» кафедрасына келіп, қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы қызметінде, 1998 – 2006 Тараз Мемлекеттік университеті «Практикалық қазақ тілі» кафедрасының оқытушысы қызметінде, 2006 – 2010 жылдар аралығында Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тараз институтында «Қазақ әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы қызметінде, 2011–2018 жылдар аралығында Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті «Филология» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, 2018-2020 жылдар аралығында Тараз мемелекеттік педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында доцент міндетін атқарушы, 2020 жылдан бастап М.Х.Дулати атындағы ТарУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент) қызметінде.

С. Медеубекқызы – 100-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Осы уақытқа дейін 1 монография (Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасы. Стиль. Поэтика. –Астана: Мастер По, 2012.), 5 оқу құралы (Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасы. – Алматы: Эверо, 2013., Шешендік сөздің поэтикасы. – Алматы: Эверо, 2014., Шешендік сөздердің стилі мен поэтикасы. –Тараз: Сұңқар, 2019., Қазақ әдебиетін жаңартылған білім мазмұны негізінде оқыту. –Тараз: Dulaty university, 2021., Аударматану негіздері (теориясы мен практикасы) –Тараз: Dulaty university, 2022.), Қазақ шешендік сөздерінің поэтикасы. – Тараз, 2024.

Оның ғылыми жетекшілігімен 10 шақты магистрант филология ғылымының өзекті мәселелеріне және қазақ әдебиетінің әдістемесіне қатысты диссертациялық жұмыс жазып, сәтті қорғатып шықты.

2018-2020 жылдары «Ұлы Даланың байырғы көне есептерін қазақ халқының қасиетті рухани құндылығы ретінде зерттеу, талдау және жаңа жүйеге келтіру» атты ғылыми жобаның құрамында жұмыс жасады.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

Еліміздің жоғары білім беру жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі және жаңа буын мамандарды дайындаудағы ерен еңбегі үшін А.Байтұрсынов атындағы алтын медаль иегері. № 42/21 13.12.2021ж.

Білім беру жүйесін дамыту мен жетілдіруге қосқан үлесі және 12-сәуір Ғылым қызметкерлері күніне орай Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасы иегері. Сәуір, 2022ж.

Білім беру саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі, қабілеті, кәсіби мамандарды дайындау мен тәрбиелеу жұмысына қосқан үлкен үлесі үшін Тараз қаласының құрмет грамотасы иегері. Қазан, 2022ж.

Жамбыл облыстық мәслтхаты көп жылғы жемісті еңбегі үшін Жамбыл облысының Құрмет грамотасы иегері. Наурын, 2025ж.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Бір шешен темпераменті мен эмоцияға, екіншісі керісінше, логикасы мен салқын қанды ақылға сүйенеді. Осы себепті де стиль – шешеннің шығармашылық даралығынан туындайтын жеке сипаттағы жасалым. Ол жасалады, дамиды және белгілі бір әдіс негізінде шығармашылық процесте әсер етуші күшке ие болады. Осы уақытқа дейінгі шешендік өнер турасындағы пікірлерге сүйене отырып, шешендік сөздің анағұрлым айқын үш стилін бөліп қарастыруға болады.

Біріншісі – пішіні затты да нақты, ішкі мазмұны жағынан байсалды, тегеурінді стиль.

Екіншісі – сөз жүйесінде сезім асып-төгілгендей шалқып, ой эмоционалды, темпераментті, бір жағынан алғанда, романтикалық бояуы қалың болып келеді.

Үшінші стильді аралық немесе синтетикалық деп атауға болады.

Шормақова С.М. Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасы. Стиль. Поэтика. Монография. – Астана: Мастер ПО, 2212. – 5-бет.

Шешендік өнердің ең жоғары сатысы болып табылатын-импровизация, яғни дайындықсыз немесе аз уақыт қана дайындалып сөз сөйлеу бұл қазақ шешендеріне бірден-бір тән құбылыс. Әдетте тосын шығарылған сөз батылырақ, қызулау келеді және тыңдарманға елеулі әсер береді. Шебер импровизация сөз сөйлеуде шешенді табысқа

жеткізеді. Мұндай импровизацияны қолдану - сұраққа жауап беруде (Шешенді сынау үшін қойылатын жұмбақтар), сөзбен қағысуда (Шешендер арасындағы ауызша хат алысу формасындағы жұмбақтар), маңызды мәселені талқылау кезінде (Әлеуметтік-философиялық сарындағы риторикалық жұмбақтар), қысқа сөз сөйлеуде орынды.Шешеннің терең білімі мен көпшілік алдында сөз сөйлеу тәжірибесі - табысты импровизацияның басты кепілі болып табылады. Шешендік өнерінің әйгілі теоретигі, француз А.Ажамның пікірінше, тез есте сақтау дарыны бар немесе оны өзінде жетілдірген ғұлама ойшылдар әр кезде шебер импровизатор болып келген. Ал қазақ шешендері өздерінің бойындағы импровизациялық дарынын билікте ғана емес, ойды астарлап, жұмбақтап беруде де ұтымды қолданған.

Шормақова С.М. шешендік сөздердің поэтикссы. Оқу құралы. – Алматы: Эверо.2014. - 148бет.

Ұлы Даланың байырғы көне есептері – қазақ шешендерінің атынан айтылатын аңыздарда қалыптасқан ауыз әдебиетінің бір саласы. Есепке логика керек десек, шешендер де өздерінің бойындағы өнерін логика арқылы дамытқан. Сондықтан да есептердің шешендерге қатысты дүниеге келіп, халық өміріне қызмет етуі заңды. Әрине, көне есептердің барлығы бір мезгілде яғни, шешендер өмір сүрген заманда ғана туындамаған, ол халықтың қоғамдағы қажеттілігіне байланысты әр түрлі уақытта туындаған. Халық санасымен бірге дамып, оның өміріне, тарихына байланысты туып, соған қатысты күрделеніп отырған.

Шормақова С.М. Шешендік сөздердің стилі мен поэтикасы.Оқу құралы. –Тараз: Сұңқар, 2019. – 45бет

... Жібек баулы дорбаға жұқа қайрақ тастарды жинап салады да, дау шешіліп жатқан жерге келеді. Шешен кіріп келеді де, ердің құнына жүз жылқы кесіп отырған төренің оң тізесін баса отыра кетеді де, елге байқатпағансып төренің қойнына әлгі әкелген «сыйын» сұғітіп жібереді. Шешендік аллегорияға қатысты әңгіме осы тұстан басталады. Бұл шешеннің төре психологиясын өзгертуге жасаған әрекеті. Ол сәтті шығып «қойныма бір дорба күміс теңге түсті», – деп қуанған төре Бөлтірік шешеннің ыңғайына ауа бастайды. Сонда шешен өзінің үйреншікті мақамына салып, кінәлілерді санамалай бастайды. Әуелі көкпар кінәлі, көкпарға қатысқан елу жігітке, елу жылқы, келесі жиырма бес жылқы жастарға удай боза беріп, мас қылған үй иесіне тиесілі, қалғанын өлген мен өлтірген жігітке тең бөліп берсек, әділ болар деген өз ойын ұсынады. Қойнын бір дорба «күміс» ысытып бара жатқан төре шешеннің дегеніне көнеді. Яғни, шешен жағдайға қанығады, оны шешудің жолын сәтті табады. Болған оқиғаның шешімін тындаушыға

жеткізуде шеберлік танытады, соңында өзі ойлап келген шешімге қол жеткізеді. Оған себепші болған төренің қойындағы тасқа сеніп, шешімінен тайып, «жемқорлыққа» жем болғандығы, яғни, тасты ақша кейпіне айналдырып Бөлтірік шешен паракор төренің жемқор кейпін тасқа сыйдырып бейнелеген. Кейіптеу тастан ақшаға, ақшадан жемқор төреге көшіріліп, пернеленіп көрсетілген. Бұл тек шешенге тән шеберлік. Алғашқы мысалда, дәстүрлі, аң бейнесін адам мінезіне кейіптеу тәсілі болса, соңғы мысалда кейіптеудегі ерекшелік шешенге тән тапқырлықпен қарапайым затты (тас) асылға (күміс ақша), асыл затты адам пейіліне (көрсеқызарлық) көшірген. Мұнда біз көріп отырғанымыздай аллегориялық образ – көрсеқызар, паракор төренің образы сомдалған. Шешендік өнерде аллегориялық құбылыстар жеке көрініс таппайды. Оған шешен болмысымен тапқырлығы әсер етеді.

Шормақова С.М. Шешендік сөздердің поэтикасы. Оқу құралы. – Тараз: Dulaty university, 2024. – 97бет№

ЖАБАЛ АЛШЫНБЕКҰЛЫ ШОЙЫНБЕТ
филология ғылымдарының кандидаты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Хәкім Абай» орталығының директоры

1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында дүниеге келген. 1969 жылы Аққолтық ауылындағы Ш.Уәлиханов атындағы орталау мектепті, 1971 жылы Кентау қаласындағы Ы.Алтынсарин орта мектебін бітірген. 1971-1976 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында білім алған.

Еңбек жолын Созақ ауданында мектепте мұғалім болып бастап, «Сызған» мектебінің директоры, аудандық оқу бөлімінде әдіскерлік кабинеттің меңгерушісі, Шымкент облыстық Педагогика қоғамы төрағасының орынбасары, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, ҚР Білім министрлігінде бас маман қызметтерін атқарған. Сонымен қатар Созақ аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, «Молшылық үшін» газеті редакторының орынбасары, ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының абайтану бөлімінде ғылыми қызметкер, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы қызметінде болып, докторантурасын бітірді. Қазіргі күні Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Хәкім Абай» ғылыми-зерттеу орталығының директоры.

2004 жылы «Абай қарасөздерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктері» тақырыбында диссертация жазып, филология ғылымдарының кандидаты атанған. Абайдың академиялық екі томдығын (1995 ж.) және Махамбеттің төрт томдығын (2002 ж.) шығаруға қатысқан. 1986 жылы «Арман қанатында» атты жас жазушылар жинағына әңгімесі енген. «Абай мұрасының өзекті мәселелері» атты (Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат» баспасы, 2010. –133б. М.Мырзахметұлы, Ж.Шойынбет, М.Әліпхан) ғылыми жинақтың, «Абайдың дана сөздері» (Алматы: «Таңбалы» баспасы, 2015. – 152б.), «Абайдың «Толық адам» ілімінің зерттелуі және ұрпақ тәрбиесіне ықпалы» (Астана: «Алгарифм» баспасы, 2022. – 222б.), «Абайдың қарасөздерінің ерекшеліктері» (Алматы: «Эверо» баспасы, 2024. – 217б.), «Абайдың «Толық адам» ілімінің негіздері» (Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат» баспасы, 2025. – 168 б.), «Абайды қорғау – Қазақты қорғау»: Ж.Шойынбет – Алматы: «Қазына» баспасы, 2025ж. – 214 бет. монографияларының авторы

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

«Қазіргі күні ақпарат ағыны өте күшті әрі өте көп. Кейінгі жас ұрпақ техникалық соңғы жаңалықтармен жарақтанып, сол ағымнан қалмау үшін әрі қажеттілігін алып қалу үшін жанталасуда. Тоқтата алмайсыз, керсінше сізде қолға алар ісіңізді тәуелсіз Қазақстан азаматын тәрбиелеуді сол ағынға байланыстырып жүргізуіңіз қажет.

Абайдың өмірбаяны мен шығармаларынан үзіндіні мектепте оқытады, бірақ бүгінгі күннің талабына сәйкес емес, әлі күнге Кеңестік идеологияға қызмет еткен, бұрмаланған жаттандылықтан арыла алмай отырмыз. Оқулықтарда ақын Абай әлі «кедейшіл», әлі қыс пен жазды суреттеген «табиғатшыл», кім деп сұрасаң, тақпақтап өлеңін айтады. Керсінше, тоқсаннан асып қайтыс болғанынша, атақты ақын Мұзафар Әлімбаев «Абайды оқумен болдым» деп айтса, ал қазіргі күнде академик Асқар Жұмаділдаев екі сөзінің бірінде «абайшыл», неге, себебі олар Абай сөзінің дәмін алып, нәрін сезінген, қайта-қайта татқысы келіп тұрады. Хакім Абайдың даналығы қазақ баласының бәріне керек, тек соны бала-бақшада, мектепте, тіпті жоғары оқу орнының өзінде мән-мағынасын ашып бере алмай, ізденген жандар есейгенде, өздігінен үйренуде. Біздің балаларымыз қазақтан гөрі Еуропаның басқа елдің даналарының өзін де сөзін де көбірек біледі.

Жас ұрпаққа Абай даналығын талдап, жан-жақты түсіндіру жұмысы кімге болса да оңай соқпайды. Мысалы, «Абайтану» пәніне дайындықты бірнеше ондаған жылдар бойы жүргіздік. Қазақстанның әр жерінде оқушылармен, студенттермен, жалпы көпшілік қауыммен кездесіп, дәріс оқыдым. Әрине, дәріс бергенше қатты толқисың «қалай қабылдар екен» деп, көбіне естітініміз «неге Абайды бізге осылайша түсіндірмейді» деп таңданысын, білуге деген құлшынысын байқатты. Қазақ ұлты үшін – Абай қажеттілік, өмір бойы үлгі алар ұлы тұлға».

Ж. Шойынбет «Абайдың Толық адам негіздері», Алматы 2025, (28-бет)

«Біздің «шетелдік дұшпандарымыз» Қазақстанды, оның негізін құрайтын қазақ ұлтын «мәңгүрт» ету үшін алдын ала терең зерттелген, барлық мүмкіндік жан-жақты қамтылған, ұзақ мерзімге арналған жоспарын бірте-бірте неше түрлі зымияндықпен ойластырған айла-тәсілдері арқылы іске асыруды қолға алды. Себебі, Қазақстан асты-үсті ен байлыққа толы ел, екіншіден ұлан-байтақ жері бар, үшіншіден ең бастысы әлемді дүр сілкіндірген Түркі өркениетінің қара шаңырағы ретінде, әрі сол ұлттық құндылықтарды, тектілікті бойына осы күнге дейін сақтаған ұлт ретінде ерекше нысанаға алынған ел десек артық айтқандық болмас. Көп жылдық зерттеудің нәтижесінде шетелдік «дұшпандарымыздың» жоспары былайша құрылған деген қорытындыға келдім:

1. Қазақ ұлты өз ішінде кімді ардақ тұтады, міне соны тауып, олардың шығармашылығын «шетелдік дұшпандар» өз мүддесіне

бұрмалап пайдалануды көздеген. Олар әрине оны дәл тапты, таңдау Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезовке түскен еді.

2. Олар қазақ ұлтының өте бай ауыз әдебиетінде діні, тілі, дәстүрі нақты көрініс беріп, сақталып отырғандығын жақсы білді. Сондықтан қазақтың ұлттық шынайы бейнесін бұрмалауды, ауыз әдебиетінің кейбір түрлерін бұрмалап, өңдеп қайта басып шығаруды көздеді.

3. Қазақ елін отарлап алған орыс империясының қазақтарды сауатсыз, жабайы, өркениеттен оқшау қалған тұрпайы ел ретінде көрсеткен саясатын одан әрі жалғастырып, қазақты әлемге «жабайы ел» деп айту үшін ағылшын тілінде шетелде кино түсіруді қолға алды. Қазақстанда қазақтың аңыз-ертегілерін бұрмалап мультфильмдер шығаруды қолға алды.

Енді айтқан пікірімізді бастан кешкен іс-әрекеттерімізбен дәлелдейік. Менің бұл мәселеде ғылыми-зерттеу жолына түсуіме, тоқсаныншы жылдың басында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Абайдың 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде атап өтуге дайындық жасау үшін ҚР Ұлттық Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан абайтану бөлімін ашқызып, әрі Абайдың шығармаларының екі томдық толық жинағын дайындайтын жұмыс тобына жауапты хатшы болып енуім, бөлім меңгерушісі Мекемтас Мырзахметұлының жетекшілігімен Абайдың қарасөзінен диссертация қорғауға тақырып алуым себеп болды. Тәуелсіздік алған Қазақстан халқы Абайдың 150 жылдығын атап өтіп, данышпан ақын ұлымен әлемге елдігін таныту үшін дайындалса, «шетелдік дұшпандарымыз» миссионерлік желеумен ылаң ұйымдастырып, елімізге «Кришна сектасы қоғамы» деген атпен діни бірлестік ретінде ендіріп, әртүрлі айла-шарғымен сол кездегі Семейдегі «Абай» журналының қызметкерлері ағайынды Досым және Асан Омаровты мүше етіп, «жоспарларын» іске асыруға белсенді қатыстырады. Досым мен Асан Омаровқа жүктелген міндеттер:

1. Халықаралық Кришна санасы қоғамының негізін қалаушы А.Ч. Бһактиведанта Свами Прабхупаданың «Өмірден өмір туындайды» кітабын қазақшаға тәржімалау, оны қазақтардың санасына сіңіре уағыздау.

2. Досым Омаров Кришналық «Өмірден өмір туындайды» кітабының негізінде Абай мен М. Әуезов туындыларын бұрмалап, докторлық диссертация мен «Абайтану курсы» оқулығын, ал Асан Омаров Шәкәрім мұраларын бұрмалап, докторлық диссертация мен кітап жазу көзделген.

3. Бұл істі жүзеге асыруда жерлестік, руластық, қызметтестік, достық қарым-қатынасты барынша пайдалану».

Ж. Шойынбет «Абайды қорғау – Қазақты қорғау», Алматы 2025, (189-190 бет)

ШОҚАН АМАНГЕЛДІҰЛЫ ШОРТАНБАЙ



Мен, 1969 жылғы 23 ақпанда Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әшір Бүркітбаев ауылында дүниеге келдім.

Сол жылғы қыстың тым қатал, ерекше болғанын айтады. Әкем мен інісі екеуі толғақ қысқан анамды атпен орталыққа әупірімдеп жеткізген екен. Атақты 1968-69 жылдардың қыс айларында дүниеге келген замандастарымның да осындай халді бастан кешуі әбден мүмкін. Табиғаты ғажайып Көсегенің көк жоны, кіндік қаным тамған Қаратас, Арыстанды ауылдары, атақты Арыстанды-Қарабас желі – туған жерімнің ажырамас атрибуттары. Әшір Бүркітбаев – Қазақ политехникалық институтының тұңғыш директоры (ректоры), репрессия құрбаны – менің ауылымның тумасы. Ал Мұхтар Әуезовтің «Түркістан солай туған» атты атақты очеркі, Тәкен Әлімқұловтың көркем туындыларындағы ауыл адамдарының галереясы, Төлеу Үшқоңыровтың «Тобылғысай», Ілия Жақановтың «Жайлаукөл кештері» әп-өлеңдері – менің туған өлкем жайлы.

Оқуға іңкәрлік, әдебиетке құштарлық мектеп қабырғасында жүрген кезден бастау алды. Мақалаларым, өлеңдерім республикалық басылымдарда жарияланып тұрды. «Қазақстан пионері», «Пионер» ең сүйікті басылымдарым болды. Жазған дүниең жарияланған кезде немесе редакциядан жауап хат алған сәттегі қуанышымызды сөзбен айтып жеткізу қиын. Газет, журнал арқылы талай дос таптым, біразымен хат арқылы байланыс жасап тұрдық, оқуға түскен кездегі арнайы кездескен шақтарымыз да ұмытылмайды. Олардың дені филология мен журналистикаға келетіні де заңдылық еді. Мәселен, бүгінгі Амантай Шәріпті, Мырзантай Жақыпты, Сейсен Әмірбекті оқушы кезден біліп, танып-танысып, оқып өстік. 1986-1991 жылдары Әл-Фараби атындағы (бұрынғы С.М. Киров атындағы) Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып, бітірген соң жолдамамен қазақ әдебиетінің тарихы және сыны кафедрасына қызметке қалдырылдым. Бүгінгі таңда қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысымын. Педагогика ғылымдары магистрі деген академиялық дәрежем бар.

Ғылыми-әдістемелік мақалаларым, зерттеулерім түрлі ғылыми жинақтарда, республикалық баспасөз беттерінде, сондай-ақ, Қытай (2010), Қырғызстан (2011), Ресей (2015), Польша (2012, 2015), Ұлыбритания(2018) мемлекеттерінің ғылыми журналдарында жарияланған. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті(2017), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі»(2017) электронды оқу құралдары, «Қазақ фольклоры мен әдебиеті бойынша мәтін талдау сабақтары» (2019) оқу-әдістемелік құралы авторларының бірімін. «Сарасөз»(2024), «Сөз әлемі»(2026) атты ғылыми мақалалар мен зерттеулер жинағы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрді. ҚР БжҒМ ғылыми жобасы бойынша (2012-2014 және 2015-2017 жылдары) бірнеше ұжымдық монографиялар мен оқу құралдарын шығаруға атсалыстық. 2014 жылы «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалінің, 2021 жылы университеттің «Ерен еңбегі үшін» медалінің, 2024 жылы министрліктің «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісінің иегері атандым. Факультет ұжымы мен әріптестері арасында әжептеуір беделге ие маманмын, адамгершіліктен аттамайтын адаммын деп қояйын. Студенттердің ықыласы түзу ұстаз, ағайынның алғысына бөленген азамат, дос-жараның көңілін қалдырмайтын дос ретінде аз-кем танылсам, бәрі алланың қалауымен.

Ойлар. Пікірлер. Тұжырымдар.

Абай шығармашылығының ауқымы кең, толғанған тақырыбы да сан тарау болғанымен, қай туындысы болмасын өзегінде – адам, оның өмірінің мәні, тіршілігіндегі адамдық қасиет, құндылықтарға арақатынасы, рухани адамгершілік әлемі – мен мұндалайды. Адам әлемінің таңғажайып болмысы мен жұмбақ сыры, өмірге көзқарасының сан қырлылығы мен алуан түрлілігі, нағыз адам туралы аңыздан ақиқатқа жетудің амал-тәсілдері, ғұламалардың кемел адам концепциясына қосқан данышпандық ойлары мен тұжырымдары Абайды айналып өтпегені анық. Ғұламаһи Дауаниден Дреперге дейінгі аралықта айтылған пәлсапалық ой-тұжырымдарды, ой елегінен өткізіп, елеп-екшеп, жүрек сүзгісінен өткізіп, өзіндік пікірге келеді, толық адам концепциясының алғышарттарын жүйелеп, тұжырымдарына тірек етеді.

Ақыл-ойдың алыбы Фарабиден, даналықтың кені Жүсіп Баласағұннан бастау алатын кемел адам тұғырнамасының өмірін ұзартып, өміршеңдігіне кепіл бола алған Абай тұжырымдамасының рухани өмірімізге азық болып келе жатқаны жанымызға жылылық ұялатады. Өткеннен тағылым алып, даналықтың мәйегін саралап, халық

мәдениетінің қазынасынан мейірі қанып өскен ақынның ойлары өрнекті, пікірлері келелі, ұстанымдары ұғынықты болуы да заңдылық.

Шортанбай Ш.А. Сөз әлемі. Әдеби-ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2026. 10-11 беттер.

Деректерге сүйенсек, алдымен батыр тұлғалы, ақылына парасаты сай Есейдің ел мен жер тарихына бей-жай қарамағандығын байқаймыз. Жоңғар шапқыншылығы дендеп тұрған алмағайып дәуірде көшпенділердің тұрмысы да тұралайтыны анық. Есей ел аралай жүріп, қиыр жайлап, шет қонған қандастарының да қамын ойлай жүргені айтылады. Атақоныс, туған жер ұғымының халқымыз үшін қаншалықты маңызды, мәнді екенін білеміз. Ерте есейген Есейдің де осынау іске жауапкершілікпен қарап, елге жайлы, жері шұрайлы өлкелерге қандастарын көптеп қоныстандыру, басын біріктіріп, көш-көлікті ұйымдастыру, шашырай қонған елді ұйыстыру т.б. секілді шаруалардың басы-қасында болуы да оның азаматтық болмысын аша түскендей. Терiскейдегі елді Қарасу, Сасық, Үлкен Бөген өзендерінің бойына қоныстандырып, отырықшылыққа үндеуі де сол кезеңнің көзі ашық азаматтарының қатарынан табылғаны деп топшылауға болады. Ол кезеңде шашырамай, ру-ру, ауыл-ауыл болып отырудың қауіпсіздік үшін де қажет екенін бағамдауға болады. Атақонысынан айырылып, тарыдай шашырап, босып кеткендердің қаншама екендігін білудің өзі ауыр.

Ел мен жердің тағдырына алаңдаған, би мен батырдың қасиетін ұққан Есейдің де ендігі жерде елдік мәселелерден шет қалмауға тырысқанын байқаймыз. Өмірлі тәжірибесі көмекке келді, батыр мінезді, елжанды азаматтың бойынан сөздің құдіреті де көрініс тапқандай. Дау-дамайға араласып, ауыл төңірегінде қалып қоймай, еларалық қарым-қатынастың дұрыс түзілуіне де септігін тигізді. Жаугершілік заманда Қабанбай, Бөгенбайлармен тізе қосып, майдан шебінде болғаны туралы да деректерде айтылады. «Ел басына күн туса, етігімен су кешер» деген сөздің растығына күмән келтірмейміз, жау жағадан алған шерлі жылдардың қасіретін санамызға сіңіріп өскенбіз, елі үшін туған қай азаматтың да атқа қонып, ел қорғағаны мәлім. Солардың қатарында Ер Есейдің болғаны да қуантады. Ел арасында айтылатын мергендігі де танылатын тұсы осы сәттерде болған секілді. Палуандығы мен атқұмарлығы да майдандағы батырға сеп болғанын сеземіз. Қиян-кескі ұрыста жүректі жеңеді, айлалы амалын асырады, палуандық та қажетке жарайды. «Сегіз қырлы» жігіттің мысы артық қашанда.

Жастайынан дала ділмарларын тыңдап өскен, тәлімін түйіп, тағылымын алған Есейдің де айтқыштығына, тапқырлығына тұстастары

тәнті болған, сөзіне тоқтаған. Байдан зәбір көрген жалшының, шалдан қасірет шеккен қаршадай қыздың тағдырын табан астында оң шешіп, ризалығын алуы – сөздің құдіреті, сол сөзді тауып айтқан шешеннің, байлам айтқан бидің құдіреті! Сұрағанына қол жеткізген жалшының, азаттыққа ұмтылған қыздың тағдырын шешуі – мал дауы мен қыз дауының шешімі – Есей бидің кесімі! Сұңғыла ойының, кескекті сөзінің шешімі!

Шортанбай Ш.А. Сөз әлемі. Әдеби-ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2026. 14-бет.

«Келмес күндер елесі» роман-эссесін оқу барысында қаламгерлердің шығармашылығы туралы да, шығармашылықтан тыс уақыттағы көңілді мезеттері мен мұңлы шақтары, өміріндегі, өнеріндегі қалтарысы мен бұлтарысы, көпшілікке бимағлұм шығармашылық лабораториясы, өзіндік ортасы, таланты мен тағдыры, азаматтық болмысы мен парасат-пайымы, кісілігі мен кішілігі хақында көп жайларға қанығамыз. Мұның кейбіреулерге жай дүние сияқты көрінгенмен, өткен өмірден сабақ алуға, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен сипатын аңғаруға, жекелеген қаламгерлердің шығармашылық лабораториясын зерделеуге, әдеби өмір шежіресін, әдеби үдерістің қалпын, бағыт-бағдарын бағамдауға келгенде оқырман үшін ойланарлық дүние, зерттеушіге құнды құжат, қажетті мәлімет-ақпарат, шығармашылық, көркемдік әлемінің мәселелерінің, жай-жапсарын айқындауда таптырмас рухани азық, тарих үшін, әдеби қауым үшін өткен күннен белгі, дәлел-дәйек, керекті дерек қоры болуы да ғажап емес. Мұның сыртында қаламгердің ұлты мен ұланы, оның жері мен елінің тарихы, өмір жайлы өрелі ойлары топтастырылған, көркем тілмен, жатық стильмен жазылған көркем туындысы, оқырманмен өткен күндер сағынышын, келмес күндер елесін бөлісетін элегиялық толғанысы, мұң мен сырға, сезім мен әуенге толы естелік-эссесі екенін бағамдасақ, ғылыми орта мен әдеби қауым үшін де, ойлы оқырман мен ертеңгі ұрпаққа да қажет екенін ескерсек, көп жайттың мәселесі аңғарылып, көп мәселенің жай-жапсары түсінікті болатыны анық.

***

Замандас-қаламдастары туралы ағынан жарыла сөйлейді. Қаламгерлік әлеуетін де, адами болмысын да, пенделік әрекетін де жасырып жатпайды. «Жұмекен бір ғана поэзия емес, әдебиеттің әр жанрына бақайшағына дейін шағып отырып әдемі талдау жасай беретін, бірақ баспасөз бетіндегі сынға араласып мақала жазған емес, ара-тұра аудиторияда болып тұратын айтысқа да шыққан жоқ, оның сыны көптің құлағына емес, авторлардың назарына, жеке отырыстарда айтылатын,

жеткізіп айтатын, кесіп айтатын, сонсоң да кейбіреулер одан сескеніп жүретін», - деп Жұмекен досын еске алса, «Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары классиктердің егініне түскен ерен таланттың иесі екі ақын – Мұқағали мен Жұмекен ел аузына ілікті. Мұқағали өзі айтқан «қара өленнің шекпенін» қымтап жауып, көл-көсір, еркін талантымен көптің көңілін тапты да, Жұмекен интеллектуалды поэзияның биігіне көтерілді...», - деді бір тұсында.

***

Роман-эсседе қаламдас-замандастарының шығармашылық, суреткерлік талантын мойындай отырып, олардың көпшілікке беймәлім адами болмысын, кісілік келбетін, адамгершілік қасиетін, азаматтық ұстанымын айтуға, қамтуға тырысады. Әсіресе, әдеби орта мен зиялы қауым өкілдерінің кеңес тұсында көрген қысымдары мен қолдан жасалған түрлі науқандардан шеккен азабы аз емес.

Алды Аймауытов, Торайғыровтардан басталып, берісі Әуезов, Мұқамедхановтарға жалғасқан теперіштің алпысыншы жылдарғы шарпуы өздерінің тұстастарына іріткі салып, ұйымшылдықтарының іргесін сөге жаздағаны автордың баяндауында әсерлі шыққан. Әулеттің ғана емес, әлеуметтің назарында болғанын, әрқайсысының қазақ қоғамындағы орнын, ел мен жер ұғымын түйсінудегі, ұлт пен ұрпақ алдындағы борышын сезінудегі қаламгер ретіндегі жауапкершілігін, азаматтық іс-әрекетін, пенделік әлсіздігі мен әділетті әрекеттерін келісті жырлап, құнарлы тілмен жеткізген. Кейінгі толқын қаламдастарына, жазушылардың шығармашылық шеберханасынан тағылым алам дейтін әріптестеріне, қаламгердің көркемдік құпиясының қалтарыстарын зерделесем дейтін ізденушілерге көл-көсір пайдасы барын да ескеруге тиіспіз.

«Келмес күндер елесі» роман-эссесі – балалық шақтың кермек дәмінен, естен кетпес оқиғалардан, қимас күндер елесінен, ұлт өмірінің арғы-бергі кезеңінен хабардар ететін, автордың өмірбаян дерегінің молдығы мен дүниетаным арнасының кеңдігін көрсететін, өмір жолындағы кездескен адам тағдырының сан алуандығымен ерекшеленетінін, пенде атаулының кемшіліксіз, қателіксіз болмайтындығын да тағы бір қаперімізге салатын, қазақ әдебиетін көркемдік, жанрлық, тақырыптық, деректік, танымдық тұрғыдан байытқан құнды дүние.

Шортанбай Ш.А. Сөз әлемі. Әдеби-ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті. 2026. 79-82-беттер.

Қазақ пен Дала – егіз ұғым! Қадыр мен Дала – қатар аққан қос арна! Сол даланы мекендеген ұлттың ұланғайыр өмірі мен далалық көңілі, сол

елдің ханзадасы мен ханшайымы, батыры мен баһадүрі, олардың өрлігі мен ерлігі, жомарттығы мен кішіпейілділігі, мәрттігі мен әлсіздігі, сол даланың аң-құсы мен тау-тасы, зеңгір аспаны мен көгілдір көлі, бетегелі белі мен аңызақ шөлі ақын жырларында қатталған. Ең бастысы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды да, аласапыран күй кешкен қиын-қыстау кезеңді де, сақ дәуірінен бүгінгі қазақ қоғамына аман-сау жеткізіп, болашақ ұрпаққа аманаттаған тау тұлғалы асыл азаматтарын да ұлықтауды назардан тыс қалдырмағанын аңғарамыз. Сол даланың иесі мен киесі, жаны мен жүрегі – Қазақ пен Дала – егіз өрімдей қатар жырланды, қос арнадай қатар ақты, егіз лебіздей жүрекке жетті. Оған куә Қадыр қаламынан туған туындылар мен ақын ойынан ақтарылған ақжарылқап шешендіктері мен көсемсөздері, қазақы қалжыңдары мен ақмылтық пікірлері. Анақарыс болып шешенсіді, Күлтегін болып көсемсіді, Аяз би болып толғанды, Махамбет болып ақырды, Құрманғазы болып төгілді, Жайық болып егілді, Алтай болып арқаланды, Сарыарқаның самалы болып есті, Алатаудай айбаттанды, Қаратаудай қайраттанды, Сыр болып ақты, шаң болып, қақты, көкпардай тартты, аударыспақтай атты. Жолбарысы болып атылды, Сырым болып жапырды. Сөзбен сапырды, ақылмен қатырды. Жүрекпен жеткізді, өңменіңнен өткізді. Иә, солай. Қадыр мен Қазақ сөзбен жарысты, Қадыр мен Дала сөйтіп табысты. Үтқан – Қадыр мен Қазақ, ұтылған – саусақпен санарлық аз-ақ.

«Уақыттың қадірін білген Қадырдың қадірін білетін уақыт жетті» деп айтқанымыз еске түседі. Өзі оқыған қарашаңыраққа келген кездесу сәтінде ойымызды осылай жұптап, өзіне естірте айтқанымыз да рас еді. Сәтімен айтылған сөз, ретімен айтылған пікір деп қабылдадық.

***

Даланың құдіретін қанша жырласа да тауыса алмайтынын білген ақын өзгеше ой түюге шебер, даланың асқақтығын әнімен әлдилеп өткісі келетінін жасырмайды. Даланың кеңдігін ақын жүрегіне сыйдырғысы келгендей, жалпақ даланың баласына аспан аясы да тар қалпақтай көрінетінін әдемі салыстыру арқылы ойын әсерлі жеткізеді. Даланың мұңын жырлап, сырына қанығу үшін, тарихын безбендеп, тағдырын түсіну үшін ақын көңілінің кең көкжиегін, ақын сезімінің алғаусыз әлемін ұққандай боламыз. Әр өлеңі – бір әлем, әр жинағы – жыр әлемі екенін Қадыр ақын оқырманы ақиқаттай қабылдайды. Өлең өлкесіндегі ақын өрнектері әр өлеңінен байқалып, ой орманшысының ойлы оралымдары, кестелі бейнелеулері зерлі сөздің зергерінің қолынан шыққандай қалып танытады, мың бояулы даланың ғажайып полотносы көз алдыңа келеді, сан тағдырлы жолы алдыңда көлбеңдейді, сананды

тілгілейді. Ақын қаламын бірде мұңға малып, бірде табиғат бояуының табиғи қалпынан алып жазғандай әсер қалдырады. Ақынның «Ой орманының» өзіне тән сырлы әлемі бар, өзгеше өрнек бар.

«Дала дидарында» көне заман көріністеріне көбірек жүгінеді. Сырын ішіне бүккен маң даланың бақыты мен қасіретінен сабақ алуға шақырады. Ұлы даланың дара тұлғаларын түгендеп, ұлттық мінезімізге айналып бара жатқан ұлттық ойындардың табиғатына үңіледі. Асаудың жалына жармасқан жігіттің жанында жүреді, бәйгеде жарысқан тұлпардың ізіне үңіледі. Көкпар тартқан азаматтың қанын қыздырады, қыз қуған жігіттің тұлпарына дем береді. Күрескен қазақтың қасынан табылып, тойға келгендерге «Талантты бағалаңдар тірісінде!» деп тілегін жеткізеді. Қазақтың бір жақсысын бар жақсыға балап, жаманын сыбайды.

Бір жаманы – қыздарын малға сатып,
Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан.

Қазақтың жомарттығы мен кеңдігін, дарқандығы мен тектілігін тағы да даламен астастырады.

Табиғаттан бабамыз ала берген секілді:
Дарқандықты қазаққа дала берген секілді.

Сол даланың шоқжұлдыздары – дана дидарлары – «Дала дидарында» тізбектеліп, көз алдыңнан өтеді. Ақыл-ойдың кені Фарабиден бастап күш атасы Қажымұқанға дейін бар жақсымызды түгендеп шығады. Ақынның айтар түпкі ойы – салмақты, арқалатар жүгі – ауыр.

Сайын дала – өзің анаң, өз әкең,
Сол далаға тартпай туған аз екен,
Осындай да ұл таба алам дегендей,
Тапқан сені қазекең!

Сендер қиналсаңдар, дала бірге қиналатынын меңзейді, сендердің жеңістерің даланы марқайтады деп тұрғандай. Қиындық көрсең, дала мұңайады. Кеуденді шаттық кернесе, дала қуанады. Ақын жаны да даналарымыздың даналық ойларымен қуаттанады, даланың тынысымен жүрегі бірге соғатынын сездіреді.

***

Домбыра – баба тарихтың куәсі, өткеннің көзі, бүгінгі қазақтың өзі, ертеңгі қазаққа жетер сөзі. Қадыр ақын жыр тілімен өмір-өзеннің ағысын жырлайды, домбыра үнінен өмір-тарихтың қағысын естиді, қазақ пен домбыра тоғысынан өмірдің өзін көреді, бұрынғының сөзін естиді, бүгінгінің кейпін көреді, болашақтың бейнесін бағамдайды.

Қадыр ақынның «Домбырасы» – шерлі тарихтың шежіресі, азаматтық әуеннің үлгісі, өткен мен бүгіннің жалғасы, болашақтың алтын көпірі іспетті.

Қолға домбыра алмай-ақ, домбырамен үн қату, қадірлі аспап арқылы асқақ ой айта білу, қос ішектен төгілген күй-керуенді жырнөсерге айналдыра алу – Қадырдың бақыты. Қадырдың бақыты – қазақтың бақыты!

***

Қара өленге нәр берген, қазақ өмірін мәңгі өрген, қазақ сөзінен мән терген ақынның өмірлік мұраты мен ақындық кредосы айқын: қадірсіз болмау еліңе, қадірлі болу – тегінде. Ұлтқа қызмет етудің сан үлгісі болар, ал Қадыр ісі – қадірлі іс. Ұлтының сүюдің өнегелі іс екенін әркім-ақ білер, ал бар парасат-пайымыңмен жырлап өту – ақынның ақынының ғана қолынан келер әрекет. Өмірді жырлау үшін келген ақын жыры да өміршең.

Мен ақынмын,
Әулие емен,
Бақсы емен.
Әрине ғой, күндерім бар көксеген.
Соның бірі –
Ел есінен шықпайтын
Жазып кету ғажайып бір жақсы өлең.

Бір өленің мың өленге айналған, әр өленің қазақтың құнды мұрасындай қабылданатын, бар өленің қазақ үшін жазылып, жүрегі қазақ деп соққан Қадыр ақынның ғажайып жырлары әр кезең оқырманын тұщынтып келеді, әр буын өз деңгейінен бағалап, өзіне жақын тұтады. *«Өз елім менің! Өзегім менің! Жырыма қосып жүремін»* деген ақынды елі де ұмытпақ емес. Бұл – нағыз қазақ ақынының бақыты! Қазақтың Қадырының бақыты!

Шортанбай Ш.А. Сөз әлемі. Әдеби-ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2026. 87-90-беттер.

Ғалымның әдеби-ғылыми еңбектерінің басым бөлігінде қазақ қоғамында өзіндік орны бар тұлғалардың талайлы тағдыры, қаламгерлердің әдебиет тарихындағы орны, әдеби үдеріске қосқан үлесі жан-жақты сарапталған. Ғылыми-шығармашылық сапарының бастапқы кезеңінде XX ғасырдың алғашқы жартысында ғұмыр кешіп, аумалы-төкпелі заманның тауқыметін көріп өскен, әдебиет тарихындағы орны беймәлімдеу болып келген Жиенғали Тілепбергенов, Сабыр Шәріпов, Елжас Бекенов, Саттар Ерубаев және т.б. қаламгерлердің тасада қалған шығармашылық мұрасын зерттеуге зор үлес қосты. Әдеби-ғылыми

айналымға түсіп үлгермеген туындыларын, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткенін ерекше бағалап, ел көзіне түсе қоймаған шығармаларын тауып-жинап, басын қосып, олардың ұлттың рухани қазынасын байытпаса, кемітпейтінін, олардың шығармашылығының пайдалы жақтарын айқындауға күш салып, шығармаларында өз дәуірінің бейнесін, шындығын сомдауға талаптанғанын дәлелдеуге келгенде аянып қалмады. Әсіресе қазақтың көрнекті ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылық ғұмырнамасына, пенделік-адами болмысына, азаматтық һәм қайраткерлік тұлғасына, қоғамдық қызметіне қатысты дерек пен дәйекке негізделген, мұрағат құжаттары мен нақты естеліктерге сүйен-деректік-танымдық сипаты айқын, ғылыми-шығармашылық әлеуеті мығым ғылыми эссе, мақалаларды, зерттеу мен сапарнамаларды көптомдықтың өн бойынан кезіктіруге болады.

Шортанбай Ш.А. Сарасөз. Әдеби-ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2024. 9-бет.

Қолына қалам ұстаған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан әркімнің де Әуезовті, оның әсемдік әлемін өзінше талдап, өзінше бағамдауға толық құқы барын ескерсек, Қабдоловтың да «өз Әуезові» бар екенін, заңғар жазушының суреткерлік шеберлігі былай тұрсын, оның нұр шашқан дидарынан, кісілік келбетінен, болмыс-бітімінен де даналықтың лебін жіті аңғарып, алаштың ардақты ұлын, ұлттың шынайы зиялысын, ұстаздың өнеге-ұлағатын қапысыз танып, қалтқысыз суреттеуінен шын мәнінде, тек «өзінің ғана Әуезові» бар екеніне иланасың, сенесің, ризашылығыңды жасырып қала алмайсың. «Өмір шындығын өнер шындығына айналдыра шыңдап қана қоймай, келер ғасырлардың жады үшін шегелеп қойды. Сол шегеленген шындықты танып-білмесек, біз өз басымыздан өтіп бара жатқан осы ғасырдың шырғалаң сыры мен сипатын танып-біле алмаған болар едік».

Ғалым көркем әдебиет жайлы толғаныстарында өмірдің саналуан құбылыстарын, заман шындығын, уақыт сырын арқау еткен өз замандастары, олардың әдеби үдерістегі ілкі қадамдары мен іркілістері де назардан тыс қалмай, әдебиеттің әрбір адымына, қаламгердің кезекті қадамына сәттілік тілеп, сүрінбеуіне, шегінбеуіне серпін беретін сәттері аз емес екенін, саналы ғұмырында «өзгенің қызығына, әр сәтті қадамына қуанбау, қуанышына қол соқпау арлы азаматтың» ісі емес екенін санамызға құйып өтті. З.Қабдолов өзінің шығармашылық ғұмырында есімдері қайта ақталып, шығармалары ел игілігіне айналған Алаш арыстары, «алыптары тобы» атанған сөз зергерлері хақындағы ой-толғамдары, толғау-эсселері, шығармашылық мұрасы мен мирасы төңірегіндегі зерттеу еңбектері, саралап-сараптаулары өз алдына бір

төбе. Әбу, Хамит, Әбділда, Жұбан, Сырбай т.б. ақын ағаларының шығармашылығы, олардың сөз зергеріне тән суреткерлігі, кісілігі мен кішілігі, дегдар кейпі мен кеменгерлік қалпы да кітап арқауына айналып, әдеби-шығармашылық әрі адами-парасаттылық деңгейі кіршіксіз байыпталған.

Шортанбай Ш.А. Сарасөз. Әдеби-ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2024. 14-15-беттер.



Бекен (дұрыс аты: Бекболат) Бекмұратұлы Ыбырайым 1949 жылдың 11 қараша күні (құжат бойынша 1950 жылы 10 наурызда) туған. Алматы облысы, Қаскелең ауданына (қазіргі Қарасай ауданы) қарасты «Октябрь» колхозы (кейін «Жетісу» совхозы) В.И.Ленин (қазір М.Бейсебаев) атындағы орта мектепті бітірген соң, ауылда жұмысшы болды. ҚазМУ-дің филология факультетін тамамдағаннан кейін (1973) «Жетісу» газетінде әдеби қызметкер (1973-1974), Қазақ ССР мемлекеттік кітап палатасында аға редактор (1974-1976) болып, еңбек етті.

1977 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне шақырылып, меншікті тілші, 1982-1985 жылдары Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Бас редакциясының аға редакторы қызметін атқарды. 1985-1986 жылдары шығармашылықпен айналысты.

1987-2001 жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына шақырылып, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, институт директоры міндетін атқарушы болып еңбек етті. 2002-2008 жылдары ол – Қазақ гуманитарлық-заң академиясының кафедра меңгерушісі, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, 2008-2011 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

2011-2021 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Жамбылтану және халық ақындары ғылыми-зерттеу институтының, «Авторлық ауызша әдебиет» ғылыми орталығының директоры. Қазір шығармашылық жұмыста.

Әлем әдебиеті тарихындағы тұңғыш авторлық ауызша әдебиет сериясын ұйымдастырып, «Қазақтың ауызша әдебиеті» деген сериямен қазақтың төкпе ақындары шығармаларының 19 томын құрастырып, баспадан шығарды. Бұл серияға жүзге тарта ақынның белгілі және кейін табылған туындылары енгізілді. Әлем әдебиетінің тарихында алғаш рет әйел импровизатор ақындардың шығармалары жеке жинақ болып, аталған серия бойынша жарияланды.

Оның құрастыруымен және ұйымдастыруымен бұрын қысқарған, өңделген немесе бұрмаланған көптеген авторлық ауызша поэзия шығармалары архивте сақталған түпнұсқалар бойынша түзеліп, жарыққа шықты. Сонымен қатар әдебиет тарихында бүгінге дейін

белгісіз болып келген қыруар өлеңдер, толғаулар, айтыстарды өз еліміздің және Қырғызстанның мұражайларынан тауып, жинақтарда, жеке кітаптарда жариялады. Әдеби-сын мақалалары, әңгімелері кезінде бүкілодақтық «Дружба народов», «Детская литература», «Пионер» журналдарында шықты.

Б.Ыбырайымның құрастыруымен және тікелей ұйтқы болуымен Түбек Байқошқарұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Балуан Шолақ Баймырзаұлы, Шашубай Қошқарбайұлы, Әсет Найманбайұлы, т.б. төкпе ақындардың көптомдықтары мен жеке жинақтары дайындалды және баспа бетін көрді . ***Ақындардың жыр, дастан, терме айту мақамдары мен әндерінің, күйлерінің ноталары, ауызша әңгімелері әлем әдебиеті тарихында алғаш рет әдеби және кешенді ғылыми зерттеу айналымына енгізілді.***

Б.Ыбырайым – қазақ балалар әдебиеті бойынша еліміздегі тұңғыш филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі, «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығының, Халықаралық Алаш және Қасым Аманжолов сыйлықтарының иегері. 1984 жылдан СССР Жазушылар Одағының мүшесі, қазір Қазақстан Жазушылар одағының және осы одақ Басқармасының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы сын, балалар әдебиеті кеңестерінің мүшесі, ***әлемде балаларға арналған тұңғыш шетел әдебиеті журналының – «Когершіннің» ұйымдастырушысы және алғашқы Бас редакторы (1999-2005), 10 томдық*** «Қазақ әдебиеті тарихының» негізгі авторларының бірі. Сондай-ақ Х1 сыныпқа арналған қазақ әдебиеті бойынша оқулықтар мен хрестоматиялар (2002-2015) авторларының бірі (З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Ж.Дәдебаев, Қ.Мәдібаевамен бірге).

Ілкі әдеби дүниелері «Балдырған» журналында (1966), «Қазақстан пионері» газетінде (1967), «Жаңа жұмбақтар» жинағында(1967) жарияланды. Содан бері өткен елу жылдан аса уақыт ішінде жазған мақалалары мен әдеби шығармалары өз елімізде, шет елдерде – Түркияда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Ресейде, Германияда, Украинада, Жапонияда, Латвияда жарияланды.

«Талап тас жарады» атты очеркі Қазақстан комсомолы мен «Лениншіл жас» газеті жариялаған конкурста (1976), «Иірім» повесі республикалық жабық әдеби конкурста ынталандыру сыйлықтарымен (1988) марапатталған.

«Әуезов және әлем әдебиеті» мақаласы, «Қашу мен күту», «Өмір және өкініш», «Жалғыз терек» сияқты әңгімелері мен «Адамның мемлекетке айналуы», «Бір тамшы сәуле» атты сын мақалалары республикалық ашық және жабық конкурстарда жүлдегер атанған. Ал,

«Аспандағы саяхат» атты балдырғандарға арналған повесі балаларға арналған «Дарабоз» номинациясы бойынша «Алтын қалам» конкурсының бас жүлдесін иеленді(2018). Тәуелсіздіктің отыз жылдығына орай Мәдениет және спорт министрлігі өткізген жабық конкурста «Үздік балалар әдебиеті» номинациясы бойынша «Сарыауыздың саяхаты» ертегі-хикаяты үздік атанды (2021). Қазақ балалар әдебиетінде жасөспірімдерге арналған тұңғыш детективтік романы - «Іздер құпиясы» 2022 жылы жарияланған республикалық жабық әдеби байқауда балалар әдебиеті бойынша Бас жүлде – «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығына ие болды. Ол 2024 жылы «Уран кеніші» әңгімесіне «Алтын қалам» республикалық байқауында проза номинациясы бойынша бас жүлде алса, «Койлек киген көбелек» атты кітабына 2025 жылы «Ұлттық кітап» байқауында үздік балалар кітабы номинациясы бойынша екінші орын берілді.

Аталған шытырман оқиғалы роман орыс тіліне аударылып, Москвадағы «Художественная литература» баспасынан «Тайна следов» деген атпен жарық көрді.

Ол әр жылдары СССР Жазушылар Одағының семинарлары мен пленумдарына, ЮНЕСКО-ның қолдауымен Венада өткен халықаралық симпозиумдарға қатысып, көркем әдебиеттің көкейкесті мәселелері туралы сөз сөйледі, баяндамалар жасады.

Сондай-ақ орыс, қарақалпақ, украин, литва, грузин, жапон, ағылшын қаламгерлерінің, авар, болгар, қарақалпақ, қырғыз, ноғай, татар, тува, ұйғыр халықтарының фольклор үлгілерін қазақшалады.

Б.Ыбырайым әдебиет тарихының ақ таңдақтарын айқындауға атсалысып, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов шығармаларын тауып, жариялауға әдебиет институтының қызметкері ретінде белсене атсалысты. Жеке басқа табынушылықтың әдеби дамуға тигізген зардабы туралы конференцияларда баяндамалар жасады, ақпарат құралдарында, ұжымдық жинақтарда көптеген мақалалар жариялады.

Оның сыни, ғылыми еңбектері қазақтың авторлық ауызша әдебиеті, қазақ поэзиясы мен прозасы, балалар әдебиеті мәселелеріне арналған. Сонымен бірге өзінің де прозалық дүниелері оқырмандар мен әдеби жұртшылық назарын аударды. Көркем шығармашылықпен айналысу әдебиет әлемін терең де нақты сезінуіне мол мүмкіндік береді. Сондықтан да Б.Ыбырайым мақалалары, монографиялары біліктілігімен, байсалдылығымен, нақтылығымен ерекшеленетіні әдебиетші ғалымдар мен ақын-жазушылар тарапынан үнемі жоғары бағаланып келеді.

Бекен Ыбырайымның кітаптары:

Таң шапағы. Өлеңдер. 1977, 1,5 б.т.

Көркемдік көкжиегі. Әдеби сын. 1981, 10 б.т.

Жаз күндері. Повесть, әңгімелер. 1984, 8,3 б.т.

Ой мен сөз. Әдеби сын. 1985. 15,2 б.т.

Жұмбақ із. Повесть, әңгімелер. 1988. 14,4 б.т.

Араша. Повесть, әңгімелер. 1989. 14,5 б.т.

Саян. Повесть. 1993. 13 б.т.

Сырлы әлем. Монография. 1997, 13 б.т.

«SOS» с того света. Рассказы. 2000, 2 б.т.

Отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясы. Оқу құралы. 2001, 6 б.т.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты.XI сыныпқа арналған оқулық. /Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым/. 2002.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты. Хрестоматия /Б.Ыбырайым, Р.Бердібай, Р.Нұрғали/, 2002, 15 б.т.

Қасым Аманжолов. Оқу құралы. 2007. 3 б.т.

Қазақ әдебиеті. XI сыныпқа арналған оқулық. /, Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым /. 2007. 21 б.т.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты. XI сыныпқа арналған. Хрестоматия /Б.Ыбырайым, Р.Бердібай, Р.Нұрғали/, 2007. 15 б.т.

Отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясы. Оқу құралы. Екінші басылым. Павлодар, 2007, 6 б.т.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты. XI сыныпқа арналған оқулық. /Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым /. 2011. 20 б.т.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты. XI сыныпқа арналған хрестоматия /Б.Ыбырайым, Р.Бердібай, Р.Нұрғали), 2011.

Қазақ лирикасы. Монография. 2013. 144 бет.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты (басқа авторлармен бірге). XI сыныпқа арналған оқулық. 2015, 344 б.

Қазақ әдебиеті. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт (басқа авторлармен бірге). XI сыныпқа арналған оқулық. 2015

22. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт (басқа авторлармен бірге). XI сыныпқа арналған хрестоматия. 2015

23. Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты (Б.Ыбырайым, Р.Бердібай, Р.Нұрғали)). XI сыныпқа арналған хрестоматия. 2015.

24. Сөзтану әлемінде. 2016, 448 б. 28 б.т.

25.Академик Серік Қирабаев. Зерттеу. Алматы, «Ұлағат», 2017, 80 бет.

26. Б.Ыбырайым, Ж.Дәдебаев, Қ.Мәдібаева «Ұлттық рух және шығармашылық даралық». Зерттеу. «Ұлағат», 2018, - 347 бет. 21, 8 б.т.

27. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Бірінші кітап. «Ұлағат», 2019, 242 бет.15,2 б.т.

28. Аспандағы саяхат. Ертегі-хикаят. 2019, 48 бет.

29. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Екінші кітап. Алматы, «Ұлағат», 2020. 144 бет.

30. Авторлық ауызша поэзия мәселелері. Зерттеу. (Г. Пірәлімен бірге). Алматы, «Ұлағат», 2021. -152 бет.

31. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Зерттеу. Алматы, «Дәуір», 2022. – 384 бет.

32. Іздер құпиясы. Жасөспірімдерге арналған детективтік роман. «Қоңыр», 2024, 296 бет.

33. Көйлек киген көбелек. Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтіріктер. «Көкжиек – Горизонт», 2024, 160 бет.

34. Тайна следов. Роман. Москва, «Художественная литература», 2025, 304 стр.

Құрастырғандары:

Младший брат. Повести. Мектеп, 1987, 8 б. т.

Переменка. Повести, «Жалын», 1990, 11, 8 б. т.

Алтун уга. Ұйғыр тілінде. Әңгімелер. «Жалын», 1990, 8 б. т.

С. Мұқанов. /Қ. Ергөбекпен бірге/. «Елорда», 2001, 23 б. т.

Ақындар аманаты. Жинақ. 2012.

Ж.Жабаев. Толық шығармалар жинағы. IY том, /Р.Әбдіғұловпен бірге/ 2013.

Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. I том. 2013. 264 б.

Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. II том. 2013. 248 б.

Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. III том. 2015. 256 б.

10.Қазақтың ауызша әдебиеті. Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

11.Қазақтың ауызша әдебиеті. Мәделі Жүсіпкожаұлы, Шортанбай Қанайұлы, Қалнияз Шопықұлы, Шынияз Шанайұлы, Нысанбай жырау. Шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

12.Қазақтың ауызша әдебиеті. Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Арыстанбай Тобылбайұлы, Орынбай Бертағыұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

13.Қазақтың ауызша әдебиеті. Балқы Базар Оңдасұлы, Құланаян Құлмамбет, Марабай Құлжабайұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

14.Қазақтың ауызша әдебиеті. Ақтан Керейұлы, Доскей Әлімбайұлы, Аралбай Оңғарбекұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

15.Қазақтың ауызша әдебиеті. Құлыншақ Кемелұлы, Сарбас Майкөтұлы, Майкөт Сандыбайұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

16.Қазақтың ауызша әдебиеті. Мәулімбай Саяқбайұлы, Омар Шораяқұлы, Сәттіғұл Жанғабылұлы, Түмен Балтабасұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

17.Қазақтың ауызша әдебиеті. Нұрым Шыршығұлұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Құлманбет, Қашқынбай Қожамбетұлы, Бұдабай Қабылұлы, Кемпірбай Бөгенбайұлы, Әзілкеш (Әзірбай) Шымырұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

18.Қазақтың ауызша әдебиеті. Шал Құлекеұлы, Қобылан Бөрібайұлы, Жанақ Қамбартегі, Абыл Тілеуұлы, Түбек Байқошқарұлы, Өске Торқаұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

19. Қазақтың ауызша әдебиеті. Бақтыбай Жолбарысұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

20.Қазақтың ауызша әдебиеті. Қашаған Күржіманұлы, Мұрат Мөңкеұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

21.Қазақтың ауызша әдебиеті. Ақан сері Қорамсаұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

22.Қазақтың ауызша әдебиеті. Сүйінбай Аронұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

23.Қазақтың ауызша әдебиеті. Нұрпейіс Байғанин шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

24.Қазақтың ауызша әдебиеті. Жамбыл Жабаев шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

25. Қазақтың ауызша әдебиеті. Құлтума Өтемісұлы, Нарманбет Орманбетұлы, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

26.Қазақтың ауызша әдебиеті. Қараүлек ана, Қамқа Қазыбекқызы, Алмажан Азаматқызы, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

27.Қазақтың ауызша әдебиеті. Шашубай Қошқарбайұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

28.Қазақтың ауызша әдебиеті. Әріп Тәнірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы, Бармақ Мұқанбайұлы, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

29.Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Шығармалары. I том, 2015. 280 б.

30.Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Шығармалары. II том, 2015. 328 б.

31.С.Аронұлы. Сүйінбай мен Арыстанбектің айтысы. /Н.Елесбаймен бірге/ 2015

32.Ә.Нұрлыбайұлы. Шығармалар /Н.Елесбаймен бірге/ 2015. 344 б.

33.Ж.Жабаев. Таңдамалы шығармалар. 2016. 320 б.

34.Жамбылдың әзілдері. 2016. 64 б.

35. Жамбыл Жабаев. Шығармалары. 1 том, Алматы, 2016.

36. Жамбыл Жабаев. Шығармалары. 2 том. Алматы, 2016.

37. Шернияз Жарылғасұлы. Шығармалары /Құрастырғандар: Б. Ыбырайым, Н.Елесбай/. 2018. 292 б.

Аудармалары

1. В. Медведев «Ұшатын ит». Повесть, әңгімелер. - «Жалын» 1990, 208 бет.

2. Құрманбек. Қырғыз эпосы. – «Көгершін» журналы, 2003-2004

3. Г. Ломидзе «Ұлы достық ұлағаты». - «Жазушы», 1989, (Д.Қанатбаев, Е.Дүйсенбаймен бірге).

Бекен Ыбырайымның кітаптары:

Таң шапағы. Өлеңдер. 1977, 1,5 б.т.

Көркемдік көкжиегі. Әдеби сын. 1981, 10 б.т.

Жаз күндері. Повесть, әңгімелер. 1984, 8,3 б.т.

Ой мен сөз. Әдеби сын. 1985. 15,2 б.т.

Жұмбақ із. Повесть, әңгімелер. 1988. 14,4 б.т.

Араша. Повесть, әңгімелер. 1989. 14,5 б.т.

Саян. Повесть. 1993. 13 б.т.

Сырлы әлем. Монография. 1997, 13 б.т.

«SOS» с того света. Рассказы. 2000, 2 б.т.

Отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясы. Оқу құралы. 2001, 6 б.т.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты. XI сыныпқа арналған оқулық. /Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым/. 2002.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты. Хрестоматия /Б.Ыбырайым, Р.Бердібай, Р.Нұрғали/, 2002, 15 б.т.

Қасым Аманжолов. Оқу құралы. Павлодар, 2007. 3 б.т.

Қазақ әдебиеті. XI сыныпқа арналған оқулық. /, Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым /. 2007. 21 б.т.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты.XI сыныпқа арналған. Хрестоматия /Б.Ыбырайым, Р.Бердібай, Р.Нұрғали/, 2007. 15 б.т.

Жиырмасыншы жылдардағы қазақ лирикасы. Оқу құралы. Павлодар, 2007

Отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясы. Оқу құралы. Екінші басылым. Павлодар, 2007, 6 б.т.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты. XI сыныпқа арналған оқулық. /Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым /. 2011. 20 б.т.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты.XI сыныпқа арналған хрестоматия /Б.Ыбырайым, Р.Бердібай, Р.Нұрғали), 2011.

Қазақ лирикасы. Монография. 2013. 144 бет.

Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты (басқа авторлармен бірге). XI сыныпқа арналған оқулық. 2015, 344 б.

Қазақ әдебиеті. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт (басқа авторлармен бірге). XI сыныпқа арналған оқулық. 2015

23. Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт (басқа авторлармен бірге). XI сыныпқа арналған. 2015

24. Қазақ әдебиеті. Жаратылыстану-математика бағыты (Б.Ыбырайым, Р.Бердібай, Р.Нұрғали)). XI сыныпқа арналған хрестоматия. 2015.

25. Сөзтану әлемінде. 2016, 448 б. 28 б.т.

26. Академик Серік Қирабаев. Зерттеу. Алматы, «Ұлағат», 2017, 80 бет.

27. Б.Ыбырайым, Ж.Дәдебаев, Қ.Мәдібаева «Ұлттық рух және шығармашылық даралық». Зерттеу. «Ұлағат», 2018, - 347 бет. 21, 8 б.т.

28. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Бірінші кітап. «Ұлағат», 2019, 242 бет.15,2 б.т.

29. Аспандағы саяхат. Балаларға арналған ертегі-хикаят. 2019, 48 бет.

30. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Екінші кітап. Алматы, «Ұлағат», 2020. 144 бет.

31. Б.Ыбырайым, Г.Пірәлі «Авторлық ауызша поэзия мәселелері». Зерттеу. Алматы, «Ұлағат», 2021, 144 бет.

32.XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. Алматы, «Дәуір», 2022. – 384 бет.

33. Іздер құпиясы. Жеткіншектер мен жасөспірімдерге арналған роман. «Қоңыр», 2024, 296 бет.

34. Тайна следов. Роман. Москва, «Художественная литература», 2025, 288 стр.

35. Көйлек киген көбелек. Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, өтіріктер. «Көкжиек – Горизонт», 2025, 160 бет.

Құрастырғандары:

1.Младший брат. Повести. Мектеп, 1987, 8 б. т.

Переменка. Повести, «Жалын», 1990, 11, 8 б. т.

Алтун уга. Әңгімелер. «Жалын», 1990, 8 б. т.

С. Мұқанов. /Қ. Ергөбекпен бірге/. «Елорда», 2001, 23 б. т.

Ақындар аманаты. 2012.

Ж.Жабаев. Толық шығармалар жинағы. IY том, /Р.Әбдіғұловпен бірге/ 2013.

Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. I том. 2013

Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. II том. 2013

Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. III том. 2015

10.Қазақтың ауызша әдебиеті. Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

11.Қазақтың ауызша әдебиеті. Мәделі Жүсіпқожаұлы, Шортанбай Қанайұлы, Қалнияз Шопықұлы, Шынияз Шанайұлы, Нысанбай жырау.Шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

12.Қазақтың ауызша әдебиеті. Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Арыстанбай Тобылбайұлы, Орынбай Бертағыұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

13.Қазақтың ауызша әдебиеті. Балқы Базар Оңдасұлы, Құланаян Құлмамбет, Марабай Құлжабайұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

14.Қазақтың ауызша әдебиеті. Ақтан Керейұлы, Доскей Әлімбайұлы, Аралбай Оңғарбекұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

15.Қазақтың ауызша әдебиеті. Құлыншақ Кемелұлы, Сарбас Майкөтұлы, Майкөт Сандыбайұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

16.Қазақтың ауызша әдебиеті. Мәулімбай Саяқбайұлы, Омар Шораяқұлы, Сәттіғұл Жанғабылұлы, Түмен Балтабасұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

17.Қазақтың ауызша әдебиеті. Нұрым Шыршығұлұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Құлманбет, Қашқынбай Қожамбетұлы, Бұдабай Қабылұлы, Кемпірбай Бөгенбайұлы, Әзілкеш (Әзірбай) Шымырұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

18.Қазақтың ауызша әдебиеті. Шал Құлекеұлы, Қобылан Бөрібайұлы, Жанақ Қамбартегі, Абыл Тілеуұлы, Түбек Байқошқарұлы, Өске Торқаұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

19. Қазақтың ауызша әдебиеті. Бақтыбай Жолбарысұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

20.Қазақтың ауызша әдебиеті. Қашаған Күржіманұлы, Мұрат Мөңкеұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

21.Қазақтың ауызша әдебиеті. Ақан сері Қорамсаұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

22.Қазақтың ауызша әдебиеті. Сүйінбай Аронұлы шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

23.Қазақтың ауызша әдебиеті. Нұрпейіс Байғанин шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

24.Қазақтың ауызша әдебиеті. Жамбыл Жабаев шығармалары. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

25. Қазақтың ауызша әдебиеті. Құлтума Өтемісұлы, Нарманбет Орманбетұлы, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

26.Қазақтың ауызша әдебиеті. Қараүлек ана, Қамқа Қазыбекқызы, Алмажан Азаматқызы, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ.,2014 жыл. 288 б.

27.Қазақтың ауызша әдебиеті. Шашубай Қошқарбайұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

28.Қазақтың ауызша әдебиеті. Әріп Тәңірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы, Бармақ Мұқанбайұлы, т.б. «Нұрлы Press. kz» Алматы қ., 2014 жыл. 288 б.

29.Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Шығармалары. I том, 2015

30.Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Шығармалары. II том, 2015

31.С.Аронұлы. Сүйінбай мен Арыстанбектің айтысы. /Н.Елесбаймен бірге/ 2015

32.Ә.Нұрлыбайұлы. Шығармалар /Н.Елесбаймен бірге/ 2015

33.Ж.Жабаев. Таңдамалы шығармалар.2016

34.Жамбылдың әзілдері. 2016

35. Шернияз Жарылғасұлы. Шығармалары /құрастырғандар: Б.Ыбырайым, Н.Елесбай/. 2018, -292 бет.

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

«Әрбір көркем шығармадан автордың өмір шындығын толғау сипатын, бір сөзбен айтқанда, автордың интеллектісін барлап отырасыз. Ал сол интеллект көркем шығармада қалай көрінеді, оның шеберлікке, оқырманға әсері қаншалықты деген мәселелерді бірауық байыптау әдеби процестің кейбір қырларын ашуға да, оқырмандардың көркемдік-эстетикалық талғамын тәрбиелеуге де өз септігін тигізбек.»

Б.Ыбырайым «Сөзтану әлемінде», Алматы, «Ұлағат» баспасы, 2016, 17-б.

«...Абай туралы эпопея, әлі күнге ешкім аса алмаған асу, поэзия туралы, поэзияның психологиясы туралы зерттеу-шежіре, поэзияның – өмірдің эстетикалық және концептуалдық әлемі жайында жүрекжарды сырлар. «Абай жолы» - жалпы адам мен творчество психологиясы, эстетика туралы, кеңістік пен уақыт, ғарыш туралы байыптау. Кеңістік пен Уақыттың белгілі бір дәрежеде нақтыланған мысалдары іспетті Адам, Қоғам, мәдениет және Тарих туралы тебіреністер мен заманның, адамзаттың ең көкейкесті, **ең күрделі әрі ең маңызды мәселелерін бойына біліп, сыйғызған Тұлға (личность) Абайдың дүниені сезінуі мен тағдыры арқылы алуан эстетикалық категориялар алға тартылады**. Шығарманың көркемдік әлемін эстетикалық-философиялық мағына-маңызбен кенелткен жазушының таланты мен шеберлігі ғана емес, **дарыннын ең қуатты қаруы – байыптап асқақтататын (осмысленно возвышающий) психологизм деп бағалағанымыз әділ. Әуезовтің мұндай психологизмінде рухани-эстетикалық түлеу, жан дүниенің жарқ етіп сәулелену, нұрлану процесі жүйелене келе, дүниені тану, мен қабылдау қасиеті ретінде стильдік сапаны айқындайды. Бұл сапаның маңыздылығы – түпкі нысанасы адам жанына нәр беру, саф тазалық сыйлап, шұғыла-шапағатын дарыту болып табылатын көркемдік-эстетикалық қасиетке айналуында**.»

Сонда, 69-70 беттер.

«Соңғы парыз» романындағыдай кейіпкерге үнемі үзілмейтін, өз қалауы мен қисынынан айнымайтын «барлаушы» (разведчик) сыншылдық, ара-тұра кіжініп, делебесі қозып шабуылдайтын, дегенмен негізінен ұстамдылығы әлдеқайда молырақ сыншылдықпен қарау әлем әдебиетінде кемде-кем болса керек. Суреткердің мұндай сыншылдығынан «материал – өмірді» алдымызға көлденең тартып, куә ету немесе шыжғырып, бетіне басу немесе тәлкектеу немесе мысқылдау мен юмор, сатира, жеңіл күлкі ету талабы жоталанбайды. «Осындай өмір, осындай тірліктің бет-бейнесі қандай, қайда апарады? Мінеки, осылардан бір сәт көз айырмай бақылағанымызға көп жылдар өтті. Сонда бұлардың неге қолы жетті? Бұлай еткені несі? Осыған қылар қандай амал-шараңыз бар? Мыналардың тірлігіне жылайсыз ба, күлесіз бе? Өз қалауыңыз білсін...» деп, түйілігіп отырып алғандай әсер етеді.

Осындай сауалдар ойға оралғанда, жазушының кейіпкерді көру мен көрсету, бағып-байыптау сипатын сезесіз. Кейіпкерді сын дүрбісінен қайда қашса да, құтқармайтын «қайсарлық» пен босаңсымайтын, босаңсыса, сонысына қымсынып, қайта тұрып, қайта өршеленген, тосылмас, толастамас төзімді аңдайсыз. Жазушының кейіпкерге деген осындай ықылас сипаты – оның көркемдік дағдысының, мәнерінің бір көрінісі.

Сонда, 97-98 беттер.

«Көз алдымызда - әуре тіршіліктің әуре философиясы. Әркім өз түсінігіне сәйкес ілбіп, өз ойының, енді бірде сезімінің жетегінде. Қарекеттері «ұйымдаса», ұлғая, сығылыса келе, әрекетіне апарса, әрекетінің жаңғырығы қарекетіне таралады, ендігі бет-бағдарына әсер ететін импульске айналады. Шынтуайтында ойлана келіп, ең қажетті шешім жасауға қай-қайсысы да құлықты. Алайда, баршаны қақпақылдап әкеткен ұлы ағыс – уақыт, ағыс- қоғам, ағыс – ортаның ырқымен ығысып, амалсыздың күйін кешу – массаның машақаты, миллиондардың «еншіі» мәжбүрлігі. Өзге былай тұрсын, тым құрыса өз өмірі үшін байыпты қадам жасауға белсенділігі кем кейіпкерлер болмыс – тіршіліктің жөңкілген ағысымен, жаңқадай лақтыратын толқындарымен тайталасуға әрі еріншек, әрі жүрексіз. Бас қатырып жатпай, «Басқа салды, біз көндіктің» ноқтасына бағынуды өзіне қолайлы, оңай өмір сезінеді. Көңілін көншітпейтін жағдайға көнгісі келмесе де, көндігуге сылтау тауып, өздерін өздері алдап жүрген тірлік иелері. Адам баласы өмір сүрген қай заманда да қалмай, қапталдаса беретін шындық бүгінгі күні тағы мөлиіп тұр. Неге? Ашық айтқысы келмей, астарлап ұсынған автор – бейтарап, оқырманы - куәгер. Бағыдан белгілі өмірдің баяғыдан аян шындығы алдыңызға келгенде, жалтара алмайсыз – жаныңыз ашиды. Көмектесе алмайсыз – құдіретіңіз жоқ. Күйінішіңіз бен сүйінішіңіз, үмітіңіз бен қынжылысыңыз араласып, күпті қылады – тірісіз!..»

«Дәутайұлы дүрбісіндегі замана келбеті». - «Қазақ әдебиеті», 14 шілде, 2017

«Нағыз әдеби сын – терең көркемдік таным мен сергек эстетикалық талғамның, тәжірибе мен шеберліктің, еңбек пен жауапкершіліктің жемісі. Оны айыптау емес, байыптау деп түсіну қажет.»

«Шала таным адастырады...» «Егемен Қазақстан», 7 ақпан, 2025

«Әлем халықтары әдебиеті дегеніміз - әлем елдерінің әзелден бері желі тартып, ұлғайып келе жатқан, жинақталған көркемдік-өмірлік тәжірибесі мен сол тәжірибе-қуаттың дүмпуімен еріксіз ышқынып шыққан мұң-зары. Сол тәжірибені талмай талпынып, тірнектеп жүріп тал бойына дарытқан образ – адамның толғанысы белгілі бір дәуірдің де, халықтың да арыз-арманына айналған шақтар қай заманда да аз болмаса керек. Алайда соны барлығы бүгінге бұлжымай жетті ме? Жинақталған тәжірибе мен жиналған толғанысқа тарихи сипат тән десек, ешуақытта нақ сол қыруар қырлы қалпымен қайталанбайтынын ескере білгеніміз.

Шын мәніндегі әр суреткер - өз елінің көркемдік құбылысы. Әр ұлттық әдебиет – дүниежүзілік рухани әлемнің қайталанбас, өзіндік құбылысы, тарихи арнасы. Суреткер өз елінің рухани әлеуетімен қуаттанып, басқа қаптал мен қиянның қастерлі қасиеттерінен қолдауға лайық қажеттісін бойына шақтап сіңірумен шектелмей, ықыласы ыдырамайтын басқаларға да нұрын шашады. Бұл процеске әрі тарихи, әрі жекелік сипат тән. Гәп - өткінші өмірге өтпелі дәуірдің таңба салуында немесе Тән - тұлғаның ешкімге ұқсамауында ғана емес. Мәселенің үлкені – жинақталған тәжірибенің замандар контексінде әрі сабақтастырғыш, әрі тыңға түрен салғыш қызметін атқаруында, кешегінің иығынан бүгінді байыптап, бүгіннің баспалдағынан болашақты болжап көруінде.»

«Адамның мемлекетке айналуы», «Қазақ әдебиеті», 25 тамыз, 2024

«Төкпе ақындар шығармашылығын зерттеуде дер кезінде қолға алынбай, кейін қапымызға айналған олқылық – олардың белгілі бір шығарманы айту – тудыру процесінде тек сөздің дыбысталып, мағынасын жеткізу үшін ғана емес, сол сөздің көпқырлы эстетикалық әсерін әсіресе айқындайтын, сұлулайтын, күшейтіп, ұшқырлайтын мақам-әуендерді молынан, еркін, шебер пайдалануы туралы нақты деректердің жетіспеушілігі, қазақ музыкасының ерекше саласы, ғасырлардан ғасырларға жетіп, қадірі артқан қазынасы саналуға да лайықты, кезінде әрі эстетикалық, әрі мазмұн, ақпарат жеткізушілік қосымша жүкті арқалаған өзіндік музыкалық-көркемдік әлеміндегі өрнектердің, байлықтың нотаға түсірілмеуі.

Әуен жағымды болса, сөз де әдемірек, әсерлірек естіледі, дауыс-саз тұншықпай, айқын әуелесе, сөз де ақсаңдамай, кібіртіктеп, абыржымай, алшаң басып, алға озады. Айтушы автор – ақын музыкалық аспаппен бірлесіп, эмоциялық-эстетикалық «күш беруінің» нәтижесінде психологиялық, коммуникативтік, эмотивтік көп жүкті құлшына «арқалаған» мәтіннің тыңдаушы көңілінің айдынын жарқырату аумағы ұлғая береді. Өршеленген үннің дүмі көңілге әлде қобалжу, әлде дүмпу тудыратындай сұсты, тегеурінді сезіліп, зорайып өрши берсе, сөздің көркемдік-мазмұндық салмағы соған сәйкес еселеніп, екпіні ес жиғызбай, ересенге ұласады. Бір сөзбен айтқанда, музыкалық әуен ауызша мәтін – айтылған сөздің тыңдаушыға тез жетуіне, ықыласын өзіне жедел икемдеуіне баға жеткісіз үлес қосады. Бұл да өзінше бөлек мәселе көрінгенімен, айналып келгенде, төкпе ақынның табиғи, қосымша «қаруына» айналады. Авторлық ауызша поэзияның құпиясын оның әуенін білмейінше, толық қабылдау – түсіну мүмкін емес.

Әлбетте, әуен аяғы салбырап аспаннан түсе қалмайды. Өзінен өзі, лекілдеп, мақсатсыз, жеке-дара айдалаға лағып құйыла бермей,

айтылатын немесе айтылған ой-толғамның мағыналық салмағы мен нысанасына, ауызша өлеңнің құрылымдық ерекшелігіне – тармақтардағы буын, бунақ, шумақ, ұйқастар сипатына ыңғайланып «қалықтайды», сөз қожайынға «лыпып» қызмет етеді, т.б. Сол сияқты өлеңнің – ауызша мәтіннің құрылымдық ерекшелігі автор – ақын үшін үйреншікті, оңтайлы тәсіл-әуенге бейімделуі де ғажап емес.»

Б.Ыбырайым, Ж.Дәдебаев, Қ.Мәдібаева «Ұлттық рух және шығармашылық даралық». Алматы, «Ұлағат» баспасы, 2018, 15-16- беттер.

«Халқымыздың тарихына зер салғанда, әдебиетіміз, оның ішінде тарихи-әлеуметтік, саяси-қоғамдық, экономикалық-тұрмыстық жағдайларға, саналуан сыртқы, ішкі ықпалдарға байланысты әсіресе айрықша дамыған поэзиямыз ұлттық рух нығаюы мен тілдің дамуы, діл орнығуы үшін, тарих сахнасындағы небір алмағайып сын сәттерден аман өтуі үшін тайталасқан, тірескен теңдессіз тегеурінге, қашанда айнымай қолдайтын рухани-шығармашылық әлеуетке айналған. Замана салмағынан шарасыз булыққан ұлттық рухани күш-қуатты үнемі қолдап, дем берген, баяғыдағы байырғы қазақтың сан сында сансыраса да, бүгінге есен жетуіне сиқырлы мүмкіндік берген ғажайып күш – көркем әдебиет, оның ішінде тарихи дәуір сипатына сай саптан мызғымай, қашанда қасқайып тұрып алған поэзиямыз екенін көрмеу мүмкін емес. Жазу-сызу әрі кешеуілдеп, әрі таралу – ықпал ету өрісі шектеулі замандарда тез тарап, жедел жететін өзіндік эстетикалық-эмотивтік энергиясын бірден дарыта алатын өлеңнің тарихымызда атқарған қызметі, ересен ықпалы халқымыздың қайталанбас шығармашылық ғажайыбы екенін көрсетеді.

Көркемдік ойлау үдерісінің (процесінің) шартты түрде алғанда белгілі бір дәрежеде нақты-шартты нәтижесі секілді өлеңнің – көркем мәтіннің әрі эстетикалық, әрі негізгі тарихи қызметі - болмысты ұлттық сезіну мен бейнелеу моделінің орнығуына, әрі уақыт талабына сәйкес түрлендіріп жетілдіруіне, көркемдік жадына жаңалықтар қосуына жәрдем етуінде. Қай кезеңдегі болсын, қай халықтың болсын тарихындағы әдеби-көркемдік құбылыстар мен қыруар мысалдарды осы тұрғыдан таразылаудан гөрі уақыт контексіндегі шығармашылыққа шолу, туындыларды талдау, ортақ сипаттарын саралау, дәстүрмен, әдеби ықпалдармен сабақтастығын айқындаумен шектелу – әлемдік әдебиеттанудың әсіресе кеңінен қолдау тапқан бағыты».

Бекен Ыбырайым «XX ғасырдағы қазақ поэзиясы», Алматы, «Дәуір», 2022, 375-376-беттер.

ГҮЛЖАН ЫБЫРАЙҚЫЗЫ



Гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы

1985 жылы 11 ақпанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы Күреңбел ауылында дүниеге келген.

1991-2002 ж. №10 Күреңбел орта мектебінде білім алды.

2003 ж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түсіп, 2007 жылы үздік тәмамдады.

2007-2009 ж. Алматы қаласы №155 орта мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастады.

2010-2020 ж. «Қазақ университеті» баспа үйінде редактор қызметін атқарды.

2015 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде магистрлік диссертация қорғап, гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін иеленді.

2017-2020 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 6D021400-Әдебиеттану білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада білім алды.

2021-2025 ж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында аға оқытушы.

Әдеби ғылыми-бағыты: қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиет теориясы, көркем мәтін герменевтикасы, мифопоэтика, дискурс мәселелері.

Ғылыми ізденістерінде зерттеуші Гүлжан Ыбырайқызы көркем мәтіннің ішкі болмысын ашуға, автор – оқырман – мәтін диалогындағы мағыналарды түсіндіруге басымдық береді. Көркем мәтінді талдауда автор ойындағы трансформация, оқырманның мәтінді қабылдау ерекшеліктерін заманауи парадигма тұрғысынан пайымдайды. Мәтіннің мәдени-семантикалық кодын, архетиптік, дискурстық көпмәнділігін, зерделейді.

Университеттегі оқытушылық қызметінде дәріс берумен қатар, студенттердің ғылыми ізденісіне, әдебиеттанулық талдау дағдыларын қалыптастыруға үлес қосып келеді.

Негізгі ғылыми нәтижелері: 50-ден астам ғылыми-көпшілік танымдық бағыттағы жарияланымдары бар. Ұжымдық монография – 1.

Халықаралық, республикалық, аймақтық деңгейдегі конференция, сұхбаттарға қатысты. Әдеби-ғылыми мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Түркия, Польша) жарияланды.

Гүлжан Ыбырайқызының басылымға дайындаған бірқатар ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері төмендегіше берілді:

Абайдың таксономиясы. Білу, түсіну және қолдану: монография / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев; электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2022. – 263 б.

Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері: мақалалар жинағы. Екінші кітап / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев; электрондық басылымды дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2022. – 244 б.

Дәдебаев Ж. Абай ілімі. Оқу құралы: лекциялар / Жауапты редакторы Д. Ысқақұлы; басылымды баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2022. – 183 б.

Дәдебаев Ж. Абай ілімі. Оқу құралы: лекциялар / Жауапты редакторы Д. Ысқақұлы; басылымды баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2022.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі. Төртінші халықаралық конференция материалдары. Алматы, 10 тамыз, 2023 жыл / Құрастырған және электрондық баспаға дайындаған Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Қырғызбаева. – Алматы: Абай ғылыми-зерттеу институты, 2023. – 254 б.

Абай. Кісілік кодекс / Құрастырған, жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2026. – 44 б.

Адамзаттың Абайы: монография / Жауапты редакторы Л.Ж. Мұсалы; құрастырған және баспаға дайындағандар: Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы,

А. Кенжекожаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 320 б.

Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер. VII том. Е. Исмаилов. Ақындар / Жалпы редакциясын басқ.: Ж. Дәдебаев; жауапты ред.: Д. Ысқақұлы; баспаға дайынд.: Б.Д. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2026. – 292 б.

Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер. X том. Ойлар, толғаныстар / Жалпы редакциясын басқ.: Ж. Дәдебаев; жауапты ред.: М. Үмбетаев; баспаға дайынд.: Н. Алдабек, Н. Толеева, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2026. – 242 б.

Марапаттары:

«Қазақ университеті» баспа үйін дамытуға қосқан зор үлесі үшін диплом, алғыс хаттар (2011-2016);

Халықаралық Ең үздік инновациялық ғылыми жоба 2-дәрежелі дипломы;

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерекелік төсбелгісі;

Абай ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-ақпараттық ресурстар базасының қалыптасуына айрықша еңбек сіңіріп, еліміздің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға қосқан зор үлесі үшін алғыс хат;

№7 Фараби университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының Абай ілімін дамытуға қосқан зор үлесі үшін төсбелгісі (2026);

26 желтоқсан 2025 жыл №870 ректордың бұйрығымен Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ерен еңбегі үшін төс белгісімен марапатталды.

Ойлар, пікірлер, тұжырымдар

Автор бейнесі – шығармада жазушы көзқарасымен баяндалған оқиғалар желісінің түпнегізі. Ой қуатында қалыптасқан қағидаларды ұлт мүддесіне жаратуда өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік мәселелерінің жаршысы. Баяндау тәсілдері шығармаға концептуалдық мән үстеп, оның көркемдік идеялық нысанын айқындауға бағыт беруші.

Автор мәселесін түсінудің теориялық қисындарынан ұғатынымыз, автордың барлық субстанциясы мәтін мазмұнында қамтылып, өз ойында қалыптасқан формаларды кейде жасырын, кейде анық жүзеге асырады.

Оралхан Бөкейдің «Сайтан көпір» повесіндегі автор бейнесінің парадигмасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №2 (178) 2020.

«Bu dünyada şeytan insanlar çok, sadece onların yaptıkları kötülükler göze görünmez. Dünyayı ve dengeyi bozanlar, onlar...», – der yazar. Yazar insanı yoldan çıkartan şeytani şeylere meydan okur, kendisinin de yaşamakta olduğu şeytani toplumdaki adaletsizlikleri, Aykay (haykırma), Jangırık (yankı), Anau (o) gibi gizli anlamlarla verir. Olayların bağlantısını sağlayan ve geliştiren "anau"un gizli anlamı altında derin bir felsefe vardır. Çünkü bu kelime Sovyetler zamanında açık olarak dile getirilmeyen şeyleri ima etmekte kullanılmıştır. "Anau" işaret zamiri birleştirici fonksiyona sahiptir.

«Ben Anaular'ı uzun zamandan beri tanıyorum. Ama onun nasıl ikiyüzlü, adi, insanlık düşmanı olduğunu kimseye söylememiştim. Anaular gibileri sadece ben değil, herkes bilir, ama onlar da sustu. Sen osun! – diye kimse açıkça söylemedi. İnsanoğlunu aklını alacak Aykay'ı duymayan kimse yok. Aykay'ın sahibinin Anau olduğunu hissederler, ama maalesef kimse karşı çıkmadı, adını söyleyip işaretle göstermedi. Kim diye sorsan, cevap veremeyip, kafalarını eğip, sen kendin bilirsin zaten, neden soruyorsun, o Anaudır der». Yazar "Anau"dır diye işaret edilen nesneyi iyice betimler. Anau'ın kim olduğunu tahmin ederek, Anau'ın yüzünde oluşacak baskıyı Aykay ve Jangırık mecaz anlamlarıyla değiştirip verir. Yani Anau konsepti baskı semantik alanına girse, Aykay konsepti Anauların baskısından oluşan toplumun bereketsiz sıfatını, Jangırık ise bu bereketsizliğin zararını, insanın haykırışından oluşan ün (ses) konsepti ise adaleti ve eşitliği temsil eder.

Ibıraykızı Gülcan. Uralhan Bökey'in «Şeytan köprüsü» isimli eserinin hermenötik değerlendirilmesi // Yazilişinin 950. yili anisina uluslararasi Kutadgu Bilig ve türk dünyasi sempozyumu (3-5 Ekim 2019 Ankara/Türkiye) Sempozyum Bildiri Kitabı

Жазушы Шерхан Мұртаза әңгімелерінде өз өмірінің әр кезеңіндегі оқиғалар мәнін шебер суреттейді. Әңгімелерінің негізгі арнасы – ауыл өмірі, адам мінезінің қалтарыстары, адамгершілік, адалдыққа бағытталған тәлім-тәрбие. Табиғат ананың төл қасиеті – Шақпақ желі және мия, изен, құлқайыр секілді өсімдіктердің алуан түрі шығармаларына арқау болуы жазушының бала күннен туған жерінің топырағын терең танып өскендігінен болса керек.

Жазушының: «Егер мия у болмай, жеуге жараса, біз ашықпас едік. Күрдек бас мия жасымықтан үлкен топ-толық дәнін көтере алмай, жерге жеткенше еңкейіп қалыпты. Ал Шақпақтың желі түрғанда, күрдек бас мия мен қызыл изен ызыңдайды. Бір-бірімен жарысып ебелек домалайды», – деп халықтың әлеуметтік тұрмыс күйін табиғаттың мазаң шағымен астастыра суреттеп, психологиялық параллелизм арқылы салмақты ой айтып отырғанын байқаймыз.

Гүлжан Ыбырайқызы Ш. Мұртазаның «Сүдігерде изен ызыңдайды» әңгімесінің көркемдік мәні // Шерхан Мұртазаның

Абай дүниетанымындағы рухани ой-тұжырымдар Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында айтылған философиялық-этикалық негіздермен, имандылық мәселелерімен сабақтасып, білімді болу, әділетті болу, ізгі мінез-құлық қалыптастыру, тұлғалық болмысты жетілдіру көзқарасымен үндеседі.

Жүсіп Баласағұн айтқан білікті ой мен Абайдың терең ой, ақыл туралы көзқарасын саралағанда адам болмысын қалыптастырудың тиімді тетігін аңғарамыз. «Жомарттық һәм салмақтылық қажетті, Білімділік, ақылдылық қажетті» [3, 332-бәйіт], «Білім күтпе қызба адамнан, тасырдан, Ашулы адам адасады ақылдан» [3, 334-бәйіт] «Қызбалық – сұм, ақыл-естен тандырар, Жайсаң ерді ашу қапы қалдырар» [3, 335-бәйіт] 274 «Ерге керек төзімділік күш-қайрат, Тұру керек Күн мен Айдай нұр жайнап» [3, 325-бәйіт] «Білікті болсаң төрден орын аларсың Білімді болсаң түзу берік адамсың» [3, 325-бәйіт]. Жүсіп Баласағұн білім мен білік адамға қорған екені, білімі мен білігін толықтырған адамның мінез-құлығы түзу, берік болатыны, жақсылыққа жетелейтіні туралы пайымдайды. Абай да отыз екінші қара сөзінде ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты барын айтады. Ақылды сақтау үшін мінездің беріктігі, қайраты болуы керек. Ал мінездің беріктігі бұзылғанда оқып-үйренудің, білімнің пайдасы жоқ дейді. Сондай-ақ Абай: «Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын», – деп ескертеді. «Жомарттық һәм салмақтылық қажет» дегенде Жүсіп Баласағұн жомарттыққа да өлшемін білетін білім, салмақты мінез, таразылай алатын ақыл-ой керек екенін айтып отыр. Өлшемін білмесе, Абай айтқан бес жаман істің қатарындағы бекер мал шашпаққа әкеледі.

Адамзаттың Абайы: монография / Жауапты редакторы Л.Ж. Мұсалы; құрастырған және баспаға дайындағандар: Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы, А. Кенжекожаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 320 б.

Ысқақұлы Дандай

Дандай Ысқақұлы 1946 жылы мамыр айының 27-ші жұлдызында Түркістан облысы Отырар ауданының Қоғам ауылында дүниеге келген. Әкесі - Төребеков Ысқақ (1900-1981) Ұлы Отан соғысының ардагері, қарапайым еңбек адамы болған.

Д. Ысқақұлы ауылдағы Қоғам жетіжылдық (1953-1961) және аудан орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептерінде (1961-1964) оқыған. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін (1969), Қазақ ССР Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын (1974) бітірген. Совет Армиясында взвод, рота командирі (1969-1971), ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер (1975-1977), Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика, филология факультеттерінде аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі (1977-2000), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінде профессор (2000-2004), С.Демирел атындағы университеттің проректоры, ректор кеңесшісі (2004-2020) қызметтерін атқарған. 2020-жылдың қыркүйек айынан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Абайтану институтының жетекші ғылыми қызметкері.

«Отызыншы жылдардағы қазақ әдеби сыны» тақырыбында кандидаттық (1975), «Қазақ әдеби сынының ғылыми негіздері» бойынша докторлық (1994) диссертациялар қорғаған. Ғалымның жетекшілігімен он кандидаттық диссертация қорғалды.

Д. Ысқақұлы - қазақ әдебиеті мен өнерінің түрлі мәселелеріне арналған сегіз жүз мақаланың, 34 кітаптың авторы. Оның жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдері М.Жұмабаев («Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған», 2004), М.Әуезов («М. Әуезов. Талант пен тағдыр», 1997), С.Мұқанов («Парасат пайымдары», 2000), Ғ.Мүсірепов («Сырбаз суреткер», 2002), М. Ж. Көпеев («Мәшһүр Жүсіптің ой өрімі», 2010. Б. Ысқақпен бірге),), Р. Бердібай («Рахманқұл Бердібай». 2017) жайлы еңбектері жеке кітап болып шыққан.

Ол он екі томдық «Қазақ Совет Энциклопедиясы» (II-XII томдар), төрт томдық «Қазақ ССР. Қысқаша Энциклопедия» (IVтом), «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» (I-VI томдар), Мәскеуде шыққан тоғыз томдық «Қысқаша әдеби энциклопедия» (орыс тілінде, IX том), «Түркістан», «Қазақ әдебиеті», «Абай», «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы», «Сұлтанмахмұт Торайғыров» энциклопедиялары, академиялық «Стиль сыры» (1977), «Дәстүр және жаңашылдық» (1980), «Көкейкесті әдебиеттану» (2001, 2002, 2004), «Қазақ әдебиеті тарихының қысқаша курсы» (2002), «Әдебиет теориясы» (2003), көптомдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (VII том, 2004; XI том, 2007), екі томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (2008), «Қазақтың жүз романы», т. б. сияқты іргелі еңбектерді жазуға қатысқан.

Ғалымның еңбектері негізінен қазақ әдеби сынының теориясы мен тарихына, қазақ әдебиетінің тарихына, түркітану, тілтану, ұлттық руханият, абайтану проблемаларына арналған. Оның ғылыми

жетекшілігімен ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша екі ғылыми жоба орындалды.

Д. Ысқақұлы - Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі; Халықаралық Айтматов академиясының (Қырғызстан), ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі. Жыл сайын қазақ тілі мен әдебиеті бойынша тұрақты түрде өтіп тұратын «Ата-жұрт» халықаралық олимпиадасы қазылар алқасының төрағасы (2020- жылдан).

Д. Ысқақұлы - «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2025), «Құрмет» орденінің (2017), «Түрік әлемі мәдениеті мен өнеріне жасаған зор үлесі үшін» ТҮРКСОЙ-дың алтын медалінің (2026), т. б. иегері.

Соңғы 5 жылда жарияланған кітаптарының тізімі:

1. Адамзаттың Айтматовы. Алматы, 2023. «Көкжиек - Горизонт», 2023.
2. Абай тағлымы. Алматы. «Көкжиек - Горизонт», 2023.
3. Абай- дала данышпаны. Астана, 2023.
4. Өмір, дүние дегенің. Алматы, «Көкжиек - Горизонт», 2026.
5. Шығармалар жинағы. Он томдық. Алматы. «Таңбалы», 2026.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әдеби сын дегеніміз – көркем әдебиет, оның ғылымы мен қоғамдық ғылымдардың, журналистиканың тоғысында пайда болып, күнделікті әдеби өмірді зерттейтін, оның жетіс- тіктері мен кемшіліктерін саралап, бағалап отыратын, әдеби үдерісте болып жатқан құбылыстарды оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік сыпатты шығармашылық түрі; қоғамдық ғылыми сананың бір саласы; көркем әдебиет жайлы дәуір үні.

Д. Ысқақұлы. Әдеби сын тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Таңбалы», 2012, 2- бет.

Әдеби сынның тарихына көз жібергенде оның пайда болу, даму жолдарының әдебиеттің өсіп-өркендеу бағытымен сәйкес келіп отыратындығы байқалады. Әріге бармай-ақ, XIX-ғасырдағы орыс әдебиетінде Пушкин, Гоголь, Толстой сияқты алыптардың кезінде әдеби сын да шарықтап шыркау биігіне көтерілді. XX ғасырдағы әдебиеттің сыны күні бүгінгі биігіне шықты. Қазақ әдебиетінде үстіміздегі ғасырдың алғашқы кезеңінде Абайдың, Ахметтің, Мағжанның, Шәкәрімнің, Жүсіпбектің т. б. шығармаларының жарық көруі әдеби-сыншылық ой-пікірлердің жаңаша қарқынмен дамуына

түрткі болды. Әсіресе, Абайдың, Мағжанның шығармашылығы жайлы таластар шын мәніндегі профессионал сынның қалыптасып, өріс алуына ұйтқы жасады Мысалы, кезінде М.Жұмабаевтың шығармашылық сипаты, бағыты төңірегінде түрлі даулар дуылдап тұрған кезде жазылған Жүсіпбектің «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласы қазақ әдеби сынының биік үлгісіне айналды. Әдебиетте түрлі ағымдар, бағыттар пайда болып, тарау-тарау жолдармен дамыған тұстарда оған шырылдап жүріп тура жолды көрсеткен де — осы әдеби сын.

Д. Ысқақұлы. Сын өнері. Монография. Алматы, 2001, «ҚАЗақпарат», 13-бет.

Жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарының орта шенінде басталған Мағжанды идеологиялық жағынан талқандау науқаны ол өле-өлгенше бір сәтке де тоқтаған жоқ. Өйткені, Мағжанның тағдыры бүкіл ұлттық әдебиеттің де тағдыры болатын. Бір жағы ақынның тілім-ділім, елім-жерім, анашым-алашым деп, аңыраған азаматтық бағыты кеудесінде ұлттық намысы бар азаматтарды азаттыққа үндегені, екінші жағынан, ұлттық қазақ әдебиетінің, отарлық езгідегі қазақ жұртының болашақ тағдыры қыл үстінде тұрғаны қазақ зиялыларының көпшілігін ойлантып, алаңшыл бағытқа іш бұрды. Бірақ та биліктің аты - билік. Билік бар мүмкіндігін пайдаланып, оташылдыққа қарсы ұлт-азаттық идеяларды күшпен талқандауға бет бұрды. Патша өкіметі қанша құдалағанымен де Мағжан ақынның жүрегінен өлең болып құйылған ұлт-азаттық идеяларды өшіре алмады. Керісінше, М. Жұмабаевты құдалаған сайын оның ақындық, азаматтық болмысы биіктей түсті.

Д. Ысқақұлы. Мағжан. Монография. Алматы: -2020. 4- бет.

Демек, жаһанданудан үрке бермей, ақылға салып, оның жақсы жақтарын орынды пайдалана білсек, ұлттық мүддемізге қызмет еткізе білсек, ұтатынымыз анық. Қазіргі заманда әлемдік ауқымда барынша қарқынмен жүріп жатқан мәдениеттер мен өркениеттер қақтығысынан үркіп, жаңа заманға бейімделмей, өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру, консерватизм ұлттық дамуды тежейді; тіпті жолда қалдырады. Сондықтан да жаһанданудың жақсы жақтарын ала білу ұлттық дамудың маңызды шарттарының бірі болып отыр. Бұл - жаһанданудың қоғамдық дамудың барысында туындаған қажеттілік, пайдалы жағы.

Тілдер тоғысындағы түркі әлемі. Берлин, 2018, 12- бет.

Жер бетіндегі тіршілік иесінің барлығы үшін өмір дегеніміз - жетілу жолындағы күрес. Адам өмірінің мақсаты да барлық жағынан да жетіліп, табиғи ортаға бейімделіп, рухани жағынан байып, өміршеңдік қабілетін арттыра түсу. Міне, адамзат қоғамы үшін аса маңызды осы бір мәселе Абайды да толғандырды. Ол ғылым-білім, өнерді үйрену арқылы имандылық ой-өрісті дамытып, рухани жетілуге басты назарды аударады. Абайдың айтуынша, жан жүректе жайғасқан. Жүрек қандай

болса, адам да сондай. Адамның бүкіл тыныс-тіршілігі жүрек арқылы басқарылады. Жүрегі жылы, тәрбиелі болса, ондай адамның ішкі жан дүниесі де - таза; рухани жағынан жетілген адам өмірде көп қателеспей, дұрыс өмір сүре алады. Абай адам баласының бақытын оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланыстырады.

Д. Ысқақұлы. Абай - дала данышпаны. -Астана: 2023. 73-бет.

Тағы бір айта кететін жәйт: Абайдың жолын куған алашшыл ұлт ақындарының шығармашылығында да «жүрек» мәселесі күні бүгінге дейін жалғасын тауып, ақындық шабыттың шырқауында жырланып келеді. XX ғасырдың басында ұлы Мағжан ақын: «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, Сұм өмір абақты ғой саналыға. Қызыл тіл – қолым емес – кісендеулі, Сондықтан, жаным күйіп, жанады да», «Әлі-ақ кетер жүректен - от, күш - бойдан», «Ессіз жүрек тулады, бермеді ырық, Ақыл сорлы ере алмай, қалды тұрып. Ессіз жүрек, бөгелші бір азырақ, Отыз тұр ғой үңіліп, арты - қырық!», «Сұм жүрек сол қызметімді ақтадың ба?», «Ессіз жүрек аспанға қол сермеді, Ессіз жүрек ақылға жол бермеді», «Мені атама, бұл жүрек - жынды дерсің, Ұмтылған аламын деп, Күнді дерсің»- деп, күңірене келіп: «Дариға, сол күндерде күнім қараң, Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған: Болғайсың сыншы болсаң, әділ сыншы, Кінәні жүрекке қой, қойма маған!»- деп, ақталғандай болыпты.

Д. Ысқақұлы. Абай таглымы. Алматы, «Көкжиек-Горизонт», 2023, 53-бет.

Осы жерде Абай өзінің туған халқын не себептен соншалықты жерге тыға сынаған деген сауал көлденеңдей береді. Мұның ар жағынан теріс пиғылдылардың Абай «қазақты жек көрген» деген пікірлер де бой көрсетіп қалып жатты. Шындығы қалай? Сөйтсек, жүрегі «халқым» деп соққан, халқының бойындағы әлеуметтік дерттер санасына салмақ түсіріп, қайғыға батқан, салдарынан рухани дертке ұшырап, ерте қартайып, өмірден ерте өткен ақынның басқалар айтуға ой өресі де, аузының батылы да бара бермейтін ащы шындықты айта білуінің өзі ұлы ерлік екен.

Д. Ысқақұлы. Абай таглымы. Алматы, «Көкжиек-Горизонт», 2023, 53-бет.

Ш. Айтматовтың бүкіл шығармашылығы мен өмір жолы қазақ топырағымен тікелей байланысты десек те болады. Жазушының туып-өскен жері қазақтың Жуалысымен қоныстас, ес білгенде, аулынан алғаш рет аттап шыққанда, көргені қазақ жері, қазақ аулы болғандықтан да оның шығармаларында қазақ тақырыбы ерекше көрініс береді. Шыңғыстың қаламгер ретінде де, азамат ретінде де қалыптасуына қазақ жері, қазақ елі айтарлықтай әсер етті. Кейбір зерттеушілердің анықтауынша, Шыңғыс шығармаларындағы оқиғалардың 70 пайыздайы қазақ даласында өтеді екен.

Жазушының балалық шағында басталған қазақ елімен, жерімен байланыстары кейіннен шығармашылық, достық қарым-қатынастарға ұласты. Кезінде М. Әуезов пен Ш. Айтматовтың ағалы-інілі, достық сыйластығы жалғасып, З. Қабдолов, Қ. Нұрмаханов, Т. Ахтанов, Қ. Мұхамеджанов, С. Бердікұлов, А. Сүлейменов, Ш. Мұртаза. М. Шаханов, Ә. Кекілбаев, Н. Оразалин сынды қазақ қаламгерлері Шыңғыспен туыстардай аралас-құралас болып кетті. Осындай шынайы достыққа негізделген шығармашылық қарым-қатынастардың барысында Ш. Айтматов пен қазақ қаламгерлері бірігіп жазған тамаша туындылар өмірге келді.

Д. Ысқақұлы. Адамзаттың Айтматовы. Алматы, «Қазақ университеті», 2023, 5-бет.

Қазақ тыйымдары – асыл қасиетерді танып-білуге арналған бабалар өсиеті, тәрбие құралы деуге тұратын құндылық. Әр сөздің астарында том-том кітапқа татитын керемет қағидалар бар. Терендеп барсаң, дүние танымыңды тарау-тарау жолға бастайтын ой қайнарлары бастау суындай шымырлап жатады...

Адамның денсаулығы мен қоғамдағы орны оның өзін қалай ұстап, қалай сөйлейтіндігіне тікелей байланысты. Тілі жақсы «жылы-жылы сөйлеп, жыланды да інінен шығарады», сөйтіп жақсы сөздің жақсы энергиясы айналасындағыларға позитив әсер етіп, оның алдындағы жол ашылады. Ал айтар сөзге мән бермей, қалай болса, солай былапыт сөйлейтіндер, басқасын былай қойғанда, байқамай аузынан шығып кеткен бір ауыз сөзі үшін жанында жүрген жан жолдасынан ажырап қалуы мүмкін.

Д. Ысқақұлы. Сөз - әлем әміршісі. Алматы: 2024.112-бет.

Сөз дегеніміз - ұлттық аяда дыбысқа айналып, заттанған ой. Халық қай тілде сөйлесе, оның рухы сол тілде көрінеді. Тілдің сөйлеушілері көбейген сайын оның рухы да күшейе түседі; азайған сайын әлсірей береді. Ұлттық тіл - ұлттық рухтың ұлттық сана-сезімін оятып, жаңғыртып, күшейтіп тұру мақсатымен тынбай ағып жататын асыл арнасы. Ал осы бұлақтың бастаулары адам-ата жаралғалы, ру-тайпа, ұлт, мемлекет болып өмір сүре бастаған есте жоқ ескі замандарда жатыр. Тарих көшінде небір сындардан өтіп, әбден шыңдала, толыға түскен рухани арнаның ағысы сарқылмақ емес; керісінше, арнасы кеңейген сайын жетіле түсіп, халыққа берері де берекелі болса керек. Болашағынан үміт күтіп, ұлтын сақтау жолындағы күрес ең алдымен, тілден басталатыны осы себептерден. Бақытын елінің болашағымен байланыстырған халқымыз «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дейді.

Ұлт болып, өмір сүрудің басты шарты – ұлттық тіл. Өйткені, ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған баға жетпес рухани, мәдени асыл қазынасы ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық тіл арқылы ғана жетеді. Сондықтан

да елінің ертеңін ойлаған әрбір ұлт тілінің әр әрпін, әр сөзін көзінің қарашағындай сақтайды.

Д. Ысқақұлы. Сөз - әлем әміршісі. Алматы: 2024.117-бет.

Әдебиет - руханияттың күре тамыры. Сондықтан да тегі бір, тілі бір халықтардың ерте кездердегі әдебиетін қайта қарап, бүгінгі әдебиеттану ғылымы жеткен жетістіктерді пайдалана отырып, жаңаша көзқараспен түркі бірлігіне қызмет ететін ортақ әдебиет тарихын жасау - кезек күттірмейтін мәселе.

Дандай Ысқақұлы. Тілдер тоғысындағы түркі әлемі. Берлин, 2018, 515-бет.

ІСІМАҚОВА АЙГҮЛ СЕРІККЫЗЫ



Ісімақова Айгүл Серіккызы, филология ғылымдарының докторы, әдебиеттанушы, алаштанушы ғалым, Назарбаев университетінің профессоры

Айгүл Ісімақова 1958 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. 1980 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын бітірген соң қызмет жолын Ұлттық ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында лаборант болып бастады. 1981 жылы Мәскеу қаласындағы Дүние жүзі әдебиеті институтында ізденуші, 1982-1985 жылдары Мәскеу қаласындағы Дүние жүзі әдебиеті институтында аспирант ретінде білімін жалғастырды. 1985-1994 жылдар аралығында Әдебист және өнер институтында ғылыми қызметкер, 1994-2000 жылдары аталмыш институтта аға ғылыми қызметкер, 2001 жылдан бастап бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1999 жылы «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ көркем прозасының поэтикасы (тақырып, жанр, стиль) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ғалымның ұлттық әдебиеттанудағы ғылыми ізденістерінің негізгі бағыттары – қазақ әдебиетіндегі жанр, стиль ерекшеліктері мәселесі, әдебиет теориясы, поэтика, алаштану, абайтану, әуезовтану т.б.

Көптеген ғылыми еңбектері Әуезовтің туындыларына арналған. Бұл салада «М.О.Әуезовтің 20-жылдардағы көркем әңгімелерінің стилі» атты мақаласында «Қорғансыздардың тағдырын суреттеу арқылы қоғамдық турмыстың мешеулігін, кертартпа адамгершілік көрінісін, биік рухани биіктікті айкын дәлелдеді» деген пікір айтады. Ал «Қос бұлақтан нәр алған» атты мақаласында ұлы жазушының тәлім-тәрбие алған ортасы туралы ой толғаған («Заман-Қазақстан», 1997, 26 қыркүйек). «Возвращение Плеяды. Алаш әдебиетінің экзистенциалдық мәселесі» атты ғылыми монографиясында (2002) Әуезовтің шығармаларын Алаш жазушылары туындыларының контексінде зерттеді. Әуезовтің Аймауытовты ұстаз санағанын, «Ақбілек» романын қолжазба түрінде өз үйінде сақтағанын арнайы саралады. М.Әуезовтың әдебиеттанушылық көзқарасы» атты мақалада А.Байтұрсынұлының «Әдебиет таныткыш» кітабымен сарындас ғылыми тужырымдары баяндалады.

А.Ісмақованың 300-ден астам мақалалары алыс-жақын шетелдерде (Мәскеу, Вильнюс, Донецк, Будапешт) ғылыми басылымдарда

жарияланған еңбектерінде әдебиет теориясы мен қазіргі әдеби процеске қатысты тұжырымдар әлемдік әдебиеттану ғылымының контексінде қарастырылады.

Айгүл Ісімақованың «Ашық академия» жобасы аясындағы және телеарналардағы абайтану мен алаштану тақырыбына арналған дәрістері мен ғылыми сұхбаттары кеңінен танымал.

Ғалым ғылыми-педагогикалық қызметі мен ұлттық әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі үшін бірқатар қоғамдық және салалық марапаттармен бағаланған. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қола медальдің, Фараби университетіт жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абай ілімін дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері.

А.С.Ісімақованың жарық көрген зерттеу еңбектері:

Қазақ көркем прозасы. Алматы, 1998

Ақжолтай Ағыбай Батыр. Алматы: "Ғылым», 2002

Возвращение Плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиев, А. Байтурсынова, Ж. Аймауытова, Ж. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауэзова. Алматы: НИЦ "Ғылым", 2002

Казахская художественная проза, Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность), Алматы: "Ғылым" 1998

Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы тәуелсіздік идеясы, Алматы, 2011

Жазған сөз жаным ашып алашыма, Алматы: "Елтаным баспасы", 2015

Қазақ әдебиеттануындағы тәуелсіздік идеясы, Алматы: "Елтаным баспасы", 2015

Алаш ғылымы және тәуелсіздік, Алматы: "Елтаным баспасы", 2015

Қазіргі әдебиет пен әдебиетті зерттейтін қауым, Алматы: "Елтаным баспасы", 2015

Қазақ әдебиеттанудың теориялық мәселелері, Алматы: "Елтаным баспасы", 2015

Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: (Әдеби мақалалар). Монография, Алматы: "Қаратау КБ" ЖШС: "Дәстүр", 2016

Тәуелсіздік және Алаш ғылымы, Алматы "Қаратау КБ" ЖШС: "Дәстүр", 2015, «Алаш әдебиеттануы». - Алматы, 2009

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

«Алаш зиялылары қандай істің басынан көрінді? Қазақ елінің біртуар перзенттері, ұлт азаттық қозғалысының басшылары, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдық пен көркемдік шығармашылықты ата-бабадан аманат етіп берілген

мұсылмандықпен ұштастыра білген тұлғалар. Алаш зиялылары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабай, Ж.Аймауытұлы, С.Сәдуақасұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы, т.б. өз замандастары сияқты алғаш сауатын ауылдың молдаларынан алған. Олар осы негізгі білімін мемлекеттік дәрежеде іске асырды, сондықтан Алаш қайраткерлері елге қызмет етуді ұлттың мүддесімен ұштастыра білді. Алаш ардақтыларының жеке өмірлеріндегі белгілі оқиғаларға да мұсылмандық ұстаным тікелей арқау болды деуге толық негіз бар. Алаш зиялыларының ғұмыры, ғылыми, саяси істері мен көркем туындылары осыны дәлелдеп тұр. Бүгінгі тәуелсіз кездегі ғылым, алаш ғалымдарының еңбектеріндегі қазақ елінің мүддесін, ұлттың тілі, діні, ділін қорғайтын текті ойларды өзіне қажет етуде»

Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015, 12-б.

«А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі». Әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады яғни пән сөздердің басты міндет атқаруын басып айтады. Сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көп сөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады. Көркемдік әлемнің құдіреті тікелей жазушының ішкі рухани бостандығымен байланысты екенін айтып, осы орайда Абайдың, Мағжанның шығармаларын мысал ретінде келтірудің бүгінгі мәні керемет емес пе? «Әдебиет танытқыштағы» біз бүгін ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: мінәжат, намыс толғау деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIY-XYI ғғ) еңбегі: «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла Тағалаға мінәжәт айтумен» аяқталады. Совет кезінде өшірілген бұл мінәжәт жанры туралы мәлімет «Әдебиет танытқышта» ғана кездеседі. Бұлар бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе? Зерттеушінің кітабына кең ауқымды ойлау қабілеті тән. «Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды». Бүгінгі әдебиеттанудағы «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген мәселелер туралы «Әдебиет танытқышта» ғалым былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көрінгені, өнегесі, үлгісі бір болған».

А.Байтұрсынұлының пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ»

Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015, 30-б.

«Асау уақытта өмір кешкен Сәкеннің шығармашылығын таптық көзқарастың не екенін білмейтін ұрпақ жаңаша бағалауы заңдылық. Өйткені нағыз көркемдік схемаға сыймайды, Сәкен өлеңдерінің інжу-маржан мағыналарын, жанр мен стильдік жаңалықтарын аршып алар кез жетті. Сәкеннің лирикалық кейіпкерінің әр сөзінің ішкі сырын, төркінін бүгінгі ұрпақ саясаттан бөліп алып қарауы абзал. Тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттануы Сәкен шығармашылығын жаңаша зерттеуді талап етеді: «Сәкен – әдебиеттанушы», «Сәкен – қоғам қайраткері», «Сәкеннің көркемдік әлемі», «Сәкеннің лирикалық кейіпкерінің мұңы», «Сәкеннің ғашықтық лирикасы», «Сәкеннің азаматтық лирикасы», «Сәкеннің пейзаждық лирикасы», «Сәкен прозасының қазақ әдебиетіне қосқан жанр мен стильдік жаңалықтары», «Тар жол, тайғақ кешу» романының жанрлық түрі мен тарихилық мәні», т.б. тақырыптар өзінің зерттеушілерін күтуде. Бүгінгі қазақ әдебиеттануы бұрынғы зерттеулерді жоққа шығармайды, бірақ Сәкеннің шығармашылығы туралы жаңа сөздер айтылуы заңдылық. Қазақ елінің басына түскен ауыр күндердің суретін біз Сәкеннің «Қамауда», «Адасқандарға», «Сағындым», «Тұлпарым», «Қамыққан көңілге», «Шәһит болған достарыма» атты өлеңдерінен көреміз. Бұл өлең шумақтары ыза мен өкінішке ғана толы емес, бұл тұтқынды, оның зардабын бастан кешкен асыл ердің толғаулары. Сәкеннің «тар жол, тайғақ кешу» деген бір сөйлемі оның замандастары, бүкіл қазақ зиялыларының басына түскен трагедиялық аласапыран күйдің формуласы іспеттес. Бұл бір ұлттың көзі ашық зиялыларының арасын бөліп, бір-біріне қарсы қою саясатының ісі екенін біз бүгін мойындаймыз»

Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015, 176-б.

«Осыдан 100 жыл бұрын 1913 жылы Алаш саяси элитасы «Қазақ» газетін шығарғанын айттық. Сол газетті шығаруға қатысқан қазақтың үш журналист қызы Ғайнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова, Гүлайым Балғынбаева заманауи білімді қыздар еді. Олар «Қазақ» газетінде 1914 жылдан бастап жұмыс істеді. Сол кездің өзекті мәселелерін көтеріп, өздерінің мамандығына сай ғылыми, саяси, әлеуметтік өмірге қажетті мақалалар жазып, қазақ қызының еңсесін көтеретін істің басында болған абыройлы білімді жас қыздар еді. Осы үш қыз туралы википедияда аз ғана ақпарат бар. Сол замандағы қаншама ЖОО бітірген қазақ қыздарының тағдыры зерттелмеген. Бүгінгі

біздер Алаш саяси элитасын зерттеп бітірдік дей алмаймыз. Олардың ғылыми дискурсы, академиялық мұралары енді ғана толық шығарылуда. Алаштың арулары әлі арнайы зерттелген жоқ»

Ісімақова А. Алаштың арулары әлі арнайы зерттелген жоқ. (сұқбат). Айқын газеті. 30 мамыр, 2024

Жастар прозасында ізденістер баршылық. Эксперимент болғанымен, жақсы дүниелерді байқап жүрмін. Әдеби талғамы енді қалыптасып келе жатқан қаламгерлердің дүниелерін біраз уақыттан соң, талдау керек. Бұлар қазіргі көркемдік дискурстың талаптарын енді ғана меңгеріп келе жатыр. Қазіргі нарратив пен эстетикалық хронотоптың өзгергенін білетіндердің жазғаны, әрине, жаңаша. Олар оқырманды ескеріп, оның деңгейін автордан жоғары қойып, заман мұңы мен шындықты анық айтып келе жатқандар. Бұлар – атаққұмар емес, керісінше атаусыз қалып жатыр. Олардың қалыптасқан оқырманы бар. Меніңше, бұл қауымның алдында Тұрсынжан Шапай келе жатыр.

А.Ісімақова. Атақ құғандар әдебиеттің шынайы бағалануына кедергі жасап жатыр. Әдебиет порталы., 24.07.2017

Ұлттық әдебиет сонау жыраулардан бастап, ел мен билік арасындағы диалог еді. Абайды Алаш әдебиеттануы неге қазақтың басты ақыны деп санаған? Себебі, Абай – адам рухы мен жанын көтеруді алға қойған асыл сөз иесі.

Соцреалистік идея сияқты биліктің ресми шартынан сақтасын. Абай бастаған бабалар сөзін жоққа шығарған идеология қазақ тек кеңестік кезді насихаттаумен келді. Тәуелсіздік кезде тұңғыш рет қазақ әдебиеті мен оны зерттейтін ғылым әдебиеттану тарихы да жүйеленіп, өз қалпына келтірілді. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазақ үшін әдебиет асыл сөз екенін есте сақтап, осы тұрғыда талап қою керек. Бүгінде әдеби өмірге кәсіби шаралар жетіспейді. Кезінде Халел Досмұхамедұлы айтқандай: «Отаншылдығы жоқ әдебиетті аламандық басып кету қаупі бар». Біз бабалардың текті асыл сөзін өз деңгейінде насихатталуына мұхтажбыз.

Бүгінгі қазақтың жүрегіне жететін Тұрсынжан Шапайдың «Қазақтың жаны» секілді дүниелер керек. Оң мен солды, дұрыс пен бұрысты, ақиқат пен жалғанды, тектілік пен адалдықты айқындаған кейіпкерлер керек. Тағы бір мәселе: қарапайым адам бейнесі әдебиеттен тыс қалып барады. Тіршілікке пенденің көзімен қарау да керек шығар, алайда, кейіпкердің рухын көтеретін көркем шығармаларға зәруміз. Оқырманның сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу және көркемдік талабы биік екенін ескеру керек.

А.Ісімақова. Атақ құғандар әдебиеттің шынайы бағалануына кедергі жасап жатыр. Әдебиет порталы., 24.07.2017

ЮСУП АЙЖАН НУРАШКЫЗЫ



Юсуп Айжан Нурашкызы 1972 жылы 30 карашада дүниеге келген. Еңбек жолын ҚР Білім және ғылым министрлігінің жолдамасы негізінде А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы болып бастады. 1989-1994 жылдары Қазақ қыздар педагогикалық институтында оқыды. Педагогика ғылымдарының магистрі (2014), PhD (2025). Әдебиеттану маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: әдебиеттанудың теориялық мәселелері, тіл білімі мен әдебиеттанудағы гендерлік зерттеулер, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі; әдебиет тарихы; әдебиет және мәдениеттану; пәнаралық зерттеулер.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1994-1999 ж. А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, 2001-2004 ж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының аспиранты, 2002-2010 ж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, 2010-2012 ж. ҚазМемҚызПУ Тіл теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, 2012-2014 ж. ҚазМемҚызПУ магистранты, 2014-2015 ж. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының магистр, аға оқытушысы, 2016-2017 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ, Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр, аға оқытушысы, 2017-2020 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ, Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты, 2020-2023 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ, Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр, аға оқытушысы, 2023 жылдан Абай атындағы ҚазҰПУ, Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, PhD.

А.Юсуп – 100-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектердің, ЖОО және мектеп оқулықтары мен оқу құралдарының авторы. Оның ішінде Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналда 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны камтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 20-дан аса мақала, ЖОО арналған 1 оқулық, 2 монография, 4 оқу құралы, 10-нан аса оқу-

әдістемелік құралдар, 1 оқушы анықтамалығы, 1 электронды оқу құралы, 20-ға жуық Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған оқу-әдістемелік кешендер, т.б. А.Юсуптың соңғы бес жылда (2020-2026 жылдары) жарық көрген 5 (бес) еңбегін көрсеттік:

1) Тамыры терең бәйтерек. Ғылыми-көпшілік кітап. – Алматы, 2020. - 110 б.

2) Сөздікпен жұмыс. Оқу құралы (ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Білім» мамандықтары тобы бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. Хаттама №1 08.12.2019 жыл) Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы 2020. – 130 бет.;

3) Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикумы: оқулық (ҚазҰҚПУ жанындағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Республикалық Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. Хаттама №4 18.04.2024 жыл) Алматы, 2024. – 180 б.;

4) Салғастырмалы лексикология (оқу құралы). Алматы: Эверо, 2025. – 164 б.;

5) Қазақ әдебиетіндегі киелі жерлер образы. Монография. Алматы: «Көкжиек-Горизонт» баспасы, 2026. -150 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары

1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің алғыс хаты, Астана, 2023.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Әйелдің әшекейі тек сәндік үшін тағылатын бұйым емес, ол – тектіліктің, тазалықтың, ұқыптылықтың белгісі. Ертеде халқымыз ас адал болу үшін келіннің қолына міндетті түрде сақина не жүзік болуы керек деп санаған. Сондықтан «Сақинаны сәнге салмайды, ол тазалыққа таразы», «Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас» деп айтқан. Аталары үйдегі келіні сақина не жүзік тақпай ас әзірлесе, ол тағамға тілінің ұшын да тигізбеген. Баланы қырқынан шығарғанда да, жөргек-жаялығын жуарда да суға күміс сақиналар салатын болған. Біріншіден, күміс суды зарарсыздандырады, тазалайды, екіншіден тіл-көзден сақтайды, баланың жанына жын-пері жоламайды, үшіншіден, қыздың не келіннің жүзігіне қарап, қай елдің, қай рудың қызы екенін, тегі кім екенін ажыратқан.

Юсуп А. Тамыры терең бәйтерек. Ғылыми-көпшілік кітап. – Алматы, 2020. – 10 бет.

Абай Құнанбаев – қазақ әдеби тілінің негізін қалыптастырған қазақтың ұлы ақыны. Ол қазақ тілінің сөздік қорын байытуға зор үлес қосқан. Сол себепті «Абай тілінің сөздігі» көпшілік қауымды Абай

шығармашылығында кездесетін тілдік қолданыстармен таныстыру үшін құрастырылған. Абай тілінің сөздігі – ірі ғылыми-зерттеу еңбегі. Ол 1968 жылы белгілі ғалым А.Ысқақовтың редакторлығымен «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Көлемі 54 баспа табақты құрайды. Сөздікте ұлы ақынның өлеңдерінде кездесетін сөздер мен тұрақты тіркестер әліпби ретімен жүйеленген. Олардың мағыналары түсіндіріліп, мысалдар келтірілген. Сонымен қатар жалқы есімдерге де сипаттама берілген. Араб- парсы, орыс тілінен алынған сөздер, сөз тіркестеріне де түсініктеме берілген. Олар сөздіктің соңында қосымша түрінде көрсетілген.

Юсуп А. Сөздікпен жұмыс. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2020. – 21 бет.

Ғылыми-танымдық балалар әдебиеті белгілі бір салаға қатысты арнайы білім ғана беретін әдебиет емес. Сонымен бірге ол – балаларға қоршаған орта мен әлеуметтік қоғам туралы қызықты ақпарат беретін, шығармашылық ізденіске жетелейтін әдебиет. Бұл шығармалар баланың дүниені танудағы белсенділігін арттыруда өзін қызықтырған мәліметтер жайлы білімін, әртүрлі тәжірибелер нәтижесімен де танысуға ықпал етеді.

Юсуп А. Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикумы. Оқулық. Алматы, 2024. – 75 бет.

Қазақ әдебиетінің даму тарихында ақын-жыраулар шығармашылығы негізінен үш бағытта дамыды: оның біріншісі дастан форматындағы асыл мұралар, екіншісі ақын-жыраулармыздың жеке поэтикалық дүниелері, арнау өлеңдері, үшіншісі пәлсафалық ой-толғамдарға толы толғау түріндегі құнды дүниелер. Мұндай руханимәдени мазмұнға бай асыл мұраларды қазақ реалийлерімен, яғни халықтың тұрмыс-тіршілігімен, поэтикалық дәстүрімен, әр дәуірге тән кезеңдік құбылыстармен қарастырған аса маңызды. Себебі ақын-жыраулар шығармашылығының генезисі мен даму эволюциясы және трансформациясы ұзақ және күрделі үдерісті құрайды.

Юсуп А. Қазақ әдебиетіндегі киелі жерлер образы. Монография. Алматы: «Көкжиек-Горизонт» баспасы, 2026. – 40-бет.

Сайын далада орнатылған тас мүсіндер – номадтық мәдениеттің мұрасы. Сол себепті қазіргі көркем прозада өз кезінде асыл мұра ретінде қаралған балбалға деген көзқарас та әртүрлі. Оның өзіндік себебі де бар. Балбалдарды ерекше иерархиялық белгілерсіз еркек пен әйел мүсіні түрінде бейнелеген. Ерте кездерде оны қойған адамдар тас мүсінде қайтыс болған ата-бабаларымыздың рухы мен жаны бейнеленген, олар

әлем тыныштығын сақтайды және өз ұрпағын зұлым күштерден қорғайды деп есептеген. Ал әлемнің мифопоэтикалық бейнесін қайта құруға ден қойған қазіргі кездегі кей қаламгерлер өз шығармаларында объективті әлем арқылы өздерінің ұстанымдары мен құндылық иерархиясын қабылдау жолдарын көрсетуге тырысады. Сол себепті көркем мәтінде кезінде дүниені тану мен қабылдауда ұлттық образ болып табылған кей бейнелерді ерекшелеп, айқындап көрсетуге тырысады, оқырманға ой салу арқылы қоршаған ортаға деген өздерінің эмоционалдық көңіл-күйлері мен сезімдерін жеткізеді. Олар көшпенділер танығаң заттық әлемнің визуалды бейнелерін суреттеу арқылы оқырманды өз елінің өткенін терең тануына жағдай жасайды.

Юсуп А. Қазақ әдебиетіндегі киелі жерлер образы. Монография. Алматы: «Көкжиек-Горизонт» баспасы, 2026. – 91 бет.

ЮСУП ПАРХАТ ҚОРАБАЙҰЛЫ



Юсуп Пархат Қорабайұлы 1970 жылы 10 наурызда дүниеге келген. Еңбек жолын ҚР Білім және ғылым министрлігінің жолдамасы негізінде А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы болып бастады. 1987-1993 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында (ҚазПИ) оқыды.

Педагогика ғылымдарының магистрі (2013), PhD (2025). Қазақ тілі мен әдебиеті маманы. Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметінің басты бағыттары: қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиеттанудың теориялық мәселелері, әдебиет тарихы; пәнаралық зерттеулер.

Еңбек жолының басты кезеңдері: 1993-1999 ж.ж. А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, 2000-2004 ж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, Дайындық бөлімі деканының орынбасары, Студенттік бөлім бастығы, 2004-2017 ж.ж. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, 2017-2020 ж. Абай атындағы ҚазҰПУ, Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ тілі мен әдебисті кафедрасының докторанты, 2023 жылдан Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD.

П.Юсуп – 90-нан астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектердің, ЖОО және мектеп оқулықтары мен оқу құралдарының авторы. Оның ішінде Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналда 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 20-дан аса мақала, ЖОО арналған 2 оқулық, 1 монография, 1 оқу құралы, 20-ға жуық Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған орта мектепке арналған оқу-әдістемелік кешендер, т.б.

П.Юсуптың соңғы бес жылда (2020-2025 жылдары) жарық көрген 3 (үш) еңбегін көрсеттік:

1) Сөздікпен жұмыс. Оқу құралы (ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Білім» мамандықтары тобы бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. Хаттама №1 08.12.2019 жыл) Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы 2020. – 130 бет.;

2) Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикумы: оқулық (ҚазҰҚПУ жанындағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. Хаттама №4 18.04.2024 жыл) Алматы, 2024. – 180 б.;

3) Қазақ әдебиетіндегі киелі жерлер образы. Монография. Алматы: «Көкжиек-Горизонт» баспасы, 2026. -150 б.

Мемлекеттік наградалары мен құрметті атақтары:

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің алғыс хаты, Астана, 2020.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің құрмет грамотасы, Астана, 2024.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі. Астана, 2025.

ОЙЛАР, ПІКІРЛЕР, ТҰЖЫРЫМДАР

Абай Құнанбаев – қазақ әдеби тілінің негізін қалыптастырған қазақтың ұлы ақыны. Ол қазақ тілінің сөздік қорын байытуға зор үлес қосқан. Сол себепті «Абай тілінің сөздігі» көпшілік қауымды Абай шығармашылығында кездесетін тілдік қолданыстармен таныстыру үшін құрастырылған. Абай тілінің сөздігі – ірі ғылыми-зерттеу еңбегі. Ол 1968 жылы белгілі ғалым А.Ысқақовтың редакторлығымен «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Көлемі 54 баспа табақты құрайды. Сөздікте ұлы ақынның өлеңдерінде кездесетін сөздер мен тұрақты тіркестер әліпби ретімен жүйеленген. Олардың мағыналары түсіндіріліп, мысалдар келтірілген. Сонымен қатар жалқы есімдерге де сипаттама берілген. Араб – парсы, орыс тілінен алынған сөздер, сөз тіркестеріне де түсініктеме берілген. Олар сөздіктің соңында қосымша түрінде көрсетілген.

Юсуп П. Сөздікпен жұмыс. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2020. – 21 бет.

Ғылыми-танымдық балалар әдебиеті белгілі бір салаға қатысты арнайы білім ғана беретін әдебиет емес. Сонымен бірге ол – балаларға қоршаған орта мен әлеуметтік қоғам туралы қызықты ақпарат беретін, шығармашылық ізденіске жетелейтін әдебиет. Бұл шығармалар баланың дүниені танудағы белсенділігін арттыруда өзін қызықтырған мәліметтер жайлы білімін, әртүрлі тәжірибелер нәтижесімен де танысуға ықпал етеді.

Юсуп П. Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикумы. Оқулық. Алматы, 2024. – 75 бет.

Халқымыздың баға жетпес рухани, әдеби мұрасы – бір ғана қазақ ұлтының ғана емес, барша адамзат мәдениетінің бөлінбес бөлшегі. Ерекше дәстүрге құрылған бай мәдениет пен құндылықтар өткен күннің тарихы болуымен бірге, қазіргі рухани түлеуіміздің негізі саналады. Себебі ол мемлекеттің саяси бағытын, экономикалық әлеуетін, ондағы қоғамдық институттарды, ұлттық идеологияны дұрыс қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Сонымен бірге елдің рухани әлеуеті мен мәдени деңгейінің артуына әсер ететін фактор. Осыны ескере келгенде ұлттың бірегей болмысын, өзіндік бітімі мен қалыбын көрсететін рухани-мәдени мұраларды, олардың көркем әдебиеттегі бейнесін поэтикалық жағынан жан-жақты зерттеу кезек күттірмес өзекті мәселе.

Юсуп П. Қазақ әдебиетіндегі киелі жерлер образы. Монография. Алматы: «Көкжиек-Горизонт» баспасы, 2026. – 16-бет.

Қазақ әдебиетінің даму тарихында ақын-жыраулар шығармашылығы негізінен үш бағытта дамыды: оның біріншісі дастан форматындағы асыл мұралар, екіншісі ақын-жыраularымыздың жеке поэтикалық дүниелері, арнау өлеңдері, үшіншісі пәлсафалық ой-толғамдарға толы толғау түріндегі құнды дүниелер. Мұндай рухани-мәдени мазмұнға бай асыл мұраларды қазақ реалийлерімен, яғни халықтың тұрмыс-тіршілігімен, поэтикалық дәстүрімен, әр дәуірге тән кезеңдік құбылыстармен қарастырған аса маңызды. Себебі ақын-жыраулар шығармашылығының генезисі мен даму эволюциясы және трансформациясы ұзақ және күрделі үдерісті құрайды.

Юсуп П. Қазақ әдебиетіндегі киелі жерлер образы. Монография. Алматы: «Көкжиек-Горизонт» баспасы, 2026. – 40-бет.

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ


АНЫҚТАМАЛЫҚ
2-КІТАП

ISBN 978-601-361-917-0



Басылуға 13.08.2026 қол қойылды
Пішіні 60х84/16.
Көлемі15,8.
Таралымы 500 экз.
Тапсырыс № 025793

ТОО "ЛАНТАР BOOKS"
Тел.: +7 702 251 02 17
e-mail: lantarbaspasy@gmail.com



ТОО «ЛАНТАР BOOKS»
Тел.: +7 702 251 02 17
lantarbaspasy@gmail.com